عَلَيْكُمُ الْقِصَاصُ فِي الْقَتْلِ الْحُرِّ بِالْحُرِّ وَالْعَبْدُ بِالْعَبْدِ وَالْأُنثَىٰ
بِالْأُنثَىٰ فَمَنْ عَفَىٰ لَهُ مِنْ أَخِيهِ شَيْءٌ فَأَبْعِ بِالمَعْرُوفِ وَأَدِّءِ
إِلَيْهِ بِإِحْسَنٍ ذَلِكَ تَخْفِيفٌ مِّن رَّبِّكُمْ وَرَحْمَةٌ فَمَنْ أَعَدَّىٰ
بَعْدَ ذَلِكَ فَعَلَهُ عَدَاؤُ آبِئِهِ ﴿١٧٨﴾ وَلَكُمْ فِي الْقِصَاصِ حَيٰوةٌ
يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ ﴿١٧٩﴾ كُتِبَ عَلَيْكُمُ
إِذَا حَضَرَ أَحَدَكُمُ الْمَوْتُ إِنْ تَرَكَ خَيْرًا الْوَصِيَّةَ لِلْوَالِدَيْنِ
وَالْأَقْرَبِينَ بِالمَعْرُوفِ حَقًّا عَلَى الْمُتَّقِينَ ﴿١٨٠﴾ فَمَنْ بَدَّلَهُ
بَعْدَ مَا سَمِعَهُ فَإِنَّمَا إِثْمُهُ عَلَى الَّذِينَ يُبَدِّلُونَهُ إِنَّ اللَّهَ سَمِيعٌ عَلِيمٌ ﴿١٨١﴾

٢٧

зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы, таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне солар шыншылдар әрі солар тақуалар. (177) Әй мүміндер! Сендерге қысас (есе қайтару) парыз етілді: Азатқа азат, құлға құл, әйелге әйел (өлтіріледі.) Дегенмен оған туыс жағынан кешірілсе, оның ережеге үйлесуі екінші жақтың да оған дұрыс төлеуі хажет. (Егер қысас кешіріліп, құнға тоқтаса, алушының орынсыз егеске қысас істемеуі, берушінің де дұрыс орындауы керек.) Міне осы, Раббылары жағынан жеңілдік және мәрхамет. Ал кімде-кім бұдан кейін шектен шықса, (кек сақтаса) ол үшін ахиретте күйзелтуші азап бар. (178) Әй ақыл иелері! Сендер үшін қысаста (кісі өлтіргенді өлтіруде) тіршілік бар. Әрине сақсынарсыңдар. (179) Біреулеріңе өлім келген шақта, артына мал қалдырса, әке-шешесіне, жақындарына дұрыстықпен өсиет парыз етілді. Өсиет тақуаларға бір міндет. (Бұл аяттың үкімі мирас аятымен қалдырылған. (4-С.11-А.) (180) Сонда біреу өсиетті естігеннен кейін ауыстырса, кінәсы оны өзгертушіге болады. Күдіксіз Алла әр нәрсені естуші, білуші. (181)

(Яһудилер Месжид Ақсаны, Христиандар оның шығыс жағын қыбла тұтып, әрқайсысы өз қыбласын жақсы деп ойлайды. Б.Ж.М.К.) Жүздеріңді шығысқа, батысқа жөнелту бір игілік емес. Бірақ кім Аллаға, ақирет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға және құл азат етуге жақсы көре отырып, мал сарып қылса әрі намазды толық орындап

Кім өсиет етушінің қателескендігінен немесе кінелі болатындығынан сезіктенсе, араларын түзелтіп қоюдың оқасы жоқ. (Өсиеттегі қателікті дұрыстауға болады.) Расында Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (182) Әй мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылынды. Әрине сақсынарсыңдар. (183) Санаулы күндерде. Сонда сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде төлер. Және сондай ораза күш келетіндер, (кәрі не аурулар) бір міскіннің тамағын төлесін. Сонда кім ынтығып артық хайыр қылса, ол өзіне жақсы. (Мұндай ораза ауыр келетін кәрі, ауру не екі қабат, омырауда баласы болған әйелдер оразаның орнына күніне бір фітір садақасын беруіне болады. Ж-К) Білсеңдер сендер үшін ораза ұстауларың тағы жақсы. (184) Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім рамазан айында болса, ораза ұстасын. Ал біреу науқас не сапарда



болса, басқа күндерде санын толтырсын. Алла (Т.) сендерге оңайлық қалайды, ауыршылық қаламайды. Сендерді тура жолға салған Аллаға шүкірлік етулерің үшін санын толтырыңдар. Әрі Алланы ұлықтаңдар. (185) (Мұхаммед F.C.) егер құлдарым, Мен туралы сенен сұраса: "Өте жақынмын, қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін. Ендеше олар да әмірімді қабыл етсін. Және Маған сенсін. Әрине тура жол тапқан болар еді." (186)

سُورَةُ الْبَقَرَةِ


أَحِلَّ لَكُمْ لَيْلَةَ الصِّيَامِ الرَّفَثُ إِلَى نِسَائِكُمْ هُنَّ لِيَابِسٌ
لَكُمْ وَأَنْتُمْ لِيَابِسٌ لَهُنَّ عَلِمَ اللَّهُ أَنَّكُمْ كُنْتُمْ تَخْتَانُونَ
أَنْفُسَكُمْ فَتَابَ عَلَيْكُمْ وَعَفَا عَنْكُمْ فَالآنَ بَيِّنُوا
وَأْتُوا مَا كَتَبَ اللَّهُ لَكُمْ وَكُلُوا وَاشْرَبُوا حَتَّى يَبَيِّنَ لَكُمْ
الْحَيْطُ الْأَبْيَضُ مِنَ الْحَيْطِ الْأَسْوَدِ مِنَ الْفَجْرِ ثُمَّ أَتُوا الصِّيَامَ
إِلَى الْبَيْتِ وَلَا تَبْشُرُوا هُنَّ وَأَنْتُمْ عَاكِفُونَ فِي الْمَسْجِدِ
تِلْكَ حُدُودُ اللَّهِ فَلَا تَقْرُبُوهَا كَذَلِكَ بَيَّنَّ اللَّهُ آيَاتِهِ
لِلنَّاسِ لَعَلَّهُمْ يَتَّقُونَ ﴿١٨٧﴾ وَلَا تَأْكُلُوا أَمْوَالَكُمْ بَيْنَكُمْ
بِالْبَاطِلِ وَتُدْلُوا بِهَا إِلَى الْحُكَّامِ لِتَأْكُلُوا فَرِيقًا مِّنْ
أَمْوَالِ النَّاسِ بِالْإِثْمِ وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ ﴿١٨٨﴾ يَسْأَلُونَكَ
عَنِ الْأَهْلِ قُلْ هِيَ مَوَاقِيتُ لِلنَّاسِ وَالْحَجِّ وَلَيْسَ الْبِرُّ
بِأَنْ تَأْتُوا الْبُيُوتَ مِنْ ظُهُورِهَا وَلَكِنَّ الْبِرَّ مِنَ اتِّقَاءِ
وَأْتُوا الْبُيُوتَ مِنْ أَبْوَابِهَا وَأَتَقُوا اللَّهَ لَعَلَّكُمْ
تُفْلِحُونَ ﴿١٨٩﴾ وَقَاتِلُوا فِي سَبِيلِ اللَّهِ الَّذِينَ يَفْتِنُونَكُمْ
وَلَا تَعْتَدُوا إِنَّ اللَّهَ لَا يُحِبُّ الْمُعْتَدِينَ ﴿١٩٠﴾

٢٩

етiңдер. Және таңнан, қара жiптен ақ жiп (қараңғылықтан сәуле) айрылғанға дейiн iшiңдер, жендер де сонсоң оразаны кешке дейiн толық орындаңдар. Мешiттерде (ғибадат етiп) ығтикәфта болған кеште әйелдерiңе жақындаспаңдар. Осы Алланың шегi, оған жақындамаңдар. Осылайша Алла (Т) сақсынулары үшiн адамдарға аяттарын баян етедi. (187) Араларыңдағы малдарыңды бұзық жолмен жемендер. Сондай-ақ бiле тура адамдардың малынан бiр бөлiм жеу үшiн билерге апармаңдар. (188) (Мұхаммед F.C.) олар сенен жаңа туған айдың жағдайын сұрайды: "Ол, адамдар және хажылық үшiн уақыт белгiлеу" де. (Және олар хаж кезiнде үйге арт жағынан кiрудi жақсы деп ойлайды.) Үйлерiңе артынан кiрулерiң бiр жақсылық емес. Бiрақ кiм сақсынса сол жақсылық. Ендеше, үйлерге есiктерiнен кiрiңдер әрi Алладан қорқыңдар. Әрине құтыласыңдар. (Мекке кәпiрлерi Мұсылмандарға 13 жыл жапа шектiрiп, Мединеге көшкеннен кейiн де қырсоңдарынан қалмай әрi Меккедегi үй-мүлiктерiн талап алғандықтан, өздерi килiкпегендерге килiкпеу, соғысқандар немесе оларға көмек еткендермен соғысу. Сондай қатын, бала және дiн адамдарына соқтықпау шартымен қорғаныс соғысына әмiр түседi.) (189) Өздерiңмен соғысқандармен Алла жолында соғысыңдар да шектен шықпаңдар. Негiзiнен Алла (Т.) шектен шығушыларды жақсы көрмейдi. (190)

(Бастапта кей Мұсылмандар оразаның кешiнде әйелдерiне жақындаспағандықтан осы аят түскен екен.) Сендерге оразаның кешiнде әйелдерiңе жақындасу халал етiлдi. (Өйткенi бiр-бiрiңдi қорғауда) олар сендерге киiм, сендер де оларға киiм (iспеттi) сiңдер. Алла өздерiңе зиян қылатындықтарыңды бiледi. Сондықтан тәубелерiңдi қабыл етiп сендердi кешiрдi. Ал ендi (бұдан былай) оларға жақындасыңдар. Алланың өздерiңе жазғанын талап

Оларды қайдан тапсаңдар да өлтіріңдер. Өздері, сендерді (Меккеден) шығарғандай оларды шығарыңдар. Бұзақылық, кісі өлтіруден қиын. Месжіт Харамның жанында олар сендермен соғыспайынша, ол жерде олармен соғыспаңдар. Егер олар сендерді өлтірсе, сендер де оларды өлтіріңдер. Кәпірлердің жазасы осылай. (191) Егер олар бұзақылықтан тыйылса, күдіксіз Алла жарылқаушы, ерекше мейірімді. (192) Олармен бұзақылық қалмай, дін Аллаға тән болғанға дейін соғысыңдар. Егер олар тыйылса, дұшпандық залымдарға ғана. (193) Құрметті ай, құрметті аймен және құрметтер долай. (Құрметті айларда соғысу не соғыспай құрметтеулер, екі жаққа бірдей). Сонда кім сендерге соқтықса, сендер де олар сендерге соқтыққандай соқтығыңдар және біліңдер, шәксіз Алла тақуалармен бірге. (194) Алла жолында мал сарып қылыңдар. (Сараң қорқақ болып) өздеріңді өз колдарыңмен хауіп-қатерге салмаңдар. Жақсылық істендер. Шын мәнінде Алла игілік істеушілерді жақсы көреді. (195) Хаж және ғұмраны Алла үшін толық орындаңдар. Егер (жолда) тосылсаңдар, құрбандықтан қолайлысы болады. Құрбандық орнына барғанға дейін шаштарыңды алдырмаңдар. (Құрбандық барып бауыздалғаннан кейін шаш алдырып ыхрамнан шығады). Біреу (ықрамда) науқас немесе басында бір жайсыздық болып, шаш алдырса ораза не садақа немесе құрбандықтан төлеу салады. Ал қашан амандықта



болсаңдар хажға дейін ғұмрадан пайдаланса, (әуелі ғұмраны орындап, ыхрамнан шығып, хаж үшін қайта ыхрам байланса, бұны "Хаж Тәматтүг" деп атайды). Сонда қолайлы бір құрбан шалады. Егер біреу құрбандық таба алмаса, хажда үш күн, үйге қайтып келгенде жеті күн болып, толық он күн ораза ұстайды. Бұл үйі Месжіт Харамның маңында болмағандар үшін. Алладан қорқыңдар. Негізінен Алланың қатты ғазап иесі екенін біліңдер. (196)

سُورَةُ الْبَقَرَةِ

الْبَقَرَةِ


الْحَجُّ أَشْهُرٌ مَّعْلُومَاتٌ فَمَنْ وُضِعَ فِيهِمْ الْحَجُّ فَلَارِقَتْ
 وَلَا فُسُوقَ وَلَا جِدَالَ فِي الْحَجِّ وَمَا تَعَلَّوْا مِنْ خَيْرٍ
 يَعْلَمُهُ اللَّهُ وَكَرَّ وَدُّوْا فَإِنَّ خَيْرَ الزَّادِ التَّقْوَىٰ وَاتَّقُوا
 يَتَأُولَىٰ الْأَلْبَابِ ﴿٣٧﴾ لَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ أَنْ
 تَبْتَغُوا فَضْلًا مِنْ رَبِّكُمْ فَإِذَا أَقَضْتُمْ مِنْ
 عَرَفَاتٍ فَأَذْكُرُوا اللَّهَ عِنْدَ الْمَشْعَرِ الْحَرَامِ
 وَأَذْكُرُوهُ كَمَا هَدَيْتُمْ وَإِنْ كُنْتُمْ مِنْ قَبْلِهِ
 لَمِنَ الضَّالِّينَ ﴿٣٨﴾ ثُمَّ أَفِيضُوا مِنْ حَيْثُ أَفَاضَ
 النَّاسُ وَاسْتَغْفِرُوا لِلَّهِ إِنَّ اللَّهَ عَفُورٌ رَحِيمٌ ﴿٣٩﴾
 فَإِذَا أَقَضْتُمْ مِنْتَسَكَّكُمْ فَأَذْكُرُوا اللَّهَ كَذِكْرِكُمْ
 آبَاءَكُمْ أَوْ أَشَدَّ ذِكْرًا فَمِنَ النَّاسِ مَنْ
 يَقُولُ رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا وَمَا لَهُ فِي الْآخِرَةِ مِنْ
 خَلْقٍ ﴿٤٠﴾ وَمِنْهُمْ مَنْ يَقُولُ رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا
 حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ ﴿٤١﴾
 أُولَئِكَ لَهُمْ نَصِيبٌ مِمَّا كَسَبُوا وَاللَّهُ سَرِيعُ الْحِسَابِ ﴿٤٢﴾

۳۱


Хаж (шәууал, зылқарда және зылхажаның онына дейінгі) белгілі айлар. Кім ол айларда (ыхрам байланып) міндеттенсе, хаж кезінде әйелге жақындасу, кінә істеу және жанжал жоқ. Әй ақыл иелері! Нендей хайыр істесендер, Алла оны біледі. Және азық алындар. Негізінде азықтың жақсысы тақуалық. "Әй ақыл иелері! Менен ғана қорқындар." (197) Сендерге Раббыларыңның кеңшілігін іздеулеріңнің (кәсіп істеулеріңнің) оқасы жоқ. Қашан Ғарафаттан

қайтсаңдар, Машғарыл Харамның қасында, Алланы еске алыңдар. Сондай-ақ Оны, сендерге нұсқағанындай еске алыңдар. Сендер бұрын азғындардан едіңдер. (Бұрын Құрайыштар дандайсып, Ғарафатқа бармай Мүзделіфеден қайтатын және Минада ата-бабаларын мақтайтын еді). (198) Сонсоң ел қайтқан жерден қайтындар да Алладан жарылқау тілеңдер. Күдіксіз Алла өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (199) Қашан хаж ғамалдарыңды өтесендер, (Минада) Алла (Т.) ны ата-бабаларыңды зікір еткендей тіпті одан да артық зікір етіндер. Сонда адамдардан кім: "Раббымыз! Бізге дүниеде ғана жақсылық бер!",-десе оларға ақиретте несібе жоқ. (200) Және олардан кім: "Раббымыз! Бізге дүниеде де жақсылық бер әрі ахиретте де жақсылық бер. Және тозақ отының азабынан сақта!",-дейді.(201) Міне олар үшін ғамалдарынан үлес бар. Алла (Т.) есепті тезінен көруші. (202)

Санаулы күнде Алланы зікір етіңдер. Сонда кінәдан сақтанған кісіге, (Минадағы ғибадатты) асығып екі күнде бітірсе оқасы жоқ. Біреу кешіксе де кінә жоқ. Алладан қорқындар әрі негізінде Аллаға қайтарылатындықтарыңды біліңдер. (Мүшріктерден Шарқ Ұлы Ахнас Мұхаммед F.C. ға келіп әдемі сөздермен Мұсылман болғанын айтып, шыға бере Мұсылмандардың егіндерін өртеп, малдарын өлтірген екен. Ж.М.Р.Х) (203) (Мұхаммед F.C.) адамдардан кейбіреулерінің дүние тіршілігіндегі сөзі өзіңді таңырқатады да Алланы жүрегіндегісіне айғақ қылады. Ол өте сотқар қаскүнем. (204) Қашан беті бұрылса, жер жүзінде сотқарлық істеуге сондай-ақ егінді, малды жоқ етуге тырысады. Алла жауыздықты жақсы көрмейді. (205) Ал қашан оған: "Алладан қорық!", - делінсе, оның паңдығы ұстап, өзін күнәкар етеді. Оған тозақ жетеді, нендей жаман орын. (206)




Адамдардан Алланың ризалығын іздеп жанын сататындар да бар. Алла (Т.) құлдарына тым жұмсақ. (207) Әй мүміндер! Исламға бүтіндей кіріңдер. Шайтанның ізіне ермеңдер. Өйткені ол, сендерге ашық дұшпан. (208) Сендерге ашық дәлелдер келгеннен кейін жолдан тайсаңдар, біліңдер Алла тым үстем, хикмет иесі. (209) Олар (Исламға толық кірмегендер), бұлттың көлеңкесінде Алла және періштелер келіп, істің бітіп кетуін ғана күте ме? Істер Аллаға қайтады. (210)




қорқытушы пайғамбарлар жіберді. Адамдардың араларындағы талас нәрселерге үкім ету үшін олармен бірге хақ Кітап жіберді. Сол кітап берілгендер, ашық дәлел келгеннен кейін араларындағы кекшілдіктен ғана қайшылыққа түсті. Сонда Алла иман келтіргендерді, олар тартысқан шындыққа өз ұйғаруымен жеткізді. Алла қалағанын даңғыл жолға салады. (213) (Мұсылмандар!) Сендерге бұрынғы өткендердің басына келген сияқты (жағдай) келмей жаннатқа кірулерінді ойладыңдар ма? Оларға, ашаршылық, ауыру–науқас келді. Сондай-ақ Пайғамбар және онымен бірге иман келтіргендер: "Бізге Алланың жәрдемі қашан болар екен?", – дегенге дейін (қиыншылықта) тербетілді. Естеріңде болсын. Негізінен Алланың жәрдемі жақын. (214) (Мұхаммед Ғ.С.) олар сенен Алла жолында не беретіндіктерін сұрайды. "Неңдей хайыр сарып қылсаңдар; Әке-шеше, жақындар, жетімдер, міскіндер және жолда қалғандар үшін. Хайырдан не істесеңдер, күдіксіз Алла оны біледі" де. (215)

(Мұхаммед Ғ.С.) Израил ұрпақтарынан сұра. Оларға қаншаласаған ашық мұғжизалар келтірдік. Кім өзіне Алланың нығметі келгеннен кейін өзгертсе, күдіксіз Алла қатты азап иесі. (211) Сондай кәпір болғандарға дүние тіршілігі әдемі көрінді де Мұсылмандарды тәлкек қылады. Негізінде тақуалар қиямет күнінде олардан үстем болады. Және Алла қалағанын есепсіз ризыққа бөлейді. (212) Адам баласы бір-ақ үммет еді. Сонда Алла қуандырушы,

(Әй мүміндер!) Сендерге сүйкімсіз болса да соғыс парыз қылынды. Бір жек көрген нәрселеріңнің сендер үшін хайырлы болуы мүмкін. Және жақсы көрген нәрселеріңнің сендерге жаман болуы да мүмкін. Алла (Т.) біледі, сендер білмейсіңдер. (Бәдір соғысынан бұрын жіберілген бір шалғыншы кәпірлермен қақтығысып қалған күні кешінде Режел айы көрініп қалады. Б.Ж.Р.М.Х) (216) (Мұхаммед F.C.) олар сенен құрметті айда соғысудан сұрайды. Оларға: "Ол айда соғысу зор кінә. Дегенмен, Алланың жолынан тыю, Оған қарсы келу, Месжид Харамнан тыю және оның тұрғындарын шығару Алла (Т.) ның қасында тағы зор күнә" де. Сондай-ақ жауыздық, кісі өлтіруден де зор. Егер олардың шамалары келсе, сендерді діндеріңнен қайтарғанға дейін өздеріңмен соғысуды үзбейді. Сендерден кім діннен қайтып, ол кәпір күйінде өлсе, олардың ғамалдары дүние, ахиретте де жойылып және олар тозақтық болып, олар онда мәңгі қалады, (217) Шынайы иман келтіргендер, ауа көшкендер және Алла жолында соғысқандар міне солар, Алланың рахметін үміт етеді. Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (218) (Мұхаммед F.C.) олар сенен арақтан, құмардан сұрайды. Оларға: "Екеуінде де зор күнә бар.




Адамға пайдасы бола тұра, пайдасынан көрі күнәсы зорырақ" де. Ал және сенен: "Алла жолында не беретіндіктерін" сұрайды. "Артығы беріледі" де. Алла (Т.) сендер түсінер деп аяттарын өстіп баян етеді. (219) (Бұл аят бойынша, арақ пен құмардың зор күнә екендігі, сондай-ақ пайдасынан күнәсы зор екендігі білдіріліп, 4-С. 43-А. та, мас халінде намазға жақындамау нұсқала отырып, 5-С. 90-А. арқылы "нәжіс" делініп кесімді түрде тыйым салынған.)




(Дүние, ақиретте ойланыңдар...) (Мұхаммед F.C.) олар сенен жетімдердің жайынан сұрайды. Оларға: "Жетімдерді түзету жақсы. Тіпті оларды қосып алсаңдар, сонда олар туыстарың. (Бөтендігі жоқ.) Алла (Т.) бұзушыны, түзеушіден айырып біледі. Алла қаласа, әлбетте сендерді зорлар еді" де. Шын мәнінде Алла өте үстем, хикмет иесі. (220) Мүшрік қатындармен олар иман келтіргенге дейін үйленбеңдер. Азат мүшрік қатыннан мүмін күң артық. Егер

сендерді қызықтырса да. Және иман келтіргерге дейін, мүшрік ерге мүмін әйелдерді де үйлендірмендер. Егер олар сендерді қызықтырса да. Мүшрік азат ерден мүмін құл артық. Олар, тозаққа шақырады да, Алла өз ұйғаруымен жаннатқа шақырады. Сондай-ақ адамдар үгіт алсын деп, аяттарын баян етеді. (221) (Мұхаммед F.C.) олар сенен етеккір жайынан сұрайды. Оларға: "Ол жиренішті нәрсе, етеккір кезінде әйелдерден аулақ болыңдар. Оларға тазарғанға дейін жақындаспаңдар. Қашан олар нақ тазарса, оларға Алланың өздеріңе бұйырған жерінен жақындасыңдар" де. Шәксіз Алла тәубе етушілерді жақсы көреді әрі таза болушыларды да жақсы көреді. (222) Өйткені әйелдерің егіндіктерің. Егіндіктеріңе қалай қаласаңдар келіңдер. Алдын ала өздерің үшін қамданыңдар. Сондай-ақ Алладан қорқыңдар да негізінен Аллаға қауышатындықтарыңды біліңдер. (Мұхаммед F.C.) мүміндерді қуандыр. Алла деген анттарыңды жақсылық істемеулеріңе, сақсынбауларыңа және адамдардың арасын жарастырмауларыңа бөгет қылмаңдар. (Алланың атымен бұндай ант етпеу, етілген жағдайда кәферат беріп бұзу керек. Ж.М.Т.Ж-Қ.) Алла (Т.) әр нәрсені естуші, білуші. (223)

Алла анттарындағы бос сөзді тергемейді. Алайда жүректерің істегенді есепке алады. (Ойламай ауызша еткен ант есеп емес.) Алла аса жарылқаушы, ерекше жұмсақ. (225) Әйеліне жақындаспауға ант еткендер, төрт ай күтеді. (Егер төрт ай ішінде кәшпарат төлеп) анттарын бұзса, шәксіз Алла (Т.) аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (226) Егер олар талақ ниет етсе, (төрт айға дейін антын бұзбаса, талақ болады.) Расында Алла әр нәрсені естуші, білуші. (227) Талақ болған әйелдер, үш етеккір мерзімі күтеді. Оларға жатырларындағы Алланың жаратқанын жасырулары дұрыс емес. Егер олар Аллаға, ақирет күніне сенетін болса, бұл жерде егер жарасуды қаласа, әйелдерін қайта алуға өз ерлері лайығырақ. Ерлердің әйелдердегі хақтары сияқты, әйелдердің де ерлерде белгілі хақтары бар. Әйелдерден көрі ерлердің дәрежесі артық. Алла (Т.) өте үстем, хикмет иесі. (228) Талақ екі рет. Сонда не туралықпен ұстау немесе жақсылықпен ажырасу керек. (Қайталай беру дұрыс емес.) Оларға бергендеріңнен еш нәрсе алуларың халал емес. Бірақ екеуі де Алланың шегін орындай алмаудан (бірге жасай алмаудан) қорықса және сендер де екеуінің Алланың шегін орындай алмауынан қауіп




қылсаңдар, ол уақытта әйелдің, еріне бодау беруінде екеуіне де күнә жоқ. Міне осы Алланың шегі, сонда одан өтпеңдер. Ал кім Алланың шегінен өтсе, міне солар залымдар. (229) (Екіден кейін) ер, әйелін мүлде ажыратса, бұдан кейін оған, ол басқа ерге тимейінше халал болмайды. Егер оны, ол (екінші ер) талақ қылса, екеуі де Алланың шегін орындаймыз деп ойласа, қайта табысуларында күнә жоқ. Бұл білген елге Алланың баян еткен шектері. (230)



(229,230–А. бойынша, әйелін талақ қылдым дегеннен кейін ғыддаты толмай тұрып, екі рет сөзінен қайтуына болады. Бұны "Рағғи" талақ деп атайды) Қашан әйелдерді талақ қылсаңдар да олардың ғыддаты жетсе, сонда оларды туралықпен ұстандар немесе оларды дұрыстықпен біржола ажыратыңдар. Оларды зиян салып қанау үшін ұстамандар. Кім осыны істесе, рас өзіне зұлымдық қылған болады. Алланың аяттарын мазақ қылмаңдар және Алланың өздеріңе берген

нығметін әрі сендерді насихаттау үшін түсірген Кітапты, хикметті (Құранды, сүннетті) түсініңдер. Сондай-ақ Алладан қорқыңдар да күдіксіз Алланың әр нәрсені толық білетіндігін біліңдер. (231) Қашан әйелдерді талақ қылсаңдар, ғыддаты бітсе, өз ерімен ризаласып үйленуін тоспаңдар. (М.Ж.К.Т.) (Немесе өзара ризаласқан біреумен үйленуін тоспаңдар. Р.Ж-Қ) Бұл сендерден Аллаға, ақирет күніне иман келтіргендерге берілген насихат. Бұл сендер үшін тым таза, өте пәк. Алла біледі, сендер білмейсіңдер. (232) Емізуді тамамдағысы келген кісі үшін; аналар, балаларын толық екі жыл емізеді. Ананың тиісті көрегі мен киімі, баланың әкесіне міндет. Әркімге шамасы келетін ғана жүктеледі. Ана, баласы арқылы әрі әке де баласы үшін зиянға ұшратылмайды. Сондай-ақ мұрагерге де сол сияқты. (Бала емізушінің тиісті хақысы төленеді.) Егер әке-шеше ризалықпен кеңесіп, (омыраудан) айыруды қаласа, сонда екеуіне де күнә жоқ. Ал егер балаларыңды (Бөгде әйелге) емізгілерің келсе, хақысын жақсылап тапсырсаңдар, сендерге күнә жоқ. Алладан қорқыңдар да біліңдер! Расында Алла істегендерінді толық көруші. (233)

Сендерден қайтыс болып (артында) қалдырған әйелдердің өздері; төрт ай он күн (ғыддат) күтеді. Әрқашан олардың белгілі ғыддаты бітсе, олардың өздеріне байланысты істеген істерінің (үйлену үшін киініп, түзелуінің) сендерге жауапкерлігі жоқ. Алла не істегендеріңнен толық хабар алушы. (234) Ал (бұндай ғыддат ішіндегі) әйелдерге үйленуді жақауратып ескертулеріңде немесе іштеріңде сақтауларыңда бір сөгіс жоқ. Алла (Т) негізінен сендердің оларды еске алатындықтарыңды біледі. Бірақ олармен жасырын уәде байласпаңдар. Әрине олармен адеттегі сөз сөйлесу басқа. Ғыддаты жетпейінше неке байлауды ойламаңдар. Расында Алланың жүректеріңдегіні білетіндігін біліңдер. Сонда Одан именіңдер әрі біліңдер. Алла (Т.) тым жарылқаушы, ерекше мұлайым. (235) Сендер әйелдерді жақындасудан, қалың тоқтасудан бұрын талақ қылсаңдар сөгіс жоқ. Сонда оларды шамалы өз жағдайынша, нашар өз халынша дұрыстықпен



пайдаландырыңдар. Бұл жақсылық істеушілерге бір борыш. (236) Егер оларға қалың тоқтасып, жақындасудан бұрын талақ қылсаңдар, онда тоқтасқан қалыңның жартысы оларға тән. Бірақ әйел кешсе немесе некенің түйіні қолындағы ер, кеңшілік етсе: (Тұтас берсе) ол басқа. Кеңшілік етулерің тақуалыққа жақынырақ. Сондай – ақ араларыңда кешірімділікті ұмытпаңдар. Шәксіз Алла (Т.) не істегендеріңді толық көруші. (237)

سُورَةُ الْبَقَرَةِ


الْبَقَرَةِ

حَفِظُوا عَلَى الصَّلَوَاتِ وَالصَّلَاةِ الْوُسْطَىٰ وَقُومُوا لِلَّهِ قَانِتِينَ ﴿٢٣٨﴾ فَإِنْ حِفْظُهُمْ وَجَدْنَا مُؤْمِنِينَ غَيْرًا فَأُولَٰئِكَ مَتَّعْنَا مَا أَشَاءْنَا وَخَلَقْنَا لَهُمْ مَا لَمْ يَكُن لَّهُمْ مِنْ قَبْلُ مَا يَشَاءُونَ لِيُحَكِّمُوا بِهِ ۚ وَلَٰكِنْ أَكْثَرُ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٢٣٩﴾ وَالَّذِينَ يَتَّقُونَ مِنكُم مَّن بَدَّوْنَهُمْ لَٰكِنَّا أَزْوَاجًا بِصِيَّةِ لَٰزَوْجِهِمْ مَّنْعَانَا إِلَى الْوَالِدِ غَيْرِ إِخْرَاجٍ فَإِنْ خَرَجْنَا فَلَا جُنَاحَ عَلَيْكُمْ فِي مَا فَعَلْنَا فِي نَفْسِهِمْ مِن مَّعْرُوفٍ ۗ وَاللَّهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ ﴿٢٤٠﴾ وَالْمُطَلَّقَاتُ مَتَّعٌ بِالْمَعْرُوفِ حَقًّا عَلَى الْمُتَّقِينَ ﴿٢٤١﴾ كَذَٰلِكَ بَيَّنَّا لِلَّهِ لَكُمْ ءَايَاتِهِ لَعَلَّكُمْ تَعْقِلُونَ ﴿٢٤٢﴾ أَلَمْ تَرَ إِلَى الَّذِينَ خَرَجُوا مِن دِيَارِهِمْ وَهُمْ أُلُوفٌ حَذَرَ الْمَوْتِ فَقَالَ لَهُمُ اللَّهُ مُوتُوا ثُمَّ أَحْيَاهُمْ إِنَّ اللَّهَ لَذُو فَضْلٍ عَلَى النَّاسِ وَلَٰكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَشْكُرُونَ ﴿٢٤٣﴾ وَقَاتِلُوا فِي سَبِيلِ اللَّهِ وَعَلِمُوا أَنَّ اللَّهَ سَمِيعٌ عَلِيمٌ ﴿٢٤٤﴾ مَن ذَا الَّذِي يُقْرِضُ اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا فَيُضْعِفُهُ لَهُ أَمْعَافًا كَثِيرًا ۗ وَاللَّهُ يَقْبِضُ وَيَبْضُطُ وَإِلَيْهِ تُرْجَعُونَ ﴿٢٤٥﴾

байланысты дұрыс істеулерінде сендерге бір жауапкершілік жоқ. Алла (Т.) аса үстем, хикмет иесі (Бұл үкім 234. аят бойынша мәнсұх. Р.Ж.М.) (240) Ал ажыратылған әйелдердің де тиісті қамдалулары тақуалар үшін бір міндет. (241) Алла (Т.) түсінулерің үшін сендерге аяттарын осылайша баян етеді. (Израил ұрпақтарына, соғыс әмірі келгенде, өлімнен қорқып, үйлерін тастап қашса да өлімнен құтылмайды. Ж-Қ., Әбу Сүғүд.) (242) (Мұхаммед F.C.) ол мындағандардың өлімнен қорқып, жұрттарынан шыққандарын көрмейсің бе? Алла оларға: "Өліңдер" деді. Сонсоң оларды тірілтті. Күдіксіз Алла адамдарға кеңшілік иесі. Дегенмен адамдардың көбі шүкірлік қылмайды. (243) Алла жолында соғысыңдар әрі біліңдер. Алла толық естуші. (244) Кім Аллаға көркем қарыз берсе, (Алла жолында ықыласпен мал жұмсаса) сонда Алла (Т.) ол үшін көптеген есе арттырып береді. Алла тарылтады да кеңітеді. Әрі Ол жаққа қайтарыласыңдар. (245)

Намаздарға сондай-ақ орта намазға сақтық істеңдер. Аллаға бой ұсынған түрде тұрыңдар. (238) Ал егер қауіп-қатер де болсаңдар, жаяу немесе көлікте (бет алған жаққа ишарамен оқыңдар. М.К.Т.) Қашан бейбіт болсаңдар, сендерге білмегендеріңді үйреткеніндей Алла (Т.) ны зікір етіңдер. (239) Қайтыс болып, әйелдер қалдыратындар; әйелдерінің бір жылға дейін (үйлерінен) шығарылмай қамдалуларын өсиет етсін. Егер өздері шығып олардың өздеріне

(Бүкіл тәпсірлер бойынша "Ғамалқа" деген ел, Израил ұрпақтарына басқыншылық жасап, жерлерінен айдап шығарып, ата мұралары, діни кітаптары қойылған Сандықтарын тартып алып кетеді. Ал сол Ғамалқаның ұрпақтарынан Жалұт деген патшаның заманында, Израил ұрпақтары өз пайғамбарларына: "Бізге бір патша сайлап бер, оның қол астында соғысамыз" дейді.) (Мұхаммед Ғ.С.) Мұса (Ғ.С.) дан кейінгі Израил ұрпақтарының бастықтарын көрмейсің бе? Сол уақытта олар өз пайғамбарларына: "Бізге патша сайлап бер, Алла жолында соғысамыз" десті. Пайғамбар: "Мүбада сендерге соғыс парыз қылынса да соғыспасандар?!"- деді. Олар: "Бізге Алла жолында соғыспайтын не болды? Расында ж ұ р т т а р ы м ы з д а н , бала-шағаларымыздан шығарылдық" десті. Бірақ оларға соғыс парыз болған сәтте, олардың өте аздарынан басқасы бас тартты. Алла залымдарды біледі. (246) Оларға пайғамбарлары: "Дау жоқ. Алла сендерге Талұтты патша сайлады" деді. Олар: "Оның бізге патшалығы қалайша болады? Одан көрі патшалыққа біздер лайықпыз. Сондай-ақ оған малдан да кеңшілік



берілмеген еді" десті. Пайғамбар: "Негізінен сендерге оны Алла сайлады да өзін білімде әрі тұлғада артық қылды. Алла әкімшілікті қалағанына береді. Алла, әр нәрсені кеңінен білуші" деді. (247) Және олардың пайғамбарлары: "Оның патшылығының белгісі; Раббыларың тарапынан, көңілге тоқтау болатын сандықтың келуі. Онда Мұса, Һарун (Ғ.С.) семьяларынан қалған мұралар бар. Оны періштелер көтереді. Расында мұнда анық белгі бар. Егер сенсеңдер. (248)


سُورَةُ الْبَقَرَةِ

الْبَقَرَاتُ

فَلَمَّا فَصَلَ طَالُوتُ بِالْجُنُودِ قَالَ إِنَّ اللَّهَ مُبْتَلِيكُمْ
 بِنَهَرٍ فَمَنْ شَرِبَ مِنْهُ فَلَيْسَ مِنِّي وَمَنْ لَمْ يَطْعَمْهُ فَإِنَّهُ
 مِنِّي إِلَّا مَنْ أَغْرَقَ عُرْفَهُ بِيَدِهِ فَشَرِبُوا مِنْهُ إِلَّا قَلِيلًا
 مِنْهُمْ فَلَمَّا جَاوَزَهُ هُوَ وَالَّذِينَ آمَنُوا مَعَهُ قَالُوا
 لَا طَاقَةَ لَنَا الْيَوْمَ بِجَالُوتَ وَجُنُودِهِ قَالَ الَّذِينَ
 يَظُنُّونَ أَنَّهُمْ مُلْقَوُوا اللَّهَ كُفْرًا وَمَنْ فِتْنَةً قَلِيلًا
 غَلَبَتْ فِتْنَةُ كَثِيرَةٍ يَادُّنَ اللَّهُ وَاللَّهُ مَعَ الصَّابِرِينَ ﴿٢٤٩﴾
 وَلَمَّا بَرَزُوا لِجَالُوتَ وَجُنُودِهِ قَالُوا رَبَّنَا أَخْرِجْ
 عَلَيْنَا صُبْرًا وَتَوَكَّلْنَا عَلَى الْقَوْمِ
 الْكَافِرِينَ ﴿٢٥٠﴾ فَهَرَمُوهُمْ يَادُّنَ اللَّهُ وَقَتَل
 دَاوُدُ جَالُوتَ وَآتَاهُ اللَّهُ الْمُلْكَ وَالْحِكْمَةَ
 وَعَلَّمَهُ مَا يَشَاءُ وَلَوْ لَا دَفَعُ اللَّهُ النَّاسَ بَعْضَهُمْ
 بِبَعْضٍ لَفَسَدَتِ الْأَرْضُ وَلَٰكِنَّ اللَّهُ ذُو
 فَضْلٍ عَلَى الْعَالَمِينَ ﴿٢٥١﴾ تِلْكَ آيَاتُ اللَّهِ
 تَنْزِيلُهَا عَلَيْكَ بِالْحَقِّ وَإِنَّكَ لَمِنَ الْمُرْسَلِينَ ﴿٢٥٢﴾


Сонда Талут әскерлерімен айрылған сәтте: "Расында Алла сендерді бір өзенмен сынайды. Кім одан ішсе, менен емес. Және кім одан татпаса, әрине ол менен. Бірақ кім қолымен көсіп алып қана ішсе басқа" деді. Сонда олардың өте азынан басқасы одан ішті. Сонымен Талут және онымен бірге иман келтіргендер, өзеннен өткен шақта: "Бізде Жалут және оның ләшкерлеріне төтеп берер күш жоқ" деді. Сондай олардың анық Аллаға жолығуды ойлағандары: "Алланың қолдауымен

қанша аз топ, көп топты жеңген. Алла сабырлылармен бірге" деді. (249) Олар Жалут және жауыңгерлерімен қарсыласқан сәтте: "Рабымыз! сабыр бер, табанымызды бекітіп, бізге көпір қауымға қарсы жәрдем бере көр!",- деді.(250) Сонда олар, оларды Алланың бұйырығымен жеңіліске ұшыратты. Дауыт Жалутты өлтірді. Алла (Т) Дауытқа патшалық, даналық берді. Әрі оған қалағанынан үйретті. (Темірден сауыт жасау құстардың тілін білу, т.б. Ж.М.Р.К.) Алла (Т.) адам баласының бірін-бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді. Алла, бүкіл әлемге кеңшілік иесі. (251) (Мұхаммед Ғ.С.) Осылар Алланың аяттары, оны саған шынайы түрде оқимыз. Шын мәнінде сен елшілерденсің. (252)



Сол пайгамбарлардың кейбіреулерін кейбіреулерінен артық қылдық. Алла олардың кейбірімен сөйлескен, кейінің дәрежелерін көтерген. Мәрийем ұлы Гиса (F.C.) ға ашық мүғжизалар бердік те оны Жебрейіл (F.C.) арқылы қуаттадық. Егер Алла қаласа, өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін олар, пайгамбарлардан соң соғыспас еді. Бірақ олар қайшылыққа түсті. Сонда олардың кейі иман келтірді де кейі қарсы шықты. Егер Алла қаласа, олар бірін-бірі өлтірмес еді. Бірақ Алла қалағанын істейді. (253) Әй мүміндер! Сендерге берген несібемізден саудаласу, достық, болысушылық болмайтын бір күннің келуінен бұрын Алла жолында жұмсаңдар. Ал қарсы болушылар, олар залымдар. (254) Алла (Т.), Одан басқа еш тәңір жоқ. Ол тірі, толық меңгеріп тұрушы, Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер Оған тән. Оның хұзырында өзінің


рұхсатынсыз кім шапағат етеді? Олардың алдарындағыны да арттарындағыны да біледі. Олар, Оның қалауынан басқа еш нәрсе білмейді. Оның күрсісі (білімі) көктер мен жерді сыйдырады. Оған, ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Және Ол, өте биік, аса зор. (255) Дінде зорлау жоқ. Расында туралық, азғындықтан ажыратылды. Енді кім жауыздыққа қарсы келіп, Аллаға иман келтірсе, сонда ол рас үзілмейтін (берік) тұтқаны ұстады. Алла әр нәрсені естуші, білуші. (256)




Алла (Т.) иман келтіргендердің досы. Оларды қараңғылықтардан жарыққа шығарады. Ал қарсы болғандардың достары шайтан, оларды жарықтан қараңғылықтарға шығарады. Міне солар тозақтық. Олар, онда мәңгі қалады. (257) (Мұхаммед F.C.) өзіне Алла патшалық берді деп, Ыбырайым (F.C.) мен Раббы жайында таласқанын көрмедің бе? (Бұл Құдаймын деген Бабыл патшасы Намрүд. Ж.Б.М.Р.К.) Сол уақытта Ыбырайым (F.C.): "Раббым өлтіреді

де тірілтеді" деді. Ол: "Мен де өлтіремін де тірілтемін" деп, (өлімге бұйырылған біреуді қоя беріп, жазықсыз біреуді өлтіртеді.) Ыбырайым (F.C.): "Расында Алла күнді шығыстан келтіреді, сен оны батыстан келтірші" деді. Сонда кәпір абыржып қалды. Алла залым елді тура жолға салмайды. (258) Немесе сондай қабырғалары төбесіне құлаған бір кенттен өткенді көрмедің бе? (Бұл Ғұзайыр F.C. Ж.Р.Т.Х.) Ол: "Алла бұны өлгеннен кейін қайтып тірілтеді?",- деді. Алла оны жүз жыл өлтіріп, сонсоң тірілтіп: "Қанша жаттың?",- деді. Ол: "Бір күн немесе күннің бір бөлімі жаттым" деді. (Алла): "Олай емес, жүз жыл өліп жаттың, енді тамағыңа сусыңа бір қара! Өзгермеген. Ал енді есегіңе қара! Сені адамдарға үлгі үшін өстідік. Ал енді сүйектерге қара! Оны қайтып құрастырып, сонан соң оған ет кидіреміз" деді. (Ғұзайыр F.C. шіріген сүйектердің құдыретше құралып, ет бітіп, жанданып түрегелгенін көрді. Ж.) Бұл жағдайлар оған ашықша білінгенде: "Сөзсіз Алланың әр нәрсеге күші жететінін білдім" деді. (259)

Сонау заманда Ыбырайым (Ғ.С.): "Раббым! Өлікті қайтып тірілтесің, маған көрсет" деді. (Алла): "Маған сенбейсің бе?",- деді. (Ыбырайым Ғ.С.): "Әрине сенемін, бірақ жүрегім орнықсын" деді. (Алла Т.): "Құстардан төртеу ұста да өзіңе үйірлестіріп, (сойып араластыр.) Сонсоң әр таудың басына бір бөлшегін қой да сонан кейін оларды шақыр; дереу саған жетіп келеді. Күдіксіз Алланың өте үстем хикмет иесі екенін біл" деді. (Ыбырайым Ғ.С.) бұйырылғанды орындады. Алланың әмірі бойынша құстар тіріліп келді. (Бұлар: Тауыс, кептер, қарға, қораз делінген. Толық мәлімет тәпсірлерде.) (260) Алла жолында мал сарып қылғандардың мысалы: Әр сабағында, жүз түйір өскен жеті сабақты ұрық тәрізді. Әрі Алла кімге қаласа, неше есе арттыра береді. Алла (Т.) тым кең, әр нәрсені білуші. (261) Сондай хайыр істегендер, бергендеріне міндетсу, ренжіту араластырмаса, (беріп алып бұлданбаса, кейітпесе) оларға Раббыларының хұзырында сыйлық бар. Сондай-ақ оларға қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды. (262) Көркем сөз және кешірімділік,




артынан бұлдану, кейіту араласқан садақадан жақсы. Алла (Т.) бай, жұмсақ. (263) Әй мүміндер! Аллаға, ақирет күніне сенбей, адамдарға көрсету үшін мал сарып қылған кісідей, садақаларыңды міндет қылу, ренжітумен жоймаңдар. Міне соның мысалы: Үстінде топырағы бар тас сияқты, оған қатты нөсер жауса, (топырағын шайып) тас күйінде қалдырды. Олардың еңбектері еш болады. Алла қарсы болған елді тура жолға салмайды. (264)



Сондай малдарын Алланың ризалығын тілеп, өз көңілдерін бекіту үшін Алла жолында сарып қылғандардың мысалы: Көтеріңкі жердегі нөсер жауып екі есе өнім берген бақша тәрізді. Сонда оған жаңбыр тимей, дымқыл тисе де өнім береді. Алла (Т.) не істегендеріңді толық көруші. (265) Сендердің біреулерің, астарынан өзендер ағатын: Құрмадан, жүзімнен әрбір жемістері бар бақшасы болса да өзіне кәрілік жетіп, нашар жас балалары болса, сонда ол бақшаны

жалынды құйын келіп өртеп кетуін қалай ма? (Әрине қаламайды.) Алла (Т.) түсінерсіңдер деп аяттарын өстіп баян етеді. (266) Әй мүміндер! Табыстарыңның және сендер үшін жерден шығарған нәрселеріміздің жақсыларынан, тиісті орынға жұмсаңдар. Ал және өздерің көздеріңді жұмып әрең ғана алатын сапасыз нәрсені Алла жолында беруді ойламаңдар. Біліңдер, Алла бай, мақтаулы. (267) Шайтан сендерді кедейлікпен қорқытады да арсыздықты әмір етеді. Ал Алла (Т.) сендерге өз қасынан жарылқауды, кеңшілікті уәде етеді. Алла аса кең, толық білуші. (268) Алла (Т.) хикметті (терең білімді) қалаған құлына береді. Ал кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Бұны ақыл иелері ғана түсіне алады. (269)

Алла жолында не берсеңдер немесе бір нәзір атасаңдар, күдіксіз Алла оны біледі. Және залымдар үшін ешбір жәрдемші болмайды. (Берілген садақалармен аталған нәзірдің қай ниетпен болғанын Алла біледі де қарсы болушыларға жәрдем етілмейді. Р.М.Ж.Қ.) (270) Егер садақаларды көрнеу берсеңдер, сонда ол қандай әйбет. (Басқаларға жетекшілік болады.) Егер оны жасырын беріп әрі оны пақырларға берсеңдер, әрине сендер үшін сонда да жақсы. (Алушының абыройы қорғалып, мақтан араласпайды.) Алла сендердің күнәларыңды жарылқайды. Сондай-ақ Алла істегендеріңді толық білуші. (271) (Мұхаммед Ғ.С.) оларды тура жолға салу саған міндет емес. Бірақ Алла кімді қаласа, тура жолға салады. Нендей хайыр берсеңдер де сонда өздерің үшін; Алланың ризалығын тілеп қана берсеңдер, Алла жолында беретін хайыр өздеріңе толық төленеді әрі сендерге әділсіздік етілмейді. (272) Сондай Алла жолында қамалып шықпай отырған,



жер жүзінде жүре алмайтын, білмегендер, оларды абырой сақтағандықтарынан бай деп ойлайтын пақырларға беріңдер. Оларды бейнесінен-ақ таныйсың. Олар адамдарға жабысып сұрамайды. Сендер не хайыр берсеңдер расында Алла (Т.) оны біледі. (273) Сондай малдарын күндіз-түні көмес және көрнеу Алла жолында жұмсағандар, сонда оларға Раббыларының сыйлықтары бар. Сондай-ақ оларға қорку жоқ әрі олар қайғырмайды. (274)

سُورَةُ الْبَقَرَةِ


الْبَقَرَةِ

الَّذِينَ يَأْكُلُونَ الرِّبَا لَا يَقُومُونَ إِلَّا كَمَا يَقُومُ الَّذِي
 يَخْتَبِطُهُ الشَّيْطَانُ مِنَ الْمَسِّ ذَلِكَ بِأَنَّهُمْ قَالُوا إِنَّمَا الْبَيْعُ
 مِثْلُ الرِّبَا وَأَحَلَّ اللَّهُ الْبَيْعَ وَحَرَّمَ الرِّبَا فَمَنْ جَاءَهُ مَوْعِظَةٌ
 مِنْ رَبِّهِ فَانْتَهَى فَلَهُ مَا سَلَفَ وَأَمْرُهُ إِلَى اللَّهِ وَمَنْ عَادَ
 فَأُولَئِكَ أَصْحَابُ النَّارِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ ﴿٢٧٦﴾ يَمْحُو
 اللَّهُ الرِّبَا وَيُرِي الصَّدَقَاتِ وَاللَّهُ لَا يُحِبُّ كُلَّ كَفَّارٍ أَثِيمٍ ﴿٢٧٧﴾
 إِنَّ الَّذِينَ ءَامَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَأَقَامُوا الصَّلَاةَ
 وَآتَوُا الزَّكَاةَ لَهُمْ أَجْرُهُمْ عِنْدَ رَبِّهِمْ وَلَا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ
 وَلَا هُمْ يَحْزَنُونَ ﴿٢٧٨﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ
 وَذَرُوا مَا بَقِيَ مِنَ الرِّبَا إِن كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ ﴿٢٧٩﴾ فَإِنْ لَمْ تَقْعَلُوا
 فَاذْنُوا بِحَرْبٍ مِنَ اللَّهِ وَرَسُولِهِ وَإِنْ تُبْتُمْ فَلَكُمْ رُءُوسُ
 أَمْوَالِكُمْ لَا تَظْلِمُونَ وَلَا تُظْلَمُونَ ﴿٢٨٠﴾ وَإِنْ كَانَتْ
 ذُوْعُسْرَةً فَانظُرْهُ إِلَىٰ مِيسْرَةٍ وَأَنْ تَصَدَّقُوا خَيْرٌ لَكُمْ
 إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ ﴿٢٨١﴾ وَأَنْتُمْ أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا تَرْجِعُونَ فِيهِ إِلَىٰ
 اللَّهِ ثُمَّ تُوَفَّىٰ كُلُّ نَفْسٍ مَّا كَسَبَتْ وَهُمْ لَا يُظْلَمُونَ ﴿٢٨٢﴾

٤٧

Сондай өсім жегендер, (қабырларынан) жың соғып тұрғандай есеңгіреп тұрады. Бұл олардың: "Сауда да бейне өсім" дегендіктерінің салдарынан. Негізінде Алла сауданы халал, өсімді харам еткен. Сонда кім Раббынан насихат келгенде тыйылса өткені өтіп кетті. Оның ісі Аллаға тән. Ал және кім қайталаса, міне солар тозақтық. Олар онда мәңгі қалады. (275) Алла өсімді жояды да сауданы арттырады. Әрі Алла барлық қарсы келуші

күнәкарды жақсы көрмейді. (276) Негізінен иман келтіріп ізгі іс істегендер, намазды толық орындап, зекет бергендер, олар үшін Раббыларының қасында сыйлық бар. Оларға қорқу жоқ әрі олар қайғырмайды. (277) Әй мүміндер! Алладан қорқындар. Егер сенсеңдер өсімнен қалып қалған (Аласыларыңды) қалдырыңдар (алмаңдар). (278) Егер оны істемесеңдер, (өсім алғанды қоймасаңдар) бұны Аллаға, Пайғамбарына қарсы соғыс деп біліңдер. Егер тәубе қылсаңдар, сонда малдарыңның басы өздеріңдікі. Зұлымдық етпеген және зұлымдыққа ұшырамаған боласыңдар. (279) Ал егер борышты, ауыр жағдайда болса, жақсарғанша қарау керек. Егер де садақа қылсаңдар сендер үшін тағы жақсы. Егер білген болсаңдар. (280) Аллаға қайтарылатын, сонсоң әркімнің еңбегі өздеріне кемітілмей толық берілетін күннен сақсыныңдар. (281)



Әй мүміндер! Егер белгілі бір мерзімге дейін бір-біріңе борыштансаңдар, сонда оны жазыңдар. Араларыңда бір хатшы дұрыс жазсын. Сондай-ақ хатшы Алланың оған үйретуі бойынша жазудан бас тартпасын. Борышты кісі жаздырсын. Раббы болған Алладан қорықсын әрі одан еш нәрсе кемітпесін. Сонда егер борышты есалаң не нашар (жас бала я кәрі) немесе жаздыра алмайтын (сақау т.б.) болса, оның иесі тура жаздырсын. Еркектеріңнен екі айғақ қойыңдар. Егер еркек болмаса онда өздерің ұнатқан айғақтардан бір еркек, екі әйел болады. Егер екеуінің бірі жаңылса, екіншісі оның есіне салады. Куәлер шақырылған сәтте бас тартпасын. Аз, көп болса да белгілі мерзімге

дейін жазудан ерінбеңдер. Осыларың Алланың қасында туралық; куәлік үшін мықтырақ және күдіктенбеуге де жақынырақ. Бірақ та өзара қолма-қол алып, беретін әзір сауда болса, жазбауларыңның оқасы жоқ. Саудаласқан кезде айғақ қойыңдар. Хатшы да айғақ та зиянға ұшыратылмасын. Егер оны істесеңдер, рас күнәлы боласыңдар. Алладан қорқыңдар. Әрі Алла сендерге үйретеді. Сондай-ақ Алла (Т.) әр нәрсені толық білуші. (282)

سُورَةُ الْبَقَرَةِ

الْبَقَرَةِ

عَلَّمَ
الْعَرَبِيَّةَ

وَإِنْ كُنْتُمْ عَلَى سَفَرٍ وَلَمْ تَجِدُوا كَاتِبًا فَرِهْنَ مَقُوضَةً
 فَإِنْ آمَنَ بَعْضُكُمْ بِبَعْضٍ فَاذْكُرُوا الَّذِي أَوْثَقْتُمْ أَمْنَتَكُمْ وَلْيَتَّقِ
 اللَّهُ رَبَّهُ وَلَا تَكْتُمُوا الشَّهَادَةَ وَمَنْ يَكْتُمْهَا فَإِنَّهُ
 آثِمٌ قَلْبُهُ وَاللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ عَلِيمٌ ﴿٢٨٢﴾ اللَّهُ مَا فِي السَّمَوَاتِ
 وَمَا فِي الْأَرْضِ وَإِنْ تُبَدُّوا مَا فِي أَنْفُسِكُمْ أَوْ تُخْفَوُوهُ
 يُحَاسِبْكُمْ بِهِ اللَّهُ فَيَغْفِرُ لِمَنْ يَشَاءُ وَيُعَذِّبُ مَنْ يَشَاءُ
 وَاللَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ﴿٢٨٣﴾ آمَنَ الرَّسُولُ بِمَا أُنزِلَ
 إِلَيْهِ مِنْ رَبِّهِ وَالْمُؤْمِنُونَ كُلٌّ آمَنَ بِاللَّهِ وَمَلَكِهِ وَكُتُبِهِ
 وَرُسُلِهِ لَا نَعْرِقُ بَيْنَ أَحَدٍ مِنْ رُسُلِهِ وَقَالُوا سَمِعْنَا
 وَأَطَعْنَا غُفْرَانَكَ رَبَّنَا وَإِلَيْكَ الْمَصِيرُ ﴿٢٨٤﴾ لَا يَكْفُرُ
 اللَّهُ نَفْسًا إِلَّا أَوْسَعَهَا لَهَا مَا كَسَبَتْ وَعَلَيْهَا مَا اكْتَسَبَتْ
 رَبَّنَا لَا تُؤَاخِذْنَا إِنْ نَسِينَا أَوْ أَخْطَأْنَا رَبَّنَا وَلَا تَحْمِلْ
 عَلَيْنَا إِمْرًا إِصْرًا كَمَا حَمَلْتَهُ عَلَى الَّذِينَ مِنْ قَبْلِنَا رَبَّنَا وَلَا
 تُحْمِلْنَا مَا لَا طَاقَةَ لَنَا بِهِ وَاعْفُ عَنَّا وَارْحَمْنَا
 أَنْتَ مَوْلَانَا فَانصُرْنَا عَلَى الْقَوْمِ الْكَافِرِينَ ﴿٢٨٥﴾

٤٩

Ал егер сапарда болып, хатшы таба алмасаңдар, онда борыштыдан бодау алуға болады. Егер біріңе-бірің сенсеңдер, (бодаусыз берілсе) сенілген жақ аманатын тапсырсын. Сондай-ақ Раббы Алладан қорықсын. Куәлікті (көргендеріңді) жасырмаңдар. Кім оны жасырса жүрегі күнәкар болады. Алла не істегендеріңді толық біледі. (283) Көктердегі және жердегі нәрселер Алланікі. Іштеріңдегілерді жарияласаңдар да жасырсаңдар да Алла сендерден оның есебін алады.


Сонда кімді қаласа, жарылқайды да кімді қаласа, азап қылады. Сондай-ақ Алла (Т.) ның барлық нәрсеге толық күші жетеді. (284) Пайғамбар өзіне Раббы тарапынан түсірілгенге иман келтірді. Мүміндер де барлығы: Аллаға, періштелерге, кітаптарға және пайғамбарларға иман келтірді. "Елшілердің араларын айырмаймыз, естідік те бой ұсындық. Раббымыз! Сенен жарылқау тілейміз, қайтып барар жеріміз де Сенің алдың" деді. (285) Алла (Т) кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді; істеген жақсылығы өз пайдасына да, жамандығы зиянына. "Раббымыз! Егер ұмытсақ не жаңылсақ бізді қолға алма. Раббымыз! Бізге бізден бұрынғыларға жүктегеніндей ауыр жүк жүктеме. Раббым! Бізге шамамыз келмейтінді артпа! Бізді кешір, бізді жарылқа, бізге мәрхамет ет. Сен немізсің! Бізге кәпір қауымға қарсы жәрдем бер!" (286)

3-ӘЛИ ҒЫМРАН СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Екі жүз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Ұғымын Алла біледі. (1) Алладан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ол тірі, толық меңгеруші. (2) (Мұхаммед Ғ.С.) Алла (Т.) саған, алдындағыны растаушы Құранды шындық бойынша түсірді. Және Тәурат, Інжілді түсірді. (3) Бұрын адамдарға тура жол еді. Және парық қылатын мұғжизаны түсірді. Расында Алланың аяттарына қарсы келгендер үшін қатты азап бар. Алла, өте үстем, өш алу күшіне ие. (4) Шын мәнінде Алла (Т.) ға жердегі, көктегі еш нәрсе жасырын емес. (5) Ол сондай Алла, сендерді жатырларда қалауынша бейнелейді. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Өте үстем, хикмет иесі (6) Ол Алла, саған Құран түсірді. Оның ашық мағналы аяттары бар. Солар Кітаптың негізгі ірге тасы. Екінші ұқсас ұғымда аяттар бар. Ал жүректерінде қыңырлық болғандар, бұзақылық іздеп, ұқсас мағналы




аяттардың ұғымын іздестіріп соңына түседі. Оның ұғымын Алла ғана біледі. Сондай-ақ ғылымында озат болғандар: "Бұған сендік. Барлығы Раббымыздың қасынан" дейді. Бұны ақыл иелері ғана түсінеді. (7) Раббымыз! Бізді тура жолға салғаннан кейін жүрегімізді ауытқытпа. Және бізге өз қасыңнан игілік бер. Күдіксіз Сен өте берегенсің. (8) Раббымыз! Расында Сен күдіксіз келетін бір күнде адамдарды жинаушысың. Сөз жоқ, Алла уәдесінен айнымайды. (9)



жаман орын." де (12) (Бәдір соғысындағы) екі топтың қарсыласуында сендерге бір ғибрат бар. Бір топ Алла жолында соғысады. Екінші жақ қарсы еді. Олар Мұсылмандарды, көздерімен, өздеріндей екі есе көруде еді. (Негізінде Мұсылмандар, үш жүз он үш, кәпірлер мындай еді.) Алла кімді қаласа, өз жәрдемімен қолдайды. Расында бұнда қырағылар үшін әрине ғибрат бар. (13) Адам баласы үшін қатындар, балалар, алтын күмістен жиналған қазыналар, сәнделген аттар, малдар және егіндерді қызыға сүю әдемі көрсетілді. Бірақ олар дүние тіршілігінің сәні. Негізінде орынның жақсысы Алланың қасында. (14) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Сендерге бұларыңнан да жақсы нәрседен хабар берейін бе?",- де. Сондай тақуалар үшін Алланың қасында астарынан өзендер ағатын, онда мәңгі тұратын бақшалар сондай-ақ тап-таза жұбайлар әрі Алланың ризалығы бар. Алла (Т.) құлдарын толық көруші. (15)

Расында сондай қарсы болғандардың балалары, малдары Алладан (келетін) еш нәрсеге төтеп бере алмайды. Міне солар тозақтың отындары. (10) Әдеттері; Перғауынның сыбайластарының және олардан бұрынғылардікі тәрізді. Олар аяттарымызды жасынға шығарған. Сонда Алла оларды күнәлары себепті азаптаған. Алланың азабы қатты. (11) (Мұхаммед Ғ.С.) сондай қарсы болғандарға: "Тез жеңілесіңдер де тозаққа жиналасыңдар. Нендей

Сондай: "Раббымыз! иман келтірдік, күнәмызды жарылқа да от қазабынан сақта" дегендер; (16) Олар сабыр етушілер, шыншылдар, бой ұсынушылар, Алла жолында мал сарып қылушылар және таң сәриден жарылқану тілеушілер, (таң намазын оқушылар,) (17) Алла (Т.), періштелер және әділет үстінде тұрушы ғылым иелері, расында тым үстем, хикмет иесі Алладан басқа ешбір тәңір жоқтығына куәлік берді. (18) Алланың қасында шынайы дін Ислам. Сондай Кітап берілгендер, өздеріне мәлімет келгеннен кейін араларындағы күншілдіктен ғана талас-тартысқа түсті. Кім Алланың аяттарына қарсы келсе, күдіксіз Алла тез есеп көруші. (19) (Мұхаммед Ғ.С.) олар сенімен сөз таластыруға кіріссе: "Өзімді Аллаға тапсырдым әрі маған ергендерді де" де. Сондай-ақ Кітап берілгендерге де надандарға да: "Исламды қабыл етпіндер ме?,-" де.




Егер олар Исламды қабыл етсе, тура жол табар еді. Ал егер олар бет бұрса, саған жалғастыру ғана міндет. Алла құлдарын нақ көруші. (20) Алланың аяттарына қарсы келгендер және жазықсыз пайғамбарларды өлтіргендер, сондай-ақ адамдарға туралықты әмір еткендерді өлтіргендер, соларды күйзелтуші қазаппен шүйіншіле. (21) Міне солар дүниеде де ақиретте де ғамалдары жойылғандар. Сондай-ақ олар үшін жәрдемші жоқ. (22)

أَلَمْ تَرَ إِلَى الَّذِينَ أُوتُوا نَصِيبًا مِّنَ الْكِتَابِ يُدْعَوْنَ إِلَى كِتَابِ
 اللَّهِ لِيَحْكُمَ بَيْنَهُمْ ثُمَّ يَتَوَلَّوْنَ فِرَقًا مِّنْهُم مُّعْرِضُونَ ﴿٢٣﴾
 ذَلِكَ بِأَنَّهُمْ قَالُوا لَنْ نَمَسَّنَا النَّارَ إِلَّا أَيَّامًا مَّعْدُودَاتٍ وَغَرَّبُوا
 فِي دِينِهِمْ مَا كَانُوا يَفْقَهُونَ ﴿٢٤﴾ فَكَيْفَ إِذَا جُمِعْتَهُمْ
 لِيَوْمٍ لَا رَيْبَ فِيهِ وَوُفِّيَتْ كُلُّ نَفْسٍ مَّا كَسَبَتْ وَهُمْ
 لَا يُظْلَمُونَ ﴿٢٥﴾ قُلِ اللَّهُمَّ مَلِكُ الْمَلِكِ تَوَكَّلْ عَلَى الْمَلِكِ
 مَن تَشَاءُ وَتَنْزِعُ الْمَلِكَ مِمَّن تَشَاءُ وَتُضِرُّ مَن تَشَاءُ وَتُذِلُّ
 مَن تَشَاءُ يُبَدِّلُ الْخَيْرُ إِنَّكَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ﴿٢٦﴾ تَوَلَّجُ الْبَيْتَ
 فِي النَّهَارِ وَتَوَلَّجُ النَّهَارَ فِي الْبَيْتِ وَتُخْرِجُ الْعَمَى مِنَ الْبَيْتِ
 وَتُخْرِجُ الْعَمَى مِنَ الْبَيْتِ وَتُرزِقُ مَن تَشَاءُ بِسَعِيرٍ حَسَابٍ ﴿٢٧﴾
 لَا يَتَّخِذُ الْمُؤْمِنُونَ الْكُفْرِينَ أَوْلِيَاءَ مِن دُونِ الْمُؤْمِنِينَ وَمَنْ
 يَفْعَلْ ذَلِكَ فَلَيْسَ مِنَ اللَّهِ فِي شَيْءٍ إِلَّا أَنْ تَتَّقُوا مِنْهُمْ
 تُقَاتًا وَيُحَذِّرُكُمُ اللَّهُ نَفْسَهُ وَإِلَى اللَّهِ الْمَصِيرُ ﴿٢٨﴾ قُلِ
 إِن تَخَفُوا مَا فِي صُدُورِكُمْ أَوْ يُتَيْدُوهُ يَعْلَمَهُ اللَّهُ وَعِلْمُهُ مَابِ
 السَّمَوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ وَاللَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ﴿٢٩﴾


жағдайлары қалай болар еді?... (25) (Мұхаммед F.C.): "Әй мүлік иесі Алла! Кімге қаласаң мүлік бересің де кімнен қаласаң, дәулетті аласың. Сондай-ақ кімді қаласаң ардақтайсың да кімді қаласаң қорлайсың. Жақсылық Сенің қолыңда. Шәксіз әр нәрсеге күшің жетеді" деп айт. (26) Түнді күндізге айналдырасың да күндізді түнге айналдырасың. Сондай-ақ өліден тіріні шығарып, тіріден өліні шығарасың. Және кімді қаласаң сансыз несібе бересің...(27) Мүміндер, мүмірдерден өзге кәпірлерді дос тұтпасың. Әлдекім осыны істесе, Аллаға еш нәрседі байланысы жоқ. Бірақ олардан сақтану үшін болса басқа. Алла сендерді өзі қорқытады. Және барар орын Алла жақ. (28) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Көңілдеріңде бір нәрсені жасырсаңдар да жарияласаңдар да Алла оны біледі. Әрі Алланың барлық нәрсеге толық күші жетуші" де. (29)

(Мұхаммед F.C.) сондай кітаптардан үлес берілгендердің араларына үкім беру үшін Алланың Кітабына шақырылғандарды көрмейсің бе? Сонсоң олардың бір бөлімі Одан бет бұрады. Сондай-ақ олар ұдайы бет бұрушы. (23) Бұл олардың: "Бізге тозақ оты, санаулы күндер ғана соқтығады" дегендіктері себепті. Дін жайындағы жасанды нәрселері оларды алдады. (24) Болуы шәксіз күнде жинағанмызда сондай-ақ әркімге әділетсіздік етілмей еңбектері толық берілгенде,

Сол күні әркім істеген игілігін әзір табады да істеген жамандығының арасымен өз арасының ұзақ қашықтықта болуын қалайды. Алла сендерді өзі сақсындырады. Алла (Т.) құлдарына тым жұмсақ. (30) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Егер Алланы сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Алла (Т.) сендерді жақсы көріп, күнеларыңды жарылқайды. Өйткені, Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді" де. (31) Және оларға: "Аллаға әрі Пайғамбарға бой ұсыныңдар" де. Егер олар бет бұрса, сонда Алла қарсы болушыларды сүймейді. (32) Негізінен Алла (Т.) Адам мен Нұх (Ғ.С) ты және Ыбырайым (Ғ.С.) мен Ғымранның жұрағатын әлемдерге ардақты қылды. (33) (Бұлар) бір-бірінен тараған ұрпақ. Алла әр нәрсені естуші, білуші. (34) Ғымранның жұбайы (фақуза қызы Ханна): "Раббым! Ішімдегіні азат қылған түрде Саған арнадым, менен қабыл айла! Расында Сен өзің аса естуші, білушісің" деді. (35) Сонда ол, қыз тапқан сәтте: "Раббым! Шынында




мен қыз таптым" деді. Алла оның не тапқанын біледі. Үл, қыздай емес. "Мен оның атын Мәрийем қойдым. Оны да ұрпағын да шайтаннан Саған сиындырамын" деді. (36) Сонда оны Раббы жақсы қабылдап, көркем өсірумен өсірді және оған Зәкерияны (Ғ.С.) ие қылды. Зәкерия оның хужырасына әр кіргенде оның қасында көрек тапты. "Әй Мәрийем! Осы саған қайдан келді?",- деді. Мәрийем: "Ол Алланың қасынан, шәксіз Алла қалаған құлын есепсіз ризықтандырады" деді. (37)




деді. "Осылайша Алла қалағанын істейді" (делінген жауап алды.) (40) "Раббым! Маған бір белгі көрсет" деді. "Белгің; үш күн адамдармен ымдап қана сөйлесуің. Раббыңды көп зікір ет те ертелі-кеш дәріпте" деді. (41) Сол уақытта періштелер: "Әй Мәрийем! Шәксіз, Алла сені таңдады, тазартты және әлемдегі әйелдерден ардақты қылды" деді. (42) "Әй Мәрийем! Раббыңа бой ұсын, сәжде ет және рүкүғ қылушылармен бірге рүкүғ қыл." (43) (Мұхаммед Ғ.С.) міне бұл саған Біз уахи етіп отырған көмес хабарлардан. Олардың қайсысы Мәрийемге ие болады деп, қаламдарын (шар) салған кезде, қастарында жоқ едің. Сондай-ақ олар таласқан сәтте де алдарында емес едің. (44) Сол уақытта періштелер: "Әй Мәрийем! Расында Алла сені өз тарапынан бір сөзбен қуантады; оның аты Мәсих Ғиса Мәрийем ұлы, дүние ақиретте беделді сондай-ақ Аллаға жақындардан болады" деді. (45)

Сол арада Зәкерия (Ғ.С.) Раббына жалбарынды: "Раббым! Маған қасыңнан игі ұрпақ бер. Шәксіз Сен тілекті естушісің" деді. (38) Зәкерия (Ғ.С.) хұжырада намаз оқып тұрғанда, періштелер оған: "Расында Алла (Т.) саған, Алладан болған әмірді (Ғиса Ғ.С. ды) растаушы, ел ағасы, нәпсіне ие, игілерден бір Пайғамбар болатын Яхьямен қуанышқа бөлейді" деп дауыстады. (39) (Зәкерия Ғ.С.): "Раббым! Менің ұлым қалайша болады? Негізінен өзіме көрілік жетті. Әйелім бедеу"

Бесікте және ержеткенде адамдарға сөйлейді. Әрі игілерден болады. (46) Мәрийем: "Раббым! Маған бір адам тиіспесе сонда балам қалайша болады!", - деді. (Періштелер): "Солайша Алла қалағанын жаратады" деді. Қашан бір істің болуын қаласа, тек қана оны "бол" дейді, Сонда ол, бола қалады. (47) Алла (Т.) оған кітапты, хикметті және Тәурат, Інжілді үйретеді. (48) Сондай-ақ оны Израил ұрпақтарына елші қылады: "Шын мәнінде сендерге Раббыларыңнан мұғжизамен келдім. Сендерге құстың мүсіні сияқты жасап, оны үрлеймін. Сонда Алланың бұйрығынша құс болады. Және Алланың бұйрығынша, анадан тума соқырды, аламесті жазып, өлікті тірілтемін әрі үйлерінде не жеп нені қойғандарыңнан хабар беремін. Расында бұл жағдайда сендер үшін әрине үлгі бар. Егер иман келтірген болсаңдар." (49) "Сондай-ақ сендерге алдымдағы Тәуратты растаушы әрі Раббыларыңнан сендерге арам етілген кей




нәрселерді халал ететін аят келтірдім. Алладан қорқыңдар да маған бой ұсыныңдар" (деді.) (50) "Негізінен Алла менің де Раббым, сендердің де Раббыларың. Оған құлшылық қылыңдар, тура жол осы" (51) Сонда Ғиса (Ғ.С.) олардан қарсылық сезген кезде: "Алла жолында жәрдемшім кім?", - деді. Хауарилер: "Біздер Алла үшін көмекшіміз, Аллаға иман келтірдік, куә бол, шынайы мұсылманбыз" деді. (Хауарилер он екі кісі еді. Ж.М.Р.) (52)




"Раббымыз! Түсіргеніңе иман келтіріп, Пайғамбарға ердік; енді бізді куә болушылар мен бірге жаз." (53) Олар айлакерлік істеді, Алла да амалын тапты. Алла тәсілшілердің жақсысы. (Яьудилер Ғиса (Ғ.С.) ны өлтіру үшін айлакерлік жасады. Алла (Т.) амалын тауып, олардың біреуін Ғиса (Ғ.С.) ға ұқсатты. Олар соны өлтірді. Ж.М.Р.К.Т.) (54) Сол уақытта Алла: "Әй Ғиса! Сені Мен алушымын! (Т.К.Ж-Қ.) Сондай-ақ өз тарапыма көтерушімін әрі қарсы болғандардан тазартушымын да

 اللَّهَ يَأْمُرُكُمْ أَنْ تُؤَدُّوا إِلَىٰ أَهْلِهَا وَإِذَا حَكَمْتُمْ بَيْنَ
 النَّاسِ أَنْ تَحْكُمُوا بِالْعَدْلِ إِنَّ اللَّهَ نِعِمَّا يَعِظُكُمْ بِهِ إِنَّ اللَّهَ كَانَ سَمِيعًا
 بَصِيرًا ﴿٦٢﴾ أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي
 الْأَمْرِ مِنْكُمْ فَإِن تَنَزَعْتُمْ فِي شَيْءٍ فَرُدُّوهُ إِلَى اللَّهِ وَالرَّسُولِ إِن كُنتُمْ
 تُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ ذَلِكَ خَيْرٌ وَأَحْسَنُ تَأْوِيلًا ﴿٦٣﴾


العرب

١٧

Міне бұлар, Алла лағынет еткендер. Алла, кімге лағынет етсе, оған ешбір жәрдемші таба алмайсың. (52) Олардың әкімшіліктен бір үлесі бар ма? Ондай болса, олар адамдарға түк бермес еді. (53) Немесе олар, Алланың өз кеңшілігімен адамдарға бергенін қызғана ма? Расында Ыбырайым (Ғ.С.) ның жұрағатына Кітап, хикмет және зор патшалық берген едік. (54) Олардың кейі оған сенді де, кейі одан бас тартты. Оларға, жалындаған тозақ жетіп асады. (55) Негізінен ондай

аяттарымызға қарсы шыққандарды жедел тозаққа саламыз да, олардың терілері жанған сайын азапты татулары үшін, оны басқа терілерге ауыстырамыз. Шәксіз Алла тым үстем, хикмет иесі. (56) Ал сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендер, оларды астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземіз. Олар онда мәңгі қалады. Сондай-ақ оларға онда тап-таза жұбайлар бар. Және оларды қалың көлеңкеге кіргіземіз (57) Негізінен Алла (Т.) сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларыңды және адамдардың арасына билік қылсаңдар, әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді. Расында Алла сендерге нендей жақсы уағыз береді. Шәксіз Алла, толық естуші, тым қырағы. (58) Әй мүміндер! Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар. Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаға, пайғамбарға ұсыныңдар: Егер сендер Аллаға, ахирет күніне иман келтірген болсаңдар. Міне осы, хайырлы да нәтижеде жақсы. (59)

(Араларындағы бір дау үшін Яьуди, Мұхаммед (Ғ.С.) ке барайық десе мұнафық, Яьудидің бастығы Кәғапқа барайық деп, ақыр Мұхаммед (Ғ.С.) ке барғанда, билік Яьудиге тигендіктен мұнафық разы болмай, Яьудиді хазірет Ғұмарға алып барғанда: "Пайғамбардың билігіне разы болмағанның сазаы осы" деп, мұнафықтың басын алады. Б.М.Ж.Х.Ж-Қ. т.б.) (Мұхаммед Ғ.С.) саған түсірілген Құранға және сенен бұрын түсірілген кітаптарға сендік деп, құр өршеленгендерді көрмейсің бе? Олар шайтанға жүгінісуді қалайды. Негізінде оларға, оған қарсы болу әмір етілген болатын. Өйткені, шайтан, оларды мүлде ұзаққа адастыруды қалайды. (60) Ал және қашан оларға: "Алла түсірген Құранға және Пайғамбарға келіңдер" делінсе, мұнафықтардың сенен мүлде шегеншектегенін көресің. (61) Сонда олар қайтып, қолекі істегендерінің салдарынан бастарына бір күйзеліс келгенде, саған келіп: "Біз жақсылықты, үйлесуді қалап едік" деп, Алланың атымен ант-су ішеді. (62) Алла олардың жүректеріндегіні біледі. Енді олардан бет бұр. Оларға үгіт бер де, оларға әсерлі сөз сөйле. (63)



Пайғамбар атаулыны Алланың нұсқауымен бой ұсынылуы үшін ғана жібердік. Егер олар өздеріне бір кесір істеген заман, саған келіп, Алладан жарылқану тілесе, әрі Пайғамбар да олар үшін жарылқау тілесе, әрине олар Алланы; тәубені өте қабылдаушы, ерекше мейірімді түрде табар еді. (64) (Мұхаммед Ғ.С.) Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, сонсоң берген билігіңнен көңілдерінде ақау таппай толық бой ұсынғанға дейін мүмін бола алмайды. (65)

سُورَةُ النِّسَاءِ

النِّسَاءِ

وَلَوْ أَنَا كُنْبَسَا عَلَيْهِمْ أَنْ أَقْتُلُوا أَنْفُسَكُمْ أَوْ أَخْرِجُوا مِنْ
 دِينِكُمْ مَا فَعَلُوهُ إِلَّا قَلِيلٌ مِنْهُمْ وَلَوْ أَنَّهُمْ فَعَلُوا مَا يُوعَظُونَ
 بِهِ لَكَانَ خَيْرًا لَهُمْ وَأَشَدَّ تَنْبِيئًا ﴿٦٦﴾ وَإِذَا لَا تَجِدُهُمْ مِنْ
 لَدُنَّا أَجْرًا عَظِيمًا ﴿٦٧﴾ وَلَهْدِيَنَّهُمْ سِرطًا مُسْتَقِيمًا ﴿٦٨﴾
 وَمَنْ يُطِيعِ اللَّهَ وَالرَّسُولَ فَأُولَئِكَ مَعَ الَّذِينَ أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْهِمْ
 مِنَ النَّبِيِّينَ وَالصِّدِّيقِينَ وَالشُّهَدَاءِ وَالصَّالِحِينَ وَحَسُنَ
 أُولَئِكَ رَفِيقًا ﴿٦٩﴾ ذَلِكَ الْفَضْلُ مِنَ اللَّهِ وَكَفَى
 بِاللَّهِ عَلِيمًا ﴿٧٠﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا خُذُوا حِذْرَكُمْ
 فَانْفِرُوا ثُبَاتٍ أَوْ تَنْفِرُوا جَمِيعًا ﴿٧١﴾ وَإِنْ مِنْكُمْ لَمَنْ لِيُبَدِّلَنَ
 فَإِنْ أَصَابَكُمْ مُصِيبَةٌ قَالْ قَدْ أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْنَا إِذْ لَوْلَا كُنَّا مَعَهُمْ
 شُهَدَاءَ ﴿٧٢﴾ وَلَئِنْ أَصَابَكُمْ فَضْلٌ مِنَ اللَّهِ لَيَقُولُنَّ كَأَنْ
 لَمْ تَكُنْ بَيْنَكُمْ وَبَيْنَهُ مَوَدَّةٌ يَلْبَسْنِي كُنْتُ مَعَهُمْ فَأَفُوزَ
 فَوْزًا عَظِيمًا ﴿٧٣﴾ فَلْيَقْتُلْ فِي سَبِيلِ اللَّهِ الَّذِينَ
 يَشْرُونَ الْحَيَاةَ الدُّنْيَا بِالْآخِرَةِ وَمَنْ يُقْتَلْ فِي
 سَبِيلِ اللَّهِ فَيُقْتَلْ أَوْ يَغْلِبْ فَسَوْفَ نُؤْتِيهِ أَجْرًا عَظِيمًا ﴿٧٤﴾


الْحَرْبِ
١

٨٩

шәһиттер және игілермен бірге болады. Олар нендей жақсы жолдас! (69) Міне бұл Алладан ілтипат. Алла әр нәрсені жете білуші. (70) Әй мүміндер! Құралдарыңды алыңдар. Және бөлек-бөлек болып немесе тұтас аттаныңдар. (71) Әрине сендерден қырқарлық қылатындар да бар. Егер сендерге бір қиыншылық келсе: "Рас Алла, маған бақ берген екен. Өйткені, олармен бірге болмадым" деп айтар. (72) Ал егер сендерге Алладан бір мәрхамет (жеңіс) келсе, сендермен араларында ешбір достық жоқтай: "Әттеген-ай! Олармен бірге болсам еді, зор табысқа ие болар едім" деп айтар. (73) Ендеше, дүние тіршілігін ахиретке айырбастағандар, Алла жолында соғыссын. Ал кім Алла жолында соғысса, сонда өлтірілсе, немесе жеңіске ие болса, әрине оған ірі сыйлық береміз. (74)

Ал оларға: "Өздеріңді өлтіріңдер, (соғысыңдар,) немесе жұрттарыңнан шығыңдар!",- деп әмір еткен болсақ, олардан өте азы ғана орындайды. Олар өздеріне үгіттелген нәрсені атқарса еді, әрине олар үшін хайырлы болып, имандары нығайып бекір еді. (66) Сондай-ақ өз жанымыздан сыйлық берер едік. (67) Әрине оларды тура жолға салар едік. (68) Ал және кім Аллаға, Пайғамбарға бой ұсынса, міне солар; Алла (Т.) нығметке бөлеген пайғамбарлар, шыншылдар,

Сендерге Алла жолында соғыспайтын не болды? (Меккедегі) шамасыз ерлер, әйелдер және балалардан: "Раббымыз! Бізді осы тұрғындары залым кенттен шығар! Және бізге өз қасыңнан бір ие пайда қыл. Әрі өз қасыңнан бір көмекші қыла көр" дейтіндер бар. (75) Сондай иман келтіргендер, Алла жолында соғысады да кәпірлер, шайтан жолында соғысады. Ендеше сендер шайтанның достарымен соғысыңдар. Негізінен шайтанның әдісі нашар. (76) (Мұхаммед F.C.) сондай оларға: "Қолдарыңды тыйыңдар, намазды орындап, зекет беріңдер!", - делінгендерді көрмедің бе? Оларға соғыс парыз етілген заман олардың бір тобы; адамдардан, Алладан қорыққандай немесе, тағы қатты қорқады да: "Раббымыз! Бізге соғысты неге жаздың? Бізді жақын бір мерзімге дейін неге кешіктірмедің?",- деді. (Мұхаммед F.C.) оларға: "Дүниенің пайдасы аз ғана. Тақуалар үшін ахирет жақсы. Сендер қылдай әділетсіздікке ұшырамайсыңдар" деп айт. (77) Сендер қайда болсаңдар да, тіпті мықты қорғандарда (жұлдыздарда)



болсаңдар да өлім жетеді. Егер оларға бір жақсылық жетсе: "Алла тарапынан" дейді де, егер оларға бір жамандық жетсе, олар: "Бұл сенің тарапыңнан" дейді. (Мұхаммед F.C.) оларға: "Барлығы Алланың қасынан" деп айт. Сөзді түсінуге жанаспайтын сол елге не болды? (78) Саған нендей бір жақсылық келсе, Алладан. Ал және бір жамандық келсе, өзіңнен. (Мұхаммед F.C.) сені адамдарға елші етіп жібердік. Куәлікте Алла жетіп асады. (79)

سُورَةُ النِّسَاءِ

النِّسَاءِ

مَنْ يُطِيعِ الرَّسُولَ فَقَدْ أَطَاعَ اللَّهَ وَمَنْ تَوَلَّى فَمَا أَرْسَلْنَاكَ
 عَلَيْهِمْ حَفِيظًا ﴿٨٢﴾ وَيَقُولُونَ طَاعَةٌ فَإِذَا بَرَزُوا مِنْ
 عِنْدِكَ بَيَّتَ طَائِفَةٌ مِنْهُمْ غَيْرَ الَّذِي تَقُولُ وَاللَّهُ يَكْتُبُ
 مَا يُبَيِّنُونَ فَأَعْرَضَ عَنْهُمْ وَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ وَكَفَى بِاللَّهِ وَكِيلًا
 ﴿٨٣﴾ أَفَلَا يَتَذَكَّرُونَ الْقُرْآنَ أَنْ وَلَوْ كَانَ مِنْ عِنْدِ غَيْرِ اللَّهِ لَوَجَدُوا
 فِيهِ آخِثَاتًا كَثِيرًا ﴿٨٤﴾ وَإِذَا جَاءَهُمْ أَمْرٌ مِنَ الْأَمْنِ
 أَوْ الْخَوْفِ أَذَاعُوا بِهِ وَلَوْ رَدُّوهُ إِلَى الرَّسُولِ وَإِلَى أُولِي
 الْأَمْرِ مِنْهُمْ لَعَلِمَ الَّذِينَ يَسْتَنبِطُونَهُ مِنْهُمْ وَلَوْلَا فَضْلُ
 اللَّهِ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَتُهُ لَاتَّبَعْتُمُ الشَّيْطَانَ إِلَّا قَلِيلًا ﴿٨٥﴾
 فَكُنْ فِي سَبِيلِ اللَّهِ لَاتُكَلِّفُ الْإِنْسَانَ إِلَّا نَفْسَهُ وَحَرَضَ الْفُؤَادِ
 عَسَى اللَّهُ أَنْ يَكْفَى بَأْسَ الَّذِينَ كَفَرُوا وَاللَّهُ أَشَدُّ بَأْسًا
 وَأَشَدُّ تَنكِيلًا ﴿٨٦﴾ مَنْ يَشْفَعْ شَفْعَةً حَسَنَةً يَكُنْ لَهُ
 نَصِيبٌ مِنْهَا وَمَنْ يَشْفَعْ شَفْعَةً سَيِّئَةً يَكُنْ لَهُ كِفْلٌ مِنْهَا
 وَكَانَ اللَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ مُقِيمًا ﴿٨٧﴾ وَإِذَا حُجِمْتُمْ بِحِجَةِ فَحُوا
 بِأَحْسَنِ مِنْهَا أَوْ رُدُّوهَا إِنَّ اللَّهَ كَانَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ حَسِيبًا ﴿٨٨﴾

91

онда олар көптеген қайшылықтар табар еді. (82) Қашан оларға (мұнафықтарға) аманшылықтан немесе хауіп-қатерден хабар келсе, олар оны жайып жібереді. Егер олар оны, Пайғамбарға не өздерінің іс басындағыларына ұсынса, олардан оның мән-жайын білер еді. Егер сендерге Алланың кеңшілігі, мейірімі болмаса еді, шайтанға ермегендерің өте аз болар еді. (83) (Мұхаммед F.C.) енді Алла жолында соғыс. Сен өзіңнен ғана жауаптысың. Сондай-ақ мүміндерді қызықтыр. Мүмкін Алла, кәпірлердің кесірін тоқтатар. Алланың кәрі қатты да жазасы қиын. (84) Кім жақсылықты қолдаса, оған одан несібе бар. Ал және кім жамандыққа болысса, оған да одан бір тиесі бар. Алланың әр нәрсеге күші басым. (85) Қашан сендерге сәлем берілсе, одан жақсырақ немесе соның өзін қайтарыңдар. Шәксіз Алла әр нәрседен есеп алушы. (86) (Б і р е у : " Э с с е л а м ү г а л а й к ү м " – Сендерге есендік болсын десе, " У ә г а л а й к у м с е л а м у ә Р а х м а т ү л л а ы " – Сендерге есендік және Алланың мейірімі болсын. Егер, " Э с с е л а м ү г а л а й к ү м у ә Р а х м е т ү л л а и у ә б ә г а к ә т ү ы " – Сендерге есендік және Алланың мейірімі әрі берекеті болсын десе, " У ә г а л а й к ү м с е л а м у ә г а х м е т ү л л а и у ә б ә р а к ә т ү ы " деп өзіндей қайтару керек.)

Кім Пайғамбарға бағынса, расында Аллаға бағынған болады. Ал және кім бет бұрса, (Мұхаммед F.C.) оларға сені аңдушы етіп жібермедік. (80) Олар: "Бой ұсындық" деп қашан қасыңнан айрылса, олардан бір тобы, түнделетіп сен айтқаннан басқаны кеңеседі. Алла олардың түнгі күңкілдерін жазады. Сондықтан олардан бет бұр да, Аллаға тәуекел ет. Алла (Т) толық кепіл. (81) Ал сонда олар Құранды түсінбей ме? Егер Алладан басқаның қасынан болса еді, әрине

سُورَةُ النِّسَاءِ

النِّسَاءِ


وَمَا كَانَ لِمُؤْمِنٍ أَنْ يَقْتُلَ مُؤْمِنًا إِلَّا خَطَاً وَمَنْ قَتَلَ
 مُؤْمِنًا خَطَاً فَتَحْرِيرُ رَقَبَةٍ مُؤْمِنَةٍ وَدِيَةٌ مُسَلَّمَةٌ إِلَىٰ
 أَهْلِهِ إِلَّا أَنْ يَصَدَّقُوا فَإِنْ كَانَتْ مِنْ قَوْمٍ عَدُوِّكُمْ
 وَهُوَ مُؤْمِنٌ فَتَحْرِيرُ رَقَبَةٍ مُؤْمِنَةٍ وَإِنْ كَانَ
 مِنْ قَوْمٍ بَيْنَكُمْ وَبَيْنَهُمْ مِيثَاقٌ فَدِيَةٌ مُسَلَّمَةٌ
 إِلَىٰ أَهْلِهِ وَتَحْرِيرُ رَقَبَةٍ مُؤْمِنَةٍ فَمَنْ لَمْ يَجِدْ
 فَصِيَامُ شَهْرَيْنِ مُتَتَابِعَيْنِ تَوْبَةً مِنَ اللَّهِ وَكَانَ
 اللَّهُ عَلِيمًا حَكِيمًا ﴿٩٢﴾ وَمَنْ يَقْتُلْ مُؤْمِنًا
 مُتَعَمِّدًا فَجَزَاؤُهُ جَهَنَّمُ خَالِدًا فِيهَا وَغَضِبَ
 اللَّهُ عَلَيْهِ وَلَعْنَهُ وَأَعَدَّ لَهُ عَذَابًا عَظِيمًا ﴿٩٣﴾ يَا أَيُّهَا
 الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا ضَرَبْتُمْ فِي سَبِيلِ اللَّهِ فَبَيَّنُّوا وَلَا تَقُولُوا
 لِمَنْ آتَىٰ إِلَيْكُمْ أَلَسَلَّمْ لَسَلَّمْتُمْ مُؤْمِنًا تَبْتَعُونَ
 عَرَضَ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا فَعِنْدَ اللَّهِ مَعَانِمُ كَثِيرَةٌ
 كَذَلِكَ كُنْتُمْ مِنْ قَبْلُ فَمَنْ كَفَرَ بِاللَّهِ عَلَيْهِ
 كُتِبَ عَلَيْهِ سَبْعُونَ أَلْفَ مَغْرِبٍ وَأُولَٰئِكَ لَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ ﴿٩٤﴾

٩٣


Бір мүміннің бір мүмінді өлтіруіне болмайды. Бірақ қатеден болса басқа. Және біреу, бір мүмінді қателесіп өлтірсе, сонда бір мүмін құл азат етуі әрі өлгеннің иесіне құн тапсыруы керек. Бірақ олар кешірім етсе ол басқа. Егер өлтірілген сендермен дұшпан елдегі бір мүмін болса, (құн төлемей) бір мүмін құл азат етуі керек. Ал егер (өлтірілген мүмін) сендермен олардың арасында келісім болған бір елден болса, өлгеннің иесіне құн тапсырып, әрі бір мүмін құл азат

етуі керек. Бұларды таба алмаған кісі, Аллаға тәубе (сінің қабыл болуы) үшін тұтас екі ай ораза ұстауы керек. Алла (Т.) толық білуші, хикмет иесі. (92) Кім бір мүмінді өтейге өлтірсе, оның жазасы, ішінде мүлде қалатын тозақ болады. Сондай-ақ оған Алланың ашуы, қарғысы болып және оған зор қинау әзірлеп қойған. (93) Әй мүміндер! Алла жолында (соғысқа) шықсаңдар, өте анықтаңдар. Сәлем бергенді дүние-мүлікке қызығып: "Мүмін емессің" демендер. Өйткені Алланың қасында көптеген олжалар бар. Бұрын сендер де сондай едіңдер. Алла (Т.) сендерге қамқорлық етті. Сондықтан өте-мөте анықтаңдар. Шәксіз Алла істеген істеріңді біледі (94)

Мүміндерден себепсіз (соғысқа шықпай) отырушылармен Алла жолында малдары және жандарымен соғысушылар тең емес. Алла (Т.) малдарымен, жандарымен соғысушыларды дәрежеде арттырды. Сондай-ақ барлығына да игілік уәде етті. Және соғысушыларды отырушылардан үстем кеңшілікке бөлеп, ірі сыйлық берді. (95) Алладан дәрежелер, жарылқау және мәрхамет бар. Алла өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (96) Өздеріне зұлымдық еткендердің, (бұлар Меккеден көшпей қалғандар. Б.М.К.Ж. т.б.) періштелер жандарын алғанда: "Қайда едіңдер?",- деді. Олар: "Біздер бұл жерде шамасыз едік" деді. (Періштелер): "Алланың жері кең емес пе? Сонда ол жерге көшсеңдер еді?",- деді. Міне бұлардың орны тозақ. Неткен жаман орын.(97) Шамасыз еркек, әйелдер және балалардан шара қолдана алмайтын, жол таба алмайтындар басқа... (98) Міне бұларды Алланың кешірім етуі үміт етіледі. Өйткені Алла, өте кешірімді, ерекше




жарылқаушы. (99) Кім Алла жолында ауа көпсе, көптеген кең қоныс және кеңшілік табады. Сондай-ақ біреу үйінен Аллаға, Пайғамбарға бола шықса да, оған өлім жетсе, сонда оның бодауы Алланың өзіне тән болады. Алла аса жарылқаушы, тым мейірімді. (100) Қашан жер жүзінде сапарда болсаңдар, кәпірлердің өздеріңе бір қастандық істеуінен қорықсаңдар, сендерге намаздан қысқартуларыңда күнә жоқ. Негізінен сендерге кәпірлер ашық қаскүнем. (101)




(Мұхаммед F.C.) Сен олардың ішінде (соғыс майданында имам болып) тұрған кезде, олардан бір бөлегі сенімен бірге намазға тұрсын, барлығы құралдарын алсын. Сонда қашан олар сәжде қылса, (саған ұйып бір рикғат оқыса,) олар арт жақтарыңда (жау жақта) болсын. Екінші намаз оқымаған топ келіп, сенімен бірге намаз оқысын, қорғаныстарын, құралдарын да алсын. Өйткені, кәпірлер құралдарыңнан, нәрселеріңнен кәперсіз болуларыңды, үстеріңе

бір-ақ шабыуыл жасауды ойлар. Егер сендерге жаңбырдан бір қиналыс немесе ауру болсаңдар, сендерге құралдарыңды қойып қоюдарыңның оқасы жоқ. Сондай-ақ сақтық шарасын қолданыңдар. Негізінен Алла кәпірлер үшін қорлаушы азап әзірлеген. (102) Қашан намаз өтеп болсаңдар, Алланы; тұрып, отырып және жатқан бойда еске алыңдар. Қашан тынышталсаңдар, онда намазды толық орындаңдар. Өйткені, намаз мүміндерге белгілі уақытта парыз қыланды. (103) Ол қауымды іздеуде селқостанбаңдар. Егер сендер күйзелген болсаңдар, расында олар да сендер күйзелгендей күйзелуде. Негізінен сендер Алладан олардың үміт етпеген нәрсесін үміт етесіңдер. Алла (Т.) толық білуші, хикмет иесі. (104) (Мұхаммед F.C.) шын мәнінде саған Кітапты; Алланың, өзіңе көрсетуі бойынша адамдардың арасына үкім қылуың үшін шындықпен түсірдік. Сондықтан қаралықшылдарға болысушы болма. (Бір Мұнафық көршісінің сауытын ұрлап, бір Яьудидің үйіне тығып қойып, өзі Пайғамбар (F.C.) ға келіп ант-су ішіп сендіріп, қылмысты; Яьудиге артуға тырысады. Б.М.Ж.Х.Ж-Қ. т.б.) (105)



Алладан жарылқану тіле. Негізінен Алла (Т.) аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (106) Өздеріне кесір істегендер үшін сөз таластырма. Өйткені; Алла, қаралықшыл күнәкарды жақсы көрмейді. (107) Олар адамнан жасырса да, Алладан жасыра алмайды. Алла, олар түнделетіп, разы болмайтын сөз қылғанда олармен бірге еді. Алла олардың не істегендерін бұлжытпай біледі. (108) Ал міне сендер дүние тіршілігінде олар тарапынан дауластыңдар, сонда қиямет күні олар тарапынан Алламен кім дауласа алады? Немесе оларға кім уәкіл бола алады? (109) Біреу бір жамандық істесе немесе өзіне зұлымдық қылса да, сонсоң Алладан жарылқану тілесе, Алланы аса жарылқаушы, ерекше мейірімді табар еді. (110) Ал және біреу күнә істесе, сонда негізінен ол өзіне істеген болады. Алла (Т.) толық білуші, аса дана. (111) Тағы да біреу,


бір қателік немесе күнә істесе, оны, ақ біреуге жапса, расында ол жала қойып, ашық күнә жүктеп алған болады. (112) (Мұхаммед F.C.) егер саған Алланың ілтипаты, мәрхаметі болмаса еді, әрине олардың бір тобы сені адастыруды ойлаған еді. Олар өздерін ғана адастырады да саған ешбір зиян келтіре алмайды. Өйткені Алла, саған Құранды және хикметті түсірді әрі саған білмегендерінді үйретті. Сондай-ақ Алла (Т.) ның саған деген ілтипаты өте ірі. (113)



Олардың өзара күңкілдерінің көбінде хайыр жоқ. Бірақ, кім бір садақаны не бір игілікті немесе адамдардың арасын жарастыруды әмір етсе, ол хайырлы. Және біреу, осыны Алланың ризалығын іздеп істесе, сонда оған жедел ірі сауап береміз. (114) Ал біреу, өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүміндердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын! (115)

Негізінен Алла, өзіне ортақ қосуды жарылқамайды. Одан басқа кімді қаласа, жарылқайды. Ал және кім Аллаға ортақ қосса, расында өте ұзаққа адасты. (116) (Мекке мүшріктері,) олар, Алладан өзге ұрғашыларға ғана жалбарынды. Негізінен олар қасарысқан шайтанға жалбарынды. (53–С.19–А. 43–С.19–А.) (117) Алла оны қарғады. Сонда шайтан: "Әрине құлдарыңнан белгілі бір үлес аламын" деді. (118) "Және оларды әрине адастырамын, әлбетте оларды босқа үміттендіремін. Әрі оларға міндетті түрде әмір етемін. Сонда олар: Малдардың құлақтарын (бұтқа арнап) тіледі. Сондай-ақ оларға әрине Алланың жаратқанын өзгертуді бұйырамын" (деді.) Кім Алладан өзге шайтанды дос тұтса, сонда рас ашық зиянға ұшыраған болды. (119) Шайтан оларға уәде беріп, оларды босқа үміттендіреді. Шайтанның оларға уәдесі алдау ғана. (120) Міне солардың орны тозақ. Сондай-ақ олар одан қашар жер таба алмайды. (121)

Иман келтіріп, ізгі іс істегендерді астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземіз де, олар онда мәңгі қалады. Өйткені, Алланың уәдесі хақ. Алла (Т.) дан тура сөзді кім? (122) (Әй мүшріктер!) Не сендердің ойларыңша, не Кітап иелерінің ойларынша да емес. Кім бір жаман іс қылса, сол себепті жазаланады. Ол үшін Алладан өзге ие де жәрдемші де таба алмайды. (123) Еркектен немесе әйелден кім иман келтіруші болып, ізгі істерден істесе, міне солар жәннәтке кіреді. Түк де әділетсіздікке ұшыратылмайды. (124) Кім діни тұрғыдан жақсылық істеуші болып, жүзін Аллаға тапсырып, нағыз Ыбырайым (Ғ.С.) ның дініне ерген кісіден жақсы бола алады? Алла (Т.) Ыбырайым (Ғ.С.) ды дос тұтқан. (125) Көктердегі әрі жердегі



нәрселер Алланикі. Сондай-ақ Алла әр нәрсені толық меңгеруші. (126) (Мұхаммед Ғ.С.) олар сенен, әйелдер жайында пәтуа сұрайды. Оларға: "Алла сендерге олар жөнінде пәтуасын білдіреді: Бұл сендерге оқылатын Кітапта да, оларға жазылған мирастарын бермей өздерін алуға қызығатын жетім әйелдермен байқұс балалар және жетімдерге дұрыс қамқорлық істеу жайында пәтуа береді" де. Және хайырдан не істесеңдер сөз жоқ, оны Алла біледі. (127)

سُورَةُ النِّسَاءِ

النِّسَاءِ


وَإِن مَّرَأَةً خَافَتْ مِنْ بَعْلِهَا نُشُورًا أَوْ إِعْرَاضًا فَلَا جُنَاحَ عَلَيْهِمَا أَنْ يُصْلِحَا بَيْنَهُمَا صُلْحًا وَالصُّلْحُ خَيْرٌ وَأُحْضِرَتِ الْأَنْفُسُ الشُّحَّ وَإِنْ تُحْسِنُوا وَتَتَّقُوا فَإِنَّ اللَّهَ كَانَ بِمَا تَعْمَلُونَ خَبِيرًا ﴿١٢٨﴾ وَلَنْ تَسْتَطِيعُوا أَنْ تَعْدِلُوا بَيْنَ النِّسَاءِ وَلَوْ حَرَصْتُمْ فَلَا تَمِيلُوا كُلَّ الْمِيلِ فَتَدْرُوهَا كَالْمَعْلُوقِ وَإِنْ تَصِلِحُوا وَتَتَّقُوا فَإِنَّ اللَّهَ كَانَ غَفُورًا رَحِيمًا ﴿١٢٩﴾ وَإِنْ يَنْفَرَا بَعْضُ اللَّهِ عَلَى بَعْضٍ مِنَ سَعْيِهِمْ وَكَانَ اللَّهُ وَاسِعًا حَكِيمًا ﴿١٣٠﴾ وَلِلَّهِ مَكَافِي السَّمَوَاتِ وَمَكَافِي الْأَرْضِ وَلَقَدْ وَصَّيْنَا الَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ مِنْ قَبْلِكُمْ وَإِيَّاكُمْ أَنْ اتَّقُوا اللَّهَ وَإِنْ تَكْفُرُوا فَإِنَّ لِلَّهِ مَا فِي السَّمَوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ وَكَانَ اللَّهُ غَنِيًّا حَمِيدًا ﴿١٣١﴾ وَلِلَّهِ مَا فِي السَّمَوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ وَكَفَى بِاللَّهِ وَكِيلًا ﴿١٣٢﴾ إِنَّ يَسَاءَ إِذْ هَبْتُمْ مِنْ أَهْلِ النَّاسِ وَيَأْتِ بِتَاخِرِينَ وَكَانَ اللَّهُ عَلَى ذَلِكَ قَدِيرًا ﴿١٣٣﴾ مَنْ كَانَ يُرِيدِ ثَوَابَ الدُّنْيَا فَعِندَ اللَّهِ ثَوَابُ الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ وَكَانَ اللَّهُ سَمِيعًا بَصِيرًا ﴿١٣٤﴾

٩٩

Егер бір әйел, ерінің жеруінен немесе бет бұруынан қорықса, өзара келісіп жарасуларында екеуіне де күнә жоқ. Сондай-ақ жарасу жақсы. Нәпсілер қытымырлыққа бейім жаратылған. Егер жақсы шығысып, сақсынсаңдар негізінен Алла (Т.) не істегендеріңді толық біледі. (128) Қаншалық тырыссаңдар да әйелдердің арасына әсте әділдік істей алмайсыңдар. Ендеше, (біреуіне) мүлде ауып кетіп, өзгесін жіпсіз байлағандай етіп қоймаңдар. (Байсыз қатын құсап, дел-салда

жүрмесін.) Егер түзеліп, сақсынсаңдар, негізінен Алла тым жарылқаушы, ерекше мейірімді. (129) Егер екеуі ажырасса, Алла әрқайсысын өз кеңшілігінен қамтамасыз етеді. Өйткені, Алла аса кең, өте дана. (130) Көктердегі және жердегі нәрселер Аллаға тән. Сендерден бұрынғы кітап берілгендерге де, сендерге де: "Алладан қорқыңдар!",- деп өсиет еткенбіз. Егер қарсы келсеңдер, сонда да көктер мен жердегі нәрселер Алланикі. Алла мұңсыз, мақтаулы. (131) Көктердегі әрі жердегі нәрселер Алланикі. Алла (Т.) кепілдік тұрғысынан жеткілікті. (132) Әй адам баласы! Егер Алла қаласа, сендерді кетіріп, басқаларды әкелер еді. Міне осыған Алланың күші толық жетеді (133) Кім дүниенің пайдасын тілесе, Сонда дүние, ахиреттің пайдасы Алланың қасында. Сондай-ақ Алла әр нәрсені естуші, ерекше мейірімді. (134)

Әй мүміндер! Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әке-шешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да, Алла үшін айғақ болыңдар; бай немесе кедей болса да. Өйткені Алла, екеуіне де тым жақын. (Олардың халін біледі.) Ендеше әділдік істеуде нәпсіге ермеңдер. Егер тілдеріңді бұрып, шындықты бұрмаласаңдар, шәксіз Алла не істегендеріңді толық білуші. (135) Әй мүміндер! Аллаға, Пайғамбарына және оған түсірген Құранға сондай-ақ одан бұрынғы түсірген кітапқа иман келтіріңдер. Ал кім Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне және ахирет күніне қарсы шықса, сонда тым ұзақ адасты. (136) Негізінен сондай иман келтіріп сонсоң қарсы келгендер, тағы иман келтіріп, және қарсы шыққандар, сонсоң қарсылығын арттырғандар, міне, Алла соларды жарылқамайды да, тура жолға да салмайды. (Яһудилер әуелі Мұсаға иман келтірді. Сонсоң бұзауға табынып, қарсы келді. Сонсоң Мұсаға иман келтіріп, Ғисаға қарсы болды да, Мұхаммед (Ғ.С.) ке қарсылықтарын арттыра түсті. Б.М.Ж.Т. т.б.) (137) (Мұхаммед Ғ.С.) мұнафықтарға, өздеріне негізінен күйзелтуші азап бар екендігін шүйіншіле. (138) Сондай



мүміндерден өзге көпірлерді дос тұтқандар, олардың қасынан ізет іздей ме? Шын мәнінде ізет бүтіндей Аллаға тән. (139) Расында сендерге Кітапта: "Алланың аяттарына қарсы келінгендігін және ажууаланғандығын сендер естіген сәтте; олар бұдан басқа сөзге кіріскенше, олармен бірге отырмандар; әйтпесе сендер де солар сияқты боласыңдар" деп үкім түсірді. Шәксіз Алла мұнафықтармен көпірлерді біртұтас тозаққа жинаушы. (140)

الْمُتَّقِينَ

سُورَةُ النِّسَاءِ


الَّذِينَ يَرْتَضُونَ بِكُمْ فَإِنْ كَانَ لَكُمْ فَتْحٌ مِنَ اللَّهِ فَأُولَٰئِكَ
 تَكُنْ مَعَكُمْ وَإِنْ كَانَ لِلْكَافِرِينَ نَصِيبٌ قَالُوا أَلَمْ نَسْتَحِذْ
 عَلَيْكُمْ وَنَمْنَعِكُمْ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ فَاللَّهُ يَحْكُمُ بَيْنَكُمْ يَوْمَ
 الْقِيَامَةِ وَلَنْ يَجْعَلَ اللَّهُ لِلْكَافِرِينَ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ سَبِيلًا ﴿١٤٢﴾
 إِنَّ الْمُتَّقِينَ يَخْدِعُونَ اللَّهَ وَهُوَ خَادِعُهُمْ وَإِذَا قَامُوا إِلَى
 الصَّلَاةِ قَامُوا كَسَالَىٰ بُرَاءَةٍ مِنَ النَّاسِ وَلَا يَذْكُرُونَ اللَّهَ إِلَّا
 قَلِيلًا ﴿١٤٣﴾ مُدْبِدِينَ بَيْنَ يَدَيْهِمْ ذَٰلِكَ لَا إِلَىٰ هَٰؤُلَاءِ وَلَا إِلَىٰ هَٰؤُلَاءِ
 وَمَنْ يُضِلِلِ اللَّهُ فَلَنْ يَجِدَ لَهُ سَبِيلًا ﴿١٤٤﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا
 لَا تَتَّخِذُوا الْكَافِرِينَ أَوْلِيَاءَ مِنْ دُونِ الْمُؤْمِنِينَ أُرِيدُوا أَنْ
 يَجْعَلَ اللَّهُ عَلَيْكُمْ مُسَلِّطًا مُبِينًا ﴿١٤٥﴾ إِنَّ الْكُفْرَانَ
 فِي الذَّرِّكَ الْأَسْفَلَ مِنَ النَّارِ وَلَنْ يَجِدَ لَهُمْ نَصِيرًا ﴿١٤٦﴾
 إِلَّا الَّذِينَ تَابُوا وَأَصْلَحُوا وَاعْتَصَمُوا بِاللَّهِ وَأَخْلَصُوا
 دِينَهُمْ لِلَّهِ فَأُولَٰئِكَ مَعَ الْمُؤْمِنِينَ وَمَنْ يَتُوبْ إِلَى اللَّهِ
 الْمُؤْمِنِينَ أَجْرًا عَظِيمًا ﴿١٤٧﴾ مَا يَفْعَلُ اللَّهُ بِعَذَابِكُمْ
 إِنْ شَكَرْتُمْ وَءَامَنْتُمْ وَكَانَ اللَّهُ شَاكِرًا عَلِيمًا ﴿١٤٨﴾

١٠١


Сондай сендерді аңдығандар, сендерге Алладан бір жеңіс келсе: "Бізде сендермен бірге емес пе едік?,"– деді. Ал егер кәпірлерге бір олжа түссе, оларға: "Сендерге үстемдік келтіріп, сендерді мүміндерден қорғамадық па?,"– деді. Енді Алла араларыңа қиямет күні үкім қылады, сондай–ақ Алла кәпірлер үшін мүміндерге қарсы жол қоймайды. (141) Мұнафықтар, Алланы алдамақшы болады. Негізінен Алла, оларды алдауға ұшыратады. Қашан олар намазға

түрсе, жалқауланып тұрады. Адамдарға көрсету үшін оқып, олар Алланы өте аз еске алады. (142) Олар, осы екі арада дел–салда. Не бұларда жоқ, не оларда жоқ. Алла біреуді адастырса оған әсте жол таба алмайсың. (143) Әй мүміндер! Мүміндерден өзге кәпірлерді дос тұтпаңдар. Өз зияндарың үшін ашық дәлел қылуды қалайсыңдар ма? (144) Негізінен мұнафықтар тозақтың ең төменгі қабатында болады. Әрі оларға ешбір жәрдемші таба алмайсың. (145) Бірақ тәубе еткендер, өздерін түзелткендер және Аллаға жабысып, діндерінде ықыласты болғандар, міне солар мүміндермен бірге. Алла (Т.) мүміндерге жедел бір сыйлық береді. (146) Егер шүкірлік етіп, иман келтірсеңдер, Алла сендерді неге азап қылсын? Өйткені, Алла (Т.) шүкірлікті бағалаушы, толық білуші.(147)

Алла (Т.) жаман сөздің жарияланып сөйленуін жақсы көрмейді. Бірақ зұлымдыққа ұшыраған біреудікі басқа. Алла әр нәрсені естиді, біледі. (148) Егер бір жақсылықты ашықтасаңдар немесе оны жасырсандар не бір жамандықты кешсеңдер, сонда күдіксіз Алла аса кешірімді, тым күшті (149) Шәксіз, сондай Аллаға, пайғамбарларына қарсы келгендер, олар, Алла мен пайғамбарларының арасын айыруды қалайды. Және де олар: "(Пайғамбарлардың) кейіне сенеміз де кейіне қарсы келеміз" дейді; сөйтіп олар екі ортадан жол табуды қалайды. (150) Міне олар анық кәпірлер. Кәпірлер үшін қорлаушы қинау дайындадық. (151) Және сондай Аллаға, пайғамбарларына иман келтіргендер, олардан ешбіреуінің арасын айырмайды; міне солардың сыйлықтары тезінен беріледі. Сондай-ақ Алла (Т.) өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (152) (Мұхаммед Ғ.С.) Кітап иелері сенен көктен бір кітап түсіруіңді сұрайды. Расында олар Мұса (Ғ.С.)




дан одан да зорғыны сұраған. Сонда олар: "Алланы бізге ашық көрсет!",- дегенде, олардың кесірлері себепті нажағай түсті. Сонсоң оларға ашық дәлелдер келгеннен кейін де, олар бұзауды тәңір жасап алды. Сонда соларды да кештік. Сондай-ақ Мұса (Ғ.С.) ға ашық мұғжиза бердік. (153) Олардың уәделері себепті үстеріне Тұр тауын көтердік. Және оларға: "Қақпадан сөжде қылып кіріңдер" дедік. Тағы оларға: "Сенбі күні шектен шықпаңдар!",- дедік. Сөйтіп олардан ауыр серт алдық. (154)




Негізінде олар оны өлтірмеді де, аспады; бірақ оларға, ұқсатылды: (Олар Ғисаға ұқсатылған біреуді өлтірді. Б.Ж.М.К.) Расында, ол жайында қайшылықтағылар, әрине одан күдіктенуде. Олардың оған байланысты мәліметтері жоқ. Бірақ күмәннің ғана соңында. Олар оны анық өлтірмеді. (157) Олай емес, Алла оны өз тарапына көтерді. Алла (Т.) өте үстем, хикмет иесі. (158) Кітап иелері, Ғиса (Ғ.С.) ға өлуінен бұрын әлбетте иман келтіреді. (Ж.Б.М.К.) Және қиямет күнінде ол оларға куә болады. (159) Сонда Яһудилердің зұлымдықтарының және көптеген адамдарды Алланың жолынан тосуларының салдарынан оларға халал етілген көптеген жақсы нәрселерді оларға арам қылдық. (8–С.146–А.) (160). Және де оларға тыйым салынған бола тұра өсім алулары әрі адамдардың малдарын орынсыз жеулері, сондай-ақ олардан қарсы келгендер үшін; күйзелтуші азап әзірледік. (161) Дегенмен іштерінен ғылымда озат болғандар және иман келтіргендер, саған түсірілгенге әрі сенен бұрынғы түсірілгенге сенеді. Және намазды орындаушылар, зекет берушілер әрі Аллаға, ахирет күніне сенушілер, әрине соларға зор сыйлық береміз. (162)

Дегенмен олардың серттерін бұзулары, Алланың аяттарына қарсы шығулары, пайғамбарларды жазықсыз өлтірулері және жүректеріміз перделі деулері себепті Алла, әрине олардың қарсылықтары салдарынан жүректерін мөрлеген. Сондықтан өте азы ғана иман келтіреді. (155) Және олардың (Ғиса Ғ.С. ға) қарсы шығулары әрі Мәрийемге зор жала жапсырған сөздері себепті, (156) Тағы да; "Алланың елшісі, Мәрийем ұлы Ғиса Мәсихты өлтірдік!";- дегендіктері...



(Мұхаммед F.C.) Нұх (F.C.) және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей саған да уахи еттік. Сондай-ақ Ыбырайым, Ысмайыл, Исхак, Яғқұп (F.C.), ұрпақтарына және Гиса, Әйүп, Юнис, Һарун және Сүлеймен (F.C.) ге де уахи еттік. Әрі Дәуіт (F.C.) ке Зәбұрды бердік. (163) Және саған бұрынғы пайғамбарларды баян қылдық, сондай-ақ пайғамбарлардың саған баян етпегеніміз де бар. Және Алла (Т.) Мұса (F.C.) ға (тікелей) сөйлескен. (164) Пайғамбарларды қуандырушы, қорқытушы етіп жібердік: Елшілерден кейін адамдардың Аллаға қарсы сылтауы болмауы үшін. Алла (Т.) аса үстем, хикмет иесі. (165) Алайда Алла, саған түсіргенін біле тұра түсіргендігіне куәлік етеді және періштелер де куә болады. Негізінде Алла куәлікте жеткілікті. (166) Күдіксіз, сондай қарсы болғандар және Алланың жолынан тосқандар,

расында ұзақ адасумен адасты. (167) Шәксіз сондай қарсы шығып, зұлымдық қылғандарды тура жолға да салмайды. (168) Бірақ тозақтың ғана жолына салады да, олар онда мәңгі қалады. Осы, Аллаға оңай. (169) Әй адам баласы! Рас сендерге Пайғамбар, Раббыларыңнан хақиқатты келтірді. Сондықтан иман келтіріңдер, сендер үшін жақсы. Егер қарсы келсеңдер, сонда күдіксіз көктердегі және жердегі барлық нәрсе Алланикі. Алла (Т.) аса білуші, хикмет иесі. (170)



Аллаға жақын періштелер де Аллаға құл болудан есте арланбайды. Кім Оған құлшылықтан арланып дандайсыса, сонда оларды тұтас өз тарапына жинайды. (Басқа барар жері жоқ.) (172) Ал енді сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендердің сыйлықтарын толық береді. Әрі оларға өз ілтипатынан арттырады. Ал және сондай арланып менменсігендерді күйзелтуші азапқа ұшыратады. Сондай-ақ олар үшін Алладан басқа құтқарушы не дос не жәрдемші таба алмайды. (173) Әй адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ сендер үшін бір ашық нұр (Құран) түсірдік. (174) Ал енді Аллаға сеніп, Оған жабысқандарды өз тарапынан мәрхамет және ілтипатқа бөлейді де, өзіне баратын тура жолға салады. (175)

Әй Кітап иелері! Діндерінде артық кетпеңдер. Аллаға байланысты шындықты айтыңдар. Шынайы түрде Мәрийем ұлы Мәсих Гиса, Алланың елшісі әрі Мәрийемге жалғастырған сөзі және Алла тарапынан бір рух. Ендеше Аллаға және елшілеріне сеніңдер. Әрі (Алланы) "үшеу" демендер, (одан) тыйылыңдар. Сендер үшін жақсы. Шынайы түрде Алла бір-ақ Тәңір. Ол баласы болудан пәк. Көктердегі және жердегі нәрселер Оған тән. Алла уәкілдікте жетік. (171) Гиса да,

Олар сенен пәтуа сұрайды. Оларға айт: "Алла сендерге "Кәлала" жайында пәтуа береді: (4-С.12-А.) Егер еке-шешесі және баласы жок біреу өлсе, оның бір қыз туысы болса, сонда оған қалған мирастың жартысы тиеді. Егер өлген әйел болып, оның баласы болмаса, еркек туысы оның мирасқоры болады. Егер өлгеннің қыз туысы екеу болса, екеуіне қалған мирастың үштен екісі тиеді. Және мирасқорлар ер, әйелдер аралас болса, сонда бір ерге екі әйелдің сыбағасындай тиеді. Алла (Т.) адасарсыңдар деп сендерге ашық түсінік береді. Алла әр нәрсені толық біледі." (176)

5-МӘИДА СҮРЭСІ

Мединеде түскен. Жүз жиырма аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Әй мүміндер! Уәделеріңді орындандар. Сендерге ыхрамда аңды халал санамау шартымен, сендерге түсіндірілетіндерден баска хайуандар халал қыланды. Күдіксіз Алла не тілесе оны әмір етеді. (1) Әй иман келтіргендер! Алланың белгілеріне, (хаж ғамалдарына,) құрметті айға, құрбандықтарға, мойындарына тағылған белгілерге және Раббыларының ризалығын,

سُورَةُ التَّائِيَاتِ

سُورَةُ التَّائِيَاتِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

يَسْتَفْتُونَكَ قُلِ اللَّهُ يُفْتِيكُمْ فِي الْكَلَالَةِ إِنْ أَمْرٌ وَأَهْلَكَ
لَيْسَ لَهُ وَلَدٌ وَلَهُ أُخْتٌ فَلَهَا نِصْفُ مَا تَرَكَ وَهُوَ يَرِيهَا
إِنْ لَمْ يَكُنْ لَهَا وَلَدٌ فَإِنْ كَانَتْ أُخْتَيْنِ فَلَهُمَا النِّصْفَانِ مِمَّا تَرَكَ
وَإِنْ كَانُوا إِخْوَةً رِجَالًا وَنِسَاءً فَلِلَّذَكَرِ مِثْلُ حِظِّ الْأُنثِيَيْنِ
بَيِّنَاتٌ لَكُمْ أَنْ تَصَلُّوا عَلَى اللَّهِ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلَيْهِمْ ﴿١٧٦﴾

سُورَةُ التَّائِيَاتِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

يَتَأْتِيهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا أَوْفُوا بِالْعُقُودِ أُحِلَّتْ لَكُمْ بَيْعَتُ
الْأَيْمَانِ إِذَا مَا بَيْنَ عَيْنَيْكُمْ غَيْرِ مُحَرَّمٍ عَلَيْكُمْ إِخْرَاجُ
يَحْكُمُ مَا يُرِيدُ ﴿١﴾ يَأْتِيهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا لِأَحْلُوا شَعِيرَ اللَّهِ
وَلَا الشَّهْرَ الْحَرَامَ وَلَا الْهَدْيَ وَلَا الْقَلَائِدَ وَلَا ءَامِينَ الْبَيْتِ
الْحَرَامِ يَنْتَعُونَ فَضْلًا مِنْ رَبِّهِمْ وَرِضْوَانًا وَإِذَا حَلَلْتُمْ فَاصْطَادُوا
وَلَا يَجْرِمَنَّكُمْ شَنَا نُ أَنْ صَدَّدَكُمْ عَنْ الْمَسْجِدِ
الْحَرَامِ أَنْ تَعْتَدُوا وَتَعَاوَنُوا عَلَى الْبِرِّ وَالتَّقْوَىٰ وَلَا تَعَاوَنُوا
عَلَى الْإِثْمِ وَالْعُدْوَانِ وَأَتَقُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ شَدِيدُ الْعِقَابِ ﴿٢﴾

106

ілтпатын іздеп, ардақты үйге (Қағбаға) келуші хажыларға құрметсіздік етпендер. Және қашан ыхрамнан шықсаңдар аң аулай аласыңдар. Және сендерді Месжіт Харамнан тосқан елдің кегі, шектен шығуларыңа сылтау болмасын. (Сендерді Қағбадан тыйған болса да, кек сақтамаңдар.) Жақсылыққа, тақуалыққа жәрдемдесіндер. Күнәға және дүшпандыққа жәрдемдеспеңдер. Алладан қорқыңдар! Күдіксіз Алланың азабы қатты. (2)

سُورَةُ التَّائِبَاتِ

الْمَائِدَاتِ


حَرَمْتُ عَلَيْكُمُ الْمَيْتَةَ وَالْدَّمَ وَلَحْمَ الْخِنْزِيرِ وَمَا أَهْلَ لغيرِ اللَّهِ
 بِهِ وَالْمُنْحَقِقَةَ وَالْمَوْفُودَةَ وَالْمَرْدِيَّةَ وَالنَّطِيحَةَ وَمَا أَكَلَ
 السَّبُعُ إِلَّا مَا ذَكَيْتُمْ وَمَا ذَبَحَ عَلَى النَّصْبِ وَأَنْ تَسْتَقْسِمُوا
 بِالْأَزْوَاجِ لَكُمْ فَسُقُ الْيَوْمَ بَيْسَ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ دِينِكُمْ
 فَلَا تَحْشَوْهُمْ وَأَخْشَوْنَ الْيَوْمَ أَكَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتَمَمْتُ
 عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيتُ لَكُمْ الْإِسْلَامَ دِينًا فَمَنْ أَضْطَرَّ فِي
 مَخْصَصَةٍ غَيْرِ مُتَجَانِفٍ لِإِثْمِهِ فَإِنَّ اللَّهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ ﴿٣﴾
 يَسْأَلُونَكَ مَاذَا أُحِلَّ لَهُمْ قُلْ أُحِلَّ لَكُمْ الطَّيِّبَاتُ وَمَا عَلَّمْتُمْ
 مِنَ الْجَوَارِحِ مُكَلِّبِينَ يَعْلَمُونَ مَن مَّاعَاهُمْ اللَّهُ فكلُوا مما أَسْكَنَ
 عَلَيْكُمْ وَادْكُرُوا لِسْمِ اللَّهِ عَلَيْهِ وَأَقُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ سَرِيعُ الْحِسَابِ
 ﴿٤﴾ الْيَوْمَ أُحِلَّ لَكُمْ الطَّيِّبَاتُ وَطَعَامُ الَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ حَلَلٌ
 لَكُمْ وَطَعَامُكُمْ حَلَلٌ لَهُمْ وَالْمُحْصَنَاتُ مِنَ الْمُؤْمِنَاتِ وَالْمُحْصَنَاتُ
 مِنَ الَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ مِنْ قَبْلِكُمْ إِذَا آتَيْتُمُوهُنَّ أُجُورَهُنَّ
 مُحْصِنِينَ غَيْرِ مُسَفِّحِينَ وَلَا مُتَّخِذِي أَخْدَانٍ وَمَنْ يَكْفُرْ
 بِالْإِسْلَامِ فَقَدْ حَبِطَ عَمَلُهُ وَهُوَ فِي الْآخِرَةِ مِنَ الْخَسِيرِينَ ﴿٥﴾

١٠٧


қорқындар. Бүгін діндеріңді толықтастырдым және нығметімді тамамдадым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым. Кім аштықтан шарасыз қалса, күнәға ауытқымаса (жеуге болады.) Шәксіз Алла тым жарылқаушы, ерекше мейірімді. (3) Олар, сенен өздеріне не нәрсенің халал қылынғандығын сұрайды: "Сендерге таза нәрселер (дін бойынша халал нәрселер. М.Ж.Қ.) халал қылынды" де. Және де Алланың өздеріңе білдіргенін үйретіп, тәрбиелеген жыртқыштарды: Алланың атын айтып (аңға) салсаңдар, сендер үшін ұстағандарын жеңдер. Алладан қорқындар, күдіксіз Алла (Т.) есепте өте тез. (4) Бүгін сендерге жақсы нәрселер халал етілді. Кітап берілген (Христиан, Яуди) дердің тамағы (бауыздағандары .Б.Ж.М.К.Р.Т.) халал етілді. Сендердің тамақтарың оларға да халал етілді. Және мүміндерден абыройлы әйелдермен әрі сендерден бұрын Кітап берілген (Христиан, Яуди) дерден де абыройлы әйелдермен мәерлерін беріп, бой суытушы, астыртын көңілдес болмай үйленулерің халал етілді. Кім иманға қарсы шықса, Сонда оның ғамалы жойылды және ол, ақиретте де зиян етушілерден болады. (5)

Сендерге: Өлексе, аққан қан, доңыз еті және Алладан басқаның атымен бауыздалған мал арам қылынды. (2-С.173-А.) Бірде буынып, ұрылып, құлап, сүзіліп өлген малдар және жыртқыш жеген мал арам. Бірақ (жаны шықпай) бауыздағандарың басқа. Және тігілген тасқа (бүтқа) арнап бауыздалған мал әрі оқтар арқылы талай сынауларың (бал ашуларың) да арам етілді. Бұларың бұзықтық. Бүгін кәпірлер діндеріңнен (тосудан) күдер үзді. Олардан қорықпаңдар, Менен

Әй мүміндер! Қашан намазға тұрсаңдар, (тұрарда,) жүздеріңді және шынтақтарға дейін қолдарыңды жуыңдар. Бастарыңа мәсих тартыңдар. (сипаңдар.) Және екі тобықтарға дейін аяқтарыңды жуыңдар. Егер де жүніп болсаңдар, (бой дәретсіз болсаңдар,) толық тазаланыңдар. (Шомылыңдар.) Егер науқас не сапар да болсаңдар немесе сендерден біреу түзге отырып келсе не әйелге жақындассаңдар, сонда су таба алмасаңдар таза жерге тәяммум соғыңдар; онымен беті-қолдарыңды сипаңдар. Өйткені, Алла, сендерге ауыршылық қаламайды. Бірақ, сендерді тазартуды сондай-ақ шүкірлік етулерің үшін сендерге нығметтерін тамамдауды қалайды. (6) Алланың сендерге берген нығметін және: "Естідік, бой ұсындық" деп байлаған серттеріңді




еске алыңдар! Әрі Алладан қорқыңдар! Күдіксіз Алла көкіректегілерді толық білуші. (7) Әй мүміндер! Алла үшін куәлікте туралық үстінде мықты тұрыңдар. Және бір елдің өшпенділігі сендерді әділсіздікке тартпасын. Әділдік істеңдер. Сол тақуалыққа жақынырақ. Және Алладан қорқыңдар. Күдіксіз Алла не істегендеріңнен толық хабар алушы. (8) Алла (Т.) сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау әрі ірі сыйлық уәде етті. (9)



орындасаңдар, зекет берсеңдер, елшілеріме иман келтіріп, оларға көмек берсеңдер және Аллаға көркем қарыз берсеңдер, (Алла жолында мал жұмасаңдар,) әлбетте жамандықтарыңды жойып, сендерді астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземіз. Ал сонда сендерден біреу қарсы болса, тура жолдан адасқан болады" деді. (12) Сонда олардың серттерін бұзулары себепті оларға лағынет етіп, жүректерін қатайттық. Олар, (Тәурат) сөздерін орнынан өзгертіп, оларға берілген үгітті ұмытты. Олардың өте азынан басқасының қиянаткерліктерін ұдайы сөзіп отырасың. Сонда да оларды кешірім етіп, елеме. Расында Алла (Т.) игілік істеушілерді сүйеді. (13)

Сондай қарсы келіп, аяттарымызды өтірікке ұйғарғандар, солар тозақтық. (10) Әй мүміндер! Алла (Т.) ның сендерге берген бағын еске алыңдар: Сол уақытта бір ел (суық) қолын созған еді де, Алла олардың қолын сендерден тосқан еді. Сондықтан Алладан қорқыңдар және мүміндер Аллаға тәуекел етсін. (11) Расында Алла Израил ұрпақтарынан уәде алған еді. Олардан он екі бастық жіберген едік. Алла (оларға): "Мен сендермен біргемін; егер намазды



Және "Христианбыз" дегендерден де серт алған едік. Дегенмен олар да берілген үгіттен үлестерін ұмытты. Сондықтан араларына қиямет күніне дейін дұшпандық, өштік салдық. Және Алла (Т.) оларға не істегендерінің хабарын тез береді. (14) Әй Кітап иелері! Сендерге Кітаптан жасырған нәрселеріңнің көбін ашық түсіндіретін және көбірегінен елемей өтіп кететін Елшіміз келді. Расында сендерге Алладан бір нұр және ашық бір Кітап (Құран) келді. (15) Алла (Т.) кім өз ризасына үйлессе, сол Кітап арқылы есендік жолдарына салады

және өз нұсқауымен қараңғылықтардан жарыққа шығарып түп-тура жолға салады. (16) Расында: "Алланы, Мәрийем ұлы Мәсих" дегендер кәпір Болды. "Егер Алла, Мәрийем ұлы Мәсихты және оның шешесін де, тіпті жер жүзіндегі біртұтас жан иесін жоқ етуді қаласа, Алладан құтқаруға кім ие?",- де. Көктер мен жердің және екеуінің арасындағылардың иелігі Аллаға тән. Ол қалағанын жаратады әрі Алланың әр нәрсеге толық күші жетуші. (17)

سُورَةُ التَّائِيَةِ

الْمَائِيَةِ


وَقَالَتِ الْيَهُودُ وَالنَّصَارَى نَحْنُ أَبْنَاءُ اللَّهِ وَأَحِبُّونَاهُ قُلْ
 فَلِمَ يُعَذِّبُكُمْ بِذُنُوبِكُمْ بَلْ أَنْتُمْ بَشَرٌ مِّمَّنْ خَلَقَ يَغْفِرُ لِمَن
 يَشَاءُ وَيُعَذِّبُ مَن يَشَاءُ وَلِلَّهِ مُلْكُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ
 وَمَا بَيْنَهُمَا وَإِلَيْهِ الْمَصِيرُ ﴿١٨﴾ يَا أَهْلَ الْكِتَابِ قَدْ جَاءَكُمْ
 رَسُولُنَا يُبَيِّنُ لَكُمْ عَلَى قَدَرٍ مِّنَ الرُّسُلِ أَنْ تَقُولُوا مَا جَاءَنَا
 مِن بَشِيرٍ وَلَا نَذِيرٍ فَقَدْ جَاءَكُمْ بَشِيرٌ وَنَذِيرٌ وَاللَّهُ عَلَى كُلِّ
 شَيْءٍ قَدِيرٌ ﴿١٩﴾ وَإِذْ قَالَ مُوسَى لِقَوْمِهِ يَا قَوْمِ أَدْكُرُوا
 نِعْمَةَ اللَّهِ عَلَيْكُمْ إِذْ جَعَلَ فِيكُمْ أَنْبِيَاءَ وَجَعَلَكُم مَّلُوكًا
 وَعَآسَنَكُم مَّا تَمُنُّونَ أَحَدًا مِّنَ الْعَالَمِينَ ﴿٢٠﴾ يَا قَوْمِ ادْخُلُوا
 الْأَرْضَ الْمَقْدَسَةَ الَّتِي كَتَبَ اللَّهُ لَكُمْ وَلَا تَرْتُدُّوا عَلَىٰ آدَابِهَا
 فَتَسْقَطُوا عَلَىٰ خِيسِرِينَ ﴿٢١﴾ قَالُوا يَا مُوسَىٰ إِنَّ فِيهَا قَوْمًا جَبَارِينَ
 وَإِنَّا لَنَدْخُلُهَا حَتَّىٰ يُخْرِجُوا مِنهَا فَإِن يَخْرُجُوا مِنهَا
 فَإِنَّا نَدْخُلُوكَ ﴿٢٢﴾ قَالَ رَبِّ اجْعَلْ لِي آيَةً يَا قَوْمِ
 أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْهِنَّ إِذْ خَلُوْنَ الْبَابَ فَأَدَاخَلْنَهُنَّ
 فَإِن كُنَّ عَلِيمُونَ وَعَلَىٰ اللَّهِ فَتَوَكَّلُوا إِن كُنْتُمْ مَّؤْمِنِينَ ﴿٢٣﴾

111

куантушы, қорқытушы келмеді" дерсіңдер деп, міне сендерге куантушы, қорқытушы Елші келді. Алла (Т.) ның барлық нәрсеге толық күші жетуші. (19) Бір заманда Мұса (F.C.) өз еліне: " Әй елім! Алланың сендерге берген нығметін еске алыңдар! Өз іштеріңде пайғамбарлар шығарды, әрі сендерді патшалар жасады. Сондай-ақ сендерге әлемде ешкімге берілмеген нығметін берді" деген. (20) Және: "Әй елім! Алла, сендерге жазған қасиетті жерге (Құдыс, Шамға) кіріңдер. Арттарыңа қайтпаңдар, әйтпесе зиян етушілерге айналасыңдар" деген. (21) Олар: "Әй Мұса! Ол жерде зорлықшыл ел бар. Олар ол жерден шықпайынша біз ол жерге әсте кірмейміз. Егер олар ол жерден шықса әрине кіреміз" деді (22) Қорыққандардан болып, өздерін Алла нығметке бөлеген екі кісі: "Олардың үстіне қақпадан кіріңдер. Сонда қашан одан кірсендер, сендер үстем боласыңдар. Егер мүмін болсаңдар Аллаға тәуекел етіңдер" деді. (23)

Янудилер мен Христиандар: "Біздер Алланың ұлдары және сүйгендеріміз" деді. Оларға айт: "Онда Алла күнәларың себепті сендерді неге азаптайды? Керісінше сендер Алланың жаратқан адамысыңдар." Алла қалаған кісісін жарылқап және қалаған кісісін азаптайды. Көктердің және жердің әрі екі арасындағылардың барлығы Алланың иелігінде және барар жер де Оның алды. (18) Әй Кітап иелері! Пайғамбарлардың арасы үзілгенде, сендерге Елшіміз келді. "Бізге

"Әй Мұса! Олар ол жерде тұрғанда біз оған тіпті кірмейміз. Өзің және Раббың барып соғысыңдар. Әрине біз мұнда отырамыз" деді. (24) (Мұса F.C.): "Раббым! Мен өзіме, туысыма ғана ие бола аламын. Бұзақы елден арамызды ажырата көр!",- деді. (25) (Алла Т.): "Енді оларға, ол жер шынайы түрде қырық жыл арам қылынды. Олар сол жерде абыржып жүреді. Онда бұзақы елге қайғырма" деді. (26) (Мұхаммед F.C.) оларға Адам (F.C.) ның екі ұлының әңгімесін шынайы түрде оқы: "Сол уақытта екеуі Аллаға жақындық үшін құрбан шалған еді. Сонда біреуінен қабылданып, екіншісінен қабылданбаған еді." (Құрбаны қабылданбаған Қабыл):" Әлбетте мен сені өлтіремін" деді. Сонда (Һабыл): "Алла сөзсіз тақуалардың құрбаның қабыл етеді" деді. (27) "Сен мені шын өлтіруге қол созсаң да, мен сені өлтіру үшін қол созбаймын. Күдіксіз мен әлемдердің Раббы Алладан қорқамын!" (28) "Сөзсіз мен, сенің өз күнәңмен менің күнәмді жүктеп, тозақтық болуыңды қалаймын. Осы, залымдардың жазасы." (29) Сонда оның нәпсісі, туысын өлтіруге қызықтырды да ол, оны өлтіріп, зиянға ұшыраушылардан болды. (Адам F.C. егіз ұл-қыздарды ауыстырып үйлендіреді екен. Бірақ



Қабыл өз сыңарымды аламын деп, Һабыл екеуі серттесіп құрбан шалғанда құрбаны қабылданбаған Қабыл, Һабылды өлтіріп, қайтерін білмей көтеріп жүргенде Қүдіретше екі қарға таласып бірін-бірі өлтіріп, көмгенін көріп, көмеді. Б.М.Р.К. т.б.) (30) Сонда Алла, оған туысының өлігін жасыруын көрсетуі үшін жіберген қарға, жерді қаза бастағанда: "Әттең! Маған не болды? Туысының денесін көмген қарға құрлы бола алмадым ба?",- деді де, өкінушілерден болды. (31)

سُورَةُ النَّازِعَاتِ


النَّازِعَاتِ

مِنْ أَجْلِ ذَلِكَ كَتَبْنَا عَلَى بَنِي إِسْرَائِيلَ أَنَّهُمْ مَنْ قَتَلَ
 نَفْسًا بِغَيْرِ نَفْسٍ أَوْ فَسَادٍ فِي الْأَرْضِ فَكَأَنَّمَا قَتَلَ
 النَّاسَ جَمِيعًا وَمَنْ أَحْيَاهَا فَكَأَنَّمَا أَحْيَا النَّاسَ
 جَمِيعًا وَلَقَدْ جَاءَتْهُمْ رُسُلُنَا بِالْبَيِّنَاتِ ثُمَّ إِنَّ كَثِيرًا
 مِنْهُمْ بَعَدَ ذَلِكَ فِي الْأَرْضِ لَمُسْرِفُونَ ﴿٣٢﴾ إِنَّمَا
 جَزَاءُ الَّذِينَ يُحَارِبُونَ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَيَسْعَوْنَ فِي الْأَرْضِ
 فَسَادًا أَن يُقَتَّلُوا أَوْ يُصَلَّبُوا أَوْ تُقَطَّعَ أَيْدِيهِمْ
 وَأَرْجُلُهُمْ مِنْ خَلْفٍ أَوْ يُسْفَوْنَ مِنَ الْأَرْضِ ذَلِكَ
 لَهُمْ جَزَاءُ فِي الدُّنْيَا وَلَهُمْ فِي الْآخِرَةِ عَذَابٌ عَظِيمٌ
 ﴿٣٣﴾ إِلَّا الَّذِينَ تَابُوا مِنْ قَبْلِ أَن تَقْدُرُوا عَلَيْهِمْ فَاعْلَمُوا
 أَنَّ اللَّهَ عَفُورٌ رَحِيمٌ ﴿٣٤﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا
 اتَّقُوا اللَّهَ وَابْتَغُوا إِلَيْهِ الْوَسِيلَةَ وَجَاهِدُوا فِي سَبِيلِهِ
 لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ ﴿٣٥﴾ إِنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا لَوَآئِن
 لَهُمْ مَا فِي الْأَرْضِ جَمِيعًا وَمِثْلَهُ مَعَهُ لَيُقْتَدُونَ وَمِنْ
 عَذَابِ يَوْمِ الْقِيَامَةِ مَا نَقِيلُ مِنْهُمْ وَلَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ ﴿٣٦﴾

۱۱۳


бұзақылық жасап жүргендердің жазасы: Өлтірілулері, не асылулары, яки; қол-аяқтарының қиғашталып кесілулері немесе жерден айдалулары. Бұл олардың дүниедегі жапасы. Және олар үшін ахиретте ірі азап бар. (33) Бірақ сендердің оларға ықбалдарың жүруден бұрын тәубе қылғандар басқа. Сонда Алла (Т.) ның аса жарылқаушы, ерекше мейірімді екенін біліңдер. (34) Әй иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар, Оған жақындасуды іздеңдер. (Бой ұсыну арқылы тырысыңдар. М.Ж.Р. т.б.) Және екі дүниеде құтылып мұратқа жетулерің үшін, Оның жолында күресіңдер. (35) Күдіксіз сондай кәпірлер жер жүзіндегі барлық нәрсені және онымен бірге тағы сондай нәрсені қиямет күнінің азабынан (құтылу үшін) төлеуге салса да олардан қабыл етілмейді де, оларға жан түрішгерлік қинау бар. (36)

Соның салдарынан Израил ұрпақтарына: Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенмен және кім оны тірілтсе, (өлімнен құтқарса,) барлық адамды тірілткенмен тең деп жаздық. Расында оларға елшілеріміз ашық дәлелдермен келді. Бірақ содан кейін де олардың көбірегі жер жүзінде шектен шығушылар болды. (32) Алла және Елшісімен жағаласқандардың және жер жүзінде



Олар оттан шығуларын қалайды. Дегенмен олар одан шығушы емес. Және олар үшін тұрақты азап бар. (37) Ер және әйел ұрының, қылмыстарына жаза әрі Алладан бір өнеге түрінде қолдарын кесіндер. Алла (Т.) аса үстем, хикмет иесі. (38) Ал кім зұлымдықтан кейін тәубе қылса, түзелсе, сонда шәксіз Алла оның тәубесін қабыл етеді. Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (39) Расында көктер мен жердің әкімшілігі Аллаға тән екенін білмедің бе? Кімді қаласа жазалайды да, кімді қаласа жарылқайды. Әрі Алланың әр нәрсеге күші жетуші. (40) Әй Пайғамбар! Ауыздарымен: "Сендік" деп, жүректері сенбегендермен Яьудилерден күпірде жарысқандар сені кейітпесін. Олар өтірікке құлақ асады; сондай-ақ саған келмеген басқа бір қауым үшін тыңдайды. Және олар сөзді орындалғаннан кейін өзгертеді: "Егер сендерге осы берілсе, оны алыңдар да, егер ол


берілмесе, онда бой тартыңдар!",- дейді. (Хайбар Яьудилері зинашы ер, әйелді Тәурат үкімі бойынша өлтіруге қимай: Өлім жазасын берсе, алмаңдар да, дүре жазасын берсе алыңдар" деп Мұхаммед Ғ.С. ға жібереді. Б.Ж.М.К. т.б.) (Мұхаммед Ғ.С.) Алла (Т.), біреудің бұзылуын қаласа, сен ол үшін Алладан дәнеңеге ие бола алмайсың. Міне солар, Алланың жүректерін тазартуды қаламағандар. Оларға дүниеде жапа әрі ахиретте де, зор азап бар. (41)




тура жол және нұр бар. Аллаға бой ұсынған пайғамбарлар, Яһудилерге онымен үкім етер еді. Және Алланың Кітабын қорғауға міндеттендірілген сопылармен ғалымдар да, онымен үкім етер еді. Олар оған куәгер еді. Ендеше адамдардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар және аяттарымды аз бір ақшаға сатпаңдар! Кім Алланың түсіргенімен үкім етпесе, міне солар қарсы болушылар. (44) Оларға Тәуратта: Жанға жан, көзге көз, мұрынға мұрын, құлаққа құлақ, тіске тіс және жараларға да, қарама-қарсы төлеу (қысас) жаздық. Дегенмен біреу, оны кешірім етсе, сонда ол оған кәппарат болады. (Өз күнәсы кешіледі.) Және кім Алла түсірген заң бойынша билік етпесе, міне солар залымдар. (45)

Олар өтірікке құлақ салушы, арам жеушілер. (Мұхаммед F.C.) егер олар саған келсе, араларына үкім бер, немесе олардан жүз бүр. Егер олардан жүз бүрсаң да, олар саған ешбір зиян бере алмайды. Ал егер араларына үкім берсең, тура үкім бер. Шәксіз Алла турашылдарды сүйеді. (42) Олардың қасындағы Тәуратта Алланың үкімі бола тұра саған қалайша жүгініседі? Сонан соң да одан олар бас тартады. Өйткені олар сенуші емес. (43) Күдіксіз Тәуратты түсірдік, онда

Және пайғамбарлардың ізінше өзінің алдындағы Тәуратты растаушы етіп, Мәрийем ғлы Ғисаны жалғастырдық. Әрі оған ішінде туралық, нұр болған алдындағы Тәуратты бекітуші сондай-ақ сақтанушылар үшін тура жол, үгіт түрінде Інжілді бердік. (46) Інжіл иелері ондағы Алланың нұсқауымен үкім етпесе, міне солар бұзақылар. (47) (Мұхаммед Ғ.С.) саған шынайы түрде Құранды өзінен бұрынғы кітаптарды растаушы және оларды қорғаушы түрінде түсірдік. Олардың араларына Алланың өзіңе түсіргенімен үкім қыл. Өзіңе келген шындыктан айрылып, олардың ойларына еліктеме! Сендердің ербіреулерің үшін бір жол-жоба қойдық. Егер Алла қаласа еді, барлығыңды бір-ақ үммет қылар еді. Алайда сендерге берген жол-жобаларыңда сынамақшы. Ендеше жақсылыққа жарысыңдар.




Біртұтас барар жерлерің Алла жақ. Ол сендердің таласқан нәрселеріңді білдіреді. (48) Олардың араларына Алланың түсіргенімен үкім ет. Олардың ойларына ілеспе және саған Алла түсірген кей үкімдерден сені бұзуларынан сақтан! Егер олар жүз бұрса, күдіксіз Алла оларды кей күнәлары себепті қайғыға ұшыратуды қалайды деп біл. Расында адамдардың көбі бұзық. (49) Олар жаһилиет дәуірінің үкімін іздей ме? Анық нанған ел үшін Алладан жақсы үкім беруші кім? (50)




жасыргандарына өкінер. (52) Ал сондай иман келтіргендер: "Шынайы түрде сендермен біргеміз деп, Алланың атымен мықты ант ішкендер осылар ма?" дейді. Олардың ғамалдары жойылып, зиян етушілерден болды. (53) Әй мүміндер! Сендерден кім дінінен шықса, Алла (Т.) жедел бір қауым әкеледі; Алла оларды жақсы көреді және олар да Алланы жақсы көреді. Мүміндерге қарсы жұмсақ, кәпірлерге қарсы қатал, Алла жолында соғысады. Сөгіс берушілердің сөгісінен олар қорықпайды. Осы, Алланың қалағанына беретін ілтипаты. Өйткені, Алла өте кең, аса білуші. (54) Шынайы түрде сендердің достарың Алла және Елшісі және де намазды толық орындайтын, зекет беретін әрі рүкүғ қылушы мүміндер. (55) Кім Алланы, Елшісін және мүміндерді дос тұтса, шынайы түрде Алланы жақтаған топ. Солар, жеңіске ие болады. (56) Әй мүміндер! Сендерден бұрын Кітап берілгендерден діндеріңді сайқы-мазаққа алып ойыншық еткендерді дос тұтпаңдар және кәпірлерді де дос көрмеңдер. Егер мүмін болсаңдар, Алладан қорқындар. (57)

Әй мүміндер! Яһудилер мен Христиандарды дос тұтпаңдар! Олар бір-біреулерінің достары. Сендерден кім оларды дос тұтса, сонда күдіксіз ол олардан. Расында Алла залым елді тура жолға салмайды. (51) Сондай жүректерінде дерті бар мұнафықтардың: "Бізге бір сұмдық келуінен (Мұсылманнан күн кетіп қалуынан) қорқамыз" деп, олардың арасында жүгіріп жүргендерін көресің. Бәлкім Алла бір жеңіс берер немесе өз қасынан бір әмір берер, сонда олар жүректеріндегі

Және қашан намазға (азан) шақырсаңдар, олар оны ойын қылып келекеге алды. Осы, олардың шынайы түрде түсінбейтін халық болғандықтарынан. (58) (Мұхаммед F.C. оларға) айт: "Әй Кітап иелері! Бізді Аллаға әрі өзімізге түсірілгенге және бұрынғы түсірілгенге иман келтіргендігіміз үшін ғана қоштамайсыңдар ма? Шынында көбің бұзақысыңдар." (59) (Оларға) айт: "Сендерге Алланың қасында жаза тұрғысынан бұдан да жаманын хабарлайын ба?" Алла біреуді қарғап оған ашуланса және олардан маймылдар, доңыздар, тағы бұтқа табынатындар қылса, міне солар, орны жаман және тура жолдан мүлде адасқандар. (60) Және қашан олар сендерге келсе: "Иман келтірдік" дейді. Расында олар қарсылықпен кіріп және онымен шыққан болатын. Алла олардың жасырғандарын жақсы біледі. (61) Олардың көбірегінің күнәда, дұшпандықта және арам жеуде жарысқандарын көресің. Олардың істеген істері неткен жаман. (62) Егер олардың сопылары, ғалымдары; оларды күнәлы сөздерінен, арам жеулерінен тыйса еді! Әрине олардың істегендері нендей жаман. (63) Және Яһудилер: "Алланың қолы байланған (сараң)" деді. Бұл сөздері




себепті олардың қолдары байланып, лағынеттелді. Керісінше, Алланың қудырет қолдары ашық, қалағанынша береді. Әрине Раббың тарапынан саған түсірілген (Құран), олардың көбінің азғындығын, қарсылығын арттырады. Сондай-ақ олардың арасына қияметке дейін дұшпандық, өштік салдық. Сондықтан әрқашан олар соғыс үшін от тамызса, Алла оны өшірді. Олар жер жүзінде бұзықтыққа тырысады. Алла бұзақыларды жақсы көрмейді. (64)



Раббың тарапынан түсірілгенді жалғастыр. Егер оны істемесең, елшілік міндетін жалғастырмаған боласың. Алла сені адамдардан қорғайды. Күдіксіз Алла қарсы болған елді тура жолға салмайды. (67) (Мұхаммед F.C. оларға) айт: "Әй Кітап иелері! Инжіл, Тәуратты және Раббыларың тарапынан сендерге түсірілгенді толық орындағанға дейін дәнеңе емессіңдер!" Әрине саған түсірілген Құран олардың көбінің азғындығын, қарсылығын арттырады. Сонда қарсы келген елге уайым жеме. (68) Негізінен Аллаға сенгендер, Яһудилер, Сабилер, және Христиандардан кім Аллаға, ахирет күніне иман келтіріп, ізгі іс істесе, сонда оларға қорқу да жоқ әрі қайғырмайды. (69) Әрине Израил ұрпақтарынан серт алып, оларға елшілер жіберген едік. Қашан да оларға бір елші, көңілдері тартпаған нәрсе келтірсе бір бөлімін өтірікке ұйғарып, бір бөлімін өлтіреді. (70)

Егер Кітап иелері иман келтіріп, тақуалық қылса еді, әлбетте олардың жамандықтарын жойып, оларды Нағым жәннәтіне кіргізер едік. (65) Егер олар Тәурат, Инжілді және Раббылары тарапынан өздеріне түсірілгенді толық орындаса еді, әрине олар үстіңгі жақтарынан (ағаштардың жемістерінен) әрі аяқтарының астынан (жердің өсімдіктерінен) жейтін еді. Олардың бір орташа тобы бар. Дегенмен олардың көбінің істеген істері жаман еді. (66) Әй Пайғамбар!

Олар, (пайғамбарларды жалғандау, өлтірулері себепті. Ж.М.Р. т.б.) бір сұмдық болмайды деп, ойлады да соқыр, саңырау болып алды. Сонсоң Алла олардың тәубесін қабыл етті. Және де олардың көбі соқыр, саңырау болды. Алла (Т.) олардың не істегендерін толық көруші. (71) Расында Мәрийем ұлы Мәсихты: "Алла" дегендер кәпір болды. Негізінде Мәсих: "Әй Израил ұрпақтары! Аллаға құлшылық қылыңдар! Менің Раббым; әрі сендердің Раббыларың! Өйткені, кім Аллаға ортақ қосса, расында Алла оған жәннәтті арам етеді. Оның орны тозақ оты. Сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жоқ" деген. (72) Расында: "Алла, үштің үшіншісі" дегендер кәпір болды. Бір Тәңірден басқа тәңір жоқ. Егер олар бұл айтқандарынан тыйылмаса, олардан; сондай қарсы келгендерге күйзелтуші азап кездеседі. (73) Сонда да Аллаға тәубе етіп, жарылқану тілемей ме? Алла (Т.)



аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (74) Мәрийем ұлы Мәсих; бір пайғамбар ғана. Одан бұрын да пайғамбарлар өткен. Оның анасы шыншыл. Екеуі де тамақ жейтұғын. (Әй Мұхаммед!) Қара! Оларға аяттарымызды қалай ашық баян етеміз. Сонсоң қалай бұрылып бара жатқандарын көр! (75) (Мұхаммед F.C.) оларға айт: " Алладан өзге сендерге пайда, зиян келтіре алмайтынға құлшылық қыласыңдар ма?" Негізінде Алла, әр нәрсені естуші, білуші. (76)

سُورَةُ التَّائِبَاتِ


قُلْ يَا هَلْ أَكْتَبَ لَا تَعْلُوا فِي دِينِكُمْ غَيْرَ الْحَقِّ
وَلَا تَتَّبِعُوا أَهْوَاءَ قَوْمٍ قَدْ ضَلُّوا مِنْ قَبْلُ وَأَصْلُوا
كَثِيرًا وَضَلُّوا عَنْ سَوَاءِ السَّبِيلِ ﴿٧٧﴾ لُعِنَ الَّذِينَ
كَفَرُوا مِنْ بَنِي إِسْرَائِيلَ عَلَى لِسَانِ دَاوُدَ وَعِيسَى
ابْنِ مَرْيَمَ ذَلِكَ بِمَا عَصَوْا وَكَانُوا يَعْتَدُونَ ﴿٧٨﴾
كَانُوا لَا يَتَنَاهَوْنَ عَنْ مُكْرَمِ فَعْلُوهُ لَيْسَ
مَا كَانُوا يَفْعَلُونَ ﴿٧٩﴾ تَرَى كَثِيرًا مِنْهُمْ
يَتَوَلَّوْنَ الَّذِينَ كَفَرُوا لَيْسَ مَا قَدَّمَتْ لَهُمْ أَنفُسُهُمْ
أَنْ سَخَطَ اللَّهُ عَلَيْهِمْ وَفِي الْعَذَابِ هُمْ خَالِدُونَ ﴿٨٠﴾
وَلَوْ كَانُوا يُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَمَا أَتَى إِلَيْهِ
مَا أَحْتَدُوا هُمْ وَأَوْلِيَاءَهُ وَلَكِنَّ كَثِيرًا مِنْهُمْ فَسِقُونَ ﴿٨١﴾
وَالَّذِينَ أَشْرَكُوا لَشَدِيدَ الْعَذَابِ الَّذِينَ ءَامَنُوا أَلَيْسَ
أَنَّ الَّذِينَ أَشْرَكُوا وَلَمْ يَجِدُوا مِنْهُمْ مَوَدَّةً لِلَّذِينَ
ءَامَنُوا الَّذِينَ قَالُوا إِنَّا نَصَرَكُمُ قَالَ لَيْسَ بِكُمْ مَوَدَّةٌ
فَتَسْبِيحٌ وَرُهْبَانٌ وَأَنَّهُمْ لَا يَسْتَكْبِرُونَ ﴿٨٢﴾

المرسلون
١٣

١٢١

(Мұхаммед Г.С.): "Әй Кітап иелері! Діндеріңде орынсыз шектен шықпаңдар және бұрынғы нақ жолдан адасқан әрі көптерді адастырған сондай-ақ тегіс жолдан азған қауымның әуесіне ілеспендер" де. (77) Сондай Израил ұрпақтарынан қарсы болғандарға, Дауыт және Мәрийем ұлы Гиса (Г.С.) ның тілі арқылы лағынет етілген. Ол қарсы келулері, шектен шығуларының салдарынан. (78) Олар бір-бірлерін істеген жамандықтарынан тыймайтын

болған. Расында олардың істегендері нендей жаман. (79) Олардан көбінің кәпірлерді дос тұтқанын көресің. Алланың ашуына жолығып, азапта мәңгі қалатындықтан олардың ілгері жіберген нәрселері нендей жаман. (80) Егер олар Аллаға, Пайғамбарға және оған түсірілген Құранға иман келтірген болса, оларды дос тұтпас еді. Бірақ олардың көбі бұзақылар. (81) Әрине мүміндерге адамдардан ең қатты дұшпан түрінде Яһудилерді, Мүшріктерді табасың. Және мүмірдерге сүйіспеншілік тұрғысынан олардың жақынырағын: "Біз Христианбыз" дегендерден табасың. Бұл олардың даналары, тақуаларының болуы және олардың менменсімейтіндіктері себепті. (82) (Хабашістанға барған Мұсылмандар, Христиан Нажжаши патшаның алдында Құран оқығанда ықылас білдірген екен. Ж.М.Т.Х.Ж-Қ.)



Олар Пайғамбарға түсірілген (Құран) ді тыңдаған заманда, шындықты танығандықтарынан көздерінің жасқа толғанын көресің. Олар: "Рабымыз! Иман келтірдік, бізді куә болушылардан жаза көр!", - дейді. (83) "Аллаға әрі өзімізге келген шындыққа неге иман келтірмейміз? Өйткені, Рабымыздың игі елдермен бірге етуінен үміт етеміз." (84) Сонда Алла оларға бұл сөздері себепті астарынан өзендер ағатын, онда мүлде қалатын бақшаларды бағыштады. Жақсылықтың бодауы осы. (85) Және қарсы болғандар, аяттарымызды өтірікке жорығандар солар тозақтық. (86) Әй мүміндер! Алланың сендерге халал еткен жақсы нәрселерді арам етіп шектен аспаңдар. Шынында Алла шектен шығушыларды жақсы көрмейді. (87) Және Алланың сендерге берген халал, таза несібесінен жеңдер. Сондай-ақ

өздерің иман келтірген Алладан қорқыңдар. (88) Алла (Т.) анттарыңдағы бос сөзді есепке алмайды. Алайда біле тұра істеген анттарыңнан жауапкер етер. (Ант бұзсаңдар.) Оның төлеуі: Үй-іштеріңе жегізетін орта есеппен он міскінді тамақтандыру, не оларды киіндіру, немесе бір құл азат ету. Мұны таппаған біреу, үш күн ораза ұстау. (Бұзған) анттарыңның жазасы осы. Анттарыңды қорғаңдар. Алла (Т.) сендерге аяттарын осылайша түсіндіреді, шүкірлік етерсіңдер. (89)

سُورَةُ الشَّاعِرِ

الْمُتَّقِينَ


يَأْتِيهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِنَّمَا الْخَمْرُ وَالْمَيْسِرُ وَالْأَنْصَابُ وَالْأَزْلَمُ رِجْسٌ
 مِنْ عَمَلِ الشَّيْطَانِ فَاجْتَنِبُوهُ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ ﴿٩٠﴾ إِنَّمَا يَرِيدُ
 الشَّيْطَانُ أَنْ يُوقِعَ بَيْنَكُمْ الْعَدَاةَ وَالْبَغْضَاءَ فِي الْخَمْرِ وَالْمَيْسِرِ
 وَيَصُدَّكُمْ عَنْ ذِكْرِ اللَّهِ وَعَنِ الصَّلَاةِ فَهَلْ أَنْتُمْ مُنْتَهُونَ ﴿٩١﴾ وَأَطِيعُوا
 اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَاحْذَرُوا فَإِن تَوَلَّيْتُمْ فَأَعْلَمُوا إِنَّمَا عَلَى
 رَسُولِنَا الْبَلَاغُ الْمُبِينُ ﴿٩٢﴾ لَيْسَ عَلَى الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا
 الصَّالِحَاتِ جُنَاحٌ فِيمَا طَعِمُوا إِذَا مَا اتَّقَوْا وَآمَنُوا وَعَمِلُوا
 الصَّالِحَاتِ ثُمَّ اتَّقَوْا وَآمَنُوا ثُمَّ اتَّقَوْا وَأَحْسَنُوا وَاللَّهُ يُحِبُّ الْمُحْسِنِينَ
 ﴿٩٣﴾ يَأْتِيهَا الَّذِينَ آمَنُوا لِيَسْأَلُوكُمُ اللَّهُ بَيْنَهُ مَنِ الصَّيْدُ تَنَالَهُ
 أَيْدِيكُمْ وَرِمَاكُمْ لِيَعْلَمَ اللَّهُ مَنِ يَخَافُهُ بِالْغَيْبِ فَمَنْ أَعَدَّ لِلَّهِ
 ذَلِكَ فَلَهُ عَذَابٌ أَلِيمٌ ﴿٩٤﴾ يَأْتِيهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَاتَقْتُلُوا الصَّيْدَ
 وَأَنْتُمْ حُرْمٌ وَمَنْ قَتَلَهُ مِنْكُمْ مُتَعَمِّدًا فَجَزَاءٌ مِّثْلُ مَا قَتَلَ مِنَ النَّعَمِ
 يَحْكُمُ بِهِ ذَوَا عَدْلٍ مِنْكُمْ هَدْيًا بَالِغَ الْكَعْبَةِ أَوْ كَفْرَةٌ طَعَامُ
 مَسْكِينٍ أَوْ عَدْلٌ ذَلِكَ صِيَامًا لِيَذُوقَ وَبَالَ أَمْرِهِ عَفَا اللَّهُ عَمَّا
 سَلَفَ وَمَنْ عَادَ فَيَنْتَقِمُ اللَّهُ مِنْهُ وَاللَّهُ عَزِيزٌ ذُو انْتِقَامٍ ﴿٩٥﴾

۱۲۳

Әй мүміндер! Арак, құмар, тікілген тастар (бұттар) және бал ашатын оқтар лас, шайтанның істерінен. Одан сақтаныңдар, құтыларсыңдар. (90) Негізінен шайтан, арақта, құмарда араларыңа дұшпандық әрі кек салып, Алланы еске алудан және намаздан тосуды қалайды. Ал сонда да тыйылмайсыңдар ма? (91) Аллаға бой ұсыныңдар және де Елшісіне бой ұсынып сақтаныңдар. Сонда егер жүз бұрсандар, біліңдер! Пайғамбарымыздың міндеті ашық түрде жалғастыру ғана. (92) Иман

келтіріп ізгі іс істегендерге, қашан олар сақтанса, сене отырып игілік істесе, тағы сақтанып сенсе, сонан соң сақтанып жақсылық істесе, (бұрынғы) жегендері күнә емес. Өйткені, Алла жақсылық істеушілерді жақсы көреді. (93) Әй иман келтіргендер! Алла, кімнің, өзін көрмей-ақ қорқатынын мәлімдеу үшін; ыхрамда, қолдарың, найзаларың жетіп тұрған аң арқылы әлбетте сендерді сынайды. Кім бұдан кейін шектен шықса, оған күйзелтуші азап бар. (Хұдайбияда Мұсылмандар ыхрам киген кезде, Құдыретше аң көбейіп, қол тиетін, найза жететін жерге келеді. Б.М.К.Р. т.б.) (94) Әй мүміндер! Сендер ыхрамда аң өлтірмеңдер. Сендерден біреу оны әтейге өлтірсе, оның жазасы; өлтіргеніндей бір мал, оны, сендерден екі әділ кісі Кағбаға баратын бір құрбанды үкім етеді. Не бодауына міскіндерді тамақтандыру немесе оның орнына ораза ұстау. Бұл істегенінің жазасын тату үшін. Алла (Т.) өткенді кешірді. Кім қайтадан істесе, Алла оны жазалайды. Алла өте үстем, өш алу күшіне ие. (95)

Сендерге теңіз аңы және оны жеу халал қылынды. Сендерге әрі жолаушыларға пайдалы. Және сендерге ыхрамдағы мезгіл бойынша құрылықтың аңы арам қылынды. Алдына жиналатын Алладан қорқыңдар. (96) Алла (Т.) құрметті үй Кағбаны, адам баласы үшін тұрақ қылды. Және құрметті айды, құрбандықты және мойнына тағылған белгілерді де. Бұл Алланың көктердегі әрі жердегі нәрселерді шынайы түрде білетіндігін және күдіксіз Алланың әр нәрсені толық білуші екендігін білулерің үшін. (97) Біліңдер! Күдіксіз Алла қатты азап иесі, шынында Алла өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (98) Пайғамбарға жалғастыру ғана міндет. Алла көрнеу істегендеріңді де, жасырғандарыңды да біледі. (99) (Мұхаммед F.C.): "Сені арам нәрсенің көптігі қызықтырса да, лас пен таза бір емес. Ендеше, әй ақыл иелері! Алладан қорқыңдар, әрине құтыларсыңдар" де. (Хаж парыз болды деген аят түскенде Пайғамбардан: "әр жылы ма?",- деп сұрағандарға сол сәтте жауап бермей кейін:"Егер я деп жауап берсем әр жылы парыз болып қалатын еді" деген екен. Б.М.К.Х.Т.) (100) Әй мүміндер! Егер айқындалса сендерге жаман болатын нәрсені сұрамаңдар. Құран түсірілгенде оны сұрасаңдар білдірілетін еді. Алла



оны кешті. Алла аса жарылқаушы, өте жұмсақ. (101) Расында сендерден бұрынғы бір ел де сөйтіп сұрап, сонан кейін оған қарсы болған еді. (Араптар жаһилиет дәуірінде кейбір малдарды бұтқа арнап, мінбей, саумай" бахира, сайыба, уасила және хам" деп азат қылып қоя беріп мұны, Аллаға құлшылық дейтұғын.) (102) Алла (Т.) "бахира, сайыба, уасила және хам" деп арнауға бұйырмады. Бірақ көпірлер Аллаға өтірік жала қойды. Олардың көбі түсінбейді. (103)

سُورَةُ التَّائِبَاتِ

التَّائِبَاتِ


وَإِذْ أُقْبِلَ لَهُمْ تَعَالَى إِلَى مَا أَنْزَلَ اللَّهُ وَإِلَى الرَّسُولِ قَالُوا
حَسْبُنَا مَا وَجَدْنَا عَلَيْهِ ءَابَاءَنَا أَوْ لَوْ كَانَ ءَابَاؤُهُمْ لَا يَعْلَمُونَ
شَيْئًا وَلَا يَهْتَدُونَ ﴿١٠٤﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا عَلَيْكُمْ أَنْفُسَكُمْ
لَا تَصْرِفْهُمْ مِنْ ضَلَّ إِذَا هْتَدَيْتُمْ إِلَى اللَّهِ مَرَّجِعُكُمْ جَمِيعًا
فِي نَبِيِّكُمْ بِمَا كُنْتُمْ تَعْمَلُونَ ﴿١٠٥﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا شَهَدَةُ
بَيْنِكُمْ إِذَا حَضَرَ أَحَدُكُمْ الْمَوْتُ حِينَ الْوَصِيَّةِ اثْنَانِ ذَوَا
عَدْلٍ مِنْكُمْ أَوْ آخَرَانِ مِنْ غَيْرِكُمْ إِنْ أَنْتُمْ صَرَفْتُمْ فِي الْأَرْضِ
فَأَصْبَحْتُمْ مَصِيبَةَ الْمَوْتِ تَحْسِبُونَهُمَا مِنْ بَعْدِ الصَّلَاةِ
فَيُقْسِمَانِ بِاللَّهِ إِنْ أَرَبْتُمْ لَا تَشْفِينِي بِهِمَا وَلَوْ كَانَ ذَا قُرْبَى
وَلَا نَكْتُمُ شَهَادَةَ اللَّهِ إِنَّا إِذًا لَمِنَ الْآثِمِينَ ﴿١٠٦﴾ فَإِنْ عُدَّ عَلَى
أَنَّهُمَا اسْتَحَقَّا إِثْمًا فَآخَرَانِ يُقِيمَانِ مَقَامَهُمَا مِنَ الَّذِينَ
اسْتَحَقَّ عَلَيْهِمُ الْأَوْلَايَيْنِ فَيُقْسِمَانِ بِاللَّهِ لَشَهَدْنَا أَحَقَّ
مِنْ شَهَادَتِهِمَا وَمَا أَعْتَدْنَا إِنَّا إِذًا لَمِنَ الظَّالِمِينَ ﴿١٠٧﴾ ذَلِكَ
أَدْنَى أَنْ يَأْتُوا بِالشَّهَادَةِ عَلَى وَجْهِهَا أَوْ يَحْتَفُوا أَنْ تَرُدَّ آمِنٌ بَعْدَ
أَيْمَانِهِمْ وَاتَّقُوا اللَّهَ وَأَسْمِعُوا لِلَّهِ الْعُقُومَ الْفَاسِقِينَ ﴿١٠٨﴾

۱۲۰


Қашан оларға: "Алла түсірген Құранға және Пайғамбарға келіңдер" делінсе, олар: "Аталарымызды тапқан жол өзімізге жетеді" дейді. Ата-бабалары еш нәрсе білмеген және тура жолда болмаған болса да ма? (104) Әй мүміндер! Сендер өздеріңді түзелтулерің керек. Өздерің тура жолда болсаңдар, адасқан біреу сендерге кесір тигізе алмайды. Барлықтарыңның барар жерлерің Алла жақ. Сонда Алла сендерге не істегендеріңнің хабарын береді.

(105) Әй мүміндер! Қашан сендерге өлім таяп, өсиет еткен сәтте, араларыңа өздеріңнен екі әділ кісі, немесе сендер жер жүзінде жолаушы жүріп өлім қайғысы келсе, өздеріңнен басқа екі айғақ болсын. (Сауда бабымен Шамға барған бір Мұсылман өлерінде бұйымдарын екі Христиан жолдасына тапсырады. Бұлар Мединедегі мұрагерлеріне тапсырғанда, бір құнды нәрсесін алып қалады. Б.М.Р.Ж.А.) Егер бұл куәлерден күдіктенсеңдер, намаздан кейін екеуін тосып қоярсыңдар. Сонда екеуі: "Алланың атымен ант етеміз. Егер жақындарымыз болса да антымызды сатпаймыз, Алланың әмірі бойынша куәлікті жасырмаймыз. Егер жасырсақ, әлбетте күнәкар боламыз" деп ант ішеді. (106) Сонда егер ол екеуінің күнәкар болғандықтары байқалса, әріптестер жақтан ең жақын лайықты екеу, олардың орнына тұрып: "Алланың атымен берген куәлігіміз ол екеуінің куәліктерінен көрі анығырақ. Әрі біз шектен шықпадық. Егер олай істесек, әрине залымдардан боламыз" деп ант ішеді. (107) Бұл түп-тура куәлік берулеріне және анттан кейінгі анттың қабыл етілмеуінен қорқуларына ең жақын жағдай. Және Алладан қорқыңдар, әмірді тыңдаңдар. Алла бұзақы елді тура жолға салмайды. (108)

Қиямет күні Алла (Т.) пайғамбарларды жинап алып: "Сендерге не жауап берілді?", - дейді. Олар: "Біздің ешбір мәліметіміз жоқ. Күдіксіз Сен ғана көместерді толық білушісің" деп жауап береді. (109) Сол уақытта Алла (Т.): "Әй Мәрийем ұлы Ғиса! Саған әрі анаңа берген нығметімді есіңе ал. Сол уақытта сені Жебірейіл арқылы қуаттаған едім. Бесікте және ержеткенде адамдармен сөйлесуші едің. Саған Кітапты, даналықты, Тәурат, Інжілді үйреттім. Және сол уақытта Менің бұйыруыммен балшықтан құстың бейнесі құсаған жасап, оның ішіне үрлегеніңде бұйыруыммен құс болатын еді. Және бұйыруыммен іштен туған соқырды да, аламесті де жазатын едің. Және бұйыруыммен өлікті (тірілтіп) шығарар едің. Және сол уақытта Израил ұрпақтарына ашық дәлелдермен келгеніңде, олардың қарсы шыққандары: "Бұл ашық жадыдан басқа еш нәрсе емес" дегенде, сені олардан қорғаған едім" деді. (110) Сол уақытта Хауариларға:



"Маған әрі Елшіме сеніңдер" деп білдірген едім. Олар: "Біз сендік, біздің шынайы Мұсылман болғандығымызға куә бол" деген еді. (111) Сол уақытта Хауарилар: "Әй Мерйем ұлы Ғиса! Раббың бізге көктен бір дастарқан түсіре ала ма?" деген еді. "Егер сенсеңдер Алладан қорқындар" деді. (112) Хауарилар: "Біздің одан жегіміз келеді. Жүректеріміз орнықсын әрі сенің бізге шын айтқаныңды білейік. Сондай-ақ оған куә болушылардан болайық" десті. (113)




Алланы қойып, мені әрі анамды екі тәңір етіп алындар деп сен айттың ба?,- дейді. (Ғиса Ғ.С.): "Әй Алла! Сені пәктеймін. Тиісті болмаған нәрсені айту маған жараспайды. Егер деген болсам, сонда Сен, оны анық білесің. Сондай-ақ менің ішімдегіні Сен білесің, мен Сенікін білмеймін. Сен шынайы түрде көместерді толық білушісің" дейді. (116) Оларға: "Сен, маған бұйырғанды ғана; Аллаға құлшылық қылындар! Менің әрі сендердің Раббыларың дегеннен басқаны айтпадым. Олардың ішінде болғанымда, оларға байқаушы болдым. Сен мені алған шақта, оларға өзің бақылаушысың. Негізінде Сен әр нәрсені толық білушісің." (117) "Егер оларды азаптасаң да олар құлдарың, егер оларды жарылқасаң да күдіксіз Сен аса үстем, хикмет иесісің." (118) Алла (Т.): "Бүгін шыншылдардың шындықтары пайда беретін бір күн. Оларға астарынан өзендер ағатын ұжмақтар бар. Олар онда мәңгі қалады да, Алла олардан разы болады әрі олар да Алладан разы болады. Бұл ірі қол жеткендік" дейді. (119) Көктер мен жер әрі екі арасындағылар Алланың меншігінде. Оның әр нәрсеге күші толық жетеді. (120)


Мәрийем ұлы Ғиса: "Әй Алла! Раббымыз! Бізге аспаннан дастарқан түсір! Бұрынғы, соңғымызға мереке әрі Сенен бір белгі болсын. Бізді р и з ы қ т а н д ы р ! С е н р и з ы қ т а н д ы р у ш ы л а р д ы ң ең жақсысысың" деді. (114) Алла: "Күдіксіз Мен, ол дастарқанды түсіремін. Сонда, егер одан кейін сендерден кім қарсы келсе, шынайы түрде Мен оны дүниеде ешкімді азаптамаған азаппен азаптаймын" деді (115) (Сол уақта) Алла: "Әй Мәрийем ұлы Ғиса! Адамдарға,

6-ӘНҒАМ СҮРЕСІ:

Меккеде түскен, жүз алпыс бес аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Барлық мақтау, сондай көктер мен жерді жаратқан және қараңғылықтар мен жарықты жасаған Аллаға тән. Мұның соңында да қарсы болғандар, Раббыларына (басқаларды) теңейді. (1) Ол сондай Алла сендерді балшықтан жаратып сонан соң өлім мезгілін белгіледі. Және белгілі (қиямет) мерзімі де Оның қасында. Сонда да күдіктенесіңдер ме? (2) Көктерде әрі жердегі Ол Алла, көрнеулерінді де, көместерінді де біледі. (3) Оларға Раббыларынан әрқандай аят келсе, олар одан мүлде бет бұрушы еді. (4) Тіпті оларға келген шындықты (Құранды) да жасынға шығарды. Дегенмен жақында тәлкек қылғандарға (жазасының) хабары келеді. (5) Олардан бұрын қаншалаған нәсілдерді жоқ еткенімізді көрмеді ме? Оларға жер жүзінде сендерге бермеген мүмкіншілікті берген едік. Оларға аспаннан жаңбыр жіберіп,




астарынан өзендер ағыздық. Бірақ, қылмыстары себепті оларды жоқ еттік те олардан кейін басқа нәсіл жараттық. (6) (Мұхаммед F.C.) егер саған қағазда жазулы бір Кітап жіберсек те, оны олар қолдарымен ұстаса еді. Әрине қарсы болғандар: "Бұл ап-ашық сиқырдан басқа емес" дер еді. (7) Бірде олар: "Пайғамбарға бір періште неге түсірілмейді?",- деді. Егер періште түсірсек еді, (оған да қарсы келгендіктерінен) іс біткен болып оларға сонан кейін мұрса берілмес еді. (8)




Егер Пайғамбарды бір періште қылсақ едік, оны да бір адам (бейнесінде) қылар едік те, оларға күдіктенген сайын шақ салған болар едік. (9) (Мұхаммед Ғ.С.) сенен бұрынғы пайғамбарлар да мазақталған болатын. Пайғамбарларды тәлкек қылғандарды, ажыуалаған нәрселері бастарына жетті. (10) "Жер жүзін кезіңдер де сонан соң өтірікке ұйғарушылардың соңы не болатынын көріңдер." де. (11) (Оларға) айт: "Көктердегі және

жердегі нәрселер кімді кі?", "Аллаһкі" де. Ол мәрхамет етуді өз міндетіне алған. Сендерді болуы күмәнсыз қиямет күнінде жинайды. Сондай өздеріне кесір тигізгендер; олар сенбейді. (12) күндіз-түні тұрып тұрған нәрселер Онікі. Ол әр нәрсені естуші, білуші. (13) "Көктер мен жерді жаратушы Ол, өзі көректендіретін, көректенбейтін Алладан басқаны дос тұтайын ба?",- де. "Күдіксіз мен Мұсылман болған кісінің тұңғышы болуыма бұйырылдым" де. Және әсте ортақ қошушылардан болма. (14) (Мұхаммед Ғ.С.): "Егер Раббыма қарсы келсем ұлы күннің азабынан қорқамын"де. (15) Ол күні кім азаптан сөйілтілсе, рас оған мәрхамет етілді. Осы анық қол жетушілік. (16) Алла егер саған бір зиян келтірсе, сонда оны өзінен басқа ешбір айықтырушы жоқ. Ал егер саған бір игілік тигізсе, Оның әр нәрсеге толық күші жетуші. (17) Және Ол құлдарына өте өктем. Ол толық үкім иесі, әр нәрседен хабар алушы. (18)

(Мұхаммед F.C.) "Куәлік тұрғысынан қай нәрсе үлкен?",- де. "Мені мен сендердің араларыңда Алла куә және маған осы Құран, сендерді сондай-ақ кімге жетіссе, оларды қорқытуым үшін уақи етілді; Сендер Алламен бірге басқа тәңірлер барлығына айғақ бола аласыңдар ма?",- де. "Мен куәлік бере алмаймын! Шынайы түрде Ол, жалғыз Тәңір. Күдіксіз мен сендердің қосқан ортақтарыңнан аулақпын" де. (19) Біз өздеріне Кітап бергендер, оны (Мұхаммед F.C. ды) ұлдарын танығандай таныйды. Сондай өздеріне зиян еткендер, олар сенбейді. (20) Және Аллаға өтірік жала қойғандардан немесе аяттарын өтірікке жорығандардан кім залымырақ? Күдіксіз Алла залымдарды құтқармайды. (21) Оларды қиямет күні түгел жинаймыз да, сонан соң: "Аллаға ойша қосқан ортақтарың қайда?" дейміз. (22) Сонан кейін олардың: "Аллаға серт! Раббымыз, біз ортақ қоспаған едік" дегеннен басқа сылтаулары болмайды. (23) Қара! Олар өздеріне қалай өтірік айтты. Және Алланың ортағы деген бұттары сөйтіп жоқ болды. (24) (Мұхаммед F.C.) олардан саған кейбіреулері құлақ салады. Бірақ олардың жүректеріне ұқпайтын қалтқы қойдық әрі құлақтарында




кереңдік бар. Олар әр мұғжизаны көрсе де сенбейді. Тіпті саған келсе, олар сөз таластырады да қарсы болғандар: "Бұл (Құран) бұрынғылардың ертегілерінен басқа еш нәрсе емес" дейді. (25) Олар (адамдарды) тосады да, өздері де одан ұзақтасады. Сөйтіп өздерін жояды. Бірақ олар сенбейді. (26) Олардың отқа тоқтатылғанын көрсең: "Әттең! Біз (дүниге) қайтарылсақ, Раббымыздың аяттарын өтірікке ұйғармас едік те сенушілерден болар едік" дейді. (27)




Керісінше олардың бұрыннан жасырған нәрселері айқындалды. Егер олар дүниеге қайтарылса еді, әрине оларға тыйым салынған істерді қайтадан істер еді. Күдіксіз олар мүлде өтірікші. (28) Олар: "Дүние тіршілігімізден басқа ешбір өмір жоқ. Тағы бір қайта тірілуші емесбіз" деді. (29) (Мұхаммед Ғ.С.) Раббыларының хұзырында тоқтатылғандарын көрсең! (Алла): "Бұл шындық емес пе екен?", - дейді. Олар: "Шын екен! Раббымызға ант етеміз" дейді. Алла, оларға:

"Ендеше, қарсы болғандықтарыңның азабын татыңдар" дейді. (30) Расында сондай Аллаға жолығуды өтірікке жорығандар, зиянға ұшырады. Хатте оларға кенеттен қиямет келсе, олар: "Өкінішке орай бұл жөнде кемшілік қылған екеміз ғой" дейді. Олар күнәларын арқаларына көтереді. Сақ болыңдар! Көтергендері нендей жаман. (31) Дүние тіршілігі еш нәрсе емес. Ойын-сауық ғана. Әрине ахырет жұрты тақуалар үшін жақсы. Сонда да түсінбейсіңдер ме? (32) Расында білеміз, күдіксіз олардың айтқандары сені кейітеді. Олар сені өтірікке санап отырған жоқ. Бірақ залымдар Алланың аяттарына қарсы келеді. (33) Расында сенен бұрынғы пайғамбарлар да жасынға шығарылған еді. Сонда олар жалғаншы саналғандықтарына және көрген жапаларына жәрдеміміз келгенге дейін сабыр еткен болатын. Алланың сөздерін өзгертуші жоқ. Расында саған пайғамбарлардың қиссаларынан келді. (34) Егер саған олардың жүз бұрулары ауыр келсе, қане! Қолыңнан келсе, жерде бір тесік немесе көкте бір саты іздеп тауып бір мұғжиза келтір! (Мұғжиза келтіру пайғамбарлардың еркінде емес. Алланың қалауы бойынша болады. 40-С. 78-А.) Егер Алла қаласа еді, оларды туралыққа жинар еді. Ендеше, сен надандардан болма. (35)

Шынымен тыңдағандар қабылдайды. Сондай-ақ өліктерді Алла тірілтеді. Сонан кейін оның алдына қайтарылады. (36) Олар: "Ол Пайғамбарға бір мұғжиза түсірілсе еді?",- деді. (Мұхаммед F.C.): "Шәксіз Алланың мұғжиза түсіруге күші жетеді. Бірақ олардың көбі білмейді" де. (37) Жердегі жүрген жандық және қанатымен ұшқан құс; (жаратылу, көректену, өмір және өлімде, Б.Ж.М.Р.Т. т.б.) сендер құсаған топтықтар. Жазуда еш нәрседен кенде етпедік. Сонан соң олар Раббыларының алдына жиналады. (38) Және сондай аяттарымызды жалғанға санағандар, саңырау, сақау қараңғылықтарда. Алла кімді қаласа оны тура жолға салады. (39) Аллаға ортақ қосұшыларға: "Егер сендерге Алланың азабы келсе немесе қиямет келсе, Алладан басқаны шақырасыңдар ма? Егер сөздерің рас болса, маған білдіріңдер" де. (40) Керісінше, Ол Алланы ғана шақырасыңдар да Ол қаласа, шақырған нәрселеріңнен айықтырады. Қосқан ортақтарыңды ұмытасыңдар... (41) Расында сенен бұрынғы үмметтерге де (пайғамбар)




жіберген едік... Олар жалбарынсын деп, таршылық, қиыншылық арқылы қолға алдық. (42) Сонда оларға таршылығымыз келген заман жалбарынса еді. Бірақ олардың жүректері қатайған және шайтан оларға істегендерін әдемі көрсеткен. (43) Сөйтіп олар берілген үгітті ұмытқан кезде, оларға әр нәрсенің есігін ашып жібердік. Хатте берілген нәрсеге мәз-мейрам болғанға дейін. Оларды кенеттен қолға алғанымызда, сол уақытта олар, күдерлерін бір-ақ үзді. (44)




Сонда зұлымдық қылған елдің арты кесілді. Және барлық мақтау әлемдердің Раббы Аллаға тән. (45) (Әй Мұхамед Ғ.С.): "Егер Алла есту, көру сезімдеріңді алып, жүректеріңді мөрлесе, Алладан басқа сендерге оны әкелегін тәңір кім? Маған білдіріңдер" де. Қара! Аяттарымызды қандай айырып түсіндіреміз. Одан кейінде олар, одан жүз бұрады. (46) (Мұхаммед Ғ.С. оларға) айт: "Маған көрсетіндер! Егер сендерге кенеттен немесе көрнеу Алланың азабы келсе, залым

елден басқа кім жоқ етіледі?" (47) Елшілерімізді қуантушы әрі қорқытушы етіп жібереміз. Сонда кім иман келтіріп өзін түзелтсе, онда оларға қорқу жоқ әрі қайғырмайды. (48) Және аяттарымызды жасынға шығарғандарды зұлымдықтары себепті азап қолға алады. (49) (Әй Мұхаммед Ғ.С. Оларға) айт: "Жанымда Алланың қазынасы бар демеймін, көместі де білмеймін. Және сендерге періштемін де демеймін. Мен өзіме уахи етілгенге ғана ілесемін. Көзді мен көзсіз тең бе? Ойламайсыңдар ма?",- де. (50) Раббыларының алдына жиналудан қорыққандарға онымен ескерт. Олар үшін Алладан өзге бір дос та қолдаушы да жоқ. Олардың сақсынулары керек. (51) (Мұхаммед Ғ.С.) сондай күндіз-түні Раббыларына жалбарынып, Оның дидарын тілегендерді қума. Олардың есебінен саған еш нәрсе жоқ. Және сенің есебіңнен оларға да еш нәрсе жоқ. (Бір-біріңе жауапкершілік жоқ.) Сондықтан оларды қусаң зұлымдық қылғандардан боласың. (52) (Құрайш бастықтары Пайғамбарға: "Жаныңдағы нашар адамдармен бірге отырудан арланамыз. Оларды қуып жіберсең келіп отырар едік" деген екен. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т. т.б.)

Осылайша олардан кейін, кейі арқылы (Құрайштың бастықтары жарлы Мұсылмандарды): "Арамыздан Алланың игілік еткен адамдары осы ма?",- деулері үшін сынадық. Алла (Т.) шүкірлік еткендерді біледі емес пе? (53) Қашан саған аяттарымызға сенгендер келсе: "Сәламүн Ғалейкүм (Сендерге есендік болсын)" де. Раббыларың мәрхамет етуді өз үстіне алған. Шәксіз Алла, сендерден біреу, білмей бір жамандық істеп, сонан кейін тәубе қылып, өзін түзелтсе, сөз жоқ. Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (54) Осылайша күнәкарлардың жолы анықталуы үшін аяттарымызды ашалап баян етеміз. (55) "Расында мен Алладан басқа сиынғандарыңа құлшылық етуден тосылдым" де. "Сендердің ойларыңа қосылмаймын. Ол уақытта адасқан сондай-ақ тура жол таппағандардан боламын" де (Мұхаммед F.C.). (56) (Мұхаммед F.C.): "Шынында мен Раббым тарапынан ашық бір дәлел үстіндемін. Сендер оны жалғандадыңдар. Сендер, жедел тілеген (азап) менде жоқ. Билік Аллаға ғана тән. Ол туралықпен




үкім етеді. Және Ол үкім етушілердің ең жақсысы" де. (57) "Егер сендердің асығыс тілегендерің менде болса еді, әрине сендер мен менің арамда іс біткен болар еді" де. Алла (Т.) залымдарды толық біледі. (58) Көместің кілттері Оның жанында. Оны Ол, өзі ғана біледі. Және құрылықтағы, теңіздегі нәрселерді біледі. Бір жапырақ түссе де, Алла оны біледі. Және жердің қараңғылықтарындағы құрғақ және жас ұрыққа дейін ашық Кітапта бар. (59)




Ол сондай түнде сендерді өлдей ұйықтатады. Және күндіз не істегендеріңді біледі. Сонан соң сендерді белгілі бір мерзім толтыру үшін күндіз оятады. Соңыра қайтып барар жерлерің Сол жақ. Одан кейін істеген істеріңді түсіндіреді. (60) Және Ол, құлдарының үстіне өктем, Сендерге қорышы (періште) лар жібереді. Біреулеріңе өлім келген сәтте, періштелеріміз жанын алады әрі еш кемістік етпейді. (61) Одан кейін хак иесі Аллаға ұсынылады. Сақ болындар, билік Оған тән. Әрі

Ол есепшілердің ең жүйрігі. (62) (Мұхаммед F.C.): "Құрылықта, теңіздің қараңғылықтарынан сендерді кім құтқарады? Осыдан бізді, құтқарсаң, әлбетте шүкір етушілерден болар едік деп, Оған жасырын жалынып, тілейсіңдер" де. (63) (Әй Мұхаммед! Оларға) айт: "Сендерді бұдан әрі барлық бейнеттерден Алла құтқарады. Сонда да сендер ортақ қосасындар!" (64) "Ол, сендерге үстериңнен немесе аяқтарыңның астынан азап жіберуге, не сендерді топтар түрінде ұрыстырып біріңе-біріңнің кесірін таттыруға күші жетеді" де. Қара! Олардың түсінулері үшін аяттарымызды қалай ашық баян етеміз. (65) Оны (Құранды) хақиқат бола тұра ұлтың жасынға шығарды. (Мұхаммед F.C.): "Сендерге уәкіл емеспін" де (66) Әр хабардың нәтижеленетін бір уақыты бар. Жақында білесіңдер. (67) (Мұхаммед F.C.) аяттарымыз турасында олардың ажыуаға кіріскенін көрген сәтте, басқа сөзге кіріскендеріне шейін олардан бет бұр. Егер шайтан саған ұмыттырса, есіңе түскеннен кейін залымдар тобымен бірге отырма! (68)



Сондай сақсынғандарға олардың есебінен (жауапкершілік) еш нәрсе түспейді. Бірақ ескертуге болады. Бәлкім олар сақсынар. (69) Сондай діндерін ойын-сауыққа алғандарды және дүние тіршілігіне алданғандарды қойып, Құран арқылы ескерт. Біреу қылығы себепті зиянға ұшырамасын. Негізінен оған Алладан өзге ешбір дос не қолдаушы жоқ. Және әрқандай төлеу берсе де одан алынбайды. Міне сондай қылықтарының салдарынан жанышталғандар үшін қарсылықтары себепті қайнап тұрған судан, сусын әрі жан түршігерлік азап бар. (70) (Мұхаммед F.C.): "Алладан басқа бізге пайда, зиян келтіре алмайтын нәрсеге сиынайық па? Алла тура жолға салғаннан кейін қайтып, шайтан баурап, жер жүзінде абыржыған жолдастары: 'Біз жақтағы тура жолға кел' деп шақырып


жүрген кісі құсайық па?",- де. "Алланың жолы тура жол. Және әлемдердің Раббына бой ұсынуға бұйырылды" де. (71) "Намазды толық орындауға, Алладан қорқуға (бұйырылды.)" Ол сондай Алла, хұзырына барып жиналасындар. (72) Ол, көктер мен жерді шындықпен жаратты. Ол: "Бол" деген күні бола кетеді. Оның сөзі шын. Сүр үрілетін (қиямет) күні әкімшілік Онікі. Көместі және көрнеуді білуші әрі Ол хикмет иесі, толық хабар алушы. (73)




Сол уақытта Ыбырайым әкесі Әзерге: "Бұттарды тәңір тұттындар ма? Расында мен сені де еліңді де анық адасуда көремін" деген. (74) Осылайша Ыбырайым (Ғ.С.) ға сенушілерден болуы үшін көктердің, жердің (Ғажайып) мүліктерін көрсеттік. (75) Оны түн қаптаған сәтте, бір жұлдыз көрді де: "Осы менің Раббым" деді. Жұлдыз батқан кезде; "Бататындарды жақсы көрмеймін" деді (76) Туған айды көргенде: "Осы менің Раббым" деді. Ол батқанда: "Егер Раббым тура

жолға салмаған болса еді, әрине мен де адасқан елден болар едім" деді. (77) Және шыққан күнді көргенде: "Осы менің Раббым, мынау үлкенірек" деді. Ол батқан сәтте: "Әй қаумым! Расында, сендер Аллаға ортақ қосқан нәрселерден бездім" деді. (78) "Мен шынайы түрде жүзімді көктерді, жерді жаратқанға мүлде жөнелттім. Және ортақ қосушылардан емеспін" деді. (79) Елі онымен тартысқа кірісті. "Мені рас тура жолға салған Алла жайында менімен таласасындар ма? Мен сендердің Оған ортақ қосқан нәрселеріңнен қорықпаймын. Бірақ Раббым не нәрсе қаласа, (болады.) Раббымның білімі әр нәрсені қамтыған. Ойланбайсындар ма?";- деді. (80) "Сендердің қосқан ортақтарыңнан қалайша қорқамын. Сендер ешбір дәлел түсірілмеген нәрсені Аллаға ортақ қосудан қорықпайсындар. Сенім тұрғысынан екі топтың қайсысы лайығырақ? Егер білетін болсаңдар." (81).

Сондай иман келтіріп, сенімдерін зұлымдықпен былғамағандар, міне соларда сенімділік бар. Және олар тура жолға түсірілгендер. (82) Ыбырайым (F.C.) ның еліне байланысты берген дәлеліміз осы. Қалағанымыздың дәрежесін көтереміз. Күдіксіз Раббың хикмет иесі, толық білуші. (83) Және оған Ысхақ, Яғқұпты беріп, барлығын тура жолға салдық. Бұрын Нұх (F.C.) ты да тура жолға салып және оның ұрпақтарынан Дауыт, Сүлеймен, Әйүп, Юсып, Мұса және Һарун (F.C.) ға да (тура жол көрсеттік.) Игілік істеушілерге осындай сыйлық береміз. (84) Және Зәкерия, Яхя, Гиса және Іляс барлығы жақсылардан. (85) Және Ысмайыл, Әлясағ, Юныс әрі Лұт, барлығын әлемге ардақты қылдық. (86) Және олардың аталарынан, ұрпақтарынан, туыстарынан да таңдап алып тура жолға салдық. (87) Алланың нұсқауы осы. Құлдарынан кімді қаласа, тура жолға салады. Егер олар




ортақ қосса еді, әрине олардың істеген ғамалдары жойылып кетер еді. (88) Міне бұлар, өздеріне Кітап, даналық және пайғамбарлық бергендеріміз. Егер енді бұлар (Құрайштар), Қарсы келсе, қарсы келмейтін бір елді оларға уәкіл етеміз. (5-C.54-A.) (89) Міне солар, Алланың тура жолға салған (пайғамбар) дары. (Мұхаммед F.C.) онда олардың жолын ку және: "Сендерден ақы сұрамаймын. Өйткені Құран әлемге үгіт ғана" де. (90)




азғындықтарында ойнасын. (91) Бұл (Құран) кенттердің анасы Меккеліктерді, маңындағы адамдарды үгіттеуің үшін Біз саған түсірген өзінен бұрынғыны растаушы құтты бір Кітап. Сондай ақиретке сенгендер, бұған сенеді де, олар намаздарына сақтық істейді. (92) Алланы жасынға шығарған немесе өзіне ешбір уақи етілмесе де: "Маған уақи етілді" деген, және: "Алла түсірген сияқтыны мен де түсірем" дегеннен кім залымырақ? (Мұхаммед Ғ.С.) егер залымдарды өлім қиналысында, періштелер қолдарын созып: "Жандарыңды шығарыңдар! Бүгін Аллаға қарсы орынсыз сөйлегендерің, Оның аяттарына менменсігендерің себепті қорлаушы азаппен жазаланасыңдар" дегенде бір көрсең! (93) "Расында алғаш рет жаратқанымыздай бізге жалғыз-жалғыз келдіңдер. Сендерге берген нәрселерімізді арт жақтарыңа тастадыңдар. Сондай-ақ қолдаушы болады деп ойлаған серіктеріңді сендермен бірге көре алмаймын. Әрине араларыңдағы байланыс үзілді. Ол ойлаған нәрселерің сендерден жым-жылас болды" (Оларға деп айтылады.) (94)

Алланы лайықты түрде бағаламағандар, сол уақытта: "Алла, адам баласына ешбір нәрсе түсірмеді" деді. "Мұса (Ғ.С.) ның адам баласына бір нұр және туралық түрінде әкелген Кітабын кім түсірді? Сендер оны бөлшек-бөлшек қағаздар етіп, кейбірін көрсетіп, көбін жасырасыңдар. Негізінде аталарыңның әрі сендердің білмегендерің үйретілген болатын. Оны Алла түсірді" де. Сонан соң оларды қойып қой,



Күдіксіз Алла, түйірді және ұрықты жарушы. Және өлден тіріні, тіріден өліні шығарушы. Міне Алла осы. Ал сонда қайда бұрылып бара жатырсыңдар? (95) Таңды сөгуші, түнді тынығу және күн мен айды есеп үшін жаратқан. Осылар, аса үстем, толық білуші Алланың өлшеуі. (96) Ол, құрылық және теңіздің қараңғылықтарында сол арқылы жол табуларың үшін жұлдыздарды жаратқан. Расында аяттарымызды білетін елге ашық түсіндірдік. (97) Және Ол, сендерді бір-ақ кісіден жаратқан. Сендерге (атаның белінде, ананың қарнында немесе жердің үстінде, астында М.Р.) уақытша тұрақ әрі орын бар. Расында ұғатын қауымға аяттарымызды ашықтан-ашық баян еттік. (98) Және Ол, аспаннан жаңбыр жаудырды. Ол арқылы әр түрлі өсімдікті шығардық та, одан жасылдық (көк) шығарып үсті-үстіне ұйысқан түйірді шығарамыз. Және құрма ағашының қауашағынан салбыраған шумақтар және жүзім бақларын, бір-біріне


ұқсаған, ұқсамаған зәйтін, анар шығарамыз. Мәуеленгенде әрі піскенде жемістеріне бір қараңдар; міне шәксіз осыларда сенген ел үшін әрине дәлелдер бар. (99) Және де олар, Алла жаратқан жындарды Оған теңеді. Және олар білместіктен Оған ұлдар, қыздар ұйғарды. Ол олардың сипаттағандарынан пәк, жоғары. (100) Көктер мен жерді жоқтан бар етуші. Оның баласы қалайша болады? Оның бір жұбайы жоқ. Барлық нәрсені жаратқан әрі Ол, әр нәрсені толық білуші. (101)




"Біреуден үйренген екенсің" дейді. Сөйтсе де Құранды білген елге түсіндіреміз. (105) Раббың тарапынан саған уахи етілгенге мойын ұсын. Алладан басқа тәңір жоқ. Ортақ қосұшылардан жүз бүр. (106) Егер Алла қаласа еді, олар ортақ қоспас еді. Сені оларға күзетші қылмадық. Сондай-ақ сен оларға кепіл де емессің. (107) Олардың Алладан өзге сиыңғандарын боқтамаңдар. Олар білмей шектен шығып Аллаға тіл тигізеді. Осылайша Әр топқа өз істерін әдемі көрсеттік. Сонан соң қайтар орындары Раббыларына. Сонда оларға не істегендерін білдіреді. (108) Олар өздеріне бір мұғжиза көрсетілсе, оған міндетті түрде сенетіндіктеріне Алланың атымен қатты ант қылды. (Мұхаммед Ғ.С.): "Мұғжизалар Алланың қасында" де. Шынайы түрде оларға мұғжиза келсе де, сенбейтіндігін сезбейсіңдер ме? (109) Олардың көңілдерін, көздерін теріс айналдырамыз. Алғаш рет оған сенбегендіктері сияқты оларды сергелдендікте қойып қоямыз. Олар қаңғырып жүреді. (110)

Міне бұл сипаттарға ие болған Раббыларың Алла. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол, барлық нәрсені жаратушы. Ендеше Оған құлшылық қылыңдар. Ол әр нәрсеге кепіл. (102) Көздер Оған жете алмайды. Ол, көздерді көреді. Және Ол, өте жұмсақ, толық білуші. (103) Расында Сендерге Раббыларың тарапынан көрнеу дәлелдер келді. Кім оны көрсе өзі үшін. Және кім көрмесе зияны өзіне. Мен сендерге күзетші емеспін. (104) Осылайша аяттарды ашық түсіндіреміз. Олар:

Егер оларға періштелерді түсірсек те және оларға өліктер сөйлесе де сондай-ақ олардың алдына әр нәрсені жинасақ та олар нанушы емес. Әрине Алла қаласа басқа. Бірақ олардың көбі білмейді. (111) Осылайша әр пайғамбарға адамдардың және жынның шайтандарынан дұшпан қылдық. Олар алдап бір-біріне жалтыраған сөздерді сыбырлайды. Раббың қаласа еді, олар оны жасамас еді. Оларды жасанды сөздерімен қойып қой. (112) Олар, ақиретке сенбегендердің көңілдері оған ауып разы болсын да, істеген күнәларын істей берсін (деп күңкілдейді). (113) (Мұхаммед F.C.): "Ол, сендерге егжей-тегжейлі Кітап түсірді. Сонда да Алладан басқа би іздейін бе?", - (де.) Және сондай Кітап бергендеріміз, о (Құран) ның Раббың тарапынан шындықпен түсірілгенін біледі. Ендеше, әсте күдіктенушілерден болма. (114) Раббыңның сөзі (Құран) шындық әрі туралықпен тамамдалған. Оның,




сөздерін өзгертуші жоқ. Ол, толық естуші, аса білуші. (115) Егер сен жер жүзіндегі адамдардың көбіне көнсең сені Алланың жолынан адастырады. Олар ойларына ғана ілеседі де, мүлде жорамалдайды. (116) Күдіксіз Раббың жолынан адасқандарды жақсы біледі. Әрі Ол, тура жолдағыларды да әбден біледі. (117) Ендеше, Алланың аяттарына сенуші болсаңдар Алланың аты айтылғаннан жеңдер. (Бауыздалғанда Алланың аты айтылған Хайуандарды жеңдер.) (118)




Алланың аты айтылғанды жемейтін сендерге не болды? Өте шарасыз болмағанда сендерге арам етілген нәрселерді ашық білдірген. Олардың көбі білместіктен ойша адастырады. Күдіксіз Раббың Ол, шектен шығушыларды жақсы біледі. (119) Күнәның көрнеуін де көмесін де тастаңдар. Күдіксіз күнә істегендер, істегендері себепті жазаландырылады. (120) Және оған, Алланың аты айтылмай (бауыздалған мал) жемендер. Күдіксіз арам нәрсе. (Оны жеу

дұрыс емес.) Расында шайтандар сендермен тартысу үшін, өз сыпайластарына сыбырлайды. Егер оларға бой ұсынсаңдар, (Аллаға) шерік қосушылардан боласыңдар. (121) Өлі біреуді тірілтп, оған адамдардың ішінде онымен жүретін жарық қылсақ, ол, қараңғылықтарда қалып одан шыға алмайтын біреу құсаған бола ма? Осылайша кәпірлерге, істеген істері әдемі көрсетілді. (122) Сөйтп әр кентте онда айлакерлік қылулары үшін оның бұзықтарын бастық қылдық. Олар өздеріне ғана айлакерлік жасағандарын аңғармайды. (123) Оларға бір аят келген сәтте: "Алланың елшілеріне берілген сияқты бізге де берілгенге дейін иман келтірмейміз" деген. Алла елшілікті қалай басқаратынын біледі. Қылмыстылар; айлакерліктері себепті Алланың қасында қорлық әрі қатты қинауға душар болады. (124)




Сонда Алла, кімді тура жолға салуды қаласа, Ислам үшін оның көңілін кеңітеді. Және біреуді адастырғысы келсе, оның көңілін көкке шығарып бара жатқандай өте тарайтады. Өстіп Алла, иман келтірмегендерді қорлайды. (125) (Мұхаммед F.C.) Міне осы Рабыңның тура жолы. Расында үгіт алатын елге аяттарымызды ашық білдірдік. (126) Оларға Раббыларының қасында бейбіттік жұрты бар. Істегендері себепті Алла, олардың досы. (127) Оларды тұтас жинаған күні: "Әй жын тобы! Адамдардан (азғырып) көбейттіңдер" (делінеді.) Олардың адамдардан болған достары: "Раббымыз! Бір-бірімізден пайдаландық. Бізге Сен берген мерзім жетіп келді" дейді. (Алла да): "Орындарың тозақ, онда мүлде қаласыңдар. Бірақ Алла қаласа басқа" дейді. Күдіксіз Раббың

хикмет иесі, толық білуші. (128) Осылайша залымдардың істегендері себепті бірін-біріне үстем қыламыз. (129) "Әй жын мен адамдар тобы! Сендерге іштеріңнен аяттарымды баян етіп, бұл күнге кездесулеріңді ескертетін елшілер келмеді ме?",- (делінеді.) Олар: "Раббымыз! Өзімізге куәміз" дейді. Оларды дүние тіршілігі алдаған. Олар өздерінің анық қарсы болғандықтарына айғақ болды. (130) Осы (елші жіберілу), Раббың, халқы хабарсыз бір кентті зұлымдықпен жоқ етуші емес. (131)



Және әркімнің істегеніне қарай дәрежелері бар. Раббың олардың істеген істерінен хабарсыз емес. (132) Раббың бай әрі мәрхамет иесі. Қаласа сендерді кетіреді де, сендерді басқа қауымның ұрпағынан жаратқанындай сендерден кейін қалағанын орындарыңа келтіреді. (133) Күдіксіз сендерге етілген уәде (қиямет) әлбетте келеді. Сендер тоса алмайсыңдар. (134) (Мұхаммед F.C.): "Әй елім! Шамадарыңша істендер. Әрине мен де істеушімін. Соңғы

жұрт кімдікі болады? Тез білесіңдер. Расында зұлымдар құтылмайды" де. (135) Олар, Алла жаратқан егіннен, малдан үлес қылады да, өз ойдарынша: "Бұл Алланыкі, бұл ортақтарымыздікі" деді. Сонда ортақтарыныкі ортақтарына жетеді. Олар нендей жаман үкім береді. (136) (Жаһилиет заманында көпірлер егіннен, малдан Аллаға да, бұтқа да арнап сыбаға айырып, кейде Алла бай деп, Оған арналғанды бұтқа ауыстырып, бұтқа арналғанды Аллаға ауыстырмайтын болған. Б.Ж.М.К.Р.Т.Х.Ж-Қ.) Сол сияқты ортақтары, мүшріктердің көбін жою әрі олардың діндерін шатастыру үшін балаларын өлтіруді әдемі көрсетті. Егер Алла қаласа еді, олар оны істемес еді. Енді оларды жасандылары бойынша қойып қой. (137)



Олар ойларынша: "Бұл малдар мен егіндер арам. Біздің қалағандарымыз ғана жейді. Және осы хайуандардың арқалары (5-С. 103-А. Міниске, жүкке) арам етілген" деген. Тағы бір малдар (бауыздағанда) оған қасарысып, Алланың атын айтпайды. Алла оларды өгірік жала жабулары себепті жазаландырады. (138) Және олар: "Бұл малдың қарындарындағылар (тірі шықса) ерлерімізге ғана тән, әйелдерімізге арам" деп, егер өлі шықса онда олар ортақ. Алла олардың орынсыз сөйлеулерінің жазасын береді. Күдіксіз Алла хикмет иесі, толық білуші. (139) Сондай ақымақтық, білместікпен балаларын өлтіргендер, Аллаға қасарысып, Алланың өздеріне берген несібесін арам еткендер зиянға ұшыраған. Олар адасқан әрі тура жол да таппайды. (140) Ол сондай Алла аспалы және аспасыз бақшаларды, құрма

ағаштарын, түрлі жемісті, өсімдіктерді, зейтін және анарды бір-біріне ұқсаған, ұқсамаған түрде жаратқан. Әрбірі жеміс берген кезде, жемісінен жеңдер. Оны жиып алған күнде құшырын беріндер; Ысырап етпеңдер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді жақсы көрмейді. (141) Және көлік болатын әрі ұсақ малдарды жаратты. Сендерге Алланың ризықтандырған нәрсесінен жеңдер, шайтанның ізіне ермеңдер. Өйткені ол, сендерге ашық дұшпан. (142)

سُورَةُ الْأَنْعَامِ

الْبَقَرَاتِ


تَمَنِّيَةَ أَرْوَجٍ مِنَ الصَّانِ أَتَيْنِ وَمِنَ الْمَعْرِزِ أَتَيْنِ
 قُلْ أَلَذَّكَرِينَ حَرَّمَ أَمِ الْأُنثِيَّيْنَ أَمَا اسْتَمَلْتَ عَلَيْهِ
 أَرْحَامُ الْأُنثِيَّيْنَ نَبِيؤُنِي يَعْلَمُونَ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ ﴿١١٧﴾
 وَمِنَ الْإِبِلِ أَتَيْنِ وَمِنَ الْبَقَرِ أَتَيْنِ قُلْ أَلَذَّكَرِينَ
 حَرَّمَ أَمِ الْأُنثِيَّيْنَ أَمَا اسْتَمَلْتَ عَلَيْهِ أَرْحَامُ الْأُنثِيَّيْنَ
 أَمْ كُنْتُمْ شُهَدَاءَ إِذْ وَصَّيْكُمْ اللَّهُ بِهَذَا فَمَنْ
 أَظْلَمُ مِمَّنْ افْتَرَى عَلَى اللَّهِ كَذِبًا لِيُضِلَّ النَّاسَ بِغَيْرِ
 عِلْمٍ إِنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الظَّالِمِينَ ﴿١١٨﴾ قُلْ لَا أُجِدُ
 فِي مَا أُوْحِيَ إِلَيَّ مَحْرَمًا عَلَى طَاعِمٍ يَطْعَمُهُ إِلَّا أَنْ يَكُونَ
 مَيْتَةً أَوْ دَمًا مَسْفُوحًا أَوْ لَحْمَ خنزِيرٍ فَإِنَّهُ رِجْسٌ أَوْ
 فِسْقًا أَهْلَ بَيْتِ اللَّهِ بِهِ فَمَنْ اضْطُرَّ غَيْرَ بَاغٍ وَلَا عَادِيًّا فَإِنَّ
 رَبَّكَ غَفُورٌ رَحِيمٌ ﴿١١٩﴾ وَعَلَى الَّذِينَ هَادُوا حَرَّمْنَا
 كُلَّ ذِي ظُفْرٍ وَمِنَ الْبَقَرِ وَالْغَنَمِ حَرَّمْنَا عَلَيْهِمْ
 شُحُومَهُمَا إِلَّا مَا حَمَلَتْ ظُهُورُهُمَا أَوْ الْحَوَائِجُ أَوْ مَا
 اخْتَلَطَ بِعَظْمٍ ذَلِكَ جَزَيْنَاهُمْ بِبِعْتِهِمْ وَإِنَّا لَصَادِقُونَ ﴿١٢٠﴾

١٤٧

ұрғашысын арам етті ме? Оған екі ұрғашысының жатырларындағылар да қосыла ма? Немесе Алла сендерге осыны нұсқағанда бар ма едіңдер?,- де. Білмесе де адамдарды адастыру үшін Аллаға өтірік жала жапқаннан кім залымырақ? Күдіксіз Алла, залым елді тура жолға салмайды. (144) (Мұхаммед F.C.): "Маған уахи етілгенде, жейтін кісіге жеуге арам болған нәрсені таппадым. Бірақ жемтік, немесе ағызылған қан, негізінен арам доңыз еті, немесе күнәлы болып, Алладан басқаның атымен бауыздалған мал арам. Біреу бас тартпай, шектен шықпай шарасыз қалса, (жеуіне болады.) Күдіксіз Раббың аса жарылқаушы, ерекше мейірімді" де. (145) Және Яьудилерге барлық тырнақты хайуанды арам қылдық. Әрі оларға сиыр, қойдың майларын да арам қылдық. Бірақ қыртыс майларымен шажырқай және жілік майларын арам қылмадық. Осылайша олардың шектен шығулары себепті жазаландырдық. Расында турасын айтушымыз. (146)

(Жабилийет дәурінде араптар малдардың кейде еркегін, кейде ұрғашысын, кейде іштегі тумасын ойша арам еткен екен. Ж.М.К.Р.Т.Ж-Қ.) Ол сегіз түр жаратты. (Еркек, ұрғашы) қойдан екеу, ешкіден екеу. (Мұхаммед F.C.): "Алла екі еркегін немесе екі ұрғашысын арам етті ме? Оған екі ұрғашысының жатырларындағылар да қосыла ма? Егер сөздерің шын болса маған біліп түсіндіріңдер" де. (143) Және түйеден екеу, сиырдан да екеу. "Екі еркегін немесе екі

(Мұхаммед F.C.) олар сені жасынға шығарса, (оларға): "Раббыларың мәрхамет иесі және Оның бейнеті күнәкар қауымнан қайтарылмайды" де. (147) Аллаға шерік қатқандар: "Егер Алла қаласа еді, біз де аталарымыз да шерік қатпас едік әрі еш нәрсені арам қылмас едік" дейді. Осы сияқты бұлардан бұрынғылар да бейнетімізді татқанға дейін жасынға шығарған. (Мұхаммед F.C. оларға): "Жандарыңда бізге қарсы шығара алатын білімдерің бар ма? Негізіңде сендер ойларыңда ғана ілесесіңдер де өтірік айтасыңдар" де. (148) "Жеттік дәлел Алланикі, егер қаласа сендерді түгел тура жолға салар еді" де. (149) (Оларға): "Расында Алла осыны арам қылды деп, айғақ болатын айғақтарыңды келтіріңдер" де. Егер олар куәлік берсе де, сен олармен бірге куәлік берме де аяттарымызды жасынға шығарып, ахиретке сенбегендердің әуесіне еліктеме. Олар, Раббыларына теңдес қосады. (150) (Оларға): "Келіңдер, сендерге Раббыларыңның арам еткендерін оқийн: "Оған еш нәрсені шерік қатпаңдар, әке-шешеге жақсылық істеңдер, жарлылықтан балаларыңды



өлтiрмендер" де. Сендердi де оларды да Бiз ризықтандырамыз. "Тағы арсыздықтардың көрнеуiне де көмесiне де жақындамаңдар. (17-С. 32-А.) Және де Алла арам еткен кiсiнi өлтiрмендер, жазықты болса ғана болады. Сендерге осыларды Алла әмiр еттi. Әрине түсiнерсiңдер" (де.) (4-С. 92-А) (Өлтiрiлуге тиiстi болғандар: Жорта кiсi өлтiргендер, мұртәд болып дiннен шыққандар және үйлi бола тұрып зина қылғандар. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.) (151)


سُورَةُ الْأَنْعَامِ
الْبَقَرَةُ

وَلَا تَقْرَبُوا مَالَ الْيَتِيمِ إِلَّا بِالَّتِي هِيَ أَحْسَنُ حَتَّىٰ يَبْلُغَ أَشُدَّهُ
وَأَوْفُوا بِالْكَيْلِ وَالْمِيزَانَ بِالْقِسْطِ لَا تَكْلِفُوا نَفْسًا إِلَّا
وُسْعَهَا وَإِذَا قُلْتُمْ فَاعْدِلُوا وَلَوْ كَانَ ذَا قُرْبَىٰ وَبِعَهْدِ
اللَّهِ أَوْفُوا ذَلِكُمْ وَصَّيْنَاكُمْ بِهِ لَعَلَّكُمْ تَذَكَّرُونَ ﴿١٥٣﴾
وَأَنَّ هَذَا صِرَاطِي مُسْتَقِيمًا فَاتَّبِعُوهُ وَلَا تَتَّبِعُوا السُّبُلَ
فَتَفَرَّقَ بِكُمْ عَنْ سَبِيلِهِ ذَلِكُمْ وَصَّيْنَاكُمْ بِهِ لَعَلَّكُمْ
تَتَّقُونَ ﴿١٥٤﴾ ثُمَّ آتَيْنَا مُوسَى الْكِتَابَ تَمَامًا عَلَى الَّذِي
أَحْسَنَ وَتَفْصِيلًا لِّكُلِّ شَيْءٍ وَهُدًى وَرَحْمَةً لِّعَالَمِهِمْ لِقَاءَ
رَبِّهِمْ يُؤْمِنُونَ ﴿١٥٥﴾ وَهَذَا كِتَابٌ أَنْزَلْنَاهُ مَبَارَكٌ فَاتَّبِعُوهُ
وَاتَّقُوا لَعَلَّكُمْ تُرْحَمُونَ ﴿١٥٦﴾ أَنْ تَقُولُوا إِنَّمَا أَنْزَلَ الْكِتَابَ
عَلَى طَائِفَتَيْنِ مِن قَبْلِنَا وَإِنْ كُنَّا عَن دِرَاسَتِهِمْ لَغَافِلِينَ
﴿١٥٧﴾ أَوْ تَقُولُوا لَوْ أَنَّا أُنزِلَ عَلَيْنَا الْكِتَابُ لَكُنَّا أَهْدَىٰ مِنْهُمْ
فَقَدْ جَاءَكُمْ بَيِّنَةٌ مِّن رَّبِّكُمْ وَهُدًى وَرَحْمَةٌ مِّن
أَظْلَمٍ مِّن كَذِّبِ بَنِي إِسْرَائِيلَ وَاللَّهُ وَصَدَقَ عَنْهَا سَجْرَى الَّذِينَ
يَصْدِفُونَ عَنَّا إِنَّا نَسُوءُ الْعَذَابِ بِمَا كَانُوا يُصْدِفُونَ ﴿١٥٨﴾

149


Сақтанарсыңдар. (153) Соған соң Мұса (Ғ.С.) ға, игілік істегенге; толық, әр нәрсені айыратын, жетекшілік ететін мәрхамет түрінде Кітап бердік. Олар Раббыларына жолығуға иман келтірер. (154) Осы (Құран) Біз түсірген мұбарак Кітап. Енді соған еріндер әрі сақсыныңдар. Мәрхаметке бөленерсіңдер. (155) "Шынайы түрде бізден бұрынғы (Яһуди, Христиан) екі топқа Кітап түсірілді де біз олардың оқығандарынан мүлде хабарсызбыз" дерсіңдер (деп.) (156) Немесе: "Бізге Кітап түсірілсе, олардан көрі тағы тура жолда болар едік" дерсіңдер деп. Расында сендерге Раббыларыңнан бір ашық дәлел, тура жол, мәрхамет те келді. Енді Алланың аяттарын өтірік деп олардан жүз бұрғаннан кім залымырақ? Аяттарымыздан бас тартқандарды бас тартулары себепті жаман қинаумен жазалаймыз. (157)

Жетімнің малына жақындамаңдар; бірақ ол, есейгенге дейін жақсы басқаруға болады. Өлшеуді, тартуды туралықпен орындаңдар. Біреуге шамасы келетінді ғана жүктейміз. Жақындарың болса да әділдікті айтыңдар. Және Алланың уәдесін орындаңдар. Осыларды Алла нұсқады. Түсінерсіңдер. (152) Күдіксіз Менің тура жолым осы. Енді соған еріндер. Басқа жолдарға түспеңдер, сонда сендерді Алланың жолынан айырады. Сендерге осыларды Алла нұсқады.



Олар, өздеріне періштелердің келуін, немесе Раббыңның келуін, не Раббыңның кей белгілерінің келуін ғана күте ме? Раббыңның белгілерінен кейі келген күні, бұрыннан иман келтірмеген немесе сенімі бойынша бір хайыр істемеген біреудің иманы пайда бермейді. (Мұхаммед F.C.): "Күтіндер, шәксіз күтеміз" де. (158) Күдіксіз діндерінде бөлініп, топтарға айрылғандармен ешбір байланысың жоқ. Сөзсіз олардың ісі Аллаға тән. Кейін оларға істеген істерін түсіндіреді. (159) Кім бір жақсылық келтірсе, оған сондай он есе бар. Және біреу бір жамандық істесе, сондай-ақ қана жаза беріледі де олар зұлымдыққа ұшыратылмайды. (160) "Шынында Раббым мені тура дінге, Ыбырайым (F.C.) ның нағыз жолына салды. Ол ортақ қосушылардан емес еді" де. (161) "Намазым, құлшылығым, тіршілігім және өлімім бүкіл әлемнің Раббы Алла үшін" де. (162) "Оның серігі жоқ. Осылай бұйырылдым және мен бой ұсынушылардың алғашқысымын" де.

(163) "Ол әр нәрсенің Раббы бола тұра Алладан басқа раб іздейін бе? Әрбіреудің істегені өзіне тән. Біреудің күнәсын біреу көтермейді. Сонан соң қайтар жерлерің Раббыларың. Сонда қайшылықта болған нәрселеріңді білдіреді" де. (164) Ол сондай Алла, сендерді жердің халифалары етті. Сендерге берген нәрселерде, сынау үшін дәрежелерде бірінді-біріннен жоғары көтерді. Күдіксіз Раббың, жедел жаза беруші және шынайы жарылқаушы, ерекше мейірімді. (165)




7-АҒРАФ СҮРЕСІ:


Меккеде түскен. Екі жүз алты аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді
Алланың атымен бастаймын.
Ұғымын Алла біледі. (1) (Мұхаммед
Ғ.С.) Бұл саған түсірілген бір Кітап.
Сондықтан көңліңде кірбеңдік
болмасын. Бұл арқылы ескертуің,
мүміндерге үгіт үшін. (2)
Раббыларыңнан сендерге
түсірілгенге бой ұсынындар да Одан
өзгені дос тұтып ілеспендер. Нендей
аз ғана үгіт тыңдайсыңдар! (3)
Қаншаласаған кентті жоқ еттік. Сонда

оларға азабымыз түнделетіп немесе
түскі дем алыста келді. (4) Оларға
азабымыз келген сәтте: "Біз рас
залымдар болдық" деп қана
айғайлау болды. (5) Өздеріне елші
жіберілгендерді сұраққа тартамыз
әрі елшілерді де сұраққа тартамыз.
(6) Әрине оларға біліп баян етеміз.
Негізінде оларға жасырын емеспіз.
(7) Ол күнгі таразылау шындық.
сонда кімнің таразысы (жақсылықта)
ауыр тартса, міне солар
құтылушылар. (8) Және кімнің
таразысы жеңіл тартса, аяттарымызға
орынсыздық еткендіктері себепті
зиян қылды. (9) Расында сендерді
жер жүзіне орналастырып өздеріңе
онда күн көрістер жасадық. Нендей
аз шүкір етесіңдер. (10) Расында
сендерді жаратып сонан кейін
бейнеледік. Сонан соң
періштелерге: "Адамға сәжде
кылыңдар!" дедік. Барлығы сәжде
етті. Бірақ Ібіліс сәжде етпеді де
сәжде етушілерден де болмады. (11)

(Алла Ібіліске): "Саған, Мен әмір еткенде сені сәжде етуден не тыйды?" деді. Ол: "Мен одан артықпын. Мені оттан жаратып, оны балшықтан жараттың" деді. (12) (Алла): "Онда ол жерден түс. Онда сенің менменсуіңе болмайды. Дерету шық, қор болушылардансың" деді. (13) (Ібіліс): "Кайта тірілетін күнге дейін мұрса бер" деді. (14) (Алла): "Шынында мұрса берілгендерденсің" деді. (15) (Ібіліс): "Ендеше, мені қаңғыртқаның себепті әлбетте мен де оларға қарсы Сенің тура жолыңда отырып аламын" деді. (16) "Сонан соң оларға алды-артынан, оң-солынан келемін де олардың көбін шүкір етушілерден таппайсың" деді. (17) (Алла): "Қорланып қуылған түрде ол жерден шық. Әрине олардан кім саған ілессе, сендердің барлықтарыңмен тозақты толтырамын" деді. (18) (Алла): "Әй Адам! Сен және жұбайың жаннатқа орналас. Екеуің қалағандарыңша жеңдер. Алайда осы ағашқа жоламаңдар. Сонда залымдардан боласыңдар." (19) Сонда шайтан, ол екеуінің ұятты жерлерінің ашылуы үшін азғырды да: "Рабыларың




сендерді осы ағаштан, екеуің періште болып кетеді немесе мәңгі қалып қояды деп ғана тыйған" деді. (20) Және : " Шынында мен екеуіңді үгіттеушілерденмін" деп, ант ішті. (21) Сөйтіп екеуін алдап түсірді. Сонда екеуі ағаштан татқан сәтте, ұятты жерлері ашылып кетті. Екеуі жаннат жапырақтарынан үстеріне жапсыра бастады. Рабылары екеуіне: "Екеулеріңді осы ағаштан тыймап па едім? Расында шайтан сендерге ашық дұшпан демеп пе едім?,"- деп дабыстады. (22)



(Жараттық.) Негізінде тақуалық киімі жақсы. Солар Алланың белгілері. Әрине түсінерсіңдер. (26) Әй адам баласы! Шайтан, ата-аналарыңның ұятты жерлерін көрсету үшін киімдерін шешіп, жаннаттан шығарған сияқты сендерге де сұмдық жасамасын. Өйткені, ол және оның сыбайластары, сендер оларды көрмеген жерден көреді. Шайтандарды иман келтірмейтіндерге дос қылдық. (27) Олар қашан бір арысздық істесе: "Аталарымызды осы жолда таптық, мұны бізге Алла бұйырды" деді. (Мұхаммед Ғ.С.): "Шынында Алла арысздыққа бұйырмайды. Аллаға білмеген нәрселеріңді айтасыңдар ма?",- де. (28) (Мұхаммед Ғ.С.): "Раббым әділдікті бұйырды. Әрбір құлшылық орнында бет алыстарыңды туралап, діндеріңді Аллаға арнап отырып, Одан тілеңдер. Сендер бастапқы жаратқанындай және Оған қайтасыңдар" де. (29) (Алла, адам баласының) бір тобын тура жолға салды. Және бір тобы да адасуға тиісті болды. Өйткені олар, Алладан өзге шайтандарды дос тұтты да олар өздерін тура жолдамыз деп есептеді. (30)

(Адам ата мен Хауа ана): "Раббымыз, біз өзімізге кесір істедік. Егер Сен бізді жарылқап, мәрхамет етпесең әлбетте зиян етушілерден боламыз" деді. (23) (Алла): "(Жаннаттан) бір-біріңе дұшпан болып түсіңдер. Сендерге жер жүзінде бір мерзімге дейін тұрақ және пайдалану бар" деді. (24) "Ол жерде тіршілік етесіңдер де, ол жерде өлесіңдер. Және ол жерден қайта шығарыласыңдар" деді. (25) Әй адам баласы! Ұятты жерлеріңді жабу үшін киім және сәндік-бұйым түсірдік.

(Жаһилиет дәуірінде, араптар, Кағбаны жалаңаш айналып, және ет, май жемеген. Р.К.Х.Т.) Әй адам балалары! Әрбір құлшылық орнында зейнеттеріңді алыңдар. (Киініңдер.) Және жеңдер, ішіндер де ысырап етпеңдер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді. (31) (Мұхаммед Ғ.С.): "Алланың құлдарына көркем етіп шығарған нәрсесін (киімін) және берген жақсы несібелерін кім арам етті" де. "Бұл несібе дүние тіршілігінде иман келтіргендер үшін. (Алайда кәпірлер де ортақ Ж.М.Р.) Қиямет күні мүміндерге ғана" де. Білген елге аяттарды өстіп түсіндіреміз. (32) "Күдіксіз Раббым, арсыздықтарды, Оның көрнеу, көмесін, күнәны, орынсыз озбырлықты, оған байланысты ешбір дәлел түсірілмеген нәрсені Аллаға серік қосуларыңды және білмейтін нәрселеріңді Аллаға қарсы сөйлеулеріңді арам қылды" де (Мұхаммед Ғ.С.). (33) Әр әлеуметтің белгілі бір мерзімі бар. Олар, сол мерзімі келген сәтте, бір дем кешікпейді де ілгерлемейді. (34) Әй адам балалары! Егер сендерге іштеріңнен өздеріңе аяттарымды түсіндіретін елшілер келсе, сонда біреу сақсынып, өзін түзелтсе, оларға бір қорқу да жоқ әрі олар қайғырмайды. (35) Сондай



аяттарымызды өтірік дегендер, өздерін одан зор санағандар, солар, тозақтық. Олар онда ұдайы қалушылар. (36) Алланы өтірік қаралаған немесе Оның аяттарын жасынға шығарған біреуден кім залымырақ? Олар Кітаптағы тиесілеріне қауышады. Ақыр елшілеріміз олардың жандарын алуға келіп: "Алладан өзге сиынатындарың қайда?",- дегенде: "Олар бізден ғайып болды" деп, өздерінің қарсы болғандықтарына өздері айғақ болады. (37)

سُورَةُ الْاِنْفِرَاتِ

الْمُنْفِرَاتِ


قَالَ ادْخُلُوا فِيْ اَمْرٍ قَدْ خَلَتْ مِنْ قَبْلِكُمْ مِنَ الْجِنِّ وَالْاِنْسِ
 فِي النَّارِ كُلَّمَا دَخَلَتْ اُمَّةٌ لَعْنَتٌ اُخْتُهَا حَتَّىٰ اِذَا دَارَ كُؤُوفُهَا
 جَمِيْعًا قَالَتْ اُخْرَهُمْ لَا وِلَهُمْ رَبَّنَا هَؤُلَاءِ اَصْلُوْنَا فَتَاتِهِمْ
 عَذَابٌ اَبَاضٌ مِّمَّنَ النَّارِ قَالِ لِكُلِّ ضِعْفٍ وَلٰكِنْ لَا تَعْلَمُوْنَ ﴿٣٨﴾
 وَقَالَتْ اَوْلَاهُمْ لَا اُخْرَهُمْ فَمَا كَانَتْ لِكُرْ عَلَيْنَا مِنْ فَضْلِ
 فَذَوْقُوا الْعَذَابَ بِمَا كُنْتُمْ تَكْسِبُوْنَ ﴿٣٩﴾ اِنَّ الَّذِيْنَ كَذَّبُوْا
 بِآيٰتِنَا وَاَسْتَكْبَرُوْا عَنْهَا لَا تَفْتَحُ لَهُمْ اَبْوَابُ السَّمَآءِ وَلَا يَدْخُلُوْنَ
 الْجَنَّةَ حَتَّىٰ يَلْبِغَ الْعَمَلُ فِيْ سِرِّ الْحِيَاطِ وَكَذٰلِكَ نَجْزِي
 الْمُجْرِمِيْنَ ﴿٤٠﴾ لَهُمْ مِنْ جَهَنَّمَ مِهَادٌ وَمِنْ فَوْقِهِمْ غَوَاشٍ
 وَكَذٰلِكَ نَجْزِي الظّٰلِمِيْنَ ﴿٤١﴾ وَالَّذِيْنَ ءَامَنُوْا وَعَمِلُوا
 الصّٰلِحٰتِ لَنُكَفِّرَنَّ عَنْهُمْ سَيِّئَاتِهِمْ اَوْ لَنُؤْتِيَنَّهُمْ اَمْوَالًا
 اَكْبَرَٰ مِنْهَا فَيَسْتَكْبِرُوْنَ ﴿٤٢﴾ وَرَعْنَا مَا فِيْ صُدُوْرِهِمْ مِنْ غَلِيْ
 نَجْرِيْ مِنْ تَحِيْبِهِمْ اَلَا نُنَبِّئُكُمْ اَنَّ الَّذِيْنَ هَدَيْنَا هٰذِهَآ
 وَمَا كَانُوْا لِنَهْتِدِيْ لَوْلَا اَنْ هَدَيْنَا لَللّٰهِ لَقَدْ جَاءَتْ رُسُلٌ رَبِّنَا بِالْحَقِّ
 وَتُودُوْا اَنْ تَكْفُرُوْا بِالْحَقِّ اَوْ رُسُلَهُمْ اَبَآءُ مَا كُنْتُمْ تَعْمَلُوْنَ ﴿٤٣﴾

100


(Алла қияметте оларға): "Сендерден бұрынғы өткен, тозақтағы жын және адамдар тобының ішіне кіріңдер" дейді. Әр топ тозаққа кірген сәтте, өз туысын (алдыңғы жолдасын) қарғайды. Барлығы онда жиналғанда, артқылары, алдыңғыларына: "Раббымыз! Осылар бізді адастырған. Сондықтан оларға тозақ отынан екі есе азап бер" дейді. (Алла): "Әркімге екі есе азап бар. Бірақ сендер білмейсіңдер" дейді. (38) Және олардың алдыңғылары, артқыларына:

"Сендердің бізге бір артықшылықтарың жоқ. Ендеше істегендеріңнің азабын татыңдар" дейді. (39) Күдіксіз аяттарымызды жасынға айналдырып, одан өздерін жоғары көргендерге көктің есіктері ашылмайды... Және олар түйе иненің көзінен өткенге дейін ұрмаққа кірмейді. Күнәкарларды өстіп жазаландырамыз. (40) Оларға жағаннамда төсек және үстерінде жамылғылар бар. Залымдарға оспайша жаза береміз. (41) Және иман келтіріп, ізгі іс істегендер, негізінде біреуге шамасы келетінді ғана жүктейміз. Солар жаннаттық. Олар онда мәңгі қалушы. (42) Олардың көңілдерінен кірбеңдікті шығарамыз, астарынан өзендер ағады. Олар: "Барлық мақтау бізді осы тура жолға салған Аллаға тән. Егер Алла бізді тура жолға салмаса еді, тура жолды таба алмайтын едік. Расында Раббымыздың елшілері, шындықты келтірген еді" дейді. Және оларға: "Міне ғамалдарың себепті мұрагері болған ұрмақтарың осы" делінген түрде дабысталады. (43)

Үжмақтағылар, тозақтағыларға: "Раббымыздың бізге уәде еткенін тура таптық. Сендер де Раббыларыңның уәде еткенін тура таптыңдар ма?",- деп айғайлайды. (Олар): "Әрине" дейді. Сонда олардың араларында бір айғайшы: "Алланың қарғысы залымдарға" деп айғайлайды. (44) Олар, Алланың жолынан тосып, онда бір қисықтық іздейді. Және олар ахиретке де қарсы болушылар. (45) (Үжмақтағылар мен тозақтағылардың) арасында далда бар. Және "Аграф" делінген жоғары орында екі жақтағыларды да әлпеттерінен таныйтын біреулер бар. Бұлар: "Сендерге сәлем" деп жаннаттағыларға айғайлайды. Бұлар әлі жаннатқа кірмеген, үміт ететіндер. (46) Қашан олардың көздері тозақтықтар жаққа бұрылса: "Раббымыз! Бізді залым елмен бірге қыла көрме!",- дейді (47) Аграфтағылар тозақтағы әлпеттерінен танығандарға: "Сендерге көптіктерің және менмендіктерің пайда бермеді ме?",- деп айғайлайды. (48) (Оларға үжмақтағыларды көрсетіп): "Бұларға Алланың рахметі тимейді деп, ант ішкен адамдарың емес пе? Үжмаққа




кіріңдер. Сендерге қорқыныш жоқ әрі сендер қайғырмайсыңдар" (делінеді.) (49) Тозақтағылар, үжмақтағыларға: "Бізге суларыңнан немесе Алланың сендерге берген несібесінен төгіп жіберіңдер" деп айғайлайды. Олар: "Расында Алла, ол екеуінде кәпірлерге арам еткен" дейді. (50) Олар, діндерін ойын-сауыққа айналдырып, дүние тіршілігі алдағандар. Олар, осы күнге жолығуларын ұмытып және аяттарымызға қарсы келгендей бүгін Біз оларды ұмытамыз. (51)




Расында Біз оларға, иман келтірген қауым үшін тура жол және мәрхамет түрінде бір Кітап түсіріп, оны білім жолымен айырып түсіндірдік. (52) Олар оның нәтижесін (бастарына келетінін) ғана күтеді. Оның нәтижесі келген күні, оны ұмытып жүргендер: "Раббымыздың елшілері шындықты әкелген еді. Енді бізді қолдаушы бар ма? Немесе дүниеге қайтарыламыз ба? Сонда бұрынғы істегенімізден басқаны істер едік" дейді. Расында олар өздеріне кесір істеді. Сондай-ақ олардың жасанды

тәңірлері адасып жоқ болды. (53) Күдіксіз Раббыларың сондай Алла, көктер мен жерді алты күнде жаратқан. Сонан кейін ғаршыны меңгерген. Бірін-бірі қуалап, күндізді бүркеген түнді және күн мен айды, жұлдыздарды да әміріне бағындырған. Сақ болындар! Жарату және бұйрық беру Оған тән. Өте жоғары Алла, бүкіл әлемнің Раббы. (54) Раббыларыңа жалбарынып, жасырын түрде тілендер. Күдіксіз Ол, шектен шығушыларды жақсы көрмейді. (55) Жер жүзі түзелтілгеннен кейін бүліншілік қылмаңдар. Және Аллаға хауіп әрі үмітпен жалбарыныңдар. Расында Алланың рахметі жақын. (56) Ол сондай Алла рахметінің (жаңбырдың) алдын ала желдерді қуантушы етіп жібереді. Ауыр бұлттарды көтерген бойда, өлі (қағыр) бір мемлекетке жіберіп, сонда ол арқылы жаңбыр жаудырып, сонымен әр түрлі жемістерді шығарамыз. Осылайша өліктерді де тірілтеміз. Әрине үгіттенерсіңдер. (57)

Жақсы жердің өсімдігі Раббының қалауы бойынша шығады. Сондай құнарсыз жерге аз нәрсе ғана шығады. (Бұл ықылас пен ықылассыздың мысалы. М.Т.Ж-Қ.) Осылайша аяттарымызды шүкірлік қылатын елге айырып баян етеміз. (58) Расында Нұх (Ғ.С.) ты еліне пайғамбар етіп жібердік. Сонда ол: "Әй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар, сендердің Одан басқа тәңірлерің жоқ. Шәксіз мен сендерге келетін ұлы күннің азабынан қорқамын" деді. (59) Елінің бастықтары: "Әрине біз сені ашық адасуда көреміз" деді. (60) "Әй елім! Мен де ешбір адасқанлық жоқ. Бірақ мен әлемдердің Раббы тарапынан бір елшімін" деді. (61) "Сендерге Раббымың жібергендерін жалғастырып, сендерді үгіттеймін. Және Алладан сендер білмегенді білемін." (62) Сақсынып, мәрхаметке бөленулерің үшін Раббыларың тарапынан, өздеріңнен сендерге ескертетін бір кісіге насихат келуіне таңырқайсыңдар ма? (63) Сонда олар оны жасынға шығарды. Сондықтан оны және онымен бірге кемеде болғандарды құтқарып,




аяттарымызды өтірік дегендерді суға батырдық. Өйткені олар анық көзсіз ел еді. (64) Және Ғад еліне туыстары Һүд (Ғ.С.) ты жібердік: "Әй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар! Сендердің Одан басқа тәңірлерің жоқ. қорықпайсыңдар ма?", - деді. (65) Елінің қарсы болған тобы: "Әрине біз сені есуас көреміз. Және сені анық өтірікшілерден деп ойлаймыз" деді. (66) "Әй елім! Мен бір ақымақ емеспін. Бірақ әлемдердің Раббы тарапынан бір елшімін" деді. (67)



ата-бабаларымыздың табынатындарын тастауымыз үшін келдің бе? Егер рас айтушылардан болсаң, бізді құқайлаған азабынды әкел" деді. (70) (Һүд F.C.): "Рабыларың тарапынан азап және ашу тиісті болды. Алла оған ешбір дәлел түсірмеген, аттарың, өздерің және аталарың қойған тәңірлерің жайында менімен таласасыңдар ма? Енді нәтижені күтіндер, мен де сендермен бірге күтушілерденмін" деді. (71) Сонда Һүд (F.C.) ты, онымен бірге болғандарды мәрхаметімізбен құтқардық та аяттарымызды жасынға шығарғандардың және сенбегендердің артын үздік. (72) Және Сәмүд еліне туыстары Салих (F.C.) ды жібердік: "Әй қауымым! Аллаға құлшылық қылыңдар, сендердің Одан басқа тәңірлерің жоқ. Сендерге Рабыларыңнан ашық мұғжиза келді. Міне Алланың іңгені сендерге бір мұғжиза. Оны еркіне қойыңдар, Алланың жерінде оттасын. Оған бір сұмдық істемендер. Әйтпесе, сендерді жан түршігерлік азап қолға алады" деді. (73)

"Сендерге Рабымының жібергендерін жалғастырамын. Әрі сендерге сенімді бір үгітшімін..." (68) "Рабыларың тарапынан өздеріңнен, сендерге ескерту үшін бір кісіге насихат келуіне таңырқайсыңдар ма? Ойлаңдар! Сол уақытта Алла сендерді Нұх қауымынан кейін орынбасар қылып, әрі тұлға жаратылысында да артық қылды. Ендеше Алланың нығметтерін еске алыңдар, әрине құтыласыңдар." (69) Олар: "Сен бізге жалғыз ғана Аллаға құлшылық қылуымыз және



Еске алындар! Сол уақытта Ғаддан кейін сендерді олардың орынбасары қылып, жер жүзіне орналастырды. Ойпаттарынан сарайлар жасап алып, тауларды үңгіп үйлер жасайтын едіңдер. Сондықтан Алланың нығметтерін еске алындар да жер жүзінде бүліншілік қылып жүрмеңдер. (74) Елінің дандайсыған тобы, араларындағы иман келтіргендерді қор көріп: "Салихтың, Раббы тарапынан анық елші екенін білесіңдер ме?,"- деді. Олар: "Күдіксіз біз ол арқылы жіберілген нәрселерге сенеміз" деді. (75) Дандайсығандар: "Күдіксіз біз сендер сенген нәрселерге қарсымыз" деді. (76) Сондай олар іңгенді өлтіріп, Раббыларының әмірінен шықты да: "Әй Салих! Егер сен елшілерден болсаң, бізге бопсалағаныңды келтір" деді (77) Сонда оларды бір сілкініс қолға

алды да үйлерінде етпеттеген бойдарында қалды. (78) Сонда Салих олардан жүз бұрып: "Әй елім! Расында мен сендерге Раббымның бұйрығын жалғастырдым. Бірақ сендер үгіттеушілерді жақсы көрмедіңдер" деді. (79) Лұт (F.C.) сол уақытта еліне: "Сендерден бұрын әлемнен ешкімнің істемеген арысздығын істейсіңдер ме?" деді. (80) "Сендер әйелдерді қойып еркектерге қызығып келесіңдерме? Әрине сендер шектен шыққан елсіңдер." (81)

سُورَةُ الْأَنْعَامِ

الْبَقَرَاتِ


وَمَا كَانَتْ جَوَابَ قَوْمِهِ إِلَّا أَنْ قَالُوا أَخْرِجُوهُمْ مِنْ قَرْيَتِكُمْ إِنَّهُمْ أَنَاسٌ يَنْظَهُرُونَ ﴿٨٢﴾ فَأَجَبْنَاهُ وَأَهْلَهُ إِلَّا أَمْرًا تَهُ كَانَتْ مِنَ الْفَعْرِينَ ﴿٨٣﴾ وَأَمْطَرْنَا عَلَيْهِمْ مَطْرًا فَانظُرْ كَيْفَ كَانَتْ عَاقِبَةُ الْمُجْرِمِينَ ﴿٨٤﴾ وَإِلَى مَدْيَنَ أَخَاهُمْ شُعَيْبًا قَالَ يَبْقُورُوا عَبْدُوا اللَّهِ مَا لَكُمْ مِنْ إِلَهٍ غَيْرُهُ فَذَجَأْتَكُمْ بَيْنَتًا مِنْ رَبِّكُمْ فَأَوْفُوا بِالْكَيْلِ وَالْمِيزَانِ وَلَا تَيْخَسُوا النَّكَاسَ أَشْيَاءَهُمْ وَلَا تَفْسِدُوا فِي الْأَرْضِ بَعْدَ إِصْلَاحِهَا ذَلِكُمْ خَيْرٌ لَكُمْ إِنْ كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ ﴿٨٥﴾ وَلَا تَقْعُدُوا بِكُلِّ صِرَاطٍ تُوعِدُونَ وَتَصُدُّونَ عَنْ سَبِيلِ اللَّهِ مَنْ ءَامَنَ بِهِ وَتَبْجُوهَا عَوجًا وَادَّكُرُوا إِذْ كُنْتُمْ قَلِيلًا فَكَذَّبْتُمْ وَأَنْظَرُوا كَيْفَ كَانَتْ عَاقِبَةُ الْمُفْسِدِينَ ﴿٨٦﴾ وَإِنْ كَانَ طَائِفَةٌ مِنْكُمْ ءَامَنُوا بِالَّذِي أُرْسِلْتُ بِهِ وَطَائِفَةٌ لَمْ يُؤْمِنُوا فَاصْبِرُوا حَتَّى يَحْكُمَ اللَّهُ بَيْنَنَا وَهُوَ خَيْرُ الْحَاكِمِينَ ﴿٨٧﴾

161

Елінің жауабы: "Оларды кенттеріңнен шығарыңдар. Өйткені, олар өте тазасынған адамдар" деу ғана болды. (82) Сонда Лүт (Ғ.С.) ты және семьясын құтқардық. Бірақ қатыны ғана апатқа ұшырағандардан болды. (83) Оларға бір жаңбыр жаудырдық. Күнәкарлардың соңының қалай болғанын көр! (84) Мәян еліне туыстары Шұғайып (Ғ.С.) ты жібердік: "Әй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан басқа тәңірлерің жоқ.

Сендерге Рабыларыңнан ашық бір дәлел келді. Енді өлшеуді, тартуды толық орындаңдар. Адамдардың нәрселерін кемітпеңдер. Түзелтілгеннен кейін жер жүзінде бүліншілік қылмаңдар. Егер иман кетірген болсаңдар, сендерге осы істерің жақсы" деді. (85) "Иман келтіргендерді Алланың жолынан тосып, бопсалап, қыңырлық іздеу үшін әрбір жол үстінде отырмаңдар. Және ойлаңдар, сендер аз едіңдер, Алла көбейтті. Және де бұзақылардың соңы қалай болды, қараңдар!" (86) "Және сендерден бір топ, мен арқылы жіберілгенге сеніп, бір топ сенбесе, Сонда арамызға Алла үкім бергенге дейін сабыр етіңдер. Ол, үкім берушілердің жақсысы." (87).

Елінің дандайсыған бастықтары: "Әй шұғайып! Әрине сені де сенімен бірге иман келтіргендерді де кентімізден шығарамыз, немесе дінімізге қайтасыңдар" деді. Шұғайып (Ғ.С.): "Жақтырмасак та ма?",- деді. (88) "Алла бізді діндеріңнен құтқарғаннан кейін қайталасақ, расында Аллаға өтірік жала қойған боламыз. Бірақ Раббымыз қаласа, оған қайтуымызға болады. Раббымыздың білімі әр нәрсені сыйдырды. Аллаға тәуекел қылдық. Раббымыз! Біз бенен еліміздің арасына туралықпен Сен үкім ет. Сондай-ақ Сен билік аутушылардың ең жақсысысың" (деді. Шұғайып Ғ.С.) (89) Елінің ішінен қарсы болған бастықтары: "Егер Шұғайыпқа ілессеңдер, сол уақытта анық зиян етушілерден боласыңдар" деді. (90) Сонда оларды бір сілкініс қолға алып жұрттарында етпеттеген бойларында қалды. (91) Шұғайып (Ғ.С.) ты жасынға шығарғандар, тіпті жұрттарында болмағандай болды. Сондай-ақ Шұғайып (Ғ.С.) ты жасынға шығарғандар зиян тартты. (92) Сонда ол, олардан бет бұрып: "Әй елім! Расында мен сендерге Раббымның нұсқауларын



жалғастырдым әрі сендерге үгіт еттім. Ал енді қарсы болған бір елге қайтып қайғырамын?",- деді. (93) Тағы Біз әрқандай бір кентке елші жіберсек, олар жалбарынсын деп, ол жердің тұрғындарын таршылық, қиыншылыққа ұшыраттық. (94) Сонан соң жаманшылықты жақсылыққа ауыстырдық. Тіпті артылып кетті де: "Аталарымыздың басына да таршылық, кеңшілік келген екен" десті. Сондықтан оларды кенеттен қолға алғанымызда өздері де білмей қалды. (95)

سُورَةُ الْاَعْرَافِ

الاعراف


وَلَوْ أَنَّ أَهْلَ الْقُرَىٰ ءَامَنُوا وَأَتَّخِذُوا لِنَحْنِ عَلَيْهِمْ بَرَكَاتٍ
 مِنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ وَلَكِن كَذَّبُوا فَأَخَذْنَاهُم بِمَا كَانُوا
 يَكْسِبُونَ ﴿٩٦﴾ أَفَأَمِنَ أَهْلُ الْقُرَىٰ أَنْ يَأْتِيَهُمْ بَأْسُنَا بَيِّنًا
 وَهُمْ تَائِبُونَ ﴿٩٧﴾ أَوْ آمِنَ أَهْلُ الْقُرَىٰ أَنْ يَأْتِيَهُمْ بَأْسُنَا
 ضُحًى وَهُمْ يُلْعَبُونَ ﴿٩٨﴾ أَفَأَمِنُوا مَكْرَ اللَّهِ فَلَا يُؤْمِنُ
 مَكْرَ اللَّهِ إِلَّا الْقَوْمُ الْخَاسِرُونَ ﴿٩٩﴾ أَوَلَمْ يَهْدِ لِلَّذِينَ
 يَرْتَابُونَ مِنَ الْأَرْضِ مِنْ بَعْدِ أُهْلِيهَا أَنْ لَوْ شَاءَ أَصَابْنَاهُمْ
 بِذُنُوبِهِمْ وَنَطَّعْ عَلَىٰ قُلُوبِهِمْ فَهُمْ لَا يَسْمَعُونَ ﴿١٠٠﴾
 تِلْكَ الْقُرَىٰ نَقِضْ عَلَيْكَ مِنْ أَنْبِيَآئِهَا وَقَدْ جَاءَهُمْ رَسُولُهُمْ
 بِالْبَيِّنَاتِ فَمَا كَانُوا لِيُؤْمِنُوا بِمَا كَذَّبُوا مِنْ قَبْلُ
 كَذَلِكَ يَطْبَعُ اللَّهُ عَلَىٰ قُلُوبِ الْكَافِرِينَ ﴿١٠١﴾ وَمَا وَجَدْنَا
 لِأَكْثَرِهِمْ مِنْ عَهْدٍ وَإِنْ وَجَدْنَا أَكْثَرَهُمْ لَفَاسِقِينَ ﴿١٠٢﴾
 ثُمَّ بَعَثْنَا مِنْ بَعْدِهِمْ مُوسَىٰ بِآيَاتِنَا إِلَىٰ فِرْعَوْنَ وَمَلَئِهِ
 فَظَلَمُوا بِهَا فَأَنْظُرْ كَيْفَ كَانَتْ عَاقِبَةُ الْمُفْسِدِينَ ﴿١٠٣﴾
 وَقَالَ مُوسَىٰ يَنْفِرُونَ فِي رَسُولٍ مِنْ رَبِّ الْعَالَمِينَ ﴿١٠٤﴾

۱۶۳

бола ала ма? Алланың бейнетінен зиянға ұшырайтын ел ғана қобалжымайды. (99) Жердің бұрынғы иелерінен кейінгі мұрагерлер түсінбей ме? Егер қаласақ, күнәларына қарай бейнет берер едік. Сондай-ақ жүректерін мөрлейміз, сондықтан олар естімейді. (2-С. 7-А.) (100) (Мұхаммед Ғ.С.) Бұл кенттердің қиссаларын саған баян етеміз. Әрине оларға елшілері ап-ашық дәлел келтірген еді. Сонда да бұрын өтірік деген нәрселеріне сенгілері келмеді. Міне Алла, қарсы болушылардың жүрегін өстіп мөрлейді. (101) Олардың көбін уәде де таппадық. Әрі олардың көбін мүлде бұзық көрдік. (102) Одан кейін Мұса (Ғ.С.) ны Перғауын және сыбайластарына мұғжизалармен жібердік. Сонда олар, мұғжизаға қарсы келді. Ал енді бұзақылардың соңының қалай болғанын көр. (103) Мұса (Ғ.С.): "Әй Перғауын! Шынында мен бүкіл әлемнің Раббы тарапынан жіберілген бір елшімін" деді. (104)

Егер ол өлкелердің елі иман келтіріп, сақсынса еді, әрине оларға көк пен жердің берекеттерін ашып жіберер едік. Бірақ олар жасынға шығарды. Сондықтан қылмыстары себепті оларды қолға алдық. (96) Кенттердің халқы, өздеріне азабымыздың түнделетіп, олар ұйқыдағы кезде келуінен қауіпсіз бе? (97) Және де ол кенттердің елі, күн көтеріле бере ойнап жүрген сәтте, азабымыздың келуінен кәперсіз бола ала ма? (98) Сондай-ақ Алланың кәрінен аман

"Аллаға хақиқатты ғана айтуға міндеттімін. Сендерге Раббыларыңнан ашық дәлел әкелдім. Енді Израил ұрпақтарын менімен бірге жібер" деді. (105) (Перғауын): "Егер сен бір мүғжиза келтірген болсаң, ал оны әкел. Егер сөзің шын болса" деді. (106) Сонда (Мұса F.C.) таяғын тастады. Ол, дереу ашықша бір айдағар болды. (107) Тағы қолын шығарды. Сонда ол, қараушыларға аппақ көрінді. (108) Перғауын елінің бастықтары: "Күдіксіз мынау анық білгіш сиқыршы" деді. (109) "Сендерді жұрттарыңнан шығарғысы келеді. Не бұйырасыңдар?" (110) "Оны да туысын да тоқтатып қойып, қалаларға жинаушылар жібер." (111) "Бүкіл білгіш сиқыршыларды саған әкелсін" (десті) (112) Сиқыршылар, Перғауынға келіп: "Егер біз жеңіске ие болсақ, әрине бізге сыйлық бар шығар" деді. (113) (Перғауын): "Әрине! Әрі жақын адамдарымнан боласыңдар" деді. (114) (Сиқыршылар): Әй Мұса! Енді (өнерінді ортаға) не сен қой немесе біздер қояйық" деді (115) (Мұса



F.C.): "Сендер қойыңдар" деді. Олар (өнерлерін) қойған сәтте, адамдардың көздерін сиқырлап, оларды қорқытты. Сондай-ақ үлкен бір сиқыр келтірді. (116) Мұсаға: "Таяғыңды таста" деп уахи еттік. Сол сәтте, таяқ олардың жасанды нәрселерін жалмай бастады. (117) Сонда шындық ортаға қойылып, олардың істегендері босқа кетті. (118) Сөйтіп олар сол арада жеңіліске ұшырап, қор болып қайтты. (119) Сиқыршылар сәждеге жығылды. (120)

سورة الاحزاب
الاحزاب


قَالُوا مَا تَأْتِي رَبَّ الْمَلِئِينَ ﴿١٢١﴾ رَبِّ مُوسَىٰ وَهَارُونَ ﴿١٢٢﴾ قَالَ
فِرْعَوْنُ مَا أَمْنَمَّ بِهِ قَبْلَ أَنْ آدَنَ لَكَ إِنَّ هَذَا لَمَكْرٌ مَكْرُتُمْوهُ
فِي الْمَدِينَةِ لِنُخْرِجُوا مِنْهَا أَهْلَهَا فَسَوْفَ تَعْلَمُونَ ﴿١٢٣﴾ لَأَقْطَعَنَّ
أَيْدِيَكُمْ وَأَرْجُلَكُمْ مِنْ خَلْفٍ ثُمَّ لَأُسَلِّبَنَّكُمْ أَجْمَعِينَ ﴿١٢٤﴾
قَالُوا إِنَّا إِلَىٰ رَبِّنَا مُتَّقِبُونَ ﴿١٢٥﴾ وَمَا نُنْقِمُ مِنْهَا إِلَّا أَنْتَ أَمَانًا
يَأْتِي رَبَّنَا لِمَا جَاءَ تَنَارِنَا أَفْرِغْ عَلَيْنَا صَبْرًا وَتَوْفِقًا مُسْلِمِينَ
﴿١٢٦﴾ وَقَالَ الْمَلَأَمِنْ قَوْمِ فِرْعَوْنَ أَنْتُمْ مُوسَىٰ وَقَوْمَهُ لَبِيسُوا
فِي الْأَرْضِ وَبَدْرِكَ وَءِ الْهَيْكَلِ قَالَ سَتَقْبَلُونَ مِنْهُمُ وَنَسْتَجِي
نِسَاءَهُمْ وَإِنَّا فَوْقَهُمْ قَاهِرُونَ ﴿١٢٧﴾ قَالَ مُوسَىٰ لِقَوْمِهِ
اسْتَجِيبُوا لِلَّهِ وَأَصْبِرُوا إِنَّ الْأَرْضَ لِلَّهِ يُورِثُهَا مَنْ
يَشَاءُ مِنْ عِبَادِهِ ۗ وَالْعَاقِبَةُ لِلْمُتَّقِينَ ﴿١٢٨﴾ قَالُوا أَوْذَيْنَا
مِنْ قَبْلِ أَنْ تَأْتِيَنَا وَمِنْ بَعْدِ مَا جِئْتَنَا قَالَ عَسَىٰ رَبُّكُمْ
أَنْ يُهْلِكَ عُدُوَّكُمْ وَيَسْتَخْلِفَكُمْ فِي الْأَرْضِ
فَيَنْظُرَكُمْ كَيْفَ تَعْمَلُونَ ﴿١٢٩﴾ وَلَقَدْ أَخَذْنَا آلَ فِرْعَوْنَ
بِالسِّنِينَ وَنَقَصْنَا مِنَ الشَّجَرَاتِ لَعَلَّهُمْ يَذَّكَّرُونَ ﴿١٣٠﴾

١٦٥


аяттары келгенде иман келтірді деп қана өш аласың. Раббымыз! Бізге сабыр бер әрі бізді Мұсылман болған күйде өлтір!..." (126) Перғауын елінің бастықтары: "Мұсаны және елін, жер жүзінде бүліншілік қылсын және сені де, тәңірлеріңді де тастасын деп қоя бересің бе?" деді. (Перғауын оларға): "Ұлдарын өлтіреміз де әйелдерін тірі қоямыз. Әрине біз олардың үстінде өктембіз" деді. (127) Мұса (F.C.) еліне: "Алладан жәрдем тілеңдер әрі сабыр етіңдер: Жер Алланикі екені даусыз. Ол, құлдарынан қалағанына мұра қылады. Соңғы табыс тақуалардікі" деді. (128) (Елі Мұса F.C.ға): "Сен бізге келуден бұрын және сен бізге келгеннен кейін де қиналды" деді. (Мұса F.C.): "Раббыларың дұшпандарыңды жойып, орнына сендерді ол жерге орналастыру мүмкін. Бірақ сендердің де қалай істейтіндеріңе қарайды" деді. (129) Шынында, Перғауын тобын, үгіт алулары үшін жылдарша жемістерін кемітіп, қолға алдық. (130)

Олар: "Бүкіл әлемнің Раббына сендік" деді. (121) "Мұса мен Һарунның Раббына..." (122) (Перғауын): "Мен сендерге рұқсат беруден бұрын оған иман келтірдіңдер ме? Расында бұл, қала халқын шығару үшін жасаған бір әдістерің. Бәлем жақында көресіңдер" деді. (123) "Әрине қол-аяқтарыңды шадырлата кестіремін, сонсоң түгелдей астырамын." (124) (Сиқыршылар): Сөзсіз, Раббымызға айналамыз!" - деді. (125) "Сен, бізден Раббымыздың

Қашан оларға бір жақсылық келсе: "Бұл біздің хақымыз" деп, егер оларға бір жамандық жетсе, Мұса және онымен бірге болған кісілерді ырымдайды. Байқандар! Олардың сәтсіздіктері Алла тарапынан. Бірақ олардың көбі білмейді. (131) Тағы олар: "Бізді жадылау үшін қанша мұғжиза келтірсең де саған сенбейміз" деді. (132) Сондықтан оларға ашық мұғжизалар түрінде; топан суы, шекіртке, бит, бақа және қан жібердік. Сонда да олар менменсіген әрі олар күнәкар бір қауым болды. (133) (Рауаят бойынша, бір жұма қараңғылық басып, құйған сел перғауындықтардың үйлеріне толады. Олардың жалбарынулары бойынша Мұса (Ғ.С.) ның тілегімен, күн ашылып, мол өсімдік шығады. Сонда да иман келтірмегендіктерінен шегіртке, бит, сонсоң бақа қаптап, одан кейін сулары қанға айналады. Б.М.К.Р.Ж.Т.Х.Ж-Қ.) Оларға азап келген кезде: "Әй Мұса! Раббыңа, саған берген уәдесі бойынша жалбарын. Егер бізден азабын айықтырсаң, әрине саған сенеміз де Израил ұрпақтарын сенімен бірге қоя береміз" деді. (134) Қашан олардан белгілі мерзімге дейін азапты айықтырсақ, сол уақытта




олар серттерін бұзды. (135) Аяттарымызды жасынға шығарып, оны елемегендіктерінен оларды теңізге батырып жазасын тарттырдық. (136) Сондай езілген халықты (Израил ұрпақтарын) біз құнарлы қылған жердің шығысына да батысына да мұрагер қылдық. Сөйтіп олардың сабыр қылулары себепті Рабыңның Израил ұрпақтарына деген игі сөздері орындалды. Сондай-ақ Перғауын мен елінің, биіктетіп жасап бара жатқандарын талқандадық. (137)




Тағы Израил ұрпақтарын теңізден өткіздік. Сонда олар бұттарына шоқынған бір елге келді: "Әй Мұса! Бұлардың тәңірлері құсаған бізге тәңір жаса" деді. (Мұса F.C.): "Шынында сендер білмейтін елсіндер" деді. (Бұл Ғамалқа елі еді. Б.Р.Т.) (138) "Сөзсіз олардың діндері жойылады да олардың істеген істері босқа кетеді." (139) "Сендерге бүкіл әлемнен сендерді артық қылған Алладан басқа тәңір іздейін бе?" - деді. (140) (Израил ұрпақтары,) ойлаңдар! Сендерді қатты азаппен

қинаған, ұлдарыңды бауыздап, әйелдеріңді тірі қойған Перғауын семьясынан құтқарған едік. Осыларда сендер үшін Раббыларың тарапынан зор сынау бар. (141) Мұса (F.C.) ға отыз түн уәде еттік те оған онды қосып, сөйтіп Раббының белгілі уақыты қырық кешке толды. Мұса (F.C.) туысы Һарунға: "Елімнің ішінде орынбасарым бол. Түзелт те бұзақылардың жолына ерме" деді. (142) (Рауаят бойынша, Мұса еліне: "Перғауыннан құтылсақ, Алла тарапынан Бір Кітап келтіремін" дейді. Сондықтан құтылғаннан кейін Алланың өмірі бойынша Түр тауында қырық күн ораза ұстағаннан кейін Алламен сөйлесіп Тәурат түседі. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.Ж.-Қ.) Мұса (F.C.), белгілі уәдемізде келіп, Раббы оған сөйлегенде, (Мұса F.C.): "Раббым маған өзіңді көрсет, Сені көрейін" деді. (Алла): "Мені, әсте көре алмайсың; бірақ тауға қара, сонда егер ол орнында тұра алса, сен де Мені көресің" деді. Сонда Раббы тауға елестеген сәтте, оны быт-шыт қылды. Мұса (F.C.) да талып түсті. Есі кіре сала: "Сен пәксің, Саған тәубе еттім, әрі мен сенушілердің алғашқысымын" деді. (143)

(Алла Т.): "Әй Мұса! Шынында сені адамдардан елшілікке және сөйлесуге таңдап алдым. Ендеше, саған бергендерімді ал да, шүкірлік етушілерден бол" деді. (144) Мұса (Ғ.С.) ға (Тәурат) тақтайларында әр нәрсені үгіт түрінде ашалап жазған едік: "Сонда оны мықты ұста және еліңе әмір ет. Оның көркем нұсқауларын алсын. Саған, бұзақылардың жұртын көрсетемін?" (145) Жер жүзінде орынсыз түрде дандайсығандарды ұзақтастырамын. Егер олар барлық белгілерді көрсе де оған сенбейді. Сондай-ақ олар тура жолды көрсе; оны жол қып ұстамайды. Ал егер қисық жолды көрсе, оны жол қып алады. Бұл олардың аяттарымызды өтірік деп одан ғапыл болғандықтары. (146) Аяттарымызды, ақиретке кездесуді өтірік дегендердің ғамалдары жойылып, істеріне қарай ғана жазаланады. (147) Мұса (Ғ.С.) дан кейін елі; сәндік-бұйымдардан дабысы бар бұзаудың мүсінін жасап алды. Олар, ол бұзаудың өздерімен сөйлеспейтінін және оларды тура жолға салмайтынын көрмей ме? Олар оны тәңір тұтып, зальымдардан болды. (148) (Мұса Ғ.С. Түр тауына Аллаға жалбарыну үшін қырық күн




тұрғанда, Самри, елдің алтын білезіктерінен бұзаудың мүсінін жасайды. Рауаят бойынша Жебрейіл Ғ.С. ның атының ізінен алынған топырақты ішіне қойғандықтан немесе ішіне кірген жел арқылы бұзаудың дауысы шығатын болған. Б.Ж.К.Р.Х. Т.Ж-Қ.) Олардың қолдары түскен заманда (қатты өкініп иықтары түскен түрде) анық адасқандықтарын көріп: "Егер Раббымыз бізге мәрхамет етпесе, бізді жарылқамаса, әрине зиян тартушылардан боламыз" десті. (149)



мәрхаметіңе бөле! Сен мейірімділердің ең жақсысысың" деді. (151) Күдіксіз сондай бұзауды тәңір тұтқандарға Раббылары тарапынан қағар тиіп, дүние тіршілігінде қорлыққа ұшырайды. Қаралаушыларды осылайша жазалаймыз. (152) Сондай жаман іс істегендер, содан кейін тәубе қылып, иман келтірсе, күдіксіз Раббың сонан соң да аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (153) Мұсаның ашуы басылғанда, тақтайларды алды. Нұсқасындағы жазуда; Раббыларынан қорыққандарға тура жол және мәрхамет бар еді. (154) Мұса (F.C.) белгілі мерзіміміз үшін елінен жетпіс кісі сайлады. Сонда оларды жер сілкіну қолға алғанда (Мұса F.C.): "Раббым! Егер қаласаң оларды да мені де бұдан бұрын жоқ етер едің. Ішіміздегі ақымақтардың қылықтарының салдарынан, бізді жоқ етесің бе? Бұл Сенің бір сынауың ғана. Сонымен қалағаныңды адастырып, қалағаныңды тура жолға саласың. Сен біздің иемісің. Енді бізді жарылқа, бізге мәрхамет ет. Сен жарылқаушылардың ең жақсысысың" деді. (155) (Рауаят бойынша, Алла, Мұсаға Израил ұрпақтарының бұзауға шоқынуларынан тәубе қылулары үшін жетпіс уәкіл сайлап келуін бұйырады. Б.М.К.Р.Х.Т.Ж.-Қ.)

Мұса (F.C.) еліне ыза болып, кейіген түрде қайтқан кезде: "Менен кейін маған нендей жаман іс істедіңдер! Раббыларыңның әміріне асықтыңдар ма?," - деп (Тәурат) тақтайларын тастай салып, туысы (Һарун) ның басынан ұстап өзіне қарай тарта бастады. (Һарун): "Әй анамның ұлы! Расында бұл ел мені, басынып тіпті өзімді өлтіруге жақындады. Енді мені дұшпандарға күлкі қылма да мені залым елмен бірге санама!" - деді. (150) Мұса (F.C.): "Раббым! Мені және туысымды жарылқа, бізді



"Бізге осы дүниеде және ақиретте жақсылық жаза көр! Күдіксіз біз Саған бет бұрдық." (Алла Т.): "Мен қалағанымды азабыма ұшыратамын, рахметім әр нәрсені сыйдырды. Мәрхаметімді сондай тақуалық қылғандарға, зекет бергендерге және аяттарымызға сенгендерге жедел жазамыз" деді. (156) Олар, сондай жандарындағы Тәуратта және Інжілде жазулы жіберілген, сауатсыз Пайғамбарға ергендер. Ол, оларды жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыяды. Жақсы нәрселерді халал, жаман нәрселерді арам қылады. Олардың үстеріндегі ауыр жүктерді (түсіріп) шиеленіскен нәрселерді шешеді. Енді соған (Мұхаммед Ғ.С. ға) сенгендер, олар оған құрмет етіп әрі оған көмек көрсеткендер сондай-ақ оған түсірілген нұр (Құран) ға ергендер,

міне солар құтылушылар. (157) (Мұхаммед Ғ.С.): Әй адам баласы! Мен барлығыңға Алланың елшісімін; Ол сондай Алла, жер мен көктің иелігі Оған тән. Одан басқа тәңір жоқ. Ол тірілтеді де өлтіреді. Аллаға және Алланың сөздеріне сенген, жіберілген сауатсыз Пайғамбарға иман келтіріңдер. Және оған еріңдер, әрине тура жол табасыңдар" де. (158) Мұсаның қаумынан да тура жолға салатын және онымен әділдік істейтін бір топ бар. (159)

سُورَةُ الْاِنْفِثَارِ

الْمُنْفِثَاتِ


وَقَطَعْنَهُمْ اثْنَيْ عَشَرَ نَبِطًا وَأَوْحَيْنَا إِلَىٰ مُوسَىٰ
 إِذِ اسْتَسْقَمَهُ قَوْمُهُ أَنِ اضْرِبْ بِعَصَاكَ الْحَجَرَ
 فَانْبَجَسَتْ مِنْهُ اثْنَتَا عَشْرَةَ عَيْنًا قَدْ عَلِمَ كُلُّ أُنَاسٍ
 مَّشْرِبَهُمْ وَظَلَلْنَا عَلَيْهِمُ الْعَنَمَ وَأَنْزَلْنَا عَلَيْهِمُ الْمَنَّ
 وَالسَّلْوَىٰ كُلُوا مِنْ طَيِّبَاتِ مَا رَزَقْنَاكُمْ وَمَا
 ظَلَمُونَا وَلَكِن كَانُوا أَنفُسَهُمْ يَظْلِمُونَ ﴿١٦١﴾ وَإِذْ
 قِيلَ لَهُمْ اسْكُنُوا هَذِهِ الْقَرْيَةَ وَكُلُوا مِنْهَا حَيْثُ
 شِئْتُمْ وَقُولُوا حِطَّةٌ وَادْخُلُوا الْبَابَ سُجَّدًا نَتَعَفَّرُ
 لَكُمْ خَطِيئَتِكُمْ سَرَّيْدًا الْمُحْسِنِينَ ﴿١٦٢﴾ فَبَدَّلَ الَّذِينَ
 ظَلَمُوا مِنْهُمْ قَوْلًا غَيْرَ الَّذِي قِيلَ لَهُمْ
 فَأَرْسَلْنَا عَلَيْهِمْ رِجْرَاءَ مِنَ السَّمَاءِ يَمَاسُكُونَ
 يَظْلِمُونَ ﴿١٦٣﴾ وَسَأَلَهُمْ عَنِ الْقَرْيَةِ الَّتِي كَانَتْ
 حَاضِرَةَ الْبَحْرِ إِذْ يَعْدُونَ فِي السَّبْتِ إِذْ تَأْتِيهِمْ
 حِثَّانُهُمْ يَوْمَ سَبْتِهِمْ شُرَّعًا وَيَوْمَ لَا يَسْبِتُونَ
 لَا تَأْتِيهِمْ كَذَلِكَ يَبْهَوْنَهُمْ بِمَا كَانُوا يَفْسُقُونَ ﴿١٦٤﴾

١٧١

Біз Израил ұрпақтарын он екі рулық топтарға бөлдік. Мұса (F.C.) дан, елі су сұрағанда: "Таяғыңды тасқа ұр" деп уахи еттік. Сонда тастан он екі бастау шықты да әркім өз суатын білді. Оларға бұлтты көлеңке қылып, өздеріне "Мәнна, Сәлуаны" түсірдік: "Сендерге Біз берген таза ризықтан жеңдер" (дедік.) Олар Бізге кесір тигізбеді. Алайда өздеріне кесір тигізді. (160) Сол уақытта оларға: "Осы қалаға орналасыңдар да (ол жердің өсімдіктерінен)

қалағандарыңша жеңдер. 'Күнәмыз жарылқансын' деп қақпадан сәжде қылып кіріңдер. Қатәліктеріңді жарылқап, жақсылық істеушілерге тағы артық береміз" делінді. (161) Сонда олардың залымдары; сөзді, өздеріне айтылғаннан басқаға ауыстырды. Олардың зұлымдық істегендіктері салдарынан көкпен азап жібердік. (162) (Мұхаммед F.C.) олардан теңіз жағасында болған кенттің жағдайын сұра. Сол уақытта олар сенбі де (балық аулап) шектен шығатын еді. Сонда олардың сенбіні құттықтаған күндерінде, балықтар, оларға қаптап келіп, сенбісіз күндерде оларға келмейтін еді. Олардың зұлымдықтары себепті өздерін осылайша әуреге салдық. (163)

Сол уақытта олардан бір тобы: "Алла жоқ етегін немесе қатты азап қылатын елді не үшін үгіттейсіңдер?", - деді. (Үгіттеушілер): "Раббыларыңа ғұзырымыз болсын, бәлкім олар сақтанар" деді. (164) Өздеріне берілген үгітті ұмытқан кезде, жаманшылықтан тосқандарды құтқардық. Сондай зұлымдық қылғандарды; бұзақылық істеулері себепті қатты қинауға ұшыраттық. (165) Сонда олардың тыйым салынған нәрседе шектен шыққандықтары себепті оларға: "Маймыл болып қор болыңдар" дедік. (166) (Мұхаммед Ғ.С.) Раббың оларды қиямет күніне дейін жаман қинаумен ұстайтын біреулерді әлбетте жіберетіндігін білдірді. Расында Раббың тез жазалаушы әрі аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (167) Оларды жер жүзінде топтарға бөлдік. Олардың игілері де бар әрі олардың басқалары да бар. Бәлкім райынан қайтар деп оларды жақсылықпен де, жамандықпен де сынадық. (168) Олардан кейін, Кітапқа мұрагер болып, осы сапасыз дүниенің бұйымын алатын топ



келіп отырады да: "Жуықта жарылқанамыз" дейді. Тағы сондай нәрсе келсе, оны да ала береді. Олардан Аллаға байланысты шындықты ғана айтуларына, Тәуратта уәде алынбады ма? Ал олар, ондағы нәрселерді оқымады ма? Негізінде ақирет жұрты тақуалар үшін хайырлы. Сонда да түсінбейсіңдер ме? (169) Сондай Кітапқа мықты жабысып, намазды толық орындайды; дау жоқ, біз игілік істегендердің сауабын зая қылмаймыз. (170)

سُورَةُ الْاَعْرَافِ

الْحَرْبِ

العزب
١٨


وَإِذْ نُنَقِئَ الْجِبِلَ فَوْقَهُمْ كَأَنَّهُ ظُلَّةٌ وَظَنُوا أَنَّهُ وَاقِعٌ بِهِمْ
 خُذُوا مَا آتَيْنَاكُمْ بِقُوَّةٍ وَاذْكُرُوا مَا فِيهِ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ ﴿١٧١﴾
 وَإِذْ أَخَذَ رَبُّكَ مِن بَنِي آدَمَ مِن ظُهُورِهِمْ ذُرِّيَّتَهُمْ وَأَشْهَدَهُمْ
 عَلَىٰ أَنفُسِهِمْ أَلَسْتُ بِرَبِّكُمْ قَالُوا بَلَىٰ شَهِدْنَا أَن تَقُولُوا يَوْمَ
 الْقِيَامَةِ إِنَّا كُنَّا عَنْ هَذَا غَافِلِينَ ﴿١٧٢﴾ أَوْ تَقُولُوا إِنَّمَا أَشْرَكَ
 آبَاؤُنَا مِن قَبْلُ وَكُنَّا ذُرِّيَّةً مِّن بَعْدِهِمْ أَفَتُهْلِكُنَا بِمَا فَعَلَ
 الْمُبْطِلُونَ ﴿١٧٣﴾ وَكَذَلِكَ نَقُصُّلُ الْآيَاتِ وَلَعَلَّهُمْ يَرْجِعُونَ
 ﴿١٧٤﴾ وَأَتَلُ عَلَيْهِمْ بُيُوتَ الَّذِينَ ءَاتَيْنَاهُ ءَأَيْنِنَا فَاَنْسَلَخْ مِنْهَا
 فَاتِحَةً الشَّيْطَانِ فُكَانَ مِنَ الْعَاوِمِ ﴿١٧٥﴾ وَلَوْ شِئْنَا
 لَرَفَعْنَاهُ بِهَا وَلَكِنَّهُ ءَأَخْلَدَ إِلَى الْأَرْضِ وَاتَّبَعَ هُوَ فَتَجَسَّ
 كَمَثَلِ الْكَلْبِ إِنْ تَحَمَّلَ عَلَيْهِ يَلْهَثُ أَوْ تَتَرَكُهُ
 يَلْهَثُ ذَٰلِكَ مَثَلُ الْقَوْمِ الَّذِينَ كَذَّبُوا بِآيَاتِنَا فَاقْصُصْ
 الْقِصَصَ لَعَلَّهُمْ يَتَفَكَّرُونَ ﴿١٧٦﴾ سَاءَ مَثَلًا الْقَوْمِ الَّذِينَ
 كَذَّبُوا بِآيَاتِنَا وَأَنفُسِهِمْ كَانُوا بِظُلْمٍ ﴿١٧٧﴾ مِّن يَّهْدِي اللَّهُ
 فَهُوَ الْمُهْتَدِىٰ وَمَن يُضِلِلْ فَلَا وَلِيَّكَ هُمُ الْخَاسِرُونَ ﴿١٧٨﴾

١٧٣


Бір күнде тауды көлеңке тәрізді Израил ұрпақтарының үстеріне көтердік. Олар оны шын түседі деп ойлады. "Сендерге берген Кітапты мықты ұстаңдар да ішіндегілерді түсініңдер, әрине тақуа боласыңдар" (дедік.) (171) (Мұхаммед F.C.) сол уақытта Раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да өздеріне куә етіп: "Мен, сендердің Раббыларың емеспін бе?";- (дегенде,) олар: "Әрине куәміз" деген. Қиямет күні: "Бұдан хабарымыз жоқ" демендер. (Бұл "Әлмисақ" уәдесі;

жаннан алынған деген. К.Ж-Қ.) (172) Немесе: "Бұрынғы ата-бабамыз шерік қатқан еді, біз де солардың ұрпағымыз. Сонда бізді бұзақылардың қылығымен жок етесің бе?";- (демеулерің үшін.) (173) Олардың тура жолға қайтулары үшін аяттарымызды өстіп ашық баян етеміз. (174) (Мұхаммед F.C.) оларға (Яһудилерге) берген аяттарымыздан сиырылып, шайтандарға ерген, адасушылардан біреудің жағдайын түсіндір. (175) Егер қаласақ, аяттарымыз арқылы әрине оны жоғарлатар едік. Бірақ ол, жерге еңкейіп (дүниеге беріліп) нәпсіне ерді. Сонда оның мысалы: Егер оған тап берсеңде тілін салақтатып, не оны қойып қойсаң да тілін салақтататын ит тәрізді. Аяттарымызды жасынға шығарған елдің мысалы осы. (Мұхаммед F.C.) Уақиғаны оларға айтып бер. Белкім олар түсінер. (176) Сондай аяттарымызды жасынға шығарып, өздеріне зұлымдық еткен елдің сыңайы нендей жаман! (177) Алла (Т.) кімді тура жолға салса, сонда ол, тура жол тапқан болады. Және кімді адастырса, сонда олар зиянға ұшырағандар. (178)

Рас тозақ үшін де көптеген жын, адамдар жараттық. Олардың жүректері бар, алайда олар онымен түсінбейді. Көздері бар, онымен көрмейді. Және олардың құлақтары бар, ол арқылы естімейді. Олар хайуан тәрізді, тіпті одан ары адасуда. Міне солар мүлде кәперсіздер. (179) Ең жақсы атаулар Аллаға тән. Оған сол аттармен жалбарыныңдар. Алланың атында қиғаштық істейтіндерді қойып-қойыңдар. Олар істегендерінің сазайын тартады. (180) Біз жаратқан адамдардан туралыққа бастап, шындық арқылы әділетті атқаратын бір топ бар. (181) Сондай аяттарымызды жасынға айналдырғандарды олар, білмеген жақтан бірте-бірте жоямыз. (182) Тағы да оларға мұрса беремін. Әрине шараларым да қатаң. (183) Олар жолдастары (Мұхаммед F.C.) ның жыны болмағандығын түсінбеді ме? Расында ол, ашық ескертуші ғана. (184) Олар, көктер мен жердегі Алланың мүліктеріне, және Алла жаратқан нәрселеріне сондай-ақ өздерінің ажалдарының жақын болуының мүмкін екендігін ойламай ма? Ал енді олар, бұдан кейін қай сөзге сенеді? (185) Алла кімді адастырса, сонда оған тура жол




көрсетуші жоқ. Онда оларды қаңғырыстарында абыржытып қояды. (186) (Мұхаммед F.C.) олар, сенен қияметтің қашан болатындығын сұрайды: "Шынында оның мәліметі Раббымның қасында, Оның мезгілін Ол ғана білдіреді. Көктер мен жердегі ауыр жағдай (қиямет) сендерге кенеттен-ақ келеді" де. Сен оны зерттеп отырғандай-ақ сұрастырады. Шынында оның білімі Алланың қасында, бірақ адамдардың көбі оны түсінбейді" де. (187)




(Мұхаммед F.C.): "Алла қаламайынша, өзім үшін пайда, зиян келтіру күшіне ие емеспін. Егер көместі білген болсам, әрине жақсылықты көбейтіп алар едім. Сондай-ақ маған бір сәтсіздік жұғыспас еді. Мен иман келтірген елді; қорқытушы, қуандырушы ғанамын" де. (188) Ол сондай Алла, сендерді бір-ақ кісіден (Адамнан) жаратқан, және оған тиянақ үшін жұбайын (Хауаны) жаратқан. Ол жұбайына жақындасқанда, жұбайы жеңіл түрде жүкті болды. Сонда

онымен жүріп ауырлаған кезде, Аллаға: "Егер бізге игі бала берсең, әрине шүкір етушілерден болар едік" деп жалбарды. (189) Дегенмен Алла оларға дұрыс бала берген кезде, олар өздеріне берген бала жайында Аллаға шерік қата бастады. (Бұл жердегі шерік қатушылар, кейінгі ұрпақтар. Адам F.C. шерік қатудан пәк. Б.М.Р.Ж-Қ.) Алла (Т.) олардың қосқан ортақтарынан жоғары. (Пәк.) (190) Олар, еш нәрсені жаратпаған, өздері жаратылған нәрсені Аллаға шерік қата ма? (191) (Аллаға шерік қатқан нәрселері) оларға жәрдем ете алмайды әрі өздеріне де жәрдем ете алмайды. (192) Егер шерік қатқан нәрселеріңді тура жолға шақырсаңдар, олар сендерге ермейді. Оларды мейлі шақырыңдар, мейлі үндемеңдер, сендерге бәрі бір. (193) Расында Алладан өзге шоқынғандарың, өздерің сияқты құлдар. Егер шын айтсаңдар, қане оларды шақырыңдар, сендерге жауап берсін. (194) Олардың жүретін аяқтары, ұстайтын қолдары, көретін көздері немесе еститін құлақтары бар ма? (Мұхаммед F.C.) оларға: "Аллаға қосқан ортақтарыңды шақырыңдар да, сонан соң маған мұрса бермей айлакерлік жасаңдар" де. (195)

Шынында менің ием Құран түсірген Алла. Ол, жақсыларға иедершілік етеді. (196) Сендердің Алладан өзге шоқынғандарың, сендерге де жәрдем ете алмайды. Сондай-ақ өздеріне де жәрдем ете алмайды. (197) Ал және оларды тура жолға шақырсаңдар, олар естімейді. Олардың саған қарағанын көресің. Бірақ олар сені көрмейді. (198) (Мұхаммед,) кешірім жолын ұста және оларға туралықты әмір ет. Сондай-ақ білместерден бет бұр. (199) Егер шайтаннан саған бір түрткі болса, Сонда Аллаға сиын. Өйткені Ол, толық естуші, өте білуші. (200) Тақуаларға шайтан тарапынан бір сыбыс тисе, олар Алланы еске алады да қырағылық істейді. (201) Кәпірлердің туыстары (шайтандар), азғындыққа тартады да сонсоң олар қырсоңынан қалмайды. (202) (Мұхаммед F.C.) егер оларға мұғжиза келтірмесең, олар: "Оны өзің неге жасамадың?,"- дейді. Мен: "Раббым тарапынан маған уахи етілгенге ғана бой ұсынамын. Осы Құран, иман келтірген елге,



Раббыларыңнан ашық дәлелдер. Сондай-ақ тура жол әрі мәрхамет. (203) Қашан Құран оқылса, оған құлақ салып тыңдаңдар да үндемеңдер. Әрине мәрхаметке бөленесіңдер. (204) (Мұхаммед!) Раббыңа ішіңнен жалбарына қорыққан түрде бәсең сөзбен ертелі-кеш зікір ет. Сондай-ақ кәперсіздерден болма. (205) Расында Раббыңның қасындағылар (періштелер) Оған құлшылық қылудан менменсімейді де Оны дәріптеп, Оған сәжде қылады. (206)



8-ӘНФАЛ СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Жетпіс бес аят.


Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед Ғ.С.) олар, сенен ганимат малы (соғыс олжасы) жайынан сұрайды: "Ғаниматтар; Аллаға және Пайғамбарына тән. Ендеше, егер мүмін болсаңдар, Алладан қорқып, араларыңды жарастырыңдар. Және Аллаға, Пайғамбарына бой ұсыныңдар" де. (1) Сөзсіз мүміндер; Алла еске алынса, жүректері қобалжиды да оларға Алланың

аяттары оқылса, сенімдері артылып, Раббыларына тәуекел қылады. (2) Сондай-ақ олар, намазды толық орындап, оларға берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды. (3) Міне солар, шынайы мүміндер. Олар үшін Раббыларының қасында да дәрежелер және жарылқау әрі көркем несібе бар. (4) (Шам жақтан саудамен қайтқан Әбу Сүфянның керуені Мұсылмандардың Мединеден шыққанынан секем ала теңіз жағалауымен жол алған бойда Меккеге де хабар бергендіктен Әбу Жаһил мың кісілік шеру тартып, Бәдірге жетіп келеді. Сол сәтте. Алла (Т.) тарапынан Пайғамбар (Ғ.С.) ға керуен мен әскердің бірі алынатындығы білдірілгендіктен жолдастарымен кеңеседі. Б.М.Ж.К.Т.Ж-Қ.) (Мұхаммед Ғ.С.) Раббың сені, үйіңнен хақ жолына шығарғанда мүміндердің бір бөлімі жақтырмаған еді. (Ғанимат бөлуде де кейбіреулер көңілсіз болды.) (5) Шындық анықталғаннан кейін де олар көре тұра өлімге айдалғандай сенімен тартысты. (6) Сол уақытта Алла, сендерге екі топтың бірінің сендердікі болатынын уәде етуде еді. Сендер, құралсыз керуеннің сендердікі болуын қалайсыңдар. Алла өз әмірлерімен шындықты шынға шығаруды, сондай-ақ қарсы болғандардың артын түзуді қалайды. (7) Қылмыстылар жек көрсе де хақиқат шынға шықсын да бұзықтық жойылсын. (8)

(Бәдір соғысында жау мың кісі, Мұсылмандар үш жүз кісі еді. Сондықтан олар Аллаға жалбарынды да, Алла мың періште арқылы көмек етілетіндігін білдірді. Бұл Мұсылмандарды рұхтандырып, жүректерін орнықтыру үшін ғана. Р.Б.М.Х.)

Сол уақытта Раббыларыңа жалбарынууда едіңдер. Сонда Ол: "Шынында сендерге ерген мың періштемен көмек етемін" деп тілектеріңді қабыл етті. (9) Мұны қуанту әрі жүректеріңді орнықтыру үшін ғана істеді. Жәрдем, Алланың ғана қасында. (Еркінде.) Күдіксіз Алла өте үстем, хикмет иесі. (10) Сол уақытта сендерді Алла тарапынан бір тыныштық ұйқысы басуда еді. Және сендерді тазарту, өздеріңнен шайтанның ластығын кетіру, жүректеріңді орнықтырып табандарыңды бекіту үшін үстериңе көктен жаңбыр жаудыруда еді (Өйткені жау су басына түсіп Мұсылмандар шөлде қалған еді.) (11) (Мұхаммед Ғ.С.) сол уақытта Раббың періштелерге: "Расында Мен сендермен біргемін. Мүміндерге тоқтау беріңдер" деп нұсқау беруде еді. "Кәпірлердің жүректеріне қорқу саламын. Сонда мойындарының үстіне әрі қол-аяқтарына (қылышпен шабыңдар." (12) Осы,



олардың Аллаға, Елшісіне қарсы келулері себепті. Және кім Аллаға, Елшісіне қарсы келсе, шынында Алла, қатты азап иесі. (13) Міне, осыны татыңдар, сондай-ақ кәпірлер үшін от азабы бар. (14) Әй мүміндер! Егер соғыста топты жаумен кездессеңдер, сонда кейін шегінбеңдер. (15) Ал және кім соғыс күні, соғыс майданын ауыстыру немесе топқа қосылудан басқа түрде шекінсе, әрине Алланың қабырына ұшырайды. Орны тозақ, нендей жаман орын! (16)

الْبَيْتِ

سُورَةُ الْاَنْفَالِ


فَلَمْ يَقْتُلُوهُمْ وَلَكَرِهَ اللَّهُ فَلَهُمْ وَمَارَمَيْتَ إِذْ رَمَيْتَ
 وَلَكَرِهَ اللَّهُ رَمِيَّ وَإِسْبَاطِ الْمُؤْمِنِينَ مِنْهُ بَلَاءٌ حَسَنًا
 إِنَّ اللَّهَ سَمِيعٌ عَلِيمٌ ﴿١٧﴾ ذَلِكُمْ وَأَنْتَ اللَّهُ مُوْهِنٌ كَدِيدٌ
 الْكَافِرِينَ ﴿١٨﴾ إِنْ تَسْتَفِيحُوا فَقَدْ جَاءَكُمْ الْفَتْحُ
 وَإِنْ تَنْهَوْا فَهُوَ خَيْرٌ لَكُمْ وَإِنْ تَعُدُّوا نَعْدُو لَنْ تُغْنِي عَنْكُمْ
 فِتْنَتَكُمْ شَيْئًا وَلَوْ كَثُرَتْ وَأَنَّ اللَّهَ مَعَ الْمُؤْمِنِينَ ﴿١٩﴾ يَا أَيُّهَا
 الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَلَا تَوَلَّوْا آغْتَهُ وَأَنْتُمْ
 تَسْمَعُونَ ﴿٢٠﴾ وَلَا تَكُونُوا كَالَّذِينَ قَالُوا سَمِعْنَا وَهُمْ
 لَا يَسْمَعُونَ ﴿٢١﴾ إِنَّ شَرَّ الدَّوَابِّ عِنْدَ اللَّهِ الصُّمُّ الْبُكْمُ
 الَّذِينَ لَا يَعْقِلُونَ ﴿٢٢﴾ وَلَوْ عَلِمَ اللَّهُ فِيهِمْ خَيْرًا لَأَسْمَعَهُمْ
 وَلَوْ أَسْمَعَهُمْ لَتَوَلَّوْا وَهُمْ مُعْرِضُونَ ﴿٢٣﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ
 آمَنُوا اسْتَجِيبُوا لِلَّهِ وَلِلرَّسُولِ إِذَا دَعَاكُمْ لِمَا يُحْيِيكُمْ
 وَأَعْلَمُوا أَنَّ اللَّهَ يَحُولُ بَيْنَ الْمَرْءِ وَقَلْبِهِ وَأَنَّهُ إِلَهُ
 مُخْتَصِرٌ ﴿٢٤﴾ وَأَتَقُوا فِتْنَةَ الْأَصْحَابِ الَّذِينَ ظَلَمُوا
 مِنْكُمْ خَاصَّةً وَعَلِمُوا أَنَّ اللَّهَ شَدِيدُ الْعِقَابِ ﴿٢٥﴾

۱۷۹

едіңдер, расында үстемдік зияндарыңа келді. Енді егер тыйылсаңдар, сонда сендер үшін жақсы. Ал қайталасаңдар, Біз де қайталаймыз. Топтарың қанша көп болсада, сендерге әсте пайда бермейді. Өйткені Алла, мүміндермен бірге. (19) Әй мүміндер! Аллаға әрі Елшісіне бой ұсыныңдар. Және Құранды ести тұра Пайғамбардан бет бұрмаңдар. (20) Сондай-ақ тыңдамаса да: "Тыңдадық" дегендер тәрізді болмаңдар. (21) Расында Алланың қасында жәндіктердің ең жаманы, сондай шындықты түсінбейтін саңырау, сақаулар. (22) Егер Алла, оларда бір хайыр барлығын байқаса еді әрине оларға естірттер еді. Сонда Алла, оларға естіртсе де, олар бет бұрар еді. Олар негізінен жалтақойлар. (23) Әй мүміндер! сендерді өздеріңе тіршілік беретін нәрсеге (дінге) шақырған кезде, Алланың әрі Елшісінің тілін алыңдар. Және де Алланың, кісімен жүрегiнің арасына дейін килігегіндігін біліңдер. Шәксіз Алла тарапына жиналасыңдар. (24) Және сендерден жеке залым болғандарға ғана кесірі тиіп қалмайтын пітнеден сақтаныңдар. Сондай-ақ Алланың қатты азап иесі екенін біліңдер. (25)

Сонда оларды сендер өлтірмедіңдер, бірақ оларды Алла өлтірді. (Әй Мұхаммед!), Атқан кезде сен атпадың, бірақ Алла атты. Бұл мүміндерді жақсы бір сынақпен сынау үшін. Расында Алла, толық естуші, өте білуші. (17) (Алланың әмірі бойынша Пайғамбар (Ғ.С.) жерден бір уыс топырақ алып жау жаққа шашқанда көздеріне түскендіктен жеңіліс табады. Б.М.Р.Х.Т.Ж.Қ.) Жағдай осы. Расында Алла, кәпірлердің әдісін жояды. (18) (Әй мүшріктер!) Жеңіс тілеп

Сол бір заманды ойлаңдар. Сендер аз едіңдер де жер жүзінде езілген едіңдер. Сонда сендер адамдардың бас салып алып кетуінен қорқар едіңдер. Және Алла сендерді (Мединеге) орналастырып, өз көмегімен қуаттады. Сондай-ақ сендерді жақсы нәрселермен көректендірді, әрине шүкір етерсіңдер деп. (26) Әй мүміндер! Аллаға әрі Елшісіне опасыздық қылмаңдар; тағы біле тұра аманаттарыңа қиянат қылмаңдар.(27) Негізінде малдарыңды және балаларыңды сын деп біліңдер. Алланың қасында зор сыйлық бар. (28) Әй мүміндер! Егер Алладан қорықсаңдар, Ол сендерге жақсы, жаманды айыратын қабілет береді әрі жамандықтарыңды жойып жарылқайды. Алла зор кеңшілік иесі. (Мекке кәпірлері Пайғамбар Ғ.С. ды қамау, өлтіру немесе Меккеден шығарып жіберу үшін қаулы алады. Б.М.К.Р.Х.Т.) (29) (Мұхаммед Ғ.С.) ойла! Бір заманда олар сені қамауға не сені өлтіруге немесе шығаруға шара қолдануда еді. Олар шара қолданғанда, Алла шараларын бұзар еді. Алла шара



көрушілердің ең жақсысы. (30) Оларға аяттарымыз оқылғанда: "Естідік, егер қаласақ біз де бұл тәрізді айта аламыз. Бұл бұрынғылардың қана ертегілері" деген. (31) Тағы олар, сол уақытта: "Әй Алла! Егер осы Құран шынайы түрде Сенің қасыңнан болса, онда бізге көктен тас жаудыр немесе бізге күйзелтуші азап бер" деді. (32) Негізінде Алла (Т.), Сен олардың ішінде болғанда, оларға азап етпес әрі олар жарылқау тілегенде де Алла, оларды азап қылмайды. (33)

الْحَرَامَاتِ

سُورَةُ الْاَنْفَالِ


وَمَا لَهُمُ الْاَلْبَعْدُ بِهِمْ مِنْهُمُ يَصُدُّونَ عَنِ الْمَسْجِدِ
 الْحَرَامِ وَمَا كَانُوا اَوْلِيَاءَهُ اِنْ اَوْلِيَآؤُهُ اِلَّا الْمُتَّفِقُونَ
 وَلَكِنْ اَكْثَرُهُمْ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٣٤﴾ وَمَا كَانَ صَلَاتُهُمْ
 عِنْدَ الْبَيْتِ اِلَّا مَكَاةً وَتَصَدِيَةً فَذُوقُوا الْعَذَابَ
 بِمَا كُنْتُمْ تَكْفُرُونَ ﴿٣٥﴾ اِنَّ الَّذِيْنَ كَفَرُوْا يُفْقِرُوْنَ
 اَمْوَالَهُمْ لِيَصُدُّوْا عَنْ سَبِيْلِ اللّٰهِ فَسَيُفْقِرُوْنَهَا ثُمَّ تَكُوْنُ
 عَلَيْهِمْ حَسْرَةٌ ثُمَّ يُغْلَبُوْنَ وَالَّذِيْنَ كَفَرُوْا اِلَى جَهَنَّمَ
 مُخْسِرُوْنَ ﴿٣٦﴾ لِيُعَذِّبَ اللّٰهُ الَّذِيْنَ مِنَ الْاَطْيَبِ وَيَجْعَلَ
 الْاَحْيٰى بَعْضُهُمْ لى بَعْضٍ فَيَرْكُمُهُمْ جَمِيْعًا فَيَجْعَلُهُ
 فِيْ جَهَنَّمَ اَوْ اٰتِيْكَ هُمُ الْخٰسِرُوْنَ ﴿٣٧﴾ قُلْ لِلَّذِيْنَ
 كَفَرُوْا اِنْ يَنْتَهُوْا يُغْفَرْ لَهُمْ مَّا قَدْ سَلَفَ وَاِنْ يَمْوَدُّوْا
 فَقَدْ مَضَتْ سُنَّتُ الْاَوَّلِيْنَ ﴿٣٨﴾ وَفَتَلُوْهُمُ حَتّٰى
 لَا تَكُوْنُ فِتْنَةٌ وَيَكُوْنُ الَّذِيْنَ كَفَرُوْا لِلّٰهِ قٰتِلًا
 اَنْتَهُوْا قٰتِلًا اِنَّ اللّٰهَ بِمَا يَعْمَلُوْنَ بَصِيْرٌ ﴿٣٩﴾ وَاِنْ تَوَلَّوْا
 فَاعْلَمُوْا اَنَّ اللّٰهَ مَوْلٰىكُمْ يَعْزِمُ الْمَوْلٰى وَبِعَمِّ النَّصِيْرِ ﴿٤٠﴾

۱۸۱


өкініш болып, ақыр жеңіліске ұшырайды. Сондай-ақ қарсы болғандар, тозаққа айдалады. (36) Бұл Алланың таза мен ласты ажыратып, ластарды, бір-бірінің үстіне қойып, барлығын бір жерге үйіп, тозаққа салуы үшін. Міне солар, зиянға ұшыраушылар. (37) (Мұхаммед F.C.) сондай қарсы болғандарға: "Егер олар жамандықтан тыйылса, өткен күнәлары жарылқанады. Ал егер олар қайталаса, сонда өткендегілердің үкімі орындалады" де. (38) Олармен ешбір пітне қалмағанға дейін және дін бүтіндей Алланыкі болғанға дейін соғысыңдар. Егер олар тыйылса, расында Алла олардың істегендерін толық көруші. (39) Егер олар бет бұрса, сонда біліңдер, шын иелерің Алла. Ол, нендей жақсы ие, нендей жақсы жәрдемші. (40)

Олар мүміндерді Месжид Харамнан тыйып жатса, Алла оларды неге азаптамасын. Олар месжид Харамға иелікке лайық емес. Оның иелері тақуалар ғана. Бірақ олардың көбі білмейді. (34) Өйткені, олардың Кағбаның жанындағы намаздары ысқыру, қол шапалақтау ғана еді. Ал енді қарсы болғандықтарың себепті азапты татыңдар. (35) Расында сондай қарсы болғандар, малдарын, Алланың жолынан тыю үшін жұмсайды. Тағы оны жұмсай береді. Сонан кейін ол, оларға

Егер сендер Аллаға әрі дұрыс пен бұрыстың айрылған күні; екі топ қарсыласқан (Бәдір соғысы) күні құлымыз (Мұхаммед F.C.) ға түсірген аяттарымызға иман келтірген болсаңдар, дау жоқ. Сендер, соғыстан олжалап алған нәрселерден бесте бірі Аллаға тән. Сондай-ақ Пайғамбарға, жақындарына, жетімдерге, міскіндерге және жолда қалғандарға тиісті екендігін білiндер. Алланың әр нәрсеге толық күші жетеді. (41) Сол уақытта сендер, (Бәдір майданында) ойпаттың жақынында, олар, алысырақ жағында еді. Керуен сендерден төмен еді. Егер уәделескен болсаңдар да белгіленген мерзімде кездесе алмайтын едіңдер. (Бұл жағдай бұйрықша болды.) Бірақ Алланың болатын әмірі жүзеге асты. Кім жоқ болатын болса, ашық дәлел бойынша жоғалсын. Ал кім тірі қалатын болса да ашық дәлел бойынша тірі қалсын. Расында Алла, естуші, толық білуші. (42) Сол уақытта Алла, оларды саған түсінде аз көрсеткен еді. Егер оларды саған көп көрсетсе еді, әлбетте қорқар




едiңдер де, әрине iс жайында тартысар едiңдер. Бiрақ Алла қүтқарды. Расында Ол, көңiлдегiлердi толық бiлушi. (43) Сол уақытта сендер жаумен кездескен кезде, Алла, болатын iстi жүзеге асыру үшiн оларды көздерiңе аз көрсетiп, олардың көздерiнде де азайтуда едi. Бүкiл iстер Аллаға қайтарылады. (44) Әй мүмiндер! Қашан бiр (жау) топпен қарсылассаңдар мықты болыңдар да Алланы көп еске алыңдар, әрине құтыласыңдар. (45)




сендерге көмекшімін" деді. Екі топ бірін-бірі көргенде, теріс айналып: "Мен сендерден мүлде беземін. Өйткені, сендер көрмейтін нәрсені көремін. Алладан қорқамын. Алла қатты азап иесі" деді. (48) Сол уақытта мұнафықтармен жүректерінде дерті барлар: "Мұсылмандарды, діндері алдады" дейді. Негізінде кім Аллаға тәуекел қылса, расында Алла, үстем, хикмет иесі. (49) Періштелер, сондай қарсы болғандардың беттеріне, арқаларына ұрып: "Күйдіретін азапты татындар!",- деп жандарын алғанын көрсең! (50) Бұл бұрынғы өз қолдарыңмен істегендеріңнің салдарынан. Алла құлдарына зұлымдық етуші емес. (51) (Бұлардың қылығы) Перғауындықтармен, олардан бұрынғылардың қылықтары сияқты. Олар Алланың аяттарына қарсы келген еді де, Алла, оларды күнәларының салдарынан қолға алды. Күдіксіз Алла, аса қуатты, азабы қатты. (52)

Аллаға әрі Елшісіне бой ұсыныңдар, өзара жанжалдаспаңдар, онда үрейленесіңдер де құттарың қашады және сабырлы болыңдар. Расында Алла, сабырлылармен бірге. (46) Жұрттарынан шендене адамдарға мақтанып шыққандар, сондай-ақ Алланың жолынан тосатындар тәрізді болмаңдар! Алла (Т.) олардың істегендерін толық біледі. (47) Сол уақытта шайтан олардың қылықтарын өздеріне әдемі көрсетті де: "Бүгін адамдардан сәдерді жеңуші жоқ. Расында мен

Міне Алла, бір қауымға берген нығметін; олар, өздерін өзгертпейінше өзгертпейді. Шынында Алла, толық естуші, аса білуші. (53) Перғауындықтар және олардан бұрынғылардың қылығы тәрізді: Олар да Раббыларының аяттарын жасынға шығарған еді. Оларды күнәлары себепті типыл қылып, Перғауындықтарды суға батырған едік. Я, олардың барлығы залымдар еді. (54) Сөзсіз Алланың қасында жәндіктердің ең жаманы сондай қарсы болғандар. Олар иман келтірмейді. (55) (Мұхаммед F.C.) егер олармен келісім жасасаң кейін олар уәделерін әрқашан да бұзады. Олар Алладан қорықпайды. (56) (Рауаят бойынша, Пайғамбар, Мединелік Яьуди Құрайза руымен бейбітшілік келісімін жасаған бола тұра олар Бәдір соғысында келісімді бұзып, жауға болысады. Қайта жасалса да ор, қазу соғысында және уәдені бұзып, жауға болысады. Б.Ж.Р.Х.Т.Ж-Қ.) Сондықтан олармен соғыста кездесең, оларға артындағы адамдарға үлгі болатын соққы бер. Бәлкім олар түсінер. (57) Егер бір елдің опасыздығынан секем алсаң, тең түрде сен де (келісімді бұзып) өздеріне таста. Расында Алла, опасыздарды жақсы көрмейді. (58) Кәпірлер құтылдық деп ойламасын. Расында олар (Алланы) әлсірете алмайды. (59) Сендер де шамаларың келкенше әр түрлі күш әрі ат




байлаумен әзірлік көріңдер. (Сондай-ақ заманауи техникалық құралдар дайындаңдар.) Алланың дұшпанын, өз дұшпандарыңды тағы олардан өзге дұшпандарды қорқытасыңдар. Оларды сендер білмейсіңдер, Алла біледі. Ал Алла жолында не нәрсе жұмсасаңдар, сендерге толық төленеді. Әділсіздік көрмейсіңдер. (60) Егер олар, бейбітшілікке бейімдесе, сонда оларға толық бейімде. Әрі Аллаға тәуекел ет. Күдіксіз Ол, толық естуші, аса білуші. (61)




қызықтыр. Егер сендерден сабырлы жиырма кісі болса, екі жүзді жеңеді. Ал егер сендерден жүз кісі болса, көпірлерден мыңды жеңеді. Өйткені, олар түсінбейтін халық. (65) Әзір Алла, сендерден (жүкті) жеңілдетті. Расында сендерде осалдық барлығын білетін еді. Сондықтан егер сендерден сабырлы жүз кісі болса, екі жүзді жеңеді. Ал егер сендерден мың болса, Алланың рұхсатымен екі мыңды жеңеді. Өйткені Алла, сабырлылармен бірге. (66) (Пайғамбар Ғ.С. Бәдір соғысындағы жетпіс тұтқын жайында сахабалармен кеңескенде, Ғұмар Р.А. олардың өлтірілуін, Әбубекір Р.А. бодау алынып қоя берілуін ұсынады. Пайғамбар Ғ.С. соңғысын дұрыс көрді. Б.М.К.Р.Х.Т.Ж.-Қ.) Ешбір пайғамбарға жер жүзінде жауға өктем болғанға дейін тұтқын ұстау тиісті емес. Сендер дүниенің пайдасын ойлайсыңдар. Алла (сендерге) ахиретті қалайды. Алла, өте үстем, хикмет иесі. (67) Егер Алладан бір жазу (үкім) болмаған болса еді, (бодауға) алғандарыңның салдарынан зор азап ұстар еді. (68) Онда олжа түрінде алған халал, таза нәрселерді жеңдер әрі Алладан қорқыңдар. Расында Алла, өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (69)

Ал егер олар сені алдауды ойласа, шынында Алла саған жетіп асады. Өйткені, Ол сондай Алла, сені өз жәрдемімен және мүміндер арқылы қолдады. (62) Және Ол мүміндердің жүректерін қосты. Егер сен, жер жүзіндегі нәрселерді тұтас сарып қылсаң да олардың жүректерін қоса алмас едің. Бірақ Алла, олардың араларын біріктірді. Расында Ол, өте үстем, аса дана. (63) Әй Пайғамбар! Алла (Т.) саған және мүміндерден саған ергендерге жетіп асады. (64) Әй Пайғамбар! Мүміндерді соғысқа

Әй Елші! Қолдарыңдағы тұтқындарға: "Егер Алла жүректерінде бір хайыр барлығын білсе, сендерге өздеріңнен алынғаннан тағы жақсысын береді. Әрі сендерді жарылқайды. Ол Алла, өте жарылқаушы, ерекше мейірімді" де. (70) Егер тұтқындар саған опасыздық істегісі келсе, расында олар бұрын Аллаға да опасыздық істеген еді. Сондықтан сені олардан ықпалды қылды. Алла толық білуші, хикмет иесі. (71) Шынында иман келтіргендер, отандарынан ауғандар, және малдарымен, жандарымен Алла жолында соғысқандар, сондай-ақ босқындарды орналастырып, көмек еткендер, міне бұлар, бір-бірінің досы. Ал және иман келтіріп, көше алмағандар болса, олар да көшкенге дейін сендерге олардың ешбір ағайындығы жоқ. Онымен қатар, егер олар, сендерден дін жайында бір жәрдем тілесе, сонда сендерге көмек ету міндет болады. Бірақ олар сендермен араларыңда келісім болған елде болса, оның жөні басқа. Алла істегендеріңді толық көруші. (72) Ал сонда кәпірлер де біріне-бірі дос. Егер бірлеспесендер, жер жүзінде пітне және зор бүліншілік



болады. (73) Иман келтіргендер, отандарынан ауғандар, Алла жолында соғысқандар, мұғажірлерді орнастырып, көмек еткендер, міне бұлар; нағыз мүміндер. Оларға жарылқау және көркем несібе бар. (74) Сондай-ақ кейін иман келтіргендер, отандарынан ауғандар, және сендермен бірге соғысқандар, міне бұлар; сендерден. Және туысқандар Алланың Кітабында бір-біріне тағы жақын. Расында Алла, барлық нәрсені толық біледі. (75)




9-ТӘУБЕ СҮРЕСІ:

Мединеде түскен. Жүз жиырма тоғыз аят.

(Бұл сүре, Анфал сүресінің жалғасы ма? Жоқ өз алдына бір сүре ме? Анықталмағандығы және Пайғамбар (Ғ.С.) нұсқау бермегендігі үшін "Бисмілла" жазылмаған. Б.Ж.К.Х.Ж.-Қ.) Бұл, Алладан және Елшісінен, келісім жасасқан мүшріктерге бір құлақтандыру. (1) (Әй мүшріктер!) Жер жүзінде төрт ай кезіңдер. Расында Алланы осалдата алмайтындықтың және Алла

(Т.), кәпірлерді қорлайтынын біліңдер (2) Ал бұл ірі Хаж күні, Алладан, Елшісінен халыққа бір жарнама: Расында Алла және Елшісі мүшріктерден безеді. Егер тәубе қылсаңдар, сендер үшін жақсы болады. Ал егер жалтайсаңдар, Алланы еш осалдата алмайтындықтың біліңдер. (Әй Мұхаммед!) Қарсы болғандарды күйзелтуші азаппен шүйіншіле. (3) Бірақ келісім жасасқан мүшріктерден кейін сендерге түк кемшілік істемесе, біреуге көмек етпесе; онда олардың келісімдерін мерзіміне дейін тамамдаңдар. Расында Алла тақуаларды жақсы көреді. (4) Ал қашан құрметті айлар шықса, сонда мүшріктерді қайдан тапсаңдар да өлтіріңдер. Оларды ұстаңдар, қамандар және олардың бүкіл жолдарын аңдып отырыңдар. Сонда егер олар, тәубе қылса, намазды толық орындап, зекет берсе, онда олардың жолын бос қойыңдар. Расында Алла жарылқаушы, ерекше мейірімді. (5) (Мұхаммед Ғ.С.) егер мүшріктерден біреу сенен пана тілесе, онда оған Алланың сөзін тыңдағанға дейін пана бер. Сонан соң оны бейбіт орнына жеткіз. Бұл олардың түк білмейтін ел екендігінен. (6)



Ол мүшріктердің Алла қасында, Елшісінің қасында қалай келісімі бола алады? Бірақ Месжід Харамда, бітім жасасқандарыңдікі болады. Олар сендерге түзу сыңай байқатса, сендер де оларға түзу ыңғыл көрсетіңдер. Алла сақтанушыларды жақсы көреді. (7) Қалайша (олармен келісім болады?) Егер олар сендерге өктем келсе, сендер туралы жақындыққа да келісімге де қарамас еді. Олар, сендерді ауыздарымен разы қылмақшы да, жүректері ұнатпайды. Өйткені олардың көбі бұзақы. (8) Олар Алланың аяттарын аз бағаға сатып, Оның жолынан тосты. Олардың істеген істері нендей жаман. (9) Олар мүмін жайында жақындықты да келісімді де сақтамайды. Міне солар, шектен шыққандар. (10) Сонда егер олар, тәубе етіп, намазды толық орындап, зекет берсе, онда олар сендердің дін қарындастарың. Білген елге аяттарымызды ашық-ашық баян

етеміз. (11) Егер олар, уәделескеннен кейін анттарын бұзып, діндеріңе тіл тигізе, қарсылыққа жетекші болғандармен соғысыңдар. Өйткені олардікі ант емес. Олар бәлкім тыйылар. (12) (Әй мүміндер!) Анттарын бұзған, Пайғамбарды жұртынан шығаруға бел байлаған және сендерге килігуді алғаш рет бастаған бір елмен неге соғыспайсыңдар? Олардан қорқасыңдар ма? Егер иман келтірген болсаңдар, қорқуларыңа Алла тағы лайығырақ. (13)

سُورَةُ التَّوْبَةِ الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي


قَتَلُوهُمْ يَعِدُّ اللَّهُ أَيَّدِيكُم وَيُخْرِجُهُم وَيَصْرِكُم
 عَلَيْهِمْ وَيَشْفِ صُدُورَ قَوْمٍ مُّؤْمِنِينَ ﴿١٤﴾ وَيَذْهَبُ
 غَيْظَ قُلُوبِهِمْ وَيَتُوبُ اللَّهُ عَلَىٰ مَنْ يَشَاءُ وَاللَّهُ عَلِيمٌ حَكِيمٌ
 ﴿١٥﴾ أَمْ حَسِبْتُمْ أَنْ تُتْرَكُوا وَلَمَّا يَعْلَمِ اللَّهُ الَّذِينَ جَاهَدُوا
 مِنكُمْ وَلَمْ يَتَّخِذُوا مِن دُونِ اللَّهِ وَلَا رَسُولِهِ وَلَا الْمُؤْمِنِينَ
 وَلِجَنَّةٍ وَاللَّهُ خَبِيرٌ بِمَا تَعْمَلُونَ ﴿١٦﴾ مَا كَانَ لِلْمُشْرِكِينَ
 أَنْ يَعْمُرُوا مَسْجِدَ اللَّهِ شَاهِدِينَ عَلَىٰ أَنفُسِهِمْ بِالْكَفْرِ
 أُولَٰئِكَ حِطَّتْ أَعْمَالُهُمْ فِي النَّارِ هُمْ خَالِدُونَ ﴿١٧﴾
 إِنَّمَا يَعْمُرُ مَسْجِدَ اللَّهِ مَنَآءَمَنَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ
 وَأَقَامَ الصَّلَاةَ وَآتَى الزَّكَاةَ وَلَمْ يَخْشَ إِلَّا اللَّهَ فَعَسَىٰ
 أُولَٰئِكَ أَنْ يَكُونُوا مِنَ الْمُتَهَدِّينَ ﴿١٨﴾ أَجَعَلْتُم سِقَايَةَ
 الْحَاجِّ وَعِمَارَةَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ كَمَنَآءَمَنَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ
 وَجَاهَدَ فِي سَبِيلِ اللَّهِ لَا يَتَّخِذُونَ عِنْدَ اللَّهِ وَلَايَةً إِلَّا يَهْدَى الْقَوْمَ
 الظَّالِمِينَ ﴿١٩﴾ الَّذِينَ آمَنُوا وَهَاجَرُوا وَجَاهَدُوا فِي سَبِيلِ اللَّهِ
 بِأَمْوَالِهِمْ وَأَنفُسِهِمْ أَعْظَمَ دَرَجَةً عِنْدَ اللَّهِ وَأُولَٰئِكَ هُمُ الْفَائِزُونَ ﴿٢٠﴾

۱۸۹


анықтамай бос қоя береді деп ойлайсыңдар ма? Алла істегендеріңді толық білуші. (16) Мүшріктердің, өздерінің қарсылықтарына куә бола тұра (кәпір халінде тұрып) Алланың мешіттерін жасауларына болмайды. Олардың гамалдары жойылған. Олар тозақта мүлде қалады. (17) Алланың мешіттерін шынайы түрде Аллаға, ахирет күніне сенген, намазды толық орындаған, зекет берген және Алладан ғана қорыққан кісі жасайды. Міне солардың тура жол табушылардан болулары үміт етіледі. (18) (Әй мүшріктер!) Сендер, хажыларға су беру, Месжид Харамды жөндеуді; Аллаға, ахирет күніне иман келтіріп, және Алла жолында соғысқан кісі сияқты көресіндер ме? Бұлар, Алланың қасында тең болмайды. Алла залым қауымды тура жолға салмайды. (19) Сондай иман келтіріп, жұрттарынан ауғандар және Алла жолында малдарымен, жандарымен соғысқандар, Алланың қасында ірі дәрежеге ие. Міне солар, мұратына жетушілер. (20)

Олармен соғысыңдар. Алла оларға сендердің қолдарыңмен азап етсін де оларды қорласын. Әрі оларға қарсы сендерге нұсырат берсін. Сондай-ақ иман келтірген елдің көңілдерін ашсын. (14) Және (олардан жапа шеккендер,) жүректерінің ашуын тарқатсын. Алла кімді қаласа, тәубесін қабыл етеді. Алла толық білуші, аса дана. (15) Сендер іштеріңнен соғысқандарды сондай-ақ Алладан, Пайғамбардан және мүміндерден басқаны дос етбегендерді Алла,

Оларды Раббылары өзінің мәрхаметімен және ризалығымен сондай-ақ тұрақты нығметке ие жаннаттарымен қуантады. (21) Олар онда мәңгі қалушылар. Расында Алланың қасында ірі сыйлық бар. (22) Әй мүміндер! Егер әкелерің, туыстарың иманнан көрі қарсылықты жақсы көрсе, оларды дос тұтпаңдар. Ал сендерден кім оларды дос тұтса, онда олар залымдар. (23) (Мұхаммед F.C.): "Егер әкелерің, балаларың, туыстарың әйелдерің, ағайындарың, тапқан малдарың, тоқтап қалуынан қорыққан саудаларың, жақсы көрген үйлерің сендерге Алладан, Пайғамбарынан әрі Оның жолында соғысудан артық көрінсе, Алланың әмірі келгенге дейін күтіңдер" де. Алла бұзық қауымды тура жолға салмайды. (24) (Меккенің алынуынан кейін, Мекке мен Тайіптің арасындағы "Хұнайын" деген жерде болған шайқаста, жау төрт мың Мұсылмандар он екі мың болғандықтан қайтсек те жеңеміз деп ойлайды. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.Ж.-Қ.)




Расында Алла, сендерге көп жерлерде нұсрат берді. Сондай-ақ Хұнайын күні де сендерге нұсрат берді. Сол уақытта көптіктеріңе мәз болған едіңдер. Сонда ол, сендерге түк пайда бермеді. Сондай-ақ кең бола тұра жер, сендерге тар келді. Сонан соң бет бұрып қайта қаштыңдар. (25) Сонан кейін Алла, Елшісіне әрі мүміндерге тоқтау салды. Сондай-ақ сендерге көрмеген әскер жіберіп, көпірлерге соққы берді. Міне көпірлердің жазасы осы. (26)



еткен нәрселерін арам деп білмегендер және де хақ дінді (Исламды) дін деп мойындамағандарменен стмірейіп, өз қолдарынан салық бергенге дейін соғысыңдар. (29) (Өйткені) Яһудилер: "Ғұзайыр Алланың ұлы" деді. Және Христиандар да: "Ғиса Алланың ұлы" деді. Бұл, бұрынғы кәпірлердің сөзіне ұқсатып, ауыздарымен айтқандары. Құдай атқырлар, қайтып алданып отыр. (30) Олар, (Яһуди, Христиандар,) ғалымдарымен машайыхтарын және Мәрйем ұлы Ғисаны Алладан өзге тәңір қып алды. Негізінде олар, бір Тәңірге ғана құлшылық қылуға бұйырылған болатын. Өйткені, Одан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ол, олардың қосқан шерігінен пәк. (31) (Рұғбаң: Христиандардың, Ахбар: Яһудилердің дін басылары.)

Сонымен бірге Алла, бұл соғыстан кейін қалаған кісісіне тәубе нәсіп етер. Алла тым жарылқаушы, ерекше мейірімді. (27) Әй иман келтіргендер! Дау жоқ, мүшріктер арам. Сондықтан биылдан кейін Месжід Харамға жоламасын. Кедейліктен қорықсаңдар, егер Алла қаласа, сендерді өз кеңшілігімен байытады... Расында Алла толық білуші, хикмет иесі. (28) Кітап берілгендерден, Аллаға, ахирет күніне иман келтірмегендер және Алланың әрі Елшісінің арам



Олар, Алланың нұрын (дінін) ауыздарымен өшіруді қалайды. Егер кәпірлер жек көрсе де, Алла (Т.) мұны ұнатпайды да өз нұрын толықтайды. (32) Өйткені, Ол, елшісін туралық және хақ дінменен бүкіл діндерге басым болсын деп жіберген. Егер мүшріктер жақтырмаса да. (33) Әй мүміндер! Ғалымдарымен машайыхтарының көбі, адамдардың малдарын бұзықтық арқылы жейді. Сондай-ақ Алланың жолынан тосады. (Мұхаммед Ғ.С.) сондай алтын, күмісті жиып, оны Алла жолында жұмсамағандарды күйзелтуші азаппен шүйіншіле. (34) Қиямет күнінде олар тозақ отында қыздырылып, онымен олардың маңдайлары, қабырғалары және арқалары таңбаланып: "Мынау өздерің үшін жиғандарың. Ал енді жиғандарыңның дәмін татыңдар"

(делінеді.) (35) Расында Алланың қасында көктер мен жерді жаратқалы Алланың Кітабындағы айлардың саны он екі. Бұлардан төртеуі құрметті айлар. Міне осы берік дін. Онда бұл айларда өздеріңе зұлымдық етпеңдер. Сондай-ақ мүшріктер сендермен түгел соғысқандай сендер де олармен түгелдей соғысыңдар. Әрі расында Алла тақуалармен бірге екенін біліңдер. (36) Құрметті айлар: Зылқағда, Зілхажжа, Мұхаррам және Режел.)

سُورَةُ التَّوْبَةِ


الْمَائِدَةِ

إِنَّمَا النَّسِيءُ زِيَادَةٌ فِي الْكُفْرِ يُضَلُّ بِهِ الَّذِينَ كَفَرُوا
 يُحِلُّونَهُ عَامًا وَيُحَرِّمُونَهُ عَامًا لِيُوَاطِّئُوا عِدَّةَ مَا حَرَّمَ اللَّهُ
 فَيُحِلُّوا مَا حَرَّمَ اللَّهُ زُرِينُ لَهُمْ سَوْءُ أَعْمَالِهِمْ وَاللَّهُ
 لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الْكَافِرِينَ ﴿٣٧﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ
 آمَنُوا مَا لَكُمْ إِذَا قِيلَ لَكُمْ أَنْفِرُوا فِي سَبِيلِ اللَّهِ أَنْ أَقَلْتُمْ
 إِلَى الْأَرْضِ أَرْضَيْتُمْ بِالْحَيَاةِ الدُّنْيَا مِنَ الْآخِرَةِ
 فَمَا مَتَّعُ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا فِي الْآخِرَةِ إِلَّا قَلِيلٌ ﴿٣٨﴾
 إِنَّا نَنْفِرُ وَأَعِدُّنَا بِكُمْ عَذَابًا أَلِيمًا وَنَسْتَبْدِلُ قَوْمًا
 بِكُمْ وَلَا تَنْصُرُوهُمُ شَيْئًا وَاللَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ
 قَدِيرٌ ﴿٣٩﴾ إِنَّا نَنْصُرُهُ فَقَدْ نَصَرَهُ اللَّهُ إِذَا أَخْرَجَهُ
 الَّذِينَ كَفَرُوا وَإِنَّا لَأَشْيَيْنَ إِذْ هُمْ فِي النَّارِ إِذْ
 يَقُولُ لِصَاحِبِهِ لَا تَحْزَنْ إِنَّا اللَّهُ مَعَكَ فَأَنْزَلَ
 اللَّهُ سَكِينَتَهُ عَلَيْهِ وَأَيَّدَهُ بِجُودٍ لَمْ تَرَوْهَا
 وَجَعَلَ لِكَلِمَةِ الَّذِينَ كَفَرُوا أَسْفَلًا
 وَكَلِمَةَ اللَّهِ هِيَ الْعُلْيَا وَاللَّهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ ﴿٤٠﴾


(37) Әй мүміндер! Сендерге не болды? "Алла жолында соғысқа шығыңдар!", - делінген кезде, салмақтарыңды жерге салдыңдар. (Жерден қозғалғыларың келмеді.) Ахиреттен көрі дүние тіршілігін қоштадыңдар ма? Негізінде дүние тіршілігінің пайдасы ахиретке қарағанда өте аз ғана. (38) Егер соғысқа шықпасаңдар, Алла сендерді жан түршігерлік азапқа ұшыратады. Сондай-ақ орындарыңа басқа қауым келтіреді. Сендер Аллаға ешбір зиян келтіре алмайсыңдар. Алла, әр нәрсеге күші жетуші. (39) Егер сендер Пайғамбарға жәрдем етпесендер де оны, кәпірлер Меккеден шығарған кезде; үңгірдегі екiнiң бiрi болған сәтте, оған Алла жәрдем еткен. Сол уақытта (Мұхаммед Ғ.С.) жолдасына (Хазірет Әбу Бекірге): "Кейіме! Расында Алла бізбен бірге" дегенде, Алла оған тоқтау салды. Сондай-ақ оны, сендер көрмейтін әскерлермен қолдады. Сөйтіп кәпірлердің сөзін төмендетті. Алланың сөзі; жоғары. Алла өте үстем, хикмет иесі. (40)

(Араптар жаһилиет заманында, соғысуға болмайтын құрметті айда соғысып, оның орнына басқа айда соғыспай орнын толтыратын болған. Б.Ж.Р.М.К.Х.Т.Ж-Қ.) Сөзсіз айды кешіктіру; қарсылықты артыру. Сонымен кәпірлер жолдан шығарылады. Алланың арам еткен айының санын толтыру үшін; оны бір жыл арам етіп, бір жыл халал етеді. Сөйтіп Алланың арам еткенін халал етеді. Олардың жаман істері өздеріне әйбет көрсетілді. Алла, қарсы елді тура жолға салмайды.

(Әй мүміндер!) Жеңіл әрі ауыр түрде соғысқа шығындар. Сондай-ақ Алла жолында малдарыңмен, жандарыңмен соғысыңдар. Осыларың сендер үшін хайырлы, егер білген болсаңдар. (41) (Мұхаммед F.C.) егер жақындағы бір пайда, қолайлы сапар болса еді, әрине саған олар ілесер еді. Бірақ оларға машақатты сапар (Тәубк жолы) өздерін әлекке салады. Алла олардың мүлде суайт екенін біледі. (42) (Мұхаммед F.C.) Алла сені кешірсін. Саған шын айтқандар анықталып, өтірікшілерді білмейінше оларға неге рұхсат бердің? (43) Өйткені Аллаға, ахирет күніне иман келтіргендер, Алла жолында малдарымен, жандарымен соғысуда сылтауратпайды. Алла тақуаларды жақсы біледі. (44) Шынында сенен, Аллаға, ахирет күніне сенбегендер, жүректері күдіктеніп күмән ішінде екі ойлы болғандар ғана рұхсат сұрап




сылтауратады. (45) Егер ол мұнафықтар соғысқа шығуды қаласа, әрине ол үшін бір әзірлік көрер еді. Бірақ Алла, олардың қимылдарын жақтырмады. Сондықтан оларды тосып қойды. Сондай-ақ оларға: "Отырушылармен бірге отырыңдар" делінді. (46) Егер олар, іштеріңде шықса да сұрқиялықты ғана арттырады. Әрине араларыңда пітне ізденіп жүгірер еді. Іштеріңде олардың тыңшылары да бар. Алла залымдарды жақсы біледі. (47)



едік” дейді де олар сүйініп қайтады (50) (Мұхаммед F.C.): “Бізге Алланың жазғаны ғана болады. Ол біздің иеміз. Мүміндер Аллаға тәуекел қылсын” де. (51) Оларға: “Сендер, бізге (ғазилық, шәхиттік) екі игіліктің бірінен басқаның келуін күтесіңдер ме? Біз Алланың сендерге өз қасынан немесе біздің қолымыздан бір азап жеткізуін күтеміз. Ал онда сендер де тосыңдар, бізде сендермен бірге тосайық” де. (52) Оларға: “Малдарынды мейлі бейілді, немесе бейілсіз түрде сарып қылыңдар. Сендерден әсте қабыл етілмейді. Өйткені сендер бұзақы елсіңдер” де. (53) Тек қана олардың сарып қылғандарын олардан қабыл болуына кедергі болған жағдай: Аллаға, Елшісіне қарсы болғандықтары, намазға өте жалқаулықпен келулері және олардың аса жек көрген түрде мал сарып қылулары. (54)

(Мұхаммед F.C.) расында бұлар бұрын (Ұхыт соғысында) да пітне іздеп, істерінді терісіне айналдырған еді. Ақыр олар, жек көрсе де хақиқат келіп, Алланың әмірі үстем болды. (48) Олардан кей адам: “Маған рұхсат бер, әлекке салма” дейді. Байқаңдар, олар негізінен әлекке түскендер. Сөзсіз тозақ, кәпірлерді орап алады. (49) (Мұхаммед F.C.) егер саған бір игілік жетсе, олар оны жек көреді. Ал егер саған бір қайғы жетсе: “Ісімізді бұрын ыңғайлап алған

(Мұхаммед F.C.) онда сені олардың малдары, балалары таңырқатпасын. Шынында Алла, ол арқылы оларды дүние тіршілігінде азаптауды және қарсы болған бойда олардың жандарының шығуын қалайды. (55) Олар: "Рас біз де сендерденбіз" деп Алланың атымен ант ішеді. Негізінде олар, сендерден емес. Бірақ олар қорқақ халық. (56) Егер олар бір пана тапса, немесе үңгірдер, не бір кірерге тесік тапса, әрине олар, солай бұрылып ұмтылар еді. (57) (Мұхаммед F.C.) олардың кейбіреуі садақалар жайында сені сөгеді. Оларға одан берілсе разы болып, егер оларға одан берілмесе онда олар ыза болады. (58) Егер олар рас Алланың, Елшісінің өздеріне бергеніне разы болса және: "Алла бізге жеткілікті. Жақында Алла және Елшісі бізге мәрхаметімен береді. Расында біз Аллаға ынтықбыз" десе еді. (59) Шын мәнінде садақалар (зекеттер), Алла тарапынан бір парыз: Қолы тар пақырларға, түгі жоқ міскіндерге, оны жинауға белгіленгендерге, көңілдері алынатын (жаңа Мұсылман) дарға, құлды азат етуге, борыштыларға,



Алла жолына және жолда қалғандарға беріледі. Алла әр нәрсені білуші, хикмет иесі. (60) Олардың кейбіреуі Пайғамбарға: "Ол бір құлақ (не болса соны тыңдайды)" деп жапа береді. (Мұхаммед F.C.) оларға: "Ол, сендер үшін хайырлы бір құлақ. Аллаға иман келтіреді де Мұсылмандарға сенеді. Сондай-ақ сендерден иман келтіргендер үшін бір рақмет. Алланың Елшісіне жапа бергендерге күйзелтуші азап бар" (61).

سُورَةُ التَّوْبَةِ


الْمُنْفِقِينَ

يَخْلِفُونَ بِاللَّهِ لَكُمْ لِيَرْضَوْكُمْ وَاللَّهُ وَرَسُولُهُ أَحْسَنُ
 أَنْ يُرْضَوْهُ إِنْ كَانُوا مُؤْمِنِينَ ﴿٦٢﴾ أَلَمْ يَعْلَمُوا أَنَّهُ
 مِنْ يُحَادِدِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ فَأَنَّ لَهُ نَارَ جَهَنَّمَ خَالِدًا فِيهَا
 ذَلِكَ الْخِزْيُ الْعَظِيمُ ﴿٦٣﴾ يَحْذَرُ الْمُنْفِقُونَ
 أَنْ نَزَلَ عَلَيْهِمْ سُورَةُ تُنَبِّئُهُمْ بِمَا فِي قُلُوبِهِمْ قُلِ اسْتَزِرُّوهُ
 إِنَّ اللَّهَ مُخْرِجٌ مَا تَحْذَرُونَ ﴿٦٤﴾ وَلَكِنْ سَأَلْتَهُمْ
 لِيَقُولُوا إِنَّمَا كُنَّا نَخُوذُ وَنَلْعَبُ قُلِ أَيْدِيكُمْ وَأَيْدِيهِمْ
 وَرَسُولُهُ كُنْتُمْ سَتَرٌ لَكُمْ أَنْ لَا تَعْلَمُوا قَدْ كَفَرْتُمْ
 بَعْدَ إِيمَانِكُمْ إِنْ نَعَفَ عَنْ طَائِفَةٍ مِنْكُمْ نَعَدْتَ طَائِفَةً
 يَأْتَهُمْ كَانُوا مُجْرِمِينَ ﴿٦٥﴾ الْمُنْفِقُونَ وَالْمُنْفِقَاتُ
 بَعْضُهُمْ مِنْ بَعْضٍ يَأْمُرُونَ بِالْمُنْكَرِ وَيَنْهَوْنَ
 عَنِ الْمَعْرُوفِ وَيَقْبِضُونَ أَيْدِيَهُمْ سَوْأَ اللَّهُ قَسِيمٌ
 إِنَّ الْمُنْفِقِينَ هُمُ الْفٰسِقُونَ ﴿٦٦﴾ وَعَدَّ اللَّهُ
 الْمُنْفِقِينَ وَالْمُنْفِقَاتُ وَالْكٰفِرَاتُ نَارَ جَهَنَّمَ خٰلِدِينَ
 فِيهَا هِيَ حٰسِبُهُمْ وَلَعْنَةُ اللَّهِ عَلَيْهِمْ وَأَلْعَابُ عَذَابٍ مُقِيمٍ ﴿٦٧﴾

۱۹۷

ол алысырақ" деп өзара тәлкектеп күліседі. Б.М.К.Р.Х.Т.Ж-Қ.) Екі жүзділер, өздеріне байланысты жүрегіндегілерден хабар беретін бір сүренің түсуінен қорқады. (Мұхаммед Ғ.С.): "Қылжақтай тұрыңдар. Расында Алла сескенгендеріңді жарыққа шығарады" де. (64) Егер олардан сұрасаң: "Әрине біз әншейін сөзге кірісіп, ойнап едік" дейді. Оларға: "Алламен аяттарымен және Елшісімен қалжақтаған болдыңдар ма?",- де. (65) Желеуретпендер! Сендер иман келтіргеннен кейін қарсы шықтыңдар. Сендерден бір топты кешірім етсең те, бір бөлімін күнәкар болғандықтарының салдарынан азапқа ұшыратамыз (66) Мұнафық ерлер мен әйелдер, бірі-бірінен. (Бәрі бір.) Олар жамандыққа бұйырып, игіліктен тосады. Сондай-ақ олар қолдарын жұмады. (Сараңдық қылады.) Олар Алланы ұмытты. Сондықтан Алла, оларды ұмытты. Расында мұнафықтар, олар бұзықтар. (67) Алла, мұнафық ерлер мен мұнафық әйелдерге және кәпірлерге ішінде мүлде қалатын тозақ отын уәде етті. Сол, оларға жетеді. Сондай-ақ Алла оларға лағынет етті. Әрі оларға тұрақты қинау бар. (68)

Олар сендерді разы қылу үшін Алланың атымен ант береді. Егер олар иман келтірген болса, Алланы және Елшісін разы қылуларына тиісті еді. (62) Олар, біреу Аллаға әрі Елшісіне қарсы келсе, расында оған ішінде мәңгі қалатұғын тозақ оты бар екенін білмей ме? Міне, ірі қорлық осы. (63) (Тәбүк соғысына кетіп бара жатқанда мұнафықтар, жандарынан өткен Пайғамбар (Ғ.С.) ға қарап: "Мына ерлерге қараңдар. Шамның қамалын бұзып, Рұмның бекіністерін алмақшы. Бұларға әлі



(Мүнафықтар!) Өздеріңнен бұрынғылар сияқтысыңдар. Олар, сендерден де күшті және малдар, балалар тұрғысынан да көп еді. Олар, дүниеде несібелерінен пайдаланған еді. Ал сендер де, бұрынғылар несібелерінен пайдаланғандай несібелеріңнен пайдаландыңдар. Сондай-ақ жамандыққа олар сүңгігендей сендер де сүңгідіңдер. Солардың дүние, ахиреттегі ғамалдары жойылып кетті. Міне солар зиян етушілер. (69) Оларға өздерінен бұрынғы Нұх, Ғад, Сәмүд қауымдары және Ыбырайым қауымы және Мәдян елі, ойран болған кенттердің хабары келмеді ме? Соларға пайғамбарлары ашық дәлелдер келтірген. Алла оларға зұлымдық қылмады. Олар өздеріне зұлымдық қылды. (70) Мүмін ерлер

мен мүмін әйелдер, бір-біріне көмекші. Олар дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосады. Сондай-ақ олар намаздарын толық орындап, зекет беріп, Аллаға, Елшісіне бой ұсынады. Соларды Алла, мәрхаметіне бөлейді. Расында Алла тым үстем, аса дана. (71) Алла мүмін ерлер мен мүмін әйелдерге астарынан өзендер ағатын, олар онда мүлде қалатын бақшалар және Ғадын жаннатында, көркем орындар уәде етті. Ал Алланың ризалығы өте зор табыс. Міне осы, үлкен қол жетушілік. (72)

سورة التوبة

المائدة العشر

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ جَاهَدُوا الْكُفْرَ وَالْمُنَافِقِينَ وَأَعْلَظْ عَلَيْهِمْ
وَمَا وَنَهُمْ جَهَنَّمُ وَيَسَّرَ الْمَصِيرَ ﴿٧٣﴾ يَخْلُقُونَ بِاللَّهِ
مَا قَالُوا وَلَقَدْ قَالُوا كَلِمَةَ الْكُفْرِ وَكَفَرُوا بَعْدَ إِسْلَامِهِمْ
وَهُمْ أُولَاؤُا لِرَبِّنَا أَلَا أَنَا غَنَمْنَاهُمُ اللَّهُ وَسُوَّلُهُ
مِنْ فَضْلِهِ فَإِن تَوْبُوا يَكْ خَيْرًا لَهُمْ وَإِن يَسْتَوُوا بَعْدَ ذَلِكَ
أَلَّهُ عَذَابًا أَلِيمًا فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ وَمَا لَهُمْ فِي الْأَرْضِ
مِنْ دَرِي وَلَا نَصِيرٍ ﴿٧٤﴾ وَمَنْ مِّنْهُمْ مَّنْ عَاهَدَ اللَّهُ لَئِن
ءَاتَيْنَاهُ مِنْ فَضْلِهِ لَنَصَّدَّقَنَّ وَلَنَكُونَنَّ مِنَ الصَّالِحِينَ ﴿٧٥﴾
فَلَمَّا ءَاتَاهُمْ مِنْ فَضْلِهِ بَخِلُوا بِهِ وَتَوَلَّوْا وَهُمْ مُّعْرِضُونَ
﴿٧٦﴾ فَأَعْقَبَهُمْ نِقَافًا فِي قُلُوبِهِمْ إِلَى يَوْمِ يَلْقَوْنَهُ بِمَا أَخْلَقُوا
أَلَّهُ مَا وَعَدُوهُ وَبِمَا كَانُوا يَكْذِبُونَ ﴿٧٧﴾ أَلْوَيْعَلَمُوا
أَنَّهُ لَئِن يَسَلَّمْ بِرَهُمْ وَنَجَّوْنَهُمْ وَأَنَّهُ لَئِن يَسَلَّمْ
أَلْعُيُوبِ ﴿٧٨﴾ الَّذِينَ يَلْمِزُونَ الْمُطَّوِّعِينَ مِنَ
أَلْمُؤْمِنِينَ فِي الصَّدَقَاتِ وَالَّذِينَ لَا يَجِدُونَ إِلَّا
جَهْدَهُمْ فَيَسْخَرُونَ مِنْهُمْ سَخِرَ اللَّهُ مِنْهُمْ وَلَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ ﴿٧٩﴾


عذاب
الحرب

199

Әй Пайғамбар! Кәпірлер және мунафықтармен күрес. Оларға қатаң бол. Олардың орны тозақ, қайтып барар орны қандай жаман. (73) Олар: "Айтпадық" деп Алланың атымен ант ішеді. Расында олар қарсылық сөз айтқан болатын. Сондай-ақ олар Мұсылман болғаннан кейін кәпір болды. Тағы олар, бойдары жетпейтін нәрседен ой қылды. (Тәбүк соғысынан қайтқанда мунафықтар Пайғамбар (F.C.) дың түйесін түнде шұңқырға түсіруге тырысады. Б.Ж.М.К.Р.Т.Ж-Қ.) Олар

Алланы және Елшісін мәрхаметімен байытқандығы үшін ғана міндейді. (Шүкірсіздік етеді.) Егер олар тәубе қылса, өздері үшін жақсы. Ал егер олар жалтарса, Алла оларды дүние, ахиретте азапқа ұшыратады. Сондай-ақ оларға жер жүзінде не дос не жәрдемші жоқ. (74) Тағы олардан біреулер: "Егер Алла, бізге өз кеңшілігінен мал берсе, әрине садақа беріп, игілерден болар едік" деп Аллаға серт берді. (75) Сонда Алла оған өз ілтипатымен берген кезде, Оның бергеніне сараңдық қылды. Сөзінен айныды. Олар негізінен жалтақойлар. (76) Енді Аллаға берген уәделеріне қарсы келіп, өтірік айтқандықтары үшін Алла өзіне жолығатын күнге дейін олардың жүректеріне екі беткейлік салып, қояды. (77) Олар сырлары мен сыбырларын Алланың анық білетіндігін білмеді ме? Шынайы түрде Алла (Т.) көместерді толық біледі. (78) Сондай мүміндерден садақаларда, ынталы болушыларды айыптағандар, тағы тырысып тапқанын ғана бергендерді, тәлкектегендерді, Алла мазаққа ұшыратады. Әрі олар үшін жан түршігерлік қинау бар. (79) (Мұнафықтар көп бергенді сындап, аз бергенді сықақ қылатын еді.)

(Мұхаммед Ғ.С.) мұнафықтар үшін жарылқануларын тілесен де, тілемесен де тіпті олар үшін жетпіс қайта жарылқануын тілесен де, Алла, оларды әсте жарылқамайды. Бұл олардың Аллаға, Елшісіне қарсы болғандықтарынан. Алла бұзақы халықты тура жолға салмайды. (80) Олар Алланың Елшісіне қарсы болып, соғысқа бармай отырып қалғандарына мәз болды. Сондай-ақ олар Алла жолында малдарымен, жандарымен соғысуды жек көреді. Олар: "Бұл ыстықта соғысқа шықпаңдар" деді. Егер түсінетін болса: "Тозақ оты тағы қатты ыстық" де. (81) Енді олар, істегендерінің салдарынан аз күлсін, көп жыласын. (Олардың күлулерінен жылаулары көп болады.) (82) (Мұхаммед Ғ.С.) егер Алла сені (Тәбүктен Мединедегі соғысқа бармай қалған) мұнафықтар тобына қайтарып апарса, олар сенен (соғысқа) шығуға рұқсат сұраса: "Әсте менімен бірге шықпайсыңдар да менімен бірге жаумен еш соғыспайсыңдар. Өйткені, сендер алғашқы рет отырып қалуды қоштадыңдар. Ал енді артта қалушылармен бірге отырыңдар" де. (83) Олардан біреу өлсе, әсте жаназа намазын оқыма да қабырының басында тұрма! Өйткені, олар Аллаға, Пайғамбарына қарсы келді.



Сондай-ақ олар бұзық күйінде өлді. (84) Және сені олардың малдары, балалары таңырқатпасын. Шынында Алла мұнымен, оларға дүние тіршілігінде азаптауды және қарсы болған бойда олардың жандарының шығуын қалайды. (85) Қашан оларға: "Аллаға иман келтіріңдер, Алланың Елшісімен бірге соғысыңдар" делінген бір сүре түсірілсе, олардың дәулеттілері, сенен рұқсат сұрап: "Бізді қой, отырушылармен бірге болайық" дейді. (86)

سورة التوبة

المائدة


رَضُوا بِأَن يَكُونُوا مَعَ الْخَوَالِفِ وَطَمِعَ عَلَى قُلُوبِهِمْ فَهُمْ لَا يَفْقَهُوهُ ﴿٨٧﴾ لَيْكِنَ الرَّسُولَ وَالَّذِينَ ءَامَنُوا مَعَهُ جَاهِدُوا بِأَمْوَالِهِمْ وَأَنْفُسِهِمْ وَأَوْلِيَاءِكُمْ لَهُمُ الْخِزْيَانَةُ وَأَوْلِيَاءِكُمْ هُمُ الْمُفْلِحُونَ ﴿٨٨﴾ أَعَدَّ اللَّهُ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا ذَلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ ﴿٨٩﴾ وَجَاءَ الْمُعَذِّرُونَ مِنَ الْأَعْرَابِ لِيُؤْذَنَ لَهُمْ وَقَعَدَ الَّذِينَ كَذَبُوا اللَّهَ وَرَسُولَهُ سَيُصِيبُ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ ﴿٩٠﴾ لَيْسَ عَلَى الضَّعَفَاءِ وَلَا عَلَى الْمَرْضَى وَلَا عَلَى الَّذِينَ لَا يَجِدُونَ مَا يَنْفِقُونَ حَرَجٌ إِذَا نَصَحُوا لِلَّهِ وَرَسُولِهِ مَا عَلَى الْمُحْسِنِينَ مِنْ سَبِيلٍ وَاللَّهُ عَفُورٌ رَحِيمٌ ﴿٩١﴾ وَلَا عَلَى الَّذِينَ إِذَا مَا أَتَوْكَ لِتَحْمِلَهُمْ قُلْتَ لَا أَجِدُ مَا أَحْمِلُكُمْ عَلَيْهِ تَوَلَّوْا وَأَعْيُنُهُمْ تَفِيضُ مِنَ الدَّمْعِ حَرْنًا لَا يَجِدُوا مَا يَنْفِقُونَ ﴿٩٢﴾ إِنَّمَا السَّبِيلُ عَلَى الَّذِينَ يَسْتَأْذِنُونَكَ وَهُمْ أَغْنِيَاءُ رَضُوا بِأَن يَكُونُوا مَعَ الْخَوَالِفِ وَطَمِعَ اللَّهُ عَلَى قُلُوبِهِمْ فَهُمْ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٩٣﴾

٢٠١


Аллаға, Пайғамбарға өтірік айтқандар да отырып қала берді. Олардан көпір болғандарына күйзелтуші азап ұшырайды. (90) Қашанда Аллаға, Елшісіне ықыласты болған нашарларға, ауруларға және қаражат таба алмағандарға кінә жоқ. Негізінен жақсылық істеушілерге жауапкершілік жоқ. Алла тым жарылқаушы, ерекше мейірімді. (91) Сондай көліктендіріп жіберуің үшін саған келкенде: "Сендерді аттандыратын көлік таба алмадым" дегенінде, өздері де сарып қыларлық нәрсе таба алмай көз жастарын күйінген түрде төгіп қайтқандарға да кінә жоқ. (92) Ал сөгіс беру; өздері бай бола тұра сенен рұхсат сұрап, кейін қалушылармен бірге болуды қоштағандарға тиісті. Алла олардың жүректерін бітеген. Сондықтан олар білмейді. (93)

Олар артта қалушылармен бірге болуды қоштады. Олардың жүректері бітелген. Сондықтан түсінбейді. (87) Бірақ Пайғамбар және онымен бірге иман келтіргендер, малдарымен, жандарымен соғысты. Жақсылықтар солардікі. Міне солар құтылушылар. (88) Алла (Т.) оларға астарынан өзендер ағатын, олар ішінде мәңгі қалатын бақшалар әзірледі. Осы зор қол жеткендік. (89) Бәдеуилерден желеушілер, өздеріне рұқсат берілсін деп келді. Сондай-ақ

(Соғыстан) қайтып оларға барсаңдар, сендерге сылтауратады. (Мұхаммед F.C.): "Сылтауратпаңдар, сендерге әсте сенбейміз! Расында Алла бізге хабарларыңды білдірді. Алла да Елшісі де істеріңді көреді. Сонан кейін көместі, көрнеуді білуші Аллаға қайтарыласыңдар. Сонда сендерге не істегендерің білдіріледі" де. (94) Қашан олардың жанына қайта оралсаңдар, олар (ды айыптау) дан бет бұруларың үшін Алланың атымен ант ішеді. Онда олардан бой тартыңдар. Өйткені, олар арам істегендерінің жазасы түрінде олардың орны тозақ. (95) Олар сендердің өздерінен қош болуларың үшін ант-су ішеді. Егер сендер олардан қош болсаңдар да, расында Алла бұзық елден разы болмайды. (96) Бәдеуилер, қарсылық және екі жүзділік тұрғысынан қаттырақ. Сондай-ақ олар Алланың Елшісіне түсіргендерінің шегін білмеулеріне аса бейім. Алла толық білуші, аса дана. (97) Бәдеуилерден, Алла жолында бергенін зиян есебіне




алатын кісілер бар. Сендерге жаман дәуірлер күтеді. Дәуірлердің жаманы өздеріне болсын. Алла толық естуші, анық білуші. (98) Және бәдеуилерден Аллаға, ақирет күніне сенетін, қаражат қылғандарын Алла қасында жақындық сондай-ақ Пайғамбардың ізгі тілектеріне сай деп есептейтін кісі де бар. Сақ болыңдар! Бұл шынайы бір жақындық. Алла оларды мәрхаметіне бөлейді. Расында Алла, аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (99)




Мұъажір, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Алла разы болды. Әрі олар да Алладан разы болды. Сондай-ақ Алла, олар үшін ішінде мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәттер әзірледі. Осы ірі мұрат . (100) Араларындағы бәдеуилерден екі жүзді кісілер бар. Сондай-ақ Мединеліктерден де екі жүзділікте сірескендер бар. (Мұхаммед F.C.) оларды білмейсіңдер, оларды біз білеміз. Оларды екі рет азап

қыламыз. Сонан соң олар зор азапқа айдалады. (101) Басқа біреулер күнеларын мойындады. Бірақ олар, түзу істі басқа жаман іспен араластырды. Алла олардың тәубелерін бәлкім қабыл етер. Расында Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (102–106. аяттар 118. аятқа байланысты.) (102) (Мұхаммед F.C.) олардың малдарынан садақа ал да, ол арқылы оларды тазартып, берекелендіресің. Оларға дұға қыл. Өйткені сенің дұғаң олар үшін бір тоқтау. Алла толық естуші, аса білуші. (103) Олар, құлдарының тәубесін қабыл етіп, садақаларын қабылдайтын Ол Алла ғана екенін білмей ме? Шынында Ол Алла, тәубені қабыл етуші, ерекше мейірімді. (104) (Мұхаммед F.C.) оларға: "істейтіндеріңді істендер. Істеріңді Алла, Пайғамбар және мүміндер көреді. Сондай-ақ көмес, көрнеуді білуші Аллаға қайтарыласыңдар да сендерге не істегендерің білдіріледі" де. (105) Соғыстан қалып Алланың әмірін күткендер, Алла оларды не азаптайды немесе тәубелерін қабыл етеді. Алла толық білуші, хикмет иесі. (106)

(Мұнафықтардың бір тобы Құба мешітінің жамағатын ыдырату, қарсылықты күшейту және үнемі Пайғамбар (Ғ.С.) ға қарсы келіп жүрген (папаз) Ғамырдың Шамнан келуін тосу мақсатымен бір мешіт салып Пайғамбар (Ғ.С.) ды намаз оқып беруге шақырады. Пайғамбар (Ғ.С.) Тәбүктен қайтқанда келмекші болады. Б.Ж.М.Р.К.Х.Т.Ж-Қ.) Сондай зиян тигізу, қарсы келу, Мұсылмандардың арасын ашу және бұрыннан Алла және Елшісіне қарсы соғысқан біреуді күту үшін мешіт жасап алғандар: "Игілікті ғана қалап едік" деп әлбетте ант ішеді. Сондай-ақ Алла олардың асқан суайт екендігіне куәлік етеді. (107) (Мұхаммед Ғ.С.) ол мешітте өсте намаз оқыма. Бастапқы күннен бері тақуалық негізінде салынған (Құба) мешіті намазға тұруыңа тағы лайық. Онда тап-таза болуды сүйетін кісілер бар. Алла да өте таза болушыларды жақсы көреді. (108) Ендеше, ірге тасын Алладан қорқып, ризалығына сәйкес салған біреу жақсы ма? Немесе іргесін құлайтын бір жардың ернеуіне салып онымен тозаққа құлаған біреу жақсы ма? Алла залым елді тура жолға салмайды. (109) Сондай олардың салған




мешіттері; жүректері быт-шыт болғанға (өлгенге) дейін үнемі көңілдерінде күдік болған бойда қалады. Алла толық білуші, хикмет иесі. (110) Күдіксіз Алла мүміндердің жандарын, малдарын жәннәтпен айырбастап алды. Олар, Алла жолында соғысады, өледі және өлтіреді. Бұған байланысты хақ уәде Тәуратта, Інжілде және Құранда бар. Алладан артық уәдесін кім орындайды? Ендеше бұл саудаласқан саудаларыңа қуаныңдар! Міне осы ірі қол жетушілік. (111)




тозақтық екендігі өздеріне білінгеннен кейін егер жақындары болса да мүшріктер үшін жарылқау тілеулеріне болмайды. (113) Ыбырайым (Ғ.С.) ның әкесі үшін жарылқау тілеуі, оған берген бір уәде бойынша ғана еді. Өзіне, оның Алланың дұшпаны екені білінген кезде, одан безді. Расында Ыбырайым қажырлы әрі жұмсақ мінезді еді. (114) Алла бір елді тура жолға салғаннан кейін олардың сақсынатын нәрселерін ашық білдірмейінше, оларды адастырмайды. Расында Алла әр нәрсені толық білуші. (115) Шынында көктердің және жердің иелігі Аллаға тән. Ол, тірілтеді, өлтіреді. Сондай-ақ сендер үшін Алладан өзге не дос не жәрдемші жоқ. (116) Шынында Алла, бір бөлімінің жүректері ауытқуға таяған ауыршылықтан кейін Пайғамбарға ерген Мұъажірлер мен Ансардың, Пайғамбардың тәубелерін қабыл етті. Алла, оларға тым жұмсақ, өте мейірімді болғандығынан тағы да оларың тәубелерін қабыл етті. (117)

(Әй Мұхаммед Ғ.С.!) Тәубе етушілер, күлшылық қылушылар, мақтаушылар, ораза ұстаушылар, рүкүғ қылушылар, сәжде етушілер, жақсылыққа бұйырушылар, жамандықтан тыюшылар және Алланың шектерін қорғаушылар осы мүміндерді шүйіншіле. (112) (Пайғамбар, әкесімен туысқан Әбу Таліп үшін; және кейбір Мұсылмандар да иманға келмей өлген әке-шешелері үшін жарылқау тілегісі келген. Б.Ж.М.К.Х.Т.) Пайғамбарға және мүміндерге

(Сахабалардан Кәгап, Ғилал және Марара жалқаулық істеп, Тәбүк соғысына бармай қалып, соғыстан қайтып келгенде Пайғамбар (Ғ.С.) ға өкініш білдіріп, кешірім тілейді. Пайғамбар (Ғ.С.) оларға: "Тұра тұрындар" дегендіктен олармен адамдар сөйлеспей қойып, елу күнен кейін осы аят түседі. Б.М.К.Р.Х.Ж-Қ. Және 102-106 аяттар да осы уақиғаға байланысты.) Соғыстан қалған үшеуінің де тәубесін қабыл етті. Тіпті оларға жер кең бола тұра тар келген еді. Өздерінен өздері тарылып, Алладан басқа ешбір пана жоқтығын аңғарды. Содан кейін Алла оларға тәубе нәсіп етті. Шынында Ол Алла, тым тәубе қабыл етуші, өте мейірімді. (118) Әй мүміндер! Алладан қорқындар және шыншылдармен бірге болындар. (119) Мединеліктердің және маңайлардағы бәдеуилердің Алланың Елшісінен кейін қалуларына сондай-ақ оның жанынан өз жандарын артық көрулеріне болмайды. Өйткені, олар, Алла жолында шөлге душар болса, шаршаса, ашықса, кәпірлерді ызаландыратын бір жерді басып өтсе және дұшпанды жеңсе ғана оларға



сол себепті жақсы ғамал жазылады. Алла игілік істеушілердің сауабын зая қылмайды. (120) Олар, Алла жолында үлкен-кіші бір нәрсе сарып қылса, бір ойпатты басып өтсе, Алла олардың көркем ғамалдарына сыйлық беру үшін сауап жазылады. (121) Онымен қатар мүміндердің біртұтас жауға аттанулары тиісті емес. Сонда әр топтан дін ғылымын үйреніп, олар қайтып келгенде; олардың сақсынулары үшін ескертулері керек емес пе? (122)



Әй мүміндер! Маңайларыңдағы көпірлермен соғысыңдар. Олар сендерден бір қатаңдық тапсын. Расында Алла, тақуалармен бірге екенін біліңдер. (123) Бір сүре түсірілген кезде, олардан: "Бұл қайсыларыңның иманын арттырады?",- дейтін де біреулер бар. Дегенмен мүміндердің иманын арттырады, олар қуанысады. (124) Сондай-ақ ол сүре жүректерінде дерті болғандардың жамандықтарының үстіне жамандық арттырады; олар, қарсы болған


күйде өледі. (125) (Мүнафықтар) әр жыл бір не екі рет сыналғандарын көрмей ме? Сонда да олар тәубе қылмайды, үгіт те алмайды. (126) Қашан бір сүре түсірілсе, біріне-бірі қарап: "Сендерді көретін біреу бар ма?",- десіп, сонсоң өздері бұрыла жөнеледі. Алла, олардың жүректерін теріс айналдырған. Расында олар түсінбейтін әлеумет. (127) Расында сендерге іштеріңнен ардақты бір Пайғамбар келді. Оған, қиналуларың ауыр тиеді. Сендерге өте ынтық, мүміндерге өте жұмсақ, ерекше мейірімді. (128) (Мұхаммед Ғ.С.) сонда, егер олар сенен жалтайса: "Маған Алла жетіп асады, Одан басқа ешбір Тәңір жоқ, Оған тәуекел еттім. Сондай-ақ Ол, ұлы ғаршының Раббы" де. (129)

10-ЮНЫС СҮРЕСІ


Меккеде түскен, жүз тоғыз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Ұғымын Алла біледі. Міне бұлар, терең сырлы Құранның аяттары. (1) Іштерінен бір кісіге: "Адамдарды қорқыт! Иман келтіргендерді Раббыларының қасында олар үшін жоғары орын барлығын шүйіншіле!", – деп, уахи қылғанымызға бұл адамдар таңырқай ма? Кәпірлер: "Шынында бұл ашық жады" деді. (2) Раббыларың сондай Алла көктер мен жерді алты күнде жаратты. Сонсоң ғаршыны меңгеріп, істі басқарды. Оның рұхсатынсыз ешбір шапағатшы жоқ. Міне Осы Алла, Раббыларың. Ендеше Оған құлшылық қылыңдар! Сонда да түсінбейсіңдер ме? (3) Біртұтас барар жерлерің со тарап. Сондай-ақ Алланың уәдесі хақ. Күдіксіз Ол, бастап жаратады. (Жоқтан бар етеді.) Сонсоң иман келтіріп, ізгі іс істегендерге әділдікпен сыйлық беру үшін оны қайта тірілтеді. Сондай-ақ кәпірлер үшін қарсы




болғандықтары себепті қайнап тұрған судан сусын әрі күйзелтуші азап бар. (4) Ол сондай Алла, күнді жарық, айды нұр етіп жаратты да оған (айға) жылдардың сандарын, есептерін білулерің үшін орындар белгеледі. Алла, бұларды шындықпен ғана жаратты. Алла, білетін ел үшін; аяттарын ашық-ашық баян етеді. (5) Расында түн мен күннің ауысып келуінде және Алланың көктер мен жердегі жаратқан нәрселерінде әрине сақтанатын ел үшін дәлелдер бар. (6)



"Сәлем" және олардың дұғаларының соңы: "Барлық мақтау әлемдердің Раббы, Аллаға тән!", – деу болады. (10) Егер Алла, адам баласының хайырды, асығыс тілегеніндей; жамандықты да тез берсе еді, әрине олардың ажалдары біткен болар еді. Алайда, бізге кездесуді үміт етпегендерді адасқан бойда қойып қоямыз да, қаңғыра береді. (11) Ал қашан адам баласына бір зиян жетсе: Жатса да отырса да немесе түрегеп тұрса да бізге жалбарынады; алайда қашан одан зиянды айықтырсақ, тіпті оған тиген зиянды айықтыру үшін бізге жалбарынмағандай–ақ кете береді. Солайша, шектен шығушыларға істеген істері көркем көрсетілді. (12) Расында сендерден бұрынғы дәуірдегілердің зұлымдықтары және пайғамбарлары келтірген ашық дәлелдерге иман келтірмегендіктері үшін жоқ еттік. Осылайша күнәкар қауымға жаза береміз. (13) Сонан кейін олардың артынан не істейтіндіктеріңді көру үшін жер жүзінде сендерді орындарына қойдық. (14)

Расында сондай бізге жолығуларын үміт етпегендер және дүние тіршілігіне мәз болып сонымен көңілдері жай тапқандар, міне солар, аяттарымыздан хабарсыз. (7) Осылардың істеген күнәлары себепті орындары тозақ. (8) Расында сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендердің имандары себепті Раббылары, оларды астарынан өзендер ағатын Нағым жәннәтінің жолына салады. (9) Олардың ондағы дұғалары: "Әй Алла! Пәксің" әрі олардың ондағы амандасулары:

Сондай-ақ оларға аяттарымыз ашық дәлел түрінде оқылған кезде, сондай Бізге кездесуді үміт етпегендер: "Бұдан басқа бір Құран келтір немесе мұны ауыстыр!", – деді. (Мұхаммед F.C.): "Оны өз тарапымынан өзгертуіме болмайды. Мен өзіме уахи етілгенге ғана еремін. Расында мен, Раббыма қарсы келсем, ұлы күннің азабынан қорқамын" де. (15) (Мұхаммед F.C.): "Егер Алла қаласа еді, мен Құранды сендерге оқымас едім де, оны сендерге білдірмес еді. Расында мен бұдан бұрын іштеріңде өмір бойынша болдым. Сонда да түсінбейсіңдер ме?", – де. (16) Ал енді Аллаға бір өтірік жала жапсырған не аяттарын жасынға шығарған біреуден кім залымырақ? Шынында күнәкарлар құтылмайды. (17) Олар, Алладан өзге, өздеріне зиян не пайда бермейтін нәрселерге шоқынып: "Оларды, Алланың қасында шапағатшымыз" дейді. (Мұхаммед F.C.): "Сендер Аллаға, көктердегі әрі жердегі Оның білмеген нәрсесінен хабар бересіңдер ме?", – де. Алла, олардың



қосқан шеріктерінен пәк, жоғары. (18) Адамдар бір-ақ үммет еді, сонсоң олар қайшылыққа түсті. (Мұхаммед F.C.) егер Раббыңнан бір сөз өткен болмаса еді, таласқан нәрселері турасында әрине араларына үкім берілген болар еді. (Жазаландырылар еді.) (19) Және олар: "Оған, Раббылары тарапынан бір мүғжиза неге түсірілмейді?", – дейді. Сонда сен оларға: "Негізінен көмес, Аллаға тән. Сондықтан күтіңдер! Мен де сендермен бірге соны тосамын!", – де. (20)

سورة النور

النور


وَإِذَا أَذَقْنَا النَّاسَ رَحْمَةً مِنْ بَعْدِ ضَرَاءٍ مَسْتَهْمَةٍ إِذَا هُمْ مَكْرُوفٌ
 يَا أَيُّهَا قَلْبُ اللَّهِ اشْرَعْ مَكْرَأَانَ رُسُلَنَا يَكْتُبُونَ مَا تَمْكُرُونَ
 ﴿٢١﴾ هُوَ الَّذِي يُسِرُّكُمْ فِي الْبَرِّ وَالْبَحْرِ حَتَّى إِذَا كُنْتُمْ فِي الْفُلِكِ
 وَجَرَيْنَ بِهِمْ بِرِيحٍ طَيِّبَةٍ وَفَرِحُوا بِهَا جَاءَ تَهَارِيفٌ عاصِفٌ
 وَجَاءَهُمُ الْمَوْجُ مِنْ كُلِّ مَكَانٍ وَظَنُوا أَنَّهُمْ أُحِيطَ بِهِمْ دَعَوُا
 اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ لَئِنْ أُجِبتْنَا مِنْ هَذِهِ لَنَكُونَنَّ مِنَ
 الشَّاكِرِينَ ﴿٢٢﴾ فَلَمَّا أُجِبتُهُمْ إِذَا هُمْ يَبْعُونَ فِي الْأَرْضِ بِعَدْرِ
 الْحَيِّ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّمَا بَعَيْتُمْ عَلَى أَنْفُسِكُمْ مَتَاعَ الْحَيَاةِ
 الدُّنْيَا ثُمَّ إِلَيْنَا مَرْجِعُكُمْ فَنُنَبِّئُكُمْ بِمَا كُنْتُمْ تَعْمَلُونَ ﴿٢٣﴾
 إِنَّمَا مَثَلُ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا كَمَاءٍ أَنْزَلْنَاهُ مِنَ السَّمَاءِ فَأَخْطَأَ بِهِ
 نَبَاتٌ الْأَرْضِ وَمِمَّا يَأْكُلُ النَّاسُ وَالْأَنْعَامُ حَتَّى إِذَا أَخَذَتِ الْأَرْضُ
 زُخْرُفَهَا وَازَّيَّنَتْ وَظَنَّ أَهْلُهَا أَنَّهُمْ قَدِرُوا عَلَيْهِمْ
 أَنهَامَا نَزَّلْنَا لَيَالٍ أَوْ نَهَارًا فَجَعَلْنَاهَا حَصِيدًا كَأَنْ لَمْ تَغْنَبْ
 بِالْأَمْسِ كَذَلِكَ نَفْصِلُ الْآيَاتِ لِقَوْمٍ يُفَكِّرُونَ ﴿٢٤﴾ وَاللَّهُ
 يَدْعُوا إِلَى دَارِ السَّلَامِ وَيَهْدِي مِنْ شِئْءٍ إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ ﴿٢٥﴾

۲۱۱


Бір боран келіп оларға әр тараптан толқын келгенде, олар, онымен қоршалдық деп ойлаған сәтте; сенімін нағыз Аллаға арнап: "Егер осыдан бізді құтқарсаң шүкір етушілерден болар едік" деп тілейді. (22) Дегенмен, Алла оларды құтқарған кезде, олар жер жүзінде орынсыз қарсылық істейді. Әй адам баласы! Дүние тіршілігіндегі қарсылықтарыңның зияны өздеріңе ғана. Сонсоң барар жерлерің біз жақ. Сонда сендерге істеген істеріңді білдіреміз. (23) Шын мәнінде дүние тіршілігінің мысалы: Біз көктен жаудырған жаңбыр тәрізді. Ол арқылы адамдар, малдар жейтін өсімдіктер аралас өсіп, жер жүзі құлпырып зейнеттенген кезде, жер иесі; пайдалануға күшіміз жетеді деп ойлаған сәтте, түнде не күндіз әміріміз келіп, тіпті кеше болмаған тәрізді түбінен орылғанға айналдырдық. Ойланатын қауымға аяттарымызды осылайша айырып баян етеміз. (24) Алла есендік жұртына (жәннәтке) шақырады да, қалаған құлын түп-тура жолға салады. (25)

Адам баласына бір зиян тигеннен кейін рахметімізді таттырсақ, сол уақытта олардың аяттарымызға байланысты айлакерліктері болады. (Мұхаммед F.C.): "Алла, жазаландыруда өте жылдам" де. Р а с ы н д а е л ш і л е р і м і з (періштелеріміз) істеген сығандықтарыңды жазады. (21) Ол сондай Алла, сендерді құрылықта, теңізде кездіреді. Хатте сендер кемеде боласыңдар. Кеме, оларды жақсы бір самал арқылы алып бара жатады да, олар онымен мәз болады.

Сондай жақсы іс істегендерге жақсылық әрі артығы да бар. Олардың беттерінде бір дақ не қорлық әсері көрінбейді, солар жәннәттік. Олар онда мәңгі қалады. (26) Ал сондай жамандық істегендердің жазасы, сондай ғана болады, беттерінде қорлық әсері болады. Оларды, Алладан қорғаушы болмайды. Олардың беттері түннің қараңғылығынан бір бөлім қаптағандай. Солар тозақтық. Олар онда мүлде қалады. (27) Қиямет күні оларды түгел жинаймыз. Сонсоң мүшріктерге: "Сендер де, Аллаға қосқан шеріктерің де орындарыңда тұрыңдар!", - дейміз. Сонда олардың араларын айырамыз. Олардың шеріктері: "Сендер бізге табынбаған едіңдер" дейді. (Олардың Аллаға теңеп табынғандары: Пайғамбарлар, періштелер. Б.Р.Т.Ж-Қ.) (28) "Енді сендер мен біздің арамызға куәлікке Алла жеткілікті. Тіпті біздің, сендердің табынғандарыңнан хабарымыз жоқ" дейді. (29) Сол арада әркім бұрын істеген ісінен сыналады. Сондай-ақ шынайы иелері Алланың хұзырына апарылады. Жасама нәрселері олардан ғайып болды. (30)




(Мұхаммед F.C.): "Сендерді аспаннан, жерден кім ризықтандырады? Құлаққа, көздерге кім ие? Өліден тіріні, тіріден өліні кім шығарады? Әр істі кім игерді?", - де. Олар: "Алла" дейді. "Ендеше Алладан қорықпайсыңдар ма?", - де. (31) Міне осы Алла, шынайы Раббыларың. Шындықтан кейін адасудан басқа не бар? Қалай бұрылып бара жатырсыңдар? (32) Осылайша бұзақылық істегендерге Раббыңның: "Рас олар иман келтірмейді" деген сөзі хақиқат болды. (33)



(Мұхаммед Ғ.С.): "Аллаға теңеген шеріктеріңнен, тұңғыш жаратып, сонсоң өлтіріп қайта тірілтетін бар ма?",- де. "Алла, бастапта жаратып, сонан соң қайта тірілтеді. Сонда қ а й да б ұ р ы л ы п б а р а ж а т ы р с ы ң д а р ?",- де. (34) "Шеріктеріңнен тура жолға салатын бар ма?",- де. "Алла тура жолға салды. Ал сонда тура жолға салатын Аллаға бағыну лайық па? Жоқ, тура жолға салынбайынша жол таба алмайтын біреуге ме? Сендерге не болды? Қалай (жансақ) үкім

бересіңдер?",- де. (35) Олардың көбі ой жоруга ғана ілеседі. Расында ой, шындыққа қарағанда түкке тұрмайды. Күдіксіз Алла, олардың істегендерін толық білуші. (36) Осы Құран, Алладан өзгенікі деп жала жапсыруға болмайды. Ол, алдындағыны растап, Кітапты ашық баян етеді. Әлемдердің Раббы тарапынан екендігінде шәк жоқ. (37) Олар: "Оны, Мұхаммед өзі сәйкестірді" дей ме? (Мұхаммед Ғ.С.): "Ондай шыншыл болсаңдар, Алладан өзге кімге шамаларың келсе шақырып, осы тәрізді бір суре жасап әкеліңдер!",- де. (38) Олай емес, олар білімі жетпеген сондай-ақ өздеріне мағынасы білдірілмеген нәрсені олар жасынға шығарды. Осылайша, бұлардан бұрынғылар да жасынға шығарған болатын. Енді қарашы! Залымдардың соңы не болды? (39) Олардан Құранға сенетіндер де бар. Олардан оған сенбейтіндер де бар. Раббың бұзақыларды жақсы біледі. (40) (Мұхаммед Ғ.С.) егер сені жасынға шығарса: "Менің ісім өзіме тән, сендердің істерің өздеріңе тән. Сондай-ақ сендер менің істегенімнен аулақсыңдар, мен де сендердің істегендеріңнен аулақпын" де. (41) Олардан саған құлақ салатын біреулер де бар. Егер олар түсінбейтін болса да, саңырауларға естірте аласын ба? (42)

(Мұхаммед F.C.) олардың саған қарайтын біреулері де бар. Дегенмен көрмейтін көзсіздерді сен тура жолға саласың ба? (43) Расында Алла адамдарға еш зұлымдық қылмайды. Бірақ адамдар өздеріне-өздері зұлымдық қылады. (44) Оларды жинайтын күні; (дүниеде) күндіз бір-ақ сағат тұрғандай болып, олар бір-бірін танийды. Аллаға жолығуды жасынға шығарып, тура жолға түспегендер зиянға ұшырайды. (45) (Мұхаммед F.C.) егер оларға уәде еткен бейнеттің кейбірін саған көрсетсек немесе сені (бұрын) дүниеден алсақ та, олардың жиналатын орны біз жақ. Соңында Алла олардың не істегендеріне айғақ. (46) Әр үмметтің бір пайғамбары бар. Оларға пайғамбарлары келген заман, араларына туралықпен үкім болады. Сондай-ақ олар, зұлымдыққа ұшырамайды. (47) Олар (кәпірлер): "Егер сендер шыншыл болсаңдар, осы уәде қашан болады" дейді. (48) (Мұхаммед F.C.): "Алланың қалауынан басқа өзіме пайда, зиян келтіру күшіне ие емеспін. Әр үммет үшін бір ажал бар. Қашан олардың белгілі мерзімі келсе, бір сәтке кешіктірілмейді де ілгерлетілмейді" де. (49) Маған айтыңдаршы! Алланың азабы



сендерге түнделетіп не күндіз келсе, күнәкарлар не нәрсені асығып тілер еді" де. (50) Азап түскеннен кейін оған иман келтіресіңдер ме? Немесе әзір ме? Расында сендер азапты асығып тілеп едіңдер. (51) Сонсоң залымдарға: "Мәңгілік азапты татыңдар! Істегендеріңнің ғана сазайын тартасыңдар" делінеді. (52) Сенен олар: "Бұл шындық па?",- деп сұрайды. "Әрине Раббыма ант етемін, сөзсіз Ол хақ. Сендер Алланы әлсірете алмайсыңдар" де (53)

سُورَةُ الْيُونُسَ


الْحَمْدُ لِلَّهِ الْعَلِيِّ الْعَظِيمِ

وَلَوْ أَنَّ لِكُلِّ نَفْسٍ ظَلَمَتْ مَا فِي الْأَرْضِ لَافْتَدَتْ بِهِ. وَأَسْرُوا
 النَّدَامَةَ لَمَّا رَأَوُا الْعَذَابَ وَفُضِيَ بَيْنَهُمْ بِالْقِسْطِ وَهُمْ
 لَا يُظْلَمُونَ ﴿٥٤﴾ أَلَا إِنَّ لِلَّهِ مَا فِي السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ الْآلَانَ
 وَعَدَّ اللَّهُ حَقًّا وَلَكِنَّ أَكْثَرَهُمْ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٥٥﴾ هُوَ يُحْيِي وَيُمِيتُ
 وَإِلَيْهِ تُرْجَعُونَ ﴿٥٦﴾ يَا أَيُّهَا النَّاسُ فَدَجَاءَ تَكْمُ مَوْعِظَةٌ
 مِنْ رَبِّكَمْ وَشَفَاءٌ لِمَا فِي الصُّدُورِ وَهُدًى وَرَحْمَةٌ لِلْمُؤْمِنِينَ
 ﴿٥٧﴾ قُلْ يَفْضِلُ اللَّهُ وَرَحْمَتِهِ فَبِذَلِكَ فَلْيَفْرَحُوا هُوَ خَيْرٌ مِمَّا
 يَجْمَعُونَ ﴿٥٨﴾ قُلْ أَرَأَيْتُمْ مَا أَنْزَلَ اللَّهُ لَكُمْ مِنْ رَبِّكَ
 فَجَعَلْتُمْ مِنْهُ حَرَامًا وَحَلَالًا قُلْ أَلَا إِنَّ اللَّهَ أَدَّبَ لَكُمْ أَمْ عَلَى اللَّهِ
 تَفَرُّوتُ ﴿٥٩﴾ وَمَا ظَنُّ الَّذِينَ يَفْتَرُونَ عَلَى اللَّهِ الْكُذْبَ
 يَوْمَ الْقِيَامَةِ إِنَّ اللَّهَ لَذُو فَضْلٍ عَلَى النَّاسِ وَلَكِنَّ أَكْثَرَهُمْ
 لَا يَشْكُرُونَ ﴿٦٠﴾ وَمَا تَكُونُ فِي شَأْنٍ وَمَا تَتْلُوا مِنْهُ مِنْ قُرْآنٍ
 وَلَا تَقْرَأُونَ مِنْ عَمَلٍ إِلَّا كُنَّا عَلَيْكُمْ شُهُودًا إِذْ تُفِيضُونَ
 فِيهِ وَمَا يَعْزُبُ عَنْ رَبِّكَ مِنْ شَيْءٍ ذَرَفِي الْأَرْضِ وَلَا فِي
 السَّمَاءِ وَلَا أَصْغَرَ مِنْ ذَلِكَ وَلَا أَكْبَرَ إِلَّا فِي كِتَابٍ مُبِينٍ ﴿٦١﴾

٢١٥

сенушілер үшін тура жол және рахмет (түрінде Құран) келді. (57) (Мұхаммед F.C.): "Олар, Алланың кеңшілігі, мәрхаметімен болған осылармен қуансын. Өйткені, Құран олардың жиған-тергендерінен хайырлы" де. (58) "Қарамайсыңдар ма! Алланың сендерге берген несібесінен арам, халал жасадыңдар" де. "Сендерге Алла рұхсат берді ме? Немесе Аллаға жала жауып жүрсіңдер ме?,"- де. (59) Сондай Аллаға өтірік жала жапқандардың, қиямет күні туралы ойы не? Расында Алла, әрине адамдарға кеңшілік иесі. Бірақ олардың көбі шүкірлік қылмайды. (60) (Мұхаммед F.C.) әрқандай бір жағдайда болсаң, Алла тарапынан бір Құран оқысаң және сендер бір іс істесеңдер, әлбетте оған шомған кездерінде, сендерді көреміз. Сондай-ақ жердегі, көктегі тозаң салмағындай нәрсе Раббыңнан жасырылмайды. Тағы одан кішісі, үлкені ашық бір Қітапта бар. (61)

Өзіне зұлымдық істеген әркім жер жүзіндегі нәрселер өзінікі болса, төлеуге беріп, азапты көргенде, іштей өкінер еді. Араларына әділдік пен үкім етіледі. Зұлымдыққа ұшырамайды. (54) Сақ болыңдар! Расында көктердегі әрі жердегі нәрселер Алланыкі. Біліңдер! Алланың уәдесі хақ. Бірақ олардың көбі білмейді. (55) Ол тірілтеді, өлтіреді. Сондай-ақ Оның алдына қайтарыласыңдар. (56) Әй адамдар! Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректегілерге бір шипа,



Біліңдер! Расында Алланың достарына хауіп-қатер жоқ, әрі олар қайғырмайды. (62) Сондай иман келтіріп, тақуа болғандар. (63) Оларға дүние тіршілігінде де ахиретте де қуаныш бар. Алланың сөздерінде өзгеріс жоқ. Міне ірі қол жетушілік осы. (64) (Мұхаммед Ғ.С.) кәпірлердің сөзі сені кейітпесін, Расында бүкіл үстемдік Аллаға тән. Ол әр нәрсені естуші, білуші. (65) Естеріңде болсын! Расында көктердегі, жердегі әркім Алланың иелігінде. Алладан өзге теңеген шеріктеріне шокынғандар, олар ойларына ғана ілеседі. Сондай-ақ олар ойларынша ғана жорамалдайды. (66) Ол сондай Алла, сендер үшін түнді дем алыс, күндізді жарық қылды. Күдіксіз, осында тыңдайтын ел үшін дәлелдер бар. (67) Олар: "Алланың

баласы бар" десті. Ол, одан пәк. Ол, мүңсыз. Әрине көктердегі әрі жердегі нәрселер Оған тән. Бұған байланысты қастарыңда бір дәлел жоқ. Аллаға қарсы білмеген нәрселеріңді айтасыңдар ма? (68) (Мұхаммед Ғ.С.): "Расында сондай Аллаға өтірік жала жапсырғандар, құтылмайды" де. (69) Олардікі дүниеде ғана пайдалану. Сонсоң олардың қайтар орны біз жақ. Сонан кейін де қарсы болғандықтары себепті қатты азап таттырамыз. (70)


وَأَتْلُ عَلَيْهِمْ نَبَأَ نُوحٍ إِذْ قَالَ لِقَوْمِهِ يَتَقَوْمِهِ إِن كَانَ كِبْرًا عَلَيْكُمْ
 مَقَامِي وَتَذَكَّرِي بِبَيِّنَاتِ اللَّهِ فَعَلَى اللَّهِ تَوَكَّلْتُ فَأَجْمَعُوا
 أَمْرَكُمْ وَشُرَكَاءَكُمْ ثُمَّ لَا يَكُنْ أَمْرُكُمْ عَلَيْكُمْ غَمَةً ثُمَّ اقْضُوا
 إِلَيَّ وَلَا تَنْظُرُونِ ﴿٧١﴾ فَإِن تَوَلَّيْتُمْ فَمَا سَاءَ لَكُمْ مِمَّنْ أَجَرْتُمُ
 أَجْرِي إِلَّا عَلَى اللَّهِ وَأَمْرُتُمْ أَن أَكُونَ مِنَ الْمُسْلِمِينَ ﴿٧٢﴾
 فَكَذَّبُوهُ فَجَبْنَهُ وَمَنْ مَعَهُ فِي الْفَلَاحِ وَجَعَلْنَاهُمْ خَلَائِفَ
 وَأَعْرَفْنَا الَّذِينَ كَذَّبُوا بِبَيِّنَاتِنَا فَأَنْظُرْ كَيْفَ كَانَ عَاقِبَةُ الْمُتَكَبِّرِينَ
 ﴿٧٣﴾ ثُمَّ بَعَثْنَا مِنْ بَعْدِهِ رَسُولًا إِلَى قَوْمِهِمْ فَجَاءَهُمْ بِالْبَيِّنَاتِ
 فَمَا كَانُوا لِلْيَوْمِ مَسْئُولِينَ كَذَّبُوا بِهِ مِنْ قَبْلِ ذَلِكَ فَطَعَنَ عَلَى قُلُوبِ
 الْمُعْتَدِينَ ﴿٧٤﴾ ثُمَّ بَعَثْنَا مِنْ بَعْدِهِمْ مُوسَى وَهَارُونَ إِلَى
 فِرْعَوْنَ وَمَلَئِهِ بِبَيِّنَاتِنَا فَاسْتَكْبَرُوا وَكَانُوا قَوْمًا مُّجْرِمِينَ ﴿٧٥﴾
 فَلَمَّا جَاءَهُمُ الْحَقُّ مِنْ عِنْدِنَا قَالُوا إِنَّ هَذَا لَسِحْرٌ مُّبِينٌ ﴿٧٦﴾
 قَالَ مُوسَى أَتَقُولُونَ لِلْحَقِّ لَمَّا جَاءَكُمْ أَسِحْرٌ هَذَا وَلَا يُفْلِحُ
 السَّحَرُونَ ﴿٧٧﴾ قَالُوا أَجِئْتَنَا لِنَلْفِنَا عِصْيَانًا وَعَلَيْهِمْ آيَاتُنَا
 وَكَانُوا لَهَا كَافِرِينَ ﴿٧٨﴾ وَمَا نَحْنُ لَكُمْ بِمُؤْمِنِينَ ﴿٧٩﴾

٢١٧

Аллаға ғана тән. Сондай-ақ Мұсылмандардан болуға бұйырылдым...." (72) Сонда олар, оны жасынға шығарды. Сондықтан Нұх (F.C.) ты әрі онымен бірге кемеді болғандарды құтқарып, олардың орындарын бастырдық. Аяттарымызды жасынға шығарғандарды суға батырдық. Ескерту берілгендердің соңының не болғаның көр! (73) Сонсоң Нұх (F.C.) тан кейінде елдеріне пайғамбарлар жібердік. Оларға ашық мұғжизалар келтірді. Бұрында жасынға шығарғандықтары үшін олар иман келтірмеді. Міне шектен шығушылардың жүректерін өстіп бітейміз. (74) Сонсоң олардың кейін Мұса мен Һарун (F.C.) ды Перғауын және сыбайластарына мұғжизалармен жібердік. Олар менменсіп, күнәкар ел болды. (75) Оларға біз тараптан шындық келген кезде: "Рас осы ашық жады" деді. (76) Мұса (F.C.): "Сендерге келген хақиқатты сөйтіп айтасындар ма? Бұл сиқыр ма? Сиқыршылар құтылмайды" деді. (77) Олар (Мұса мен Һарунға): "Ата-бабаларымызды тапқан жолдан бұруға әрі жер жүзінде екеуің ұлық болуға келдіңдер ме? Біз, екеуіңе сенбейміз" деді. (78)

(Мұхаммед F.C.) оларға Нұх (F.C.) тың әңгімесін оқы. Бір заманда еліне: "Әй елім! Араларыңда тұруым, Алланың аяттарын үгіттеуім сендерге зор келген болса, онда Аллаға тәуекел еттім. Ал енді сендер және шеріктерің не істейтіндеріңде бірлесіңдер. Сонсоң істерің өздеріңе мұң болмасын. Кейін маған мұрса бермей-ақ қолдарыңнан келгенін істеңдер!" деген. (71) "Ал егер жалтайсаңдар, сендерден жалақы сұрамадым ғой. Менің жалақым

Перғауын: "Бүкіл білген сиқыршыларды маған келтіріңдер" деді. (79) Ал сиқыршылар келген кезде, Мұса (F.C.): "Не қоймақшы болсаңдар, қойыңдар" деді. (80) Олар қойғанда, Мұса (F.C.): "Бұл келтіргендерің сиқыр, күдіксіз Алла оны бұзады. Расында Алла бұзақылардың ісін жөндемейді" деді. (81) "Егер күнәкарлар жақтырмаса да, Алла хақиқатты сөздерімен шынға шығарады." (82) Мұса (F.C.) ға, Перғауын мен шонжарларының өздеріне тигізетін кесірінен қорқып, елінен бір топ ғана иман келтірді. Расында Перғауын ол жерде өктем еді. Сондай-ақ ол шектен шығушылардан еді. (83) Мұса (F.C.) еліне: "Әй елім! Егер Аллаға иман келтірген болсаңдар, сондай-ақ Мұсылман болсаңдар онда Аллаға тәуекел қылыңдар" деді. (84) Олар: "Біз Аллаға тәуекел қылдық. Раббымыз, бізді залым елмен сынама" деді. (85) "Сондай-ақ бізді мәрхаметіңмен кәпір қауымнан құтқара көр!..." (86) Мұса мен оның туысына: "Екеуің Мысырда елдеріңе



үйлер салыңдар да үйлеріңді намаз орны қылып, намаз оқыңдар. Онымен қатар мүміндерді шүйіншіле" деп уақи еттік. (87) Мұса (F.C.): "Раббымыз! Расында Сен Перғауын және оның шонжарларына дүние тіршілігінде зейнет және малдар бердің жолыңнан адастырулары үшін бе? Малдарын жоқ ет, жүректерін қатайт! Жан түршігерлік азапты көргенге дейін олар иман келтірмейді" деді. (88)


قَالَ قَدْ أُجِيبَت دَعْوَتُكُمْ مَا فَاسْتَقِيمُوا وَلَا تَبِيعَانِ سَبِيلَ
 الَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٨٩﴾ وَجُوزُوا بِسَبِيلِ إِسْرَائِيلَ يَلِ الْبَحْرِ
 فَاتَّبِعْهُمْ فَرْعُونَ وَجُنُودَهُمْ بَعْضًا وَعَدُوًّا حَتَّى إِذَا أَذْرَكَهُ
 الْعَرَقُ قَالَ ءَأَمِنْتُ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا الَّذِي ءَأَمِنْتُ بِهِ بِسَبِيلِ
 وَأَنَا مِنَ الْمُسْلِمِينَ ﴿٩٠﴾ ءَأَلْفَنُ وَقَدْ عَصَيْتَ قَبْلَ وَكُنْتَ
 مِنَ الْمُفْسِدِينَ ﴿٩١﴾ فَالْيَوْمَ نُنَجِّيكَ بِدَنِكَ لِتَكُونَ لِمَنْ
 خَلَقَ ءَأَيَّةً وَإِنْ كَبُرًا مِنَ النَّاسِ عَنِ ءَأَبْنِنَا لَعَنُفُلُونَ ﴿٩٢﴾
 وَلَقَدْ بَوَأْنَا بِئِبْرَاهِيمَ يَلِ مَبُوءِ صِدْقٍ وَرَزَقْنَاهُمْ مِنَ الطَّيِّبَاتِ
 فَمَا ائْتَلَفُوا حَتَّى جَاءَهُمُ الْعِلْمُ إِنَّ رَبَّكَ يَقْضِي بَيْنَهُمْ يَوْمَ الْقِيَمَةِ
 فِيمَا كَانُوا فِيهِ يَخْتَلِفُونَ ﴿٩٣﴾ فَإِنْ كُنْتَ فِي شكٍ مِمَّا نَزَّلْنَا إِلَيْكَ
 فَسْأَلِ الَّذِينَ يَقرءُونَ الْكِتَابَ مِنْ قَبْلِكَ لَقَدْ جَاءَكَ
 الْحَقُّ مِنْ رَبِّكَ فَلَا تَكُونَنَّ مِنَ الْمُمْتَرِينَ ﴿٩٤﴾ وَلَا تَكُونَنَّ
 مِنَ الَّذِينَ كَذَبُوا بِآيَاتِ اللَّهِ فَكَفَرُوا مِنَ الْخَاسِرِينَ
 ﴿٩٥﴾ إِنَّ الَّذِينَ حَقَّتْ عَلَيْهِمْ كَلِمَتُ رَبِّكَ لَا يُؤْمِنُونَ
 ﴿٩٦﴾ وَلَوْ جَاءَتْهُمْ كُلُّ ءَأَيَّةٍ حَتَّى يَرَوْا الْعَذَابَ الْأَلِيمَ ﴿٩٧﴾

219

Алла: "Екеулеріңнің тілектерің қабылданды. Онда тура жолда болыңдар да, білмейтіндердің жолына ермеңдер!", - деді. (89) Исраил ұрпақтарын теңізден өткіздік. Сонда Перғауын және әскерлері жауыздық, дұшпандықпен оларды қуды. Ақыр ол суға батар сәтте: "Исраил ұрпақтары иман келтірген Тәңірден басқа Тәңір жоқтығына иман келтірдім. Мен де бой ұсынушылардан болдым" деді. (90) "Енді ғана сендің бе? Расында сен бұрын қарсы келген

бұзақылардан болған едің...." (91) "Сенен кейінгіге үлгі болуы үшін дененді (жансыз түрде) құтқарамыз. Расында адамдардың көбі аяттарымыздан хабарсыз" (92) Расында Исраил ұрпақтарын жақсы жерге орналастырдық. Сондай-ақ жақсы нәрселермен ризықтандырдық. Оларға білім келгенге дейін қайшылыққа түспеді. Расында Раббың олардың таласқан нәрселері жайында қиямет күні үкім береді. (93) (Мұхаммед F.C.) егер саған түсіргенімізден күдіктенсең, сенен бұрынғы Кітап оқығандардан сұра. Расында саған Раббыңнан хақиқат келді. Сондықтан күдіктенушілерден болма. (94) Сондай-ақ Алланың аяттарын жасынға шығарушылардан болма. Онда зиян тартушылардан боларсың. (95) Расында өздеріне Раббыңның қарғысы лайық болғандар иман келтірмейді. (96) Сондай-ақ оларға бүкіл мүғжизалар келсе де күйзелтуші азапты көргенге дейін (олар иман келтірмейді.) (97)

Юныс (F.C.) тың ғана елінен басқа (азаптың келгенін көріп) иман келтірген әрі имандары пайда берген бір кент болмаған. Олар иман келтірген заманда, өздерінен дүние тіршілігіндегі қорлықты айықтырдық та, оларды бір мерзімге дәйін пайдаландырдық. (98) (37-С.39-А.) (Мұхаммед F.C.) егер Раббың қаласа еді, әрине жер жүзіндегілердің барлығы түгелдей иман келтірер еді. Адамдарды иман келтіруге сен зорлайсың ба? (99) Алладан бұйрықсыз ешкімнің иман келтіруі мүмкін емес. Алла азапты ақылдарын жұмсамайтындарға береді. (100) (Мұхаммед F.C.): "Қараңдар! Көктер мен жерде не бар?",- де. Сенбейтін қауымға; дәлелдер, ескертулер пайда бермейді. (101) Олар өздерінен бұрын өткендердің бастарына келген күндер тәріздіні ғана күтеді. (Мұхаммед F.C.): "Онда тосыңдар! Расында мен де сендермен бірге тосамын!",- де. (102) Сонсоң елшілерімізді, иман келтіргендерді құтқарамыз. Осылайша иман келтіргендерді құтқаруымыз бізге міндет. (103) (Мұхаммед F.C.): "Әй адам баласы! Менің дінімнен



күдікте болсаңдар. Ал онда мен, сендердің Алладан өзге табынғандарыңа табынбаймын; бірақ сендерді өлтіретін Аллаға құлшылық қыламын және иман келтірушілерден болуға бұйырылдым" де. (104) "Ал, бетінді нағыз бір ыңғай Алланы бірлеу дініне бұр. Шерік қатушылардан болма!" (105) "Және де Алладан өзге саған пайда, зиян келтіре алмайтын нәрселерге жабарынба. Сонда егер оны істесең, онда күдіксіз сен залымдардан боларсың" (106)

وَأِنْ يَمْسَسْكَ اللَّهُ يَضْرِبْكَ أَصْفًا لَهُ الْآهُوَ وَإِنْ
يُرِدْكَ بَحِيرٌ فَلَا رَادَّ لِفَضْلِهِ يُصِيبُ بِهِ مَنْ يَشَاءُ مِنْ عِبَادِهِ
وَهُوَ الْغَفُورُ الرَّحِيمُ ﴿١٧﴾ قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ قَدْ جَاءَكُمْ
الْحَقُّ مِنْ رَبِّكُمْ فَمَنْ هَدَيْتُمْ فَأَتِمَّا هَدَيْتُمْ لِنَفْسِهِ وَمَنْ
ضَلَّ فَأَتِمَّا يَضِلُّ عَلَيْهَا وَمَا أَنَا عَلَيْكُمْ بِوَكِيلٍ ﴿١٨﴾ وَأَتَّبِعْ
مَا يُوْحَىٰ إِلَيْكَ وَأَصِرْ حَتَّىٰ يَخْرُجَ إِلَيْكَ اللَّهُ وَهُوَ خَيْرُ الْمُخْرَجِينَ ﴿١٩﴾

سُورَةُ هُودٍ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الرَّكُنْتُ أَحْكَمْتَ أَيُّنَّهُ ثُمَّ فَضِّلْتَ مِنْ لَدُنِّ حَكِيمٍ خَيْرٍ ﴿١﴾
أَلَا تَعْبُدُوا إِلَّا اللَّهَ إِنِّي لَكُمْ مِنْهُ نَذِيرٌ وَبَشِيرٌ ﴿٢﴾ وَأَنْ أَسْتَغْفِرُوا
رَبَّكُمْ تَوْبُوا إِلَيْهِ يَمُنِعْكُمْ مِّنْ عَذَابٍ أَجَلٍ مُّسْمًى وَيُؤْتِ
كُلَّ ذِي فَضْلٍ فَضْلَهُ وَإِنْ تَوَلَّوْا فَإِنِّي أَخَافُ عَلَيْكُمْ عَذَابَ يَوْمٍ
كَبِيرٍ ﴿٣﴾ إِلَى اللَّهِ مَرْجِعُكُمْ وَهُوَ عَلَّامٌ لِّسِرِّ الْإِنْسَانِ ﴿٤﴾ أَلَا إِنَّهُمْ
يَنْتَوْنُ صُدُورَهُمْ لَيَسْتَكْفِئُونَ مِنْهُ الْآجِينَ يَسْتَعْشِرُونَ يَا بَهُمْ
يَعْلَمُ مَا تُسِرُّونَ وَمَا يُعْلِنُونَ إِنَّهُ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ ﴿٥﴾

۲۲۱


Саған уақи етілгенге ер. Сондай-ақ Алла бір үкім бергенге дейін сабыр ет. Ол, үкім берушілердің хайырлысы. (109)

11-ҺҮД СУРЕСІ


Меккеде түскен. Жүз жиырма үш аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. Бұл аяттары бекітілген бір Кітап. Сонсоң аса дана, толық білуші тарапынан ашық баян етілген. (1) Алладан басқаға әсте құлшылық қылмандар. Шын мәнінде мен сендерге Оның тарапынан қорқытушы, қуандырушымын. (2) Раббыларыңнан жарылқау тілендер. Сонан соң Оған тәубе етіңдер. Ол сендерді белгілі бір мерзімге дейін көркем түрде пайдаландырады да, әрбір мәрхамет иесіне артық сыйлық береді. Егер жалтайсаңдар, расында сендер туралы ұлы күннің азабынан қорқамын. (3) Қайтар жерлерің Алла жақ. Ол, әр нәрсеге күші жетуші. (4) Естеріңде болсын. Олар, Одан жасырыну үшін кеуделерін бұрады! Біліңдер! Олар киімдерін бүркенген кезде де, Алла көрінеу, көмес істеген нәрселерін біледі. Расында Ол, көкіректелерді толық білуші. (5)

(Мұхаммед F.C.) егер Алла саған бір зиян жеткізсе, сонда оны Алладан басқа айықтырушы жоқ. Ал егер саған бір жақсылық қаласа, оның кеңшілігін тойтарушы жоқ. Ол, оны құлдарынан қалаған кісісіне береді. Ол өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (107) (Мұхаммед F.C.): "Әй адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан хақ келді. Енді кім тура жолда болса, өзі үшін тура жолда болады. Ал енді біреу адасса, өз зиянына ғана адасады. Мен сендерге кепіл емеспін" де. (108)

Жер бетіндегі әр жәндіктің көрегі Аллаға ғана тән. Ол, олардың тұрақты, тұрақсыз орындарын біледі. Барлығы ашық бір Кітапта. (6) Ол Алла, қайсыларың жақсы ғамал істейді деп, сынау үшін көктер мен жерді алты күнде жаратты. Оның ғаршысы су үстінде еді... (Ғаршыдан кейін су жаратылған. Б.М.К.Р.Т. 21-С. 30-А) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Егер сендер өлгеннен кейін тірілесіңдер" десең, кәпірлер: "Мынау ашық жадыдан басқа дәнеңе емес" дейді. (7) Егер олардан азапты белгілі бір мерзімге дейін кешіктірсек, әрине олар: "Оны не тосты?", - дейді. Сақ болыңдар! Оларға азап келген күні солардан қайтарылмады. Олардың мазақ қылған нәрселері бастарына жетеді. (8) Егер біз адам баласына мәрхамет нәсіп етіп, сонан кейін оны одан алсақ, сөзсіз ол мүлде күдер үзіп, өте қарсы келеді. (9) Алайда оған тиген зияннан кейін,




нығметтерімізді таттырсақ, әрине: "Ол жамандықтар менен кетті" деп, күдіксіз ол қуанып, мақтанады. (10) Бірақ сабыр етіп, ізгі іс істегендер, міне солар үшін жарылқау және зор сауап бар. (11) (Мұхаммед Ғ.С.) бәлкім сен олардың: "Оған қазына неге түсірмейді? Яқи онымен бірге періште неге келмейді?", - деулеріне көңілің тарайып, өзіңе уақи етілген нәрсенің кейбірін тастауың ықтимал. Шынында сен бір ескертушісің. Алла әр нәрсеге көпіл. (12)




Немесе олар: "Құранды өзі жасады" дей ме? (Мұхаммед F.C.) оларға: "Егер айтқандарың шын болса, Алладан өзге көмекке шақыра алатындарыңды шақырыңдар да сол сияқты жасама он сүре келтіріңдер" де. (13) Егер ол шақырғандарың сендерге жауап бермесе, онда біліңдер, шын мәнінде бұл Құран Алланың білімімен түсірілген әрі Алладан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ал енді де бой ұсынбайсыңдар ма?", - де. (14) Кім дүние тіршілігін әрі оның зейнетін қаласа, дүниеде

олардың еңбектерін толық береміз; сондай-ақ олар онда кемшілікке ұшыратылмайды. (15) Соларға ақиретте тозақ отынан басқа еш нәрсе жоқ. Дүниедегі жасағандары жойылып кетті. Негізінде олардың істегендері босқа. (16) Раббынан ашық бір дәлелі болған және оған жалғас куәсы да болған сондай-ақ бұрынғы жетекші әрі игілік түріндегі Мұса (F.C.) ның Кітабына ие болған кісілер, міне солар, Құранға сенгендер. Әрқандай топтардан кім Құранға қарсы келсе онда оның уәделі орны от. (Мұхаммед F.C.) сен де одан күдікте болма. Расында Құран, Раббың тарапынан бір хақиқат. Бірақ адамдардың көбі сенбейді. (17) Аллаға өтірік жала жапсырғаннан кім залымырақ. Міне бұлар, Раббыларының хұзырына шығарылады. Сондай-ақ айғақтары да: "Міне бұлар, Раббыларына өтірік айтқандар" дейді. Естеріңде болсын! Алланың қарғысы залымдарға тән. (18) Олар сондай Алланың жолынан тосады да оны қисайтуға тырысады. Тағы олар ақиретке қарсы келушілер. (19)



Бۇлар жер жүзінде Алланы нашарлата алмайды. Әрі олардың Алладан өзге жәрдемшілері жоқ. Оларға азап еселеніп отырады. Өйткені, олар ести алмайды да көре алмайды. (20) Міне солар, өздеріне зиян етеді. Жасама Тәңірлері олардан безіп жоқ болады. (21) Күдіксіз олар, ақиретте өте зиянға ұшырағандар. (22) Дау жоқ, иман келтіріп ізгі іс істегендер, Раббыларына бой ұсынғандар, олар жаннаттық. Олар, онда мәңгі қалады. (23) (Кәпір, Мұсылман) екі топтың мысалы: Саңырау мен естуші тәрізді. Мысал тұрғысынан екеуі тең бе? Түсінбейсіндер ме? (24) Әрине біз Нұх (F.C.) ты қауымына жібердік: "Мен сендер үшін ап-ашық бір ескертушімін." (25) "Аллаға ғана ғибадат қылындар, шынында мен сендерге, күйзелтуші күннің азабынан қорқамын" деді. (26) Елінің қарсы келген бастықтары: "Біз сені өзіміз тәрізді ғана адам көреміз, саған тар


көзқарасты қорларымыздан басқанын ергенін көрмейміз. Сондай-ақ сендердің бізге бір артықшылықтарыңды көрмейміз. Тіпті сендерді өтірікші деп ойлаймыз" деді (27) Нұх (F.C.): "Әй елім! Көрдiңдер ме? Раббым тарапынан ашық бір дәлел үстінде болсам және Ол, өз қасынан бір мәрхамет еткен болса, Ал ол, сендерге көрінбесе, сондай-ақ сендер оны жек көрсеңдер де сендерге оны зорлал қабылдата аламыз ба?" деді. (28)



"Әй елім! Сендерден мал сұрамаймын. Жалақым Аллаға ғана тән. Сондай-ақ иман келтіргендерді қуалаушы емеспін. Өйткені, олар Раббыларына жолығушылар. Бірақ мен сендерді надан көремін" (29) "Әй елім! Егер мен оларды қуаласам, мені Алладан кім қорғайды, түсінбейсіңдер ме?" (30) Мен сендерге: "Жанымда Алланың қазыналары бар демеймін де көместі де білмеймін. Мен бір періштемін де демеймін. Сондай-ақ көздеріңе ілмейтіндерге: "Алла әсте жақсылық

қылмайды" демеймін. Алла олардың ішіндегілерді жақсы біледі. Ол уақытта мен залымдардан болармын" (деді.) (31) Олар: "Әй Нұх! Рас бізбен жанжалдастың, сондықтан тартысуды көбейтіп жібердің. Егер сөзің шын болса, енді бопсалаған нәрсенді бізге келтір" деді. (32) Нұх (Ғ.С.): "Оны сендерге қаласа, Алла ғана келтіреді. Сендердің оған шамаларың келмейді" деді. (33) "Егер Алла, сендерді қаңғыртуды қаласа, сендерді үгіттеуді қаласам да үгітім сендерге пайда бермейді. Ол, сендердің Раббыларың. Сол уақытта оған қайтарыласыңдар." (34) (Мұхаммед Ғ.С.) бәлкім кәпірлер: "Құранды өзі жасады" дей ме?. Оларға: "Егер оны жасаған болсам күнәсы маған тән. Алайда, мен сендердің істеген күнәларыңнан аулақпын" де. (35) Сондай-ақ Нұх (Ғ.С.) қа: "Еліңнен иман келтіргеннен басқалары, әсте иман келтірмейді. Енді олардың істегендеріне кейіме" делінген түрде уақи егілді. (36) Көз алдымызда нұсқауымыз бойынша кеме жаса. Залымдар турасында маған айт па! Өйткені, олар суға батырылады. (37)

Кемені жасап жатқанда, елінің бастықтары жанынан өткен сайын оны тәлкек қылды. Нұх (F.C.) оларға: "Егер бізді сықақ қылсаңдар, біз де сендерді, бізді сықақ қылғандарындай сықақ етеміз" деді. (38) Ал енді жедел білесіңдер: Қорлайтын азап кімге келер екен және тұрақты азап кімнің басына түседі екен?" (39) Ақыр әміріміз келген заманда, тандырдан су қайнады. Нұх (F.C.) қа: "Ол кемеге әр нәрседен бір жұп және бұрын үкім етілгеннен басқа семьяңды орналастыр. Әрі иман келтіргендерді де ал" дедік. Негізінде онымен бірге иман келтірген өте аз ғана еді. (40) Нұх (F.C.): "Кемеге отырыңдар Оның жүруі де тұруы да Алланың атымен. Расында Раббым өте жарылқаушы, ерекше мейірімді" деді. (41) Ол кеме оларды, таулардай толқында алып жүрді. Нұх (F.C.) айрылуда болған ұлына: "Әй балақайым! Бізбен бірге кемеге отыр, қарсы болушылардан болма!", - деп дабыстады (42) Ұлы, Кенған: "Мені судан сақтайтын тауға паналаймын" деді. Әкесі: "Бүгін Алланың әмірінен сақтаушы



жоқ. Бірақ біреуге мәрхамет етсе басқа" дегенде, екеуінің арасына толқын түсіп Кенған суға батқандардан болды. (43) "Әй жер! Суыңды жұт. Аспан сен де тоқта" делінді де су тартылды. Іс бітті. Кеме Жуди тауына тоқтады. "Залымдар жоқ болсын!" делінді. (Бұл Жуди тауы Мұсылға жақын. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.Ж.-Қ.) (44) Нұх (F.C.) Раббына дабыстап: "Раббым! Күдіксіз ұлым семьяннан ғой. Шәксіз уәдең хақ. Сондай-ақ Сен ең тура үкім етушісің" деді. (45)


قَالَ يَنْبُوْحُ اِنَّمَ لَيْسَ مِنْ اَهْلِكَ اِنَّمَ عَمَلٌ عَرِضٌ فَلَا تَنْتَابِنِ
 مَا لَيْسَ لَكَ بِهِ عِلْمٌ اِنِّي اَعْطَاكَ اَنْ تَكُوْنَ مِنَ الْجَاهِلِيْنَ ﴿٤٦﴾
 قَالَ رَبِّ اِنِّي اَعُوْذُ بِكَ اَنْ اَسْتَلِكَ مَا لَيْسَ لِيْ بِهِ عِلْمٌ وَّ اِلَّا
 تَعَفَّرْ لِيْ وَ تَرَ حَمِيْقِيْ اَكُوْنُ مِنَ الْخٰسِرِيْنَ ﴿٤٧﴾ قَبِلَ يَنْبُوْحُ
 اَهْطِ سَلْتِيْ مَتَا وَرَكَتِيْ عَلَيْكَ وَعَلَى اَمْرِيْ مَنْ مَعَكَ
 وَاُمُّ سَمْعِيَّةٌ مَّمَّ يَمْسُهُمْ مَتَا عَذَابِ الْيَمِّ ﴿٤٨﴾ تِلْكَ
 مِنْ اَنْبِيَآءِ الْغَيْبِ نُوْحِيْۤ اِلَيْكَ مَا كُنْتَ تَعْلَمُهَا اَنْتَ وَّلَا قَوْمُكَ
 مِنْ قَبْلِ هٰذَا فَاصْبِرْ اِنَّ الْعَقِيْبَةَ لِلْمُتَّقِيْنَ ﴿٤٩﴾ وَاِلَى عَادٍ
 اٰحٰهُمْ هُوْدًا قَالَ يَنْقُوْمُ اَعْبُدُوْا اِلٰهَكُمْ مِمَّا لَكُمْ مِنْ اِلٰهٍ
 عَرِيْبٍ اِنْ اَنْتُمْ اِلَّا مُفْرَوْنَ ﴿٥٠﴾ يَنْقُوْمُ لَا اَسْتَكْبِرُ عَلَيْهِ
 اَجْرًا اِنْ اَجْرِيْ اِلَّا عَلٰى الَّذِيْ فَطَرَنِيْۤ اَفَلَا تَتَّقُوْنَ ﴿٥١﴾
 وَيَنْقُوْمُ اَسْتَغْفِرُوْا رَبَّكُمْ ثُمَّ ثُوْبُوْا اِلَيْهِ يُرْسِلِ السَّمٰةَ
 عَلَيْكُمْ مِدْرَارًا وَيَزِدْكُمْ قُوَّةً اِلَى قُوَّتِكُمْ وَّلَا تَنْوَلُوْا
 مُجْرِمِيْنَ ﴿٥٢﴾ قَالُوْا يَا هُوْدُ مَا جِئْتَنَا بِبَيِّنَةٍ وَّمَا نَحْنُ
 بِسَارِكِيْنَۤ اِلٰهِنَا عَنِ قَوْلِكَ وَّمَا نَحْنُ لَكَ بِمُؤْمِنِيْنَ ﴿٥٣﴾

۲۲۷


(Алла): "Эй Нүх! Ол, семьяннан емес. Өйткені, оның ісі дұрыс емес. Сондықтан білмеген бір нәрсені Мәнен тілеме. Сені надандардан болмауыңды насихаттаймын" деді. (46) (Нүх F.C.): "Раббым! Расында білмегенімді Сенен тілеуден өзіңе сиынамын. Егер мені жарылқамасаң, маған мәрхамет етпесең зиянға ұшыраушылардан болармын" деді. (47) "Эй Нүх! Саған, сенімен бірге болған топтарға бізден сәлеметтік, молшылықпен кемеден түс! Бір талай топты дүниеде

пайдаландырамыз да сонан кейін олар біздің күйзелтуші азабымызға ұшырайды" делінді. (48) (Мұхаммед F.C.) міне бұлар білінбеген еңгімелерден. Оны саған уақи етеміз. Бұдан бұрын оны сен де, қаумың да білмейтін еді. Онда сабыр ет. Расында соңғы табыс тақуалар үшін. (49) Ғад қаумына туыстары Һүд (F.C.) ты жібердік: "Эй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан басқа Тәңірлерің жоқ. Сендер өте жалақорсыңдар" деді. (50) "Эй елім! Бұған сендерден жалақы сұрамаймын, еңбегім мені жаратқанға ғана тән. Сонда да түсінбейсіңдерме?" (51) "Эй халқым! Раббыларыңнан жарылқау тілендер. Сонсоң Оған тәубе қылыңдар. Сендерге көктен жаңбыр жаудырып, қуаттарыңның үстіне қуат қоссын. Сондай-ақ күнәкар болып, жалтармаңдар" деді. (52) Олар: "Эй Һүд! Сен бізге ашық дәлел келтірмедің. Біздер сенің сөзің бойынша тәңірлерімізді тастамаймыз да саған сенбейміз" деді. (53)

Олар: "Саған кейбір тәңірлеріміздің киесі тиген екен" деп қана айтамыз. Ғүд (F.C.): "Расында мен Алланы айғақ қыламын, сендер де айғақ болыңдар. Мен сендердің Аллаға қосқан шеріктеріңнен аулақпын" деді. (54) "Маған Алладан басқа бәрің мекерлік қылыңдар да сонан кейін мүрса бермеңдер" (55) "Расында мен, менің Раббым әрі сендердің Раббыларың Аллаға тәуекел еттім. Ол, маңдайынан ұстамаған (толық меңгермеген) ешбір жандық жоқ. Күдіксіз Раббым тура жолда." (56) "Егер жалтарсаңдар да мен шынында өзім арқылы жіберілген нұсқауды сендерге жалғастырдым. Раббым орындарыңа басқа елді әкелсе, сендер оған ешбір зиян келтіре алмайсыңдар. Шынында Раббым әр нәрсені қорғаушы" (деді.) (57) Әміріміз келген кезде, Ғүд (F.C.) ты және онымен бірге иман келтіргендерді мәрхаметімізбен құтқардық. Сондай-ақ оларды ауыр азаптан да босаттық. (58) Осы Ғад елі, Раббыларының аяттарына қарсы келіп, Оның елшілеріне мойындамай әрбір зөркер тоңмойындардың әміріне бағынды. (59) Бұл дүниеде де қиямет күнінде де олардың қырсоңынан лағынет қалмады. Естерінде болсын! Ғад елі Раббыларына қарсы болды. Естерінде болсын! Ғұттың қауымы Ғад, (мәрхаметтен) аулақ болсын! (60) Сәмүд еліне туыстары Салиь




(F.C.) ті жібердік: "Әй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан басқа ешбір тәңірлерің жоқ. Ол, сендерді жерден жаратып әрі онда өмір сүргізді. Енді Одан жарылқау тілендер. Және Оған тәубе қылыңдар. Күдіксіз Раббым жақын тілеуді қабылдаушы" деді. (61) Олар: "Әй Салиь! Сен бұдан бұрын арамызда үміт күтілген едің. Аталарымыздың табынғанынан бізді тиясың ба? Расында сенің бізді шақырған нәрсеңе күдік ішінде әрі күмәндіміз" деді. (62)




(Салий F.C.): "Эй халқым! Айтыңдаршы, егер мен Раббым тарапынан ашық дәлелде болсам, өз тарапынан маған бір мәрхамет еткен болса да мен Оған қарсы келсем, сонда мені Алладан кім қорғайды? Сонда сендер маған зияннан басқаны арттырмайсыңдар" деді. (63) "Эй халқым! Мынау Алланың аруанасы, сендерге бір мұғжиза. Сондықтан оны қойып қойыңдар, Алланың жерінде оттасын. Оған жамандық тигізбеңдер. Онда сендерді жұуықта бір азап қолға

алады" деді. (64) Сонда да олар оны өлтіріп тастады. (Салий F.C.): "Жұрттарыңда үш күн бой жасай тұрыңдар. Бұл өтіріксінуге болмайтын бір уәде" деді. (65) Ал әміріміз келген кезде, мәрхаметімізбен Салий (F.C.) және онымен бірге иман келтіргендерді құтқардық. Сондай-ақ сол күннің қорлығынан да.... Күдіксіз Раббың, Ол өте күшті, аса үстем. (66) Залымдық істегендерді ащы дауыс алып, олар өз жұртында, жалмандарынан түсіп, типыл болды. (67) Тіпті ол жерде олар отырмаған сияқты болды. Естеріңде болсын! Шынында Сәмүд елі Раббыларына қарсы келді. Біліңдер! Сәмүд еліне рахмет жоламасын! (68) Расында елші (періште) леріміз Ыбырайым (F.C.) ға хош хабармен сәлем берді. Ыбырайым (F.C.) олардың сәлемін алып, сонда дереу пысырылған бұзау келтірді. (69) (Ыбырайым F.C.) олардың қолдарын оған тигізбегенін көріп, оларды жатырқады да олардан тіксінді. Олар: "Қорықпа! Расында біз Лұт қауымына жіберілдік" деді. (70) (Ыбырайым F.C.) ның түрегеп тұрған әйелі күліп жіберді. Сонда оны Ысхақ және артынан Яғқұп пен қуандырдық. (71)

(Ыбырайым Ғ.С. ның жұбайы): "Әттең-ай! Мен кемпір, мына ерім шал, мен туам ба? Бұл әрине таңғажайып нәрсе!", - деді. (72) (Періштелер оған): "Сен Алланың әміріне таңғаласың ба? Алланың мәрхаметімен молшылығы сендерге болсын. (Әй Ыбырайым) семьясы Шынында Алла мақтауға лайық, аса жоғары." (73) Ыбырайым (Ғ.С.) нан қорқу кетіп, оған қуаныш келген кезде, Біз (елшілеріміз) бен Лүт елі жайында сөзге қилікті. (74) Шынында Ыбырайым (Ғ.С.) анық жұмсақ, тым қамқор, бой ұсынушы. (75) (Періштелер): "Әй Ыбырайым! Бұдан шегін! Өйткені, Рабббыңның әмірі келген. Күдіксіз оларға қайтарылмайтын апат келеді" (деді.) (76) Елшілеріміз (жас жігіттер бейнесінде) Лүт (Ғ.С.) қа келгенде (елінің сұмдығын ойлап,) олардың келуімен қынжылды да олардың салдарынан көңлі тарайып: "Бұл ауыр бір күн" деді. (77) Қауымы оған жүгірісіп келді. Сондай-ақ олар бұрыннан да жаман істер істейтін еді. (Лүт Ғ.С.): "Әй халқым! Мына қыздарым, олар сендер үшін тағы таза. Енді Алладан қорқындар! Қонақтарым жайында мені қорламаңдар. Іштерінде бір де есті кісі жоқ па?" - деді. (Лүт Ғ.С. ның "мына қыздарым" дегені, елінің әйелдері еді. Өйткені, Бір пайғамбар үмметінің әкесі жерінде. Б.К.Х.Т.Ж-Қ) (78) Олар: "Сенде білесің. Қыздарында жұмызымыз жоқ,




Расында сен біздің нені қалайтындығымызды жақсы білесің" деді. (79) (Лүт Ғ.С.): "Әттең! Сендерге төтеп берер күшім болса не бір мықты бекініске паналасам" деді. (80) (Елшілер): "Әй Лүт! Расында біз Раббыңның елшілеріміз. Олар, әсте саған соқтыға алмайды. Дереву түннің бір бөлімінде үй-ішіңмен жөнел, жұбайыңнан басқа ешкім кейін қалмасын. Өйткені, еліңе келетін апат оған да жетеді. Олардың уәдесі таң. Таң жақын емес пе?" - деді. (81)




Оларға апат әміріміз келген сәтте, ол жердің үстін астына келтірдік. Сондай-ақ үстеріне ерекше әзірленіп қыздырылған тас жаудырдық. (82) Раббыңның қасында таңбаланған болатын. Бұл апат залымдардан ұзақ емес. (83) Мәянға туыстары Шұғайыпты жібердік: "Әй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан басқа тәңірлерің жоқ. Сондай-ақ өлшеуді, таразыны кемітпеңдер. Расында мен сендерді молшылық ішінде көремін. Күдіксіз

мен сендерге байланысты тырп еткізбейтін күннің азабынан қорқамын" деді. (84) "Әй елім! Өлшеуді, тартуды толық орындандар, адамдардың нәрселерін кемітпеңдер! Сондай-ақ жер жүзінде бұзғыншы болып жүрмеңдер." (85) "Егер нанатын болсаңдар, сендерге Алланың қалдырған халал нәресі хайырлы. Мән сендерге күзетші емеспін." (86) Олар: "Әй Шұғайып! Біздің аталарымыздың табынғанын тастауымызды немесе малдарымызды қалауымызша істетуден тыйылуымызды саған намазың әмір ете ме? Тіпті сен өте жұмсақ, аса есті көрінесің" деді. (87) (Шұғайып Ғ.С.): "Әй халқым! Айтыңдаршы! Егер мен Раббым тарапынан ашық дәлел үстінде болсам және өз қасынан маған көркем ризық берген болса, сендерді тыйған нәрсемді өзім істеп, сендерге қарсы келуді қаламаймын. Шамам келгенінше түзелтуді ғана қалаймын. Табысты болуым, Аллаға ғана байланысты, Оған тәуекел еттім әрі Оған бой ұсынамын" деді. (88)

"Әй халқым! Маған қарсы келулерің, өздеріңе Нұх қауымы не Һүд қауымы немесе Салиһ қауымына келген тәрізді ауыршылық келтірмесін! Сондай-ақ Лүт елі сендерден ұзақ емес" (89) "Раббыларыңнан жарылқау тілендер. Сонсоң Оған тәубе қылыңдар. Шынында Менің Раббым ерекше мейірімді, өте сүйгіш..." (90) Олар: "Әй Шүғайып! Біз сенің айтқаныңның көбіне түсінбейміз. Әрі сені ішімізде әрине төмен көреміз. Егер ағайының болмаса еді, әлбетте таспен атып өлтірер едік. Сондай-ақ сен бізге кәдірлі емессің" деді. (91) (Шүғайып F.C.): "Әй халқым! Сендерге Алладан ағайыным қадырлы ма? Алланы мүлде арқаларыңның артына тастадыңдар. Расында Раббым не істегендеріңді толық білуші" деді. (92) "Әй халқым! Қолдарыңнан келгенін істеңдер, мен де істеймін. (Міндетімді атқарамын.) Жақында қорлаушы азаптың кімге келетінін және кімнің өтірікші екенін білесіңдер. Енді бақыландар! Әрине мен де сендермен бірге бақылаушымын" деді. (93) Әміріміз келген заман, Шүғайып (F.C.) Ды және онымен бірге иман




келтіргендерді мәрхаметімізбен құтқардық. Сондай-ақ залымдық қылғандарды бір ащы дауыс қолға алды да жұрттарында етбеттеген бойда жоққа айналды; (94) Тіпті ол жерде отырмағандай. Естеріңде болсын! Сәмүд елі мәрхаметтен ұзақтасқандай Мәдян елі де ұзақтасты. (95) Расында Мұса (F.C.) ны аяттарымызбен және ашық дәлелмен жібердік. (96) Перғауынға және шонжарларына жіберсек те олар Перғауынның әміріне бағынды. Перғауынның әмірі тура емес еді. (97)




пайда келтірмеді. Сондай-ақ зияндарын арттырғаннан басқа түкке тұрмады. (101) (Мұхаммед F.C.) Раббың қолға алғанда, кенттердің залым халқын өстіп алады; күдіксіз Оның соққысы қатты күйзелтеді. (102) Күдіксіз осыда ақирет азабынан қорыққан кісілерге әрине дәлел бар. Қиямет; адамдардың жиналатын күні. Сондай-ақ ол, әзір болатын бір күн. (103) Ол қиямет күнін, санаулы бір мерзім ғана кешіктіреміз. (104) Ол күн келсе, Алланың рұқсатынсыз ешкім сөйлемейді. Олардың сорлысы да бақыттысы да бар. (105) Ал енді сорлылар, тозақта ыңыранып, шыңғырады. (106) Олар тозақ та көктер мен жердің тұруынша мүлде қалады. Бірақ Раббың қаласа басқа. Шынында Раббың қалағанын толық орындаушы. (107) Ал енді бақытты болғандар, жаннатық болады. Олар жаннатта көктер мен жердің тұруынша мәңгі қалады. Бірақ Раббың қаласа басқа. Бұл үздіксіз бір сыйлық. (108)

Перғауын қиямет күні елінің алдына түседі. Оларды тозаққа апарды. Ол баратын жер нендей жаман бір жер. (98) Бұл дүниеде де қиямет күнінде де лағынет оның қырсоңынан қалмайды. Ол нендей жаман сыбаға! (99) (Мұхаммед F.C.) осы өлкелердің хабары. Саған оны баян етеміз. Олардың кейі тұр, кейі орылып жоғалған. (100) Біз оларға зұлымдық қылмадық. Олар өздеріне зұлымдық етті. Раббыңның әмірі келген сәтте, олардың Алладан өзге жалбарынғандары өздеріне ешбір

(Мұхаммед F.C.) онда олардың табынғандарына байланысты күдікте болма. Олар ата-бабаларының бұрыннан табынғандары қүсап табынады. Әрине біз олардың сыбағаларын кемітпей береміз. (109) Расында Мұса (F.C.) ға Кітап бердік. Сонда да қайшылық тудырылды. Егер Раббыңнан сөз берілмеген болса еді, (бұйрық солай болмаса еді,) әрине араларына үкім берілген болар еді. Расында олар Құраннан шәк ішінде күдіктенуде. (110) (Мұхаммед F.C.) күдіксіз Раббың; олардың барлығының істегендерінің бодауын әрине, толық береді. Өйткені Ол, олардың істегендерін толық біледі. (111) (Мұхаммед F.C.) бұйырылғанындай тура бол! Сенімен бірге тәубе еткен кісілер де. Және артық кетпендер! Өйткені Алла, не істегендеріңді толық көруші. (112) Сондай зұлымдық істегендерге бейім сыңай байқатпаңдар. Онда сендерге тозақ кездеседі. Сендерге Алладан басқа дос болмайды, сонсоң көмекте көрмейсіңдер! (113) (Мұхаммед F.C.) күндіздің екі жағында, (таң және екінті намазы) Түннің күндізге таяу кезінде, (ақшам, жашыйық) намазын толық орында. Шынында жақсылықтар,



жамандықтарды жояды. Бұл түсінушілер үшін бір насихат. (114) (Мұхаммед F.C.) сабыр ет. Расында Алла, жақсылық істеушілердің еңбегін жоймайды. (115) Сендерден бұрынғы ғасырлардағы ақыл иелері, жер жүзіндегі бұзықтықтан тыйса еді? Бірақ олардың азын ғана құтқардық. Зұлымдық істегендер, берілген жоғары тұрмыстың соңына түсіп күнәкар болды. (116) (Мұхаммед F.C.) Раббың халқы түзу болған кенттерді орынсыз жоқ етпейді. (117)




және мұминдер үшін бір насихат әрі түсінік келді. (120) (Мұхаммед F.C.) сондай иман келтірмегендерге: "Өздеріңше істендер. Расында біз де істейміз" де. (121) "Сендер де соңын күтіндер, біз де күтеміз" (де) (122) Көктер мен жердің сыры Аллаға тән. Істің бәрі Соған қайтады. Ендеше, Соған құлшылық қылып, Оған тәуекел ет. Раббың істейтін істеріңнен ғапыл емес. (123)

12- ЮСЫП СҮРЕСІ

Меккеде түскен, жүз он бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. Бұлар ап-айқын Құранның аяттары. (1) Расында біз мұны Арапша Құран түрінде түсірдік, әрине түсінерсіңдер. (2) (Мұхаммед F.C.) саған бұл Құранды уахи етуімізбен өзіңе қиссалардың ең жақсысын баян етеміз. Негізінде сен бұдан бұрын әрине хабарсыз едің. (3) Сол уақытта Юсып (F.C.) әкесіне: "Әкетайым! Рас мен түсімде он бір жұлдыз және күн мен айды, маған сәжде қылғанын көрдім" деді. (4)

(Мұхаммед F.C.) егер Раббың қаласа, адамдарды бір-ақ үммет қылар еді. Олар үнемі қайшылықта тұруда. (Алла Т. сынақ үшін еркіне қойды. Б.М.Р.Т.Ж-Қ.) (118) Бірақ Раббыңның мәрхамет еткені басқа. Оларды сол үшін жаратты. Раббыңның: "Әрине тозақты бүкіл жындар және адамдармен толтырамын" деген сөзі тура шықты. (119) (Мұхаммед F.C.) саған пайғамбарлардың қиссасын көңліңді орнықтыру тұрғысынан баян етеміз. Осында саған хақиқат

(Яғқұп F.C.): "Әй балақайым! Түсінді туыстарыңа айтпа! Саған бір айлакерлік жасар. Расында шайтан адам баласына ашық дұшпан" деді. (5) "Міне осылайша Раббың сені ұнатады. Саған түстердің жоруын үйретеді. Бұрынғы аталарың Ыбырайым, Ысхақ (F.C.) тарғаныметтерін тамамдағандай саған және Яғқұп (F.C.) ұрпағына нығметін толықтастырады. Шәксіз Раббың толық білуші, хикмет иесі" (6) Расында Юсып әрі туыстарының киссасында сұраушылар үшін өнегелер бар. (7) Сол уақытта туыстары: "Юсып және туысы, (Бінямын) әкемізге бізден жақсы көрінеді. Біз болсақ мықты бір топпыз. Дау жоқ, әкеміз ашық адасуда" деді. (8) Олардан бір айтушы: "Юсыпты өлтіріңдер немесе бір жерге апарып тастаңдар. Өздеріңе әкелеріңнің алды бос қалады. Артынан да түзу бір топ боларсыңдар" деді. (9) Іштерінен тағы бір айтушы: "Егер менің айтқанымды істейтін болсаңдар, Юсыпты өлтірмеңдер де оны бір құдықтың түбіне тастаңдар. Кейбір жүргінші тауып алар" деді. (10) Олар: "Әй әкеміз! Юсып туралы бізге




сенбейтін саған не болды? Әрине оған қамқормыз" десті. (11) "Ертең оны бізбен бірге жібер. Тамақтансын, ойнасын. Расында біз оны қорғаушымыз" десті. (12) (Яғқұп F.C.): "Расында сендердің оны алып кетулерің маған уайым салады. Әрі сендер оған кәперсіз қалып, оны қасқыр жеуінен қорқамын" деді. (13) Олар: "Біз мықты бір топ бола тұра оны қасқыр жесе, әрине сол уақытта зиянға ұшыраушылардан болармыз" десті. (14)

فَلَمَّا ذَهَبُوا بِرَبِّهِمْ وَاجْتَمَعُوا أَن يَجْعَلُوهُ فِي غِيَابَتِ الْحَبِّ وَأَرْحَبَنَا
 إِلَيْهِ لَنُنَبِّئَنَّهُمْ بِأَمْرِهِمْ هَذَا وَهُمْ لَا يَشْعُرُونَ ﴿١٥﴾ وَجَاءَ وَرَ
 أَبَاهُمْ عِشَاءً يَبْكُونَ ﴿١٦﴾ قَالُوا يَا أَبَا نَأْسِ دَاهِبَنَا لَمَّا كُنَّا فِي
 وَرَكَّ نَبِيُّ يَسُوفٌ عِنْدَ مَتَلَعِنَا فَكَلِمَةَ الزَّبْتُ وَمَا أَنْتَ
 بِمُؤْمِنٍ لَنَا وَلَوْ كُنَّا صَادِقِينَ ﴿١٧﴾ وَجَاءَ وَعَلَى فَيْصِهِ
 يَدْرِكُ ذَبِّ قَالَ بَلْ سَوَّلَتْ لَكُمْ أَنْفُسُكُمْ أَمْرًا فَصَبْرٌ جَمِيلٌ
 وَاللَّهُ الْمُسْتَعَانُ عَلَى مَا تَصِفُونَ ﴿١٨﴾ وَجَاءَتْ سَيَّارَةٌ فَأَرْسَلُوا
 وَارِدَهُمْ فَأَدْلَى دَلْوَهُ قَالَ يَبُشْرَى هَذَا غَلْمٌ وَأَسْرُوه بِيضَعَةً
 وَاللَّهُ عَلَيْهِمُ بِمَا يَعْمَلُونَ ﴿١٩﴾ وَشَرَوْهُ بِمِثْقَلِ
 دَرَاهِمٍ مَعْدُودَةٍ وَكَانُوا فِيهِ مِنَ الزَّاهِدِينَ ﴿٢٠﴾ وَقَالَ
 الَّذِي اشْتَرَاهُ مِن بِيضَعَةَ لَمَّا رَأَى أَنَّهُ كَرِيمٌ مَثْوَاهُ عَسَى
 أَن يَنْفَعَنَا أَوْ نَتَّخِذَهُ وَلَدًا وَكَذَلِكَ مَكَّنَّا لِيُوسُفَ فِي
 الْأَرْضِ وَلِنُعَلِّمَهُ مِن تَأْوِيلِ الْأَحَادِيثِ وَاللَّهُ غَالِبٌ عَلَى
 أَمْرِهِ وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٢١﴾ وَلَمَّا بَلَغَ
 أَشُدَّهُ رَءَاهُ آيَاتِنَا فَحُكِّمًا وَعَلِيمًا وَكَذَلِكَ نَجْزِي الْمُحْسِنِينَ ﴿٢٢﴾


(Туыстары Юсыпты қырга алып шығып, әр түрлі аяусыз жапалар көрсетіп, қатты қинап өлтіруге жақындайды. Ол, оларға жылап, еңіреп жалбарынғандықтан өлтірмей әкелеріне қасқыр жеді деп, қанға бояп көрсету үшін жейдесін шешіп алып, жандары ашымай беліне жіп байлап құдыққа салбыратып тұрып, жібін кескен сәтте, Алладан Жебірейіл арқылы Юсып Ғ.С. га пайғамбарлық келеді. Б.Ж.К.Р.Т.Ж-Қ.) Сонда олар, Юсыпты алып кеткен кезде, бәрі оны

құдықтың түбіне тастауға бірлесті. Оған: "Туыстарыңа әлбетте осы істерінің хабарын бересің. Олар сезбейді" деп уақи еттік. (15) Олар іңірде әкелеріне жылап келді. (16) "Әй Әкеміз! Біз жарысып кеткенде, Юсыпты нәрселеріміздің жанына тастап кетсек, сонда оны қасқыр жепті. Енді шын айтсақта, бізге сенбейсің ғой" десті. (17) Сондай-ақ олар оның жейдесіне өтірік қан жағып әкелді. Әкелері: "Олай емес! Сендерге нәпсілерің бір істі жақсы көрсеткен екен. Енді көркем сабыр керек. Айтқандарыңа Алладан жәрдем тіленеді" деді. (18) (Үш күннен кейін Мәдяннан Мысырға бара жатқан керуен адасып, құдыққа жақын түседі. Б.М.К.Ж.Р.Т.) Бір жүргінші келіп, дереу сушыларын жіберді; ол қауғасын салып: "Ой шүйінші! Міне бір еркек бала" деді. Олар оны сауда малы етіп, жасырып қойды. Алла, олардың не істегендерін толық біледі. (19) Олар оны кем бағаға бірнеше теңгеге сатып жіберді. Өйткені, Олар Юсыпқа ынтық емес еді. (20) Мысырдағы оны сатып алған кісі әйеліне: "Орнын құрметтеп жақсы бақ. Мүмкін бізге пайдасы тиер немесе бала қып алармыз" деді. Осылайша Юсыпты ол жерге онналастырып, оған түстердің жоруын үйреттік. Алла өз ісіне өктем, бірақ адамдардың көбі білмейді. (21) Ол ержеткенде, оған даналық, білім бердік. Жақсылық істеушілерді өстіп сыйлаймыз. (22)

(Бұл Юсыпты жүргіншіден сатып алған, Мысырдың казына уәзірі Кытпирдің әйелі Зилиха еді. Ол уақытта Мысыр патшасы Уалит ұлы Риян иман келтіреді. Б.Ж.М.К.Р.) Юсып тұрған үйдің әйелі (Зилиха), оның көңлін өзіне тартпақшы болды да есіктерді бекітті: "Қане кел бері!", – деді. Юсып (F.C.): "Аллаға сиынамын. Ол (ерің) қожайыным, мені жақсы орынға қойды. Шынында залымдар құтылмайды" деді. (23) Расында әйел одан ой қылды. Егер Раббының дәлелін көрмесе, Юсып та одан ой қылған болар еді. Юсыптан жамандық, арсыздықты бұруымыз үшін өстідік. Өйткені, ол ықыласты құлдарымыздан еді. (24) Екеуі есікке жүгірді де әйел, оның жейдесін арт жағынан жыртып алып қалды. Екеуі есік алдында әйелдің қожайынына кездесіп қалып, әйел еріне: "Сенің жұбайыңа жамандық ойлаған біреудің жазасы сөзсіз абақты немесе жан түршігерлік азап" деді. (25) Юсып (F.C): "Ол, көңлімді өзіне тартпақшы болды" деді. Әйел жағынан бір айғақ: "Егер Юсыптың жейдесі алдынан жыртылса, әйел шын айтты да ол, өтірікшілерден болады" (26) "Оның жейдесі артынан жыртылса, онда әйел өтірік айтты да




Ол, шыншылдардан" деп куәлік берді... (27) Сонда оның жейдесінің арт жағынан жыртылғанын көрген ері: "Міне бұл, әйелдер, сендердің қулықтарың. Расында сендердің амалдарың үлкен" деді. (28) "Юсып, мұны қоя сал! Ханым, сен күнәң үшін жарылқану тіле! Расында сен қатәлесушілерденсің!", – деді (29) Қаладағы қатындар: "Бастықтың әйелі жігітінен көңіл қыпты. Расында әйелді махаббат баурапты. Әлбетте біз оны ашық адасуда көреміз" деп өсектеді. (30)



Зіліха, қатындардың өзіне сөгіс бергендіктерін естігенде; оларға шақыру жіберіп, олар үшін сүйеніп отыратын диван әзірледі де әрбіреуіне бышақ беріп, Юыпқа: "Шық, оларға көрін!",-деді. (Жеміс кесіп отырған қатындар,) оны көрген сәтте, бір түрлі ірі бағалап (естері шығып,) өз қолдарын турады. Қатындар: "Ой Алла! Мынау адам емес; бұл бір құрметті періште-ақ қой" десті. (31) (Зіліха оларға): "Ал міне, мені өсектегендерің осы. Расында оның көңлін мен қаладым.

Сонда да абырой сақтады. Және де ол, әмірімді орындамаса, әлбетте а бақтыға салынып, қор болушылардан болады" деді. (32) (Юсып Ғ.С.): "Раббым! Бұлардың, мені істеуге шақырған істерінен маған зіндан сүйкімдірек. Егер бұл қатындардың сұмдықтарын менен бұрмасаң, оларға бейімдеп надандардан боламын" деп тіледі. (33) Сонда Раббы тілегін қабыл етіп, одан қатындардың сығандықтарын тойтарды. Өйткені Ол Алла, толық естуші, өте білуші. (34) Сонсоң оларға дәлелдер көрінгеннен кейін де оны бір мерзімге дейін абақтыға салды. (35) Және де Юсыппен бірге екі жігіт абақтыға кірді. Ол екеуінің бірі: "Мен түсімде арақ сыққанымды көрдім" деді. Екіншісі: "Мен төбеме нан көтеріп жүр екемін. Одан құс жегенін көрдім. Бізге бұл түстірдің жоруын айтып бер. Күдіксіз, біз сені жақсылық қылушылардан көреміз" деді. (36) (Юсып Ғ.С. оларға): "Сендерге көректендірілетін тамақ келмей-ақ екеуіңе де түстің жоруын айтып беремін. Бұл маған Раббымның үйреткендерінен. Шынында Аллаға сенбеген және ақирет күніне қарсы келген бір елдің дінін тастадым" деді. (37)

"Аталарым, Ыбырайым, Ысхақ және Ярқұп (F.C.) тардың дінін қудым. Біздің Аллаға ешбір шерік қосуымыз тиісті емес. Бұл бізге әрі адам баласына Алланың бір мәрхаметі. Бірақ адамдардың көбі шүкірлік қылмайды." (38) "Әй менің абақты жолдастарым! Бөлек-бөлек Раббылар жақсы ма? Немесе әр нәрсеге өктем жалғыз Алла жақсы ма?" (39) "Сендердің Одан өзге шоқынған нәрселерің, сендер әрі аталарың атаған құр аттар ғана. Алла, оларға табынуға байланысты ешбір дәлел түсірмеген. Үкім Аллаға ғана тән. Ол, өзіне ғана құлшылық қылуларыңды бұйырған. Міне осы, түп-тура дін. Бірақ адамдардың көбі білмейді" (40) "Әй абақты жолдастарым! (Бұл түс көркен екеуінің бірі патшаның сушысы, бірі ашпазы екен.) Біреуің қожайынына арақ ішкізеді. (Бұрынғы жұмысын істейді.) Ал басқа біреуің дереу асылып, басын құс шоқиды. Міне екеуің жоруын сұраған іс бітті." (41) Құтылады деп




ойлаған екеуінің біреуіне: "Қожайыныңның жанында мені ескер!",- деді (Юсып F.C.). Сонда шайтан қожайыныңның алдында еске алуды ұмыттырды да сондықтан Юсып бірнеше жыл абақты да жатып қалды. (42) (Бір күні) патша: "Түсімде, жеті семіз сиырды жеті арық сиыр жеп жатқанын және жеті жасыл сабақтар, тағы сондай құрағандарын көрдім. Әй сыбайластар! Егер түс жоритын болсаңдар, менің түсімді жорындар" деді. (43)

 لِآدَمَ فَسَجَدُوا إِلَّا إِبْلِيسَ كَانَ مِنَ الْجِنِّ فَفَسَقَ عَنْ أَمْرِ رَبِّهِ
 أَفَتَسْتَخِدُّونَهُ وَذُرِّيَّتَهُ أَوْلِيَاءَ مِنْ دُونِي وَهُمْ لَكُمْ عَدُوٌّ
 بِئْسَ لِلظَّالِمِينَ بَدَلًا ﴿٥٠﴾ مَا أَشْهَدْتُهُمْ خَلْقَ السَّمَوَاتِ
 وَالْأَرْضِ وَلَا خَلْقَ أَنْفُسِهِمْ وَمَا كُنْتُمْ مَسْخُذًا مُضِلِّينَ عَضُدًا
 ﴿٥١﴾ وَيَوْمَ يَقُولُ نَادُوا شُرَكَاءِيَ الَّذِينَ زَعَمْتُمْ فَدَعَوْهُمْ
 فَلَمْ يَسْتَجِيبُوا لَهُمْ وَجَعَلْنَا بَيْنَهُمْ مَوْبِقًا ﴿٥٢﴾ وَرَأَى الْمُجْرِمُونَ
 النَّارَ فَظَنُّوا أَنَّهُمْ مُوَافِعُوهَا وَلَمْ يَجِدُوا عَنْهَا مَصْرِفًا ﴿٥٣﴾


سُورَةُ
الْحَبَرِ
٣٠

٢٩٩

(делінеді.) (48) Гамал дәптері алдарына қойылады. Сонда күнәкарлардың, одан қорыққанын көресің. Олар: "Абырым-ай! Бізге нендей өкінім! Мына Кітапта, кішкенені де үлкенді де тастамай-ақ түгендепті" дейді. Сондай-ақ олар істегендерін дайын түрде табады. Раббың ешкімге әділетсіздік қылмайды. (49) (Мұхаммед F.C.) сол уақытта періштелерге: "Адамға сәжде қылыңдар" деген едік. Ібілістен басқа бүкіл періштелер сәжде қылған еді. Жыннан болған ол, Раббының әмірінен бас тартты. Сонда да Менен өзге оны және ұрпақтарын дос етіп, аласыңдар ма? Олар болса, сендерге дұшпан. (Алла тұрып, шайтанды дос көру.) Залымдар үшін нендей жаман өзгеріс! (50) Мен жер, көкті жаратқанда және олардың өздерін жаратқанда, оларды керек қылмадым. Сондай-ақ ешқашан аздырушыларды көмекші еткен емеспін. (51) Қиямет күні; (Алла, кәпірлерге): "Өздеріңнің, Менің шеріктерім деп ойлағандарыңды шақырыңдар" дейді. Сонда оларды шақырады. Бірақ олар өздеріне жауап бермейді. Сондай-ақ олардың араларына бір кәтерлі орын жасаймыз. (2-С. 166-А.) (52) Күнәкарлар; тозақ отын көріп, сонда өздерінің оған түсетіндіктерін сезеді. Бірақ, одан бұрылар жер таба алмайды. (53)

Мал мен балалар, дүние тіршілігінің сәні. Ал бақи қалатын жақсылықтар болса, Раббыңның қасында; табыс бойынша да жақсы әрі үміт тұрғысынан да жақсы. (46) Қиямет күні, тауларды жүргіземіз де жерді жап-жазық көресің. Және де адам баласын; олардан ешкімді тастамай жинаймыз. (47) Олар, Раббыңның хұзырына қатарланып келтіріледі. Оларға: "Бастапта жаратқанымыз тәрізді келдіңдер, тіпті сендерге бір уәделі мерзім белгілемедік деп, ойладыңдар"

Расында осы Құранда адам баласы үшін әр нәрсені ашық-ашық баян еттік. Ал адам баласы, көп нәрселерде жанжалшыл. (54) Қашан да адам баласына тура жетекші келсе, оларды иман келтірулеріне және Раббыларынан жарылқану тілеулеріне кедергі болған нәрсе, бұрынғыларға келген апаттың; өздеріне келуін немесе азаптың қарсы алдарына келуін тосулары. (55) Негізінде елшілерді қуандыру, қорқыту үшін ғана жібердік. Кәпірлер, бос нәрселер арқылы шындықты төмендетуге жағаласады. Әрі апаттарымызды және ескерткен нәрселерімізді тәлкекке алады. (56) Раббыларының аяттары арқылы үгіттеліп, одан бет бұрған және бұрынғы өз қолымен істегендерін ұмытқан кісіден кім залымырақ? Расында олардың жүректеріне оны түсінбейтін қалтқы және де құлақтарына кереметтік пайда қылдық. (Мұхаммед Ғ.С.) оларды туралыққа шақырсаң да әрине мүлде жолға келмейді. (57) Раббың; өте жарылқаушы, мәрхамет иесі. Егер оларды қылықтарының салдарынан қолға алатын болса, әрине оларға азапты тездетер еді. Дегенмен олар үшін белгілі бір мерзім бар. О заман олар, Алладан өзге паналайтын жер таба алмайды. (58) Олар зұлымдық еткен заманда, сол кенттерді жоқ еттік. Солардың жоқ етілулері үшін де мерзім



белгілеген едік. (Мұса Ғ.С. Алланың берген зор ғылымына ие құлы Хызыр Ғ.С. ға, екі теңіздің бірлескен жерінде кездесу үшін; Юшақ ұлы Нүн екеуі жолға шығады. Б.Ж.М.Р.К.) (59) Сол уақытта Мұса (Ғ.С.) жігітіне: "Екі теңіздің қосылған жеріне дейін тоқтамаймын. Немесе жүріспен жылдар өткіземін" деді. (60) Екеуі екі теңіздің құйғанына жеткен кезде, балықтарын ұмытты. Сонда балық, сырғып барып, теңізден жол алды. (61)

سورة الكهف
الحق المصطفى


فَلَمَّا جَاوَزَا قَالَ لِفَتَاهُ إِنَّا نَادَعَاكَ نَالِقَد لَقِينَا مِنْ سَفَرِنَا
هَذَا نَصَبًا ﴿٦٦﴾ قَالَ أَرَأَيْتَ إِذْ أَوْتِنَا إِلَى الصَّخْرَةِ فَإِنِّي نَسِيتُ
الْحَوْتَ وَمَا أُنْسِينِيهِ إِلَّا الشَّيْطَانُ أَنْ أَذْكَرَهُ وَأَتَّخِذَ سَبِيلَهُ
فِي الْبَحْرِ عَجَبًا ﴿٦٧﴾ قَالَ ذَلِكَ مَا كُنَّا نَبِغُ فَأَرْتَدَّا عِلىٰ آثَارِهِمَا
فَصَصَا ﴿٦٨﴾ فَوَجَدَا عَبْدًا مِنْ عِبَادِنَا ءِاتَيْنَهُ رَحْمَةً مِنْ
عِنْدِنَا وَعَلَّمْنَاهُ مِنْ لَدُنَّا عِلْمًا ﴿٦٩﴾ قَالَ لَهُ مُوسَىٰ هَلْ أَتَيْتَكَ
عَلَىٰ أَنْ تُعَلِّمَنِي مِمَّا عَلَّمْتَ رُسُلَنَا ﴿٧٠﴾ قَالَ إِنَّكَ لَنْ تَسْتَطِيعَ
مَعِيَ صَبْرًا ﴿٧١﴾ وَكَيْفَ نَصْبِرُ عَلَىٰ مَا نَرَىٰ مُطْمَئِنِّينَ ﴿٧٢﴾ قَالَ
سَتَجِدُنِي إِن شَاءَ اللَّهُ صَابِرًا وَلَا أَعْصِي لَكَ أَمْرًا ﴿٧٣﴾ قَالَ
فَإِن أَتَبَعْتَنِي فَلَا تَسْتَلْبِئْ عَن شَيْءٍ وَحَتَّىٰ أَحْدِثَ لَكَ مِنْهُ ذِكْرًا
﴿٧٤﴾ فَأَنْطَلَقَا حَتَّىٰ إِذَا رَكِبَا فِي السَّفِينَةِ خَرَقَهَا قَالَ أَخْرَقْنَاهَا
لِنُغْرِقَ أَهْلَهَا لَقَدْ جِئْتَ شَيْئًا إِمْرًا ﴿٧٥﴾ قَالَ أَلَمْ أَقُلْ إِنَّكَ
لَنْ تَسْتَطِيعَ مَعِيَ صَبْرًا ﴿٧٦﴾ قَالَ لَا تُؤَاخِذْنِي بِمَا نَسِيتُ وَلَا
تُرْهِقْنِي مِنْ أَمْرِي عَسِرًا ﴿٧٧﴾ فَأَنْطَلَقَا حَتَّىٰ إِذَا لَقِيَا غُلَامًا فَقَتَلَهُ
قَالَ أَفَنَتَّ نَفْسًا رَكِيَةً بَعْدَ نَفْسٍ لَقَدْ جِئْتَ شَيْئًا نُكْرًا ﴿٧٨﴾

۳۰۱


"Саған үйретілген даналықтан маған да үйретуің үшін саған ерейін бе?",- деді. (66) "Расында сен менімен бірге болуға шыдая алмайсың" деді. (67) "Ішкі сырын толық білмейтін нәрсеге қалай сабыр ете аласың?",- (деді.) (68) (Мұса F.C.): "Алла қаласа, мені сабырлы табарсың. Сондай-ақ саған ешбір істе қарсы келмеймін" деді. (69) "Ал онда маған ілессең, саған айтпайынша, менен еш нәрсе сұрама" деді. (70) Сөйтіп, екеуі жолға шықты да кемеге түсіп, оны тесе бастады. (Мұса F.C.): "Кемедегілерді суға батыру үшін тестің бе? Рас орынсыз істедің" деді. (71) (О кісі): "Мен саған менімен бірге әсте сабыр ете алмайсың демедім бе?" деді. (72) (Мұса F.C.): "Ұмытқан нәрсемді есепке алма. Маған ісімде қолайсыздық тудырма" деді. (73) Екеуі тағы жолға шықты. Бір ұл бала кездесіп еді, (о кісі) оны өлтірді. (Мұса F.C.): "Кісі өлтірмеген жазықсыз біреуді өлтірдің бе? Рас жаман іс істедің" деді. (74)

Екеуі ілгерлеп барған кезде, Мұса (F.C.) жігітіне: "Азығымызды әкелші; әрине осы сапарымызда шаршадық" деді. (62) "Көрдің бе? Тасқа дем алғанда, балықты ұмытқан екемін. Маған оны айтуды шайтан-ақ ұмыттырды. Ол таңғажайып түрде теңізде жол алды" деді. (63) (Мұса F.C.): "Міне іздегеніміз осы" деп, екеуі ізінше қайта қайтты. (64) Сонда екеуі; өз тарапымыздан игілік беріп, өз қасымыздан ғылым үйреткен құлдарымыздан бірін тапты. (65) Мұса, (F.C.) о кісіге:

"Сен менімен бірге жүруге әсте шыдая алмайсың демедім бе?",- деді. (75) "Егер бұдан кейін бір нәрсе сұрасам, тіпті мені жолдас қылма. Рас менен саған сылтау табылды" деді. (76) Сонда екеуі тағы жүріп, бір кент халқына барып, тұрғындарынан тамақ сұрады. Олар, екеуін қонақ қылудан бас тартты. Сонда да екеуі, ол жердегі жығылғалы тұрған тамды көріп; оны жөннеді. (Мұса F.C.): "Егер қаласаң, бұған жалақы алар едің" деді. (77) "Міне осы, мені мен сен екеуіміздің арамның айрылуы. Ал енді саған сабыр ете алмаған нәрселеріңнің сырын айтайын" деді. (78) "Кеме теңізде кәсіп істеген кембағалдардікі еді. Оны ақаулы еткім келді. Өйткені, ар жақтарында, әр (мықты) кемені тартып алатын патша бар еді" (79) "Ал баланың мүмін әке-шешесі бар еді. Оның, әке-шешесін бас тарттыруға, қарсылыққа зорлауынан қорықтық" (80) "Раббылары, оның орнына өздеріне одан тағы таза, тағы мәрхаметті бір бала беруін қаладық" (81) "Ал енді там; бұл қаладағы екі жетім баланікі болып, оның астында ол екеуіне тән қазына бар еді. Сондай-ақ әке-шешелері түзу кісі болғандықтан Раббың, ол екеуі ержетіп, қазыналарын шығарып




алауын қалады. Бұл Раббыңнан бір мәрхамет еді. Сондай-ақ бұны мен өздігімнен істемедім. Міне осы, сенің сабыр ете алмаған істерің" (82) (Мұхаммед F.C.) олар сенен Зұлқарнайынды сұрайды: "Сендерге оның жайын түсіндірейін" де. (Бұл Зұлқарнайын "екі мұйызды" деген ұғымда. Екі тұлғым немесе тажында екі мұйызы болғандықтан атанған. Аты, Ескендер, пайғамбар емес. Батыс, шығысты кезген; РҰм, фарсы делінген, т.б. рауаяттар бар. Ж.Б.М.К.Р.) (83)




иман келтіріп, түзу іс істесе, оған жақсы сыйлық бар. Сондай-ақ жеңіл іс бұйырамыз" (88) Бұдан кейін (шығысқа қарай) шара қолданды. (89) Тіпті күн шығатын жерге жеткен кезде, оның бір елдің үстінен туғанын көрді. Ол елге күннен өзге перде жасамаған едік. (Баспаналары, киімдері жоқ еді.) (90) Осындай еді. Расында оның не істегенін толық білеміз. (91) Содан кейін тағы да бір шара қолданды. (92) Тіпті екі таудың арасына жеткен кезде, сөзді түсіне алмайтын бір ел тапты. (93) Олар: "Әй Зұлқарнайын! Яжүж, Мажүж бұл жерде бұзақылық істеуде. Саған салық төлесек, олар мен біздің арамызға бір бөгет жасайсыңба?" деді. (Бұл; Азербайжан таулары. Яжүж, Мажүж; Япас ұрпағынан болған бір бұзақы ел. Ж.Б.Р.К.М.Х.) (94) Зұлқарнайын: "Раббымның маған бергені бес артық. Сендер маған күш көмегін қылыңдар да сендер мен олардың арасына бір бөгет жасайын" деді. (95) "Маған темір тақтайлар әкеліңдер" деді. Екі беттің арасы теңелген кезде: "Көріктеңдер" деді. Ол от болған сәтте: "Маған еріген мыс әкеліңдер, үстіне құяйын" деді. (96) Сонда олар, оны аса алмады да тесе алмады... (97)

Негізінде Зұлқарнайынды жер жүзінде күшке ие қылдық. Өзіне әр істе қолайлық бердік. (84) О да бір шара қолданды. (85) Тіпті күн бататын жерге жеткен сәтте, оны қара балшықты бұлаққа батқан түрде көрді. Сондай-ақ сол маңнан бір ел тапты. "Әй Зұлқарнайын, не (ол елді) азаптарсың немесе оларға жақсылық істерсің" дедік. (86) Оларға: "Енді кім зұлымдық қылса, оны жазаландырамыз. Сосын Раббына айдалып, Раббы оған қатты жаза береді" деді. (87) "Ал енді кім

(Зұлқарнайын): "Бұл Раббымнан бір мәрхамет. Қашан Раббымның уәдесі (қиямет) келсе, оны жермен-жексен қылады. Сондай-ақ Раббымның уәдесі хақ" деді. (98) Қиямет күні, оларды бір-біріне қосылған түрде қоямыз да Сүр үріліп, оларды тұтас жинаймыз. (99) Ол күні тозақты кәпірлерге айқын көрсетеміз. (100) Олар насихатымнан көздері перделі және құлақтары ести алмайтындар. (101) Кәпірлер, Мені қойып, құлдарымды ие етуді ойлай ма? Расында тозақты, кәпірлерге қонақ үй етіп, әзірледік. (102) (Мұхаммед F.C.): "Сендерге қылығы бойынша зиянға ұшыраушылардың хабарын берейін бе?",- де. (103) Олар дүниедегі еңбектері зая кеткендер. Өздері болса: "Рас жақсы іс істедік" деп ойлайды. (104) Міне олар, Раббыларының аяттарына әрі Раббыларына жолығуға қарсы келгендер. Сондықтан еңбектері еш болған. Сонда оларға қиямет күні еш мән бермейміз. (105) Олар қарсы келіп, аяттарымызды, елшілерімізді тәлкекке алғандықтары себепті жазалары тозақ. (106) Расында иман келтіріп, түзу іс істегендер үшін Пердәуіс жаннаты, қонақ үй болады. (107) Олар онда мәңгі қалады да



өздері одан ауысуды қаламайды. (108) (Мұхаммед F.C.): "Егер Раббымның сөздері (жазылу) үшін теңіз сия болса, тағы бір сондайды көмекке әкелсек те, әлбетте Раббымның сөздері таусылудан бұрын теңіз таусылар еді" де. (109) "Шынында мен де сендер сияқты адаммын. Маған Тәңірлерің бір-ақ Тәңір екендігі уахи етілуде. Сондай-ақ кім Раббына жолығуды үміт етсе, сонда түзу іс істеп, Раббына істеген құлшылығында; Оған ешкімді ортақ етпесін" де. (110)




19-МӘРЯМ СҮРЭСІ

Мединеде түскен. Тоқсан сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) (Мұхаммед Ғ.С.) бұл Раббыңның құлы Зәкеря (Ғ.С.) ға мәрхаметінің естелігі. (2) Ал бір заманда ол, Раббына құпия дауыспен жалбарынған еді. (3) "Раббым! Сүйегім қаусап, басым ағарған. Дегенмен саған қойған тілегім, босқа кетпеген еді" деді. (4) "Шынында мен өзімнен кейінгі

жақындарымнан (мұрагер бола алмайды деп) қорқамын. Сондай-ақ жұбайым кембір. Сонда да маған өз қасыңнан бір мұрагер бере көр!" (5) "Ол, маған да мұрагер болып, әрі Яғқұп ұрпағына да мұрагер болсын. Раббым оны ризалығыңа бөле!" (6) (Алла): "Әй Зәкеря! Расында сені бір үл арқылы қуантамыз. Аты Яхя. Бұрын оған ешкімді аттас қылмаған едік." (7) (Зәкеря): "Раббым! Менің ұлым қалайша болады! Жұбайым кембір. Расында өзім де кәріліктен қурадым" деді. (8) "Міне солайша" деді. Бірақ Раббың: "Ол маған оңай. Өйткені, сені бұрын жаратқанымда дәнөңе емес едің" деді. (9) "Раббым маған бір белгі бер" деді. (Алла): "Сенің белгің: сап-сау бола тұра үш тәулік адамдармен сөйлесе алмайсың" деді. (10) Сонда (Зәкеря) михраптан шығып, қауымына: "Ертелі-кеш Алланы дәріптеңдер" деп нұсқады. (11)

"Әй Яхя! Кітапты мықты ұста" деп, сәбилігінде-ақ даналық берген едік. (12) Әрі оған өз қасымыздан мұлайымдық, күнәдан тазалық бердік. Өзі де тақуа еді. (13) Әрі әке-шешесіне де мейірімді еді. Зоракер, күнәкар емес еді. (14) Оған туылған күні, өлетін күні және тірі тұрғызылатын күні амандық болсын. (15) (Мұхаммед Ғ.С.) Құрандағы Мәрямды айтып бер. Сол уақытта ол, тұрған үйінің шығыс жағындағы бір орынға жекеленіп барды. (16) Сонда олардың бер жағынан шымалдық ұстап қойған еді. Сондай-ақ оған рұхымызды (Жебірейілді) жібердік те ол, оған толық адам бейнесінде көрінді. (17) (Мәрям): "Егер сен тақуа болсаң да сенен Аллаға сиынамын" деді. (18) (Рұх): "Мен саған бір таза бала беруге жіберілген Рабыңның елшісімін" деді. (19) Мәрям: "Маған бір адам жұғыспаса, маған қалайша бала болады? Сондай-ақ суық жолда болмасам" деді. (20) (Жебірейіл Ғ.С.): "Ол, солайша" деді. Өйткені, Рабың: "Бұл Маған оңай. Мен



тараптан адам баласына бір үлгі әрі бір мәрхамет. Бұл біткен бір іс еді" деді. (21) Мәрям; ол балаға жүкті болып, соныменен ұзақ бір жерге кетті. (22) Сонда оны толғақ қысап, құрма ағашының төбіне барды да: "Әттең-ай! Мен бұдан бұрын өліп қана мүлде ұмытылып кеткен болсам еді" деді. (23) (Періште) оның астыңғы жағынан: "Кейіме, Рабың астыңнан бір бұлақ жаратты" деп дабыстады. (24) "Құрманың бұтағын өзіңе қарай сілк. Саған жас құрма түседі" (деген үн келді.) (25)


فَكُلِي وَاشْرَبِي وَقَرِّي عَيْنًا فَأِمَّا تَرِينِ مِنَ الْبَشَرِ أَحَدًا فَقُولِي
 إِنِّي نَذَرْتُ لِلرَّحْمَنِ صَوْمًا فَلَنْ أُكَلِّمَ الْيَوْمَ إِنْسِيًّا ﴿٣٠﴾
 فَآتَتْ بِهِ قَوْمَهَا تَحْمِلُهُ قَالُوا يَا مَرْيَمُ لَقَدْ جِئْتِ شَيْئًا
 فَرِيًّا ﴿٣١﴾ يَا خُتَّةُ هَدْرُونَ مَا كَانَ أَبُوكَ أَمْرًا سَوِيًّا وَمَا كَانَتْ
 أُمُّكَ بَغِيًّا ﴿٣٢﴾ فَأَشَارَتْ إِلَيْهِ قَالُوا كَيْفَ نُكَلِّمُ مَنْ كَانَ فِي
 الْبَيْتِ صَبِيًّا ﴿٣٣﴾ قَالَ إِنِّي عَبْدُ اللَّهِ آتَانِيَ الْكِتَابَ وَجَعَلَنِي
 نَبِيًّا ﴿٣٤﴾ وَجَعَلَنِي مُبَارَكًا أَيْنَ مَا كُنْتُ وَأَوْصَانِي بِالصَّلَاةِ
 وَالزَّكَاةِ مَا دُمْتُ حَيًّا ﴿٣٥﴾ وَبِرًّا بِوَالِدَيْهِ وَلَمْ يَجْعَلْنِي
 جَبَّارًا شَقِيًّا ﴿٣٦﴾ وَالسَّلَامُ عَلَيَّ يَوْمَ وُلِدْتُ وَيَوْمَ أَمُوتُ
 وَيَوْمَ أُبْعَثُ حَيًّا ﴿٣٧﴾ ذَلِكَ عِيسَى ابْنُ مَرْيَمَ قَوْلَ الْحَقِّ
 الَّذِي فِيهِ يَمْتَرُونَ ﴿٣٨﴾ مَا كَانَ لِلَّهِ أَنْ يَتَّخِذَ مِنْ وَلَدٍ سُبْحَانَهُ
 إِذَا قَضَىٰ أَمْرًا فَإِنَّمَا يَقُولُ لَهُ كُنْ فَيَكُونُ ﴿٣٩﴾ وَإِنَّ لِلَّهِ رَبِّ وَرَبِّكُمْ
 قَاعًا مَدُونًا هَذَا صِرَاطٌ مُسْتَقِيمٌ ﴿٤٠﴾ فَأَخْتَلَفَ الْأَحْزَابُ مِنْ
 بَيْنِهِمْ فَوَيْلٌ لِلَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ مَّسْجِدِ يَوْمٍ عَظِيمٍ ﴿٤١﴾ أَسْمِعْ يَوْمَ
 وَأَبْصِرْ يَوْمَ يَأْتُونَ تَنَاكُتِ النُّطُورِ الظَّالِمُونَ الْيَوْمَ فِي ضَلَالٍ مُبِينٍ ﴿٤٢﴾

۳۰۷

Ал енді же де іш. Көз айым бол!
 Егер адамдардан біреу көрсең: "Аса
 қамқор Алла үшін ораза атадым.
 Сондықтан бүгін еш адаммен
 сөйлеспеймін" де. (26) Сонда баланы
 көтеріп еліне келді. Олар: "Әй
 Мәрям! Расында сен өрескел бір
 нәрсе келтірдің" деді. (27) "Әй
 Һарунның қарындасы! (Сонымен
 рулас қыз.) Әкең де жаман кісі емес,
 шешең де жаман жолда емес еді."
 (28) Мәрям баланы көрсетті. Олар:
 "Бесіктегі бір бөбекпен қайтып
 сөйлесеміз?",- деді. (29) (Бала): "Рас

мен Алланың құлымын. Маған
 кітап беріп, пайғамбар қылды" деді.
 (30) "Сондай-ақ мені қайда болсам
 да құтты етті де, тіршілігім
 бойынша намазды, зекетті
 орындауға бұйырды." (31) "(Мені)
 шешеме мейірімді етіп, бір зоракер
 және қиқар қылмады." (32) "Маған
 туылған күнімде, өлер күнімде және
 тірілтіліп, тұрғызылатын күнім де
 амандық болады." (33) Міне осы:
 Олар шүбәланған Мәрям ұлы Гиса
 (Г.С.) жайындағы Алланың хақ сөзі.
 (34) Алланың баласы болуы мүмкін
 емес. Алла (Т.) одан мүлде пәк. Ол,
 бір істің болуын қаласа, тек қана
 оған "бол" дейді. Сонда ол, бола
 қалады. (35) "Күдіксіз Алла, менің
 де Раббым әрі сендердің де
 Раббыларың. Онда Оған ғана
 құлшылық қылыңдар. Тура жол
 осы." (36) Алайда, (Яһуди,
 Христиан) топтары өзара таласты.
 Қарсы болғандарға, ұлы бір күннің
 келуінде нендей өкініш. (37) Олар,
 алдымызға келген күні, нақ естиді
 де көреді. Бірақ залымдар, бүгін
 ашық түрде адасуда. (38)

(Мұхаммед F.C.) ол сенбей селқостықта болғандарға, олар үшін іс бітіп кететін қасырет күнін ескерт. (39) Расында біз жерге де ондағыларға да мұрагер боламыз. Және олар біз жаққа қайтарылады. (40) (Мұхаммед F.C.) Кітаптағы Ыбырайым (F.C.) ды есіңе ал. Негізінде ол турашыл пайғамбар еді. (41) Сол уақытта әкесіне: "Әй әкетайым! Естімес, көрмес, сондай-ақ өзіңе бір пайдасы жоқ нәрсеге неге шоқынасың?",- деді. (42) "Әй әкетайым! Расында маған, саған келмеген білім келді. Сондықтан маған ілес. Сені тура жолға салайын." (43) "Әй әкетайым! Шайтанға шоқынпа! Өйткені, шайтан, Аллаға қарсы болған." (44) "Әй әкетайым! Сені Алла жағынан азап қолға алып, шайтанға дос болып, қалуыңнан қорқамын." (45) Әкесі: "Әй Ыбырайым! Сен тәңірлерімнен бет бұрасың ба? Егер, мұны қоймасаң, әрине сені таспен атамын. Сондай-ақ өзің менен аулақ бол" деді. (46) (Ыбырайым F.C.): "Саған амандық болсын. Сені Раббымның жарылқауын тілеймін. Өйткені, Ол, өте мейірімді" деді. (47) "Мен сендерден де Алладан өзге




шоқынғандарыңнан да араны ашып, Раббыма жалбарынамын. Сондай-ақ Раббыма жалбарынсам, бос қалмауымнан үміткермін." (48) (Ыбырайым F.C.) олардан; олардың Алладан өзге табынғандарынан да ажыраған кезде, оған Ысхақ пен Яғқұпты беріп, әрқайсысын пайғамбар қылдық. (49) Оларға рахметімізден бағыш етіп, оларды әр тілде жоғары бағалаттық. (50) (Мұхаммед F.C.) Кітаптағы Мұса (F.C.) ны есіңе ал. Рас ол, ықыласты әрі жіберілген пайғамбар еді. (51)

وَنذِيبَةٌ مِنْ جَانِبِ الْطُّورِ الْأَيْمَنِ وَفَرَيْتَهُ يَجِئُ ﴿٥٦﴾ وَوَهْبِنَاهُ مِنْ
رَحْمَتِنَا أَخَاهُ هَارُونَ نَبِيًّا ﴿٥٧﴾ وَأَذْكُرُ فِي الْكِتَابِ إِسْمَاعِيلَ إِنَّهُ كَانَ
صَادِقَ الْوَعْدِ وَكَانَ رَسُولًا نَبِيًّا ﴿٥٨﴾ وَكَانَ بِأَمْرٍ أَهْلَهُ بِالصَّلَاةِ
وَالزَّكَاةِ وَكَانَ عِنْدَ رَبِّهِ مَرْضِيًّا ﴿٥٩﴾ وَأَذْكُرُ فِي الْكِتَابِ إِبْرَاهِيمَ
إِنَّهُ كَانَ صِدِّيقًا نَبِيًّا ﴿٦٠﴾ وَرَفَعْنَاهُ مَكَانًا عَلِيًّا ﴿٦١﴾ أُولَئِكَ الَّذِينَ
أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْهِمْ مِنَ النَّبِيِّينَ مِنْ ذُرِّيَةِ آدَمَ وَمَنْ حَمَلْنَا مَعَ نُوحٍ
وَمِنْ ذُرِّيَةِ إِبْرَاهِيمَ وَإِسْرَائِيلَ وَمَنْ هَدَيْنَا وَاجْتَبَيْنَا إِذْ أَنْزَلْنَا عَلَيْهِمُ
آيَاتِنَا الَّتِي يُرِيدُونَ ﴿٦٢﴾ وَأَرْسَلْنَا نُوحًا وَإِبْرَاهِيمَ وَمُوسَى وَعِيسَى ابْنًا مَعَهُمْ
وَجَعَلْنَا لِكُلِّ مَجْدَدٍ آيَاتٍ لِقَوْمٍ يَعْلَمُونَ ﴿٦٣﴾ خَلَفَ مِنْ بَعْدِهِمْ
خَلْفٌ أَضَاعُوا الصَّلَاةَ وَاتَّبَعُوا الشَّهْوَاتِ فَسُوفَ يَلْقَوْنَ غِيَابًا ﴿٦٤﴾
إِلَّا مَنْ تَابَ وَآمَنَ وَعَمِلَ صَالِحًا فَأُولَئِكَ يَدْخُلُونَ الْجَنَّةَ
وَلَا يُظْلَمُونَ فِيهَا شَيْئًا ﴿٦٥﴾ جَنَّاتٍ عَدْنٍ الَّتِي وَعَدَ الرَّحْمَنُ عِبَادَهُ
بِالْغَيْبِ إِنَّهُ كَانَ وَعْدُهُ مَأْتِيًّا ﴿٦٦﴾ لَا يَسْمَعُونَ فِيهَا لِقَاءَ إِنْشَاءٍ
وَلَهُمْ فِيهَا مِنْ لَذَّةٍ وَمِنْهَا يُرْسَلُ إِلَيْهِمْ الْغَنَاءُ ﴿٦٧﴾ تِلْكَ الْجَنَّةُ الَّتِي نُورِثُ مِنْ
عِبَادِنَا مَنْ كَانَ تَقِيًّا ﴿٦٨﴾ وَمَا نُنزِّلُ إِلَّا بِأَمْرِ رَبِّكَ لَهُ مَا بَيْنَ
أَيْدِينَا وَمَا خَلْفَنَا وَمَا بَيْنَ ذَلِكَ وَمَا كَانَ رَبُّكَ نَسِيًّا ﴿٦٩﴾


Өйткені, ол шыншыл бір пайғамбар еді. (56) Оны жоғары орынға көтердік. (Пайғамбарлық дәрежесіне, Аллаға жақындауға, жаннатқа және көкке шығаруға. Ж.Б.Р.К.Х.) (57) Міне бұлар, Алла, өздерін нығметке бөлеген пайғамбарлар. Адам (Ғ.С.) ның және Нұх (Ғ.С.) пен бірге (кемеде) тасығандарымыздың ұрпағынан әрі Ыбырайым (Ғ.С.) және Исраилдың ұрпағынан тура жол көрсетіп, таңдаған кісілерімізден. Оларға Алланың аяттары оқылған сәтте, жылаған бойда сәждеге жығылады (Сәжде бар) (58) Бұл пайғамбарлардан кейін орындарына, намазды қойып, нәпсілеріне ергендер келді. Олар жақында (қияметте) адасуларының сазайын тартады. (59) Бірақ кім тәубе қылып, иман келтірген түрде түзу іс істесе, міне солар ешбір әділетсіздікке ұшырамай жаннатқа кіреді. (60) Ол, аса қамқор Алланың құпия түрде құлдарына уәде еткен (Ғадын) жаннаттары. Расында Оның уәдесі орындалады. (61) Олар жаннатта сәлемнен басқа бос сөз естімейді. Және оларға жаннатта ертелі-кеш несібе бар. (62) Құлдарымыздан біреу тақуа болса, соны мұрагер ететін бейіш осы. (Бір уақ Жебірейіл Ғ.С. кешіккендіктен Мұхаммед Ғ.С. алаң болады. Ж.Б.М.Р.К. (63) (Жебрейіл Ғ.С.): "Раббымның әмірімен ғана түсеміз. Алды-артымыздағы және екі арадағы жағдайларды білу Оған тән. Сондай-ақ Раббың ұмытпайды. (64)

Оған Түр тауының оң жағынан дабыстап, сөйлесу үшін өзімізге жақындаттық. (52) Әрі мәрхаметімізбен туысы Һарұнды, өзіне пайғамбар етіп бердік. (53) (Мұхаммед Ғ.С.) Құрандағы Ысмайыл (Ғ.С.) ды есіңе ал. Шынында ол, уәдесіне берік әрі жіберілген бір пайғамбар еді. (54) Үй-ішіне, намазбен зекетті орындауды бұйыратын еді. Сондай-ақ Раббының қасында сүйікті еді. (55) (Мұхаммед Ғ.С.) Кітаптағы Ыдырыс (Ғ.С.) ды ескер.

Ол, көктер мен жердің ері арасындағылардың Раббы. Сондықтан Соған құлшылықта сабырлы бол. Сол аттас білетінің бар ма? (Бұдан басқа Алла бар ма?) (65) Адам баласы: "Мен өлген уақытта тіріліп, ортаға шығарыламын ба?",- дейді. (66) Ал адам баласы, өзін алғаш жаратқанымызда, дәнеңе емес екенін ойламай ма? (67) Раббыңа серт! Әлбетте оларды да шайтандарын да жинаймыз. Сонан соң тозақтың айналасына тізерлетіп, оларды әзірлейміз. (68) Сонан кейін әрбір топтан Аллаға қайсысы қатты қарсы келгенін ортаға шығарамыз. (69) Сосын әрине олардан тозаққа лайық болғанын жақсы білеміз. (70) Сендерден тозаққа келмейтін (сыраттан өтпейтін) ешкім болмайды. (Бұл) Раббыңа тұжырымды, міндетті бір үкім. (71) Соңыра тақуа болғандарды құтқарамыз да залымдарды тозақта жүгіндіріп қоямыз. (72) Өздеріне ашық түрде аяттарымыз оқылған заман; кәпірлер, (байлықтарын салғастырып) мүміндерге: "Екі топтың қайсысы жағдайда жақсы, жиналыста көркем?",- деді. (73)



Бұлардан бұрынғы нәсілден талайды жоқ еттік. Олар, дүниелікте әрі көріністе бұлардан артық еді. (74) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Кім адасқан болса, Алла оны мүлде созып қояды да ақыр өздеріне уәде етілген азапты не қияметті көрген сәтте, олар кімнің орны жаман, сыбайластары әлсіз екенін біледі" де. (75) Алла (Т.) тура жол тапқандарға туралықты арттырады. Тұрақты игілік; Раббыңның, қасында сауап тұрғысынан жақсы да нәтиже бойынша хайырлы. (76)




(Мұхаммед F.C.) көрмедің бе? Көпірлерге, оларға түрткі салатын шайтандарды жібердік. (83) Олар үшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз. (84) Сол күні, тақуаларды Рахманның хузырына қонақ түрінде жинаймыз. (85) Күнәкарларды шөлдеген түрде тозаққа айдаймыз. (86) Рахманның қасында уәде алғаннан басқа ешкім шапағат ету күшіне ие бола алмайды. (2-С.555-А.) (87) Олар: "Алла, бала иемденді" десті. (88) Расында өрескел нәрсе сөйледіңдер. (89) Бұдан көктер шатынай, жер жарыла, таулар құлап түсе жаздайды: (90) Аллаға бала ұйғарғандықтарынан. (91) Негізінен Аллаға бала лайық емес. (92) Көктер мен жердегі әркім Аллаға ғана құл болып келеді. (93) Расында Алла, оларды түгендеп, бір-бірлеп санын біледі. (94) Сондай-ақ олардың барлығы Оған жеке-жеке келеді. (95)

(Мұхаммед F.C.) аяттарымызға қарсы келіп: "Әлбетте маған мал, бала беріледі" дегенді көрдің бе? (77) Ол, көместі білді ме? Немесе Алладан уәде алды ма? (78) Әсте олай емес. Оның айтқанын жазамыз да оған азапты арттырған сайын арттырамыз. (79) Сондай-ақ оның айтқанына Біз ие боламыз да ол бізге жалғыз келеді. (80) Олар өздеріне абырой үшін Алладан өзге тәңір жасап алды. (81) Олай емес, тәңірлері олардың табынуларына қарсы шығып, өздеріне теріс келеді. (82)


Күдіксіз иман келтіріп, түзу іс істегендерге; Алла, сүйіспеншілік береді. (96) (Мұхаммед Ғ.С.) Құранды, ол арқылы тақуаларды қуантып, қасарысқан елді қорқытуың үшін өз тілінде оңайластырып түсірдік. (97) Олардан қаншаласаған нәсілді жоқ еттік. Енді олардың ешбіреуін сезініп, сыбдырларын естисің бе? (98)

20-ТАҒА СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жүз отыз бес аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед Ғ.С. ның бір аты.) Басқа ұғымын Алла біледі. (1) Саған Құранды машақат үшін түсірмедік. (2) Бірақ қорыққан кісіге насихат үшін түсірдік. (3) Жер мен биік көктерді жаратқаннан түсірілді. (4) Ол Рахман, ғаршыны меңгерді. (5) Көктердегі, жердегі әрі екі арасындағы нәрселермен топырақтың астындағы нәрсе Оған тән. (6) Сөзіңді мейлі әшкерә сөйле. Расында Ол сырды да құпияны да біледі. (7) Ол Алла. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ең көркем аттар Оған тән. (8) (Мұхаммед Ғ.С.) саған Мұса (Ғ.С.) ның әңгімесі келді ме? (Мұса Ғ.С. жұбайымен Мәдяннан Мысырдағы шешесін көру үшін жолға шығады. Қараңғы бір қыс




түнінде "Туа" ойпатына келгенде бір жағынан жұбайы толғатып, жолдан адасып, қарлы бораннан қойлары ығып кетеді. Ж.Б.М.Р.К.Х.) (9) Сол уақытта ол бір от көріп, үй-ішіне: "Тұрып тұрыңдар. Бір от көрдім. Бәлкім сендерге бір шоқ келтіремін немесе от жақта, бір жол көрсетуші табармын" деді. (10) Ол отқа барған сәтте: "Әй Мұса!" деп шақырылды. (11) "Рас Мен Раббыңмын. Кебісіңді шеш. Өйткені, сен қасиетті Туа ойпатындасың" (12)




таянамын. Онымен қойларыма жапырақ қағып беремін әрі онда басқа да істерім бар" деді. (18) "Әй Мұса! Оны таста!", - деді. (19) Оны тастады. Сонда ол, жылан болып жүрді. (20) "Оны ұста, қорықпа! Оны әуелгі халына қайтарамыз" деді. (21) "Қолыңды қойныңа тық. Аппақ ақаусыз басқа бір мұғжиза болып шықсын" (22) Саған ірі мұғжизаларымызды көрсету үшін (еді.) (23) "Перғауынға бар. Өйткені ол, шектен шыққан." (24) (Мұса F.C.): "Раббым! Көңлімді кеңейтпейсің!", - деді. (25) "Ісімді оңайластырғайсың!" (26) "Тілімнің тұтықпасын шеше көр." (27) "Олар сезімді түсінсін!" (28) "Маған семьямнан бір уәзір қыл!" (29) "Туысым һарұнды," (30) "Ол арқылы арқамды қуатта!" (31) "Оны істеріме ортақ қыл." (32) "Сені көп дәріптеуіміз үшін." (33) "Сені көп еске аламыз." (34) "Күдіксіз Сен бізді көресің." (35) (Алла): "Әй Мұса! Сенің тілегің берілді" деді. (36) "Негізінде саған басқа да бір рет игілік еткен едік." (37)

"Сені ұнаттым. Енді уахи етілгендерді тыңда" (13) "Рас Мен Алламын. Менен басқа тәңір жоқ. Сондықтан маған құлшылық қыл. Сондай-ақ Мені еске алу үшін намазды толық орында." (14) "Әркім істегенінің бодауын алу үшін; Мен мезгілін құпиялаған қиямет анық келеді." (15) "Ендеше, сені; қияметке сенбей, көңілдері тартқанына ілескендер, (қияметке сенуден) тоспасын. Онда жоқ боласың." (16) "Әй Мұса! Оң қолыңдағы не нәрсе?" (17) (Мұса F.C.): "Ол таяғым. Оған

"Сол уақытта анаңның көкейіне тиісті нәрселер салған едік: (38) "Оны сандыққа салып, дәрияға тастап жібер; дәрия оны қырға шығарып тастасын. Оны оған да Маған да дұшпан біреу тауып алсын." "(Әй Мұса! Саған) көз алдымызда бағылуың үшін өз тарапымынан махаббат салдым." (39) "Сол уақытта әпекең барып: Сендерге оны бағатын біреу көрсетейін бе?",- деді. Сонда сені, көз айым болып кейімеуі үшін анаңа қайтардық. Және бір кісі өлтірдің. Сонда сені, ол қайғыдан құтқарған едік те сынаулармен сынаған едік. Сондай-ақ жылдар бойы Мәян елінде тұрдың. Сосын белгілі мерзімде қайтып келдің, әй Мұса!" (40) "Сені Өзіме арнадым." (41) "Сен туысың (Һарун екеуің) мүғжизаларымды апарыңдар. Мені еске алуда селқостық қылмаңдар." (42) "Екеуің Перғауынға барыңдар, өйткені ол шектен шыққан." (43) "Оған сыпайы сөз сөйлеңдер, мүмкін үгіт алар немесе қорқар." (44) (Мұса мен Һарун F.C.): "Рабымыз! Оның өктемдік қылуынан немесе шектен шығуынан қорқамыз" деді. (45) (Алла Т.): "Қорықпаңдар! Сендермен біргемін. Естимін, көремін" деді. (46) "Екеуің барып: Біз, Рабыңның саған жіберген елшісіміз; ал енді



Израил ұрпақтарын бізбен бірге жібер. Енді оларды қинама, саған Рабыңның мүғжизасымен келдік. Есендік тура жолдағыларға болсын" деңдер. (47) "Бізді жасынға шығарып, бет бұрғандарға азап болатындығы уахи етілді." (48) (Перғауын): "Әй Мұса! Рабыларың кім?",- деді. (49) (Мұса): "Рабымыз, әр нәрсеге бір бейне беріп, сонан соң оны тура жолға салған" деді. (50) (Перғауын): "Ал сонда бұрынғы деуірдегілердің жағдайы қандай?",- деді. (51)




Расында Перғауынға барлық мұғжизарымызды көрсеттік. Бірақ ол жасынға шығарып бас тартты. (56) "Әй Мұса! Сиқырың арқылы бізді жерімізден шығару үшін келдің бе?",- деді. (57) "Әрине біз де сол тәрізді сиқыр әкелеміз. Ендеше бізбен өз араңда бір уәделі жер белгіле. Біз де сен де айнымайтын ыңғайлы бір орын болсын" деді. (58) (Мұса F.C.): "Табысатын уактымыз, мереке күнгі ел жиналатын сәске болсын" деді. (59) Сонда Перғауын бұрылып кетті де сиқыршыларын жинап келді. (60) Мұса (F.C.) оларға: "Құрып-ақ қалыңдар! Аллаға өтірік жала жапсырмаңдар. Онда сендерді азаппен жоқ етеді. Расында кім жала жапсырса, мүлде зиянға ұшырайды" деді. (61) Олар өзара тартысып, жасырын кеңесті. (62) Олар: "Бұл екеуі сиқыршы, сиқырлары арқылы сендерді жерлеріңнен шығаруды, ардақты діндеріңді жоюды қалайды" десті. (63) "Сондықтан барлық сиқырларыңды жинап, сосын қатарланып келіңдер. Расында бүгін кім үстем болса, мұратқа жетеді." (64)

(Мұса F.C.): "Олардың мәліметі Раббымның қасындағы Кітапта бар. Раббым жаңылмайды да ұмытпайды" деді. (52) Ол сондай Алла, сендер үшін жерді бесік қылып, онда сендерге жолдар ашқан және көктен жаңбыр жаудырған. Ол су арқылы түрлі өсімдіктерден пар-парымен шығардық. (53) Жеңдер де малдарыңды жайыңдар. Рас бұнда ақыл иелері үшін өнеге бар. (54) Одан (топырақтан) сендерді жараттық. Оған қайтарамыз да екінші рет содан шығарамыз. (55)

وَلَقَدْ أَوْحَيْنَا إِلَىٰ مُوسَىٰ أَنْ أَسْرِ بِعِبَادِي فَاصْرَبْ لَهُمْ طَرِيقًا
 فِي الْبَحْرِ يَبَسًا لَا تَخَفْ دَرَكًا وَلَا تَخْشَىٰ ۗ (77) فَانْبَعَثَ مِنْهُمُ
 فِرْعَوْنُ فَعَاشَرَهُمْ مِنْ أَلِيمٍ مَا عَشَرَهُمْ ۗ (78) وَأَضَلَّ فِرْعَوْنُ قَوْمَهُ
 وَمَا هَدَىٰ ۗ (79) يَسْبِقِ إِسْرَهُ يَلْ قَدْ أَمْحَيْنَاكَ مِنْ عَدُوِّكَ وَوَعَدْنَاكَ
 جَانِبَ الطُّورِ الْأَيْمَنِ وَنَزَّلْنَا عَلَيْكَ الْمَنَ وَالسَّلْوَىٰ ۗ (80) كُلُوا
 مِنْ طَيِّبَاتِ مَا رَزَقْنَاكُمْ وَلَا تَطْغَوْا فِيهِ فَيَحِلَّ عَلَيْكُمْ غَضَبِي
 وَمَنْ يَحِلَّ عَلَيْهِ غَضَبِي فَقَدْ هَوَىٰ ۗ (81) وَإِنِّي لَغَفَّارٌ لِمَنْ تَابَ
 وَآمَنَ وَعَمِلَ صَالِحًا ثُمَّ اهْتَدَىٰ ۗ (82) وَمَا أَعْجَلَكُ عَنْ
 قَوْمِكَ يَمُوسَىٰ ۗ (83) قَالَ هُمْ أَوْلَاءُ عَلَىٰ أَتْرَىٰ وَعَجِلْتُ إِلَيْكَ
 رَبِّ لِتَرْضَىٰ ۗ (84) قَالَ فَإِنَّا قَدْ فَتَنَّا قَوْمَكَ مِنْ بَعْدِكَ وَأَضَلَّهُمُ
 السَّامِرِيُّ ۗ (85) فَرَجَعَ مُوسَىٰ إِلَىٰ قَوْمِهِ غَضْبَانَ أَسِفًا قَالَ
 يَتَقَوْمِ آلِمِ بَعْدَكُمْ رَبِّكُمْ وَعَدًّا حَسِنًا أَفْطَالَ عَلَيْكُمْ
 الْعَهْدُ أَمْ أَرَدْتُمْ أَنْ يَحِلَّ عَلَيْكُمْ غَضَبٌ مِّنْ رَبِّكُمْ فَأَحْلَقْتُمْ
 مَوْعِدِي ۗ (86) قَالُوا مَا أَخْلَفْنَا مَوْعِدَكَ بِمَلِكِنَا وَلَكِنَّا حَمَلْنَا
 أَوْزَارًا مِّنْ زِينَةِ الْقَوْمِ فَقَذَفْنَاهَا فَكَذَلِكَ أَلَقَى السَّامِرِيُّ ۗ (87)


(80) Біз сендерге берген таза ризықтан жеңдер. Бұнда шектен шықпаңдар. (Өйтсеңдер.) Сендерге ашуым түседі. Ал кімге ашуым түссе, расында сол жоқ болады. (81) Өйткені; Мен, кім тәубе етіп, иман келтіріп, игілік істеп, тура жолда болса; әлбетте жарылқаймын. (Мұса F.C. елінен сайлап алған жетпіс кісімен Тұр тауына жүргенде, олардан оза жүрген екен.7-С.155-А.) (82) "Әй Мұса! Сені қауымыңнан не асықтырды?" (83) (Мұса F.C.): "Олар артымда, Раббым, разы болуың үшін Саған асықтым" деді. (84) (Алла): "Рас Біз, сенен кейін еліңді сынадық. Сондай-ақ оларды, Сәміри жолдан шығарды" деді. (85) Сонда Мұса (F.C.) ашуланып, кейіген түрде, еліне қайтты да: "Әй елім! Раббыларың сендерге жақсы уәде қылмап па еді? Сендерге уәде ұзақ келді ме? Немесе өздеріңе Раббыларыңның қағары келуін қалап, уәдемнен айныдыңдар ма?,- деді. (86) Олар: "Уәдеңнен өздігімізден таймадық. Бірақ бізге, ол елдің сәндік-бұйымдары артылған еді. (Алып шыққан едік.) Сонда оларды отқа салдық. Осылайша Сәміри де салды" деді. (87)

Расында Мұсаға: "Құлдарымды (Израил ұрпақтарын) түнделетіп, алып кет; оларға теңізде құрғақ жол аш. Олардың қуып жетулерінен қорықпа да шошыма!",- деп уахи қылдық. (77) Сонда оларды қуған Перғауын мен әскерлерін теңіз басып, ішіне алды. (78) Перғауын, елін адастырып, тура жолға салмаған еді. (79) Әй Израил ұрпақтары! Өздеріңді дұшпандарыңнан құтқарып, Тұр тауының оң жағын сендерге уәде қылдық. Сондай-ақ сендерге, Мәнна, Сәлуаны түсірдік.



Сонда Сәміри, оларға; мәңіреген бір бұзаудың мүсінін шығарды да олар: "Сендердің де Мұсаның да тәңірі осы. Бірақ ол жаңылды" десті. (88) Олар оның өздеріне жауап қайтармағанын сондай-ақ олар үшін пайда, зиян келтіру күшіне ие емес екендігін көрмей ме? (89) Рас бұрын Һарүн да оларға: "Әй елім! Шынында сендер осы арқылы сыналдыңдар. Күдіксіз Раббыларың мейірімді. Сондықтан маған еріп, әміріме бой ұсыныңдар!",- деген еді. (90) Олар: "Мұса бізге қайтқанға дейін бұған табынудан табжылмаймыз" десті. (91) (Мұса F.C.): "Әй Һарүн! Бұлардың адасқанын көргенде, артымнан келуіңнен сені тосқан не? Немесе әміріме қарсы келдің бе?",- деді. (92-93) (Һарүн): "Әй анамның ұлы! Сақалым мен шашымды ұстамашы. Израил ұрпақтарының арасына іріткі салдың, сөзімді елемедің деуіңнен қорықтым" деді. (7-С.150-А) (94) (Мұса F.C.): "Әй Сәміри! Жә, сенің істегенің не?",-


деді. (95) (Сәміри): "Олар көрмеген бір нәрсе көрдім. Елшінің (Жебрейіл F.C.) ізінен бір уыс топырақ алып, оны ішіне салдым. Оны маған нәпсім жақсы көрсетті" деді. (96) (Мұса F.C.): "Енді кет! Өмірін бойынша: 'Маған жұғыспа' деп өтесің. Күдіксіз саған әсте өзгермейтін бір жаза тағы бар. Бұлжымай табынған тәңіріңе қара! Әлбетте оны өртеп сонан соң дәрйаға тастап жібереміз." (97) "Тәңірлерің Алла ғана. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ, білімі әр нәрсені сидырады." (98)




(Мұхаммед F.C.) өстіп, саған кейбір болып өткен уақиғаларды баян етеміз. Сондай-ақ саған өз қасымыздан Құранды бердік. (99) Кім Құраннан бет бұрса, сонда күдіксіз оған қиямет күнінде күнә жүктеледі. (100) Олар ол бейнетте мүлде қалады. Олар үшін қиямет күні нендей жаман жүк. (101) Сүр үрілген күні, күнәкарларды көздері көгерген түрде жинаймыз. (102) Олар араларында: "Дүниеде он-ақ тәулік тұрдық" деп сыбырласады. (23-С. 113-А.) (103) Олардың не

айтқандарын жақсы білеміз. Олардың ең туралары: "Дүниеде бір-ақ күн тұрдыңдар" дейді. (104) (Мұхаммед F.C.) олар сенен таулардың жайынан сұрайды. Сонда оларға: "Рабым тозаң қылып, ұшырып жібереді" де. (105) Оны теп-тегіс жазық қылады. (106) Сен онда ешбір қия не томпақ көрмейсің. (107) Олар; қиямет күні, шақырушыға еш бұрылмай ілеседі. Сондай-ақ Рахманның алдында дауыстар бәсеңдейді. Тіпті сыбырдан басқаны естімейсің. (108) Сол күні Рахман рұқсат берген, сөзін жақтырғаннан басқаның шапағаты пайда бермейді. (109) Өйткені Алла, олардың алдарындағыны да арттарындағыны да біледі. Басқалар оны толық білмейді. (110) Тірі, меңгеруші (Алла) ге бастар иіледі. Кім зұлымдық арқаласа, қор болады. (111) Ал кім иман келтірген түрде түзу іс істесе, сонда ол жамандықтарының артуынан, жақсылықтарының кемуінен қорықпайды. (112) Осылайша Құранды Арапша түсіріп, онда түрлі ескертулер баян еттік. Мүмкін олар сақтанар. Немесе оларға үгіт пайда қылар. (113)

Шынайы меңгеруші Алла әр нәрседен жоғары. (Мұхаммед F.C.) саған етілген уахи бітуден бұрын Құранды оқуға асықпа да: "Раббым, білімімді арттыр!",- де. (114) Рас бұрын Адамға үкім берген едік. Алайда, ол ұмытты. Оны төзімді таппадық. (115) Сол уақытта періштелерге: "Адамға сәжде қылыңдар!",- дедік. Сонда олар сәжде қылды. Бірақ Ібіліс сәжде қылмай бас тартты. (116) Сонда Адамға: "Күдіксіз осы, саған да жұбайыңа да дұшпан. Екеуіңді жаннаттан шығарып жібермесін. Сонда машақат тартасыңдар" дедік. (117) Күдіксіз сен жаннатта, аш-жалаңаш қалмайсың. (118) Сондай-ақ онда шөлдемейсің де күннің ыстығы өтпейді. (119) Ақыр шайтан оған азғыру жүргізіп: "Әй Адам! Саған мәңгілік ағашын және таусылмайтын салтанатты көрсетейін бе?",- деді. (120) Сонда екеуі, одан жеді. Дереу ұятты жерлері көрінді. Сондықтан екеуі де үстеріне жаннаттың жапырақтарын жаба бастады. Адам (F.C.) Раббына күнәкар болып, жолдан тайды. (121)



Сонан кейін Раббы оны есіркеп, тәубесін қабыл етіп, тура жолға салды. (122) Бір-біріңе дұшпан болған бойда жаннаттан түгел түсіңдер. Егер екеуің тарапымнан бір туралық келіп, кім тура жолыма ілессе, сонда ол адаспайды да машақат тартпайды. (123) Ал кім үгітімнен бет бұрса, сонда күдіксіз оған бір тар тұрмыс болады. Сондай-ақ оны соқыр түрде жинаймыз. (124) "Раббым, мені неге соқыр етіп тірілттің? Расында мен көретін едім" дейді. (125)




(Алла): "Міне осылай. Өйткені саған аяттарымыз келген еді. Сонда сен оны ұмытқан едің. Сол сияқты бүгін сен де ұмытыларсың" дейді. (126) Ал міне сөйтіп, шектен шыққан, Раббының аяттарына иман келтірмеген кісіні жазаландырамыз. Әрине ахирет азабы әрі қатты әрі тұрақты. (127) Оларды жұрттарында жүріп жүрген өздерінен бұрынғы Біз жоқ еткен нәсілдер (дін үлгісі) жолға салмады ма? Рас мұнда ақыл иелеріне өнеге бар. (128) Егер Раббыңнан бекітілген сөз;


белгіленген бір мерзім болмаса, әрине істері біткен болар еді. (129) (Мұхаммед F.C.) сонда олардың айтқандарына сабыр ет. Күн шығудан бұрын да батудан бұрын да Раббыңды мақтай пәкте. Кеш мезгілдерінде және күндіздің айналасында да пәкте. Мүмкін ризалыққа бөленерсің. (130) Біз олардың кейбіреуіне сынау үшін берген дүние тіршілігінің ғана сәні түріндегі нәрселерге көзінді сүзбе. Раббыңның несібесі хайырлы да тұрақты. (131) Үй-ішінді намазға бұйыр және өзің де оған көңіл бөл. Біз сенен ризық тілемейміз. Сені біз ризықтандырамыз. Соңғы табыс тақуаға тән. (132) Олар: "Бұл, Раббынан бір мұғжиза неге келтірмейді?", – деді. Оларға, бұрынғы кітаптарда ашық дәлелдер келмеді ме? (Бұрынғы Інжіл, Тәуратты және т.б. кітаптарды қамтыған бұл Құран, осал бір мұғжиза ма? Ж.Б.К.М.Р) (133) Егер бізге бір елші жіберген болсаң, қор және сорлы болудан бұрын аяттарыңа көнер едік" дер еді. (134) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Бәріміз де соңын күтеміз. Ал сендер де күтіңдер. Таяуда кімнің тура жолға ие екендігін, кімнің тура жол тапқандығын білесіңдер" де. (135)

21-ӘНБИЯ СҮРЕСІ

"Меккеде түскен. Жүз он екі аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Адам баласының есеп көретін мезгілі таяды. Алайда, олар кәперсіз бет бұруда. (1) Олар, Раббыларынан өздеріне келген әр жаңа ескертуді мүлде ойыншық етіп қана тыңдайды. (2) Олардың жүректері боста. Жасырын кеңескен залымдар: "Бұл сендер сияқты ғана адам. Көре тұра сиқырға ересіндер ме?",- (деп күңкілдесті.) (3) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Раббым; жер, көктегі сөйленгенді біледі. Сондай-ақ Ол, толық естуші, білуші" деді. (4) Олар: "Олай емес. Бұл шым-шытырық тұтстер. Жоқ, өзінің жасандысы. Жоқ, ол ақын. Әйтпесе, бізге бұрынғы елшілерше бір белгі келтірсін" деді. (5) Бұлардан бұрынғы біз жоқ еткен кент (халқы) иман келтірмеді. Енді бұлар иман келтіре ме? (6) Сенен




бұрын да өздеріне уахи етіп, еркектерді ғана жіберген едік. Егер білмесеңдер Кітап иелерінен сұраңдар. (7) Ол пайғамбарларды тамақ жемейтін бір дене қылмадық. Сондай-ақ олар мәңгі қалушы да емес. (8) Сонан кейін оларға етілген уәдемізді шыңға шығарып, оларды және қалаған кісілерімізді құтқардық та шектен шығушыларды жоқ еттік. (9) Сендерге ішінде өздеріңе үгіт болған бір Кітап жібердік. Сонда да түсінбейсіңдер ме? (10)



Қаншалаған халқы залым кентті талқандадық та одан кейін басқа ел жараттық. (11) Сонда олар азабымызды сезген сәтте, ол жерден қаша бастады. (12) "Қашпаңдар! Бақ берілген жерге, үйлеріңе қайтыңдар. Мүмкін сұраласыңдар" (деді.) (13) Олар: "Өкінішке орай біз залым екеміз" деді. (14) Осы дауыстары; біз оларды орылған шөп, сөнген отқа айналдырғанға дейін сенбеді. (15) Көк пен жерді және екі арасындағыны ойыншық қып жаратпадық. (16) Егер бір ойыншық

жасағымыз келсе де оны жасайтын болсақ өз қасымыздан-ақ жасап алар едік... (17) Егер өтірікті, шындықпен ұрсақ, миын бырқ еткізер еді де сонда ол жойылып, кетер еді. Жасанды сөздеріңнің салдарынан сендерге нендей өкініш. (18) Көктер мен жердегілер Алланикі. Оның қасындағылар, Оған құлшылық қылудан дандайсымайды да шаршамайды. (19) Олар күндіз-түні Алланы дәріптеуден жалықпайды. (20) Оларың жерден жасап алған тәңірлері; солар, өліктерді тірілте ме? (21) Егер жер-көкте Алладан басқа да тәңірлер болса еді, әлбетте екеуі де бұзылып, кетер еді. Ғаршының Раббы Алла, олардың жасанды сипаттарынан пәк. (22) Ол, істегендерінен сұралмайды да олар сұралады. (23) Немесе олар, Алладан өзге тәңірлер жасап алды ма? (Мұхаммед Ғ.С.): "Дәлелдеріңді келтіріңдер. Міне менімен бірге болғандардың Кітабы және менен бұрынғылардың Кітабы" де. Олай емес, олардың көбі шындықты білмейді. Сондықтан олар жалтарады. (24)

(Мұхаммед F.C.) сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек, оған: "Күдіксіз Менен басқа ешбір тәңір жоқ. Онда Маған ғана құлшылық қылыңдар" деп қана уахи етіп, жібердік. (25) Сонда олар: "Алланың баласы бар" деді. Алла одан пәк. Олай емес, періштелер ардақты құлдары. (Олар періште Алланың қыздары дейтін еді.) (26) Олар, Одан оза сөз сөйлемейді. Сондай-ақ олар, Оның әмірін ғана орындайды. (27) Алла олардың өткенін де келешегін де біледі. Олар, Алланың разы болған кісісіне ғана шапағат ете алады. Олар Алладан қорыққаннан тітірейді. (28) Олардан кім: "Алладан өзге мен де тәңірмін!,- десе, оны тозақпен жазаландырамыз. Залымдардың сазайын сөйтіп тарттырамыз. (29) Қарсы болғандар, негізінде көктер менен жер тиіскен еді. Екеуін ажыратқанымызды, әр жанды нәрсені судан жаратқанымызды көрмей ме? Сондай-ақ сенбей ме? (30) Жер оларды тербетпесін деп, асқар тауларды орналастырдық. (16-С. 16-А) Және жөн табулары



үшін кең жолдар жараттық. (31) Аспанды берік бір төбе қылдық. Олар болса, мұндағы белгілерден бет бұрады. (32) Ол Сондай Алла; түнді, күндізді, күнді және айды жаратты. Әрқайсысы өз айналасында жүзеді. (33) (Мұхаммед F.C.) сенен бұрын да адам балсына мәңгілік (өмір) бермедік. Ал егер сен өлсең сонда олар мәңгі қала ма? (34) Әркім өлімді татады. Сендерді сынап; жаман-жақсы күйге саламыз. Сондай-ақ бізге қайтарыласыңдар. (35)

سُورَةُ الْأَنْبِيَاءِ


الْمُرْسَلَاتِ

وَإِذْ أَرْسَلْنَاكَ كَافِرًا تَكْفُرًا أَنْ يَتَّخِذُوا
 مِنْكَ إِلَّاهًا مِمَّا يَلْعَنُونَ ۚ إِنَّ هَذَا
 إِلَٰهِي بَدَّلْتُ الْإِلَٰهَ الَّذِي يَدْعُونَ
 وَهُمْ لَا يَعْلَمُونَ ۗ اللَّهُ يَخْتَارُ
 مَا يُضِلُّ لِقَوْمٍ عَصَابًا ۗ اللَّهُ يَهْدِي
 مَن يَشَاءُ ۗ اللَّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ ۚ (36)
 خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ فَأَنبَأَهُ
 رُبُّهُ بِالْقَلَمِ عَلَّمَ الْقُرْآنَ ۗ (37)
 وَإِذْ يَقُولُ مَتَىٰ هَذَا الْوَعْدُ
 إِن كُنْتُمْ صَادِقِينَ ۚ (38)
 لَوْ يَعْلَمُ الَّذِينَ كَفَرُوا حِينَ
 لَا يَكْفُرُونَ عَنْ وُجُوهِهِمْ النَّارَ
 وَلَا عَنْ ظُهُورِهِمْ وَلَا هُمْ يُنصَرُونَ ۚ
 (39)
 بَلْ تَأْتِيهِمْ بَغْتَةً فَتَبْهَتُهُمْ
 فَلَا يَسْتَطِيعُونَ رَدَّهَا وَلَا هُمْ يُنظَرُونَ ۚ
 (40)
 وَلَقَدْ أَرْسَلْنَا
 رِيسُلًا مِنْ قَبْلِكَ فَحَاقَ بِالَّذِينَ سَخِرُوا
 مِنْهُمْ مَا كَانُوا بِهِ يَسْتَهْزِئُونَ ۚ (41)
 قُلْ مَنْ يَكْفُرْكُمْ بِاللَّيْلِ وَالنَّهَارِ
 مِنَ الرَّحْمَنِ بَلْ هُمْ عَنْ ذِكْرِ رَبِّهِمْ
 مُعْرِضُونَ ۚ (42)
 أَمْ هُمْ
 آتَاهُمُ الْإِلَهَاءُ تَمَنَعَهُمْ مِنْ دُونِنَا
 لَا يَسْتَطِيعُونَ نَصْرَ أَنفُسِهِمْ
 وَلَا هُمْ مِنَّا يُصْحَبُونَ ۚ (43)
 بَلْ
 مَنَعْنَا هَٰؤُلَاءِ وَءَابَاءَهُمْ حَقَّ طَالٍ
 عَلَيْهِمُ الْعُمُرُ أَفَلَا يَرَوْنَ أَنَا أَنَا
 فِي الْأَرْضِ نَنفُخُهَا مِنْ أَمْرِهَا
 أَفَهُمُ الْعَالَمِينَ ۚ (44)

۳۲۵


(Мұхаммед Ғ.С.) қарсы болғандар, қашан сені көрсе, өзіңді мүлде тәлкектеп: "Тәңірлеріңді сөз қылып жүрген осыма?",- дейді. Сондай-ақ олар өздері Рахманның зікіріне (Кітабына) қарсы. (36) Адам баласы асыққыш болып жаратылған. Белгілерімді көрсетемін. Менен тез тілемендер. (37) Олар: "Ал егер шын айтсаңдар, осы уәде қашан келеді?",- дейді. (38) Егер қарсы болғандар; оттан беттерін де арқаларын да қорғай алмайтын мезгілді білсе еді. (39) Олай емес!

Бейнет оларға кенеттен келіп, өздерін абыржытады. Сонда олар оны тойгара алмайды да өздеріне мұрса да берілмейді. (40) Расында сенен бұрынғы пайғамбарлар да а ж ы у а л а н ғ а н . Сонда мазақтағандардың, тәлкектеген нәрселері өз бастарына жеткен. (41) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Сендерді күндіз-түні Алладан кім арашалай алады?",- де. Керісінше олар Раббыларының насихатынан бет бұруда. (42) Немесе бізден өзге өздерін қорғайтын тәңірлері бар ма? Тәңірлері өз бастарына жәрдем ете алмаумен қатар бізден де қолдау таппайды. (43) Әрине, оларды да аталарын да ұзын бір өмірге дейін пайдаландырдық. Ал енді олар, жерді айналасынан (апаттар арқылы) кеміткенімізді көрмей ме? Сонда жеңіске солар ие бола ма? (44)



(Мұхаммед F.C.) оларға: "Шын мәнінде сендерге уахи арқылы ескертемін. Саңырау ескертілсе де дауысты естімейді" де. (45) Рас, егер оларға Раббыңның азабынан азғантай ғана жетсе, олар: "Неңдей өкініш! Біз залым екеміз" дейді. (46) Қиямет күні, туралық таразысын қоямыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Егер бір ұрық түйірінің салмағындай болса да оны әкелеміз. Есеп көруде жеткіліктіміз. (47) Рас Мұса мен Һарун (F.C.) ға жақсы-жаманды ажырататын, тақуалар үшін жарық және үгіт түрінде Кітап бердік. (48) Олар Раббыларын көрмей-ақ қорқып әрі олар, қияметтен үрейленеді. (49) Бұл Құран біз түсірген мұбарак бір насихат. Енді соған да қарсы келесіңдер ме? (50) Рас, бұрын Ыбырайым (F.C.) ға да туралық берген едік. (51) Сол уақытта ол; әкесіне, еліне: "Мына сендер шоқынған мүсіндер не?",-


деді. (52) Олар: "Біз аталарымызды осыған табынған түрде таптық.",- деді. (53) (Ыбырайым F.C.): "Рас сендер де аталарын да адасудасыңдар" деді. (54) Олар: "Сен бізге шындықты әкелдің бе? Ойнап, жүрсің бе?",- деді. (55) "Олай емес. Негізінде сендердің Раббыларың, көктер мен жердің Раббы; соларды Ол жаратты. Сондай-ақ осыларына айғақ болушыларданмын" деді. (56) "Аллаға серт етемін! Сендер бұрылып кеткеннен кейін әлбетте бұттарыңа соқтығамын" (деді.) (57)




Сонда оларды быт-шыт қылып, бәлкім осыған айналар деп, үлкенін ғана қойды. (58) Олар: "Бұны тәңірлерімізге кім істесе де ол, анық залым екен" десті. (59) "Ыбырайым деген бір жігіттің осыларды сөз қып жүргенін естідік" десті. (60) "Оны, көрулері үшін адамдардың көз алдына алып келіңдер" десті. (61) "Әй Ыбырайым! Осыны тәңірлерімізге сен істедің бе?",- десті. (62) "Бәлкім мына олардың үлкені істеген шығар. Егер сөйлей алатын болса, олардан сұраңдар"

деді. (63) Олар өзара: "Шынында сендер залымсыңдар" десті. (64) Сосын олар, мүсеуіррей сүлкійіп: "Расында бұлардың сөйлемейтінін білесің ғой" деді. (65) "Онда сендер Алланы қойып, өздеріңе ешбір пайда, зиян келтіре алмайтын нәрсеге табынасыңдар ма?" (66) "Тұь! Сендерге де Алланы қойып, табынғандарыңа да. Енді де түсінбейсіңдер ме?",- деді. (67) Олар: "Егер бір нәрсе істейтін болсаңдар, Ыбырайымды өртеп, тәңірлеріңе көмек етіңдер" десті. (Олар, Ыбырайымның қол-аяғын байлап, "мүнжанық" деген атқы арқылы отқа атарда Жебрейіл (Ғ.С.) келіп: "Бір хажетін бар ма?",- дегенде: "Саған хажетім жоқ" дейді. "Онда Раббыңнан тіле!",- дегенде: "Өзіне халім мәлім. Алла маған жетеді, Ол нендей жақсы ие" деп, нағыз Аллаға ғана сиынады. Б.М.Х.) (68) "Әй от! Ыбырайымға салқын, зиянсыз бол" дедік. (69) Олардың Ыбырайым (Ғ.С.)ға қастық істегілері келді. Бірақ өздерін сәтсіздікке ұшыраттық. (70) Лұт (Ғ.С.) ты құтқарып, әлемдер үшін мұбарак болған жерге жеткіздік. (71) Ыбырайым (Ғ.С.)ға Ысхақты артықша Яғқұпты бердік. Бәрін де түзу кісілер еттік. (72)

Оларды әміріміз бойынша, тура жол көрсететін басшы қылып, оларға жақсылық істеуді, намазды орындауды, зекет беруді уахи қылдық. Олар бізге құлшылық қылушы еді. (73) Лут (F.C.) қа хикмет, ғылым бердік. Жаман істер істейтін кенттен құқардық. Рас олар, жаман бұзық ел еді. (74) Оны рахметімізге бөледік. Рас ол жақсылардан еді. (75) Бұрын жалбарынған Нұх (F.C.) тың тілегін қабыл етіп, оны әрі үй-ішін зор апаттан құтқарған едік. (76) Оны, аяттарымызды жасынға шығарған елден қорғадық. Өйткені олар, сұмпайы ел еді. Сонда оларды түгел суға батырдық. (77) Дауыт пен Сүлеймен (F.C.) ді есіңе ал. Екеуі бір елдің қойы түнде егінге түсіп, соған билік айтқанда, биліктерін көріп тұрдық. (Дауыт F.C.: "Егін иесі қойды алсын" деп билік қылғанда; баласы, Сүлеймен: "Қой иесі егінді бағып, жетілдіргенге дейін қой егін иесінде тұрсын" дейді. Б.М.Р.) (78) Сонда оны Сүлейменнің көкейіне салдық. Негізінен де әрқайсысына




әкемшілік, білім бердік. Және Дауыт (F.C.) пен бірге Алланы дәріптейтін тауларды, құсты бой ұсындырдық. Оны Біз істедік. (79) Дауыт (F.C.) қа сендерді соғыстан қорғау үшін сауыт жасау өнерін үйреткен едік. Сонда сендер шүкір етесіңдер ме? (80) Сүлеймен (F.C.) ге қатты желді бағындырдық. Оның әмірімен, біз мұбарак қылған жерге жүреді. (Сүлеймен (F.C.) нің тағы желмен ұшып; Шамға, Йеменге дейін баратын еді. Б.К.Р.Х.Ж-Қ.) (34-С. 12-А. 38-С. 36-А.) (81)




алып, құрт ауру берсе де қабақ шытпай сабыр еткендіктен; науқасынан айықтырып, бұрынғыдан екі есе әулет, дәулет береді. Ж.Б.М.К.Р.Х.) (84) Ысмайыл, Ыдрыс, Зүлкәфил (Ғ.С.) дерге де (мәрхамет еткен едік.) Солардың барлығы да сабырлы еді. (85) Сондай-ақ оларды мәрхаметімізге бөледік. Өйткені олар, игілерден еді. (86) Юнысты есіңе ал. Сол уақытта ашуланып, кетіп қалды да біздің еш тарлық қылмауымызды ойлап, сонда қараңғылықтар ішінде (балықтың қарнында): "Сенен басқа ешбір тәңір жоқ. Пәксін. Шын мәнінде мен қателесушілерден болдым" деп, жалбарынды. (37-С. 138-А.) (Айтқанына көнбеген еліне, ашуланып, бет алды кетіп, бір кемеге отырғанда балық жұтады. Б.М.К.Р.Х.) (87) Тілегін қабыл етіп, оны қайғыдан құтқардық. Міне иман келтіргендерді сөйтіп құтқарамыз. (88) Зәкерияны да есіңе ал. Раббына: "Раббым! Мені жалғыз қойма. Сен ең жақсы мұрагерсің" деп жалбарынды. (89) Сонда тілегін қабыл етіп, оған Яхяны бердік. Әрі жұбайын жасарттық. Өйткені бұлар, жақсылықтарға ұмтылады. Бізден үмітпен қорқу арасында тілейді де бізге бәйек болады. (90)

Оған суға сүңгітін, басқа істер де істейтін жындардан да мойынсал қылдық. Сондай-ақ олардың бақылаушысы едік. (34-С.12-А.) (82) Әйүп (Ғ.С.) те Раббына: "Маған бір бәле келді. Сен мәрхамет етушілердің абзалысың" деп, жалбарынды. (83) Сонда тілегін қабыл етіп, өзіндегі науқасты айықтырып, Сондай-ақ құлшылық қылушыларға ғибрат үшін өзіне семьясын және олармен бірге бір есе артық мәрхамет етіп, бердік. (Алла сынамаққа балаларын, мал-мүлкін



 الْآيَاتِ أَهْمًا أَهْمًا أَهْمًا الَّذِي يَعْنِي اللَّهُ رُسُلًا ﴿٤١﴾ إِنَّ كَادَ
 لَيُضِلَّنَا عَنْ آلِ الْهَيْبَةِ لَوْلَا أَن صَبَرْنَا عَلَيْهَا وَسَوْفَ
 يَعْلَمُونَ حَيْثُ يَرَوْنَ الْعَذَابَ مِنَ أَضَلِّ سَبِيلًا ﴿٤٢﴾ أَرَأَيْتَ
 مَنِ اتَّخَذَ إِلَهَهُ هَوَاهُ أَفَأَنْتَ تَكُونُ عَلَيْهِ وَكِيلًا ﴿٤٣﴾

۳۶۳


Олар саған бір мысал келтірсе; әрине саған шындықты және көркем түсінікті әкелеміз. (33) Тозаққа бетімен жер бастырылып жиналатындар; міне солар, орындары жаман, жолдары қаңғырыс болатындар. (34) Рас Мұсаға Кітап беріп, Онымен бірге туысы Һарунды уәзір қылдық. (35) Сонда оларға: "Екеуің аяттарымызды жасынға шығарған елге барыңдар" дедік. Ақыры ол елді мүлде типыл қылдық. (36) Нұх (Ғ.С.)тың елін де пайғамбарларды жасынға шығарған

кезде суға батырып, оларды адам баласы үшін бір ғибрат қылдық. Сондай-ақ залымдар үшін күйзелтуші азап дайындадық. (37) Ғад, Сәмүд және Рес елін; бұлардың арасында көптеген нәсілдерді де... (38) Барлығына да мысалдар берген едік те мүлде жоқ еттік. (39) Расында (Меккеліктер) сондай пәлекет жаңбырға ұшыраған кентке келген еді. Олар оны көрмеді ме? Олай емес. Олар қайта тірілуді де үміт етпейді. (40) (Мұхаммед Ғ.С) Олар сені көрсе-ақ болды: "Алланың жіберген Елшісі осы ма?",- деп тәлкекке алады. (41) Олар: "Егер оған шыдамасақ, тәңірлерімізден адастыра жаздады" дейді. Олар азапты көрген сәтте, кімнің жолдан адасқанын біледі. (42) (Мұхаммед Ғ.С.) ойын, тәңір жасап алғанды (ойының құлы болғанды) көрдің бе? Сонда сен оларға кепіл боласың ба? (43)

Немесе олардың көбін; тыңдайды я түсінеді деп, ойлайсың ба? Олар мүлде хайуандар тәрізді. Бәлкім олар жолдан тым адасқан. (44) Раббыңның көлеңкені қалай ұзартқанын көрмедің бе? Егер қаласа, оны тұрақты қылар еді. Сосын күнді көлеңкеге бір дәлел қылдық. (Көлеңке; күннің барлығының дәлелі. Әр нәрсе өзінің терісімен анықталады. Ж.М.Р.) (45) Сосын ұзын көлеңкені өз жағымызға қолай алдық. (46) Ол сондай Алла, сендерге түнді; киім, ұйқыны; тынығу етіп, күндізді; (кәсіпке) тарқау мезгілі қылды. (47) Ол сондай Алла; рахметінің (жаңбырдың) алдында қуандырып, самалдарды жіберді. Аспаннан тап-таза жаңбыр жаудырдық; (48) Ол арқылы өлы жерді жандандырып, біз жаратқан хайуандар менен көптеген адамдарды суару үшін. (49) Расында үгіт алулары үшін; жаңбырды араларына айналдыра жаудырдық. Сонда да адамдардың көбі, бас тартып, мүлде қарсы келді. (50) Егер қаласақ; әр кентке бір ескертуші жіберер едік. (51) (Мұхаммед F.C.)




енді кәпірлерге бағынба! Олармен Құран арқылы ұлы күрес жаса! (52) Ол сондай Алла, екі теңізді қоя берді; мынау тәтті сүйкімді және анау тұзды, ащы. Екі арасына (қосылып, араласпайтын) бөгет жасады. (53) Ол сондай Алла, судан адам жаратып, оны ұрпақ және жегжат қылды. Раббың күшті. (54) Олар, Алладан өзге өздеріне пайда, зиян келтіре алмайтын нәрселерге шоқынады. Сондай-ақ кәпірдер Раббына қарсы шыққанға жәрдем етеді. (55)




сүра. (59) (Сәжде аяты бар.) Оларға: "Рахманға сәжде қылыңдар" делінсе: "Рахман деген не? Сен әмір еткен нәрсеге сәжде қыла берейік бе?",- десті. Бұл, олардың жиренішін қоздырды. (60) Сондай мол игілік иесі Алла, аспандағы жұлдыздардың орнын жаратып, онда бір жарық (күн) және сәуле беруші айды жаратты. (61) Ол, сондай үгіт алғысы немесе шүкір еткісі келген кісі үшін түн мен күндізді, бірін-біріне ертіп қойды. (62) Рахманың құлдары жерде сыпайы түрде жүріп, оларға білместер тіл тигізсе де: "Сәлеметшілік" деп, дұрыс жауап береді. (63) Олар түнді, Раббыларына сәжде қылу, тіке тұрумен өткізеді. (64) Олар: "Раббымыз! Тозақ азабын аулақ қыл! Рас оның азабы тұрақты" дейді. (65) Шынында ол; орынның да мекеннің де жаманы. (66) Олар мал сарып қылғанда, ысрап та қылмай, сараңдық та істемей, осы орталықта тұрады. (67)

(Мұхаммед F.C.) негізінде сені қуандырушы, қорқытушы, ғана қылып жібердік. (56) Оларға: "Бүгән сендерден ақы емес, Раббыларыңның жолын ұстағысы келген кісіні ғана қалаймын" де. (57) Сондай еш өлмейтін тірі Аллаға тәуекел ет. Оны дәріптей мақта. Ол құлдарының күнәларынан хабар алуға жетіп асады. (58) Ол, сондай көктер мен жерді және екі арасындағыларды алты күнде жаратып сосын ғаршыны меңгерді. Ол, тым қамқор, оны білгеннен

Олар Алламен бірге басқа тәңірге жалбарынбайды. Алла өлтірілуін арам еткен кісіні орынсыз өлтірмейді де зина қылмайды. Кімде-кім оларды істесе, күнәға жолығады. (68) Қиямет күні, еселеніп азап болады. Олар онда қор болып, мүлде қалады. (69) Бірақ кімде-кім тәубе қылса, Сондай-ақ кім иман келтіріп, ізгі іс істесе, міне Алла олардың жамандықтарын жақсылықтарға ауыстырады. Алла өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (70) Кімде-кім тәубе қылып, түзу іс істесе, рас ол, Аллаға лайықты түрде қайтқан болады. (71) Олар өтірікке айғақ болмайды да бос (пайдасыз) сөздерге кездесе, маңғазданып өтеді. (72) Қашан оларға Раббыларының аяттары арқылы үгіт берілсе, оған құлақ салмай, көз жұмып, кете бермейді. (73) Олар: "Раббымыз! Бізге



жұбайларымыздан, ұрпақтарымыздан көзайымдық бер. Сондай-ақ бізді тақуалардың алды қыл!",- дейді. (74) Міне бұлар, сабыр еткендіктері себепті жоғарғы сыйлыққа бөленеді. Аман-сәлеммен қарсы алынады. (75) Олар онда мәңгі қалады. Ол нендей көркем тұрақ, жақсы орын! (76) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Егер құлшылықтарың болмаса, Раббым, сендерді неге бағаласын? Рас сендер жасынға айналдырдыңдар. Сондықтан азапқа душар боласындар" де. (77)



26-ШҮҒАРА СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Екі жүз жиырма жеті аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.


Ұғымын Алла біледі. (1) Бұл айқын Құранның аяттары. (2) (Мұхаммед F.C.) олар иман келтірмеді деп, өзіңді жоя жаздадың. (3) Егер қаласақ, оларға аспаннан бір мұғжиза түсірер едік те, оған бой ұсынушыларға айналар еді. (4) Оларға Рахманнан жаңа бір үгіт

келсе-ақ болды, олар одан бет бұрады. (5) Олардың жасынға шығарып, мазақтаған нәрселерінің түсінігі өздеріне жалғастырылады. (6) Олар жер жүзіне қарамай ма? Онда әр түрлі көркем өсімдіктер өсірдік. (7) Рас бұнда ғибрат бар да, олардың көбі сенуші емес. (8) (Мұхаммед F.C.) Раббың тым үстем, ерекше мейірімді. (9) Сол уақытта Раббың Мұса (F.C.) ға: "Залым елге бар" деп, үндеді: (10) "Перғауын еліне. Олар қорықпай ма?" (11) (Мұса F.C.): "Раббым! Рас мен олардың мені жасынға шығаруынан қорқамын" деді. (12) "Көңлім тарайым, тілім жүрмейді. Сондықтан ыарунға да пайғамбарлық бер!" (13) "Мен оларға күнәкармын. Сондықтан олардың, мені өлтіруінен қорқамын!" (14) (Алла Т.): "Әсте олай емес! Екеуің де мұғжизаларымызбен барыңдар. Расында Біз сендермен бірге әр нәрсені естиміз" деді. (15) "Дереу екеуің Перғауынға барып: "Біз бүкіл әлемнің Раббының елшісіміз;" (16) "Израил ұрпақтарын бізбен бірге қоя бер!",- (деңдер-деді.) (17) Перғауын: "Сені бала қып асырамадық па? Өміріңнен неше жыл арамызда болмадың ба?" (18) "Ол қыларыңды қылдың. Сен нәстүкірлерденсің" деді. (19)

(Мұса F.C.): "Мен ол істі істеген кезде, қателескен едім" деді. (20) "Сондықтан сендерден қорқып, өздеріңнен қаштым. Ақыр Раббым, маған хикмет беріп, пайғамбарлардан қылды." (21) "Сен Израил ұрпақтарын құл қылып, маған міндетсіген игілігің осы." (22) (Перғауын): "Әлемдердің Раббы дегенің немене?",- деді. (23) (Мұса F.C.): "Егер анық сенетін болсаңдар, Ол; жер-көктің әрі екі арасындағылардың Раббы" деді. (24) (Перғауын) маңайындағыларға: "Естімей отырсыңдар ма?",- деді. (25) (Мұса F.C.): "Ол, сендердің де Раббыларың, бұрынғы ата-бабаларыңның да Раббы" деді. (26) (Перғауын): "Тақ осы сендерге жіберілген Пайғамбар, мүлде жынды" деді. (27) (Мұса F.C.): "Егер түсінетін болсаңдар, Ол; шығыс, батыстың және екі арасындағылардың Раббы" деді. (28) (Перғауын): "Егер менен басқаны теңір етіп алсаң, әрине сені түрмеге саламын.",- деді. (29) (Мұса F.C.): "Егер саған ашық дәлел келтірсем де ме?",- деді. (30) (Перғауын): "Ал әкел. Егер шын айтушылардан болсаң" деді. (31) Сонда ол, таяғын тастады да сол уақытта көрнеу айдағар болды. (32) Тағы қолын




шығарды. Ол, қараушыларға аппақ көрінді. (33) (Перғауын) айналасындағы бастықтарға: "Расмынау, тым білгіш сиқыршы екен" деді. (34) "Сиқырымен жерлеріңнен шығарғысы келеді. Ал бұған не бұйырасыңдар?" (35) Олар: "Бұны да туысын да тоқтата тұрып, қалаларға жинаушыларды жібер" десті. (36) "Бүкіл білгіш сиқыршыларды саған әкелсін!" (37) Сонда белгілі күндегі орынға сиқыршылар жиналды. (38) Адамдарға да: "Сендер жиналдындар ма?";- делінді. (39)



олардың жасанды нәрселерін жалмай бастады. (45) Сондықтан сиқыршылар сәждеге жығылды. (46) "Әлемнің Раббына иман келтірдік" десті. (47) "Мұса мен Һарунның Раббына." (48) (Перғауын) оларға: "Мен сендерге рұхсат беруден бұрын оған иман келтірдіңдер ме? Рас ол сендерге сиқыр үйреткен үлкендерің екен. Енді білесіңдер; әлбетте қол-аяқтарыңды шадырлата кесемін, тіпті бәрінді асамын" деді. (49) (Сиқыршылар): "Оқасы жоқ. Раббымызға қайтамыз" деді. (50) "Расында біз сенгендердің алды болғандығымыздан, Раббымыздың қателерімізді жарылқауын үміт етеміз." (51) Мұса (Ғ.С.) ға: "Құлдарымды түн қатырып әкет. Сөз жоқ, қуаланасыңдар" деп уахи еттік. (52) Сонда Перғауын қалаларға жинаушылар жіберді. (53) "Расында бұлар (Израил ұрпақтары) аз топ" (деді.) (54) "Сонда да олар бізді ашуландыруда." (55) "Расында біз сақ бір топпыз." (56) Сөйтіп (Перғауындықтарды) бақшаларынан, бұлақтарынан шығардық. (57) Сондай-ақ қазыналарынан, салтанатты мекендерінен де. (58) Осылайша оларға Израил ұрпақтарын мұрагер қылдық. (59) Сонда олар, Израил ұрпақтарын күн шыға қуды. (60)

(Ел): "Егер жеңіске ие болса, әрине сиқыршыларға ереміз" (десті.) (40) Сиқыршылар келген сәтте, Перғауынға: "Егер біз жеңсек, әрине бізге сыйлық бар емес пе?", – деді. (41) (Перғауын): "Я, рас сендер онда маған жақындардан боласыңдар" деді. (42) Мұса (Ғ.С.) сиқыршыларға: "Немене тастасандар қане тастандар" деді. (43) Сонда олар арқандарымен таяқтарын тастап: "Перғауынның абыройы үшін біз жеңіске ие боламыз" десті. (44) Сонда Мұса (Ғ.С.) да таяғын тастады. Дереву ол,

Екі топ бірін-бірі көрген сәтте, Мұса (F.C.) ның жолдастары: "Сөз жоқ, қолға түстік" деді. (61) Мұса F.C.): "Әсте, шынында Раббым бізбен бірге. Маған жол көрсетеді" деді. (62) Мұса (F.C.) ға: "Таяғыңмен теңізді үр!", – деп уахи еттік. Сонда (теңіз) жарылып, әр бөлімі асқар таудай болды. (63) Артқыларды да сол жерге жақындаттық. (64) Мұса (F.C.) ны да онымен бірге болған адамдардың барлығын құтқардық. (65) Сосын басқаларды суға батырдық (66) Әрине бұнда ғибрат бар. Сонда да олардың көбі нанбады. (67) Расында Раббың Ол, аса үстем, тым мейірімді. (68) (Мұхаммед F.C.) оларға Ыбырайым (F.C.) ның Қиссасын баян ет; (69) Сол уақытта ол әкесіне, еліне: "Неменеге табынасыңдар?" – деді. (70) Олар: "Бұттарға шоқынамыз, оларға мүлде мүлгудеміз" деді. (71) (Ыбырайым F.C.): "Олар шақырғандарында ести ме?" – деді. (72) "Немесе олар сендерге пайда, зиян келтіре ала ма?" (73) Олар: "Жоқ, аталарымызды осылай істеген түрде таптық" деді. (74) "Ал енді



неменеге табынғандарыңды көрдіңдер ме?" – деді. (75) "Сендер де бұрынғы аталарың да." (76) "Әлемдердің Раббынан басқа, олар менің дұшпаным." (77) "Ол, мені жаратқан, маған тура жол көрсетеді." (78) "Ол, маған жегізеді де ішкізеді." (79) "Ол, қашан ауырсам, маған шипа береді." (80) "Ол, мені өлтіреді де сонсоң тірілтеді." (81) "Ол сондай Алла, киямет күні қателерімді жарылқауын үміт етемін." (82) "Раббым маған даналық беріп, мені игілерге қоса көр!" (83)

سُورَةُ الشُّعَرَاءِ

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي

وَأَجْعَلْ لِي لِسَانَ صِدْقٍ فِي الْآخِرِينَ ﴿٨٤﴾ وَأَجْعَلْنِي مِنْ وَرَثَةِ جَنَّةِ
النَّعِيمِ ﴿٨٥﴾ وَأَغْفِرْ لَأَيِّئِنَّهُ كَانَ مِنَ الصَّالِحِينَ ﴿٨٦﴾ وَلَا تُخْزِنِي يَوْمَ
يُبْعَثُونَ ﴿٨٧﴾ يَوْمَ لَا يَنْفَعُ مَالٌ وَلَا بَنُونَ ﴿٨٨﴾ إِلَّا مَنْ آتَى اللَّهَ بِقَلْبٍ
سَلِيمٍ ﴿٨٩﴾ وَأَزَلَّتْ الْجَنَّةُ الْمُتَّقِينَ ﴿٩٠﴾ وَوُزِنَتْ الْحَجْمُ لِلْعَاوِينَ ﴿٩١﴾
﴿٩٢﴾ وَقِيلَ لَهُمْ أَيْنَ مَا كُنْتُمْ تَعْبُدُونَ ﴿٩٣﴾ مِنْ دُونِ اللَّهِ هَلْ يَنْصُرُكُمْ
أَوْ يَنْصُرُونَ ﴿٩٤﴾ فَكَبُّوا فِيهَا هُمْ وَالْعَاوُونَ ﴿٩٥﴾ وَجَحَدُوا بِئِلَاسِ
أَجْمَعُونَ ﴿٩٦﴾ قَالُوا وَهُمْ فِيهَا يَخْتَصِمُونَ ﴿٩٧﴾ تَاللَّهِ إِنْ كُنَّا لَفِي
ضَلَالٍ مُبِينٍ ﴿٩٨﴾ إِذْ سَأَلْتُمْ بِرَبِّ الْعَالَمِينَ ﴿٩٩﴾ وَمَا أَرْسَلْنَا
إِلَّا الْمُرْسَلِينَ ﴿١٠٠﴾ فَمَا لَنَا مِنْ شَافِعِينَ ﴿١٠١﴾ وَلَا صِدِّيقٍ جَمِيمٍ ﴿١٠٢﴾
فَلَوْ أَنَّ لَنَا كَرَّةً فَنَتُكَّرُ مِنْ الْمُؤْمِنِينَ ﴿١٠٣﴾ إِنْ فِي ذَلِكَ لَآيَةٌ وَمَا كَانَ
أَكْثَرَهُمْ مُؤْمِنِينَ ﴿١٠٤﴾ وَإِنَّ رَبَّكَ لَهوَ الْعَرِيزُ الرَّحِيمُ ﴿١٠٥﴾ كَذَّبَتْ
قَوْمٌ نُوْحًا الْمُرْسَلِينَ ﴿١٠٦﴾ إِذْ قَالَ لَهُمْ أَخُوهُمْ نُوحٌ أَلَنْتُمْ أَنْ
إِنِّي لَكُمْ رَسُولٌ أَمِينٌ ﴿١٠٧﴾ فَاتَّقُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا أَمْرًا ﴿١٠٨﴾ وَمَا أَسْأَلُكُمْ
عَلَيْهِ مِنْ أَجْرٍ إِنْ أَجْرِي إِلَّا عَلَى رَبِّ الْعَالَمِينَ ﴿١٠٩﴾ فَاتَّقُوا اللَّهَ
وَأَطِيعُوا أَمْرًا ﴿١١٠﴾ قَالُوا أَنْتُمْ مِنْكُمْ وَاتَّبَعَكَ الْأَرْذَلُونَ ﴿١١١﴾


۳۷۱

الحجرات

"Мені кейінгі нәсілдердің тілінде де шынайы үлгі қыла көр!" (84) "Мені, нығметті жаннаттың мұрагерлерінен қыл!" (85) "Әкемді жарылқа! Өйткені ол, адасушылардан." (9-С. 114-А.) (86) "Қабырдан тұратын күні мені мұңайтпа!" (87) "Ол күні, мал да балалар да пайда бермейді." (88) "Бірақ кім Аллаға нағыз жүрекпен келсе ғана (пайда береді.)" (89) Тақуаларға жаннат жақындатылады. (90) Азғындарға тозақ көрсетіледі. (91) Оларға: "Табынатындарың қайда?,- делінеді. (92) "Алладан


өзгелер, сендерге жәрдем ете ме? Яқи өздеріне жәрдем ете ала ма?" (93) Табынлғандар да азғындар да тозаққа етбетінен құлатылады; (94) Ібілістің әскерлері де тұтас. (95) Олар онда былай деп таласады: (96) "Аллаға серт, адасқан-ақ екенміз ғой!" (97) "Сендерді Әлемнің Раббына теңеуші едік." (98) "Бізді күнәкарлар-ақ адастырған екен." (99) "Енді біздің ешбір шапағатшымыз жоқ." (100) "Жан күйер достымыз да жоқ." (101) "Әттең! Қайтарылсақ, иман келтіргендерден болар едік." (102) Рас осы да бір ғибрат бар. Дегенмен олардың көбі иман келтірмеді. (103) (Мұхаммед F.C.) расында Раббың тым үстем, аса мейірімді. (104) Нұх (F.C.) тың елі де пайғамбарларды жасынға айналдырды. (105) Сол уақытта, олардың туысы Нұх (F.C.): "қорықпайсыңдар ма?,- деді. (106) "Рас мен сендер үшін сенімді бір Елшімін." (107) "Енді Алладан қорқып, маған бағыныңдар." (108) "Бұған Сендерден ақы сұрамаймын, менің ақым әлемдердің Раббына тән." (109) "Алладан қорқып, маған бағыныңдар." (110) Олар: "Саған қор кісілер ерді деп, иман келтірейік пе?,- десті. (111)

(Нұх F.C.): "Олардың не істегендерін білмеймін" деді. (112) "Егер сезетін болсаңдар, олардың есебі Раббыма тән." (113) "Иман келтіргендерді қумаймын." (114) "Сондай-ақ мен ашық бір ескертушімін." (115) Олар: "Әй Нұх! Егер тыйылмасаң, әрине таспен атқыландардан боласың" деді. (116) "Раббым! Рас мені, елім жасынға шығарды" деді. (117) "Енді менімен олардың арасына нақ үкім бер! Мені де, мені мен бірге мүміндерді де құтқар!" (118) Сонда оны да онымен бірге болғандарды да толы кемеде құтқардық. (119) Сосың, кейін қалғандарды суға батырдық. (120) Рас бұнда анық ғибрат бар. Сонда да олардың көбі сенбейді. (121) Рас Раббың үстем де мейірімді. (122) Ғад елі де елшілерді жасынға шығарды. (123) Сол уақытта оларға туыстары Һуд (F.C.): "Қорықпайсыңдар ма?,- деді. (124) "Рас сендерге сенімді Елшімін." (125) "Алладан қорқып, маған бағыныңдар." (126) "Бұған сендерден ақы сұрамаймын. Ақым әлемдердің Раббына тән." (127) "Әр төбеге әншейін ескерткіш құрылыс жасайсыңдар ма?" (128) "Дүниеде мәңгі қалу үмітімен мықты сарайлар



жасайсыңдар ма?" (129) "Қашан ұстасаңдар, қатты зорекерлікпен ұстадыңдар!" (Аямадыңдар!" Ж.Б.М.) (130) "Енді Алладан қорқып, маған бағыныңдар." (131) "Сендерді білген нәрселеріңмен қамтамасыз еткен Алладан қорқыңдар." (132) "Сендерге малдар, балалар берді" (133) "Бақшалар, бұлақтар берген (Алладан қорқыңдар)." (134) "Сендерге болатын ұлы күннің азабынан қорқамын." (135) Олар: "Сен уағыздасаң да уағыздамасаң да бізге бірдей" десті. (136)

Лүт елі де елшілерді жасынға айналдырды. (160) Сол уақытта туыстары Лүт (Ғ.С.): "Қорықпайсыңдар ма?",- деді. (161) "Мен сендерге сенімді бір Елшімін." (162) "Енді Алладан қорқыңдар да маған бой ұсыныңдар." (163) "Бұған сендерден ақы сұрамаймын. Менің ақым әлемдердің Раббына міндетті." (164) "Дүниеде (қатындар тұрып,) еркектерге қосыласыңдар ма?" (165) "Раббыларыңның сендер үшін жаратқан әйелдеріңді тастайсыңдар ма? Сендер асқынған елсіңдер." (166) Олар: "Әй Лүт! Егер тыйылмасаң, әлбетте (жұрттан) шығарыласың" десті. (167) Лүт (Ғ.С.): "Әрине мен сендердің қылықтарыңнан жиіркенемін." деді. (168) "Раббым, мені, семьямды бұлардың қылықтарынан құтқар!" (169) Сонда оны да үй-ішін де тұтас құтқардық. (170) Жоқ болатындардың ішіндегі кемпірден басқа. (171) Сосын қалғандарды да жоқ еттік. (172) Оларға жаңбыр жаудырдық. Ескерту берілгендердің жаңбыры нендей жаман! (173) Рас бұнда бір ғибрат бар. (174) (Мұхаммед Ғ.С.) рас Раббың тым үстем, ерекше мейірімді. (175) Әйке елі де елшілерді жасынға айналдырды. (176) Сол уақытта оларға, Шұғайып




(Ғ.С.): "Қорықпайсыңдар ма?",- деді. (177) "Рас мен сендерге сенімді бір елшімін." (178) "Енді Алладан қорқыңдар да маған бағыныңдар." (179) "Сендерден бұған ақы сұрамаймын. Менің ақым әлемдердің Раббына міндетті." (180) "Өлшеуді толықтаңдар да кемітушілерден болмаңдар." (181) "Тура таразымен тартыңдар." (182) "Адамдардың нәрселерін кемітпеңдер" (кісі хақысы жемендер) де жер жүзінде бұзақы болып, жүрмендер." (183)

وَاتَّقُوا الَّذِي خَلَقَكُمْ وَالْجِيلَ الْأَوَّلِينَ ﴿١٨٨﴾ قَالُوا إِنَّمَا أَنْتَ مِنَ الْمُسَحَّرِينَ ﴿١٨٩﴾ وَمَا أَنْتَ إِلَّا بَشَرٌ مِثْلُنَا وَإِنْ نَطَّنُكَ لَمِنَ الْكَذِبِينَ ﴿١٩٠﴾ فَاسْقِطْ عَلَيْنَا كِسْفًا مِّنَ السَّمَاءِ إِنْ كُنْتَ مِنَ الصَّادِقِينَ ﴿١٩١﴾ قَالَ رَبِّيَ أَعْلَمُ بِمَا تَعْمَلُونَ ﴿١٩٢﴾ فَكَذَّبُوهُ فَأَخَذَهُمُ عَذَابٌ يَوْمَ الظُّلَّةِ إِنَّهُ كَانَ عَذَابٌ يَوْمٍ عَظِيمٍ ﴿١٩٣﴾ إِنَّ فِي ذَلِكَ لَآيَةً وَمَا كَانَ أَكْثَرُهُمْ مُّؤْمِنِينَ ﴿١٩٤﴾ وَإِنَّ رَبَّكَ لَهُوَ الْعَزِيزُ الرَّحِيمُ ﴿١٩٥﴾ وَإِنَّهُ لَكُنزٌ يُّرْسَلُ رَبِّ الْعَالَمِينَ ﴿١٩٦﴾ نَزَلَ بِهِ الرُّوحُ الْأَمِينُ ﴿١٩٧﴾ عَلَى قَلْبِكَ لِتَكُونَ مِنَ الْمُنذِرِينَ ﴿١٩٨﴾ بِلسَانٍ عَرَبِيٍّ مُّبِينٍ ﴿١٩٩﴾ وَإِنَّهُ لَكُنزٌ يُّرْسَلُ رَبِّ الْأَوَّلِينَ ﴿٢٠٠﴾ أَوَلَمْ يَكُنْ لَهُمْ آيَةٌ أَنْ يَعْلَمَهُ عُلَمَاءُ بَنِي إِسْرَائِيلَ ﴿٢٠١﴾ وَلَوْ نَزَّلْنَاهُ عَلَى بَعْضِ الْأَعْجَمِينَ ﴿٢٠٢﴾ فَقَرَأَهُ عَلَيْهِمْ مَا كَانُوا بِهُدًى مُّؤْمِنِينَ ﴿٢٠٣﴾ كَذَلِكَ سَلَكْنَاهُ فِي قُلُوبِ الْمُجْرِمِينَ ﴿٢٠٤﴾ لَا يُؤْمِنُونَ بِهِ حَتَّىٰ يَرَوُا الْعَذَابَ الْأَلِيمَ ﴿٢٠٥﴾ فَيَأْتِيهِمْ بَغْتَةً وَهُمْ لَا يَشْعُرُونَ ﴿٢٠٦﴾ يَقُولُوا هَلْ نَحْنُ مُنظَرُونَ ﴿٢٠٧﴾ أَفِعْدَا إِنَّا سَتَجِدُنَا أَفْرَادًا ﴿٢٠٨﴾ أَوْ نَحْنُ مَعْنَهُمْ سِينِينَ ﴿٢٠٩﴾ فَرَجَاءَهُمْ مَا كَانُوا يُوعَدُونَ ﴿٢١٠﴾


бұнда бір ғибрат бар. Олардың көбі сенбеген еді. (190) (Мұхаммед F.C.) рас Раббың Ол, тым үстем, ерекше мейірімді. (191) Күдіксіз бұл Құран әлбетте әлемдердің Раббының түсіргені. (192) Оны сенімді Рұх (Жебрейіл) келтірді. (193) Ескертушілерден болуың үшін жүрегіңе қондырды. (194) Ап-ашық бір арап тілінде. (195) Рас ол, бұрынғылардың кітаптарында да бар еді. (196) Израил ұрпақтарының ғалымдарының бұны білулері, олар үшін бір дәлел болмай ма? (28-С. 52-55-А.) (197) Егер ол Құранды араптан басқа бір бөгдеге түсірсек те; (198) Ол, бұны оларға оқыса да олар оған және сенбес еді. (199) Осылайша Құранды күнәкарлардың жүректеріне қойдық. (Б.Р.) (Немесе күнәкарлардың жүректеріне қарсылық салдық. Ж.М.К.) (200) Күйзелтуші азапты көргенге дейін оған сенбейді. (201) Азап оларға, олар сезбеген түрде кенеттен келеді. (202) Сонда олар: "Бізге бір мұрса берілер ме екен?";- дейді. (203) Ал сонда олар: Азабымыздың тездетілуін тілей ме? (204) (Мұхаммед F.C.): Көрдің бе? Оларды жылдарша қамтамасыз етсек те, (205) Сонсоң оларға уәде етілген апат келсе; (206)

"Сендер және бұрынғы нәсілдерді жаратқан Алладан қорқыңдар." (184) Олар: "Сен анық жадыланғансың." деді. (185) "Сен біз құсаған ғана адамсың. Әрі сені өтірікшілерден деп, ойлаймыз." (186) "Егер шын айтушылардан болсаң, онда үстімізге аспанның бір кесегін түсір." (187) (Шұғайып F.C.): "Раббым не істегендеріңді тағы жақсы біледі." (188) Сонда олар оны жасынға шығарды да оларды түнек күннің апаты қолға алды. Рас ол, ірі бір күннің апаты еді. (189) Рас

Оларды пайдаланған нәрселері қорымайды. (207) Бір кентті жоқ еткен болсақ, әлбетте олар үшін ескертуші болған; (208) Ескерту берілген. Зұлымдық қылушы емеспіз. (209) Бұл Құранды шайтандар түсірмеді. (210) Оларға лайық та емес. Шамалары да келмейді. (17-С. 88-А.) (211) Рас олар тыңдаудан мүлде ұзақтастырылған. (15-С. 17-18-А) (212) (Мұхаммед F.C.) Алламен бірге тәңір шақырма. Онда сен де азапқа ұшыраушылардан боласың. (213) Жақын ағайындарыңа ескерт! (214) Мүміндерден саған ергендерге қанатыңды жай. (215) Сонда егер олар өзіңе қарсы шықса, онда: "Сендердің істегендеріңнен бездім" де. (216) Өте үстем, ерекше мейірімді Аллаға тәуекел ет. (217) Ол, сені тіке тұрған сәтте, көріп тұрады; (218) Сәжде қылушылардың арасында айналып жүргеніңді де. Түңгі (Тәъажжүт намазына тұруыңды да басқа да тәъажжүт намазына тұрғандарға айналуыңды да немесе жеке не жамағатпен тіке тұрып, рүкүғ, сәждеге көшіп, намаз оқуыңды Алла көреді. Ж.Б.М.К.Р.) (219) Рас Ол Алла, әр нәрсені естуші, білуші. (220) Шайтандар кімге түседі, сендерге хабар берейін бе? (221) Олар әрбір өтірікші, күнәкарға түседі. (222) Олар шайтандарға құлақ салады. Олардың көбі өтірікші. (223)



Ақындарға азғындар ереді. (224) Рас олардың ойпаттарда қаңғып, жүргенін көрмедің бе? (225) Рас олар істемеген істерін айтады. (226) Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер, Алланы көп зікір еткендер, зұлымдық көргеннен кейін кек алғандар басқа. Ол зұлымдық қылғандар, жақында қалай айналдырылатындарын біледі. (Бұл мүмін ақындар; Ғабдолла Рауаха ұлы, Хасан Сабит ұлы, Кәғап Заһір ұлы, Кәғап Малік ұлы. Б.М.Р.) (227)




27-НӘМІЛІ СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Тоқсан үш аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді
Алланың атымен бастаймын.
Ұғымын Алла біледі. Бұл ап-ашық
Кітап; Құранның аяттары. (1)
Мүміндер үшін тура жол әрі
қуаныш. (2) Олар намазды толық
орындайды, зекет береді де олар
ахиретке нақ сенеді. (3) Рас
ахиретке сенбегендердің өздеріне
қылған істерін әдемі көрсеттік те
олар сандалып жүреді. (4) Міне

сондайлар, оларға азаптың жаманы
бар. Әрі олар, ахиретте де өздері
зиянда болады. (5) (Мұхаммед F.C.)
рас, сен бұл Құранды хикмет иесі,
толық білуші тарапынан алып
отырсың. (6) Сол уақытта, Мұса
(F.C.) жұбайына: "Рас мен бір от
көрдім. Тезінен сендерге бір хабар
немесе жылынуларың үшін бір шоқ
әкелемін" деді. (7) Ол, сол араға
келген сәтте: "Отта әрі оның
маңында болған әркімге мұбарак
қылынды. Әлемдердің Раббы Алла,
пәк" деп дабысталды. (8) "Әй Мұса!
Рас Мен тым үстем, хикмет иесі
Алламын." (9) "Таяғынды таста!"
Оның жыланша ирендегенін көрген
сәтте, бұрыла жөнеліп, қайрылып
қарамады. "Әй Мұса! Қорықпа! Рас
Мен мін. Менің алдымда
пайғамбарлар қорықпайды." (10)
"Бірақ кім кесір істесе де сосын
жамандықтан кейін жақсылыққа
ауыстырса, онда рас Мен өте
жарылқаушы, ерекше мейірімдімін."
(11) "Қолыңды қойныңа тық!
Зиянсыз аппақ болып шықсын;
Перғауынға, оның еліне тоғыз
мүғжизаның ішінде көрсетуге. Рас
олар бұзақы бір ел." (12) Оларға
көпе-көрнеу мүғжизаларымыз
келгенде: "Бұл ашық жады" деді. (13)

Олар мүғжизаларға көңілдері сенген бола тура зұлымдық, мәнмендікпен қарсы шықты. Бұзақылардың соңының қалай болғанын көр! (14) Рас Дәуітпен Сүлеймен (F.C.) ге ғылым бердік те олар: "Барлық мақтау, бізді мүмін құлдарының көбінен артық қылған Аллаға лайық" деді. (15) Сүлеймен, Дәуіт (F.C.) ке мұрагер болды да: "Әй адамдар! Бізге құс тілі үйретілді. Сондай-ақ бізге әр нәрсе берілді. Рас бұл, әлбетте ашық бір артықшылық." (16) Сүлеймен (F.C.) нің жыннан, адамдардан, құстардан әскерлері жиналды. Сонда олар толық басқарылуда еді. (17) (Ол, бұлармен) ақыр құмырысқаның ойпатына келген сәтте, бір құмырысқа: "Әй құмырысқалар! Ұяларыңа кіріңдер. Сүлеймен, оның әскерлері сендерді білмей жаншып, кетпесін" деді. (18) Сонда (Сүлеймен F.C.) құмырысқаның сөзінен жылмыйып күлді де: "Раббым, маған және әке-шешеме мәрхамет еткен игіліктеріңе шүкір етуімді әрі өзің




разы болатын іс істеуімді нәсіп ет те өз мәрхаметіңмен ізгі құлдарыңның арасына кіргіз!",- деді. (19) (Сүлеймен F.C.) Құстарды түгендеді де: "Бәбісекті неге көрмеймін, немесе ол, жоғалып кетті ме?",- деді. (20) "Әлбетте оны қатты қинаймын не оны бауыздаймын. Немесе маған бір ашық дәлел келтірсін." (21) Сонда ол, көп кешікпей-ақ келіп: "Сен білмеген нәрсені білдім. Сондай-ақ Сәба мемлекетінен анық хабар келтірдім." деді (Сәба: Йемен мемлекеті. Ж.Б.К.) (22)



неге сәжде қылмайды?" (25) "Ұлы ғаршының Раббы Алла, Одан басқа ешбір тәңір жоқ." (26) (Сүлеймен F.C.): "Шын айттың ба? Немесе өтірікшілерденсің бе? Көреміз" деді. (27) "Мына хатымды алып барып; оны оларға таста да бұрылып тұрып күт. Не жауап қайтарар екен?" (28) (Былқыс): "Әй бастықтар! Маған бір елеулі хат тасталды" деді. (29) "Ол, Сүлейменнен: 'Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен' (бастаймын" дейді.) (30) "Маған ұлықтық қылмаңдар, өзіме бағынған түрде келіңдер!", - (делінген.) (31) "Әй бастықтар! Маған ақыл беріңдер. Сендер болмайынша, бір іске шешім жасамаймын" деді. (32) Олар: "Біз күшті, қатты жауынгерміз. Әмір беру саған тән. Қане не бұйырасың!", - десті. (33) (Патша, оларға): "Сөз жоқ, патшалар қашан бір мемлекетке кірсе, ол жерді бұзып, елінің құрметтілерін қор етеді. Осылайша істейді" деді. (34) "Әрине оларға бір сәлемдеме жіберіп, елшілер арқылы не жауап қайтаратындығын күтөмін." (35)


"Расында оларға патша болған бір қатын таптым. Оған әр түрлі нәрсе берілген әрі оның үлкен тақты бар." (Шахыл қызы Былқыс қатын патша еді. Б.М.К.Р.) (23) "Оны да елін де Алладан өзге күнге табынғанын көрдім. Шайтан оларға істеген істерін әдемі көрсетіп, жолдан тосқан. Сондықтан тура жол таба алмайтын көрінеді." (24) (Сәжде аяты бар.) "Көктер мен жердегі көместі көрнеуге шығаратын, өсімдіктерді өсіретін, сондай-ақ олардың көрнеу, көмес істегендерін білетін Аллага

(Елшілер) Сүлеймен (F.C.) ге келген сәтте: "Сендер маған малмен көмек етпекшісіңдер ме? Алланың өзіме бергені, сендер бергеннен жақсы. Сыйлықтарыңмен өздерің-ақ мәз болыңдар" деді. (36) "Елдеріңе қайт! Әрине олар, қарсы тұра алмайтын ләшкермен барып, ол жерден оларды қорлап шығарамын да олардың соры қайнады." (37) "Әй бастықтар! Олар маған бой ұсынып, келуден бұрын, оның тақтың маған қайсының әкелесіңдер?",- деді. (38) Жындардан бір ғыприт: "Оны орныңнан тұруыңнан бұрын келтіремін. Шын оған күшім жетеді де сенімдімін" деді. (39) Сондай өзі кітап ғылымына ие біреу де (Бархия ұлы Асып, не Хызыр не Сүлейменнің өзі немесе Жебрейіл. Ж.Б.М.К.Р.): "Оны кірпік қағуыңнан бұрын келтіремін" деді. (Сүлеймен F.C.) оның, жанына келтіріліп, қойылғанын көрген сәтте: "Бұл Раббымыңның кеңшілігі. Шүкірлік қылам ба, нәсүкірлік қылам ба, мені сынау үшін. Кім шүкірлік қылса, әрине өзі үшін қылады. Ал кім нәсүкірлік етсе, Раббым бай да (оның шүкірлігіне мұхтаж емес.) өте жомарт." (40) (Сүлеймен F.C.): "Оның тағын өзгертіңдер. Жолға келер ме екен, немесе жолға келмейтіндерден болар ма (Тағын тани ма, танымай ма) екен? Көрейік" деді. (41) Былқыс келгенде: "Тағың осындай ма еді?",- делінді. Ол: "Осы бейне сол сияқты. Негізінде бізге бұрын мәлімет беріліп, бой ұсынған едік" деді. (42) Оны, Алладан өзге, шоқынған




нәрселері тосқан еді. Шынында олар, көпір елден еді. (43) Оған: "Сарайға кір!" делінді. Оны көргенде, су деп ойлап, балтырын ашты. (Сүлеймен F.C.): "Расында ол, әйнектен жарқыратылып жасалған сарай" деді. (Сарайдың кірісіне әйнек төселіп, астынан су ағызып, қойылғандықтан Былқыс су деп ойлап, балтырын ашады.) (Былқыс): Раббым шынында өзіме кесір еткен екенмін. Сүлейменмен бірге барша әлемнің Раббы, Аллаға бойсұндым." деді. (44)

Сонда елінің жауабы: "Лүттың семьясын кенттен шығарыңдар. Өйткені олар, тазасынған кісілер" деу, ғана болды. (56) Сонда Лүт (Ғ.С.) ты да үй-ішін де жоқ болатындардан болуын үйғарған қатынынан басқасын құтқардық. (57) Оларға қатты жаңбыр жаудырдық. Ескерту берілгендердің жауыны нендей жаман! (58) (Мұхаммед Ғ.С.): "Барлық мақтау Аллаға лайық. Және сәлем Алланың таңдаулы құлдарына лайық. Алла жақсы ма? Немесе қосқан ортақтары жақсы ма?",- деп сұра! (59) Көктер мен жерді жаратқан, сендер үшін көктен жаңбыр жаудырып, онымен сендер бір ағашын да өсіре алмайтын әдемі бақшаларды өсірген кім? Алламен бірге басқа тәңір бар ма? Жоқ, олар шектен шыққан ел. (60) Немесе жерді тұратын орын қылып, араларынан өзендер ағызып, оған асқар таулар жасаған және екі теңіздің арасына жік жасаған кім? Алла мен бірге басқа тәңір бар ма?




Жоқ, олардың көбі білмейді. (61) Немесе қиналғандар, өзіне жалбарынғанда қабыл етіп, қиыншылықты айықтыратын және сендерді жер жүзіне орынбасар қылатын кім? Алламен бірге басқа тәңір бар ма? Өте аз түсінесіңдер. (62) Немесе құрылықтың, теңіздің қараңғылықтарында жолға салатын кім? Рахметтің (жаңбырының) алдынан қуаныш самалын естіретін кім? Алламен бірге басқа тәңір бар ма? Алла (Т.) олардың қосқан ортақтарынан тым жоғары. (63)



келгендер: "Біз де аталарымыз да топырақ болғаннан кейін (қабырдан тіріліп,) шығарыламыз ба?",- деді. (67) "Расында осы құқай бізге де бұрынғы аталарымызға да жасалды. Негізінде бұл бұрынғылардың аңызынан басқа еш нәрсе емес." (68) (Мұхаммед Ғ.С.): "Жер жүзінде кезіңдер де күнәкарлардың соңы қалай болғанын көріңдер" де. (69) "Оларға күйінбе де олардың айлакерліктеріне тарылма." (70) "Егер шын айтушы болсаңдар, бұл уәде қашан?",- дейді. (71) Оларға: "Асығып тілеген азаптарыңның кейі сендерді өкшелеп тұрған болуы мүмкін" де. (72) Күдіксіз Раббың, әлбетте адамдарға кеңшілік иесі. Бірақ олардың көбі шүкір қылмайды. (73) Сөз жоқ, Раббың әлбетте олардың көңілдеріндегіні де көрнеуге шығарғандарын да біледі. (74) Жер-көкте ашық Кітапта болмаған ешбір көмес нәрсе жоқ. (75) Расында бұл Құран Израил ұрпақтарына таласқан нәрселерінің көбін баян етеді. (76)

Немесе жаратылысты бастайтын сосын оны қайта тірілтетін кім? Және көк пен жерден көрек беретін кім? Алламен бірге басқа тәңір бар ма? (Мұхаммед Ғ.С.): "Егер шыншыл болсаңдар, дәлелдерінді келтіріңдер" де. (64) (Мұхаммед Ғ.С.): "Көктер мен жердегі көместі Алладан басқа ешкім білмейді. Олар қашан тірілтілетіндіктерін білмейді" де (65) Олардың ахирет туралы мәліметі жеткілікті ме? Расында олар одан күдікте, тіпті олар оған байланысты мүлде соқыр. (66) Сондай қарсы

Күдіксіз бұл Құран, мүміндер үшін анық тура жол, әрі игілік. (77) Расында Раббың олардың араларына үкім етеді. Ол өте үстем, тым білуші. (78) (Мұхаммед F.C.) онда Аллаға тәуекел қыл. Өйткені, сен ап-ашық бір шындық үстіндесің. (79) Шынында өліктерге естірте алмайсың. Әрі бұрылып, қашқан саңырауларға да дауыс естірте алмайсың. (80) Және де соқырды адасқан жағынан жолға салушы емессің. Сондай-ақ аяттарымызға иман келтіріп, өздері Мұсылман болған кісілерге ғана естірте аласың. (81) Оларға айтылған (Қиямет) бастарына келген кезде, олар үшін жерден бір хайуан шығарамыз да ол, оларға адамдардың аяттарымызға мүлде сенбегендіктерін айтады... (Бұл хайуанның шығуы қияметтің белгілерінен. Б.М.К.Р.) (82) Ол күні, әр үмметтен аяттарымызды жасынға айналдырғандардан бір топ жинаймыз. Сонда олар тостырылады. (83) Олар түгел келген шақта, (Алла): "Аяттарымды толық білмей, жасынға шығардыңдар ма? Ал енді не қылдыңдар?", - дер. (84) Зұлымдықтары себепті оларға айтылған сөз бастарына келді. Сонда олар сөйлей алмайды (85) Олар, ішінде тынықсын деп, түнді және көрілетін күндізді жаратқанымызды



көрмей ме? Сенетін ел үшін мұнда өнеге бар. (86) Сүр үрілген күні, Алла қалаған біреулерден басқа; көктерде болғандар да жерде болғандар да үрейленеді. Сондай-ақ барлығы Алланың алдына сүмірейіп келеді. (87) тауларды көріп, табжылмай тұр деп ойлайсың. Негізінде ол бұлт тәрізді жүреді. (Бұл аят жердің айналатындығын дәлелдейді. Б.А.) Бұл әр нәрсені берік жасаған Алланың шеберлігі. Күдіксіз Ол, жасаған нәрселерінді толық біледі. (88)

سُورَةُ النَّازِعَاتِ

الْمَعْرِضِ

مَنْ جَاءَ بِالْحَسَنَةِ فَلَهُ عَشْرُ مَثَرَاتٍ وَهُمْ مِنْ فِرْعٍ يَوْمَئِذٍ مُعْتَدِلُونَ ﴿٨٩﴾
 وَمَنْ جَاءَ بِالسَّيِّئَةِ فَكَيْتٌ وَجُورُهُمْ فِي النَّارِ هَلْ يُخْرَجُونَ
 إِلَّا مَا كُنْتُمْ تَعْمَلُونَ ﴿٩٠﴾ إِنَّمَا أَمْرُهُ أَنْ أُعِيدَ رَبُّ هَذِهِ
 الْبَلَدَةِ الَّتِي حَرَمَهَا وَلَمْ كُلُّ شَيْءٍ وَأَمْرُهُ أَنْ أَكُونَ مِنَ
 الْمُسْلِمِينَ ﴿٩١﴾ وَأَنْ أَتْلُو الْقُرْآنَ فَمَنْ أَهْتَدَىٰ وَإِنَّمَا يَهْتَدِي
 لِنَفْسِهِ وَمَنْ ضَلَّ فَقُلْ إِنَّمَا أَنَا مِنَ الْمُنذِرِينَ ﴿٩٢﴾ وَقُلْ الْحَمْدُ
 لِلَّهِ سُبْحَانَ عَائِنِهِ فَعَرَفْتُمْ مَا تُرِيدُونَ وَمَا يُرِيدُ اللَّهُ لِيُعَذِّبَ عَمَّا تَعْمَلُونَ ﴿٩٣﴾

سُورَةُ النَّازِعَاتِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

طَسَّوْا ﴿٩٤﴾ تِلْكَ آيَاتُ الْكِتَابِ الْمُبِينِ ﴿٩٥﴾ تَتْلُو عَلَيْكَ
 مِنْ نَبَأٍ مَوْسَىٰ وَفِرْعَوْنَ بِالْحَقِّ لِقَوْمٍ يُؤْمِنُونَ ﴿٩٦﴾ إِنَّ
 فِرْعَوْنَ عَلَا فِي الْأَرْضِ وَجَعَلَ أَهْلَهَا شِيَعًا يَسْتَضِعُّ
 طَائِفَةٌ مِنْهُمْ يَدِيحُ بِنِسَاءِهِمْ وَيَسْتَحِي نِسَاءَهُمْ إِنَّهُ كَانَ
 مِنَ الْمُفْسِدِينَ ﴿٩٧﴾ وَرَبُّدَانٍ تُنْمِنُ عَلَى الَّذِينَ اسْتَضَعُّوْا
 فِي الْأَرْضِ وَجَعَلَهُمْ أَيْعَةً وَجَعَلَهُمُ الْوَارِثِينَ ﴿٩٨﴾

۳۸۵


кім тура жолда болса, рас ол өзі үшін тура жолда болады. Ал және кім адасса: "Шынында мен ескертушілерден ғанамын" де. (92) "Барлық мақтау Аллаға лайық. Ол, сендерге белгілерін көрсетеді. Сонда оларды таныйсыңдар. Сондай-ақ Раббың істеген істеріңнен хабарсыз емес" де. (93)

28-ҚАСАС СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Сексен сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) Бұл ашық баян етуші Кітаптың аяттары. (2) (Мұхаммед F.C.) саған Мұса (F.C.) мен Перғауынның қиссасын сенетін ел үшін дұрыс оқимыз. (3) Рас Перғауын ол жерде зорекер болып, елін топтарға бөлді. Олардың бір тобын езіп, ұлдарын бауыздап, әйелдерін тірі қоятын еді. Өйткені ол, бұзақылардан еді. (4) Ол жердегі езілгендерге қамқорлық істеуді, оларды бастық жасап, өздерін мұрагер қылуды қалаймыз: (5)

Кім бір жақсылық келтірсе, оған одан жақсы сыйлық бар. Әрі олар қиямет күнінің қорқынышынан аман болады. (89) Ал кім бір жамандық келтірсе, олар тозаққа етбетінен тасталады да: "Жә, сендер істеген істеріңнің ғана сазайын тартасыңдар" (делінеді.) (90) (Мұхаммед F.C.): "Шын мәнінде мен әр нәрсенің иесі, осы құрметті қаланың Раббына құлшылық қылуға сондай-ақ Мұсылмандардан болуға бұйырылдым." (де.) (91) "Және де Құран оқуға бұйырылдым" Енді

Оларды жерге (Мысырға) орналастыруды; Перғауын, Һаман және екеуінің әскерлеріне, бұлардың қорыққан нәрселерін көрсетуді қаладық. (6) Мұсаның анасына: "Оны еміз де оған бір нәрсе болады деп қорықсаң, онда оны дарияға салып жібер. Қорықпа да күйінбе! Расында оны саған қайтарамыз да оны пайғамбарлардан қыламыз" деп, көкейіне салдық. (7) Сонда Перғауынның семьясы өздеріне қастас әрі қайғы болатын баланы тауып алды. Расында Перғауынмен Һаман әрі әскерлері қателесті. (8) Перғауынның әйелі: "Менің де сенің де көз қарашығымыз, оны өлтірмеңдер! Бәлкім бізге пайдасы тиер; немесе бала қып аламыз" деді. Өйткені олар, сезбеді. (9) Мұсаның анасы бос ойларға батып, таң атырды. Егер жүрегін сенушілерден болуға бекемдемесек, оны білдіріп ала




жаздады. (10) Анасы, Мұсаның әпекесіне: "Оның соңына түс" деді. Ол, олар сезбеген жақтан оны көздеді. (11) Бұрын емізушілерді оған арам еттік. (Бала бөтен омырауды ембей қойды.) Сонда оның әпекесі, оларға: "Сендерге, оны сендер үшін бағатын, оған қамқор бір үйдің ішін көрсетейін бе?",- деді. (12) Сөйтіп оны, анасына көзайым болып, күйінбеуі, сондай-ақ Алланың уәдесінің хақ екендігін білу үшін қайтардық. Бірақ олардың көбі білмейді. (13)




(Мұса F.C.) ержетіп, теңелген кезде, өзіне хикмет, ғылым бердік. Жақсылық істеушілерді өстіп сыйлыққа бөлейміз. (14) (Мұса F.C.) елдің көперсіз уақытында қалаға кірді де онда төбелесіп жатқан екі адам көрді. Бірі өз тобынан, біреуі дұшпан жақтан еді. Сонда өз тобынан болғаны дұшпанына қарсы Мұсадан көмек тіледі. Сонда Мұса (F.C.) оны жұмырықпен ұрғанда оған қаза жетті. (Мұса F.C.): "Бұл шайтан ісі. Өйткені ол ашық адастырушы дұшпан" деді. (15) "Раббым! рас өзіме

кесір істедім. Мені жарылқа!", - деді. Сондықтан Алла, оны жарылқады. Өйткені Ол, тым жарылқаушы, ерекше мейірімді. (16) "Раббым! Маған берген нығметіңе серт! Енді күнәкарларға жәрдем етпеймін" деді. (17) Қалада қорқып, алаңдықпен таң атырды. Ал және кешегі өзінен көмек тілеген кісі, тағы жалбарынып жатыр. (Тағы төбелесіп жатыр.) Мұса (F.C.) оған: "Сен анық адасқан екенсің" деді. (18) Сонда Мұса (F.C.) екеуінің де дұшпанын ұстағысы келген сәтте: "Әй Мұса! Кеше бір адамды өлтіргеніңдей бүгін мені өлтіресің бе? Сен бұл жерде турашылдардан болмай бір зорекер болуды қалайсың ба?", - деді. (19) Қаланың шетінен бір адам жүгіріп келіп: "Әй Мұса! Бастықтар сені өлтіруге кеңесіп жатыр. Дереву шығып кет! Шынында мен саған қамқорларданмын" деді. (20) Сонда Мұса (F.C.) қорқа байқақтап, қаладан шықты да: "Раббым! Мені залым елден құтқар!", - деді. (21)

Ол, Мәдян жаққа жөнелген сәтте: "Раббымның, маған тура жол көрсетуін үміт етемін" деді. (22) Мәдян суына барған кезде, ол жерде мал суарған бір топ адам көреді. Тағы олардан өзге малдарын судан қайырып тұрған екі әйел көрді де: "Екеуіңнің бұйымтайларың не?!", - деді. Екеуі: "Малшылар малдарын алып кеткенге дейін суара алмаймыз. Әкеміз кәрі шал" деді. (Бұлар Шұғайып (F.C.) тың қыздары еді) (23) Мұса (F.C.) олардың малдарын суарды да сосын көлеңкеге бұрылып: "Раббым! Сен маған хайырдан не жіберсең мұхтажбын" деді. (24) Сонда екі әйелдің бірі, ұялған түрде келіп: "Әкем, бізге мал суарып берген ақынды беруге сені шақырады" деді. Мұса (F.C.) Шұғайып (F.C.) қа келген сәтте, оған қиссаларын баян қылды. Шұғайып (F.C.): "Қорықпа! Залым елден құтылдың" деді. (25) Екі қыздың бірі: "Әкетайым! Оны жалдап ал! Рас ол, жалдаған



адамдардың хайырлысы да, күшті, сенімдісі" деді. (26) (Қыздардың әкесі Мұса F.C. ға): "Маған сегіз жыл жалға жүруіңе орай мына екі қызымның бірін саған некелендіргім келеді. Егер он жылға толтырсаң, ол сенің өз жаныңнан болады. Саған машақат қылуды қаламаймын. Алла қаласа, мені ізгілерден табарсың" деді. (27) (Мұса F.C.): "Осы, мені мен сенің арамыздағы келісім бойынша, екі мезгілдің қайсысын орындасам да маған қарсылық жоқ. Айтқанымызға Алла кепіл" деді. (28)



Мұса (Ғ.С.) мерзімді бітіріп, жұбайымен жолға шыққанда, Түр жақтан бір от көріп, жұбайына: "Тұра тұрыңдаршы. Рас бір от көрдім. Бәлкім бір хабар немесе оттан бір шоқ әкелермін. Әрине сендер жылынарыңдар" деді. (29) Ол жерге келген сәтте, мұбарак жердегі ойпаттың оң жағандағы ағаштың жанынан: "Әй Мұса! Рас Мен, әлемдердің Раббы Алламын" деп, дабысталды. (30) "Таяғыңды таста!" Сонда оны иреңдеген жылан тәрізді көріп, бұрыла артына

қарамай жөнелді. "Әй Мұса! Бері бұрыл, қорықпа! Шынында сен амандықта болғандардансың!" (31) "Қолыңды қойныңа тық. Кесірсіз аппақ болып, шығады. Қорқудан салбыраған қолыңды жина! (Сүлкиме!) Бұл екеуі, Перғауынға да адамдарына да Раббыңның екі дәлелі. Өйткені олар бұзақы ел..." (32) (Мұса Ғ.С.): "Раббым! Расында олардан кісі өлтірдім. Сондықтан олардың мені өлтіруінен қорқамын" деді. (33) "Туысым Һарун тілде менен жаттығырақ. Сондықтан оны, менімен бірге көмекші етіп жібер де, мені жөптесін. Расында олардың жасынға шығаруынан қорқамын!" (34) (Алла Т.): "Туысың арқылы білегіңді күшейтіп, екеуіңе олар жете алмайтын күш беремін. Аяттарымызбен екеуің де сендерге ергендер де жеңіске ие боласыңдар" деді. (35)



Мұса (F.C.) оларға ашық аяттарымызбен келгенде: "Бұл жасанды бір жады ғана. Бұрынғы аталарымыздан бұны естігіміз жоқ" десті. (36) Мұса (F.C.): "Өзінің қасынан кімнің туралықты әкелгенін және соңғы қоныс (жаннат) кімдікі боларын Раббым жақсы біледі. Шынында залымдар құтылмайды" деді. (37) Перғауын: "Әй бастықтар! Мен сендер үшін менен басқа тәңір барлығын білмеймін. Әй һаман! Мен үшін балшыққа от жағып, (өрте!) Бір мұнара жаса. Белкім Мұсаның Тәңірін көрермін. Расында оны өтірікші деп ойлаймын" деді. (38) Ол және әскерлері сол жерде орынсыз дандайсыды. Расында олар, Біз жаққа қайтарылмаймыз деп, ойлады. (39) Оны да әскерлерін де

қолға алып, теңізге тастадық. Залымдардың соңының не болғанын көр! (40) Оларды тозаққа шақыратын бастық қылдық. (Оларға ерген тозаққа түседі.) Сондай-ақ олар қиямет күні, жәрдем көрмейді. (41) Олардың соңынан бұл дүние де қарғыс ертіп, қойдық. Әрі қиямет күні сүркейлерден болады. (42) Расында бұрынғы ұрпақтарды жоқ еткеннен кейін Мұса (F.C.) ға адамдардың түсінулері үшін Кітапты көрнеу дәлелдер, туралық және мәрхамет түрінде бердік. (43)

سُورَةُ الْقَصَصِ

الْقَصَصِ


وَمَا كُنْتَ بِجَانِبِ الْغُرْفَةِ إِذْ قَضَيْنَا إِلَىٰ مُوسَىٰ الْأَمْرَ وَمَا كُنْتَ
 مِنَ الشَّاهِدِينَ ﴿٤٦﴾ وَلَكِنَّا أَنشَأْنَا قُرُونًا فَتَطَاوَأُ عَيْنَاهُمْ
 الْعُمْرُ وَمَا كُنْتَ تَأْوِيَةَ أَهْلِ مَدْيَنَ تَتْلُو عَلَيْهِمْ
 آيَاتِنَا وَلَكِنَّا كُنَّا مُرْسِلِينَ ﴿٤٧﴾ وَمَا كُنْتَ بِجَانِبِ
 الطُّورِ إِذْ نَادَيْنَا وَلَكِنْ رَحِمْنَا مِنْ رَبِّكَ لِتُنذِرَ قَوْمًا
 مَّا أُنْتَهُمْ مِنْ تَنْذِيرٍ مِنْ قَبْلِكَ لَعَلَّهُمْ يَتَذَكَّرُونَ ﴿٤٨﴾
 وَلَوْلَا أَن نُّصِيبَهُمْ مُّصِيبَةً يَمَآءَ قَدَمَتِ أَيْدِيهِمْ يَقُولُوا
 رَبَّنَا لَوْلَا أَرْسَلْتَ إِلَيْنَا رَسُولًا فَنَتَّبِعَ آيَاتِكَ وَنَكُونَ
 مِنَ الْمُؤْمِنِينَ ﴿٤٩﴾ فَلَمَّا جَاءَهُمُ الْحَقُّ مِنْ عِنْدِنَا قَالُوا
 لَوْلَا أَوْفَىٰ مِثْلَ مَا أَوْفَىٰ مُوسَىٰ أَوْ لَمْ يَكْفُرُوا بِمَا أَوْفَىٰ
 مُوسَىٰ مِنْ قَبْلُ قَالُوا سِحْرَانِ تَظَاهَرَا وَقَالُوا إِنَّا بِكُلِّ كَفْرٍ
 ﴿٥٠﴾ قُلْ فَاتَّبِعُوا كِتَابَ اللَّهِ هُوَ هَدَىٰ مَهْمَا اتَّبَعْتُمُ
 إِن كُنْتُمْ صَادِقِينَ ﴿٥١﴾ فَإِنْ لَمْ يَسْتَجِيبُوا لَكَ فَاعْلَمْ
 أَنَّمَا يَتَّبِعُونَ أَهْوَاءَهُمْ وَمَنْ أَضَلُّ مِمَّنْ اتَّبَعَ هَوَاهُ بَعْدَ
 هُدَىٰ مِنَ اللَّهِ إِنَّكَ اللَّهُ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الظَّالِمِينَ ﴿٥٢﴾

۳۹۱


(Мұхаммед F.C.) Біз Мұса (F.C.) ға әмір бергенде, сен батыс тарапта емес едің. Сондай-ақ көріп тұрғандардан да емес едің. (44) Алайда бірқанша нәрселер жараттық. Оларға ұзын өмірлер өтті. Аяттарымызды оқу үшін Мәдян елінің ішінде болмадың; бірақ ол хабарларды жолдаушы Бізбіз. (45) Біз Мұса (F.C.) ға дабыстаған кезде, Түр жақта емес едің. Бірақ саған мәрхамет түрінде, сенен бұрын өздеріне ескертуші келмеген елге ескертуің үшін жіберілдің. Мүмкін

олар түсінер. (46) Егер оларға қолекі істегендерінің салдарынан өздеріне бір бейнет жетсе, сонда олар: "Раббымыз! Бізге бір Пайғамбар неге жібермедің? Онда аяттарыңа бой ұсынып, мүмін болар едік" дейді. (47) Ал оларға өз қасымыздан хақиқат келгенде, олар: "Мұсаға берілген кұсаған неге бұған берілмейді?" десті. Олар бұрын Мұса (F.C.) ға берілгенге қарсы келмеп пе еді? "Бірін-бірі сүйемелдеген екі сиқыр" десті. "(Құран мен Тәурат:) беріне де қарсымыз" десті. (48) (Мұхаммед F.C.): "Егер рас айтушы болсаңдар, Алла тарапынан ол екеуінен туарақ бір кітап әкеліңдер. Мен де соған ілесемін" де. (49) Сонда да саған жауап бермесе, шын мәнінде олардың өз көңілдері тартқан жаққа кеткенін біл. Алладан бір жол-жорықсыз өз көңілдері ауған жаққа ілескеннен әрі адасқан кім бар? Әрине Алла, залым елді тура жолға салмайды. (50)

Расында оларға түсінулері үшін сөзімізді жалғастырдық. (51) Бұрын өздеріне кітап бергендеріміз, Құранға сенеді. (5-С. 83-А.) (52) Оларға Құран оқылғанда: "Біз бұған сендік. Рас ол, Раббымыз тарапынан түсірілген хақ сөз. Негізінде бұрыннан-ақ бой ұсынған едік" деді. (Бұлар Яһуди, Христиандардан Мұсылман болғандар. Б.Ж.М.К.) (53) Міне соларға сабыр еткендіктері себепті сыйлықтары екі есе беріледі. (Екі кітапқа да иман келтіргендіктері үшін. Б.Ж.М.К.Р.) Және олар жамандықты жақсылықпен жойып, өздеріне берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды. (54) Қашан олар бос сөз естисе, одан бет бұрып: "Біздің ісіміз өзімізге, сендердің істерің өздеріңе тән. Сендерге сәлем. (Қош енді.) Надандарды қаламаймыз" дейді. (55) (Мұхаммед F.C.) расында жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың. Бірақ Алла кімді қаласа, оны тура жолға салады. Сондай-ақ Ол, тура жол табатындарды жақсы біледі. (Бұл аят Мұхаммед F.C. ның әкесімен туысқан Әбу Таліпқа байланысты. Ж,М.К.Р.Х.) (56) (Құрайш тобы): "Егер сенмен бірге тура жолға түссек, жерімізден дереу шығарыламыз" деді. Оларды өз жанымыздан, әр нәрсенің өнімдері




несібе түрінде шоғырланатын, қастерлі де бейбіт бір жерге (Меккеге) орналастырмадық па? Бірақ олардың көбі түсінбейді. (57) Қаншалаған тіршілігіне мас болған кенттерді типыл қылдық. Міне олардан кейін өте аз отырылған қоныстары; Ақыр Біз мұрагер болдық. (58) (Мұхаммед F.C.) Раббың кенттердің орталығына, оларға аяттарымызды оқитын бір елші жібермейінше жоқ етуші емес. Халқы залым болған кентті ғана жоқ етеміз. (59)




адастырғандар; оларды өзіміз адасқандай адастырдық. Олардан безіп, Саған келдік. Олар негізінен бізге табынбайтын еді" дейді. (63) Ал оларға: "Қосқан ортақтарыңды шақырыңдар" делінеді. Сонда олар шақырады. Олар жауап бермейді. Олар тозақты көреді. (Қап!) Олар тура жолда болған болса еді. (64) (Алла Т.) ол күні, оларға: "Елшілерімізге не жауап бердіңдер?",- деп, дабыстайды. (65) Сол күні оларға хабарлар естілмейді де (өзара да) сұраспайды. (66) Ал енді кім тәубе етіп, иман келтіріп ізгі іс істесе, құтылушылардан болуы үміт етіледі. (67) Раббың қалағанын жаратады да сұрыптайды. Оларда ерік болмайды. Алла (Т.) олардың қосқан серіктерінен пәк, өте жоғары. (68) Раббың олардың көңілдеріндегі жасырған нәрселерін де көрнеу істеген нәрселерін де біледі. (69) Ол сондай Алла, Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Дүние, ахиретте барлық мақтау Оған лайық. Үкім Оған тән. Және Сол жаққа қайтарыласыңдар. (70)

Сендерге берілген нәрсе, дүние тіршілігінің бұйымы, зейнеті ғана. Ал Алланың қасындағы нәрсе хайырлы да тұрақты. Енді де ойламайсыңдар ма? (60) Ал енді өзіне жақсы уәде беріп, соған қауышатын біреу; өзін дүние тіршілігінде пайдаландырып, сосын қиямет күні жазаға әзірленетін кісілер тәрізді ме? (61) (Алла Т.) ол күні, оларға: "Сендердің Маған серік деп ұйғарғандарың қайда?",- деп, дабыстайды. (62) Өздеріне сөз келгендер: "Раббымыз! Бұлар, біз

(Мұхаммед F.C.) оларға: "Көрдiңдер ме, егер Алла (Т.) сендерге қиямет күніне дейiн ұдайы қараңғы қылса, Алладан басқа сендерге жарық келтiретiн тәңiр кiм? Естiмейсiңдер ме?", - де. (71) "Көрдiңдер ме, егер Алла (Т.) сендерге қиямет күніне дейiн ұдайы күндiз қылса, Алладан басқа сендерге онда тынығатын түн келтiретiн тәңiр кiм? көз салмайсыңдар ма?", - де. (72) Алла, сендерге өз мәрхаметiнен түндi тынығу, күндiздi кеңшiлiгiн (ризык) iздеулерiң үшiн жаратты. Әрине шүкiрлiк етерсiңдер. (73) Сол күнi, оларға: "Менiң серiгiм деп, ойлағандарың қайда?", - деп, дабыстайды. (74) Ол күнi, әр үмметтен бiр айғақ шығарып: "Дәлелдерiңдi әкелiңдер" деймiз. Сонда олар, рас хақиқат, Аллаға тән екенiн бiледi де олардың жасанды нәрселерi жоқ болады. (75)




Рас Қарун, Муса (F.C.) ның елінен еді де, оларға қарсы келді. Сондай-ақ оған, кілттерін күшті бір топ әрең көтеретін қазыналар берген едік. Сонда оған халқы: "Елірме! Расында Алла, еліргендерді жақсы көрмейді" деді. (76) "Алланың саған берген дәулетімен ахирет жұртын ізде де дүниедегі несібенді де ұмытпа. Алла, саған жақсылық еткендей сен де жақсылық істе, сондай-ақ жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Алла бұзақыларды сүймейді. (77)



"Алланың сыйлығы; иман келтіріп ізгі іс істегендерге тағы жақсы. Ал оған сабырлылар ғана жетеді" деді. (80) Ақыр оны да үйін де жерге жұтқыздық. Алладан өзге оған жәрдем етер бір топ болмады әрі оған көмек етілмеді. (Бұл атақты Қарун; бай, Мұса (Ғ.С.) ның жақыны, асқан сараң, мың да бір зекет бер десе; бермей, Мұса (Ғ.С.) ны ел алдында қорлау үшін жала жапсырып, көп іренжітеді. Б.М.Р.) (81) Кеше оның орнында болуды көкsegендер: "Сірә, Алла құлдарынан кімді қаласа, соның несібесін кеңітіп, таралтады екен. Егер Алла, бізге қамқорлық қылмаса, әрине бізді де жерге жұтқызар еді. Айтқандайын, кәпірлер құтылмайды." (82) Міне ахирет жұрты: Оны, жер жүзінде өзін-өзі көтеріп, бүліншілік ізденбегендерге нәсіп етеміз. Негізінде соңғы табыс тақуалар үшін. (83) Кім бір жақсылық келтірсе; оған одан жақсы сыйлық бар. Ал кім бір жамандық келтірсе; ол жамандықты істегендерге, істегендерінің ғана сазайы беріледі. (84)

Қарун: "Шын мәнінде бұл, маған мендегі білімге берілді. (Баудың жөнін білуші едім)" деді. Негізінде Алланың бұдан бұрын, бұдан да күшті, тобы көп нәсілдерді жоқ еткенін білмеді ме? Күнәкарлар, күнәларынан суралмайды. (Бәрі жазулы. 82-С. 10-11-А.) (78) Ол, қауымына сән-салтанат ішінде шықты; дүние тіршілігін қалағандар: "Әттең! Бізге де Қарунға берілген тәрізді болса; өйткені ол, зор ырыс иесі" деді. (79) Өздеріне білім берілгендер:




(Мұхаммед F.C.) шәксіз саған Құранды міндетті қылған Алла, әрине сені қайтар жеріңе (Меккеге) қайтарады. "Раббым, Туралық келтірген кісіні де ашық адасудағы кісіні де жақсы біледі" де. (85) Саған Кітап түсірілетінін үміт етпеген едің. Бірақ Раббыңның мәрхаметі. Сондықтан қарсы болғандарды сүйемелдеме! (86) Алланың аяттары саған түсірілгеннен кейін олар сені одан (аяттарға ғамал қылудан) тоспасын. Оларды Раббыңа шақыр да әсте серік қатушылардан болма! (87) Алла мен бірге басқа тәңір шақырма! Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Оның өзінен басқа әр нәрсе жоқ болады. Үкім Оған тән. Сондай-ақ Оған қайтарыласыңдар. (88)

29-ҒАНКӘБҮТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Алпыс тоғыз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланыр атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) Адамдар: "Сендік" деумен сыналмай қойып


қойылатындықтарын ойлай ма? (2) Рас олардан бұрынғыларды да сынаған едік. Сондай-ақ Алла, әлбетте шыншылдарды да біледі, өтірікшілерді де біледі. (3) Немесе жамандық істегендер, Бізден қашып құтыламыз деп, ойлай ма? Олар нендей жаман үкім береді! (4) Кім Аллаға жолығуды үміттенсе, әрине Алланың белгілі мезгілі келеді. Ол, аса естуші, толық білуші. (5) Біреу игілік үшін күресе, сөзсіз өзі үшін күреседі. Әрине Алла, әлемнен бай. (6)




кейбірі: "Аллаға иман келтірдік" дейді де олар Алла жолында жапа тартса, адамдардың кесірін, Алланың азабындай көреді. Әлбетте Раббыңнан бір нұсырат келетін болса: "Әрине біз сендермен бірге едік" дейді. Алла әлемдегілердің көңілдеріндегіні жақсы біледі емес пе? (10) Әлбетте Алла иман келтіргендерді де біледі. Әрине мұнафықтарды да біледі. (11) Сондай кәпірлер, иман келтіргендерге: "Біздің жолымызға ілесіңдер, қателіктеріңді біз көтерейік" деді. Негізінен олар, бұлардың күнәларынан еш нәрсе көтеруші емес. Расында олар суайт. (12) Әрине олар, өз жүктерін де онымен бірге басқа жүктер де көтереді. Әлбетте олар қиямет күні, жасама істерінен сураққа тартылады. (13) Рас Нұх (Ғ.С.) ты еліне жібердік. Сонда олардың ішінде тоғыз жүз елу жыл тұрды. Сол уақытта оларды топан басып алды, олар; залым еді. (14)

Сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендердің жамандықтарын әлбетте жоямыз да өздерін істегендерінен көрі жақсырақ сыйлыққа бөлейміз. (7) Адам баласына әке-шешесіне жақсылық қылуды нұсқадық. Егер екеуі саған білмеген нәрсеңді Маған ортақ қосуыңа тырысса, онда ол екеуіне бағынба. Қайтар жерің Мен жақ. Сол уақытта сендерге не істегендеріңді түсіндіремін. (8) Ал иман келтіріп, ізгі іс істегендерді игілерге қосамыз. (9) Адамдардың

Оны және кемедегі жолдастарын құтқарып, ол уақиғаны әлемдерге ғибрат қылдық. (15) Ыбырайым (Ғ.С.) ды да. Сол уақытта еліне: "Аллаға құлшылық қылыңдар да Одан қорқыңдар. Егер білсендер, оларың сендер үшін хайырлы" деді. (16) "Алладан өзге табынғандарың, сендерге ризық бере алмайды. Онда ризықты Алланың қасынан іздеңдер. Оған құлшылық қылыңдар да Оған шүкір етіңдер. Сол жаққа қайтарыласыңдар." (17) "Егер сендер жасынға шығарсаңдар, расында бұрынғы үмметтер де жасынға айналдырған. Пайғамбардың міндеті ашық жалғастыру ғана." (18) Олар көрмеді ме? Алла жаратуды қалай бастайды, сосын оны қайтарады. Расында бұл Аллаға оңай. (19) (Мұхаммед Ғ.С.): "Жер жүзінде кезіңдер де жаратуды қалай бастап, сосын екінші жасауды




да жасайды. Көріңдер! Расында Алланың әр нәрсеге күші жетеді" де. (20) Кімді қаласа, азап қылады да кімді қаласа, мәрхамет етеді. Сондай - ақ Сол жаққа бұрыласыңдар. (21) Сендер жерде де көкте де Алланы әлсірете алмайсыңдар. Сондай-ақ сендерге Алладан өзге не дос не жәрдемші жоқ. (22) Сондай Алланың аяттарына әрі өзіне қауышуға қарсы келгендер; міне солар, рахметімнен күдер үзді. Сондай-ақ олар үшін күйзелтуші азап бар. (23)




Сонда елінің жауабы: "Ыбырайымды өлтіріңдер немесе оны өртеңдер" деу ғана болды. Алла оны оттан құтқарды. Сөз жоқ, бұнда сенген елге ғибраттар бар. (24) (Ыбырайым Ғ.С.): "Шын мәнінде сендер дүние тіршілігінде өзара достық үшін Алладан өзге бұттар жасап алдыңдар. Сосын қиямет күні бір-біріңе қарсы шығып, бір-бірінді қарғайсыңдар да орындарың тозақ болып, сендерге ешбір жәрдемші болмайды" деді. (25) Сонда Лұт (Ғ.С.) оған иман келтірді. (Ыбырайым

Ғ.С.): "Шын мәнінде мен Раббым жаққа жөнелемін. Күдіксіз Ол, үстем, хикмет иесі" деді. (26) Оған Ысхақты, Яғқұпты бердік те оның ұрпақтарына кітап, пайғамбарлық мәрхамет еттік. Әрі өзіне дүние сыйлығын бердік. Әрине ол, ахиретте де ізгілерден. (27) Лұт (Ғ.С.) қа да (Пайғамбарлық бердік.) Сол уақытта еліне: "Рас өздеріңнен бұрын әлемде ешкім істемеген арсыздықты істедіңдер" деді. (28) "Рас сендер еркектерге жақындасасыңдар да жол кесіп, және мәжілістерінде жамандық істейсіңдер ме?" (27-С. 54-А.) Сонда елінің жауабы: "Егер шыншылдардан болсаң, қане бізге Алланың азабын келтірші" дегеннен басқа болмады. (29) (Лұт Ғ.С.); "Раббым! Бұзақы елге қарсы маған жәрдем бере көр!",- деді. (30)



Елшілеріміз (періштелер), Ыбырайым (Ғ.С.) ға шүйіншімен келген сәтте: "Осы халқы залым болған кентті рас жоқ етеміз" десті. (31) Ыбырайым Ғ.С.): "Әрине онда Лұт та бар" деді. (Елшілер): "Ол жерде кімнің болғанын жақсы білеміз; кейін қалушылардан болатын қатынынан басқа өзін де үй-ішін де әлбетте құтқарамыз" деді. (32) Елшілеріміз Лұт (Ғ.С.) қа келген сәтте, олардың салдарынан қынжылып, көңлі тарайды. (Періштелер; көркем жас жігіттер сүретінде еді. Б.Ж.Р.) Олар: "Қорықпа да кейіме. Сөз жоқ, кейін қалушылардан болатын жұбайыңнан басқа өзіңді де семьяңды да құтқарамыз" деді. (33) "Бұл кент халқына бұзықтықтарының салдарынан көктен пәле жаудырамыз." (34) Расында ойлаған елге; одан ашық өнеге қалдырдық. (35) Мәдянға туыстары Шұғайып


(Ғ.С.) ты жібердік те: "Әй елім! Аллаға құлшылық қылыңдар да ахирет күнінен үміт етіндер. Жер жүзінде бұзақылық істеп, жүрмеңдер" деді. (36) Сонда елі оны жасынға шығарды. Сондықтан жер қатты сілкініп, жұрттарында типыл болды. (37) Сондай-ақ Ғад, Сәмүд (елі де жоқ болған). Расында сендерге олардың жұрттарынан-ақ байқалады. Шайтан олардың қылықтарын әдемі көрсетіп, оларды жолдан тосты; олар көріп, біліп тұрса да. (38)




жасап алған өрмекшінің мысалы сияқты: Шын мәнінде үйлердің ең осалы өрмекшінің ұясы. Егер олар білетін болса. (41) Сөз жоқ, Алла (Т.) олардың өзінен өзге кімге жалбарынғанын біледі. Ол, өте үстем, хикмет иесі. (42) Міне осы мысалдарды адамдар үшін келтіреміз. Бірақ оларды білгендер ғана түсінеді. (43) Алла көктер мен жерді хақиқат бойынша жаратты. Расында бұнда иман келтіргендер үшін бір дәлел бар. (44) (Мұхаммед Ғ.С.) Кітаптан саған уахи етілгенді ғана оқы да намазды орында. Күдіксіз намаз; арсыздықтан, жамандықтан тыяды. Әрине Алланы еске алу, аса ірі нәрсе. Сондай-ақ Алла (Т.) не жасағандарыңды біледі. (45)

Қарун, Перғауын және Һаманды да (жоқ еттік.) Расында Мұса (Ғ.С.) оларға ашық белгілер келтірген еді де олар жер жүзінде дандайсыған еді. Сонда да олар қашып құтыла алмады. (39) Олардың күнәларының салдарынан кейбіреулерін; үстіне тас жаудырып, кейбіреулерін; ащы дауыспен, кейбірлерін; жерге жұттырып және кейбіреулерін де суға батырып, бәрін қолға алдық. Алла оларға зұлымдық етпеді. Бірақ олар өздеріне зұлымдық етті. (40) Алладан өзгені ие етіп алғандар; үя

Іштеріндегі зұлымдық қылғандарынан басқа Кітап иелерімен көркем түрде сөз таластырыңдар. (Сыпайы, дәлелді түрде қанағаттандырыңдар.) Оларға: "Бізге түсірілгенге де сендерге түсірілгенге де иман келтірдік. Және біздің Тәңіріміз де сендердің Тәңірлерің де біреу-ақ. Біз Оған бой ұсынғандармыз" деңдер. (46) (Мұхаммед Ғ.С.) осылайша саған Кітап түсірдік. Сондықтан өздеріне кітап бергендеріміз оған сенеді. Және осылар (араптар) дан да оған сенетіндер бар. Аяттарымызға кәпірлер ғана қарсы келеді. (47) Сен бұдан бұрын бір кітап оқымаған едің де оны қолың мен жазбаған едің. Егер ондай болса еді, әрине бұзықтар; күдіктенер еді. (48) Олай емес. Негізінде Құран, өздеріне ғылым берілгендердің көңілдерінде айқын аяттар. Аяттарымызға залымдар ғана қарсы келеді. (49) Олар: "Оған Раббынан неге мұғжизалар түсірілмейді?", – десті. "Мұғжизалар; Алланың ғана



жанында. Шын мәнінде мен ашық ескертуші ғанамын" де. (50) Әрине оларға оқылып жатқан Кітапты саған түсіргеніміз өздеріне жетіп аспай ма? (Одан артық мұғжиза бола ма?) Сөз жоқ. Құранда, иман келтірген ел үшін әрине игілік және үгіт бар. (51) Алла, мені мен сендердің арамьзда куәлікте жеткілікті. Өйткені Ол, көктердегі әрі жердегі нәрселерді біледі. Сондай бос нәрселерге сеніп, Аллаға қарсы келгендер, міне солар; зиянға ұшыраушылар. (52)




қылындар. (56) Әрбір жан несі өлімді татады. Сосын Біз жаққа қайтарылады. (57) Иман келтіріп, ізгі іс істегендер, әлбетте оларды жаннаттың астынан өзендер ағатын жоғарғы орындарына орналастырамыз да олар онда мәңгі қалады. Ғамал істеушілердің сыйлығы нендей әйбет. (58) Сондай сабыр етіп, Раббыларына тәуекел етеді. (59) Қаншалаған жан-жаныуар бар; көрегін көтеріп жүрмейді. Алла (Т) оларды да сендерді де көректендіреді. Ол тым естуші, білуші. (60) Егер олардан: "Көктер мен жерді кім жаратты және күн мен айды кім іске қосты?", - деп сұрасаң, әлбетте: "Алла" дейді. Сонда олар қайда лағып барады. (61) Алла құлдарынан кімді қаласа, несібесін кеңітеді де тарылтады. Күдіксіз Алла әр нәрсені толық біледі. (62) Ал егер олардан: "Көкпен жаңбыр жаудырып, онымен жерді өлімнен кейін жандандырған кім?", - деп сұрасаң, әлбетте: "Алла" дейді. (Мұхаммед Ғ.С.): "Барлық мақтау Аллаға лайық" де. Бірақ олардың көбі түсінбейді. (63)

(Мұхаммед Ғ.С.) олар, сенен азапты тездетіп тілейді. Егер мерзім белгіленген болмаса, әлбетте оларға апат келер еді. Әрине, олар сезбеген түрде азап келеді. (53) Олар, өзіңнен апаттың жедел келуін сұрайды. Сөз жоқ! Тозақ кәпірлерді әрине орап алады. (54) Сол күні апат, оларды төбелерінің үстінен де аяқтарының астынан да қоршап алады да: "Қылықтарыңның дәмін татыңдар" дейді. (55) Әй иман келтірген құлдарым! Әрине жерім кең. Сондықтан Маған ғана ғибадат


Бұл дүние тіршілігі бір ойыншық, ермек ғана. Күдіксіз ахирет жұрты анық тіршілік. Әттең! Олар білсе. (64) Қашан олар кемеге отырса, дінін Аллаға арнаған түрде жалбарынады да, оларды құтқарып қырға шығарса, сол уақытта олар; Аллаға серік қосады. (65) Өздеріне берген нәрселерімізге қарсы бола тұрсын әрі олар пайдалана тұрсын. Бірақ жедел олар біледі. (66) (Мекке халқы) маңындағы адамдар қағып әкегіліп тұрғанда, Меккені ардақты және бейбіт орын еткенімізді көрмеді ме? Сонда бос нәрсеге сеніп Алланың нығметіне нәсікшілік қыла ма? (67) Аллаға жасанды жала жапқаннан немесе келген шындыққа қарсы болғаннан залым бар ма? Кәпірлердің орны тозақ емес пе? (68) Сондай жолымызда күрескендерді әлбетте тура жолдарымызға саламыз. Рас Алла жақсылық істеушілермен бірге. (69)

30-ҰҰМ СҮРЭСІ

Меккеде түскен. Алпыс аят. (Ирандық мәжүсилер, Христиан Ұғымдарды жеңіліске ұшыратқанда Мекке араптары: "Біздің мәжүсилер, Христиандарыңды жеңді" деп, масаттанады. Б.Ж.М.К.Р.)




Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) Ұғым жеңілді. (2) Ең жақын жерде олар жеңілгеннен кейін жедел жеңіске ие болады. (3) Бірнеше жылдың ішінде. Іс бұрын да кейін де Алланың еркінде. Сол күні мүміндер де қош болады. (Сол күндерде Мұсылмандар Бәдірде жеңіске ие болады...) (4) Алланың жәрдемімен. Ол, кімді қаласа, жәрдем етеді. Ол аса үстем, ерекше мейірімді. (5)




олар, бұлардан күштірек еді де олар, жерді қопарып, олар оны; бұлардың дамытуынан көрі көбірек дамытқан еді. Оларға ашық дәлелдер мен елшілер де келген еді. Сонда Алла, оларға зұлымдық еткен емес. Бірақ олар өздеріне зұлымдық етті. (9) Сосын жамандық істегендердің соңы; Алланың аяттарын жасынға шығарып, оны мазақ қылғандықтары үшін жаман болды. (10) Алла (Т.) баста жаратады да сосын қайтаратын да өзі. Және Ол жаққа қайтарыласыңдар. (11) Қиямет-қайым болған күні күнәкарлар күдер үзеді. (12) Оларға, Аллаға қосқан ортақтарынан шапағатшы болмайды да өздері ортақтарына қарсы шығады. (13) Қиямет-қайым болған күні, сол күні; (Кәпір, Мұсылман) айрылады. (36-С. 59-А.) (14) Ал енді иман келтіріп, ізгі іс істегендер; бір бақшада сыйланады. (15)

Бұл Алланың уәдесі. Алла уәдесінен айнымайды. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді. (6) Олар дүние тіршілігінен көрініп тұрғанын біледі де өздері ахиреттен кәперсіз. (7) Алла (Т.) Көктер мен жерді әрі екі арасындағыларды шындықпен белгілі бір мерзім үшін жаратты. Өздері жайында ойламай ма? Шынында адамдардың көбі Раббыларына жолығуға қарсы келеді. (8) Олар жер жүзінде кезіп, өздеріне бұрынғылардың соңының не болғанын көрмей ме? Негізінен

Ал енді сондай қарсы келіп, ахиретте Маған жолығуды жасынға шығарғандар, міне солар; тозаққа әзір түрде қойылады. (16) Ендеше түнеген мезгілде әрі таң атырған уақытта Алланы пәктендер. (Түнгі, таңғы намаз.) (17) Көктер мен жерде, кешке және түскі уақытқа кіргенде, барлық мақтау Аллаға лайық. (Түскі, кешкі намаздар.) (18) Ол, өліден тіріні шығарып, тіріден өліні шығарады да жерді өлгеннен кейін жандандырады. Сол сияқты сендер де (қабырдан) шығарыласыңдар. (19) Оның белгілерінен бірі; сендерді топырақтан жаратуы. Сосын сендер адам болып, таркаласыңдар. (Өсіп, өнесіңдер.) (20) Сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен. Сөз жоқ, осыларда ойланған елге белгілер бар. (21) Көктер мен жерді жаратуы, тілдеріңнің түстеріңнің,




қарама-қарсылығы да Оның белгілерінен. Шәксіз бұларда білгендер үшін белгілер бар. (22) Күндіз-түнде ұйықтауларың, сондай-ақ Алланың кеңшілігін іздеулерін де, Оның белгілерінен. Күдіксіз бұларда тыңдаған қауым үшін белгілер бар. (23) Сендерге үрейлену, дәмету түрінде нажағайды көрсетуі, көкпен жаңбыр жаудырып онымен өлгеннен кейін жерді жандандыруы да Оның белгілерінен. Рас бұлар да ақыл жұмсаған халыққа үлгілер бар. (24)




тең ортақ болып, олардан өздеріңнен жасқанғандай жасқанасыңдар ма? Осылайша аяттарымызды ақыл жұмсаған елге егжей-тегжейлі баян етеміз. (28) Әрине залымдар, білмесе де көңілдері тартқан жаққа кеткен. Алла адастырған кісіге кім тура жол көрсетеді. Сондай-ақ оларға ешбір жәрдемші жоқ. (29) (Мұхаммед F.C.) бәрінен бет бұрып, жүзінді Ислам дініне жөнелт. Алла жаратылыста адам баласын соған арнап жаратқан. Алланың жаратуында өзгеріс болмайды. Осы түп-тура дін. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді. (15-С. 56-А.) (30) Аллаға бой ұсынған түрде Одан қорқа отырып, намазды орындаңдар. Әрі ортақ қосушылардан болмаңдар. (31) Сондай олар діндерін бөлшектеп, топтарға бөлініп, әрбірі өз алдындағыларына мәз болғандар. (32)

Көк пен жердің Оның әмірінде тұруы да Оның белгілерінен. Сосын сендерді жерден бір шақырумен шақырған сәтте, дереу сендер шыға келесіңдер. (25) Көктер мен жердегі әркім Онікі. Тұтас Оған бой ұсынады. (26) Сол, сондай жоқтан бар етіп, сосын қайта жаратады. Бұл Оған оңай. Әрі көктер мен жердегі жоғары сипат Оған тән. Ол өте үстем, хикмет иесі. (27) Ол, сендерге өздеріңнен мысал келтіреді: Сендерге Біз берген несібе де қол астарыңдағы құлдар да сендер мен

Қашан адам баласына бір бейнет жетсе, олар Раббыларына ықыласпен жалбарынады. Сосын Алла, қашан оған өз тарапынан бір мәрхамет таттырса, сонда олардың кейбіреулері, Раббыларына ортақ қосады. (33) Бұны, оларға берген несібемізге нәсікшілік ету үшін істейді. Я енді пайдалана тұрындар, таяуда түсінерсіңдер. (34) Немесе оларға, Аллаға ортақ қатуларын айтатын бір дәлел түсірдік пе? (35) Қашан адам баласына бір жақсылық татырсақ; сонда ол, оған мәз болады да егер өздерінің қолекі істегендерінің салдарынан бір жамандық келсе, сонда олар күдер үзеді. (36) Расында Алла қалаған құлына несібесін кеңітіп, тарайтқанын көрмей ме? Күдіксіз бұнда сенген қауымға белгілер бар. (37) Ендеше жақындарға, міскіндерге жолда қалғандарға хақысын бер. Алланың ризалығын көксегендер үшін осы жақсы. Міне солар құтылушылар. (38) Сендердің адамдардың малына берген өсімдерің Алланың қасында өспейді де Алланың ризалығын тілеп




берген зекеттерің өседі. Ал сонда, міне солар; артықша сауапқа бөленушілер. (39) Ол Алла, сендерді жаратып, сосын ризық береді, одан кейін өлтіреді, соңыра тірілтеді. Ал сендердің Аллаға қосқан ортақтарыңнан, осылардан бір нәрсе істейтін кім? Алла олардың қосқан ортақтарынан пәк әрі жоғары. (40) Адамдардың қолекі істегендерінің кейбірінің сазайын татыру үшін құрылықта әрі теңізде бұзықтық шықты. Мүмкін олар, бағыттарынан қайтар. (41)




(Мұхаммед F.C.): "Жер жүзінде кезіндер де бұрынғылардың соңы не болды көріңдер" де. Олардың көбі Аллаға серік қосушы еді. (42) Алладан тойтарылмайтын күн келуден бұрын жүзіңді түп-тура дінге жөнелтіп, мықты тұр. Ол күні олар айрылады. (36-С. 59-А.) (43) Кім қарсы болса, қарсылығы өзіне. Ал және кім түзу іс істесе, сонда ол өзі үшін рахат орын әзірлеген болды; (44) Өстіп Алла иман келтіріп, түзу іс істегендерге өз кеңшілігінен сыйлық береді. Рас

Ол, қарсы келгендерді жақсы көрмейді. (45) Сендерге игілік татыру үшін қуантушы самалдар жіберуі, кеңшілігінен несібе іздеулерің үшін өз әмірімен кемеңізді жүргізуі Оның белгілерінен. Әрине шүкір етерсіңдер. (46) Әрине сенен бұрын да олардың елдеріне елшілер жібердік; оларға дәлелдер келтірді. Сонда олардың күнәкарларының сазайын тарттырдық. Сондай-ақ мүміндерге жәрдем ету бізге міндет. (47) Ол сондай Алла, желдерді жібереді де бұлттарды жүргізіп, оны қалауы бойынша аспанда жаяды. Және бұлтты бөлшектейді. Сонда оның араларынан жаңбырдың шыққанын көресің. Сонда ол, жаңбырды құлдарынан қалағанына жеткізеді. Сол уақытта олар қуанышқа ие болады. (48) Негінен олар өздеріне жаңбыр келуден бұрын әлде қашан күдер үзген болатын. (49) Алланың рахметінің әсерлеріне қара. Жер жүзі өлгеннен кейін оны қалай жандандырды. Рас Ол, өлілерді тірілтеді, Оның әр нәрсеге күші толық жетеді. (50)

Әлбетте бір жел жіберсек те сонда егіннің сарғайғанын көрсе, әрине олар, одан кейін қарсы шығады. (Апатқа сабыр етпейді.) (51) (Мұхаммед F.C.) рас сен өліктерге естірте алмайсың. Сондай-ақ бет бұрып, кетіп бара жатқан саңырауларға да дауыс естірте алмайсың. (52) Соқырды да адасқан жағынан тура жолға сала алмайсың. Аяттарымызға иман келтіріп өздері бой ұсынған кісілерге ғана естірте аласың. (53) Ол сондай Алла; сендерді әлсіз жаратып, сосын әлсіздіктен кейін күш беріп, сосын күштен кейін нашарлатып, көртейтті. Ол, қалағанын жаратады. Сондай-ақ Ол, аса естуші, тым күшті. (54) Қиямет-қайым болатын күні, күнәкарлар, (өлгеннен қияметке дейін) бір сағаттан басқа тұрмадық деп, ант ішеді. Осылайша олар, (дүниеде де алданып,) адасқан еді. (55) Ал ғылым және иман берілгендер: "Расында Алланың жазуындағы тірілетін күнге дейін тұрдыңдар, тірілетін күн осы. Бірақ



сендер білмейтін едіңдер" дейді. (56) Енді сол күні, зұлымдық қылғандардың сылтаулары пайда бермейді. Олардан бір игілікте күтілмейді. (57) Расында бұл Құранда адам баласы үшін әр түрлі мысал бердік. Оларға бір белгі келтірсең де қарсы келгендер: "Сендер бұзушы ғанасыңдар" дейді. (58) Осылайша Алла, білмегендердің жүректерін бітейді. (59) (Мұхаммед F.C.) енді сабыр ет. Алланың уәдесі хақ. Сенбегендер сені оңай көрмесін. (60)




31-ЛУҚМАН СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Отыз төрт аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) Міне бұл, хикметті Кітаптың аяттары. (2) Тура жол; мәрхамет, жақсылық істеушілер үшін. (3) Сондай олар намазды толық орындап, зекет береді. Сондай-ақ олар ахиретке толық нанады. (4) Міне солар, Раббылары тарапынан тура жолда, сондай-ақ олар құтылушылар. (5) Адамдардың

түк білмесе де Алланың жолынан адастыру және тәлкекке алу үшін ертегіге айырбастап алғандар бар. Міне солар, үшін қорлаушы азап бар. (6) Оған аяттарымыз оқылған сәтте, оны естімегендей тіпті құлақтарында тығын бардай паңсып теріс айналады. Оны күйзелтуші азаппен қуандыр. (7) Күдіксіз иман келтіріп, тәуә іс істегендер, олар үшін нығметі түгемейтін бақшалар бар. (8) Онда олар мәңгі қалады. Алланың уәдесі хақ. Ол, өте үстем, хикмет иесі. (9) Сендер, тіреусіз көрген көкті жаратты да сендерді теңселтеді деп, жер бетіне асқар тауларды қойды. Сондай-ақ бүкіл жандықты өргізді де көктен жаңбыр жаудырып, онда әр түрлі көркем парымен өсімдіктерді өсірдік. (10) Бұл Алланың жаратқаны. Ал Алладан өзгенің не жаратқанын Маған көрсетіңдерші! Әрине залымдар ашық адасуда. (11)

Рас Лұқманға шүкірлік етуі үшін даналық бердік. Кім шүкір етсе, өзі үшін шүкір етеді. Ал кім нәсукірлік етсе, сонда да Алла мүңсыз, мақтауға лайық. (Лұқман аса дана, табиғ болған кісі. Жалпы көз қарас бойынша, Лұқман пайғамбар емес, дәрігер. Б.Ж.М.Р.) (12) Сол уақытта Лұқман өз ұлына үгіт бере отырып: "Әй ұлым! Аллаға серік қоспа! Күдіксіз ортақ қосу зор зұлымдық" деді. (13) Адамдарға; ата-анасына қарайласуды бұйырдық. Ананың оған мешеулік үстіне мешеулікпен жүкті болып, екі жылда омыраудан айыруы бар. Маған және әке-шешені шүкір ет. Қайтар орның Мен жақ. (14) Егер екеуі білмеген нәрсеңді Маған ортақ қосуға зорласа, оларға бағынба! Олармен дүниеде дұрыс жолдас бол да Маған құштар адамдардың жолына түс. Сосын барар орындарың Мен жақ; сонда істеген істеріңді баян етемін. (15) (Лұқман): "Әй ұлым! Тарының салмағындай болса да бір жар тастың ішінде болса да көктерде не жерде болса да Алла




оны (қиямет күні) келтіреді. Расында Алла өте мұлайым, толық білуші." (16) "Әй ұлым! Намазды толық орында. Дұрыстыққа бұйырып, бұрыстықтан тый. Басыңа келген ауыршылыққа сабыр ет. Рас бұлар маңызды істерден." (17) "Адамдарға паңсып, қырындама да жерде кердеңдеп, жүрме. Расында Алла, бүкіл дандайсыған мақтаншақты жақсы көрмейді." (18) "Жүрісінде орташа бол да даусынды бәсендет. Сөз жоқ, дауыстардың өң жаманы есектің дауысы." (19)



Көрдiңдер ме? Рас Алла (Т.) сендерге көктердегi, жердегi нәрселердi бой ұсындырды. Және сендерге көрнеу, көмес нығметтерiн толықтасырды. Сонда да ешбiр бiлiмi, тура жолы не нұрландырушы кiтабы болмаған кейбiр адамдар, Алла жайында таласады. (20) Қашан оларға: "Алланың түсiрген нәрсесiне iлесiңдер" делiнсе, олар: "Жоқ, аталарымызды тапқан нәрсеге iлесемiз" дейдi. Егер шайтан оларды жалындаған азапқа шақырса да ма? (21) Кiм өзiн Аллаға тапсырып,

игiлiк iстесе, сонда ол; расында берiк тұтқаны ұстаған болады. Бүкiл iстердiң соңы Аллаға тән. (22) (Мұхаммед F.C.) кiм қарсы келсе, сонда оның қарсылығы сенi кейiтпесiн. Олардың қайтар жерi Бiз. Сонда оларға не iстегендерiн баян етеміз. Расында Алла, көкiректегiлердi толық бiледi. (23) Оларды аз пайдаландырып, сосын ауыр азапқа зорлаймыз. (24) (Мұхаммед F.C.) Егер олардан: "Көктер мен жердi жаратқан кiм?",- деп, сұрасаң, әлбетте: "Алла" дейдi. "Барлық мақтау Аллаға тән" де. Әрине олардың көбi түсiнбейдi. (25) Көктер мен жерде болған нәрселер Алланикi. Рас Алла бай, мақтауға лайық. (26) Рас егер жер жүзiндегi ағаш атаулы; калам, тәңiз (сия болып), одан кейiн оған тағы жетi теңiз көмектесiп, (жазса да) Алланың сөздерi таусылмайды. Күдiксiз Алла, өте үстем, хикмет иесi. (27) Сендердiң жаратылуларың да тiрiлтiлулерiң де бiр-ақ кiсiдей ғана. Расында Алла, аса естушi, тым көрушi. (28)

Көрмедің бе? Расында Алла, түнді күндізге қосып, күндізді түнге қосады. Сондай-ақ күн мен айды бағындырды. Барлығы белгілі бір мерзімге дейін жүреді. Рас Алла, олардың істегендерін толық білуші. (29) Міне шәксіз Алла Ол, хақ. Сөз жоқ, олардың Алладан өзге жалбарынғандары босқа. Күдіксіз Алла, Ол өте жоғары, аса ұлы. (30) Көрмедің бе? Рас кеме теңізде Алланың ілтипатымен сендерге Оның деректерін көрсету үшін жүреді. Рас осыларда тым сабырлы, өте шүкір етушілердің барлығына белгілер бар. (31) Қашан оларды таулардай толқын орап алса, дінге деген нағыз ықыласпен Алладан тілейді. Ал қашан Алла, оларды құтқарып, қырға шығарса, олардың кейбіреуі орташа болады. Негізінде аяттарымызға біртұтас опасыз қасарысқандар ғана қарсы келеді. (32) Әй адам баласы! Раббыларыңнан қорқыңдар және ешбір әке; баласы тарапынан бодау төлемейтін сондай-ақ ешбір бала



да; әкесі тарапынан түк бермейтін күннен де қорқыңдар. Күдіксіз Алланың уәдесі хақ. Сондықтан сендерді дүние тіршілігі әсте алдамасын. Сондай-ақ өте алдаушы ол, (шайтан да) Алла турасында алдамасын (33) Әрине қиямет мерзімінің мәліметі Алланың қасында. Жаңбырды Ол жаудырады, Ол жатырлардағыны біледі. Ешкім ертең не істейтінін білмейді әрі ешкім қай жерде өлерін де білмейді. Күдіксіз Алла (Т.) толық білуші, хабар алушы. (34)



арасындағыларды алты күнде жаратып, сосын ғаршыны меңгерді. Сондықтан сендердің Одан өзге ешбір иелерің де шапағатшыларың да жоқ, ойламайсындар ма? (4) Ол, көктен жерге дейін істі игереді. Сосын сендердің санауларың бойынша, мың жыл шамасындағы бір күнде Оған көтеріледі. (5) Ол көместі де көрнеуді де білуші. Өте үстем, тым мейірімді. (6) Ол сондай Алла, әр нәрсенің жаратылысын көркемдестірді. Адам баласын жаратуды балшықтан бастайды. (7) Сосын оның нәсілін бір жайсыз судың негізінен жаратты. (8) Сосын оны бейнелеп, ішіне өз рұхын үрледі. Сондай-ақ сендерге есту, көру және түсіну қабілетін берді. Аз шүкір етесіңдер. (9) Олар: "Қашан топыраққа араласып, жоғалсақ, шын-ақ жаңа жаратыламыз ба?",- дейді. Әрине олар, Раббыларына қауышуға қарсы келгендер. (10) (Мұхаммед F.C.): "Сендерге уәкіл етілген өлім періштесі жандарыңды алады. Сосын Раббыларыңа қайтасындар" де. (11)


32-СӘЖДЕ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Отыз аят.


Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Ұғымын Алла біледі. (1) Бұл Кітап, әлемдердің Раббы тарапынан түсірілген. Мұнда шәк жоқ. (2) Олар: "Оны өзі жасады" дей ме? Олай емес, сенен бұрын ескертуші жіберілмеген елге ескертуің үшін ол, Раббыңнан бір шындық. Әрине олар, тура жол табар. (3) Ол сондай Алла, көктер мен жерді әрі екі

Күнәкарлардың, Раббыларының жанында бастарын иіп: "Раббымыз! Көрдік, естідік, енді бізді (дүниеге) қайтар, түзу іс қылайық. Рас нандық" дегендерін бір көрсең! (12) Егер қаласақ еді, әркімді тура жолға салар едік. Бірақ Менен: "Тозақты бүтіндей жындар, адамдармен толтырамын" деген сөз болған. (Бұлар, шайтандармен оларға ерген адамдар. 38-С. 84-85-А.) (13) "Бүгінге кездесуді ұмытудың демін татыңдар. Рас біз де сендерді ұмыттық. Істегендеріңнің салдарынан мәңгі азапты татыңдар" (14) (Сәжде аяты бар.) Шын мәнінде аяттарымызға, өздеріне үгіт берілген кезде, сәждеге жығылып; Раббыларын мақтап, пәктейді. Сондай-ақ тәкаппарланбай иман келтіреді. (15) Олардың жамбастары төсектерінен ажырап, (түнде ұйқыдан тұрып,) Раббыларына қорқа-дәмете жалбарынады. Сондай-ақ олар берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды. (16) Ешкім



қылмысы жаққандықтан өздеріне көмес сақтаулы қуанышты сыйлықты білмейді. (17) Мүмін болған кісі, бұзық болған кісі сияқты бола ма? Әрине тең болмайды. (18) Өйткені иман келтіріп, ізгі іс істегендер; олардың істеген ғамалдарына жарай қонақ үй түрінде жаннаттар да орын бар. (19) Ал енді бұзақылардың орны тозақ. Әрқашан олар одан шығуды қаласа, оған қайтарылады да: "Өздерің жасынға шығарған оттың азабын татыңдар" делінеді. (20)




Әрине оларға зор азаптан бері дүниенің азабын татырамыз. Мүмкін олар райдан қайтар. (21) Раббыңның аяттары арқылы үгіт берілгеннен кейін олардан бет бұрғаннан кім залымырақ? Әрине күнәкарлардың лайықты жазасын береміз. (22) (Мұхаммед F.C.) әрине Мұса (F.C.) ға Кітап берген едік. Енді сен де оған қауышудан күдіктенбе... Оны Израил ұрпақтарына тура жол қылдық. (23) Әрі олар сабыр етіп, аяттарымызға нақ сенген кезде, араларынан бұйрығымызбен тура


жол көрсететін бастықтар қылған едік. (24) (Мұхаммед F.C.) Әрине Раббың қиямет күні, олар қайшылыққа түскен нәрселер жайында араларына шешім жасайды. (25) Бұлардан бұрын, қаншаласаған нәсілдерді жоқ еттік. Бұлардың, олардың жұрттарында жүріп жүргендігі бұларға жол көрсетпей ме? Расында мұнда гибраттар бар. Сонда да тыңдамай ма? (26) Олар көрмей ме? Рас суды, шөл жерге апарамыз да ол арқылы малдары әрі өздері жейтін өнім шығарамыз. Олар сонда да көрмей ме? (27) Олар: "Егер шыншыл болсаңдар, бұл шешім қашан болады?,"- дейді. (28) "Шешім күні, кәпірлерге имандары пайда бермейді әрі оларға мұрса да берілмейді" де. (29) Енді олардан бет бұр да күт! Расында олар да тосуда. (30)

33-АХЗАП СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Жетпіс үш аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
 Әй нәби! Аллаға тақуалық істе де кәпірлермен мұнафықтарға бағынба. Рас Алла тым білуші, аса дана. (1) Раббыңнан өзіңе уахи етілгенге ілес. Әрине Алла не істегендеріңді толық білуші. (2) Аллаға тәуекел ет. Ол, уәкіллікте жеткілікті. (3) Алла (Т.) ешбір адамның кеудесінде екі жүрек жасаған емес. (Анамның арқасындайсың деп,) серт қылған жұбайларың, аналарың болмайды. (Араптар; әйелін анасының бір мүшесіне ұқсатып, серт қылса; анам боп қалды деп, ажырасатын болған. Ислам дінінде садақа төленеді. Бұны "Зіһар" деп, атайды.) Және асырандыларың; бел балаларың бола алмайды. Бұларың ауызша сөздерің ғана. Алла шындықты айтады да Ол тура жол көрсетеді. (4) Оларды әкелерімен шақырыңдар. Сол Алланың қасында тұрақ. Егер әкелерін білмесеңдер, сонда олар;




дінде туыстарың, достарың. Ол жөнде қателессеңдер, сендерге кінә емес. Бірақ әтейге жүректеріңмен болса, (болмайды.) Алла өте жарылқаушы, тым мейірімді. (5) Пайғамбар, мүміндерге өздерінен артық. Оның жұбайлары олардың аналары. Алланың Кітабында; туысқандар бір-біріне мүміндерден де мұғажірлерден де (мираста) жақын. Бірақ достарыңа (мүміндерге) қамқорлық жасауларыңа болады. Осылар Кітапта жазылған болатын. (6)




(Мұхаммед Ғ.С.) сол уақытта, пайғамбарлардан уәде алған едік. Сенен, Нұх, Ыбырайым, Мұса және Мәрийем ұлы Ғиса (Ғ.С.) лардан, солардан берік уәде алған едік. (7) Алла шыншылдардың шындығынан сұрау үшін еді. Кәпірлерге қинаушы азап әзірледі. (8) Әй мүміндер! Алланың сендерге болған нығметін еске алыңдар. Сендерге ләшкерлер келген еді. Сонда оларға боран және сендер көрмеген ләшкерлер жіберген едік. Алла не істегендеріңді толық көруші.

(іжіреттің бешінші жылы көптеген рулардан құралған он екі мың кісілік қалың қол, Мединеге шабуыл жасайды. Мұхаммед (Ғ.С.) үш мың кісімен ор қазып, қорғаныс соғысын жасайды. Бір айға жақын болған соғыста, Мұсылмандар тым күйзелгендіктен, Құдыретше қатты боран шығып, жау абыржып, қашады. Б.Ж.Р.М.К.) (9) Сол уақытта олар сендердің жоғарғы жақтарыңнан да төменгі жақтарыңнан да келген еді. Көздерің алайып, жүректерің ауызға келген еді. Сондай-ақ Аллаға байланысты әр түрлі ойлар ойланған еді. (10) Міне сол арада мүміндер сыналып, қатты теңселген еді. (11) Сол уақытта Мұнафиқтармен жүректерінде дерті болғандар: "Бізге Алла да Елшісі де алдап қана уәде берген екен" деді. (12) Сол уақытта олардан бір бөлімі: "Әй Мединеліктер! Енді сендерге тұруға болмайды. Дереву қайтындар" десе, олардың тағы бір бөлімі, Пайғамбардан: "Үйлеріміз иен еді" деп, рұхсат сұрайды. Негізінде олар (үйлері) иен емес, олар қашуды ғана ойлайды. (13) Егер оларға әр тараптан кіріліп, сосын өздерінен пітіне талап етілсе, әрине кешіктірмей-ақ белсене кірісер еді. (14) Негізінде бұрыннан қайта қашпауға Аллаға уәде берген. Аллаға берген уәдесіне жауапкер. (15)

(Мұхаммед F.C.) оларға: "Егер өлімнен немесе өлтіруден қашсаңдар, сендерге еш пайда бермейді. Қашқан уақытта да аз-ақ пайдаланасыңдар" де. (16) "Егер Алла сендерге бір жамандық қаласа немесе жақсылық қаласа, сендерді Алладан қорғайтын кім?",- де. Негізінде олар, өздеріне Алладан өзге бір дос не бір көмекші таба алмайды. (17) Әрине Алла, сендерден (соғысқа шығуға) кедергі болғандарды да туыстарына: "Бізге келіңдер" деушілерді де біледі. Олардың өте азы ғана соғысқа қатынасады. (18) Сендерге(келсе де) тым сараң. Ал қашан бір хауіп төнсе, олардың саған, өздерін өлім есірігі басып бара жатқандай көздері төңкеріліп қарағаның көресің. Сонда хауіп-қатер кетсе, қылған хайырларына іштері ашып, сендерге өткір тілдерін тигізеді.. (100-С. 8-А.) Міне осылар иман келтірмегендер. Сондықтан Алла, олардың ғамалдарын жойды. Бұл Аллаға оңай. (19) Олар руларды (жауларды) кетпеді деп, ойлады. Егер ол рулар келсе, өздері сахарадағы бәдеуилердің ішінде




болып, сендердің хабарларыңды сұрап тұруды көксейді. Егер олар іштерінде болса да өте аз соғысады. (20) Расында сендер үшін, Алланы да ахирет күнін де үміт еткендер және Алланы көп еске алған кісілер үшін; Алланың Елшісінде көркем өнегелер бар. (21) Мүміндер жау топтарын көрген сәтте: "Міне бізге Алланың да Елшісінің де уәде еткен нәрсесі. Алла да Елшісі де рас айтқан" десті. Сондай-ақ олардың сенімдерін, бой ұсынуларын одан ары арттыра түсті. (22)




Мүміндерден, Аллаға деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін есте ауыстырмады. (23) Алла шыншылдарды шыншылдықтарыменен сыйлар. Ал мұнафықтарды қаласа, азаптайды да немесе оларға тәубе нәсіп етеді. Күдіксіз Алла, өте жарылқаушы, тым мейірімді. (24) Алла ол көпірлерді долданған бойларынша қайтарады. Олар игілікке жете

алмады. Алла соғыста мүміндерге жетіп асады. Алла аса күшті, тым үстем. (Бұрынғы тоқтамды бұзып, бұл соғыста жауға болысқан Яғуди Құрайза тайпасының бекіністері қоршалып, кейі өлтіріліп, кейі тұтқынға алынады. Б.Ж.М.К.) (25) Алла (Т.) кітап иелерінен жауға болысқандарды бекіністерінен түсірді. Сондай-ақ олардың жүректеріне үрей салды. Бір бөлімін өлтіріп, бір бөлімін тұтқынға алып жаттыңдар. (26) Олардың жерлеріне, үйлеріне, малдарына және сендер аяқ баспаған жерге сендерді мұрагер қылды. Әр нәрсеге Алланың толық күші жетеді. (Бұл аяқ баспаған жерден мақсат; Иран, Рүм т.б. қияметке дейін алынатын мемлекеттер. Б.Ж.М.Р.Х.) (27) Әй Пайғамбар! Жұбайларыңа: "Дүние тіршілігін оның сәнін көкесендер, дереу келіңдер, сендерге бір нәрселер беріп, көркем түрде ажыратайын" де. (28) "Егер Алланы, Елшісін және ахирет жұртын қаласаңдар, әрине Алла сендерден жақсылық істегендерге зор сыйлық дайындайды." (29) Әй Пайғамбардың әйелдері! Сендерден біреу ашық бір ұятсыздық істесе, оның азабы екі есе артырылады. Бұл Аллаға оңай. (30)

Сендерден кім Аллаға, Пайғамбарына бой ұсынып, ізгі іс істесе, оған да екі есе сыйлық береміз. Сондай-ақ оған мол несібе береміз. (31) Әй Пайғамбардың әйелдері! Сендер әйелдерден әлде біреу сияқты емессіңдер. Егер тақуалық қылсаңдар, қылымсып сөйлемендер. Онда жүрегінде дерті бар әлде кім дәмеленеді. Әдеттегі сөзді сөйлеңдер. (32) Үйлерінде отырыңдар, кәдімгі надандық дәурінше ашылмаңдар. Сондай-ақ намазды орындап, зекет беріп, Аллаға, Пайғамбарына бағыныңдар. Әй Пайғамбардың үй-іші! Шын мәнінде Алла сендерден арамдықты аулақ қылып, өздеріңді тап-таза қылуды қалайды. (33) Үйлерінде оқылған Алланың аяттары мен хикметтерін еске алыңдар. Шәксіз Алла (Т.) өте жұмсақ, толық білуші. (34) Сөз жоқ, Мұсылман ерлер және Мұсылман әйелдер, мүмін ерлер




және мүмін әйелдер, бой ұсынушы ерлер және бой ұсынушы әйелдер, шыншыл ерлер және шыншыл әйелдер, сабырлы ерлер және сабырлы әйелдер, ықыласты ерлер және ықыласты әйелдер, садақа беруші ерлер және садақа беруші әйелдер, ораза ұстаушы ерлер және ораза ұстаушы әйелдер, ұятты жерлерін қорғаушы ерлер және әйелдер, Алланы көп зікір етуші ерлер және әйелдер; Алла (Т.) бұлар үшін жарылқау және ірі сыйлық әзірледі. (35)



Алла (Т.) және Елшісі, қашан бір іске үкім берсе, мүмін ер және мүмін әйел үшін олардың істерінде ерікті болуларына болмайды. Сондай-ақ кім Аллаға, Елшісіне қарсы келсе, сонда рас ашық адасқан болады. (Жахыш қызы Зейнеп Мұхаммед Ғ.С. ның әкесімен туысқан апайының қызы еді. Ал Харис ұлы Зейіт құлдықтан азат еткен асыранды ұлы еді. Пайғамбар Ғ.С. Зейнепті Зейітпен үйлендіргенде, Зейнеп те жақындары да қаламаған еді.

Аралары жараса алмай Зейіт Пайғамбар Ғ.С. ға келіп, айрылатындығын айтады. К.Х.А.Ж.Қ.Т-Қ.) (36) (Мұхаммед Ғ.С.) сол уақытта өзіне Алла да бақ берген, сен де бақ берген Зейітке: "Жұбайыңды ажыратпа, Алладан қорық!",- деуде едін; Алланың жариялайтын нәрсесін көңліңде жасыруда едің. Адамдардан қорқасың. Негізінде қорқуға Алла лайық. Сонда одан Зейіттің жұмысы біткен (ажыраған) кезде оны саған некелендірдік; мүміндерге, асырандыларынан босаған әйелдерді алуда бір кінә болмауы үшін. Алланың әмірі орындалады. (37) Пайғамбарға Алланың оған парыз еткен нәрсесінде оған айып жоқ. Бұрынғы өткендерге де Алланың жолы осы еді. Алланың әмірі тұжырымды бір үкім. (38) Сондай пайғамбарлар, Алланың нұсқауларын жалғастырып, Одан қорқады да Алладан басқа ешбіреуден қорықпайды. Алла есеп көруде жетіп асады. (39) Мұхаммед (Ғ.С.) сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Алланың Елшісі және пайғамбарлардың соңы. Алла әр нәрсені толық білуші. (40) Әй мүміндер! Алланы өте көп зікір етіңдер. (41) Оны ертелі-кеш пәктеңдер. (42) Ол сондай Алла, сендерді қараңғылықтардан жарыққа шығу үшін өзі рахмет қылып, періштелері дұға қылады. Сондай-ақ мүміндерге ерекше мейірімді. (43)

Олар Аллаға жолыққан күні амандары, "сәлем" болады. Және оларға қымбатты сыйлық әзірледі. (44) Әй Пайғамбар! Сөз жоқ, сені бір куә әрі қуантушы, ескертуші етіп, жібердік. (45) Алла жаққа, Оның нұсқауымен шақырушы бір нұрлы шырақ түрінде жібердік. (46) (Мұхаммед F.C.) мүміндерді рас оларға Алладан, ірі игілік барлығын шүйіншіле. (47) Кәпірлер мен мұнафықтарға бой ұсынба. Олардың жәбір-жапаларын елеме. Аллаға тәуекел ет. Алла кепілдікте жетеді. (48) Әй мүміндер! Егер мүмін әйелдерді; некеленіп, оларға қосылмай тұрып ажыратсаңдар, сонда оларға сендердің санайтын бір мерзімдерің болмайды. (Ғиддат күтпей-ақ үйлене беруіне болады.) Онда олардың мәер хақтарын беріп, көркем түрде ажыратыңдар. (Егер мәер белгіленген болса, жартысы, болмаса азды-көпті бір нәрсе беріледі. 2-С. 236-237-А.) (49) Әй Пайғамбар! Расында саған мәерлерін берген жұбайларыңды, Алла саған нәсіп етіп, иелігінде болған күндерді, сенімен бірге көшіп келген әкеңмен туысқан



ерлердің, әкеңмен туысқан әйелдердің, шешеңмен туысқан ерлердің әрі шешеңмен туысқан әйелдердің қыздарын халал қылдық. Сондай-ақ егер мүмін бір әйел өзін Пайғамбарға бағыштаса; Пайғамбар оны некеленгісі келсе, бұны; өзге мүміндерден ерекше саған халал еттік. Мұсылмандарға жұбайлары, қол астарындағы күндері хаққында нені парыз еткенімізді білдік; Саған тарлық болмауы үшін. Алла, аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (50)

سُورَةُ الْاِحْتِسَابِ الْحَمْدُ لِلّٰهِ الَّذِي

الْحَمْدُ لِلّٰهِ
الْحَمْدُ لِلّٰهِ
الْحَمْدُ لِلّٰهِ
الْحَمْدُ لِلّٰهِ


تُرْجَى مِنْ نَشَأِهِمْ نَبْئُهُمْ وَيُنْفِخُ فِي الْكَافِرِينَ مِنْ أَمْشِرِهِمْ
مَتَرًا مَوَسِيخًا فَلَا يَجْنَحُ عَلَيْكَ ذَلِكَ أَدْنَى أَنْ تَقْرَأَ عِيسَى
وَلَا يَحْزَنُكَ وَيَرْضَى بِمَا آتَيْتَهُنَّ كُلَّهُنَّ وَاللَّهُ يَعْلَمُ
مَا فِي قُلُوبِكُمْ وَكَانَ اللَّهُ عَلِيمًا حَلِيمًا ﴿٥١﴾ لَا يَجْعَلُ لَكَ
الْإِنْسَاءَ مِنْ بَعْدِ وَلَا أَنْ تَبَدَّلَ مِنْ أَنْزَلِجَ وَلَوْ أَعْجَبَكَ
حُسْنُهُنَّ إِلَّا مَا مَلَكَتْ يَمِينُكَ وَكَانَ اللَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ وَرَفِيمًا
﴿٥٢﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَدْخُلُوا بُيُوتَ النَّبِيِّ إِلَّا أَنْ
يُؤْذَنَ لَكُمْ إِلَى طَعَامٍ غَيْرٍ نَبْطِينَ إِنَّهُ وَلَكِنْ إِذَا دُعِيتُمْ
فَادْخُلُوا فَإِذَا طَعِمْتُمْ فَانْتَشِرُوا وَلَا مُسْتَسِينِينَ لِحَدِيثٍ إِنَّ
ذَلِكَ كَانَ يُؤْذَى النَّبِيَّ فَيَسْتَعِجِبُ مِنْكُمْ وَاللَّهُ لَا
يَسْتَعِجِبُ مِنَ الْحَقِّ وَإِذَا سَأَلْتُمُوهُنَّ مَتَاعًا فَاسْأَلُوهُنَّ مِنْ
وَرَاءِ حِجَابٍ ذَلِكُمْ أَطْهَرُ لِقُلُوبِكُمْ وَقُلُوبِهِنَّ وَمَا كَانَ
لَكُمْ أَنْ تُؤْذُوا رَسُولَ اللَّهِ وَلَا أَنْ تُنْكِرُوا آيَاتِهِ
مِنْ بَعْدِهِ أُولَئِكَ إِنْ ذَلِكُمْ كَانَ عِنْدَ اللَّهِ عَظِيمًا ﴿٥٣﴾ إِنْ
تُبَدَّوْا شَيْئًا أَوْ تَخَفَوْهُ فَإِنَّ اللَّهَ كَانَتْ يَكُلُّ شَيْءًا عَالِمًا ﴿٥٤﴾

٤٢٥

басқа әйел алуыңа) болмайды. Бірақ қол астындағы күндер бір сәрі. Алла барлық нәрсені бақылаушы. (52) Әй мүміндер! Пайғамбардың үйлеріне сендерге рұхсат берілмейінше кірмеңдер де тамақтың пысуын күтпеңдер. Бірақ қашан шақырылсаңдар; кіріңдер де тамақ жеген кезде, дереу тарқандар, сөзге айналмаңдар. Расында бұлардың Пайғамбарды қынжылтады әрі сендерден ұялады. Бірақ Алла (Т.) шындықтан ұялмайды. егер Пайғамбар (Ғ.С.) дың жұбайларынан бір нәрсе сұрасаңдар, далданың артынан сұраңдар; бұлардың, сендердің де олардың да жүректерінің тазалығы. Сондай-ақ сендердің Алланың Елшісін қынжылтуларыңа және одан кейін жұбайларымен әсте некеленулеріңе болмайды. Сондай істеулерің Алла қасында зор күнә. (53) Бір нәрсені әшкерелесеңдер де жасырсаңдар да әрине Алла (Т.) әр нәрсені толық біледі. (54)

(Мұхаммед Ғ.С.) жұбайларыңнан кімді кейін қалдырып, қалағаныңды жаныңа аласың. Бөлек қойғандарыңнан біреуін қаласаң да саған бір кінә жоқ. Бұл олардың кезайым болып, кейімеулеріне және оларға берген нәрсенде түгел разы болуларына тағы жақын. Алла жүректеріңдегіні біледі. Алла (Т.) толық білуші, тым жұмсақ. (51) Саған бұдан кейін әйелдер халал емес, сұлулықтары қызықтырса да. Жұбайларыңнан ауыстыруыңа; (бұлардан бірін ажыратып, орнына

(Пайғамбар F.C. ның) жұбайларына; әкелері, ұлдары, туыстары, олардың ұлдары, қыз туыстарының ұлдары, Мұсылман әйелдер және қол астарындағы күндері жайында бір айып жоқ. (Бұларға көрінулеріне болады.) (Әй әйелдер!) Алладан қорқыңдар! Алла (Т.) әр нәрсені көреді. (55) Расында Алла, Пайғамбарға рахмет етеді. Және періштелер салауат айтады. Әй мүміндер! Оған салауат және ықыласпен сәлем келтіріңдер. (56) Расында Аллаға, Елшісіне ренш бергендер, соларға диние, ахиретте Алла қарғыс беріп, оларға қорлаушы азап дайындады. (57) Сондай мүмін ер, мүмін әйелдерді жазықсыз кейіткендер, әрине олар; жала жауып, ашық күнә жүктеп алды. (58) Әй Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және мүмін әйелдерге айт: "Үстеріне бүркеншіктерін орансын. Бұл,



олардың танылуларына, сондай-ақ кейітілмеулеріне жақынырақ. Алла (Т.) аса жарылқаушы, тым мейірімді. (59) Егер мұнафықтар, жүректерінде дерті болғандар және қалада уайымды өсек тарқатқандар тыйылмаса, әрине сені оларға үстем етеміз. Сосын олар қалада саған аз заман көрші бола алады. (60) Олар қарғысқа ұшырап, қайдан табылса да ұсталып, өлтіріледі. (61) Алланың бұрынғы өткендерге жолы осы. Алланың жолынан әсте ауыс-күйіс таба алмайсың. (62)

سُورَةُ الْأَنْعَامِ

الْمَائِدَةُ

يَسْأَلُكَ النَّاسُ عَنِ السَّاعَةِ قُلْ إِنَّمَا عِلْمُهَا عِنْدَ اللَّهِ وَمَا يُدْرِيكَ
 لَعَلَّ السَّاعَةَ تَكُونُ قَرِيبًا ﴿٦٣﴾ إِنَّ اللَّهَ لَعَنَ الْكٰفِرِينَ وَأَعَدَّ
 لَهُمْ سَعِيرًا ﴿٦٤﴾ خٰلِدِينَ فِيهَا أَلَا يَجِدُونَ وَلِيًّا وَلَا نَصِيرًا
 ﴿٦٥﴾ يَوْمَ تَقَلَّبُ وُجُوهُهُمْ فِي النَّارِ يَقُولُونَ يَا لَيْتَنَا أَطَعْنَا اللَّهَ
 وَأَطَعْنَا الرَّسُولَ ﴿٦٦﴾ وَقَالُوا رَبَّنَا إِنَّا أَطَعْنَا سَادَتَنَا وَكِبَرَاءَنَا
 فَأَضَلُّونَا السَّبِيلًا ﴿٦٧﴾ رَبَّنَا آتِنَا مِن مِّنَ الْعَذَابِ
 وَالْعَنَتِمْ لَعْنَا كَبِيرًا ﴿٦٨﴾ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا لَا تَكُونُوا كَالَّذِينَ
 ءَادَوْا مُوسَىٰ فَبَرَأَهُ اللَّهُ مِمَّا قَالُوا وَكَانَ عِنْدَ اللَّهِ وَجِيهًا ﴿٦٩﴾
 يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ وَفُولُوا قَوْلًا سَدِيدًا ﴿٧٠﴾ يُضْلِحْ
 لَكُمْ أَعْمَالَكُمْ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ وَمَنْ يُطِيعِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ
 فَقَدْ فَازَ فَوْزًا عَظِيمًا ﴿٧١﴾ إِنَّا عَرَضْنَا الْأَمَانَةَ عَلَى السَّمَوَاتِ
 وَالْأَرْضِ وَالْجِبَالِ فَأَبَيْنَ أَن يَحْمِلْنَهَا وَأَشْفَقْنَ مِنْهَا وَحَمَلَهَا
 الْإِنْسَانُ إِنَّهُ كَانَ ظَلُومًا جَهُولًا ﴿٧٢﴾ لِيُعَذِّبَ اللَّهُ الْمُنَافِقِينَ
 وَالْمُنَافِقَاتِ وَالْمُشْرِكِينَ وَالْمُشْرِكَاتِ وَيَتُوبَ اللَّهُ
 عَلَى الْمُؤْمِنِينَ وَالْمُؤْمِنَاتِ وَكَانَ اللَّهُ غَفُورًا رَّحِيمًا ﴿٧٣﴾


٤٢٧

(Мұхаммед F.C.) адамдар сенен қиямет мерзімінен сұрайды. Оларға: "Оның білімі Алланың қасында; қайдан білесің, мүмкін мерзімі жақын шығар" де. (63) Расында Алла кәпірлерге лағынет етті. Және оларға жалындаған тозақты әзірледі. (64) Олар онда мәңгі қалады. Не дос не көмекші таба алмайды. (65) Олардың беттері от ішінде аударылатын күні: "Әттең! Бізге не болды? Аллаға бой ұсынып, Елшісіне көнген болсақ еді" дейді. (66) "Раббымыз! Басшыларымызға,

үлкендерімізге бой ұсындық та бізді солар адастырды" дейді. (67) "Раббымыз! Оларға азаптан екі есе бер. Және оларды рахметіңнен мүлде аулақ қыл." (68) Әй мүміндер! Сендер де Мұса (F.C.) ны ренжіткендер сияқты болмаңдар. Бірақ оны Алла, олардың айтқандарынан ақтады. Ол, Алланың қасында беделді еді. (69) Әй мүміндер! Алладан қорқыңдар да дұрыс сөз сөйлеңдер. (70) Алла істеріңді оңалтып, күнеларыңды жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаға, Елшісіне бой ұсынса, әрине ол; ұлы табысқа ие болады. (71) Рас аманатты, (дінді. Ж-Қ.Ж.М.К.Р.Х.) көктер мен жерге және тауларға ұсындық; сонда олар оны жүктелуден бас тартып, одан қорықты. Оны адам баласы жүктелді. Өйткені ол, өте залым, тым білімсіз... (72) Нәтижеде Алла мұнафық ерлер мен әйелдерді және мүшрік ерлермен әйелдерді азапқа салады да мүмін ерлер мен әйелдердің тәубесін қабыл етеді. Алла (T.) аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (73)

34-СӘБӘ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Елу төрт аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Көктер мен жерде болған нәрселер; өзіне тән болған Аллаға, барлық мақтау лайық. Әрі ахиреттегі мақтау да Оған лайық. Ол, хикмет иесі, толық хабар алушы. (1) Ол, жерге кіргенді, одан шықанды әрі көкге шыққанды, одан түскенді біледі. Ол, тым мейірімді, аса жарылқаушы. (2) Қарсы болғандар: "Бізге қиямет келмейді" деді. (Мұхаммед F.C.): "Олай емес, көместі білетін Раббыма ант етемін! Әлбетте сендерге ол мезгіл келеді. Көктердегі, жердегі тозаңның түйірінің салмағындай нәрсе Одан тасаланбайды. Сондай-ақ одан үлкені де кішкенесі де белгілі бір Кітапта жазулы" де (3) (Ол күні) иман келтіріп, ізгі іс істегендерге сыйлық берілуі үшін. Міне солар үшін; жарылқау, көркем несібе бар.



(4) Ал аяттарымыз жайында оны күшінен қалдыруға тырысқандар, міне соларға жаман бейнетті азап бар. (5) Өздеріне білім берілгендердің, саған Раббыңнан түсірілгеннің хақ екендігіне және мақтаулы, үстем Алланың жолына салатындығына көздері жетеді. (6) Сондай қарсы болғандар, (өзара): "Қашан сендер бөлшектеліп, тозаңға айналғаннан кейін, шын жаңадан жаратылатындарыңнан сендерге хабар беретін адамды көрсетейік бе?",- деседі. (7)

سُبْحَانَكَ

الْحَمْدُ لِلَّهِ الْعَلِيِّ الْكَبِيرِ

أَفَرَأَى عَلَى اللَّهِ كَذِبًا أَمْ بِهِ جِنَّةٌ بَلَى الَّذِينَ لَا يُؤْمِنُونَ بِالْآخِرَةِ
 فِي الْعَذَابِ وَالضَّلَالِ الْبَعِيدِ ﴿٨﴾ أَفَلَمْ يَرَوْا إِلَى مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ
 وَمَا خَلْفَهُمْ مِنْ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ إِنَّ نَشْأَ خَسِيفٌ بِهِمْ
 الْأَرْضُ أَوْ تُسْقِطُ عَلَيْهِمْ كِسْفًا مِنَ السَّمَاءِ إِنْ فِي ذَلِكَ
 لَآيَةٌ لِكُلِّ عَبْدٍ مُنِيبٍ ﴿٩﴾ وَلَقَدْ آتَيْنَا دَاوُدَ مِنَّا مَقْضِيًا
 يُنَبِّئُ أَهْلَ الْبَلَدِ وَالطَّيْرِ وَالنَّاسِ وَالْحَيَّةِ ﴿١٠﴾ أَنْ أَعْمَلْ
 سَبِيغَتٍ وَقَدِّرْ فِي السَّرْدِ وَاعْمَلُوا صَالِحًا إِنِّي بِمَا تَعْمَلُونَ
 بَصِيرٌ ﴿١١﴾ وَسُلَيْمَانَ الرِّيحَ عُدُوهُمَا شَهْرًا وَوَحَا شَهْرًا
 وَاسْلُتْنَا لَهُ عَيْنَ الطَّيْرِ وَمِنَ الْجِنِّ مَنْ يَعْمَلُ بَيْنَ يَدَيْهِ بِإِذْنِ
 رَبِّهِ وَمَنْ يَزِغْ مِنْهُمْ عَنْ أَمْرِنَا لَذِقْهُ مِنْ عَذَابِ السَّعِيرِ ﴿١٢﴾
 يَعْمَلُونَ لَهُ مَا يَشَاءُ مِنْ مَحْدِيبٍ وَيَنْشِيلُ جِجَارًا كَالْحِجَابِ
 وَقُدُورًا رَاسِيًا أَعْمَلُوا أَلْ دَاوُدَ شُكْرًا وَقَلِيلٌ مِّنْ عِبَادِيَ
 الشَّكُورِ ﴿١٣﴾ فَلَمَّا قَضَيْنَا عَلَيْهِ الْمَوْتَ مَا دَلَّهُمْ عَلَى مَوْتِهِ
 إِلَّا دَابَّةُ الْأَرْضِ تَأْكُلُ مِن سِنَانِهِ فَلَمَّا خرَّتْ تَبَّتْ الْجِئِ
 أَنْ لَوْ كَانُوا يَعْلَمُونَ الْعَجَبُ مَا لَبِثُوا فِي الْعَذَابِ الْمُهِينِ ﴿١٤﴾


عَنْ
الْحَرَبِ
١٣

٤٢٩

жұмсағтық; (21-С. 79-А.) (Дәуіт Ғ.С. ның мұғжизалары; ол тәсбих айтқанда, таулар, құштар ән қосып, қолында; қара темір жұмсап, одан аспаптар жасайды. Б.Ж.К.М.Р.) (10) "Кең сауыттар жаса, оны тоқығанда мөлшерле. Оң істендер. Әрине не істегендеріңді толық көрушімін." (11) Сүлеймен (Ғ.С.) ге де ерте кетуі бір айлық, кешке қайтуы бір айлық (жол алатын) желдерді бағындырдық. Ол үшін еріген мыстан бұлақ ағыздық. Я, Раббының бұйрығымен оның алдында жұмыс істейтін жындарды да бағындырдық. Олардан кім әмірімізден тайса, оған жалындаған азаптан таттырамыз. (12) Олар, Сүлеймен (Ғ.С.) нін қалауынша, құрылыстар, мүсіндер, көлдей ыдыстар және орнатылған қазандар жасайтын еді. "Ей Дәуіт (Ғ.С.) тің үй-іші! Шүкірлік етіндер!" Құлдарымнан шүкір етуші аз. (13) Біз оның (Сүлеймен Ғ.С. нің) өліміне үкім берген заманда, жындарға оның өлімін; оның таяғын жеген бір жердің құрты ғана көрсетті. Сонда ол жығылған сәтте, жындарға аян болды. Егер жындар, көместі білген болса еді, олар, ауыр машақатта қалмас еді. (Сүлеймен Ғ.С. Месжид Ақсаны жындарға салғызып жатқанда; өлсе де таяғына сүйеніп тұрғандықтан жындар, білмей істей беріп; таяғын құрт жеп жығылғанда бір-ақ біледі. Б.Ж.М.К.) (14)

"Ол, Аллаға байланысты өтірік жала қоя ма? Немесе оның жындылығы бар ма?" Жоқ олай емес. Ахиретке сенбегендер, азапта және ұзақ адасуда. (8) Олар, көктен және жерден алды-артындағы нәрселерді көрмей ме? Егер қаласақ, оларды жерге жұтқызамыз не үстеріне көктен кесектер түсіреміз. Рас мұнда Аллаға берілген әр құл үшін ғибрат бар. (9) Расында Дәуіт (Ғ.С.) ке өз жанымыздан ізгілік бердік: "Әй таулар, құстар! Онымен бірге үн қосыңдар" (дедік.) Және оған темірді

Расында Сәбә елдерінің қоныстарында бір ғибрат бар. Оңнан, солдан екі бақша (бар еді. Оларға): "Раббыларыңның несібесін жеңдер де Оған шүкір етіндер. Бір көркем қала, Раббыларың да аса жарылқаушы" (делінді.) (27-С. 22-А.) (15) Олар бас тартты. Сондықтан оларға күшті сел жібердік те ол бакшаларын ащы мәуелі, жыңғылды бір азғантай жеміс ағашы бар; екі бақшаға айналдыдық. (16) Өстіп оларды нәсукірліктері себепті жазаландырдық. Қарсы келгендерді ғана жазаландырамыз. (17) Оларменен сондай біз берекет берген кенттер арасында көрініп тұрған ауылдар бар. Онда кезілегін жер белгіледік: Ол жерде күндіз-түні аман-есен кезіңдер." (Бұлар, Шам мен Йеменнің арасындағы ауылдар. Бірақ олар бұған қанағат қылмады.) (Б.Ж.М.) (18) Сонда олар: "Раббымыз! Сапарларымыздың араларын ұзақтастыр!", - деп, өздеріне кесірлері тиді. Сонда оларды аңызға айналдырып, быт-шыт қылып, мүлде тозғындыққа ұшыраттық. Сөз жоқ, бұнда әр сабыр етуші, шүкір етушілерге үлгі бар. (19) Расында оларға деген Ібілістің ойы шынға




шығып, бір-ақ топ мүміндерден басқасы саған ілесті. (20) Негізінде Ібілістің оларға ешбір ықпалы жоқ еді. Бірақ ақиретке сенген кісімен, одан күдікте болғанды ажырату үшін ғана. Раббың әр нәрсені қорғаушы. (21) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Алладан өзге, көктерде де жерде де тозаңның салмағындай түкке ие бола алмайтын, екеуінде де бір ортақтығы жоқ. Сондай-ақ Аллаға олардың ешбіреуі көмекші де емес. Тәңір деп ойлағандарыңды шақырыңдар" де. (22)

وَلَا تَنْفَعُ الشَّفَعَةُ عِنْدَهُ إِلَّا لِمَنْ أِذِنَ لَهُ. حَتَّىٰ إِذَا فُزِعَ عَن
 قُلُوبِهِمْ قَالُوا مَاذَا قَالَ رَبُّكُمْ قَالُوا الْحَقُّ وَهُوَ الْعَلِيُّ الْكَبِيرُ
 ﴿٢٣﴾ قُلْ مَنْ يَرْزُقُكُمْ مِنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ قُلْ اللَّهُ
 وَإِنِّي آوِيَاكُمْ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ ﴿٢٤﴾ قُلْ
 لَا تَسْأَلُونَ عَمَّا أُخْرِجْنَا وَلَا تَسْأَلُونَ عَمَّا نَعْمَلُونَ ﴿٢٥﴾ قُلْ
 يَجْمَعُ بَيْنَنَا رَبَّنَا ثُمَّ يَفْتَحُ بَيْنَنَا بِالْحَقِّ وَهُوَ الْفَتَّاحُ الْعَلِيمُ
 ﴿٢٦﴾ قُلْ أَرَأَيْتُمُ الَّذِينَ أَحْقَمْتُم بِهٖ شُرَكَاءَ كَلَّابٍ هُوَ اللَّهُ
 الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ ﴿٢٧﴾ وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا كَفَّةً لِّلنَّاسِ
 بَشِيرًا وَنَذِيرًا وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٢٨﴾
 وَيَقُولُونَ مَتَىٰ هَٰذَا الْوَعْدُ إِن كُنتُمْ صَادِقِينَ ﴿٢٩﴾
 قُلْ لَكُمْ مِيعَادٌ يَوْمَ لَا تَسْتَعْرِفُونَ عَنْهُ سَاعَةً وَلَا تَسْتَعِدُّونَ
 ﴿٣٠﴾ وَقَالَ الَّذِينَ كَفَرُوا لَنْ نُؤْمِنَ بِهَٰذَا الْقُرْآنِ وَلَا
 بِالَّذِي بَيْنَ يَدَيْهِ وَلَوْ تَرَىٰ إِذِ الظَّالِمُونَ مَوْقُوفُونَ عِنْدَ
 رَبِّهِمْ يَرْجِعُ بَعْضُهُمْ إِلَىٰ بَعْضٍ الْقَوْلَ يَقُولُ الَّذِينَ
 اسْتَضَعُوا لِلَّذِينَ اسْتَكْبَرُوا إِنَّا لَنَأْتِيَنَّكُمْ لَكُم مَّوْمِنِينَ ﴿٣١﴾

Алланың қасында, рұхсат берілген біреуден басқаның шапағаты пайда бермейді. Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, өзара: "Раббың не айтты?",- десе: "Хақты айтты" деседі. Ол Алла, аса жоғары, тым үлкен. (23) (Мұхаммед Ғ.С.) олардан: "Сендерге көктерден және жерден кім несібе береді?",- деп сұра да: "Алла" де. Негізінде біз немесе сендер әлбетте тура жолда не ашық адасудамыз. (24) Оларға: "Біздің кесірімізден сендер сұралмайсыңдар да сендердің

істегендеріңнен біз сұралмаймыз" де. (25) Оларға: "Раббымыз арамзды қосып, сосын арамзға шындықпен үкім етеді. Ол, қара қылды қақ жарған, аса білгіш" де. (26) "Оған ортақтар етіп, қосқандарыңды маған көрсетіңдерші. Әсте мүмкін емес. Әрине Ол Алла, өте үстем, аса дана" де. (27) Сені біртұтас адам баласына қуандырушы, қорқытушы етіп қана жібердік. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді. (28) Олар: "Егер шыншыл болсаңдар, осы құқайлаған уәделерің қашан?",- дейді. (29) (Мұхаммед Ғ.С.): "Сендерге уәде етілген бір күн бар. Одан бір сәтке кейін қалмайсыңдар да ілгері кете алмайсыңдар" де. (30) Сондай қарсы келгендер: "Біз әсте бұл Құранға сенбейміз әрі бұның алдындағы (кітап) ларға да сенбейміз" деді. Ол залымдарды, Раббыларының хұзырында тұрғызылып, бір-бірлеріне сөз қайтарып тұрғанда бір көрсең: Езілгендер; өздерін ірі санағандарға: "Сендер болмасаңдар, иман келтіретін едік" дейді. (31)

Өздерін ірі санағандар, езілгендерге: "Сендерге тура жол келгеннен кейін, сендерге біз бөгет болдық па? Керісінше өздерің күнәкар едіңдер" дер. (32) Езілгендер, өздерін ірі санағандарға: "Күндіз-түні кулықпен, Аллаға қарсы келуімізді, Оған теңеулер жасауымызды әмір етуші едіңдер" дер. Сондай-ақ азапты көрген кезде, ішінен өкінеді; қарсы келгендердің мойындарына боғаулар жасадық. Оларға істегендерінің ғана жазасы беріледі. (33) Бір кентке ескертуші жіберген болсақ, әсіресе олардың байлары: "Рас сендер арқылы жіберілген нәрселерге қарсымыз" деді. (34) Сондай-ақ олар: "Біздер, көп малдар, балаларға иеміз. Сондықтан да азапқа душар болмаймыз" деді. (35) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Сөз жоқ, Раббым әлде кімге тілесе, несібесін кеңітіп, тарайтады; бірақ адамдардың көбі түсінбейді" де. (36) Малдарың да балаларың да сендерді жанымызға жақындастырмайды. Бірақ кім иман келтіріп, оң іс



істесе, міне соларға істегендерінің салдарынан неше есе сыйлық бар. Сондай-ақ олар аман-есен жоғары орындарда болады. (37) Сондай-ақ аяттарымызды күшінен қалдыруға тырысқандарға келсек, міне солар; азапқа душар болатындар. (38) (Мұхаммед Ғ.С.): "Рас Раббым, несібені құлдарынан кімге қаласа; кеңітеді де оған өлшеп-тамап та береді. Тиісті орынға бір нәрсе жұмсаңдар, сонда Алла, тағы есесін береді. Ол, ризық берушілердің ең жақсысы" де. (39)

وَيَوْمَ نَحْشُهُمْ جَمَاعًا يَجْعَلُونَ لِكُلِّ أَهْوَاءٍ بَيْنَهُمْ كَانُوا
 يَعْبُدُونَ ﴿٤٠﴾ قَالُوا سُبْحٰنَكَ أَنْتَ وَلَيْسَ مِن دُونِهِمْ بَلْ كَانُوا
 يَعْبُدُونَ الْجِنَّ أَكْثَرَهُمْ بِهِمْ مُؤْمِنُونَ ﴿٤١﴾ قَالُوا لِمَ لَمْ يَأْتِكُمْ
 بَعْضُ الْمَلٰٓئِكَةِ بِبَعْضِ نَفْعٍ أَوْ آذَانٍ أَوْ يُنذِرُكُمْ أَيُّهَا الْعٰدِیْنَ
 النَّارِ الَّتِي كُنتُمْ بِهَا تَكْفُرُونَ ﴿٤٢﴾ وَإِنَّا نَتْلُو عَلَيْكُمْ آيٰتِنَا بِتِلْكَ
 الْقُلُومِ اٰمَّا هٰذَا اِلَّا رَجُلٌ يُرِيْدُ اَنْ يُّصَدِّقَكُمْ عَمَّا كَانَ يَعْبُدُ اٰبَاؤَكُمْ
 وَقَالُوا مَا هٰذَا اِلَّا اِنْفَاكٌ مُّفْتَرٰی وَقَالَ الَّذِيْنَ كَفَرُوْا لَلْحَقِّ لَمَّا
 جَاءَهُمْ اِنْ هٰذَا اِلَّا سِحْرٌ مُّبِيْنٌ ﴿٤٣﴾ وَمَا اَنْتُمْ بِمُنذِرِيْنَ
 يَدْرُسُوْنَهَا وَمَا اَرْسَلْنَا اِلَيْهِمْ قَبْلَكَ مِنْ نَّذِيْرٍ ﴿٤٤﴾ وَكَذٰبِ
 الَّذِيْنَ مِنْ قَبْلِهِمْ وَمَا يَلْفَعُوْا مِعْشَارَ مَا اَنْتُمْ بِمُكْفِرُوْا بِسُلٰٓمٍ
 فَكَيْفَ كَانَ نَكِيْرٍ ﴿٤٥﴾ قُلْ اِنَّمَا اَعْطٰكُمْ بِرِجْحٍ اِنْ
 تَقُوْا لِلّٰهِ شٰكِرِيْنَ وَفَرَّدٰی ثُمَّ تَنَفَكَّرُوْا مَا بِصٰحِبِكُمْ
 مِنْ جِنَّةٍ اِنْ هُوَ اِلَّا نَذِيْرٌ لِّكُمْ بَيْنَ يَدَيْ عَذَابٍ شَدِيْدٍ ﴿٤٦﴾
 قُلْ مَا سَاَلْتُكُمْ مِنْ اَجْرِ فِهٰوْلَكُمْ اِنْ اَجْرِيْ اِلَّا عَلٰی اللّٰهِ وَهُوَ عَلٰی
 كُلِّ شَيْءٍ شٰهِدٌ ﴿٤٧﴾ قُلْ اِنْ رِزْقِيْ يَدْفَعُ بِالْحَقِّ عَلٰمُ الْعٰیُوْبِ ﴿٤٨﴾


олар: "Бұл адам, сендерді аталарың табынған нәрселерден тыжуды ғана қалайды" деді. Және: "Бұл Құран, жасанды бір өтіріктен басқа дәннең емес" деді. Сондай-ақ өздеріне келген шындыққа қарсы болғандар: "Бұл ашық бір жады ғана" деді. (43) Оларға оқитын бір кітап бермедік те өздеріне сенен бұрын бір ескертуші жібермедік. (Олар дәлелсіз қасары суда.) (44) Олардан бұрынғылар да жасынға шығарған еді. Бұлар, оларға бергеніміздің оннан біріне де жеткен жоқ. Сонда да олар, елшілерімді жасынға шығарды. Менің соққым қалай екен? (45) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Шын мәнінде сендерге бір үгіт беремін; Алла үшін екі-екіден, бір-бірден тұрыңдар да сосын ойланыңдар. Жолдастарыңда бір жындылық жоқ. Ол, сендер үшін келетін қатты азапты алдын ала ескертуші ғана" де. (46) Оларға: "Сендерден ақы тілемедім. Ол сендердікі болсын. Менің ақым Аллаға ғана тән. Ол әр нәрсеге куә" де. (47) Оларға: "Негізінде шындықты Раббым ортаға атады. Ол, көместерді толық білуші" де. (48)

Ол күні, Алла оларды тұтас жинайды. Сосын періштелерге: "Осылар, сендерге табынушы ма еді?",- деп сұрайды. (25-С. 17-А.) (40) (Періштелер): "Сен пәксің! Біздің иеміз олар емес, Сенсің. Бәлкім олар жынға табынатын еді. Олардың көбі соларға сенуші еді" дейді. (41) Бүгін бір-бірлеріңе пайда, зиян тигізу күшіне ие емессіңдер. Залымдарға: "Жасынға айналдырған тозақтың азабын татыңдар" дейміз. (42) Оларға түсінікті аяттарымыз оқылған кезде,


(Мұхаммед F.C.) оларға: "Шындық келді. Енді бұзықтық бастамайды да қайтып келмейді" де. (49) "Егер адассам, шын мәнінде адасуым өз зияныма болады. Ал егер тура жолда болсам, сонда ол, Раббымның уахи еткенімен болады. Күдіксіз Ол, толық естуші, аса жақын" де. (50) Олардың үрейленіп қашар жер жоқ, жақын жерден ұсталғанын бір көрсен. (51) "Оған иман келтірдік" дейді, олар; бірақ ұзақ жерден олардың қолдарына қалайша келеді? (52) Расында олар, оған бұрын қарсы келген еді. Олар ұзақ жерден көрмей сілтейді. (53) Олармен олардың қалаған нәрселерінің арасына кедергі түседі. Бұрын ұқсастарына да сөйтілген еді. Сөз жоқ, олар шәк ішінде күдіктенуші. (54)

35-ФАТЫР СҮРЕСІ

"Меккеде түскен. Қырқ бес аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Көктерді және жерді жасаған сондай-ақ екі, үш және төрт қанатты періштелерді елші қылған




Алла (Т.) ға барлық мақтау лайық. Ол, жаратуда қалағанын арттырады. Күдіксіз Алланың әр нәрсеге толық күші жетуші. (1) Алла (Т.) ның адам баласына берген мәрхаметін тосушы жоқ. Алланың тосқан нәрсесін артынан жіберуші жоқ. Ол аса үстем, тым хикмет иесі. (2) Әй адам баласы! Алла сендерге берген ырысын еске алыңдар: Сендерге көктен, жерден несібе беретін бір жаратушы бар ма? Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Сонда қалай тентіреп, бара жатырсыңдар? (3)




болғандар, оларға қатты азап бар. Ал иман келтіріп, оң іс істегендер, олар үшін жарылқау әрі ірі сыйлық бар. (7) Сондай жаман ісі өзіне әдемі көрсетіліп, оны жақсы көрген біреу (жақсымен тең бе?) Алла қалағанын адастырып, қалағанын тура жолға салады. Ендеше (Мұхаммед F.C.) оларға қайғырып, өзіңді жойма. Әрине Алла, олардың қылған істерін толық біледі. (8) Ол сондай Алла, желдерді жіберіп, сонда ол; бұлты қозғап, оны өлі бір жерге айдаймыз. Және жаңбыр арқылы жансыз қалған жерді қайта жандандырамыз. Өліктің тірілуі де осы сияқты. (9) Кім күрмет көкесе, негізінде бүкіл кәдір-құрмет Аллаға тән. Көркем сөз Алла жаққа шығады. Сондай-ақ жақсы ғамал оны көтереді. (Көркем сөз: Иман, сенім. Жақсы ғамал: Сенім бойынша істеген құлшылық. Екеуі бір-бірін көтереді. Бірінсіз-бірі қабылданбайды. Б.М.К.Р.Х.) Ал сондай жамандықтың тәсілін істегендер, олар үшін қатты азап бар. Олардың тәсілдері ол, өзінен-өзі жоқ болады. (10) Алла (Т.) сендерді топырақтан сосын мәниден жаратып, кейін сендерді жұп-жұп қылды. Ешбір ұрғашы Алланың білімінен тыс жүкті болмайды да тумады. Алланың Кітабында жазылған өмір ұзартылмайды да қысқартылмайды. Әрине бұл Аллаға оңай. (11)

(Мұхаммед F.C.) олар сені жасынға шығарса, расында сенен бұрынғы елшілер де жасынға шығарылған еді. Барлық іс Аллаға қайтады. (4) Әй адам баласы! Сөз жоқ, Алланың уәдесі хақ. Ендеше дүние тіршілігі сендерді есте алдамасын. Сондай-ақ аса алдағыш та сендерді Алла туралы алдамасын. (5) Шәксіз сендерге шайтан дұшпан. Сондықтан сендер де оны дұшпан тұтыңдар. Шын мәнінде шайтан өз тобын тозақтықтардан болуға шақырады. (6) Сондай қарсы

Екі теңіз тең емес: Бұл тәтті шөл қандырады; ішілуі сүйкімді. Ол, тұзды ащы. Әрбірінен жас ет (балық) жейсіңдер әрі тағатын сәндік-бұйымдар (інжу-маржан) шығарасындар. Сондай-ақ Алланың кеңшілігінен несібе іздеу үшін; кеменің теңізде суды жарып бара жатқанын көресің. Әрине шүкір етерсіңдер. (12) Ол Алла, түнді күндізге кигізіп, күндізді де түнге кигізеді. Сондай-ақ ай мен күнді игерді. Бәрі де белгілі бір мерзімге дейін жүріп тұрады. Біртұтас осылар, Раббыларың Алланыкі. Иелік Соған тән. Одан өзге табынғандарың бір ұрық қабығына да ие емес. (13) Егер оларға жалбарынсаңдар, дауыстарыңды естімейді. Мұбада олар естісе де сендерге жауап қайтара алмайды. Сондай-ақ қиямет күні олар сендердің ортақ қосқандықтарыңнан танады. Толық хабар беруші Алладай саған ешкім түсіндірмейді. (14) Әй адам баласы! Аллаға мұхтажсыңдар. Алла (Т.) Ол, әр нәрседен мұңсыз, өте мақтаулы.




(15) Қаласа сендерді жоқ етеді де жаңа ел әкеле алады. (16) Я, бұл Аллаға қиын емес. (17) Ешбір күнәкар, басқаның күнәсын көтермейді. Күнәсы ауыр болған біреу көтеруге шақырса, егер жақыны болса да олан еш нәрсе жүктелмейді. (Мұхаммед F.C.) шын мәнінде Раббыларынан көрмей-ақ қорыққандарды, намазды орындағандарды ғана үгіттей аласың. Ал кім күнәдан тазарса, өзі үшін тазарады. Және барар жері Алла жақ. (18)



Соқыр мен көруші тең емес. (Көпір мен Мұсылман, надан мен ғалым. Ж.М.) (19) Қараңғылық пен жарық тең емес. (Шындық пен өтірік. Б.) (20) Көлеңке мен ыстық тең емес. (Жаннатпен тозақ. Ж.М.) (21) Тірілер мен өліктер тең емес. Рас Алла (Т.) әлде кімді қаласа, естіртеді. (Мұхаммед F.C.) сен, қабырлардағы біреулерге естірте алмайсың. (Қарсылықта қасарысқандар, қабырлардағы өліктерге теңеліп отыр. Б.Ж.М.Р.) (22) Сен, бір ескертуші ғанасың. (23) Сөз жоқ,

сені шындықпен қуантушы, қорқытушы етіп жібердік. Негізінде бір ескертуші болмаған бір үммет жоқ. (24) Егер сені жасынға шығарса, расында бұлардан бұрын мұғжизалар, нұсқаулар және нұрландырушы Кітап келтірген пайғамбарларды да жасынға шығарған. (25) Сосын қарсы келгендерді қолға алдым. Сонда соққым қалай екен! (26) Шын Алланың көктен жаңбыр жаудырғанын көрмейсің бе? Сонда онымен түрлі-түсті жемістер шығардық. Сондай-ақ таулардан да ақ, қызыл әрі қап-қара түрлі-түсті жолақтарды көрмейсің бе? (27) Адамдардан, құрт-құмырсқа және ірі жәндіктерден түрлі-түстегілер осындай. Шын мәнінде құлдарынан ғалымдары; Алладан қорқады. Рас Алла өте үстем, аса жарылқаушы (28) Әрине Алланың Кітабын оқып, намазды толық орындағандар және өздеріне берген несібемізден көрнеу, көмес түрде тиісті орынға жұмсағандар, еш түгемейтін бір сауда (сауап) үміт ете алады. (29) Өйткені Алла, олардың сыйлықтарын толық беріп, әрі өз кеңшілігінен артылып береді. Әрине Ол, өте жарылқаушы, аса қадыр білуші. (30)

(Мұхаммед F.C.) сондай саған біз уахи еткен Құран, ол хақ. Алдыңғыны растаушы. Әрине Алла, құлдарынан анық хабар алушы, тым қырағы. (31) Сосын ол Кітапты құлдарымыздан таңдағанымызға мұра қылдық. (Бұлар; сахабалар, оған ергендер, тіпті қияметке дейінгі ғалымдар. Б.М.К.Р.) Және олардан әлде кім өзіне кесір тигізеді де кейі ортада болады. Ал тағы біреулері, Алланың бұйырығынша жақсылықтарға ілгерлеуші болады. Міне осы, ұлы мәрхамет. (32) Олар, ғадын жаннаттарына кіреді. Онда алтын және інжу білезіктермен безенеді де олардың онда киімдері жібектен болады. (33) Олар: "Барлық мақтау бізден қайғыны жойған Алла (Т.) ға лайық. Әрине Раббымыз аса жарылқаушы, қадыр білуші" дейді. (34) "Ол өз кеңшілігінен бізді тұрақты орынға орналастырды. Бізге бұл жерде шаршау да жалығу да болмайды" (деп бата қылады.) (35) Ал енді қарсы келушілер үшін тозақ оты бар. Оларға өлім үкімі берілмейді.



Олардан азап жеңітіпмейді. Әрбір қарсы келушілерді өстіп жазалаймыз. (36) Олар тозақта: "Бізді тозақтан шығар! Істеген ғамалдарымыздан басқа жақсы ғамал істейік" деп шыңғырады. "Сендерге; үгіт алғысы келген кісі, үгіт алатын өмір бермедік пе? Әрі сендерге ескертуші де келген еді. Енді татыңдар Залымдар үшін ешбір көмекші жоқ" (делінеді.) (37) Әрине Алла (Т.) көктер мен жердің көмесін біледі. Шәксіз Ол, көңілдердегіні де біледі. (38)

سُبْحَانَكَ

الْحَمْدُ لِلَّهِ الْعَلِيِّ

هُوَ الَّذِي جَعَلَ كَرْمَ خَلْتَيْ فِي الْأَرْضِ فَمَنْ كَفَرَ فَعَلَيْهِ كُفْرُهُ وَلَا
 يَزِيدُ الْكَافِرِينَ كُفْرَهُمْ إِلَّا عَذَابَ اللَّهِ لَمَّا قَالُوا لَا مَقْنَا وَلَا يَزِيدُ الْكَافِرِينَ
 كُفْرَهُمْ إِلَّا خَسَارًا ﴿٤٠﴾ قُلْ أَرَأَيْتُمْ شُرَكَاءَ كُمُ الَّذِينَ نَدَّعُونَ مِنْ
 دُونِ اللَّهِ أَرُونِي مَاذَا خَلَقُوا مِنَ الْأَرْضِ أَمْ لَهُمْ شِرْكٌ فِي السَّمَوَاتِ
 أَمْ أَمَّا آتَيْنَهُمْ كِتَابًا فَهُمْ عَلَى بَيِّنَةٍ مِنْهُ بَلْ إِنَّمَا نَعِدُ الظَّالِمِينَ
 بَعْضَهُمْ بِبَعْضٍ إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا ﴿٤١﴾ إِنَّ اللَّهَ يُمْسِكُ السَّمَوَاتِ
 وَالْأَرْضَ أَنْ تَزُولَا وَلَئِن زَالَتَا إِنْ أَمْسَكَهُمَا مِنْ أَحَدٍ مِنْ بَعْدِهِ
 إِنَّهُ كَانَ حَلِيمًا غَفُورًا ﴿٤٢﴾ وَأَقْسَمُوا بِاللَّهِ جَهْدَ أَيْمَانِهِمْ لَئِنْ
 جَاءَهُمْ نَذِيرٌ لَيَكُونُنَّ أَهْدَى مِنْ إِحْدَى الْأُمَمِ فَلَمَّا جَاءَهُمْ نَذِيرٌ
 مَا زَادَهُمْ إِلَّا تَفُورًا ﴿٤٣﴾ أَسْمَتُ كِبَارًا فِي الْأَرْضِ وَمَكْرُ السِّنِيِّ
 وَلَا يَحِيقُ الْمَكْرُ السِّنِيُّ إِلَّا بِأَهْلِيهِ فَهَلْ يَنْظُرُونَ إِلَّا أَسْنَتَ
 الْأَرْلَيْنِ فَلَنْ يَجِدَ لِسْنَتَ اللَّهِ تَبْدِيلًا وَلَنْ يَجِدَ لِسْنَتَ اللَّهِ تَحْوِيلًا
 ﴿٤٤﴾ أَوَلَمْ يَسِيرُوا فِي الْأَرْضِ فَيَنْظُرُوا كَيْفَ كَانَ عَاقِبَةُ الَّذِينَ مِنْ
 قَبْلِهِمْ وَكَانُوا أَشَدَّ مِنْهُمْ قُوَّةً وَمَا كَانَ اللَّهُ لِيُعْجِزَهُ مِنْ شَيْءٍ
 فِي السَّمَوَاتِ وَلَا فِي الْأَرْضِ إِنَّهُ كَانَ عَلِيمًا قَدِيرًا ﴿٤٥﴾

٤٣٩


ме? Жоқ олай емес. Залымдар бірін-бірі алдауды ғана уәде етеді" де. (40) Рас Алла (Т.) көктер мен жерді бұулжытпай ұстайды. Мүбада екеуіне бір зауал болса, Одан кейін оны ешкім ұстап тұра алмайды. Шәксіз Ол, тым жұмсақ, аса жарылқаушы (41) Олар, өздеріне ескертуші келсе, әлде бір үмметтен көрі тағы туралықта болатындықтарына Аллаға шынымен ант қылған. Бірақ, оларға ескертуші келген заман, олардың жиренулерін ғана қоздырды. (6-С. 26-А.) (42) Олар жер жүзінде паңсып жаман тәсіл жасады. Негізінде айлакерліктің кесірі иесіне ғана болады. Олар, бұрынғылардың жолынан басқаны күте ме? (Олардың басына келгенді ғана күтеді.) Алланың жолынан есте бір өзгеріс таба алмайсың да Алланың жолынан бір бұрылыс көре алмайсың. (43) Олар, жер жүзінде кезбей ме? Сонда олар, өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын көрер еді. Тіпті олардың күші, бұлардан артық еді. Көктердегі және жердегі нәрселер Алланы осалдата алмайды. Шексіз Ол, толық білуші, аса күшті. (44)

Ол сондай Алла сендерді жер жүзінде орынбасар қылды. Сонда кім қарсы келсе, қарсылығының обалы өзіне. Қарсы болушылардың қарсылығы Раббыларының ызазынан басқаны арттырмайды әрі қарсы болушылардың қарсылы зиянды ғана арттырады. (39) (Мұхаммед F.C.): "Алладан басқа табынған ортақтарыңды көрдіңдер ме? Маған көрсетіңдерші. Олар, жер жүзінде не жаратты? Немесе олардың көктерде бір одақтығы бар ма? Не Біз оларға кітап беріп, олар бір дәлел үстінде


Егер Алла (Т.) адам баласын қылықтары себепті қолға алатын болса, жер жүзінде ешбір жәндік қалдырмас еді. Бірақ оларды белгілі бір мерзімге дейін кешіктірді. Қашан олардың мезгілі жетсе, сонда Алла құлдарын толық көреді. (45)

36-ЯСІН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, сексен үш аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) Терең сырлы Құранға серт. (2) (Мұхаммед F.C.) шәксіз сен анық елшілерденсің. (3) Тура жолдасың. (4) Өте үстем, ерекше мейірімді Алла түсірген (Құран жолы.) (5) Аталары ескертілмей өздері кәперсіз қалған елге ескертуің үшін. (6) Расында олардың көбі зиянына берілген қаулыға лайық болды. Сондықтан олар иман келтірмейді. (2-С. 7-А.) (7) Рас олардың мойындарына боғаулар салдық. Сонда ол. иектеріне дейін; сондықтан олардың бастары кекжиіп қалған. (Бұл бір мысал: Қасарысып, шындыққа бас иемейді. Ж.) (8) Олардың арттарынан да бөгет алдарынан да бөгет жасап, көздерін қаптадық. Олар көрмейді. (9) (Мұхаммед F.C.) Оларға ескертсең де ескертпесең де бәрі бір. Олар иман келтірмейді. (10) Шын мәнінде сен, үгітте еріп, Рахманды көрмей-ақ




қорыққан кісілерге ескерте аласың. Ал оларды жарылқау және құрметті сыйлықпен қуант! (11) Рас Біз өліктерді тірілтеміз. Сондай-ақ олардың ілгері жіберген, кейін қалдырған нәрселерін жазамыз. Әр нәрсені ашық бір Кітапта түгендеп қойдық. (Адамның; үйретілген ғылым, жаряланған кітап және жасалған хайыр құрылыстарының сауабы немесе қалдырған жаман өнегелерінің күнәсы; өлгеннен кейін де ғамал дәптеріне жазылып, отырады. Б.М.К.Р.) (12)



(Мұхаммед Ғ.С.) оларға, елшілер келген кент халқын мысал көрсет: (Антақя кенті. Ғиса Ғ.С. ның елшілері. Б.Ж.М.) (13) Оларға екі елші жібердік. Сонда олар екеуін жасынға шығарды. Үшінші елшімен қуаттадық. Сонда елшілер: "Рас сендерге елшіміз" деді. (14) (Кент халқы): "Сендер біз сияқты ғана адамсыңдар. Сендерге Рахман, еш нәрсе жіберген жоқ. Сендер мүлде өтірік айтасыңдар" деді. (15) (Елшілер): "Раббымыз біледі. Расында сендерге елшіміз." (16)

"Бізге ашық түрде жалғастыру ғана міндет" деді. (17) Олар: "Расында сендер себепті сәтсіздікке ұшырадық. Егер айтқандарыңнан қайтпасаңдар, әлбетте сендерді таспен атқылаймыз. Сондай-ақ сөзсіз сендер бізден жан түршігерлік қинау көресіңдер" деді. (18) (Елшілер): "Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге. (Өз қылықтарыңнан.) Бөрілген үгітті ырым қыласыңдар ма? Олай емес. Сендер шектен шыққан елсіңдер" деді. (19) Қаланың шетінен біреу жүгіріп келіп: "Әй қаумым! Елшілерге ілесіңдер" деді. (20) "Сендерден ақы сұрамайтын кісілерге еріндер. Олар тура жолда." (21) "Өзімді жаратқанға неге құлшылық қылмаймын? Және сендер де Соған қайтарыласыңдар." (22) "Одан өзге тәңірлер етіп алайын ба? Мүбада Алла маған зиян келтіргісі келсе, Олардың қолдаулары маған ешбір пайда бермейді де олар мені құтқара алмайды." (23) "Сөз жоқ, онда мен ашық адасуда боламын." (24) "Күдіксіз Раббыларыңа иман келтірдім. Енді маған құлақ салыңдар" (дегендігі үшін елі таспен атып өлтіреді. Б.Ж.К.М.Р.) (25) "Жаннатқа кір" делінді де ол: "Әттең! Елім білген болса еді;" (26) "Раббымның мені жарылқап, ардақтылардан еткенін" деді. (27)

Одан кейін оның еліне, көктен бір әскер түсірмедік әрі түсіруші де емеспіз. (28) Ол бір ғана дауыс еді. Сонда олар сөніп, жоқ болды. (29) Өздеріне келген елшіні ұдайы мазақ қылған құлдарға нендей өкініш! (30) Олардан бұрын қаншалаған нәсілдерді жоқ еткенімізді; олардың бұларға қайтып келмейтінін көрмей ме? (31) Біртұтас барлығы алдымызға жиналады. (32) Оларға өлі жер; бір белгі. Оны жандандырып, одан дән шығарамыз да сонда олар одан жейді. (33) Сондай-ақ онда құрмалардан, жүзімдерден бақшалар қылып, онда бастаулар ағыздық. (34) Оның жаратқан өнімінен әрі өздері қолекі істеген нәрселерінен жесін. Сонда да шүкір қылмай ма? (35) Сондай пәк Алла, барлық нәрсені жүп-жүбімен жаратты. Мейлі ол жердің өсірген нәрселерінен болсын, мейлі өздері өндірген және тағы



білмегендерінен болсын. (36) Оларға түн бір белгі. Одан күндізді ажыратамыз. Сонда олар, қараңғылықта қалады. (37) Сондай-ақ күн белгіленген көлемінде жүреді. Міне осы аса үстем, әр нәрсені білуші Алланың өлшеуі. (38) Тағы айдың орындарында өлшеп қойдық. Ескі құрманың құраған бұтағындай болғанға дейін. (39) Күннің айға жетуі мүмкін емес. Және түнде күндізден ілгерлемейді. Әрбірі көкте жүзеді (40)

سُورَاتِ

الْحَقِّ وَالْحَقِّ

وَآيَةٌ لَهُمْ أَنَّا حَمَلْنَا ذُرِّيَّتَهُمْ فِي الْفَلَكِ الْمَشْحُونِ ﴿٤١﴾ وَخَلَقْنَا
 لَهُمْ مِنْ مِثْلِهِ مَا يَرْكَبُونَ ﴿٤٢﴾ وَإِنْ نَشَاءُ نَغْرِقْهُمْ فَلَاصِرٌ لَهُمْ
 وَلَا هُمْ يُنْقَدُونَ ﴿٤٣﴾ الْآرْحَمَةُ مِنَّا وَمَتَعْنَا إِلَىٰ حِينٍ ﴿٤٤﴾ وَإِذَا
 قِيلَ لَهُمْ اتَّقُوا مَا بَيْنَ أَيْدِيكُمْ وَمَا خَلْفَكُمْ لَعَلَّكُمْ تُرْحَمُونَ ﴿٤٥﴾
 وَمَا تَأْتِيهِمْ مِنْ آيَةٍ مِنْ آيَاتِ رَبِّهِمْ إِلَّا كَانُوا عَنْهَا مُعْرِضِينَ
 ﴿٤٦﴾ وَإِذْ قِيلَ لَهُمْ أَنْفِقُوا مِمَّا رَزَقْنَاكُمْ اللَّهُ قَالَ الَّذِينَ كَفَرُوا
 لِلَّذِينَ آمَنُوا اطَّعِمُوهُمْ لَوْ نَشَاءُ اللَّهُ لَطَعَمْنَاهُمْ إِنْ أُنْتَبِهُوا إِلَّا فِي
 ضَلَالٍ مُبِينٍ ﴿٤٧﴾ وَيَقُولُونَ مَتَىٰ هَذَا الْوَعْدُ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ
 ﴿٤٨﴾ مَا يَنْظُرُونَ إِلَّا صَيْحَةً وَاحِدَةً تَأْخُذُهُمْ وَهُمْ يَخِصِّمُونَ
 ﴿٤٩﴾ فَلَا يَسْتَطِيعُونَ نَوْصَةَ وَلَا إِلَىٰ أَهْلِهِمْ يَرْجِعُونَ ﴿٥٠﴾
 وَيُنْفِخُ فِي الصُّورِ فَإِذَا هُمْ مِنَ الْأَجْدَاثِ إِلَىٰ رَبِّهِمْ يَنْسِلُونَ
 ﴿٥١﴾ قَالُوا أُنزِلْنَا مِنْ بَعْضِنَا مِنْ مَرْقَدًا هَذَا مَا وَعَدَ الرَّحْمَنُ
 وَصَدَقَ الْمُرْسَلُونَ ﴿٥٢﴾ إِنْ كَانَتْ إِلَّا صَيْحَةً
 وَاحِدَةً فَإِذَا هُمْ جَمِيعٌ لَدُنَّا مُحْضَرُونَ ﴿٥٣﴾ فَالْيَوْمَ لَا تَنْظَلُمُ
 نَفْسٌ شَيْئًا وَلَا تَجْزَوْنَ إِلَّا مَا كُنْتُمْ تَعْمَلُونَ ﴿٥٤﴾


سُورَاتِ
الْحَقِّ وَالْحَقِّ

٤٤٣

бөлөнөсүңдөр" делінсе; (45) Сондай-ақ оларға Раббыларының белгілерінен бір белгі келсе-ақ олар одан жалтарады. (46) Қашан оларға: "Алланың сендерге берген несібесінен тиісті орынға жұмсаңдар" делінсе, сондай қарсы болғандар: "Алла қаласа, тамақтандыратын біреулерді біз тамақтандырамыз ба? Сендер мүлде адасқансыңдар" деді. (47) Олар: "Егер шын айтсаңдар, бұл құқайларың қашан?" дейді. (48) Олар таласып тұрғанда, оларды қолға алатын бір-ақ ащы дауыс күтіп тұрады. (49) Сонда олар өсиет айталмайды да үйлеріне де қайта алмайды. (50) Сүр үрілсе, сонда олар қабырларынан Раббыларына жүгіреді: (51) "Әттең-ай, бізді жатқан жерімізден кім тұрғызды?",- дейді. "Міне мейірімді Алланың уәдесі. Пайғамбар да шын айтқан" (делінеді.) (52) Бір ғана айғай болады да сонда тұтас алдымызға әзір болады. (53) Ал енді бүгін ешкімге зұлымдық етілмейді. Сондай-ақ істегендеріңнің ғана бодауын көресіңдер. (54)

Олардың нәсілдерін толы кемеді (Нұх кемесінде) тасуымыз, олар үшін бір белгі (Б.Ж.К.М.) (41) Әрі олар үшін сол сияқтыдан мінетін көліктер жаратуымыз (да бір белгі.) (42) Қаласақ, оларды суға батырамыз. Сонда оларға болысушы да жоқ, олар құтқарылмайды да. (43) Бірақ Біздің тарапымыздан бір мәрхамет және бір мерзімге дейін пайдалану болады. (44) Қашан оларға: "Алдарыңдағы және арттарыңдағы жағдайлардан сақтаныңдар. Әрине мәрхаметке

Расында жаннаттықтар, ол күні зауықты шұғылдануда болады. (55) Олар да жұбайлары да көлеңкелердегі дивандарға жастанған түрде болады. (56) Олар үшін онда жемістер және өздеріне не тілегендері бар. (57) Ерекше мейірімді Раббыларынан оларға: "Сәлем" сөзі болады. (58) "Әй күнәкарлар! Бүгін араны ашыңдар!" (59) Әй адам баласы! Сендерге: "Шайтанға табынбаңдар. Әрине ол, өздеріңе ашық дұшпан" деп, серт бермедім бе? (60) "Маған құлшылық қылыңдар. Тура жол осы!" (61) Расында ол, сендерден көптеген топты адастырды. Сонда да түсінбейсіңдер ме? (62) Сендерге уәде етілген тозақ осы. (63) Қарсы келулерің себепті бүгін оған кіріңдер. (64) (Олар қылмыстарынан танғандықтан. Б.Ж.М.К.Р) Ол күні олардың ауыздарын мөрлейміз. Бізге олардың қолдары сөйлеп, не істегендеріне аяқтары айғақ болады. (24-С. 24-А. 41-С. 20-А) (65) Мүбада қаласақ, олардың көздерін мүлде соқыр қылар едік те сонда олар жол



іздесе, қайтып көрер еді? (66) Егер қаласақ, олардың мекендерінде әлбетте бейнелерін өзгертер едік. Сонда олар ілгері де кейін де кете алмас еді. (67) Әлде кімге өмір берсек, жаратылыста оны қайта бастырамыз. Олар түсінбей ме? (16-С. 70-А. 30-С. 54-А.) (68) (Мұхаммед F.C. ға) өлең үйретпедік әрі оған ол, лайық емес. Ол, бір үгіт және ашық Құран ғана: (26-С. 224-А.) (69) Тірі кісілерге ескерту, қарсы болғандарға байланысты сөз шынға шығу үшін. (70)

سُورَةُ الْاِنشَاءِ

الْحَمْدُ لِلّٰهِ الَّذِي

اَوْلٰىرَبْرَا اَنَّا خَلَقْنَا لَهُمْ مِمَّا عَمِلَتْ اَيْدِيْنَا اَنْعَمًا فَهُمْ لَهَا
 مَلِكُوْنَ ﴿٧٦﴾ وَذَلَّلْنَاهَا لَهُمْ فَمِنْهَا رَكُوبُهُمْ وَمِنْهَا يَأْكُلُوْنَ ﴿٧٦﴾
 وَهُمْ فِيهَا مَتَّعِمْ وَمَسَارِبٌ اَفَلَا يَشْكُرُوْنَ ﴿٧٧﴾ وَاتَّخَذُوا
 مِنْ دُوْنِ اللّٰهِ اِلَهَةً لَّعَلَّهُمْ يَنْصُرُوْنَ ﴿٧٨﴾ لَا يَسْتَطِيعُوْنَ
 نَصْرَهُمْ وَهُمْ لَهُمْ جُنْدٌ مُّحْضَرُوْنَ ﴿٧٩﴾ فَلَا يَحْزُنُكَ قَوْلُهُمْ
 اِنَّا نَعْلَمُ مَا يَسْكُرُوْنَ وَمَا يَعلِنُوْنَ ﴿٨٠﴾ اَوْلٰىرَبْرَا الْاِنْسَانُ اَنَّا
 خَلَقْنَاهُ مِنْ نُّطْفَةٍ فَاِذَا هُوَ خَصِيْمٌ مُّبِيْنٌ ﴿٨١﴾ وَصَرَبْنَا
 مَثَلًا وَلَيْسَ خَلْقَهُ قَالَ مَنْ يُعْجِبُ الْعَظْمُ وَهِيَ رَمِيْمٌ ﴿٨٢﴾
 قُلْ يُحْيِيهَا الَّذِي اَنْشَاَهَا اَوَّلَ مَرَّةٍ وَهُوَ بِكُلِّ خَلْقٍ عَلِيْمٌ ﴿٨٣﴾
 الَّذِي جَعَلَ لَكَ مِنَ الشَّجَرِ الْاَخْضَرِ نَارًا فَاِذَا اَنْشَرْتَهُ
 مِنْهُ تُوقِدُوْنَ ﴿٨٤﴾ اَوَلَيْسَ الَّذِي خَلَقَ السَّمٰوٰتِ وَالْاَرْضَ
 بِقَدِيْرٍ عَلِيْقٌ اَنْ يَخْلُقَ مِثْلَهُمْ بَلَىٰ وَهُوَ الْخَلْقُ الْعَلِيْمُ ﴿٨٥﴾
 اِنَّمَا اَمْرُهُ اِذَا اَرَادَ شَيْئًا اَنْ يَقُوْلَ لَهُ كُنْ فَيَكُوْنُ ﴿٨٦﴾
 فَسَبِّحْنِ الَّذِي يَبْدُوْهُ مَلَكُوْتُ كُلِّ شَيْءٍ وَّالَّذِي تَرْجَعُوْنَ
 اِلَيْهِ

سُوْرَةُ الْاِنشَاءِ


۴۴۵

(75) (Мұхаммед Ғ.С.) олардың сөздері сөні кейітпесін. Әрине Біз олардың көрнеулерін де көместерін де білеміз. (76) Адам баласы өздерін бір тамшы судан жаратқанымызды көрмей ме? Сонда да ашық қиқарлық істейді. (77) Олар өз жаратылысын ұмытып, Бізге мысал берді: "Міне шіріген сүйектерді кім тірілтеді?",- деді. (78) (Мұхаммед Ғ.С.): "Оны, сондай алғаш жаратқан тірілтеді. Ол, барлық жаратылысты біледі" де. (79) Ол сондай Алла, сендерге жасыл ағаштан от жаратты. Сол уақытта сендер оны жағасындар. (Марых, Гафар деп аталатын екі жасыл ағаш. Бір-біріне үйкелсе жанады. Б.Ж.М.К.Р.) (80) Сондай көктер мен жерді жаратқан Алла, олар сияқтыны жаратуға күші жетпей ме? Әлбетте күші жетеді. Ол, әр нәрсені жаратушы, толық білуші. (81) Шын мәнінде Ол, бір істің болуын қаласа, Оның бұйырығы оған "бол" деу, сонда ол бола қалады. (82) Барлық нәрсенің билігі қолында болған әрі сендер Соған қайтарылатын Алла; кемшіліктен пәк. (83)


Олар үшін рас құдыретімізпен хайуандарды жаратқанымызды көрмей ме? Сондай-ақ өздері оларға иелік етеді. (71) Малды, оларға бойсұндырдық. Олар кейіне мінеді, кейінің етін жейді. (72) Олар үшін малдарда түрлі пайдалар, сусындар бар. Сонда олар шүкірлік қылмай ма? (16-С. 80-А) (73) Олар Алладан өзге тәңірлер жасап алып, олардан көмек көретіндіктерін үміт етеді. (74) Олар (бұттар), оларға көмек ете алмайды. Олардың өздері ол бұттарды қорғау үшін әзір әскер.

37-САФФАТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жүз сексен екі аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Сап-сап тұрушы (періштелерге) серт, (1) Айдаған сайын айдаушы (періштелерге) серт, (2) Үгіт оқушы (періштелерге) серт. (Алладан басқамен ант ету дұрыс емес. Бірақ, Алла тарапынан басқаға ант етілуі; ант еткен нәрселерде; ант етілген нәрселерге қуәлік бар деген ұғымды береді. Т-Қ) (3) Тәңірлерің біреу. (4) Көктер мен жердің әрі араларындағылардың және шығыс жақтардың Раббы. (70-С. 40-А.) (5) Рас дүние көгін жұлдыздармен безедік. (6) Бүкіл шектен шыққан шайтаннан қорғадық. (7) Олар, жоғарғы әлемді тыңдай алмайды. Олар, әр тараптан атылады. (8) Қуылған түрде олар үшін ұдайы азап бар. (9) Алайда әлде біреу бір сөз үрлайтын болса, оны өткір бір жалын қуалайды. (10) Енді олардан сұра: "Оларды жарату қиын ба? Басқа жаратқандарымыз қиын ба? Шын мәнінде оларды (адам баласын) бір жабысқақ балшықтан жараттық. (11) (Мұхаммед Ғ.С.) Әрине (Бұл жаратылысқа) таңырқадың, олар мазақтайды. (12) Қашан оларға ескертілсе де олар ескермейді. (13) Бір мұғжиза көрсе, олар тәлкек қылады. (14) "Бұл мүлде ашық жады" деседі. (15) "Біз өліп топырақ және сүйектер болған кезде, рас тірілтілеміз бе?" (16) "Әуелгі




аталарымыз да ма?,- дер. (17) "Әрине сендер қор боп тірілесіңдер" де. (18) Шын мәнінде ол бір үрейлі дауыс. Сонда олар қарап қалады. (19) "Әттеген-ай! Бұл есеп күні екен ғой!,- деседі. (20) "Бұл сендер жасынға шығарған билік күні!" (21) "Жинаңдар! Ол залымдарды да сыбайластарын да олардың табынғандарын да:" (22) "Алладан өзге. Оларға тозақтың жолын көрсетіңдер;" (23) "Оларды тоқтатыңдар. Өйткені олар сұраққа тартылады" (делінеді.) (24)




аздырған едік. Рас өзіміз де азғын едік." (32) Ал рас сол күні, олар азапқа ортақ болады. (33) Сөз жоқ, күнәкарларға солайша істейміз. (34) Расында оларға: "Алладан басқа ешбір тәңір жоқ" делінген кезде, менменсіген еді. (35) Олар: "Жынды бір ақын үшін рас тәңірлерімізді тастайық па?,- десті. (36) Әрине ол, шындықты әкелген әрі елшілерді мойындаған еді. (37) Сөз жоқ, сендер күйзелтуші азапты татасындар. (38) Сендер істегендеріңнің ғана сазаын тартасындар. (39) Бірақ Алланың ықыласты құлдары бір сәрі. (40) Міне бұлар үшін белгілі бір несібе бар. (41) (Түрлі) жемістер де. Олар құрметке бөленеді: (42) Нығымет бақшаларында, (43) Дивандардың үстінде ерсілі-қарсылы болады. (44) Оларға қайнаған көзден кәселер айналдырыла ұсынылады. (45) Ішушілер үшін аппақ, тәтті. (46) Ол бас ауыртпайды да әрі мас қылмайды. (47) Олардың қасында телмірген ботакөздер бар. (48) Рас олар жарылмаған жұмыртқадай. (49) Олар қарама-қарсы отырып, сұрасады. (50) Олардан бір айтушы: "Расында бір ағайынмы бар еді" дейді. (51)

Оларға: "Бір-бірлеріңе неге болыспайсындар?,- (делінеді.) (25) Әрине бүгін олар еріксіз бой ұсынғандар. (26) Олар бір-біріне қарсы сұрақ қойсады. (27) (Олар бастықтарына): "Сендер бізге оң жақтан келуші едіңдер" дейді (28) Олар: "Олай емес, өздерің сенбеуші едіңдер" дейді. (29) "Өйткені, сендерге бір өктемдігіміз жоқ еді. Әрине өздерің азғын ел едіңдер." (30) "Раббымыздың бізге деген сөзі шынға шықты. Біз расында дәмін татамыз." (31) "Сонда сендерді

(О л , маған): "Шын-ақ растаушылардансың ба?",- дейді. (52) "Өліп, топырақ және сүйек болсақ та жазаландырыламыз ба?" (53) (деп қасындағыларға): "Оны көргілерің келе ме?",- дейді. (54) Сонда өзі қарап оны тозақтың ортасында көреді де: (55) "Аллаға ант етемін! Мені де жоқ ете жаздадың" дейді. (56) "Егер Раббымның игілігі болмаса еді, әрине мен де тозаққа келтірілгендерден болар едім." (57) "Біз өлмейміз бе?" (58) "Алғашқы өліміміз ғана. Біз азапқа да душар болмайыз." (59) Сөз жоқ, бұл (жаннат) ірі қол жетушілік. (Бұл сөздерді жаннаттықтар айтады. Ж.Б.М.К.) (60) Ғамал қылуға тиісті. (61) Осы қонақ асы жақсы ма? Не заққұм ағашы жақсы ма? (Заққұм; тозақтықтарға берілетін улы, сасық бір ағаш түрі. Сөздік Әлмауарит.) (62) Рас заққұм ағашын залымдарға сұмдық қылдық. (63) Рас ол, тозақтың түбінде шығатын бір ағаш. (64) Оның қауашақтары, шайтандардың бастары сияқты. (Өте жаман бейнеде деген ұғымда. Б.Ж.М.К.Р.) (65) Сондай-ақ олардан жеп, қарындарын толтырады. (66) Сосын оларға қайнап тұрған судан сусын беріледі. (67) Сосын олардың қайтар жерлері әлбетте тозақ болады. (68) Рас олар, аталарын




адасқан түрде тапқан болатын. (69) Сонда олар, аталарының ізінше жүгіре берді. (70) Олардан бұрын, алғашқылардың көбі адасқан еді. (71) Расында олардың ішіне де ескертуші жіберген едік. (72) Ескертілгендердің соңының не болғанын бір көр! (73) Бірақ Алланың ықыласты құлдары басқа. (74) Расында Нұх (Ғ.С.) Бізге жалбарынды. Біз нендей жақсы қабылдаушымыз! (75) Оны да семьясын да зор қиыншылықтан құтқардық. (76)




Нұх (F.C.) тың ұрпақтарын қалдырдық. (Жалғасты түрде өрбіттік.) (77) Оны кейінгілерге дәріптеттік. (78) Нұх (F.C.) қа бүкіл әлемнен сәлем болсын. (79) Рас Біз, ізгі іс істеушілерді өстіп сыйлыққа бөлейміз. (80) Өйткені ол, сенуші құлдарымыздан. (81) Сосын басқаларын суға батырдық. (82) Күдіксіз Ыбырайым (F.C.) де Нұх (F.C.) тың даңғыл жолында. (83) Өйткені, Ыбырайым (F.C.) Раббына, ынталы жүрекпен келген еді. (84) Сол уақытта әкесіне де еліне де:

"Нелерге табынасындар?",- деді. (85) "Алладан өзге өтірік тәңірлер қалайсындар ма?" (86) "Әлемнің Раббына байланысты не ойларың бар?" (87) Сонда Ыбырайым (F.C.) жұлдыз жаққа назар аударып: (88) "Мен науқаспын" деді. (89) Сонда ел одан бұрылған бойда кете берді. (90) (Ыбырайым F.C.) олардың тәңірлерінің жанына оңаша барып: "Жемейсіңдер ме?",- деді. (91) "Неге сөйлемейсіңдер?" (92) Сонда аңдып барып, оң қолымен ұрды. (93) Олар, оған жүгірісіп келді. (94) "(Қолмен) жонып, алғандарыңа шоқынасындар ма?",- деді. (95) "Алла сендерді де жасаған нәрселеріңді де жаратты." (96) Олар: "Ол үшін бір бина жасап, оны отқа тастап жіберіңдер" десті. (97) Сонда олар оған бір айлакерлік жасауды ойлады да оларды төмендетіп жібердік. (98) (Ыбырайым F.C.): "Раббым жаққа кетемін. Ол, маған жол көрсетеді" деді. (99) "Раббым, маған жақсысынан бір үл бер!" (100) Оны өте мұлайым бір үлмен қуанттық. (101) Ұлы (Ысмайыл) өзімен бірге жүруге жеткен кезде: "Балақайым! Сені түсімде бауыздағанымды көремін; назар аудар, көзқарасың не?",- деді. Ол: "Әй әкетайым! Өзіңе не әмір етілсе, оны орында. Алла қаласа, мені сабырлылардан табарсың" деді. (102)

(Ыбырайым F.C. құрбан айының 8-ші күні; баласын құрбан шалатын бір түс көріп, күдіктенгендіктен: "Таруя"; күдікті күн деп, 9-шы күні; және қайта көріп, рас деп танығандықтан: "Ғарифа"; тану күні деп, 10-шы күні және көріп, құрбан шалғандықтан: "Нахыр" деп аталады. Б.М.) Сөйтіп екеуі де ұнап, әкесі оны маңдайының үстіне жатқызады. (Құдыретше бауыздаған бышақ кеспеді. Ж.М.) (103) Біз, оған: "Әй Ыбырайым!", – деп, дабыстадық; (104) "Рас түсінді шынға шығардың. Күдіксіз ізгі іс істегендерді осылайша сынаймыз" (дедік.) (105) Шын мәнінде бұл бір ашық сынау еді. (106) Оны ірі бір құрбандыққа ауыстырдық. (Құдыретше бір құрбандық қошқар беріледі. Б.Ж.М.К.) (107) Кейінгі нәсілдерде, оған (жақсы даңқ) қалдырдық. (108) Ыбырайым (F.C.) ға сәлем. (109) Рас, ізгі істер істеушілерді осылайша сыйлыққа бөлейміз. (110) Өйткені ол, сенген құлдарымыздан еді. (111) Оны пайғамбарлардың ізгілерінен; Ысхақпен шүйіншіледік. (112) Өзіне де Ысхақ (F.C.) қа да береке бердік. Сондай-ақ екеуінің ұрпақтарынан жақсы болғандар да өздеріне ашық зұлымдық еткендер де бар. (113) Расында Мұса, Һарүн (F.C.) ға да игілік бердік. (114) Екеуін әрі елін зор апаттан құтқардық. (115) Оларға жәрдем еттік те сонда олар, жеңіске ие болды. (116) Екеуіне түсінікті кітап бердік. (117) Екеуіне тура жол көрсеттік. (118) Екеуіне, кейінгі




нәсілдерде (жақсы даңқ) қалдырдық. (119) Мұса және Һарүн (F.C.) ға сәлем. (120) Рас ізгі іс істегендерді өстіп сыйлыққа бөлейміз. (121) Өйткені, екеуі де сенген құлдарымыздан еді. (122) Әрине Іяс (F.C.) елшілерімізден еді. (123) Сол уақытта еліне: "Алладан қорықпайсыңдар ма?", – деді. (124) "Ерекше жаратушыны қойып, "Бағыл" атты бұтқа жалбарынасыңдар ма?" (125) "Алла, сендердің де бұрынғы аталарыңның да Раббы!" (126)



өзгелерін жоқ еттік. (136) Әрине төңертең, олардан өтіп жүресіндер. (137) Әрі түнде де. Сонда да түсінбейсіңдер ме? (138) Күдіксіз Юныс (F.C.) елшілерден еді. (139) Сол уақытта ол, толы кемеге қашқан еді. (Еліне кейіп, кемеге барып түскенде; кеме ауырлап, жүре алмай, шар салғанда соған шығады. Б.Ж.М.) (140) Шар салғанда ол, жеңіліске ұшырады. (Қарғып теңізге түсті.) (141) Сонда оны балық жұтты. Ол, айыпталған еді. (142) Егер ол, Алланы рас дәріптеушілерден болмаса еді: (143) Әрине қайта тірілетін күнге дейін балықтың қарнында қалған болар еді. (144) Сонда оны қырға шығарып, тастадық. Ол науқас еді. (145) Оның үстіне жапырақты бір ағаш өсірдік. (146) Оны жүз мың не тағы артығырақ елге жіберген едік. (147) Сонда олар иман келтірді де бір мерзімге дейін пайдаландырдық. (148) Енді олардан сұра: "Қыздар Раббыларыңкі де, ұлдар олардікі ме? (149) Немесе періштелерді ұрғашы жаратқанымызға олар куә ме? (150) Сақ болыңдар! Олар жалғандарын айта береді: (151) "Алланың баласы бар" деп, олар мүлде өтірік айтады. (152) Алла ұлдардан көрі қыздарды артық көре ме? (153)

Сонда елі оны жасынға шығарды. Рас олар, жазаға келтіріледі. (127) Бірақ Алланың ықыласты құлдары басқа. (128) Кейінгі нәсілдерге оған (жақсы даңқ) қалдырдық: (129) "Іяс (F.C.) қа сәлем." (130) Рас Біз, ізгі іс істегендерді осылайша сыйлыққа бөлейміз. (131) Өйткені, ол сенімді құлдарымыздан еді. (132) Күдіксіз Лут (F.C.) елшілерден еді. (133) Сол уақытта оны да семьясын да түгел құтқардық: (134) Бірақ қалғандардың ішіндегі бір кемпірден басқа. (135) Сосын

Сендерге не болды? Қалай шешім етесіндер? (154) Түсінбейсіндер ме? (155) Немесе сендердің ашық бір дәлелдерің бар ма? (156) Шыншыл болсаңдар кітаптарыңды әкеліндер. (157) Олар Алла мен періштелер (Б.Ж.М.К.Р.) арасында ұрпақтық байланыс ұйғарды. Расында періштелер; олардың Алланың алдына келтірілетінін біледі. (Немесе Алла мен жын арасында жег-жаттық ұйғарды.) (158) Алла (Т.) олардың сипаттауларынан пәк. (159) Бірақ Алланың нағыз құлдары өйтіп сипаттамайды. (160) Сонда сендер де табынған нәрселерің де, (бірлесіп;) (161) Сендер Аллаға қарсы бұзақылық шығара алмайсыңдар. (162) Бірақ кім тозаққа түсетін болса, ол басқа. (163) (Періштелер, былай дейді. Б.Ж.): "Бізден орны белгіленбеген ешкім жоқ." (164) "Шын мәнінде біздер қатарланып тұрушыларданбыз." (165) "Әрине Алланы дәріптеушілерденбіз." (166) Олар былай дейтін еді: (167) "Егер бізде бұрынғыларға түсірілген үгіт болса еді," (168) "Әлбетте Алланың ықыласты құлдарынан болар едік." (169) Сонда олар, келген Кітапқа дереу қарсы шықты. Жақында (нәтижені) біледі. (170) Расында елші құлдарымызға сөзіміз бұрын бекіген болатын: (171) "Сөз жоқ, оларға жәрдем болады." (172) "Сөзсіз жеңіске ие болатын біздің әскер." (173) (Мұхаммед F.C.) сонда олардан



бір мезгілге дейін бет бұра тұр. (174) Оларды көре тұр, олар да жақында көреді. (175) Олар азабымыздың жедел келуін қалай ма? (176) Қораларына (азап) түскен кезде, ескерту берілгендердің таңы нендей жаман. (177) Сонда олардан бір уаққа дейін аулақ бол. (178) Тағы оларды байқай тұр. Жақында олар көреді. (179) Қастерлі Раббың олардың сипаттағандарынан пәк. (180) Елшілерге сәлем! (181) Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы, Алла (Т.) ға лайық. (182)

سُورَةُ

الْحٰكِمَاتِ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

صَّ وَالْقُرَّءَانِ ذِي الذِّكْرِ ۝١ بَلِ الَّذِينَ كَفَرُوا فِي عِزَّةٍ وَشِقَاقٍ ۝٢
 كَرَاهِلْكَانِمِنْ قَبْلِهِمْ مِنْ قَرِينٍ فَتَدَاوَلَتْ حِينَ مَنَاصٍ ۝٣ وَعَجِبُوا
 أَنْ جَاءَهُمْ مُنذِرٌ مِّنْهُمْ وَقَالَ الْكٰفِرُونَ هٰذَا سِحْرٌ كَذٰبٌ ۝٤
 أَجْعَلِ الْاٰلِهَةَ الْاِلٰهًا وَحٰدًا اِنَّ هٰذَا لَشَيْءٌ عَجَابٌ ۝٥ وَاَنْطَلَقَ الْمَلٰٓئِ
 مَنُومٌ اَنْ اَمْسُوا وَاَصْبِرُوْا عَلٰٓى ءَايٰتِ الْاِلٰهِيْنَ هٰذَا لَشَيْءٌ يُرٰدُ ۝٦
 مَا سَمِعْتُمْ اِنْفِآءًا فِي الْمَلٰٓئِكَةِ الْاٰخِرَةِ اِنَّ هٰذَا اِلَّا اٰخِطٰلٌ ۝٧ اَنْزَلَ
 عَلٰى الذِّكْرِ مِنْ بَيْنِنَا اَنْ هُمْ فِي شَكٍّ مِّنْ ذِكْرِيْ بَلْ لَمٰ يَذُوْقُوْا عَذٰبِ
 ۝٨ اَمْ عِنْدَهُمْ خَزٰٓئِنٌ رَّحْمَةً رَّبِّكَ الْعَزِيزِ الْوَهَّابِ ۝٩ اَمْ لَهُمْ
 مَّلٰٓئِكَةٌ السَّمٰوٰتِ وَالْاَرْضِ وَمَا بَيْنَهُمَا فَلَئِمَّا فِي الْاَسْبَابِ ۝١٠
 جُنْدٌ مَّا هُنٰلِكَ مَهْرُومٌ مِّنَ الْاَحْزَابِ ۝١١ كَذَبَتْ قَبْلَهُمْ قَوْمُ
 نُوحٍ وَعَادٌ وَفِرْعَوْنُ ذُو الْاَوْنَادِ ۝١٢ وَثَمُوْدُ وَقَوْمُ لُوطٍ وَاَصْحٰبُ
 لَيْكَةِ اُولٰٓئِكَ الْاَحْزَابِ ۝١٣ اِنْ كُلُّ اِلَّا لَكٰذِبٌ الرَّسُلُ
 فَحَقَّ عِقَابٌ ۝١٤ وَمَا يَنْظُرُ هُلُوْآءُ الْاَصْحٰبِ وَبِعْدَةٍ مَّا لَهَا
 مِنْ فَوَاقٍ ۝١٥ وَقَالُوْا رَبَّنَا عَجِّلْ لَنَا قَطْنَآ اِقْبَلِ يَوْمَ الْحِسَابِ ۝١٦


٤٥٣

барып тұрған суайт" деді. (4) "Тәңірлерді бір-ақ тәңір қыла ма? Әрине бұл тым таңғажайып нәрсе." (5) Олардың бастықтары келіп: "Жүріңдер, өз тәңірлерінде сабыр ете тұрыңдар. Сөз жоқ, бұл бір мақсатты нәрсе." (6) "Тіпті бұны біз өзге дінде естіген емеспіз. Бұл мүлде бір жасанды жол." (7) "Арамыздан осыға ғана үгіт түсірілді ме?,- (десті) Олай емес, олар Мәнің үгітімнен күдіктенуде. Әрине олар азабымды татқан жоқ. (8) (Мұхаммед Ғ.С.) немесе өте үстем, аса жомарт Раббыңның мәрхаметінің қазынасы олардың қасында ма? (9) Не көктер мен жердің әрі арасындағылардың иелігі олардікі ме? Ендеше, ыңғайын тауып, көтеріліп көрсін. (10) (Олар) мұнда соққы жеген рулардан бір қол. (11) Олардан бұрын Нұх, Ғад елі және салтанат иесі Перғауын да жасынға шығарған еді. (12) Сондай-ақ Сәмүд, Лүт және Әйке халқы да. Міне осы топтар: (13) Барлығы да елшілерді жасынға шығарғандықтарынан, азап лайық болды. (14) Ал енді бұлар да тоқтаусыз бір ғана ащы дауысты күтеді. (15) Олар: "Раббымыз, есеп күнінен бұрын көресімізді тез көрсет" десті. (16)


38-САД СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Сексен сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. Үгіт толы Құранға серт. (1) Әрине қарсы болғандар, дандайсып, тартысуда. (2) Олардан бұрын қаншалаған нәсілді жоқ еттік. Сонда олар ойбайлады да; бірақ құтылар заман емес еді. (3) Олар өздерінен бір ескертуші келгеніне таңырқады да қарсы болғандар: "Бұл бір сиқыршы,

(Мұхаммед F.C.) олардың айтқандарына сабыр ет. Мықты құлымыз Дәуіт (F.C.) ті есіңе ал! Өйткені ол, өте бой ұсынушы. (17) Рас оған тауларды бағындырдық. Олар онымен бірге іңірде әрі сәскеде Алланы дәріптейтін еді. (21-С. 79-А.) (18) Оған құсты тобымен бағындырдық. Барлығы Алланы дәріптуші еді. (19) Оның патшалығын күшейтіп, оған даналық, сондай-ақ дауға билік айту қабілетін бердік. (20) Саған даушының хабары келді ме? Сол уақытта дуардан асып бөлмеге кіріп келген еді. (21) Олар Дәуіт (F.C.) ке кірген сәтте, сонда олардан абыржып қалды. Олар: "Қорықпа, бір-біріне өктемдік еткен екі даушымыз. Арамызға туралықпен билік қыл. Шатаспа да бізді тура жолға сал" деді. (22) "Рас мына туысымның тоқсан тоғыз саулығы бар еді де менің бір саулығым бар еді. Сонда да ол, "Оны маған тапсыр" деп, сөз бойынша өзіме өктемдік істеді." (23) Дәуіт (F.C.): "Шынында сенің саулығыңды өз саулықтарыңның үстіне сұраумен саған зұлымдық еткен екен. Расында қарым-қатынаста болғандардың көбі, әрине бір-біріне қаралық істейді. Бірақ иман келтіріп, турашылдық істегендер басқа. Олар азгантай" деді. Дәуіт (F.C.) шын мәнінде өзін сынағанымызды сезді. Сондықтан Раббынан жарылқау тілеп, сәждеге




жығылып, бой ұсынды. (24) Сонда оны жарылқадық. Шәксіз оның Біздің қасымызда әлбетте жақындығы, көркем келешегі бар. (Бұл дауа мәселесі, мысал үшін келтірілген. Б.М.К.Х.) (25) Әй Дәуіт! Сені жер жүзінде меңгеруші қылдық. Сондықтан адамдардың арасына хақиқатпен үкім ет, ойға ерме. Онда сені Алланың жолынан адастырады. Шәксіз Алланың жолынан адасқандар, есеп күнін ұмытулары себепті оларға қатты азап бар. (26)



Көк пен жерді әрі екі арасындағыларды босқа жартпадық. Ол қарсы келгендердің ойы. Сондықтан оттан азап болатын қарсы келгендерге не өкініш! (27) Немесе иман келтіріп, ізгі іс істегендерді, жер жүзіндегі бұзақылардай қыламыз ба? (28) (Мұхаммед F.C.) саған бір мұбарак Кітап түсірдік; аяттарын түсінсін әрі ақыл иелері үгіт алсын. (29) Дәуіт (F.C.) ке Сүлеймен (F.C.) ді бердік. Ол не деген жақсы күл еді. Рас ол өте бағынышты. (30) Сол уақытта

бір кеште Сүлеймен (F.C.) ге сәйгүлік жүйріктер келтірілді (31) "Сөз жоқ, мен Раббымды еске алу үшін атты өте жақсы көремін" деді. Ақыр тұлпарлар көзден ғайып болған сәтте: (32) "Оны маған қайтарып әкеліңдер" (деп,) сонда аяқтарын, мойындарын сипай бастады. (Құран Кәрім түрікше ұғымы, Диянат істері Түркия Құран ұғымы. Т-Қ.Пәкістан.) (33) Расында Сүлеймен (F.C.) ді сынап тағының үстіне бір дене қойдық. (Б.Ж.М.А.) Сосын ол, тәубе қылды. (34) "Раббым! Мені жарылқа. Маған, менен кейін ешкімге нәсіп болмайтын патшалық бер. Әрине Сен өте жомартсың" деді. (35) Сондықтан қалаған жерге жетуге, бұйрығымен оңай жүретін желді бағындырдық. (36) Әр түрлі құрылыс жасаушы және сүңгігіш шайтандарды бағындырдық. (21-С. 82-А.) (37) Ал басқа біреулері шынжырларда матаулы еді. (38) "Бұл Біздің бергеніміз. Ал енді қалағаныңа бер. Немесе бермей ұстап тұр, есеп емес. (Ерк өзінде).", - (дедік.) (39) Күдіксіз ол үшін қасымызда жақындық әрі көркем келешегі бар. (40) (Мұхаммед F.C.) құлымыз Әйүп (F.C.) ті есіңе ал. сол уақытта Раббына: "Рас мені шайтан бейнет және қинауға ұшыратты" деп жалбарынды. (41) Оған: "Аяғыңмен жерді теп. Міне саған шомылатын әрі ішетін суық су" (дедік.) (42)

(Әйүп Ғ.С. қолынан бала-шаға, мал-мүлкі кетіп, құрт ауруға ұшыраса да қабақ шытпай сабырмен құлшылық қыла бергендіктен, Алланың мәрхаметімен сақайып бұрынғыдан да артық халге келеді. Б.М.К.Р.) Бізден бір мәрхамет сондай-ақ ақыл иелеріне бір үгіт түрінде оған семьясын; олармен бірге бір есе артығымен бердік. (Әйүп Ғ.С. әйеліне кейіп, жазылсам, жүз дүре соғамын деп ант етеді. Б.Ж.М.Р.) (43) "Қолыңа бір топ ши алып, сонымен бір үр. Сертіңнен қайтпа!" Шынында оны сабырлы көрдік. Ол недеген жақсы құл. Өйткені ол, өте бойсұнушы. (44) (Мұхаммед Ғ.С.) құлымыз Ыбырайым, Ысхақ және Яғқұп (Ғ.С.) ты есіңе ал. Олар мықты да қырағы еді. (45) Расында Біз оларды нағыз ахиретті еске алуға арнадық. (46) Сөз жоқ, олар, қ а с ы м ы з д а т а ң д а у л ы игі-жақсылардан. (47) (Мұхаммед Ғ.С.) Ысмайыл, Іляс және Зүлкәфіл (Ғ.С.) ді де есіңе ал. Барлығы жақсылардан еді. (48) Бұл бір насихат. Күдіксіз тақуалар үшін тым көркем келешек бар. (49) Олар үшін есіктері ашық Ғадын жаннаттары бар (50) Олар онда жастанып отырады. Ол жерде мол жемістер, сусындар тілейді. (51) Олардың қасында телмірген жасыт қор қыздары бар. (52) Есеп күні үшін сендерге уәде етілгендер осы. (53) Сөзсіз, таусылмас берген несібеміз осы; (54) Я, осы! Ал расында азғындар үшін жаман орын



бар: (55) Олардың кірер жерлері тозақ. Сонда нендей жаман орын; (56) Я, осы! Енді олар, қайнар су, ірің татсын! (57) Тағы басқа осы сияқтылардың неше түрлісі бар. (58) (Қылмыстылардың бастықтарына): "Мына топ, сендермен бірге тозаққа кірушілер" (делінеді. Олар): "Оларға жақсылық жоқ. Олар тозаққа кіреді" (дейді.) (59) Олар: "Олай емес, сендерге жақсылық болмасын! Бұны бізге сендер келтірдіңдер. Нендей жаман орын" (дер.) (60) Олар: "Раббымыз! Бізге бұны кім келтірген болса, оның тозақтағы азабын неше есе арттыра түс!", - дейді. (61)

سورة الحديد


الحديد

وَقَالُوا مَا لَنَا لَنْ نَرَىٰ رَجُلًا كَمَا نَعُدُّهُمْ مِنَ الْأَشْرَارِ ﴿٦٦﴾ أَخَذْتَهُمْ
 سِحْرًا أَمْ زَاغَتْ عَنْهُمْ الْأَبْصَارُ ﴿٦٧﴾ إِنَّ ذَلِكَ لَحَقٌّ تَخَاصُمُ أَهْلِ
 النَّارِ ﴿٦٨﴾ قُلْ إِنَّمَا أَنَا بَشَرٌ وَمِمَّنْ أَلَّاهُ بِاللَّهِ الْوَحِيدَ الْقَهَّارِ ﴿٦٩﴾
 رَبُّ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَا بَيْنَهُمَا الْعَزِيزُ الْغَفُورُ ﴿٧٠﴾ قُلْ هُوَ بَدَأُ
 عَظِيمٌ ﴿٧١﴾ أَنْتُمْ عَنْهُ مُعْرِضُونَ ﴿٧٢﴾ مَا كَانَ لِي مِنْ عِلْمٍ بِاللَّيْلِ الْأَخْلَىٰ
 إِذْ يَخْتُصِمُونَ ﴿٧٣﴾ إِنْ يُوحَىٰ إِلَيَّ إِلَّا أَنَّمَا أَنَا بَشَرٌ مُّبِينٌ ﴿٧٤﴾ إِذْ قَالَ رَبُّكَ
 لِلْمَلَائِكَةِ إِنِّي خَلَقْتُ بَشَرًا مِنْ طِينٍ ﴿٧٥﴾ فَإِذَا سَوَّيْتُهُ وَنَفَخْتُ فِيهِ
 مِنْ رُوحِي فَقَعُوا لَهُ سَاجِدِينَ ﴿٧٦﴾ فَسَجَدَ الْمَلَائِكَةُ كُلُّهُمْ
 أَجْمَعُونَ ﴿٧٧﴾ إِلَّا إِبْلِيسَ اسْتَكْبَرَ وَكَانَ مِنَ الْكَافِرِينَ ﴿٧٨﴾ قَالَ
 يَا بَنِي آدَمَ اسْكُنُوا مَا مَعَكُمْ أَنْ تَسْجُدَ لِمَا خَلَقْتُ بِإِيدِي اسْتَكْبَرْتَ أَمْ كُنْتَ
 مِنَ الْعَالِينَ ﴿٧٩﴾ قَالَ أَنَا خَيْرٌ مِنْهُ خَلَقْتَنِي مِنْ نَارٍ وَخَلَقْتَهُ مِنْ طِينٍ
 ﴿٨٠﴾ قَالَ فَأَخْرِجْهَا مِنْهَا فَإِنَّكَ رَجِيمٌ ﴿٨١﴾ وَإِنْ عَلَيْكَ لَعْنَتِي إِلَىٰ يَوْمِ
 الدِّينِ ﴿٨٢﴾ قَالَ رَبِّ فَأَنْظِرْ إِلَىٰ يَوْمِ يُبْعَثُونَ ﴿٨٣﴾ قَالَ فَإِنَّكَ مِنَ
 الْمُنظَرِينَ ﴿٨٤﴾ إِلَىٰ يَوْمِ الْوَلُوفِ الْمُعْلَمِ ﴿٨٥﴾ قَالَ فَبِعِزَّتِكَ
 لَأَعْرِضَنَّهُمْ لَاجْمَعِينَ ﴿٨٦﴾ لِإِعْبَادِكَ مِنْهُمْ الْمُخْلِصِينَ ﴿٨٧﴾

٤٥٧

Олар: "Бізге не болды? Өздерін жамандардан санаған адамдарды көрмейміз ғой" деседі. (62) "Оларды сықаққа алушы едік. Немесе олар көздерімізге түспей ме?" (63) Күдіксіз, міне осы; тозақтықтардың тартысулары бір шындық. (64) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Шын мәнінде мен бір ескертуші ғанамын. Өте өктем бір Алладан басқа ешбір тәңір жоқ" де. (65) "Ол, көктер мен жердің әрі екі арасындағылардың Раббы. Тым үстем, аса жарылқаушы..." (66) "Бұл бір ірі

хабар" де: (67) "Сендер Одан бет бұрсаңдар." (68) "Жоғары әлемдегілердің тартыспаларынан мәліметім жоқ еді." (69) "Шын мәнінде ашық бір ескертуші болғандығынан ғана маған уахи етілуде" (де.) (70) Сол уақытта Раббың, періштелерге: "Мен балшықтан бір адам жаратамын" деген. (71) "Қашан оны жасап, оған рұхымнан үрлеген сәтте, оған сәждеге жығылыңдар" (делінді.) (72) Сонда періштелердің бәрі түгел сәжде қылды. (73) Бірақ Ібіліс сәжде етпей тәкаппарланып, қарсылардан болды. (74) (Алла Т.): "Әй Ібіліс! Құдырет қолыммен жаратқаным сәжде етуден сені не тосты? Тәкаппарландың ба?,"- деді. (75) Ол: "Мен одан артықпын. Өйткені, мені оттан жараттың да оны топырақтан жараттың" деді. (76) (Алла Т.): "Дереу ол жерден шық. Шын мәнінде сен рахметімнен қуылдың" деді. (77) "Шынында қиямет күніне дейін лағынетім саған болсын." (78) Ол: "Раббым, онда қайта тірілетін күнге дейін маған мұрса бер" деді. (79) (Алла Т.): "Рас сен мұрса берілгендерденсің!" (80) "Белгілі бір күнге дейін." (81) Ол: "Үстемдігіңе серт! Әлбетте олардың барлығын аздырамын" деді. (82) "Бірақ олардан ықыласты құлдарың ғана қалады." (83)



(Алла Т.): "Хақиқат осы. Мен хақиқатты айтамын." (84) "Әлбетте тозақты сеніменен және саған ілескендермен, солардың барлығымен толтырамын." (85) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Сендерден оған ақы сұрамаймын. Өз ойымнан шығарушылардан емеспін" де. (86) "Бұл Құран бүкіл әлем үшін бір насихат!" (87) "Әлбетте оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер." (88)

39-ЗҮМӘР СҮРСИ

Меккеде түскен. Жетпіс бес аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Бұл Кітаптың түсірілуі, тым үстем, аса дана Алла (Т.) дан. (1) (Мұхаммед F.C.) расында саған бұл Кітапты бір шындықпен түсірдік. Сонда Аллаға дінді нағыз арнап, құлшылық қыл. (2) Көңіл бөліңдер! Дін нағыз Аллаға тән. Сондай Алладан өзгені дос тұтқандар: "Біз бұларға, Аллаға жақындастырсын деп қана табынамыз" (дейді.) Күдіксіз олардың араларындағы таласқан нәрселеріне Алла (Т.) үкім

береді. Расында Алла, кім өтірікші, өте қарсы болса, оны тура жолға салмайды. (3) Егер Алла бала иемденуді қаласа еді, жаратқанынан тілегенін таңдар еді. Ол одан пәк. Ол Алла жалғыз, өте үстем. (4) Көктерді, жерді шындық бойынша жаратты. Түнді күндізге айналдырады, күндізді түнге айналдырады және күн мен айды меңгереді. Әрбірі белгілі бір мерзімге дейін жүріп тұрады. Абайлаңдар! Ол тым үстем, аса жарылқаушы. (5)

سُورَةُ الزُّمَرِ

الْحَمْدُ لِلَّهِ الْعَلِيِّ الْكَبِيرِ

خَلَقَكُمْ مِنْ نَفْسٍ وَاحِدَةٍ ثُمَّ جَعَلَ مِنْهَا زَوْجَهَا وَأَنْزَلَ لَكُمْ
 مِنْ الْأَنْعَامِ ثَمَنِيَّةً أَزْوَاجًا لِتَخْلُقَ بِكُمْ فِي بُطُونِ أُمَّهَاتِكُمْ
 خَلْقًا مِمَّنْ بَعْدَ خَلْقِ فِي ظَلَمْتِ ثَلَاثٌ ذَلِكُمْ اللَّهُ رَبُّكُمْ لَهُ
 الْمُلْكُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ فَأَنْتُمْ تُصْرَفُونَ ﴿٦﴾ إِنْ تَكْفُرُوا فَإِنَّ
 اللَّهَ عَنَىٰ عَنْكُمْ وَلَا يَرْضَىٰ لِعِبَادِهِ الْكُفْرَ وَإِنْ تَشْكُرُوا يَرْضَهُ
 لَكُمْ وَلَا تَزِرُ وَازِرَةٌ وِزْرَ أُخْرَىٰ ثُمَّ إِلَىٰ رَبِّكُمْ مَرْجِعُكُمْ
 فَيُنَبِّئُكُمْ بِمَا كُنتُمْ تَعْمَلُونَ إِنَّهُ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ ﴿٧﴾
 وَإِذَا مَسَّ الْإِنْسَانَ ضُرٌّ دَعَا رَبَّهُ مُنِيبًا إِلَيْهِ ثُمَّ إِذَا حَوَّلَهُ
 نِعْمَةً مِنْهُ نَسِيَ مَا كَانَ يَدْعُو إِلَيْهِ مِنْ قَبْلٍ وَجَعَلَ لِلَّهِ أَنْدَادًا
 لِيُضِلَّ عَنْ سَبِيلِهِ قُلْ تَمَنَّعَ بِكُفْرِكَ قَلِيلًا إِنَّكَ مِنْ أَصْحَابِ
 النَّارِ ﴿٨﴾ أَمِنْ هُوَ قَنِيتُءَانَاةَ الْيَلِيلِ سَاجِدًا وَقَائِمًا يَحْذَرُ
 الْآخِرَةَ وَيَرْجُو رَحْمَةَ رَبِّهِ قُلْ هَلْ يَسْتَوِي الَّذِينَ يَعْلَمُونَ وَالَّذِينَ
 لَا يَعْلَمُونَ إِنَّمَا يَتَذَكَّرُ أُولُو الْأَلْبَابِ ﴿٩﴾ قُلْ يَعْبَادُ الَّذِينَ
 ءَأَمَّنُوا أَنْقُورًا بِكُمْ لِلَّذِينَ أَحْسَنُوا فِي هَذِهِ الدُّنْيَا حَسَنَةٌ
 وَأَرْضُ اللَّهِ وَسِعَةٌ إِنَّمَا يُوَفَّى الصَّابِرُونَ أَجْرَهُمْ بِغَيْرِ حِسَابٍ ﴿١٠﴾


٤٥٩

تَجْوِيزُ
الْحَرْبِ
٤٦


 الْعَذَابَ إِذَا هُمْ يَنْكُتُونَ ﴿٥٣﴾ وَنَادَى فِرْعَوْنُ فِي قَوْمِهِ
 قَالَ يَا قَوْمِ أَوَلَا يَأْتِيكُمُ الْمَاءُ فِي بِيضٍ فَلْيَذُوقُوا نَجْمِي
 مِنْ حَيْثُ أَفَلَا تُبْصِرُونَ ﴿٥٤﴾ أَمْ أَنَا خَيْرٌ مِنْ هَذَا الَّذِي هُوَ مَهِينٌ
 وَلَا يَكَادُ يُبِينُ ﴿٥٥﴾ فَلَوْلَا أَلْقَى عَلَيْهِ آسُورَةٌ مِمَّنْ ذَهَبَ أُوجَاهُهُ
 مَعَهُ الْمَلَكُ مَقْفَرِينَ ﴿٥٦﴾ فَاسْتَحَفَّ قَوْمَهُ
 فَأَطَاعُوهُ إِنَّهُمْ كَانُوا قَوْمًا فَاسِقِينَ ﴿٥٧﴾ فَلَمَّا آسَفُونَا
 انْتَقَمْنَا مِنْهُمْ فَأَغْرَقْنَاهُمْ أَجْمَعِينَ ﴿٥٨﴾ فَجَعَلْنَاهُمْ
 سَلَفًا وَمَثَلًا لِّلْآخِرِينَ ﴿٥٩﴾ وَلَمَّا صُرِبَ إِلَيْهِ مَرْسَرًا
 مَثَلًا إِذَا قَوْمُكَ مِنْهُ يَصِدُونَ ﴿٦٠﴾ وَقَالُوا يَا أَلِهَتُنَا
 خَيْرٌ أَمْ هُوَ مَا ضَرَبُوهُ لَكَ إِجْدَالًا بَلْ هُمْ قَوْمٌ خَصِمُونَ ﴿٦١﴾
 إِنَّ هُوَ إِلَّا عَبْدٌ أَنْعَمْنَا عَلَيْهِ وَجَعَلْنَاهُ مَثَلًا لِّبَنِي إِسْرَائِيلَ
 ﴿٦٢﴾ وَلَوْ نَشَاءُ لَجَعَلْنَاهُ مِنْكُمْ مَلَكًا فِي الْأَرْضِ يَخْلُفُونَ ﴿٦٣﴾


الزمر

٤٩٣

деп, даурықты. (51) "Немесе мен осы өзі қор, сөзін түсіндіре алмайтын Мұсадан жақсы емеспін бе?" (52) "Оған алтыннан білезіктер неге салынбаған немесе онымен бірге періштелер неге жолдас болып келмеген?" (53) Сөйтіп (Перғауын) елін менсінбеді. Сонда да олар оған бағынды. Расында олар, бұзық ел еді. (54) Сөйтіп олар Бізді кейіткен кезде, олардың тиісті жазасын беріп, суға батырдық. (55) Оларды кейінгілер үшін бір өтіп кеткен үлгі қылдық. (56) (Мұхаммед F.C.) Мәрийем ұлын мысал келтіргенде, оған, елің қарқылдап күлді. (57) Олар: "Біздің тәңірлеріміз жақсы ма? Не Fиса жақсы ма?",- деді. Олардың саған бұны айтулары, жанжал үшін ғана. Өйткені олар, қиқар ел. (58) Ол Fиса (F.C.) Біз өзіне игілік берген сондай-ақ Израил ұрпақтарына бір мысал қылған күл ғана. (59) Егер қаласақ, сендерден періште жаратар едік те олар орындарыңды басар еді. (60)

Оларға көрсеткен мұғжизалар, бір-бірінен үлкен еді. Бәлкім райдан қайтар деп азапқа ұшыраттық. (48) (Олар Мұса F.C.ға): "Әй сиқыршы! Раббыңа өзіңе берген уәде бойынша жалбарын. Біз шын мәнінде тура жолға келейік" десті. (49) Сонда олардан азапты Біз айықтырған кезде олар дереу сөздерінен айнады. (50) Перғауын, елінің ішінде: "Әй қауым! Мысырдың патшалығы және астымнан ағатын міне өзендер менікі емес пе? Көрмейсіңдер ме?",-

Күдіксіз (Ғиса Ғ.С.) қиямет мезгілінің белгісі. Сондықтан оған күдіктенбей Маған еріңдер. Міне осы тура жол. (61) Сендерді шайтан тура жолдан тоспасын. Өйткені ол, сендер үшін ашық дұшпан. (62) Ғиса (Ғ.С.) мұғжизалармен келген заман, оларға: "Мен сендерге хикметті келтірдім. Алладан қорқыңдар, Маған бой ұсыныңдар" деді. (63) "Дау жоқ, Алла, менің де сендердің де Раббыларың. Сондықтан Оған құлшылық қылыңдар. Осы тура жол!" (64) Дегенмен топтар өзара қайшылыққа түсті. Жан түршігерлік күннің азабынан сондай залымдарға нендей өкініш! (65) Олар, өздеріне қиямет мезгілінің кенеттен өздері аңғармаған түрде, келуін ғана күте ме? (66) Сол күні тақуалардан басқа достар, бір-біріне дұшпан болады. (67) (Алла, тақуаларға): "Әй құлдарым! Бүгін сендерге



хауіп-қатер жоқ әрі қайғырмайсыңдар" (дейді) (68) Олар сондай иман келтіріп, бой ұсынушылар. (69) "Жаннатқа кіріңдер. Сендер де жұбайларың да шаттыққа бөленесіңдер!" (70) Оларға алтыннан табақтар, кәселер ұсынылады. Сондай-ақ онда көңілдері қызығатын, көздері қуанатын нәрселер бар. Сендер онда мәңгі қаласыңдар. (71) Міне осы сендердің ғамалдарыңменен мұрагер болған жаннат. (72) Онда сендерге жемістер көп, одан жейсіңдер. (73)

۱۶۸ **إِنَّ الْمُنَجَّرِينَ فِي عَذَابٍ مُّهِينٍ ۝۱۶۸** لَا يَفْتَرُ عَنْهُمْ وَهُمْ
 فِيهِ مُّسَلِّمُونَ ۝۱۶۹ وَمَا ظَلَمْتَهُمْ وَلَكِنْ كَانُوا هُمُ الظَّالِمِينَ ۝۱۷۰
 وَتَادُوا بِعَذَابِكُمْ لِيَقْضِيَ غَيْبَاتِكُمْ قَالَ إِنَّا أَنْكُرُ مَا كُنْتُمْ
 بِحَسْبِكُمْ بِالْحَقِّ وَلَكِنْ أَكْرَمَكُمْ لِحَقِّ كِتَابِكُمْ ۝۱۷۱ أَمْ أُتْرِقُوا أَمْ
 فَإِنَّا مُبْرِمُونَ ۝۱۷۲ أَمْ حَسِبُونَ أَنَا لَا نَسْمَعُ سِرَّهُمْ وَنَجْوَاهُمْ بَلَىٰ
 وَرَسُولُنَا لِلدِّينِ بِكُمْ كُنْتُمْ ۝۱۷۳ قُلْ إِنْ كَانَ لِلرَّحْمَنِ وَلَدٌ فَأَنَا أَوَّلُ
 الْعَالَمِينَ ۝۱۷۴ سُبْحَانَ رَبِّ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ رَبِّ الْعَرْشِ
 عَمَّا يُصِفُونَ ۝۱۷۵ فَذَرِهِمْ يَخوضُوا وَيَلْعَبُوا حَتَّىٰ يُلَاقُوا يَوْمَهُمُ
 الَّذِي يُوْعَدُونَ ۝۱۷۶ وَهُوَ الَّذِي فِي السَّمَاءِ إِلَهُ فِي الْأَرْضِ
 إِلَهُ وَهُوَ الْحَكِيمُ الْعَلِيمُ ۝۱۷۷ وَتَبَارَكَ الَّذِي لَمْ يَكُن لِكُلِّ سَمَوَاتٍ
 وَالْأَرْضِ وَمَا بَيْنَهُمَا عِنْدَهُ عِلْمُ السَّاعَةِ وَإِلَيْهِ تُرْجَعُونَ ۝۱۷۸
 وَلَا يَمْلِكُ الَّذِينَ يَدْعُونَ مِنْ دُونِهِ الشَّفَعَةَ إِلَّا بِنِظَرِ
 رَبِّهِمْ بِالْحَقِّ وَهُمْ يَعْلَمُونَ ۝۱۷۹ وَلَئِنْ سَأَلْتَهُمْ مَنْ خَلَقَهُمْ
 لَيَقُولُنَّ اللَّهُ فَأَنَّى يُؤْفَكُونَ ۝۱۸۰ وَقِيلَ لَهُ رَبِّ إِنْ هَذَا قَوْمٌ
 لَا يَتُوبُونَ ۝۱۸۱ فَاصْفَعْ عَنْهُمْ وَقُلْ سَلِّمْ وَسَلِّمْ وَسَلِّمْ وَسَلِّمْ ۝۱۸۲

۴۹۵

мәнінде Біз шара қолданушымыз. (79) Немесе олар сырларын, сыбырларын Біз естімейді деп ойлай ма? Әрине періштелеріміз алдарында жазуда. (82-С. 10-11-А.) (80) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Мүбада Алланың баласы болса, сонда мен құлшылық қылушылардың алды болар едім" де. (81) Көктер мен жердің Раббы әрі ғаршынын Раббы, олардың сипаттаған нәрселерінен пәк. (82) Енді оларды қойып қой. Өздеріне уәде етілген күнге дейін сүңгісін. ойнасын. (83) Ол сондай Алла, көкте де Тәңір, сондай-ақ жерде де Тәңір. Және Ол, аса дана толық білуші. (84) Ол сондай өте жоғары Алла (Т.), көктер мен жердің әрі екі арасындағы нәрселердің игілігі Оған тән. (Оның меншігінде.) Сондай-ақ қиямет мезгілінің мәліметі Оның қасында әрі Оған қайтарыласыңдар. (85) Олардың Алладан өзге құлшылық қылғандары шапағат ету күшіне ие емес. Бірақ хақиқатты біліп, куә болғандар басқа. (Шапағат ете алады.) (86) Егер олардан: "Кім жаратты?,- деп сұрасаң, әлбетте: "Алла" дейді. Сонда, қалай бұрылып, барады? (87) Пайғамбардың: "Раббым! Бұлар иман келтірмейтін ел" дейтінін (Алла біледі.) (88) (Мұхаммед F.C.) олармен шығыс, сәлем бер. Олар жедел түсінеді. (89)

Сөзсіз күнәкарлар тозақтың азабында мәңгі қалады. (74) Олардың азабы жеңілтілмейді де олар онда күдер үзген түрде қалады. (75) Оларға зұлымдық қылмадық, олар өздеріне зұлымдық қылды. (76) Тозақтықтар: "Әй сақшы! Раббың ісімізді бітірсін" дейді. Сақшы: "Расында сендер тұрасыңдар" дейді. (77) (Алла оларға): "Шынында сендерге шындықты келтірдік. Бірақ көбің шындықты жек көрдіңдер." (78) Немесе олар (Пайғамбарға қарсы) шара қолданды ма? Шын

44-ДУХАН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Елу тоғыз аят.


Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Ұғымын Алла (Т.) біледі. (1) Ашық баян етуші Құранға серт. (2) Шын мәнінде оны құтты бір кеште түсірдік. Расында Біз ескертушіміз. (97-С. 1-А.) (3) Ол кеште барлық хикметті істер айрылады. (4) Бұл өз қасымыздан бір бұйрық. Расында елшілерді жіберушіміз. (5) (Мұхаммед F.C.) Раббыңның игілігі. Күдіксіз Ол, әр нәрсені естуші, толық білуші. (6) Егер анық сенетін болсаңдар, көктер мен жердің әрі екі арасындағылардың Раббы. (7) Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Тірілтеді, өлтіреді. Сендердің де Раббыларың, бұрынғы аталарыңның да Раббы. (8) Бірақ олар, бір күдік ішінде ойнауда. (9) (Мұхаммед F.C.) ендеше аспанның бір ашық түтін келтіретін күнін күт.


(Қуаншылықтан аш қалған елдің көздері бұлдырап, жер, көктің бұлыңғыр көрінетін күні. Немесе қиямет белгілері түрінде қаптайтын қара түнек. Б.Ж.М.К.Р.) (10) Адамдарды қаптап алады; Бұл жан түршігерлік азап. (11) Олар: "Раббымыз! Бізден бұл азапты айықтыр. Шынында иман келтіргенміз." (12) Оларға үгіт алу қайда? Расында оларға ашық

түсіндіруші бір Пайғамбар келген. (13) Сосын олар одан бұрылды да: "Үйретілген бір жынды" деді. (14) Расында бейнетті біраз айықтырамыз. Дау жоқ! Сендер қайталайсыңдар. (15) Өте қатты ұстаумен ұстаған күні, әрине тиісті жазасын береміз. (16) Расында бұлардан бұрын Перғауым елін де сынаған едік. Оларға ардақты пайғамбар келген. (17) "Алланың құлдарын маған тапсырыңдар. Өйткені мен сендерге сенімді бір пайғамбармын" деді. (18)

түсіндіруші бір Пайғамбар келген. (13) Сосын олар одан бұрылды да: "Үйретілген бір жынды" деді. (14) Расында бейнетті біраз айықтырамыз. Дау жоқ! Сендер қайталайсыңдар. (15) Өте қатты ұстаумен ұстаған күні, әрине тиісті жазасын береміз. (16) Расында бұлардан бұрын Перғауым елін де сынаған едік. Оларға ардақты пайғамбар келген. (17) "Алланың құлдарын маған тапсырыңдар. Өйткені мен сендерге сенімді бір пайғамбармын" деді. (18)




түсіндіруші бір Пайғамбар келген. (13) Сосын олар одан бұрылды да: "Үйретілген бір жынды" деді. (14) Расында бейнетті біраз айықтырамыз. Дау жоқ! Сендер қайталайсыңдар. (15) Өте қатты ұстаумен ұстаған күні, әрине тиісті жазасын береміз. (16) Расында бұлардан бұрын Перғауым елін де сынаған едік. Оларға ардақты пайғамбар келген. (17) "Алланың құлдарын маған тапсырыңдар. Өйткені мен сендерге сенімді бір пайғамбармын" деді. (18)



олар суға бататын ләшкер! (24) Олар қаншалаған бақшалар, бұлақтар қалдырды; (25) Қаншалаған егіндер, көркем мекендерді де. (26) Сондай-ақ ішінде қарқ болып кенелген дәулеттерді де. (27) Осылайша оларға басқа бір елді мұрагер қылдық. (28) Сонда оларға көк те жер де жыламады. Әрі олар тостырылмады. (Оларға қайғырған да болмады және мұрса да берілмеді.Б.) (29) Расында Израил ұрпақтарын қорлаушы бейнеттен құтқардық; (30) Перғауыннан. Өйткені ол, тым шектен шығушылардан еді. (31) Расында Израил ұрпақтарын біле тұра әлемге ықпалды қылдық. (32) Сондай-ақ оларға мұғжизалар бердік. Онда ашық сынау бар еді. (33) Күдіксіз олар, бүйдейді: (34) "Бізге осы алғашқы өлімнен басқа түк жоқ. Сондай-ақ біз қайта тірілмейміз;" (35) "Мүбада рас айтушы болсаңдар, аталарымызды алып келіңдерші;" (36) (Мұхаммед F.C.) олар артық па? Немесе Тұббағ елі ме? Олардан бұрынғы елдер ме? Оларды да жоқ еттік. Өйткені олар қылмысты еді. (37) Көктерді де жерді де әрі екі арасындағы нәрселерді де ойыншық қып жаратпадық. (38) Екеуін хақиқат бойынша жараттық. Бірақ олардың көбі білмейді. (39)

"Аллаға астамшылық қылмаңдар. Шын мәнінде сендерге ашық дәлелмен келдім." (19) "Күдіксіз мен сендердің таспен атуларыңнан Раббыма және сендердің де Раббыларың (Аллаға) сиындым." (20) "Егер маған иланбасаңдар, менен аулақ болыңдар." (21) Сонда (Мұса F.C.): "Бұлар қылмысты ел" деп, Раббына жалбарынды. (22) (Алла Т.): "Құлдарымды түнде алып кет. Сөз жоқ, арттарыңа қуғыншы түседі." (23) ("Теңізден өтіп алғаннан кейін) теңізді ашық қойып қой. Өйткені

Расында олардың бір араға жиналатын билік күні. (40) Ол күні достың досқа еш пайдасы болмайды әрі оларға жәрдем етілмейді. (41) Бірақ Алла мәрхамет еткен кісі ғана пайдалана алады. Күдіксіз Ол Алла, тым үстем, ерекше мейірімді. (42) Шынында заққұм ағашы; (23-С. 62-А.) (43) Күнәкарлардың тамағы. (44) Балқыған кен сияқты қарындарында қайнайды. (45) Қайнаған су құсаған." (46) "Оны ұстаңдар да сүйретіп, тозақтың ортасына тастаңдар." (47) "Сосын басының үстіне азап ретінде қайнар су қойыңдар." (48) "(Азапты) тат. Расында сен өзіңше үстем, құрметті едің." (49) "Шынында күдіктенген нәрселерің осы." (50) Шын мәнінде тақуалар аман бір орында болады; (51) Бақшаларда бұлақтарда, (52) Жұқа қалың жібектер киіп,



ерсілі-қарсылы отырады. (53) Осы сияқты, сондай-ақ оларды бота көз хұрлармен үйлендіреміз. (54) Ол жерде бейбіт түрде әр түрлі жемісті сұрай алады. (55) Ол жерде дүниедегі алғашқы өлімнен басқа ешбір өлім татпайды. Алла оларды тозақтың азабынан сақтаған. (56) Раббыңнан кеңшілік, міне осы зор қол жеткендік. (57) (Мұхаммед Ғ.С.) шын мәнінде олардың үгіт алулары үшін Құранды сенің тіліңнен ғана оңайластырдық. (58) Нәтижені сен де күт. Расында олар да күтуде. (59)

سُورَةُ الْجَاسِيَةِ

الْجَاسِيَةِ وَالْعَنَزَةِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

۱ نَزِيلَ الْكِتَابِ مِنَ اللَّهِ الْعَزِيزِ الْحَكِيمِ ۝ إِنِّي فِي السَّمَوَاتِ
 وَالْأَرْضِ لَأَبْنَتْ لِلْمُؤْمِنِينَ ۝ وَفِي خَلْقِكُمْ وَمَا يَبُذُّ مِنْ دَابَّةٍ آيَاتٌ
 لِقَوْمٍ يُوقِنُونَ ۝ وَأَخْلَفَ اللَّيْلَ وَالنَّهَارَ وَمَا أُنزِلَ اللَّهُ مِنَ السَّمَاءِ
 مِنْ رِزْقٍ فَأَحْيَا بِهِ الْأَرْضَ بَعْدَ مَوْتِهَا وَتَصْرِيفِ الرِّيحِ آيَاتٌ لِقَوْمٍ
 يَعْقِلُونَ ۝ تِلْكَ آيَاتُ اللَّهِ تَتْلُوهَا عَلَيْكَ بِالْحَقِّ قِيَاسِي حَدِيثٍ بَعْدَ
 اللَّهِ وَآيَاتِهِ يُؤْمِنُونَ ۝ وَلِلَّهِ كُلُّ أَمْرٍ ۝ سَمِعَ آيَاتِ
 اللَّهِ تُنَادِي عَلَيْهِمْ ثُمَّ يُصِرُّ مُسْتَكْبِرًا كَأَن لَّمْ يَسْمَعْهَا فَبَشِّرْهُ بِعَذَابٍ أَلِيمٍ
 ۝ وَإِذْ أَعْلَمَ مِنْ آيَاتِنَا سَبِيحًا أَخَذَ هَارُونَ أَوْلِيكَ لَهُمْ عَذَابٌ
 مُهِينٌ ۝ مِنْ رَأْيِهِمْ جَهَنَّمَ وَلَا يَخْفَى عَنْهُمْ مَا كَسَبُوا شَيْعًا
 وَلَا مَا أَخَذُوا مِنْ دُونِ اللَّهِ أَوْلِيَاءَ وَلَهُمْ عَذَابٌ عَظِيمٌ ۝ هَذَا
 هُدًى وَالَّذِينَ كَفَرُوا بِآيَاتِ رَبِّهِمْ لَهُمْ عَذَابٌ مِنْ رِجْزِ أَلِيمٍ ۝
 ۝ اللَّهُ الَّذِي سَخَّرَ لَكُمْ الْبَحْرَ لَتَجْرَى فِيهِ الْفُلُوكُ وَتَلْبَسُوا فِيهِ
 قَضِيئَهُ ۝ وَلَعَلَّكُمْ تَشْكُرُونَ ۝ وَسَخَّرَ لَكُمْ مَائِي السَّمَوَاتِ وَمَائِي
 الْأَرْضِ جَمِيعًا مِمَّنْهُ إِنَّ فِي ذَلِكَ لَآيَاتٍ لِقَوْمٍ يُفَكِّرُونَ ۝

سورة
الجنات
٥٠


۴۹۹

45-ЖАСИЯ СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Отыз жеті аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді
 Алланың атымен бастаймын.
 Ұғымын Алла (Т.) біледі. (1) Бұл
 Кітап тым үстем, хикмет иесі Алла
 тарапынан түсірілді. (2) Күдіксіз
 көктерде де жерде де белгілер бар.
 (3) Сендердің жаратылуларыңда
 сондай-ақ жәндіктердің өрбіп
 таралуында нақ сенген ел үшін
 белгілер бар. (4) Түн мен күндіздің
 ауысуында сондай-ақ Алланың

көктен жаңбыр жаудырып, өлгеннен
 кейін жерге сонымен жан беруінде
 және желдерді игеруінде түсінген
 елге ғибрат бар. (5) (Мұхаммед Ғ.С.)
 осылар Алланың аяттары. Саған
 бұларды хақиқат бойынша оқимыз.
 Енді олар Алланың аяттарынан
 кейін қай сөзге сенеді? (6) Барлық
 өтірікші, күнәкар құрысын! (7)
 Оларға оқылған Алланың аяттарын
 тыңдайды да сосын қасарысып,
 тәкаппарланған бойда естімегендей
 болады. Енді оны күйзелтуші
 азаппен қуандыр. (8) Мубада ол,
 аяттарымыздан бір нәрсе білсе, оны
 келемежге алады. Міне соларға
 қорлаушы азап бар. (9) Артынан
 тозақ дайын. Олардың істері де
 Алладан өзге жасап алған достары
 да ешбір пайда бермейді. Сондай-ақ
 оларға зор қинау бар. (10) Бұл
 Құран бір жетекші. Сондай
 Раббыларының аяттарына қарсы
 болғандар үшін күйзелтуші азаптың
 ең қоры бар. (11) Ол сондай Алла,
 теңізді еріктеріңе берді. Оның
 бұйрығымен теңізде кемелерді
 жүргізіп, Оның кеңшілігінен несібе
 іздейсіңдер. Әрине шүкірлік
 етерсіңдер. (12) Және де Ол, өз
 тарапынан сендер үшін көктердегі
 әрі жердегі барлық нәрсені іске
 қосты. Шын мәнінде осыларда
 түсінген ел үшін белгілер бар. (13)

(Мұхаммед F.C.) иман келтіргендерге айт: "Алланың ауыр күнін үміт етпегендерді кешірім етсін. Өйткені Алла, бір елдің қылықтарының жазасын береді. (14) Әлде кім ізгі іс істесе, сонда өзі үшін. Ал кім жамандық істесе, о да өзіне. Сосын Раббыларыңа қайтарыласыңдар. (15) Расында Израил ұрпақтарына кітап, патшалық, пайғамбарлық және өздеріне таза ризық беріп сондай-ақ әлемдерге үстем қылған едік. (16) Және де дін істерінде оларға ашық түсініктер бердік. Дегенмен өздеріне мәлімет келгеннен кейін өзара күншілік қылып, мүлде талас-тартысқа түсті. Шын мәнінде Раббың қиямет күні араларыңдағы қайшылыққа түскен нәрселері турасында үкім береді. (17) Сосын (Мұхаммед F.C.) сені шаригат ісіне қойдық. Енді сонымен жүр. Білмегендердің ойларына ілеспе. (18) Өйткені олар сені Алладан еш қорғай алмайды. Шынында залымдар бір-бірінің досы. Сондай-ақ Алла тақуалардың досы.



(19) Бұл Құран адамдар үшін көрнеу дәлелдер және нақ сенген елге жетекші әрі рахмет. (20) Немесе жамандықтарды істегендер, өздерін; иман келтіріп, ізгі іс істегендер сияқты қылатындығымызды, тіршіліктерінде, өлімдерінде тең боларын ойлай ма? Олардың берген үкімі нендей жаман. (21) Негізінде Алла (Т.) көктерді әрі жерді шындық бойынша жаратты. Әркімге қылығының бодауы беріледі. Сондай-ақ олар әділетсіздікке ұшырамайды. (22)




(Мұхаммед Ғ.С.) көңлі тартқанын тәңір жасап алған, сондай-ақ Алла, өзін біліп адастырған және құлағын, жүрегін бітеп, көзіне қалтқы жасаған біреулерді көрдің ме? Енді Алладан кейін оны тура жолға кім салады? Түсінбейсіңдер ме? (23) Олар: "Тіршілігіміз дүниедегі ғана. Өлеміз, өмір сүреміз. Бізді заман ғана өлтіреді" дейді. Негізінде олардың бұған байланысты мәліметі жоқ. Олардікі межелеу ғана. (Құбылыстар; заманның айналуынан ғана болады дейді. М.Р.К.) (24)

Оларға аяттарымыз ашықша оқылған кезде: "Егер сөздерің шын болса, аталарымызды тірілтіп, келтіріңдер" деулерінен басқа дәлелдері болмады. (25) (Мұхаммед Ғ.С.): "Сендерді Алла тірілтеді сосын өлтіреді. Сосын сендерді болуы шәксіз қиямет күнінде жинайды. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді" де. (26) Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Қиямет-қайым болған күні, я сол күні; бұзық құмарлар зиянға ұшырайды. (27) (Мұхаммед Ғ.С.) барлық үмметті жүгінген түрде көресің. Әр үммет ғамал дәптеріне шақырылады да: "Бүгін қылмыстарыңның бодауы беріледі." (28) "Бұл Кітабымыз сендерге шындықты сөйлейді. Өйткені, сендердің істегендеріңді жаздырушы едік." (29) Ал енді иман келтіріп, ізгі іс істегендер, сонда оларды Раббылары мәрхаметіне бөлейді. Міне сол айқын қол жеткендік. (30) Қарсы болғандарға: "Сендерге аяттарым оқылмап па еді? Сонда тәқаппарландыңдар. Сондай-ақ қылмысты ел, сендер едіңдер." (31) "Расында Алланың уәдесі хақиқат әрі қияметтің келуінде шәк жоқ" делінген уақытта: "Қияметтің не екенін білмейміз. Бір ой жору ғана деп ойлаймыз. Сондай-ақ біз анық нанушы емеспіз" (дер едіңдер.) (32)


(Дегенше) істеген істерінің жамандықтары әшкереленіп, олардың мазақтаған нәрселері бастарына жетті. (33) Оларға: "Сендер осы күнге жолығуды ұмытқандай сендерді Біз де ұмытамыз. Орындарың от. Сондай-ақ сендер үшін бір жәрдемші болмайды" делінеді. (34) Бұлардың, Алланың аяттарын мазақтағандықтарының салдарынан. Әрі сендерді дүние тіршілігі алдады. Сондықтан олар тозақтан шығарылмайды да ғұзырлары қабыл етілмейді. (35) Барлық мақтау, көктер мен жердің және әлемдердің Раббы Аллаға тән. (36) Сондай-ақ Көктерде, жерде ұлықтық Онікі. Ол тым үстем, аса дана. (37)

46-АХҚАФ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Отыз бес аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла (Т.) біледі. (1) Бұл Кітап тым үстем, хикмет иесі Алла тарапынан түсірілді. (2) Көктер мен жерді ері екі арасындағыларды шындық бойынша, бір мерзім белгілеп қана жараттық. Ал сондай қарсы болғандар, ескертілген




нәрседен жалтаруда. (3) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Алладан өзге шоқынған нәрселеріңді көрдіңдер ме? Олар жер жүзінде не жаратты, маған көрсетіңдерші. Немесе олардың көктерде ортақтығы бар ма? Егер шыншыл болсаңдар, маған бұдан бұрынғы бір кітап яки ғылыми деректер келтіріңдер" де. (4) Алладан өзге қияметке дейін өзіне жауап бере алмайтын біреуге табынғаннан кім зальмырақ? Әрине табынғандары олардың жалбаруларынан хабарсыз. (5)



Сондай-ақ Ол, мені мен сендердің арамызға куәлікте жетіп асады. Және Ол, тым жарылқаушы, ерекше мейірімді" де. (8) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Мен елшілердің тұңғышы емеспін. Сондай-ақ маған әрі сендерге не істелетінін де білмеймін. Өзіме уахи етілгенге ғана ілесемін. Және ашық бір ескертуші ғанамын" де. (9) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Көрдіндер ме? Егер де Құран Алланың қасынан болып, сендер оған қарсы болсаңдар; сондай-ақ Израил ұрпақтарынан бір куә, осы сияқты (Тәурат) ға куә болып, кейін иман келтірсе де сендер мәнмесіңдер, күдіксіз Алла залым елді тура жолға салмайды." (10) Сондай қарсы келгендер, иман келтіргендер үшін: "Егер (бұл дінде) игілік болса еді, олар бізден озбас еді. (Алдымен біз Мұсылман болар едік.)" деді. Оны мен де тура жол таппағандықтан: "Бұл көне бір өтірік" деседі. (11) Құраннан бұрын жолбасшы әрі игілік түрінде Мұса (F.C.) ның кітабы бар еді. Міне осы Құран зұлымдық қылғандарға ескерту, жақсылық істеушілерді қуанту үшін арап тіліндегі растаушы бір Кітап. (12) Күдіксіз сондай: "Рабымыз Алла" деп, сосын түп-тура кеткендер, оларға; хауіп-қатер жоқ. Әрі олар күйінбейді. (13) Міне осылар жаннаттық. Ғамалдарының бодауы түрінде онда мәңгі қалады. (14)

Адамдар жиналған кезде, оларға табынғандары дұшпан болып, олардың өздеріне құлшылық қылғандықтарына қарсы шығады. (19-С. 80-81-А.) (6) Оларға ап-ашық аяттарымыз оқылған кезде, сондай өздеріне келген шындыққа қарсы болғандар: "Мынау ашық бір сиқыр" дейді. (7) Немесе олар: "Оны өзі жасады" дей ме? (Мұхаммед F.C.): "Мубада өзім жасаған болсам, сонда мені Алладан еш қорғай алмайсыңдар. Алла, ол жөнде не көкігендеріңді жақсы біледі.

Адам баласына, әке-шешесіне жақсылық істеуді нұсқадық. Өйткені шешесі оны зорға көтеріп, әрең босанады. Сондай-ақ оған жүкті болу, (сүттен) айыру отыз ай. Ақыр ол, ержетіп, қырық жасқа ұласқан кезде: "Раббым! Өзіме әке-шешеме берген нығметтеріңе шүкірлік етуімді, өзің разы болатын түзу ғамал істеуімді маған нәсіп ете көр! Менің ұрпақтарымды да түзелт. Шын мәнінде, мен тәубе қылдым. Әрине мен бой ұсынушыларданмын" деді. (15) Міне бұлар, Біз жақсы ғамалдарын қабыл етіп, жамандықтарын кешіретін жаннаттықтардың ішінде болады. Бұл, оларға етілген шынайы уәде. (16) Ал енді әлде кім, әке-шешесіне: "Тұы! Екеуін де мені қайта тірілтіп, шығумен қорқытасыңдар ма? Расында менен бұрын қаншалаған нәсілдер өтіп кетті. (Олар тірілмеді)" деді. Әке-шешесі Аллаға жалбарынып: "Саған нендей өкініш! Иман келтір. Күдіксіз Алланың уәдесі хақ" дегенде, ол: "Бұл, бұрынғылардың ғана ертегісі" деді. (17) Міне осылар, бұрынғы өтіп кеткен, өздеріне делінген сөз бойынша азапқа душар болған



жындар мен адамдар тобынан болады. (18) Әркімнің ғамалы бойынша дәрежелері бар. Сондай-ақ өздеріне ғамалдарының бодауы толық беріледі де оларға әділетсіздік етілмейді. (19) Сондай қарсы болғандар, отқа төндірілген күні: "Дүние тіршілігінің қызығын көріп, одан пайдаландыңдар. Ал енді бүгін жер жүзінде орынсыз мен менсіп, бұзақылық қылғандықтарың себепті қорлаушы азаппен жазаланасыңдар" (делінеді.) (20)


الْحَبِيبِ

وَأَذْكُرْ آخَاعًا إِذْ أَنْذَرَ قَوْمَهُ بِالْأَحْقَافِ وَقَدْ خَلَّتِ النُّذُرُ
 مِنْ بَيْنِ يَدَيْهِ وَمِنْ خَلْفِهِ ۖ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا اللَّهَ إِنِّي أَخَافُ عَلَيْكُمْ
 عَذَابَ يَوْمٍ عَظِيمٍ ﴿٢٣﴾ قَالُوا أَجِئْنَا لِنَتَّكِفَ عَنْ آلِهَتِنَا فَإِنَّا
 بِمَا تَعْبُدُونَ إِن كُنْتُمْ مِنَ الصَّادِقِينَ ﴿٢٤﴾ قَالَ إِنَّمَا أَعْلَمُ عِنْدَ اللَّهِ
 وَأُبَلِّغُكُمْ مَا أُرْسِلْتُ بِهِ وَلَكِنِّي أَرَى كُفْرَكُمْ فَمَا يَحْجِلُونُ ﴿٢٥﴾
 فَلَمَّا رَأَوْهُ عَارِضًا مُسْتَقْبِلَ أَوْدِيَّتِهِمْ قَالُوا هَذَا عَارِضٌ مُّطِيرٌ
 بَلْ هُوَ مَا اسْتَعْجَلْتُمْ بِهِ رِيحٌ فِيهَا عَذَابٌ أَلِيمٌ ﴿٢٦﴾ تَدْمِغُكُلَّ
 شَيْءٍ بِأَمْرِ رَبِّهَا فَأَصْبَحُوا لَا يُرَوِّى أَلَا مَسْكُونٌ كَذَلِكَ نَجْزِي
 الْقَوْمَ الْمُجْرِمِينَ ﴿٢٧﴾ وَلَقَدْ مَكَّنَّهُمْ فِيهَا إِن مَكَّنَّاكُمْ فِيهِ
 وَجَعَلْنَا لَهُمْ سَمْعًا وَأَبْصَارًا وَأَفْئِدَةً فَمَا أَغْنَى عَنْهُمْ سَمْعُهُمْ
 وَلَا أَبْصَارُهُمْ وَلَا أَفْئِدَتُهُمْ مِنْ شَيْءٍ إِذْ كَانُوا يَجْحَدُونَ
 بِآيَاتِ اللَّهِ وَخَافُوا رَبَّهُمْ مَّا كَانُوا بِآيِهِ يَلْمِزُونَ ﴿٢٨﴾ وَلَقَدْ
 أَهْلَكْنَا مَا حَوْلَكُمْ مِنَ الْقُرَىٰ وَصَصَّوْنَا الْآيَةَ لَعَلَّهُمْ يَرْجِعُونَ
 ﴿٢٩﴾ فَلَوْلَا نَصْرُهُمُ الَّذِينَ اتَّخَذُوا مِنْ دُونِ اللَّهِ قُرْبَانًا آلِهَةً
 بَلْ ضَلُّوا عَنْهُمْ وَرَدُّوا إِلَيْكُمْ وَمَا كَانُوا بِآيَاتِهِ يَلْمِزُونَ ﴿٣٠﴾


(Мұхаммед F.C.) Гад елінің туысын
 (Һүд F.C. ды) есіңе ал; сол уақытта
 Ахқафтағы еліне ескерткен еді.
 Расында одан бұрын да кейін де
 ескертушілер өткен еді. Ол, еліне:
 "Алладан басқаға құлшылық
 қылмаңдар. Шын мәнінде мен
 сендерге (келетін) зор күннің
 азабынан қорқамын" (деді.) (21)
 Олар: "Сен, бізді тәңірлерімізден
 айныту үшін келдің бе? Мүбада
 шын айтушылардан болсаң, дереу
 бізге, бопсалаған нәрсеңді келтір"
 деді. (22) "Шын мәнінде мәлімет

Алланың қасында. Мен сендерге
 менімен жіберілген нәрсені
 жалғастырып, отырмын. Дегенмен
 сендерді надан ел көремін" деді. (23)
 Сонда олар, апатты, ойпаттарына
 қарай жайылып, келе жатқан бұлт
 түрінде көрген сәтте: "Бұл бізге
 жаңбыр жаудыратын бұлт" деді. (Һүд
 F.C.): "Жоқ, ол, сендердің асыға
 тілегендерің; ішінде жан
 түршігерлік азабы бар бір боран"
 (деді.) (24) Раббыңның әмірімен әр
 нәрсені тас-талқан қылады. Сонда
 олардың жұрттарынан басқа еш
 нәрсе көрінбей қалады. Қылмысты
 елге осылай жаза береміз. (25)
 Расында оларға, сендерге берген
 мүмкіншілікті берген едік.
 Сондай-ақ оларға есту, көру және
 ойлау қабілетін берген едік. Бірақ
 олардың құлақтары, көздері және
 жүректері ешбір пайда бермеді.
 Өйткені олар, Алланың аяттарына
 қарсы келетін еді. Олардың
 мазақтаған нәрселері бастарына
 жетті. (26) Расында маңдарыңдағы
 кенттерді жоқ еттік. Райдан
 қайтуларың үшін аяттарды
 егжей-тегжейлі түсіндірдік. (27)
 Сонда Алладан өзге, Оған
 жақындық үшін жасап алған
 тәңірлері өздеріне неге болыспады.
 Керісінше олардан ғайып болып
 кетті. Осы, олардың өтіріктері және
 жасандылары. (28)

(Мұхаммед F.C.) Сол уақытта саған жындардан Құран тыңдайтын бір топты келтірген едік. (Мұхаммед F.C. Тайып пен Меккенің арасындағы "Нахла" ойпатында таң намазында Құран тыңдауға жындар келген. Б.Ж.М.Р.К.) Олар жетіп келген сәтте: "Үндемеңдер" десті. Сонда оқылуы біткен кезде, елдеріне ескертуші болып қайтты. (29) Олар: "Әй еліміз! Шын мәнінде біз Мұса (F.C.) дан кейін түсірілген алдыңғыны растаушы, сондай-ақ шындыққа және тура жолға салатын бір Кітап тыңдатық" деді. (30) "Әй халқымыз! Алланың шақырушысын (Мұхаммед F.C. ды) қабылдаңдар. Және Аллаға иман келтіріңдер. Күн еларыңды жарылқап, күйзелтуші азаптан қорғайды..." (31) Әлде кім Алланың шақырушысын қабылдамаса да жер жүзінде Алланы осалдата алмайды. Әрі оған, Одан өзге болысушы да болмайды. Міне осылар ашық адасуда. (32) Олар көрмей ме? Шәксіз Ол сондай Алла, көктер мен жерді жаратты. Сондай-ақ оларды жаратқанда болдырмаған Алланың өліктерді тірілтуге шамасы келеді. Әрине Оның әр нәрсеге күші толық



жетуші. (33) Сондай кәпірлер, отқа әкелінетін күні, оларға: "Осы шындық емес пе екен?", - (делінеді) Олар: "Әрине Раббымызға серт" дейді. Сонда оларға: "Қарсы келгендіктерің себепті азапты татыңдар" делінеді. (34) (Мұхаммед F.C.) пайғамбарлардан майталмандар, сабыр еткендей сабыр ет. Олар үшін асықпа; олар өздеріне уәде етілгенді, көрген күні, дүниеде күндізден бір дем ғана тұрғандай білінеді. Бұл бір ұқтыру. Бұзақы ел ғана жоқ етіледі. (35)




болғандардың бос нәрсеге ілесіп анық иман келтіргендердің Раббыларынан келген хақиқатқа ілескендіктері. Осылайша Алла адам баласына өз мысалдарын келтіреді. (3) Соғыста кәпірлермен кездессеңдер, мойындарына шабындар; оларды жаныштағанға дейін. Сонда берік байлаңдар (тұтқынға алыңдар) да сосын қамқорлық қылып (қоя беріңдер.) Немесе бодау алыңдар; Соғыс құралдарын қойғанға дейін (сөйтіндер.) (2-С. 193-А.) Егер Алла қаласа, олардан өш алар еді. Бірақ біріңді-бірің арқылы сынау үшін. Сондай Алла жолында өлтірілгендер болса, Алла олардың ғамалдарын әсте зая қылмайды. (4) Оларды тура жолға салып жағдайларын түзелтеді. (5) Оларды өздеріне таныстырылған жаннатқа кіргізеді. (6) Әй мүміндер! Егер Аллаға (дініне) жәрдем етсеңдер, Ол сендерге жәрдем етіп, табандарыңды бекітеді. (7) Сондай қарсы келгендерге келсек, олар жанышталсын. Алла олардың ғамалдарын зая қылды. (8) Бұның себебі: Шынында олар Алланың түсірген нәрсесін жек көрді. Сондықтан Алла олардың ғамалдарын жойды. (9) Олар жер жүзінде кезіп, өздерінен бұрынғылардың соңдарының қалай болғаның көрмей ме? Алла оларды талқандаған. Кәпірлер үшін сол тәрізді болады. (10) Өйткені Алла, иман келтіргендердің иесі. Шынында кәпірлердің иесі жоқ. (11)

47-МҮХАММЕД СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Отыз сегіз аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
Сондай қарсы болып, Алланың жолынан тосқандардың, Алла ғамалдарын босқа жібереді. (1) Ал иман келтіріп, ізгі іс істегендердің сондай-ақ Мұхаммед (Ғ.С.) ке Раббы тарапынан ол шындықпен түсірілгенге иман келтіргендердің Алла, жамандықтарын жойып, жағдайларын түзелтті. (2) Бұның себебі: Шынайы қарсы

Шәксіз Алла иман келтіріп, ізгі іс істегендерді астарынан өзендер ағатын жаннатқа кіргізеді. Ал қарсы болғандар, (дүние тіршілігінен аз ғана) пайдаланып, хайуандар тәрізді жей береді. Олардың орны тозақ оты. (12) (Мұхаммед F.C.) сені шығарған кентіңнен тағы күшті қаншалаған кентті жоқ еттік. Сонда оларға болысушы болмады. (13) Ал сонда Раббы тарапынан ашық дәлелде болған біреу, өзіне жаман ғамалы әдемі көрсетіліп, әуестеріне ерген біреумен тең бе? (14) Сондай тақуаларға уәде етілген жаннаттың мысалы: Онда еш бұзылмайтын өзен сулар, дәмі өзгермейтін сүттен өзендер, ішушілерге дәмді арақтан өзендер (37-С. 45-47-А., 56-С. 19-А.) және балдан өзендер, сондай-ақ онда оларға әр түрлі жеміс әрі Раббыларынан жарылқау бар; (бұлар,) тозақта мәңгі қалып, қайнар су ішкізіліп, ішектері туралған біреумен тең бе? (15) Олардың ішінен саған құлақ асқандар да жоқ емес. Ақыр қасыңнан шыққан кезде, өздеріне ғылым берілгендерден: "Әзір не айтты?,"- деп сұрайды. Міне бұлар, Алла, жүректерін бітеп қойған,



әуестеріне ергендер. (16) Ал сондай тура жол тапқандар, Алла, олардың туралықтарын арттыра түсіп, оларға тақуалық береді. (17) Олар қиямет мезгілінің өздеріне кенеттен келуін ғана күте ме? Расында оның белгілері келді ғой. Қиямет келіп болғанда, үгіт алулары неге жарайды? (18) (Мұхаммед F.C.) енді біл! Шын мәнінде Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Өзіңнің әрі мүмін ер, әйелдердің күнәларының жарылқануын тіле! Алла, айналған әрі тұрақтаған жерлеріңді біледі. (19)

سُورَةُ الْمُؤْتَفِكَاتِ


وَيَقُولُ الَّذِينَ ءَامَنُوا لَوْلَا نُزِّلَتْ سُورَةٌ فَإِذَا أُنزِلَتْ سُورَةٌ
مُحْكَمَةٌ وَذُكِرَ فِيهَا الْقِسْطُ لَأَنَّ الَّذِينَ فِي قُلُوبِهِمْ مَرَضٌ
يَنْظُرُونَ إِلَيْكَ نَظَرَ الْمَغْشَى عَلَيْهِ مِنَ الْمَوْتِ فَأُولَئِكَ لَهُمُ
طَاعَةٌ وَقَوْلٌ مَعْرُوفٌ فَإِذَا عَزَمَ الْأَمْرُ فَلَوْ صَدَقُوا اللَّهَ
لَكَانَ حِزْبًا لَّهُمْ ﴿١١﴾ فَهَلْ عَسَيْتُمْ إِنْ تَوَلَّيْتُمْ أَنْ تُفْسِدُوا
فِي الْأَرْضِ وَتَقَطَّعُوا أَرْحَامَكُمْ ﴿١٢﴾ أُولَئِكَ الَّذِينَ لَعَنَهُمُ اللَّهُ
فَأَصَمَّهُمْ وَأَعَمَّى أَبْصَارَهُمْ ﴿١٣﴾ أَفَلَا يَتَذَكَّرُونَ الْفَرَاتِ
أَمْ عَلَيَّ قُلُوبٌ أَفْضَلُ لَهَا ﴿١٤﴾ إِنْ الَّذِينَ أَرْتَدُوا عَلَيَّ آذِنْتُهُمْ
مِنْ بَعْدِ مَا بَيَّنَّ لَهُمُ الْهُدَى الشَّيْطَانُ سَوَّلَ لَهُمْ وَأَمَلَى
لَهُمْ ﴿١٥﴾ ذَلِكَ بِأَنَّهُمْ قَالُوا لِلَّذِينَ كَرِهُوا مَا نَزَّلَ
اللَّهُ سَنُطِيعُكُمْ فِي بَعْضِ الْأَمْرِ وَاللَّهُ يَعْلَمُ إِسْرَارَهُمْ ﴿١٦﴾
فَكَيْفَ إِذَا تَوَفَّتْهُمُ الْمَلَائِكَةُ يَضْرِبُونَ وُجُوهَهُمْ
وَأُدْبِرُهُمْ ﴿١٧﴾ ذَلِكَ بِأَنَّهُمْ اتَّبَعُوا مَا آسَخَطَ اللَّهُ
وَكَرِهُوا رِضْوَانَهُ فَاحْبِطْ أَعْمَالَهُمْ ﴿١٨﴾ أَمْ حَسِبَ
الَّذِينَ فِي قُلُوبِهِمْ مَرَضٌ أَنْ لَنْ يُخْرِجَ اللَّهُ أَصْغَانَهُمْ ﴿١٩﴾

۵۰۹


Иман келтіргендер: "Бір сүре неге түсірілмейді?",- дейді. Ішінде соғыс баян етілген, ашық түсінікті бір сүре түсірілген кезде, (Мұхаммед F.C.) жүректерінде дерті барлардың, саған; өзін өлім есірігі басқанның қарауынша қарағанын көресің. Оларға өлім артық. (20) Бой ұсыну және дұрыс сөз керек еді. Іс бекіген сәтте, егер Аллаға опа қылса, әрине олар үшін хайырлы болар еді. (21) Егер іс басына келетін болсаңдар, (немесе бет бұрсаңдар,) сендерден жер жүзінде бұзақылық істеу,

жақындық байланысын үзу ғана үміт етілмей ме? (Екі жүзді мұнафықтар іс басына келсе де бет бұрса да хайыр келмейді...) (22) Олар, Алла, лағынет етіп, саңырау және көздерін соқыр қылғандар. (23) Әйтпесе олар, Құранды түсінбей ме? Немесе олардың жүректері құлыптаулы ма? (24) Шынында өздеріне туралық айқындалғаннан кейін арттарына қайтқандардікін шайтан жақсы көрсетіп, оларға үміт берді. (25) Өйткені олар, Алланың түсіргенін жек көргендерге: "Сендерге кейбір істе бағынамыз" деді. Алла олардың сырларын біледі. (26) Періштелер, олардың беттеріне, арқаларына ұрып, жандарын алғанда қалай болар еді?! (27) Бұл шынында олар Алланы ашуландыратын нәрселерге еріп, Оның раздығын жек көргендіктен Алла, олардың ғамалдарын жойды. (28) Немесе Жүректерінде дерті болғандар, Алла олардың кектерін есте ашыққа шығармайды деп ойлады ма? (29)

(Мұхаммед Ғ.С.) егер қаласақ, мұнафықтарды саған көрсетер едік те оларды бет бейнелерінен таныр едің. Әрине оларды сөз аңғарынан таныйсың. Алла істегендеріңді біледі. (30) Әлбетте сендерден жауынгерлермен сабырлыларды анықтағанымызға дейін сынаймыз. Сондай-ақ хабарларыңды да байқаймыз. (31) Шынында қарсы болып, Алланың жолынан тосқандар әрі өздеріне туралық әшкереленгеннен кейін Пайғамбармен таласқандар, Аллаға ешбір зиян келтіре алмайды. Алла олардың ғамалдарын жояды. (32) Әй иман келтіргендер! Аллаға бой ұсыныңдар әрі Пайғамбарға бағыныңдар. Сондай-ақ ғамалдарыңды бұзбаңдар. (33) Расында қарсы болып, Алланың жолынан тосқандар, сосын көпір күйінде өлгендер, оларды Алла, әсте жарылқамайды. (34) Сондықтан босамаңдар, келісімге шақырмаңдар, сендер үстемсіңдер. Алла сендермен бірге. Әсте ғамалдарыңды зая қылмайды. (Бұл аяттағы мақсат, күшке ие бола тұрып, келісім жасау. 8-С. 61-А) (35) Дүние тіршілігі бір ойын, ермек қана. Егер иман келтіріп, сақсынсаңдар, Алла сыйлықтарыңды береді. Сендердің малдарыңды сұрамайды. (17-С. 29-А.) (36) Егер сендерден оны



(тұтас жұмсауларыңды) сұраса еді, онда сендерге ауыр тиіп, сараңдық қыларсыңдар да өштіктерің ортаға шығар еді. (37) Негізінде сендер сол Алла жолында мал жұмсауға шақырылудасыңдар. Алайда кейбіреулерің сараңдық қылады. Кім сараңдық қылса, өзіне ғана сараңдық қылады. Өйткені Алла бай, сендер кедейсіңдер. Егер Алладан бет бұрсаңдар, орындарыңа сендерден басқа халықты ауыстырады. Сосын олар сендер сияқты болмайды. (38)




48-ФАТХ СУРЕСІ


Мединеде түскен. Жиырма тоғыз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед F.C.) сөзсіз сені ашық жеңіске ие қылдық. (1) Алла, өткен әрі келешектегі күнәнды жарылқау, саған деген нығметін тамамдау және саған тура жол көрсету үшін. (2) Тағы саған үстем бір нұсрат берер. (3) Ол сондай Алла, мүміндердің иманын арттыра түсу үшін олардың жүректеріне тоқтау салды.

Көктердегі және жердегі ләшкерлер Алланикі. Сондай-ақ Алла толық білуші, зор хикмет иесі. (4) Мүмін ерлер мен әйелдерді астарынан өзендер ағатын жаннаттарға мәңгі қалатын түрде кіргізу үшін жамандықтарын жояды. Міне осы, Алланың қасында зор табыс. (5) Аллаға байланысты жаман ой ойлаған мұнафық ерлер мен мұнафық әйелдерді, мүшрік ерлер мен мүшрік әйелдерді азапқа ұшыратады. Жамандық өздеріне болсын. Алла оларға ашуланды, оларды лағынеттеді де оларға тозақ дайындады. Нендей жаман барар жер. (6) Көктер мен жердің әскерлері Алланикі. Әрине Алла, тым үстем, зор хикмет иесі (7) (Мұхаммед F.C.) шын мәнінде сені куә, қуантушы және ескертуші етіп жібердік. (8) Аллаға, Елпісіне иман келтіресіңдер. Оны қуаттайсыңдар, Оны ұлықтайсыңдар және ертелі-кеш Оны дәріптейсіңдер. (9)

(Мұхаммед F.C.) саған биғат қылғандар, (қол бергендер,) әрине Аллаға қол берген болады. Алланың құдырет қолы олардың қолдарының үстінде. Сондықтан кім сертін бұзса, сонда өз зиянына ғана. Ал және кім Аллаға берген сертін орындаса, оған зор сыйлық береді. (10) Бәдеуилерден соғыстан қалып қалғандар, саған: "Бізді малдарымыз, семьяларымыз айналдырды. Сондықтан біз үшін жарылқау тіле" дейді. Олар, жүректерінде болмаған нәрсені тілдерімен айта береді. Оларға: "Егер Алла, сендерге бір зиян қаласа немесе бір пайда қаласа, сонда сендер үшін Аллаға біреу не істей алады? Олай емес. Алла сендердің не істегендеріңді толық біледі" де. (11) Бәлкім сендер, Пайғамбарды, мүміндерді семьяларына мүлде қайта алмайды деп ойладыңдар. Бұл жүректерінде әдемі көрсетілді. Сондай-ақ жаман ой ойладыңдар да жоғалуға лайық ел болдыңдар. (12) Ал әлде кім Аллаға, елшісіне иман келтірмесе, сонда қарсы болғандарға жалындаған тозақ дайындадық. (13) Көктер мен жердің иелігі Аллаға




тән. Кімді қаласа, жарылқайды да кімді қаласа, қинайды. Сондай-ақ Алла, аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (14) Ол соғыстан қалып қалғандар, сендер олжа алу үшін кеткен кезде: "Бізді қоя беріңдер, сендерге ерейік" дейді. Олар Алланың сөзін ауыстыруды қалайды. (Мұхаммед F.C.) оларға: "Әсте бізге ермейсіңдер. Сендер үшін Алла, бұрыннан осылай айтқан" де. Сонда олар: "Олай емес. Сендер бізді көре алмайсыңдар" дейді. Олар өте аз түсінеді. (15)




(Мұхаммед Ғ.С.) соғысқа бармай қалған бәдеуилерге: "Сендер жақында аса күшті бір елге шақырыласыңдар да олармен соғысасыңдар. Немесе олар Мұсылман болады. Егер бұл әмірге бағынсаңдар, Алла, сендерге жақсы сыйлық береді. Ал егер бұрын бет бұрғандай бет бұрсаңдар, Алла, сендерді күйзелтуші азаппен қинайды" де. (16) (Соғысқа қатынаспауда) соқырға бір оқасы жоқ. Ақсаққа да ештеңе жоқ. Және ауруға да кінә болмайды. Кім

Аллаға, Елшісіне бағынса, ол, астарынан өздер ағатын ұжмаққа кіргізіледі. Ал кім жалтарса, ол, жан түршігерлік қинаумен қиналады. (Хұдайбия келісімі қарсаңында Меккеге жіберілген хазіреті Ғұсман өлтірілді деген хабар бойынша Мұхаммед Ғ.С. ға мың үш жүзден артық сахаба бір ағаштың түбінде: "Соғысқа әзірміз" деп, биғат қылды. Б.Ж.М.К.) (17) Расында Алла, мүміндерден ағаштың астында саған серт берген сәтте, разы болды да олардың жүректеріндегіні біліп, оларға тоқтау салды. Сондай-ақ оларға таяуда бір жеңіс нәсіп етті. (18) Және оларға көптеген алатын олжаларды нәсіп етті. Алла тым үстем, хикмет иесі. (19) Алла сендерге көптеген алатын олжаларды уәде етті. Мүміндерге бір белгі болуы және сендерді тура жолға салуы үшін осы жеңісті тезінен беріп, сендерден адамдардың (суық) қолын тосты. (20) Одан басқа да әлі күштерің жетпеген, бірақ Алла, оларды толық игеруіне алған жеңістер де бар. Өйткені, Алланың әр нәрсеге толық күші жетеді. (21) Егер кәпірлер сендермен соғысса, әрине арттарына бұрылып қашар еді. Содан кейін олар; бір дос не жәрдемші таба алмайды. (22) Алланың бұрыннан келе жатқан жолы осы. Алланың жолында ешбір өзгеріс таба алмайсың. (23)

Ол сондай Алла, сендерді оларға өктем еткеннен кейін Мекке ойпатында олардың қолдарын сендерден тыйып, сендердің қолдарыңды олардан тыйды. Алла (Т.) не істегендеріңді толық көруші. (24) Олар сондай кәпірлер, сендерді Месжіт Харамнан және тостырылған құрбандықты орнына барудан тыйды. Бірақ егер Меккедегі сендер білмеген, мүмін ерлер мен мүмін әйелдерді сендер жаныштап, білместіктен обалына қалмайтын болсаңдар еді. (Соғысқа жол қойылар еді.) Алла кімді қаласа, мәрхаметіне бөлеу үшін (осылай істеді.) Мубада мүміндер бөлінген болса еді, олардан қарсы келгендерді күйзелтуші азаппен қинар едік. (25) Кәпірлер, жүректеріндегі надандық қасарысуымен сірескен кезде, Алла, Елшісіне әрі мүміндерге тоқтау салды да оларға тақуа сөзін жүктеді. Олар бұған лайығырақ және қабілетті еді. Алла әр нәрсені толық



білуші. (26) Расында Алла, Пайғамбарының түсін хақиқат бойынша тура шығарды. Алла қаласа, аман-есен әлбетте Месжіт Харамға шаштарыңды алдырып, не қысқартып бейбіт кіресіндер. Алла сендердің білмеген нәрселеріңді білген еді. Сондықтан бұдан өзге бір жақын жеңіс нәсіп етті. (27) Ол сондай Алла, дінін бүкіл діндерден үстем қылу үшін Пайғамбарын туралық әрі хақ дінмен жіберді. Куәлік тұрғысынан Алла жетіп асады. (28)




иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор сыйлық уәде етті. (29)

49-ХҮЖРАТ СҮРЕСІ


Мединеде түскен. Он сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Әй мүміндер! Алладан әрі Елшісінен ілгері кетпеңдер. Және Алладан қорқындар. Шүбәсыз Алла, аса естуші, толық білуші. (1) Әй мүміндер! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысының үстіне көтермеңдер. Өзара бір – біріңе дауыстағандай Пайғамбарға дабырлап сөйлеспеңдер. Ғамалдарың жойылып, аңғармай қаласындар. (2) Шынында Пайғамбардың жанында дауыстарын бәсеңдеткендер, міне солар, Алла жүректерін тақуалық үшін сынағандар. Оларға жарылқау әрі зор сыйлық бар. (3) (Мұхаммед Ғ.С.) расында саған хұжыралардың арт жағынан айғайлағандардың көбі түсінбегендер. (4)

Мұхаммед (Ғ.С.) Алланың Елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге қатаңырақ, өзара тым мейірімді. Оларды рүкүғда, сәждеде көресің. Олар Алладан мәрхамет әрі ризалық тілейді. Олардың жүздерінде сәжделердің ізінің дерегі бар. Олардың Тәуратта да сипаттары, Інжілде де сипаттары бар; бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік тұрған егін сияқты. Бұл (мысал) егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландыру үшін. Алла, олардан

(Мұхаммед F.C.) егер сен оларға шыққанға дейін олар сабыр етсе, әрине өздеріне жақсы болар еді. Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (5) Әй мүміндер! Бұзық біреу хабар келтірсе, оны анықтаңдар. Әйтпесе білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінесіңдер. (6) Араларыңда Алланың Елшісі барлығын біліңдер. Егер ол, істің көбінде сендерге бағынса еді, әрине қиыншылыққа ұшырар едіңдер. Бірақ Алла, сендерге иманды жақсы көрсетіп, оны жүректеріңде зейнеттеді. Сондай-ақ сендерге; қарсылықты, бұзақылықты және бас тартуды жек көрсетті. Міне солар тура жолдағылар. (7) Бұл Алладан кеңшілік, және нығмет. Алла толық білуші, хикмет иесі. (8) Егер мүміндерден екі топ соғысса, дереу араларын жарастырыңдар; мұбада екі жақтың бірі, екіншісіне өктемдік жасаса, бас тартқан жақпен Алланың әміріне қайтқандарына дейін соғысыңдар. Егер қайтса, араларын әділдікпен жарастырыңдар, туралық істендер. Расында Алла туралық істеушілерді жақсы көреді. (9) Шын мәнінде



мүміндер туыс қой. Сондықтан екі туыстарыңның арасын жарастырыңдар. Және Алладан қорқыңдар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер. (10) Әй мүміндер! Бір ел, бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ әйелдер, әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Бір-бірінді міндемендер; жаман ат тағыспаңдар. Иман келтіргеннен кейін стркей ат нендей жаман. Ал кім тәубе қылмаса, міне солар залымдар. (11)




қасында ең ардақтыларың тақуаларың. Шәксіз Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы. (13) Бәдеуилер: "Иман келтірдік" деді. (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Сендер иман келтірмедіңдер. Алайда: "Мұсылман болдық" деңдер. Өйткені, иман жүректеріңе кірмеді. Егер Аллаға, Пайғамбарға бағынсаңдар, ғамалдарыңнан еш нәрсе кемітпейді. Шүбәсыз Алла, аса жарылқаушы, тым мейірімді" де. (14) Шын мәнінде сондай Аллаға, Елшісіне иман келтірген мүміндер, сосын күдіктенбей; Алла жолына малдары әрі жандарымен соғысты. Міне солар, шыншылдар. (15) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Аллаға діндеріңді үйретесіңдер ме? Негізіңде Алла, көктердегі әрі жердегі нәрселерді біледі. Сондай-ақ Алла әр нәрсені толық білуші" де. (16) (Мұхаммед Ғ.С.) олар саған Мұсылман болғандықтарына бұлданады. Оларға: "Мұсылман болғандарыңа маған міндетсімендер. Керісінше, егер шыншыл болсаңдар, сендерді иманға көндіктіргендігі үшін сендерге Алла, міндетсиді" де. (17) Расында Алла, көктер мен жердегі құпияны біледі. Сондай-ақ істегендеріңді толық көруші. (18)

Әй мүміндер! Күмәнның көбінен сақтаныңдар. Өйткені, күмәнның кейбірі күнә. Сыр тексермеңдер, біреуді-біреу ғайбаттамасын. Біреулерің өлген туысының етін жеуді жақсы көре ме? Әрине оны жек көресіңдер. Расында Алла тәубені тым қабыл етуші, ерекше мейірімді. (12) Әй адам баласы! Шүбәсыз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың

50-ҚАФ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Қырық бес аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Қаф және биік дәрежелі Құранға серт. (1) Керісінше көпірлер өздеріне араларынан бір ескертуші келуін: "Бұл бір ғажайып нәрсе" десті. (2) (Және былай десті): "Біз өліп топырақ болған кезде, (қайта тірілеміз бе?) Бұл қайту ақылдан ұзақ." (3) Расында жердің олардан нені кеміткенін білеміз. Жанымызда әр нәрсені сақтаушы бір Кітап бар. (Лаухы Махфүз Б.М.) (4) Әрине олар, хақиқат келген сәтте, жасынға шығарды. Сондықтан олар, бір дағдарыста. (5) Олар үстеріндегі аспанға қарамай ма? Оны қалай жасап, безедік. Оның ешбір сызаты жоқ. (6) Жерді төсеп, онда әр түрлі көркем нәрселерді өсірдік. (7) Әрбір бейім құл үшін; бір белгі және үгіт. (8) Аспаннан берекетті жаңбыр жаудырып, сонда ол арқылы бақшалар және орылатын астық өсірдік. (9) Қауашақтары шоғырланған ұзын құрма ағаштарын өсірдік; (10) Құлдарға



көрек үшін. Сондай-ақ жаңбырмен жансыз жерге жан бердік. (Қайта тіріліп,) шығуда сол тәрізді. (11) Олардан бұрын Нұх (Ғ.С.) қауымы, Рәс халқы және Сәмүд елі де жасынға айналдырған болатын. (12) Гад, Перғауын және Луттың ағайындары да (13) Әйкеліктер және Түббағ елі, барлығы пайғамбарларды жасынға айналдырған. Сондықтан уәде шынға айналған. (Азапқа ұшыраған.) (14) Алғашқы жарату Бізді шаршартты ма? Жоқ, олар жаңа жаратылыстан күмәндануда. (15)

سُوْرَات

الْحَبَابِ وَالْقَبْرِ


وَلَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ وَتَعْلَمُ مَا تُوَسْوِسُ بِهِ نَفْسُهُ وَرَحِمْنَا آقْرَبُ إِلَيْهِ
 مِنْ جَبَلٍ أَلْوَيْدٍ ﴿١٦﴾ إِذْ نَسَفَى الْمُتَلَقِيَانِ عَنِ الْيَمِينِ وَعَنِ الشِّمَالِ قَعِيدٌ
 ﴿١٧﴾ مَا يَلْفُظُ مِنْ قَوْلٍ إِلَّا لَدَيْهِ رَقِيبٌ عَتِيدٌ ﴿١٨﴾ وَجَاءَتْ سَكْرَةُ
 الْمَوْتِ بِالْحَقِّ ذَلِكَ مَا كُنْتَ مِنْهُ تَحِيدُ ﴿١٩﴾ وَنُفِثَ فِي الصُّورِ ذَلِكَ
 يَوْمَ الْوَعِيدِ ﴿٢٠﴾ وَجَاءَتْ كُلُّ نَفْسٍ مَعَهَا سَائِقٌ وَشَهِيدٌ ﴿٢١﴾ لَقَدْ
 كُنْتَ فِي غَفْلَةٍ مِنْ هَذَا فَكَفَتْنَا عَنْكَ غِطَاءً فُكِّصِرَكَ الْيَوْمَ حَرِيدٌ
 ﴿٢٢﴾ وَقَالَ قَرِينُهُ هَذَا مَا لَدَى عَتِيدٍ ﴿٢٣﴾ الْفِيَا فِي جَهَنَّمَ كُلٌّ كِئْمَارٌ
 عِتِيدٍ ﴿٢٤﴾ مَتَاعٌ لِلغَيْرِ مُعْتَدٍ قَرِيبٍ ﴿٢٥﴾ الَّذِي جَعَلَ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا
 آخَرَ فَأَلْفَيْتَاهُ فِي الْعَذَابِ الشَّدِيدِ ﴿٢٦﴾ قَالَ قَرِينُهُ رَبَّنَا مَا أَطْفَيْتَهُ
 وَلَكِنْ كَانُ فِي صَلَاتٍ بَعِيدٍ ﴿٢٧﴾ قَالَ لَا تَخْصِمُوهُمُ الَّذِي وَقَدْ قَدَسَتْ
 إِلَيْكُمْ بِالْوَعِيدِ ﴿٢٨﴾ مَا يَبْدُلُ الْقَوْلَ لَدَى وَمَا أَنَا بِظَلَمٍ لِّلْعَبِيدِ ﴿٢٩﴾
 يَوْمَ نَقُولُ لِجَهَنَّمَ هَلِ امْتَلَأْتِ وَنَقُولُ هَلْ مِنْ مَزِيدٍ ﴿٣٠﴾ وَأَرْزَلْتِ
 الْجِنَّةَ الْمُتَفَقِّهِينَ غَيْرِ عَتِيدٍ ﴿٣١﴾ هَذَا مَا تُوَعَّدُونَ لِكُلِّ أَوَّابٍ حَفِظِ
 ﴿٣٢﴾ مَنْ خَشِيَ الرَّحْمَنَ الْعَلِيمَ وَجَاءَ بِقَلْبٍ مُنِيبٍ ﴿٣٣﴾ ادْخُلُوهَا
 بِسَلَامٍ ذَلِكَ يَوْمُ الْخُلُودِ ﴿٣٤﴾ لَهُمْ مَا يَشَاءُونَ فِيهَا وَلَدَيْنَا مَزِيدٌ ﴿٣٥﴾

019

Расында адамзатты жараттық. Оған, нәпсісінің не сыбырлағанын білеміз. Өйткені Біз, оған күре тамырынан да жақынбыз. (16) Оның, оңынан да солынан да екі байқаушы отырады. (82-С. 10-13-А.) (17) Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында аңдушы дайын. (18) Өлім есірігі шындықты келтірді. Одан қашушы едің. (19) Сүр үріледі. Осы уәделі күн. (20) Әркіммен айдаушы және куә бірге келеді. (21) "Расында осыдан кәперсіз едің. Ал енді сенен шымылдықты аштық. Сондықтан

бүгін көзің өткірлесті" (делінеді.) (22) Жанындағы (періште): "Міне мендегі дайын" дейді. (23) "Бүкіл қарсы болған қиқарды, тозаққа салыңдар" (делінеді.) (24) "Жақсылыққа тыйым салушы, шектен шығушы және күмәнданушы;" (25) "Бұлар сондай Алламен бірге тәңір жасап алған. Енді оны қатты азапқа салыңдар!" (26) Оның сыбайласы (шайтан): "Раббым! Оны, мен аздырмадым. Дегенмен өзі де ұзақ адасуда еді" дейді. (27) (Алла): "Менің алдымда тартыспаңдар. Сендерге алдын ала уәдені білдірген едім" дейді. (28) "Менің алдымда сөз ауыстырылмайды. Сондай-ақ құлдарыма әділетсіздік істемеймін." (29) Ол күні, тозаққа: "Толдың ба?",- дейміз. Ол: "Тағы да бар ма?",- дейді. (30) Бейіш, тақуаларға жақындатылады, алыс болмайды. (31) "Міне, уәде етілген нәрселерің; бүкіл тәубешіл, сақтанушылар үшін." (32) Кім көрместен Рахманнан қорықса, бейім жүрепке келсе; (33) "Ұжмаққа аман-есен кіріңдер. Бұл мәңгілік күні" (делінеді.) (34) Бейіште олар не тілесе бар. Сондай-ақ жанымызда артығы да бар. (35)


Олардан бұрын әздерінен орасан мықты, мемлекеттерді кезген, нәсілді жоқ еткен едік. Құтылар жер бар ма? (36) Шүбәсыз бұнда (сезімтал) жүрегі барға немесе құлақ салып, әзір болғанға бір үгіт бар. (37) Расында көктер мен жерді және екі арасындағы нәрселерді алты күнде жараттық, шаршамадық. (38) (Мұхаммед Ғ.С.) олардың айтқандарына сабыр ет. Раббыңды күн шығудан бұрын әрі батудан бұрын мақтай дәріпте. (Таң намазы, бесін, екінті. Б.Ж.М.) (39) Түннің бір бөлімінде және намаздардан кейін Оны дәріпте. (Намаздардың артындағы нәпілдер. Б.Ж.М.) (40) Жақын жерден бір айғайшының шақыратын (Сүр үрілетін) күніне құлақ сал. (41) Олар ол күні ащы дауысты анық естиді. Ол, (қабырдан) шығатын күн. (42) Расында тірілтеміз де өлтіреміз. Сондай-ақ қайтар орын Біз жақ. (43) Сол күні жер жарылып, олар тезінен шығады. Осы жинау Бізге оңай. (44) (Мұхаммед Ғ.С.) олардың не дегендерін жақсы білеміз. Сен оларға зорлаушы емессің. Кім



азаптан қорықса, Құранмен үгіт бер. (45)

51-ЗӘРЯТ СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Алпыс аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Соғып ұшырушы желдерге, (1) Мол жаңбыр көтеруші бұлттарға, (2) Жеңіл жүруші кемелерге, (3) Істі бөлуші періштелерге серт! (4) Шын мәнінде сендерге уәде етілген қиямет әрине рас. (5) Әлбетте қиямет болады. (6)




Жолдары бар аспанға серт! (7) Күмәнсыз сендер талас-тартыс сөздесіңдер. (8) Шындықтан бұрылған бұрылады. (9) Ой жорушылар құрысын. (10) Міне солар, білімсіздік ішінде жаңылуда. (11) Олар: "Қиямет қашан" деп сұрайды. (12) Ол, олардың отқа жағылатын күні. (13) Оларға: "Азаптарыңды татыңдар! Асығып, тілегендерің осы" (делінеді.) (14) Шәксіз тақуалар бақшаларда, бұлақтарда болады. (15) Олар, өздеріне Раббыларының бергенін

алады. Өйткені олар, бұдан бұрын жақсылық істеуші еді. (16) Олар түнде аз ғана ұйықтаушы еді. (17) Олар таң сәрілерде жарылқану тілеуші еді. (18) Олардың малдарында; сұрағанға да сұрамағанға да тиесі бар. (19) Жер жүзінде нақ сенушілерге дәлелдер бар; (20) Сондай-ақ өздерінде де бар. Көрмейсіңдер ме? (21) Сендердің несібелерің әрі уәде етілген нәрселер көкте. (22) Көк пен жердің Раббына серт. Шүбәсыз бұл, сендердің сөйлегендерің сияқты рас. (Бір-біріңе сөйлеген сөздерің қандай рас болса, сондай рас.) (23) (Мұхаммед F.C.) саған Ыбырайым (F.C.) ның ардақты қонақтарының (періштелердің) әңгімесі келді ме? (24) Олар Ыбырайым (F.C.) ға кіргенде: "Сәлем" десті. Ыбырайым (F.C.) да оларға: "Сәлем, бөгде қауым" деді. (11-С. 69-А., 15-С. 50-А.) (25) Дереву үйіне барып, семіз бір бұзау әкелді. (26) Оны оларға жақындатып: "Жемейсіңдер ме?",- деді. (27) Олардан тіксініп, қорықты. Олар: "Қорықпа!",- деді де оны білгіш бір ұлмен куантты. (28) Сонда Ыбырайым (F.C.) ның жұбайы, алдына ойбайлап келіп, өз бетін ұрды да: "Баладан қалған бір кемпірмін" деді. (29) Олар: "Осылайша Раббың бұйырды. Өйткені Ол, аса дана, толық білуші" десті. (30)

Меккеде түскен. Елу алты аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед F.C. алғаш Жебрейіл F.C. ді көргенде қобалжып: "Жабыңдар, мені жабыңдар" деп жамылып жатады. Б.Ж.М.Р.) Әй жамылушы! (1) Түр енді! Адамдарға ескерт! (2) Раббыңды ұлықта! (3) Киіміңді тазала! (4) Әр түрлі лас істерден аулақ бол! (5) (Қылған ісіңді) көп міндет қылма. (6) Раббың үшін сабыр ет. (7) Қашан Сүр үрілсе; (8) Міне сол күн, өте ауыр күн. (9) Негізінен қарсы келушілерге қолайсыз. (Құрайш руынан Мұғайяра ұлы Уәлит Құранды әсерлі жады деген. Б.Ж.Р.М.Х.Т.) (10) Мен жалғыз жаратқан кісіні өзіме таста. (11) Оған көптеген мал бердім. (12) Әзір тұратын ұлдар бердім. (13) Оның жағдайын кеңітіп, ықпалын арттырдым. (14) Сосын тағы да арттыра түсуімді үміт етті. (15) Әсте болмайды. Өйткені ол, қасарысқан еді. (16) Жақында оны өрге зорлаймын. (17)

Өйткені ол, ойластырып, шамалады. (18) Сосын ол өлгір, қалай шамалады? (19) Содан кейін ол жаны шыққыр, қайтып мөлшерледі? (20) Сосын ол, қарады. (21) Содан кейін ол, қабағын шытып, томсарды. (22) Сосын ол, теріс айналып паңданды. (23) Сонда ол: "Бұл, үйретіліп келе жатқан бір сиқыр" деді. (24) "Бұл, адамның ғана сөзі." (25) Оны жағатын тозаққа саламын. (26) Ол тозақтың не екенін қайдан білдің? (27) Кейін қалдырмайды да шала тастамайды. (28) Ол, адам терісін өртеп кетеді. (29) Оған он тоғыз (періште) қарайды. (30) Тозақтың күзетшілерін періштелерден ғана қылдық. Сондай-ақ олардың сандарын қарсы келушілерге анық бір сынау қылдық... Өздеріне кітап берілгендер, сенсін. (Олардың кітаптарында да он тоғыз жазылған. Б.Ж.М.) Әрі иман келтіргендердің сенімдері арта түссін. Кітап иелерімен мүміндер күмәнданбасын. Сондай-ақ жүректерінде дерті болғандар мен қарсы болғандар: "Алла, бұл мысалмен нені қалайды?";- десін. Осылайша Алла, қалағанын адастырып және кімді қаласа, тура жолға салады. Раббың жасақтарының санын өзі ғана біледі. Бұл адамдар үшін бір насихат. (31) Жоқ олай емес. Айға серт, (32) Қайтқан сәтте, түнге серт, (33) Ағарған сәтте, таңға серт. (34) Шын мәнінде ол тозақ, әрине ірі уақиғаның бірі. (35) Адамдар үшін ескерту. (36) Сендерден ілгері кетуді



немесе кейін қалуды қалаған біреулер үшін ескерту. (37) Әркім істеген ісінің орнына ұсталады. (52-С.21-А.) (38) Бірақ ғамал дәптері оңынан берілгендер басқа. (56-С. 27-А.) (39) Олар жаннаттарда сұрасады! (40) Қылмыстылардан; (41) "Сендерді тозаққа кіргізген не нәрсе?" (42) Олар: "Біз намаз оқушылардан емес едік." (43) "Әрі міскінді тамақтандырмайтын едік." (44) "Бұзықтыққа кірісушілермен бірге кірісіп жүрген едік." (45) "Қиямет күнін өтірік деген едік." (46) "Өзімізге өлім келгенге дейін (жалғаса берді" дейді.) (47)



75-ҚИЯМЕТ СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Қырық аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
Жоқ, қиямет күніне ант етемін. (1) Жоқ, сөгіс беруші нәпсіге ант етемін. (2) Адам баласы, біз сүйектерді жинай алмайды деп ойлай ма? (3) Әрине оны саусақтарының үшіне дейін қайта жасай аламыз. (4) Бірақ адам баласы, күнөны жалғастыра бергісі келеді (5) "Қиямет күні қашан болады?",- деп, сұрайды. (6) Қашан көз шағылысқан, (7) Ай тұтылған, (8) Күн мен ай бір араға келтірілген кезде. (9) Адамдар сол күн: "Қашар жер қайда?",- дейді. (10) Жоқ, әсте пана жоқ. (11) Ол күнгі тұрақ; Раббыңның алды. (12) Сол күні адам баласына ілгері кейін істегені білдіріледі. (36-С. 12-А.) (13) Әрине адам баласы өзіне-өзі көздеуші: (14) Егер барлық желеулерін ортаға қойса да. (Қанша сылтауратса да өз қылығы өзіне мәлім.) (15) (Мұхаммед F.C. Құран уахи етілген сәтте, тездетіп оқуға тырысқан. Б.Ж.Р.М.) (Әй Мұхаммед!) Құран түскенде оған асығып тіліңді қозғалтпа. (16) Шын мәнінде оны жинау, оқу Бізге міндет. (17) Ал оны Біз оқығанда, оның оқылуына ілес. (18) Сосын оны түсіндіру Бізге міндет. (19)

Сонда оларға шапағатшылардың шапағаты пайда бермейді. (48) Ал оларға насихаттан жалғаратын не болды? (49) Олар мүлде үріккен құлан сияқты; (50) Арыстаннан қашқан... (51) Жоқ, олардан әрбіреуі өзіне бір ашық нұсқа берілуін қалайды. (52) Жоқ, олар ахиреттен қорықпайды. (53) Олай емес. Шын мәнінде Құран бір насихат. (54) Кім қаласа, одан үгіт алады. (55) Алла қаламайынша, олар, үгіт ала алмайды. Ол Алла, қорқылуға лайық, жарылқау иесі. (56)


Жоқ, олай емес. Сендер тез кететін дүниені жақсы көресіңдер. (20) Ақиретті тастап, қоясыңдар. (21) Қиямет күні, кейбір жүздер жарқылдап; (22) Раббына қарайды. (23) Ол күні, кейбір жүздер томсаруда болады. (24) Өзіне бел үзетін қинау жасалады деп ойлайды. (25) Жоқ олай емес. Жан алқымға келген кезде; (26) "Кім шара көреді?",- делінеді. (27) Ол шын мәнінде айрылу екенін сезеді. (28) Балтыры, балтырына оралады. (29) Ол күні Раббы жаққа айдалады. (30) Сонда ол, мойындамады да намаз оқымады. (31) Бірақ, жасынға шығарып бет бұрды. (32) Сосын ол, кердеңдей басып, үйіне кетті. (33) Саған пәле келсін, (34) Сосын сені пәле басқыр! (35) Адам баласы бос қоя берілеміз деп ойлай ма? (36) Ол, (жатырға) тамызылған бір тамшы мәни емес пе?(37) Сосын ол, ұйған қан болды. Сонда Алла жаратып бейнеледі. (38) Сонда одан ер, әйел екі жыныс жаратты. (39) Бұларды жасаған Алланың, өліктерді қайта тірілтуге күші жетпей ме? (40)

76-ІНСАН СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Отыз бір аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.



Адамзат еске аларлық бір нәрсе болғанға дейін дәуірден бірталай мерзім өтпеді ме? (1) Шын мәнінде Біз адам баласын біріккен тамшыдан жараттық. Оны сынаймыз. Сондықтан оны еститін, көретін қылдық. (2) Расында оған тура жол көрсеттік. Мейлі шүкірлік қылсын, мейлі қарсы келсін. (3) Әрине, қарсы келушілер үшін шынжырлар, боғаулар және жалындаған тозақ әзірледік. (4) Әрине жақсылар, жаннатта: "Кәфүр" қосылған кеседен ішеді. (5)



апатынан сақтап, жарық жүз әрі қуанышқа бөлейді. (11) Оларды сабыр еткендіктері үшін ұрмақ және жібекпен сыйлайды. (12) Олар, ол арада дивандарға жастанған түрде отырады. Олар онда ыстық та суық та көрмейді. (13) Оларға бейіштің көлеңкелері иіліп, жемістері мүлде еріктерінде болады. (14) Оларға күмістен ыдыстар, шыныдан құмыралар ұсынылады. (15) Күмістен шынылары өлшеумен толтырылған болады. (16) Бейіште оларға "Зәнжәбил" араластырылған ішімдік кәсемен ішкізіледі. (17) Ол, бейіште "Сәлсәбил" деп аталатын бір бастау бар. (18) Олардың айналасында мәңгілік қызметші жастар болады. Оларды көрсен шашылған інжу деп ойлайсың. (19) Сол жерге қараған сәтте; нығымет, зор салтанат көресің. (20) Олардың киімдері жұқа, қалың жасыл жібек, күміс білезіктермен безенген болады. Сондай-ақ Раббылары, тап-таза ішімдік ішкізеді. (37-С. 45-47-А., 47-С. 15-А., 56-С. 17-19-А.) (21) "Расында бұл сендердің сыйлықтарың, еңбектерің жоғары бағалануға лайық болды." (22) (Мұхаммед F.C.) расында Біз саған Құранды аз-аздап түсірдік. (23) Ендеше, Раббыңның үкіміне сабыр ет. Олардан күнәкарлар немесе қарсыларға бағынба. (24) Ертелі-кеш Раббыңның атын зікір ет. (25)

Ол, Алланың құлдары ішетін, қалаған жағына ағызатын бастау. (6) Ол Алланың құлдары "нәзірін" орындайды әрі апаты етек алатын бір күннен қорқады. (7) Тамақты жақсы көре тұра міскінге, жетімге және тұтқынға жегізеді. (8) Олар: "Шын мәнінде сендерді Алланың ризалығы үшін тамақтандырамыз. Сендерден бір төлеу, алғыс тілемейміз." (9) "Расында біз түксиіп қатты томсарған күннен Раббымыздан қорқамыз." (дейді) (10) Сондықтан Алла, оларды сол күннің


Кештің бір бөлімінде Оған сәжде қыл. Әрі Оны түн бойы дәріпте. (26) Расында олар, тез өтетін дүниені жақсы көріп, ауыр күнді арттарына тастайды. (27) Оларды Біз жаратып, буындарын бекіттік. (Өмір бердік.) Егер қаласақ оларды ұқсастарына ауыстырамыз. (Оларды жоқ етіп, басқа сондай ел жарата аламыз.) (56-С. 60-А.) (28) Шын мәнінде бұл бір насихат. Енді кім қаласа, Раббына бір жол ұстар. (29) Сендердің қалауларың болмайды. Алла қаласа ғана болады. Расында Алла, өте білуші, хикмет иесі. (30) Алла кімді қаласа, мәрхаметіне бөлейді. Залымдарға күйзелтуші азап даярлады. (31)

77-МҮРСӘЛАТ СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Елу аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Жалғасты жіберілгендерге, (1) Қатты есіп, ұшырушыларға, (2) Тарқатқан сайын тарқатушыларға, (3) Айырған сайын айырушыларға, (4) Сосын зікір тастаушыларға, (5) Сылтау түрінде мейлі ескерту түрінде болсын, осыларға серт. (Бұл аяттардағы ант етілген нәрселерді Алла (Т.) ашық баян етпеген. Мүфәссірлер бұл жөнде түрлі көз қарастар білдірген. Мысалы: 1-Періштелер, 2-Желдер, 3-Құран Кәрим, 4-Пайғамбарлар. Не бәрі жел, не бәрі періштелер...) (6) Шын мәнінде сендерге уәде етілген (қиямет) әлбетте болады. (7)



Жұлдыздар сөнген сәтте, (8) Көк жарылғанда, (9) Таулар үгітіліп, ұшырылғанда, (10) Пайғамбарлардың уақты жеткен кезде; (11) Қайсы күнге кешіктіріліп еді? (12) Шешім күніне. (13) Ол шешім күнін қайдан білесің? (14) Ол күні, жасыңға шығарушыларға нендей өкініш! (15) Бұрынғыларды жоқ етпедік пе? (16) Сосын кейінгілерді де. Солардың аяғын күштырамыз. (17) Күнәкарларға осылай істейміз. (18) Жасыңға шығарушылар үшін сол күні нендей өкініш! (19)




Сендерді болымсыз судан жаратпадық па? (20) Сондай оны берік бір жерде (жатырда) етпедік пе? (21) Белгілі бір мерзімге дейін. (22) Оның тағдырын мөлшерледік. Нендей толық күшке иеміз. (23) Жасынға шығарушыларға сол күні нендей өкініш! (24) Жер жүзін бір жиналыс жері қылмадық па? (25) Тірілерге де өлілерге де. (26) Жер жүзінде асқар таулар жасап, сендерді дәмді сумен суардық. (27) Жасынға шығарушыларға ол күні нендей өкініш! (28) (Ол күні

оларға): "Өтірік деген нәрселеріңе қарай жүрiндер;" (29) "Үш бунақты түнекке қарай кетiндер" (делiнедi.) (30) Ол, көлеңке болмайды да жалыннан қорғамайды. (31) Өйткенi тозақ сарайдай үшқын атады. (32) Сары түйелердей. (33) Жасынға шығарушыларға ол күні нендей өкініш! (34) Ол күні олар сөйлемейді. (35) Сондай-ақ олардың желеулетулеріне рұхсат берілмейді. (36) Жасынға шығарушыларға ол күні нендей өкініш! (37) Ол шешім күні, сендерді де бұрынғыларды да жинаймыз. (38) Бір әдістерің бар болса, Маған қолданыңдар. (39) Жасынға шығарушыларға ол күні нендей өкініш! (40) Расында тақуалар, саяларда, бастауларда болады. (41) Көңілдері соққан жемістерде. (42) (Оларға): "Істеген ғамалдарың арқасында жеңдер, ішіндер; сiңiмдi болсын" (делiнедi.) (43) Расында жақсылық iстеушiлердi осылайша сыйлаймыз. (44) Жасынға шығарушыларға ол күні нендей өкініш! (45) (Әй кәпірлер!) Жеңдер, аздап пайдаланыңдар. Расында күнәкарсыңдар. (46) Жалғанға саюшыларға ол күні нендей өкініш! (47) Оларға: "Иіліңдер" делінсе, иілмейді. (48) Жасынға шығарушыларға, ол күні нендей өкініш! (49) Ал енді олар, бұл Құраннан кейін қайсы сөзге сенеді? (50)

78-НӘБӘ СҮРЕСІ:

Меккеде түскен. Қырық аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
 Олар не нәрседен сұрасады? (1) Зор уақиғадан. (2) Олар, ол жөнде таласуда. (3) Әсте олай емес, олар тез біледі. (4) Тағы олай емес, олар тез біледі. (5) Жерді бір төсеніш қылмадық па? (6) Тауларды қазық... (77-С. 27-А.) (7) Сендерді жтп-жтп жараттық. (8) Ұйқыларыңды дем алыс қылдық. (9) Түнді жамылғы қылдық. (10) Күндізді тіршілікке жараттық. (11) Үстеріңе жеті қат берік көк құрдық. (12) Жарқыраған шырақ (күн) жараттық. (13) Сығылысқан бұлттардан мол жаңбыр жаудырдық. (14) Онымен дәнді дахылдарды, өсімдіктерді шығару үшін; (15) Және ну бақшалар... (16) Расында билік күні, белгілі болған бір мерзім. (17) Сүр үрілген күні, топ-топ келесіндер. (18) Көктер сетінеп есіктер пайда болады. (19) Таулар жүргізіліп, сағым болады. (20) Әлбетте тозақ



күтіп тұрады; (21) Азғындардың барар жері. (22) Олар онда ғасырларша тұрады. (23) Олар онда салқындамайды да сусын татпайды. (24) Бірақ қайнап тұрған су және ірің ішеді. (25) Қылмыстарына сай бір жаза. (26) Өйткені олар, есепке тартылуды ойламаған еді. (27) Аяттарымызды мүлде жасынға шығарған еді. (28) Әр нәрсені жазып, сақтадық. (29) "Енді татыңдар; ал енді сендерге азаптан басқа еш нәрсе таттырмаймыз" (делінеді.) (30)

سُورَةُ النَّازِعَاتِ

الْمَائِدَاتِ

إِنَّ لِلْمُتَّقِينَ مَفَارِجًا (31) حُدَايِقَ وَعُنَابًا (32) وَكَوَاعِبَ أَزْرَابًا (33) وَأَسَا
 دَهَا قَا (34) لَا يَسْمَعُونَ فِيهَا لَغْوًا وَلَا كِدًّا (35) جَزَاءً مِّن رَّبِّكَ عَطَاءً
 حِسَابًا (36) رَبِّ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَا بَيْنَهُمَا الرَّحْمَنُ لَا يَمْلِكُونَ
 مِنْهُ خِطَابًا (37) يَوْمَ يَقُومُ الرُّوحُ وَالْمَلَائِكَةُ صَفًّا لَا يَتَكَلَّمُونَ
 إِلَّا مَن أَدْنَىٰ لَّهِ الرَّحْمَنُ وَقَالَ صَوَابًا (38) ذَلِكَ الْيَوْمَ الْحَقِّ فَمَن
 شَاءَ اتَّخَذْ إِلَىٰ رَبِّهِ عَمَّابًا (39) إِنَّا أَنْذَرْتَكُمْ عَذَابًا قَرِيبًا يَوْمَ
 يَنْظُرُ العَمْرَةَ مَا قَدَّمَتْ يَدَاهُ وَيَقُولُ الكَافِرُ بَلَيْتَنِي كُنتُ نَرًا (40)

سُورَةُ النَّازِعَاتِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَالتَّرَعُّوتِ عِرْقًا (1) وَالنَّشِيطَاتِ نَشْطًا (2) وَالسَّابِقَاتِ سَابِقًا (3)
 فَالَسَّيْقَاتِ سَيْقًا (4) فَالْمُدْرِيَاتِ أَمْرًا (5) يَوْمَ تَرْجُفُ الرَّجْفَةُ (6)
 تَتَّبِعُهَا الرَّادِفَةُ (7) ثَلُوبٌ يَوْمَئِذٍ وَاجِفَةٌ (8) أَبْصَرُهَا
 خَشِيعَةٌ (9) يَقُولُونَ أَيْنَا نَالُ المَرْدُودُونَ فِي المَعَاوَةِ (10) أَيْنَا ذَا كُنَّا
 عِظْمًا نُخْرَجُ (11) قَالُوا أَنَا كُنَّا إِذَا كَرِهَ خَاسِرَةٌ (12) لَمَّا هِيَ زَجْرَةٌ
 وَاحِدَةٌ (13) فَإِذَا هُمْ بِالسَّاهِرَةِ (14) هَلْ أَنتَ إِذْ حَدِيثٌ مُّوسَىٰ (15)

۵۸۳


сөйлейді. (38) Сол күн хақ. Ендеше кім қаласа, Раббына барар жол тұтсын. (39) Негізінде жақын бір азапты ескерттік. Ол күні алдын ала не істегеніне қарайды. Көпір: "Әттең! Топырақ болып кеткен болсам" дейді. (40)

79-НАЗИҒАТ СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Қырық алты аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Сүңгіп шығарушы, (1) Баяу тартушы, (2) Малтап кетуші, (3) Жарысып озушы, (4) Сондай-ақ істі меңгеруші періштелерге серт. (5) Ол күні қатты сілкініс болады. (6) Оның артынан тағы бір сілкінеді. (7) Ол күні жүректер тітіреді. (8) Көздері төмен қарайды. (9) (Олар): "Шын, қайта тірілеміз бе?",- дейді. (10) "Қоқым, сүйек болған сәтте де?" (11) (Олар): "Ендеше ол қайғылы бір қайту екен" дейді. (12) Негізінен ол, бір айғай ғана. (13) Дереу сол уақытта олар майданда. (14) Саған Мұсаның хабары келді ме? (15)

Негізінде тақуалар үшін құтылу бар. (31) Бақшалар, жүзімдер бар. (32) Жас өспірім құрдас қыздар бар. (38-С. 52-А., 56-С. 37-А.) (33) Толып, тасыған кәсе бар. (34) Олар онда бос сөз және өтірік естімейді; (35) Раббыңнан толық бір сыйлық. (36) Көктер мен жердің әрі арасындағылардың Раббы; аса есіркеуші, Оған ешкім тіл қата алмайды. (37) Ол күні Жебрейіл (Ғ.С.) және періштелер, тізіліп тұрады. Алланың рұхсатынсыз ешкім сөйлемейді әрі дұрысын ғана

Сол уақытта, Раббы, оған қасиетті "Тұуа" ойпатында дабыстады: (16) "Перғауынға бар. Өйткені ол, азды." (17) Сонда оған: "Тазарғың келе ме?",- де. (18) "Саған Раббыңа баратын жолды көрсетейін. Одан қорқарсың" (19) Мұса, Перғауынға ірі мұғжизаны көрсетті. (20) Сонда ол, жасынға шығарып, қарсы шықты. (21) Кейін теріс айналып, жүгірді. (22) Адамдарды жинап, айғай салып: (23) "Мен сендердің ең ұлы раббыларың" деді. (24) Сондықтан Алла, оны ахирет, дүние азабымен қолға алды. (25) Расында бұнда қорыққан кісі үшін әлбетте бір ғибрат бар. (26) Сендерді жарату қиын ба? Немесе аспанды? Алла, оны да жасады. (27) Оның биіктігін көтеріп, оны теңгерді. (28) Оның түнін қараңғылатып, күндізін жарыққа шығарды. (29) Сосын жерді төседі. (30) Одан су және жайылыс майданға келтірді. (31) Оған таулар орналастырды. (32) Сендер және малдарың пайдалану үшін. (33) Бірақ ол ірі уақиға (қиямет) келген сәтте; (34) Ол күні адамзат не нәрсеге тырысқанын есіне алады. (35) Тозақ, көретіндерге көрсетіледі. (36) Ал енді кім шектен шыққан болса, (37) Оған дүние әсер еткен болса, (38) Сонда рас оның орны



тозақ. (39) Ал енді кім, Раббының алдына тұрудан қорқып, нәпсісін соққан нәрседен тежеген болса, (40) Негізінде оның барар жері ұжмақ. (41) (Мұхаммед Ғ.С.) олар саған: "Қиямет қашан болады?",- деп, сұрақ қояды. (42) Ол жөнде түсінік беру сенің ісің бе? (43) Оның қортындысы, Раббыңа байланысты. (44) Негізінен сен қияметтен қорыққан кісілерге бір ескертуші ғанасың. (45) Олар қияметті көрген күні, дүниеде бір кеш немесе бір сәске тұрғандай ойлайды. (46)



80-ҒАБӘСӘ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Қырық екі аят.


(Бір рет Мұхаммед Ғ.С. Құрайштың бастықтарын дінге шақырып, отырғанда, соқыр Ғабдолла Мәктүм ұлының келгеніне қабақ шытқан екен. Б.Ж.М.К.) Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Қабақ шытып, бет бұрды; (1) Оған соқырдың келуімен. (2) Қайдан білесің, мүмкін ол тазарар? (3) Не үгіт алар, оған үгіт пайда берер. (4) Ал енді байсынған; (Құрайш бастықтары) келсе, (5) Оған көңіл


бөлесің. (6) Ол тазармаса саған не? (7) Ал енді саған жүгіріп келген біреу; (8) Ол, (Алладан) қорқады. (9) Сонда да оған селқос қарайсың. (10) Жоқ, олай емес. Әлбетте Құран бір насихат. (11) Сондықтан кім қаласа, үгіт алады. (12) Құрметті нұсқаларда жазулы, (13) Жоғары бағаланған тап-таза; (14) Елшілердің қолында, (15) Ардақты, игі. (Періштелер; Лаухы Махфүздан көшірген. Б.Ж.Х.) (16) Жаны шықсын! Оған, адам баласы қалай қарсы? (17) Алла адамды не нәрседен жаратты? (18) Бір тамшыдан жаратып, оны бейнеледі. (19) Сосын оның жолын оңайластырды. (20) Кейін оған өлім беріп, оны қабырға қойдырды. (21) Қалаған сәтте, оны тірілтеді. (22) Жоқ, ол Алланың әмірін орындамады. (23) Ал енді адамзат, жеген тамағына бір көз салсын. (24) Әрине мол су бердік. (25) Сосын қара жерді қақ айырдық. (26) Сонда жерде дәнді дахылдар өсірдік. (27) Жүзімдер, жоңышқалар, (28) Зәйтіндер, құрмалар, (29) Ну бақшалар, (30) Жемістер, өлеңдер; (31) Сендер әрі малдарың пайдалану үшін. (32) Ал енді қатты дауыс келген сәтте; (33) Сол күні, кісі туысынан қашады; (34) Шешесінен, әкесінен, (35) Әйелінен және балаларынан. (36) Ол күні әркімнің ісі ауыр. (Әркім өз халымен әлек.) (37) Ол күні кейбір жүздер, жарқырайды; (38) Күлген қуанышты. (39) Ол күні кейбір жүздің үстін шаң басқан болады; (40) Оны қара түнек қаптаған болады. (41) Міне солар, қарсы келген бұзақшлар. (42)

81-ТЕКУИР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма тоғыз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Күн бүктелген сәтте, (1) Жұлдыздар солып, шашылған сәтте, (2) Таулар жүргізілген сәтте, (3) Қаймал іңгендер, иен жіберілген сәтте, (Сол күннің зардабынан бошалаған түйе де естен шығады.) (4) Жан-жаныуарлар жиналған сәтте, (5) Теңіздер қайнатылған сәтте, (6) Жан тәнмен бірлестірілген сәтте, (7) Тірі көмілген қыздар сұралған сәтте; (8) Қай күнәмен өлтірілді? (9) Дәптердер ашылған сәтте, (10) Аспан ашылған сәтте, (11) Тозақ қыздырылған сәтте, (12) Ұжмақ жақындатылған сәтте; (13) Әркім не әзірлегенін біледі. (14) Жоқ, солғындаған жұлдыздарға серт, (15) Жүріп барып батқан жұлдыздарға ант. (16) Қараңғылана бастаған түнге серт, (17) Ағара бастаған таңа серт; (18) (Осы нәрселерде ашық дәлелдер бар.) Негізінен Құран, әрине бір ардақты Елшінің сөзі. (69-С. 40-А) (19) Ол күшті Елші, ғаршының иесінің қасында беделді; (20) Ықпалды, онда сенімді. (Жебрейіл Ғ.С.) (21) Жолдастарың (Мұхаммед Ғ.С.) жынды емес. (22) Расында ол, оны ашық көк жиекте



көрді. (Мұхаммед Ғ.С. Жебрейіл Ғ.С.ды шығыс көк жиекте көрген. Б.Ж.М.) (23) Мұхаммед (Ғ.С.) ғайыптан келген уахи туралы кемшілік істемеді. (Б.Ж.М.) (24) Құран, қуылған шайтанның сөзі емес. (25) Ендеше, Қайда кетіп бара жатырсыңдар? (26) Құран, бүкіл әлемге насихаттан басқа еш нәрсе емес. (27) Әрине сендерден тура жолды қалаған кісілер үшін; (28) Әлемдердің Раббы Алла, қаламайынша тілеулерің жүрмейді. (29)



құрастырды. (8) Жоқ олай емес, дінді өтіріксінесіңдер. (9) Негізінен сендерге әлбетте бақылаушылар бар. (10) Ардақты жазушылар, (11) Олар не істегендеріңді біледі. (12) Шын мәнінде ізгілер, әлбетте нығымет ішінде болады. (13) Негізінен бұзықтар, тозақта болады. (14) Олар қиямет күні тозаққа салынады. (15) Олар, одан ғайып бола алмайды. (16) Қиямет күннің не екенін қайдан білесің? (17) Я, қиямет күннің не екенің қайдан білесің (18) Ол күні, біреуге біреу қарайласуға еш нәрсе қолдан келмейді. Ол күні, әмір Аллаға тән. (28-С. 88-А.) (19)


82-ЫНФИТАР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он тоғыз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Көк жарылған сәтте, (1) Жұлдыздар төгілген сәтте, (2) Теңіздер тасыған сәтте, (3) Қабырлар қопарылған сәтте, (4) Әркім ілгері не жібергенін, кейін не қалдырғанын біледі. (5) Әй адамзат! Ардақты Раббың туралы сені не алдады? (6) Ол сондай Алла, сені жаратты. Толықтап теңестірді. (7) Ол, сені қалаған бейнеде


83-МҰТАФФИФИН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Отыз алты аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Өлшеу, тартуда кеміткендерге нендей өкініш! (1) Олар қашан өлшеп алса, толық өлшеп алады да; (2) Қашан олар, өлшеп немесе тартып беретін болса; кемітеді. (3) Олар қайта тірілетіндіктерін ойламай ма? (4) Ол зор күн үшін; (5) Ол күні адамдар, бүкіл әлемнің Раббының алдында тұрады. (6)

Олай емес. Негізінен бұзықтардың дәптері төменгі орында болады. (7) Төменгі орынның не екенін қайдан білесің? (8) Ол жазулы бір кітап. (9) Ол күні, жасынға шығарушыларға нендей өкініш! (10) Олар, сондай қиямет күнін өтіріксігендер. (11) Оны, шектен шыққан, күнәкар өтіріксінеді. (12) Қашан оған аяттарымыз оқылса: "Бұрынғылардың ертегісі" деді. (13) Жоқ, бәлкім олардың жүректерін істеген қылықтарының таты басты. (14) Жоқ олай емес. Негізінде олар ол күні, Раббыларының дидарынан махрұм қалады. (15) Сосын олар, әлбетте тозаққа кіреді. (16) Сосын оларға: "Міне сендердің өтірік дегендерің осы!", - делінеді. (17) Жоқ олай емес. Негізінен ізгілердің дәптері әрине жоғарғы орында болады. (18) Жоғарғы орынның не екенін қайдан білесің? (19) Ол жазулы бір кітап. (20) Оны, Аллаға жақын періштелер бақылайды. (21) Негізінен ізгілер, әрине нығмет ішінде болады. (22) Олар дивандардың үстінде (Алланың нығметтеріне) қарайды. (23) Олардың бақытқа бөленгендіктерін шырайларынан таныйсың. (24) Олар, мөрленген ішімдіктен сусындатылады. (25) Оның сарқыны жұпар аңқиды. Жарысушылар, осыған жарыссын. (26) Оның қоры,



"Тәсним" бастауынан. (27) Ол бастаудан Аллаға жақын болғандар ішеді. (28) Расында күнәкарлар, иман келтіргендерге күлетін еді. (29) Олар жандарынан өткенде, ымдасын еді. (30) Олар үйлеріне қайтып барған кезде, күңкілдесетін еді. (31) Қашан олар Мұсылмандарды көрсе: "Сөз жоқ, бұлар адасқандар" дейтін еді. (32) Олар, Мұсылмандарға бақылаушы етіліп жіберілмеді. (33) Ал енді бүгін мүміндер, кәпірлерге күледі. (34)



болған кезде; (5) Әй адамзат! Негізінде сен Раббыңа қарай өте тырыссаң; сонда Оған жолығасың. (6) Ал енді кімнің дәптері оңынан берілсе; (7) Сонда Ол, дереу жеңіл есеппен есептеледі. (8) Ол, үй-ішіне қуанып қайтады. (9) Ал және кімнің дәптері арт жағынан берілсе; (10) Сонда ол, дереу өлім шақырады. (11) Қайнаған тозаққа түседі. (12) Өйткені ол, өз үйінде мәз-мейрам еді. (13) Негізінде ол, есте (Аллаға) қайтпаймын деп, ойлады. (14) Олай емес. Расында Раббы оны көздеуде еді. (15) Жоқ, шапақ уақтына, (16) Түнге әрі ішіндегі нәрсеге, (17) Толған айға серт. (18) Әлбетте сендер, бір жағдайдан бір жағдайға өтесіңдер. (19) Сонда оларға иман келтірмейтін не болды? (20) Оларға Құран оқылған кезде, сәжде қылмайды. (21) Әрине кәпірлер "Өтірік" дейді. (22) Алла олардың бүкпелеген нәрселерін жақсы біледі. (23) (Мұхаммед Ғ.С.) оларды күйзелтетін азаппен шүйіншіле. (24) Бірақ иман келтіріп, түзу ғамал істеушілерге таусылмайтын сыйлық бар. (25)


Олар тақтардың үстінде қарайды; (35) "Кәпірлер, істегендерінің пайдасын көрді ме?" (36)

84-ІНШИҚАҚ СҮРЕСІ


Меккеде түскен. жиырма бес аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
Аспан жарылған сәтте, (1) Лайықты болып, Раббына бой ұсынған кезде, (2) Жер созылған сәтте, (3) Ол, ішіндегіні шығарып босатқан сәтте, (4) Раббына бой ұсынып, лайықты

85-БҮРУЖ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма екі аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді
 Алланың атымен бастаймын.
 Жұлдызды аспанға ант, (1) Уәделі
 күнге, (2) Куәлік берушіге, куәлік
 берілгенге серт. (3) Жер
 ошақшылардың жаны шықсын! (4)
 Отынмен жанған от. (5) Ол уақытта
 олар оның маңында отырған; (6)
 Олар, мүміндерге істегендерін
 көрген. (7) Олардың мүміндерге
 өшігулерінің себебі; үстем,
 мақтаулы Аллаға сенулері ғана еді.
 (Бір дәуірдегі кәпір патша,
 Мұсылмандарды ор қазып ішіне,
 жаққан отқа салады екен. Б.М.
 Басқа рауаяттар да бар.) (8) Ол
 сондай Алла, аспандар мен жердің
 иелігі Оған тән. Ол Алла, әр
 нәрсені көруші. (9) Негізінде мүмін
 ерлер, мүмін әйелдерге жапа беріп,
 сосын тәубе қылмағандар, оларға
 тозақтың азабы; жандыратын азап
 бар. (10) Негізінен иман келтіріп,
 ізгі іс істегендер, оларға астарынан
 өзендер ағатын бейіштер бар. Осы,
 зор мұратқа жетушілік. (11)



Негізінен Раббыңның қолға алуы
 орасан қатты. (12) Өйткені Ол,
 бастапта жаратып, әрі қайта
 тірілтеді. (13) Ол, тым жарылқаушы,
 өте сүюші. (14) Ғаршының иесі, аса
 ұлы. (15) Ол, қалағанын бұлжытпай
 істеуші. (16) (Мұхаммед Ғ.С.) саған
 ләшкерлердің хабары келді ме? (17)
 Перғауын және Сәмүд
 ләшкерлерінің? (18) Дегенмен қарсы
 болғандар, өтіріксінуде. (19) Алла,
 оларды сырттай орап алған. (20)
 Әрине ол, ұлы бір Құран. (21)
 Лаухы Махфұзда сақтаулы. (22)



(7) Сөз жоқ. Алла, адамзатты қайта тірілту күшіне ие. (8) Сол күні сырлар ашылады. (9) (Ол күні) адам баласына күш те көмекші де болмайды. (10) Қайталап жаңбырлататын аспанға серт. (11) Жарылып өсімдік шығаратын жерге серт. (12) Негізінен Құран бір билік сөз. (13) Ол, бір сықақ емес. (14) Шын мәнінде олар бір сығандық істеуде. (15) Сығандығына шара көремін. (16) (Мұхаммед Ғ.С.) қарсы келушілерге мұрсат беріп, аз еркіне қой. (17)

87-АҒЛА СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он тоғыз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед Ғ.С.) ұлы Раббыңның атын дәріпте. (1) Ол сондай Алла; жаратып, толықтаған, (2) Ол сондай Алла, шамалап оңғарған. (3) Ол сондай Алла, жайылысты жаратқан. (4) Сосын оны қап-қара қоқымға айналдырған. (5) (Мұхаммед Ғ.С.) саған Құран оқытамыз; сонда оны ұмытпайсың. (6) Бірақ, Алланың қалағаны басқа. Негізінде Ол, көрнеу, көместі біледі. (2-С. 6-А.) (7) Саған оңай болғанды қолайластырамыз. (8) Пайда беретін болса, насихат ет. (9) Әлде кім Алладан қорықса, үгіт алады. (10) Сорлы болғандар, одан бой тежейді. (11) Ол, сондай зор тозаққа салынады. (12) Сосын ол арада өлмейді де тірілмейді. (13) Әлде кім тазарса, ол құтылды. (14) Ол, Раббының атын еске алып, намаз оқыды. (Бұл, айт намазы. Б.Ж.М.) (15)

86-ТАРЫҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он жеті аят.


Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Аспанға, Тарыққа серт. (1) (Мұхаммед Ғ.С.) Тарық не екенін қайдан білдің? (2) Ол, жарқыраған жұлдыз. (3) Әркімнің үстінде бір бақылаушы бар. (11-С. 56-А.) (4) Ал енді адамзат неменеден жаратылғандығына бір қарасын; (5) Бір атылып шыққан судан жаратылған; (6) Ол, бел сүйек пен кеуде сүйектің арасынан шығады.


Бірақ сендер дүние тіршілігін артық көресіңдер. (16) Ақирет хайырлы да тұрақты. (17) Негізінен бұл үкімдер, бұрынғы нұсқаларда бар; (18) Ыбырайым, Мұса (Ғ.С.) лардың нұсқаларында. (19)

88-ҒАШИЯ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма алты аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед Ғ.С. әлемді) қаптайтын қияметтің хабары саған келді ме? (1) Ол күні, кейбір жүздерді қорку басады. (2) Қатты қиналған шаршаған болады. (3) Жанып тұрған отқа тасталады. (4) Қайнап тұрған бастаудан ішкізіледі. (5) Олардың ащы, сасық тікеннен басқа ешбір тамағы болмайды. (6) Ол, семіртпейді де аштықты баспайды. (7) Ол күні, кейбір жүздер шаттықта, (8) Ғамалдарынан разы, (9) Көтеріңкі бақшада; (10) Ол арада бір бос сөз естімейді. (11) Онда аққан бір бұлақ бар. (12) Онда биік дивандар бар. (13) Қойылған кәселер бар. (14) Тізілген жастықтар бар. (15) Төселген төсеніштер бар. (16) Олар, түйеге қарамай ма,



қайтіп жаратылған? (17) Олар, аспанға қарамай ма, қайтіп көтерілген? (18) Олар, тауларға қарамай ма, қайтіп тігілген? (19) Олар, жерге қарамай ма, қайтіп төселген? (20) (Мұхаммед Ғ.С.) ал енді насихат ет; негізінен сен бір насихатшысың. (21) Сен оларды зорлаушы емессің. (22) Бірақ әлде кім бет бұрса, қарсы келсе; (23) Сонда Алла, оны зор азаппен қинайды. (24) Расында олардың қайтар жері Біз жақ. (25) Сосын сөз жоқ. Олардың есебі Бізге тән. (26)




89-ФӘЖИР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Отыз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Ағарған таңға, (1) Құрбан айының алғашқы он кешіне, (2) Әр жуп пен таққа, (3) Өткен түнге серт. (4) Бұлар, ақыл иелері үшін серт беруге арзымай ма? (5) (Мұхаммед F.C.) Раббыңның Ғад қауымына не істегенің көрмедің бе? (6) Ұзын діңгекті "Ирам" қаласындағыны; (7) Сондай ол тәрізді қалаларда

жасалмаған еді. (8) Сондай-ақ ойпаттарда жартастарды ойған Сәмүд еліне (не істегенін. 7-С. 74-А., 15-С.72-А., 26-С.149-А.) (9) Ол қазықшы Перғауынға (не істегенін. (28-С. 12-А.) (10) Сондай олар, мемлекеттерде шектен шыққан еді. (11) Сонда олар, ол жерде бұзақылықты көбейткен еді. (12) Сондықтан Раббың оларға азап қамшысын жаудырды. (Азапқа ұшыратты.) (13) Негізінде Раббың әлбетте бақылаушы. (14) Ал енді адамзат, қашан Раббы оны сынай сыйлап, игілікке бөлесе: "Раббым мені сыйлады" дейді. (15) Қашан оны сынап, несібесін тарайтса: "Раббым мені қорлады" дейді. (16) Жоқ олай емес. Сендер жетімге құрмет етпейсіңдер. (17) Бір-біріңді, міскінді тамақтандыруға қызықтырмайсыңдар. (18) Мираны тұтас жеп аласыңдар. (19) Сондай-ақ малды өте-мөте жақсы көресіңдер. (20) Тіпті олай емес. Жер соғылысып, быт-шыт болған сәтте, (21) Раббың елестеп, періштелер сап-сап болған кезде, (22) Сол күні, тозақ келтіріледі де әрі сол күні, адамзат түсінеді. Ол түсінуден оған не пайда? (23)




Әттең! Тіршілігім үшін бір нәрсе жіберген болсам еді" дейді. (24) Сонда, сол күні, ешкім Алланың істеген азабын істей алмайды. (25) Сондай-ақ ешкім Оның матауын матай алмайды. (26) Әй орныққан нәпсі! (27) Раббыңа, Ол сенен, сен Одан разы болған түрде қайт! (28) Енді құлдарымның арасына кір! (29) Сондай-ақ жаннаттыма кір! (30)

90-БӘЛӘД СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Жоқ, осы (Мекке) қаласына ант етемін; (1) (Мұхаммед F.C.) сен осы қалада отырасың. (2) Әкеге, балаға (Адам F.C. мен балаларына) сәрт! (3) Расында адамзатты әбігер жараттық. (4) Өзіне біреудің күші жетпейді деп ойлай ма? (5) "Толып жатқан мал ысырап еттім" дейді. (6) Оны біреу көрмеді деп ойлай ма? (7) Оған екі көз жаратпадық па? (8) Әрі бір тіл, екі ерін? (9) Оған екі жол көрсетпедік пе? (10) Сонда ол,

кедергіні асуға тырыспады. (11) Кедергінің не екенің қайдан білесің? (12) Ол; құл азат ету, (13) Немесе ашаршылық күнде тамақтандыру; (14) Жақындығы болған бір жетімді, (15) Немесе шаң топырақтағы сорлыны. (16) Сосын иман келтіріп, бір-біріне сабыр меңзегендерден және өзара мейірімділік кеңесін бергендерден болу. (17) Міне осылар; оңшылдар. (18) Сондай аяттарымызға қарсы шыққандар, олар; солшылдар. (19) Олар тозаққа қамалады. (20)



91-ШӘМІС СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он бес аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Күнге және оның жарығына, (1) Ай, күнге ерген сәтте, (2) Жарқыраған сәтте күндізге, (3) Күндізді жапқан кезде түнге, (4) Аспанға және оны жасағанға, (5) Жерге және оны жайғанға, (6) Кісіге және оны толықтағанға, (7) Сонда оған жамандық әрі тақуалық қабілеті бергенге серт. (90-С. 10-А.) (8)

Расында нәпсісін тазартқан кісі құтылды да; (9) Әлде кім оны кірлетсе қор болды. (10) Сәмүдтің азғындары өтіріксінді. (11) Оның ең жауызы қарсы шыққанда, (12) Сонда Алланың Елшісі оларға: "Алланың түйесіне әрі оның суарылуына килікпендер" деді. (13) Бірақ олар оны жасынға шығарып, түйені өлтіріп тастады. Ал, сонда Раббылары оларға қылмыстарының салдарынан апат жіберіп, жермен-жексен қылды. (14) Алла, оның соңынан қорықпайды. (15)

92-ЛӘЙЛ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма бір аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Қараңғылығы басқан сәтте, түнге, (1) Жарқыраған сәтте, күндізге, (2) Және ерек, ұрғашыны жаратқанға серт. (3) Негізінен кәсіптерің түрлі-түрлі. (4) Ал енді әлде кім (Алла жолында) берсе, тақуалық қылса, (5) Жақсылықты дұрыс деп білсе; (6) Сонда оның жолын оңайластырамыз. (7) Ал енді кім сараңдық істесе, елемесе, (8) Жақсылықты жасынға шығарса; (9) Сонда оның ауырлыққа ұшырауын оңайластырамыз. (10) (Тозаққа) жығылған сәтте, оның малы оған пайда бермейді. (11) Негізінде тура жол көрсету Бізге тән. (12) Сөз жоқ, ақирет те дүние де Біздікі. (13) Сондықтан сендерге жалындаған отты ескерттім. (14)

Оған жауыздар ғана кіреді. (15) Сондай өтірік деп жалтарғандар. (16) Тақуарақ болған одан ұзақтастырылады. (17) Сондай малын сарып қылып тазарғандар. (18) Оның онда ешкімге берер еселі сыйлығы жоқ. (Біреудің өзіне істегенінің бодауы үшін емес) (19) Бірақ ұлы Раббының ризалығын ғана іздейді. (20) Сондай-ақ ол, таяуда разы болады. (21)

93-ЗУХА СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед Ғ.С. ға бірнеше күн уахи кешігіп қалғанда көпірлер: "Оны, Раббы тастады" деген екен. Ж.М.Р.Т.) Сәске уақытына, (1) Тым-тырыс түнге ант. (2) Раббың сені тастамады да кейімеді. (3) Әрине сен үшін ахирет, дүниеден жақсы. (4) Әлбетте Раббың саған береді де разы боласың. (5) Сені жетім түрде тауып орналастырмады ма? (6) Сені абыржуда көріп, жолға салмады ма? (7) Сені кедей көріп, байытпады ма? (8) Ендеше жетімді қорлама, (9) Сұраушыны зекіме. (10) Раббыңның нығметін білдір. (11)

سُورَةُ الزُّحْرِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

لَا يَصْلَاهَا إِلَّا الْأَشْقَى (1) الَّذِي كَذَّبَ وَتَوَلَّى (2) وَسَيُجَنَّبُهَا
 الْأَتْقَى (3) الَّذِي يُؤْتِي مَالَهُ يَتَزَكَّى (4) وَمَا لِأَحَدٍ عِنْدَهُ مِن
 نِعْمَةٍ تُجْزَى (5) إِلَّا ابْتِغَاءَ وَجْهِ رَبِّهِ الْأَعْلَى (6) وَلَسَوْفَ يَرْضَى (7)

سُورَةُ الضُّحْرِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَالضُّحَى (1) وَاللَّيْلِ إِذَا سَجَى (2) مَا وَدَّعَكَ رَبُّكَ وَمَاقَلَى (3)
 وَالْآخِرَةَ حَتَّىٰ تُرَكَّ مِن الْأُولَى (4) وَلَسَوْفَ يُعْطِيكَ رَبُّكَ
 فَتَرْضَى (5) أَلَمْ يَجِدْكَ يَتِيمًا فَآوَى (6) وَوَجَدَكَ ضَالًّا
 فَهَدَى (7) وَوَجَدَكَ عَائِلًا فَأَغْنَى (8) فَأَمَّا الْيَتِيمَ فَلاتَفْهَرْ (9)
 وَأَمَّا السَّائِلَ فَلاتَنْهَرْ (10) وَأَمَّا بِنِعْمَةِ رَبِّكَ فَحَدِّثْ (11)

سُورَةُ الشُّرَحِ


بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الَّتِي نَشَرَ لَكَ صَدْرَكَ (1) وَوَضَعْنَا عَنكَ وَزْرَكَ (2) الَّتِي
 أَنْقَضَ ظَهْرَكَ (3) وَرَدَعْنَا لَكَ ذِكْرَكَ (4) فَإِنَّ مَعَ الْعُسْرِ يُسْرًا (5) إِنَّ
 مَعَ الْعُسْرِ يُسْرًا (6) فَإِذَا فَرَغْتَ فَانصَبْ (7) وَإِلَىٰ رَبِّكَ فَارْغَبْ (8)

۵۹۶

94-ШАРХ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед Ғ.С.) көңліңді ашпадық па? (1) Жүгіңді түсірмедік пе? (2) Сондай белінді қайыстырған, (3) Сенің абыройыңды көтермедік пе? (33-С.56-А.) (4) Негізінде ауырлықпен бірге бір жеңілдік бар. (5) Шын мәнінде қиыншылықпен бірге бір оңайлық бар. (6) Ендеше босай қалсаң және тырыс. (7) Раббыңа ғана бел байла. (8)



95-ТИН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Сегіз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Інжірге және зәйтінге, (1) Түр Сина тауына, (2) Осы бейбіт қалаға серт. (3) Расында адамзатты көркем бейнеде жараттық. (4) Сосын оны төмендердің төменіне қайтардық. (5) Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер басқа. Оларға таусылмас сыйлық бар. (6) (Адам баласы!) Бұдан кейін саған дінді

өтіріксіндірген не? (7) Алла, үкім етушілердің ең жоғарғысы емес пе? (8)

96-ҒАЛАҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он тоғыз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Бастапқы бес аят. Хыра тауында Мұхаммед Ғ.С. ға: "Оқы" деп алғаш түскен аяттар. К.Р.Х.Т) Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы!

(1) Ол, адам баласын ұйыған каннан жаратқан. (2) Оқы! Ол Раббың аса ардақты. (3) Сондай қаламмен үйреткен. (4) Ол, адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен. (5) Сөз жоқ, адам баласы әрине азады; (6) Ол, өзін мүңсыз көргендіктен. (7) Шын мәнінде қайту Раббың жақ. (8) Көрдің бе, сондай тыйым салғанды; (9) Бір құл намаз оқыған сәтте. (Әбу Жаһіл: "Мұхаммед намаз оқыса, басын мылжалаймын" деген екен. Б.Ж.К.М.Р.) (10) Көрдің бе? Егер ол (Мұхаммед Ғ.С.) тура жолда болса да, (11) Немесе тақуалықты бұйырған болса да. (12) Көрдің бе, егер ол (адам, хақты) өтіріксініп, бет бұрған болса? (13) Негізінен Алланың көріп тұрғанын білмей ме? (14) Жоқ, егер ол, бұдан тыйылмаса, әлбетте кекілінен сүйрейміз; (15) Өтірікші, күнәкардың кекілінен. (16) Сонда ол, сыбайластарын шақырсын. (17) Дереву тозақтың басқарушыларын шақырамыз. (18) Олай емес, (Мұхаммед Ғ.С.) оған бағынба, Аллаға сәжде қыл, жақында! (19)

97-ҚАДЫР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Бес аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.


Негізінен Құранды Қадыр түнінде түсірдік. (1) (Мұхаммед F.C.) Қадыр түннің не екенін білесің бе? (2) Қадыр түні мың айдан хайырлы. (3) Періштелер және Жеберейіл (F.C.) ол кеште Раббыларының рұхсаты бойынша барлық іс үшін түседі. (4) Ол бейбітшілік кеші, таң рауандағанға дейін жалғасады. (Қадыр кеші: Рамазан айының 27-кеші. (2-С.185-А.) Б.К.Р.Х.Т.)(5)

98-БӘЙЙІНА СҮРЕСІ


Мединеде түскен. Сегіз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Кітап иелерінен, мүшріктерден қарсы шыққандар, өздеріне бір ашық дәлел келгенге дейін қарсылықтарынан айрылмақшы емес еді. (1) (Ал бұл дәлел) тап-таза нұсқаларды оқитын Алла тарапынан жіберілген бір Пайғамбар (еді.) (2) Ол нұсқаларда ең тура үкімдер бар. (3) Дегенмен өздеріне



кітап берілгендер, оларға ашық дәлел келгеннен кейін-ақ бөлінді. (4) Олар; ғибадатты, нағыз Аллаға шынайы ынтамен бір беткей түрде орындаулары, намаз оқулары, зекет берулері үшін әмір етілген. Міне осы, түп-тура дін. (5) Сөз жоқ, сондай кітап иелерінен, мүшріктерден қарсы шыққандар, мүлде тозақ отында қалады. Міне солар, жаратылғандардың жауызы. (6) Күдіксіз сондай иман келтіріп, түзу іс істегендер; міне солар, жаратылғандардың жақсысы. (7)



(1) Жер ішіндегі жүгін шығарған сәтте, (Қазыналар, өліктер.) (2) Адам баласы: "Бұған не болды?,"- деген сәтте; (3) Ол күні жер, уақиғасын түсіндіреді; (4) Раббыңның оған білдіруімен. (5) Сол күні, адам баласы, ғамалдары көрсетілуі үшін топ-топ келеді. (6) Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді. (7) Ал және кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді. (8)

100-ҒАДЯТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Қатты еңтігіп, шапқан, (1) (Тұяғынан) от шығарған, (2) Таң сәріден шабуыл жасаған, (3) Тозаңдатып, шаңдатқан; (4) Сөйтіп жаудың ортасына кірген аттарға серт. (5) Шын мәнінде адам баласы Раббына тым нәсукірлік етеді. (Қанағатсыз.) (6) Өйткені ол, өзі де оған куә. (7) Сондай-ақ ол, байлықты өте жақсы көреді. (8) Ал олар білмей ме? қабырлардағылар қопарылып шығарылған кезде, (9)

Олардың Раббыларының қасындағы сыйлықтары; астарынан өзендер ағатын Ғадын жаннаттары. Олар онда мүлде қалады. Алла олардан разы, олар Алладан разы. Осы сыйлық Раббынан қорыққан кісі үшін. (8)

99-ЗІЛЗАЛ СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Жер сілкіндіріліп қозғалған сәтте,

Көкіректегілер ашыққа шығарылатын сәтте; (10) Ол күні Раббылары толық хабар алушы. (11)

101-ҚАРИҒА СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Он бір аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Зор уақиға, (1) Ол, зор уақиға не нәрсе? (2) Ол зор уақиғаның не екенін білесің бе? (3) Ол күні адам баласы таралған паруанадай болады. (54-С. 7-А.) (4) Таулар түтілген жүндей болады. (5) Міне сонда біреудің таразжы ауыр тартса, (6) Онда ол, разы болатын бір тіршілікте болады. (7) Ал енді біреудің таразжы жеңіл тартса, (8) Онда оның орны "һауя" болады. (9) Ол һауяның не екенін білесің бе? (10) Ол, жалындаған от. (11)


102-ТӘКӘСҮР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Сегіз аят.



Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Сендерді көбейтуде бәсекелесу айналдырды. (63-С. 9-А.) (1) Тіпті қабырларыңа барғандарыңа дейін. (Өлгендеріңе дейін. Б.М.) (2) Жоқ олай емес. Тез білесіндер. (3) Тағы олай емес. Жуырда білесіндер. (4) Жоқ олай емес. Анық білген болсаңдар; (5) Әлбетте тозақты көресіндер. (6) Сонан кейін әрине көзбен көресіндер. (7) Сол күні, (дүниеде берілген) әр нығметтен әлбетте сұраққа тартыласыңдар. (8)



103-ҒАСЫР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Үш аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Заманаға серт. (1) Негізінен адам баласы зиянда. (2) Бірақ сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендер, бір-біріне шындықты үгіттесіп, сабырды үгіттескендер; олар зиянға ұшырамайды. (3)

104-ҒҮМӘЗӘ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Тоғыз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Бүкіл қорлаушы, есекшіге нендей өкініш! (1) Сондай мал жиып, оны санағандарға. (2) Негізінен малы, өзін мәңгі жасатады деп ойлайды. (3) Олай емес, әлбетте ол "Хұтамаға" тасталады. (4) "Хұтаманың не екенін қайдан білесің? (5) Ол, Алланың жағылған оты, (6) Сондай жүректерді шалатын. (7) Расында олар, ол отқа қамалады, (8) Ұзын діңгектерге байланады. (9)

105-ФІЛ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Бес аят.

(Бұл сүредегі філ уақиғасы: Йемен бастығы Әшір ұлы Абраһа Кағбаның зияратшыларын солай тарту үшін; Санға қаласында "Құллайыс" атында салтанатты бір шіркеу жасап, алпыс мың қол, он үш філмен Кағбаны бұзуға Меккеге келгенде, құдыретше топ-топ құс келіп, типыл қылады. Б.Ж.М.Қ.Р.Х.Т.) Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед Ғ.С.) Раббыңның філ иелеріне не істегенін көрмедің бе? (1) Олардың айлакерліктерін босқа жібермеді ме? (2) Оларға топ-топ құс жіберді. (3) Құстар, оларға балшықтан жасалған тастар атып; (4) Сонда оларды желінген топан тәрізді қылды. (5)

106-ҚҰРАЙШ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Төрт аят.

(Құрайш руы, жазда Шам, қыста Йемен жаққа көшіп жүргенде, ел, әр жерде оларды; "Қағбаның бақташысы" деп сыйлап, қарсы алғандықтан, олар бейбіт жүріп, сауда қылып мейлінше пайдаланады екен. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.) Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Құрайштың бейбітшілігі үшін, (1) Олардың қысы-жазы көшу бейбітшілігі, (2) Сондықтан олар осы үйдің (Қағбаның) Раббына құлшылық қылсын. (3) Ол, оларды аштықтан тамақтандырып, хауіп-қатерден аман қылған. (4)

107-МАҒҮН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жеті аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед F.C.) сондай дінді өтіріксінгенді көрдің бе? (1) Міне сол жетімді қақпайлағанды, (2) Міскінді тамақтандыруға қызықтырмайды. (3) Сондай намаз оқушыларға нендей өкініш! (4) Олар, намаздарын немқұрайды оқиды. (4-С. 142-А.) (5) Олар, көрсету үшін оқиды. (6) Сондай-ақ олар тұтыну заттарына тыйым салады. (Ыдыс-аяқ, аспап, т.б. сияқты. Ж.М.Р.) (7)

سُورَةُ الْقُرَيْشِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

لَا يَلْفُ قُرَيْشٍ ① إِذْ لَفِيهِمْ رِحْلَةَ الشِّتَاءِ وَالصَّيْفِ ②
فَلْيَعْبُدُوا رَبَّ هَذَا الْبَيْتِ ③ الَّذِي أَطْعَمَهُمْ
مِن جُوعٍ وَءَامَنَهُمْ مِنْ خَوْفٍ ④

سُورَةُ الْمَاعُونِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَرَأَيْتَ الَّذِي يُكَذِّبُ بِاللَّيْلِ ① فَذَلِكَ الَّذِي
يَدْعُ الْيَتِيمَ ② وَلَا يُحِصُّ عَلَى طَعَامِ الْمَسْكِينِ ③
فَوَيْلٌ لِلْمُصَلِّينَ ④ الَّذِينَ هُمْ عَنْ صَلَاتِهِمْ سَاهُونَ ⑤
⑥ الَّذِينَ هُمْ يُرَاءُونَ ⑦ وَيَسْمَعُونَ الْمَاعُونَ ⑧

سُورَةُ الْكَافِرَاتِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْفَرَ ① فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَأَحْسِرْ ②
إِنَّكَ شَانِئُكَ هُوَ الْأَبْتَرُ ③


702

108-КӘУСӘР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Үш аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед F.C.) шын мәнінде саған Кәусәрді бердік. (Кәусәр: Жаннатта бір көл немесе көптеген игілік, пайғамбарлық, Құран, шапағат т.б.лар. Б.Ж.М.) (1) Сондықтан Раббың үшін айт намазын оқы, құрбан шал. (2) Расында дұшпаныңның өзі ұрпақсыз қалады. (Мұхаммедтің ұлы жоқ, деп кемітеді екен. Ж.М.К.) (3)



сендер де менің құлшылық қылғаным, құлшылық қылушы емессіңдер." (5) "Сендердің діндерің өздеріңе менің дінім өзіме тән" де. (6)

110-НАСЫР СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Үш аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
 (Мұхаммед F.C.) Алланың жәрдемі және жеңіс келген кезде; (1) Адамдардың, Алланың дініне топ-тобымен кіргенін көресің. (2) Енді Раббыңды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле. Негізінен Алла, тәубені өте қабыл етуші. (3)

111-МӘСӘД СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Бес аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
 (Мұхаммед F.C. ағайындарын шақырып алып; дін жолын насихаттай бастағанда, Әбу Ләеб: "Құрып-ақ қал! Осыған шақырдың ба?",- деп, таспен ұрмақшы болады. Және әйелі Үммі Жамил, жолына тікен тастап қоятын еді. Б.М.К.) Әбу Ләебтің екі қолы құрысын! Құрыды да. (1) Оның малы да кәсібі де өзіне пайда бермеді. (2) Ол, жалындаған отқа кіреді. (3) Әйелі, отын көтеріп кіреді. (4) Оның мойнында есілген арқан болады. (5)

109-КӘФИРҮН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Алты аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
 (Құрайш кәпірлері: "Әй Мұхаммед! Бір жыл Аллаға, бір жыл бұтқа табынайық" десті. Б.Ж.М.Х.Т.) (Мұхаммед F.C.): "Әй кәпірлер!" (1) "Сендердің табынғандарыңа табынбаймын;" (2) "Әрі сендер де менің құлшылық қылғаным, құлшылық қылмайсыңдар." (3) "Сірә мен сендердің шоқынғандарыңа шоқынұшы емеспін." (4) "Сондай-ақ

112-ЫХЛАС СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Төрт аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.


(Мұхаммед F.C. оларға) айт: Ол Алла, біреу-ақ. (1) Алла мұңсыз. (Әр нәрсе Оған мұхтаж.) (2) Ол, тумалы да туылмады. (3) Әрі Оған ешкім тең емес. (4)

113-ФАЛАҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Бес аят. (Рауаят бойынша, Ябудилер Мұхаммед F.C. ға түйіншекке дем салып, қас қылмақшы болған. Б.Ж.К.Х.Т.)

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед F.C.): "Таңның Раббына сиынамын," (1) "Жаратқан нәрселерінің кесірінен," (2) "Қараңғылық басқан сәтте, түннің кесірінен," (3) "Түйіншектерге дем салушылардың кесірінен," (4) "Күншілдердің кесірінен, ол күндеген сәтте, (сиынамын)." де. (5)



114-НАС СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Алты аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед F.C.): "Адамдардың Раббына," (1) "Адамдардың иесіне," (2) "Адамдардың Тәңіріне," (3) "Сыбырлап азғырушының кесірінен," (4) "Сондай адамдардың көкейлеріне салатын;" (5) "Мейлі жыннан, мейлі адамдардан болсын, (бүкіл азғырушылардың кесірінен Аллаға) сиынамын" де. (6)

تَفْهِيمُ هَذَا الْمَصْحُفِ الشَّرِيفِ

كُتِبَ هَذَا الْمَصْحُفُ وَضُبُّهُ عَلَى مَا يُوَافِقُ رَوَايَةَ حَفْصِ بْنِ سَلِيمَانَ بْنِ الْمُغِيرَةِ الْأَسَدِيِّ الْكُوفِيِّ لِقِرَاءَةِ عَاصِمِ بْنِ أَبِي النَّجُودِ الْكُوفِيِّ التَّابِعِيِّ عَنْ أَبِي عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ حَبِيبِ السُّلَمِيِّ عَنْ عَثْمَانَ بْنِ عَفَّانَ وَعَلِيَّ بْنِ أَبِي طَالِبٍ وَزَيْدِ بْنِ ثَابِتٍ وَأَبِي بَكْرٍ بْنِ كَعْبٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ.

وَأُخِذَ هِجَاؤُهُ مِمَّا رَوَاهُ عُلَمَاءُ الرَّسْمِ عَنِ الْمَصْحُفِ الَّتِي بَعَثَ بِهَا الْخَلِيفَةُ الرَّاشِدُ عَثْمَانُ بْنُ عَفَّانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ إِلَى الْبَصْرَةِ وَالْكُوفَةِ وَالشَّامِ وَمَكَّةَ، وَالْمَصْحُفَ الَّذِي جَعَلَهُ لِأَهْلِ الْمَدِينَةِ، وَالْمَصْحُفَ الَّذِي اخْتَصَّ بِهِ نَفْسَهُ، وَعَنِ الْمَصْحُفِ الْمُنْتَسَخَةِ مِنْهَا. وَقَدْ رُوِيَ فِي ذَلِكَ مَا نَقَلَهُ الشَّيْخَانُ أَبُو عَمْرٍو الدَّانِي وَأَبُو دَاوُدَ سَلِيمَانَ بْنِ نِجَاحٍ مَعَ تَرْجِيحِ الثَّانِي عِنْدَ الْاِخْتِلَافِ.

هَذَا وَكُلُّ حَرْفٍ مِنْ حُرُوفِ هَذَا الْمَصْحُفِ مُوَافِقٌ لِتَنْظِيرِهِ فِي الْمَصْحُفِ الْعُثْمَانِيَةِ السَّيِّئَةِ السَّابِقِ ذَكَرَهَا.

وَأُخِذَتْ طَرِيقَةُ ضَبْطِهِ مِمَّا قَرَّرَهُ عُلَمَاءُ الضَّبْطِ عَلَى حَسَبِ مَا وَرَدَ فِي كِتَابِ «الطَّرَازِ عَلَى ضَبْطِ الْخِرَازِ» لِلْإِمَامِ التَّنَسِيِّ مَعَ الْأَخْذِ بِعَلَامَاتِ الْخَلِيلِ بْنِ أَحْمَدَ وَاتِّبَاعِهِ مِنَ الْمَشَارِقَةِ، بِدَلَالَةِ عِلْمَاتِ الْأَنْدَلُسِيِّينَ وَالْمَغَارِبَةِ.

وَاتَّبَعْتُ فِي عِدِّ آيَاتِهِ طَرِيقَةَ الْكُوفِيِّينَ عَنْ أَبِي عَبْدِ الرَّحْمَنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ حَبِيبِ السُّلَمِيِّ عَنْ عَلِيِّ بْنِ أَبِي طَالِبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَلَى حَسَبِ مَا وَرَدَ فِي كِتَابِ «نَازِمَةُ الزُّهْرِ» لِلْإِمَامِ الشَّاطِئِيِّ، وَغَيْرِهَا مِنَ الْكُتُبِ الْمَدُونَةِ فِي عِلْمِ الْفَوَاصِلِ، وَآيِ الْقِرْوَانِ عَلَى طَرِيقَتِهِمْ ٦٢٣٦ آيَةً.

وَأُخِذَ بَيَانُ أَوَائِلِ أَجْزَائِهِ الثَّلَاثِينَ وَأَحْزَابِهِ السِّتِينَ وَأَرْبَاعِهَا مِنْ كِتَابِ «غَيْثِ النِّفْعِ» لِلْعَلَامَةِ السَّفَاقِسِيِّ. وَ«نَازِمَةُ الزُّهْرِ» لِلْإِمَامِ الشَّاطِئِيِّ وَشَرْحُهَا. وَتَحْقِيقُ الْبَيَانِ» لِلشَّيْخِ مُحَمَّدِ الْمُتَوَلَّى، وَ«إِرْشَادُ الْقُرَّاءِ وَالْكَاتِبِينَ»، لِأَبِي عَيْدِ رِضْوَانَ الْمُخَلَّلَاتِيِّ.

وَأُخِذَ بَيَانُ مَكِّيَّةِ وَمَدَنِيَّةِ فِي الْجَدْوَلِ الْمُلْحَقِ بِآخِرِ الْمَصْحُفِ، مِنْ «كِتَابِ أَبِي الْقَاسِمِ عَمْرِ بْنِ مُحَمَّدِ بْنِ عَبْدِ الْكَافِي» وَ«كُتُبُ الْقِرَاءَاتِ وَالتَّفْسِيرِ» عَلَى خِلَافِ فِي بَعْضِهَا.

وأُخِذَ بيان وقوفه وعلاماتها مما قرره اللجنة في جلساتها التي عقدتها لتحديد هذه الوقوف على حسب ما اقتضته المعاني التي ظهرت لها مسترشدة في ذلك بأقوال الأئمة من المفسرين وعلماء الوقف والابتداء .

وأُخِذَ بيان السجديات ومواضعها من كتب الفقه والحديث على خلاف في خمس منها لم نشر إليه في هامش المصحف وهي السجدة الثانية بسورة الحج والسجديات الواردة في السور الآتية : ص والنجم والانشقاق والعلق .

وأُخِذَ بيان مواضع السككات عند حفص من «الشاطبية» وشراحها وتعرف كيفيةها بالتلقى من أفواه المشايخ .

﴿اصطلاحات الضبط﴾

وَضَعِ الصَّفْرَ الْمُسْتَدِيرَ (٥) فوق حرفٍ عِلَّةٍ يدل على زيادة ذلك الحرف فلا يُنطقُ به في الوصل ولا في الوقف ، نحو : يَنْلُوا صُحُفًا . أُولَئِكَ . مِنْ نَبَأِ الْمُرْسَلِينَ . بَيْنَهُمَا يَأْتِي .

وَوَضَعِ الصَّفْرَ الْمُسْتَطِيلَ الْقَائِمَ (٥) فوق أَلِفٍ بعدها متحركٌ يدل على زيادتها وصلا لا وقفا ، نحو : أَنَاخِرُ مِثْنَهُ . لَنَكُنَّا هُوَاللَّهُ رَبِّي . وأهملت الألف التي بعدها ساكن ، نحو : أَنَا النَّذِيرُ . من وضع الصفر المستطيل فوقها وإن كان حكمها مثل التي بعدها متحرك في أنها تسقط وصلا وتثبت وقفا لعدم توهم ثبوتها وصلا .
